Абай облысының колледж студенттері мен мектеп оқушылары арасында және Ресей Федерациясы кәсіптік оқу орындарының халықаралық қатысуымен

«БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМДЕРІ МЕН ЫНТАЛАРЫ – ЕЛІМІЗДІҢ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТУ ЖОЛЫНДА»

атты XVIII

облыстық ғылыми-практикалық конференциясының жинағы

Абай облысының білім басқармасы
«Бизнес және сервис колледжі» КМҚК

Абай облысының колледж студенттері мен мектеп оқушылары арасында және Ресей Федерациясы кәсіптік оқу орындарының халықаралық қатысуымен
«БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМДЕРІ МЕН ЫНТАЛАРЫ-ЕЛІМІЗДІҢ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТУ ЖОЛЫНДА» атты XVIII облыстық ғылыми-практикалық конференциясының жинағы

21 сәуір 2023 жыл

УДК 37.0
922 бет

«Білім алушылардың білімдері мен ынталары- еліміздің қарқынды дамуына қызмет ету жолында» тақырыбымен колледж мен мектеп оқушыларының, Ресей Федерациясы оқу орындары білім алушыларының халықаралық қатысуымен өткізілген XVIII облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.

Материалы XVIII областной научно-практической конференции исследовательских и проектных работ обучающихся колледжей и общеобразовательных школ области Абай с международным участием образовательных организаций Российской Федерации на тему «Знания и инициативу обучающихся – на службу динамичного развития страны».

Конференция жұмысына Ресейдің Барнаул, Омск, Оренбург, Казан, Ростов облысының кәсіптік оқу орындарының білім алушылары қатысты.

Конференция тақырыбы әртүрлі бағыттарды қамтыды. Секция жұмыстарында экономикалық мазмұнды есептер, сұрақтар, зерттеу жұмыстарының мәселелері қарастырылды.

Қатысушыларды зерттеу жұмыстарына негізделген баяндамалар өзекті,қызықты және танымдық сипаты бар.

В работе конференции принимали участие обучающиеся Российских средних технических учебных заведении из города Барнаул, Казань, Омск, Оренбург.Ростовской области.

Тематика конференции позволяет принять участие по самым разным направлениям.На секциях рассматривлись вопросы исследовательского характера, вопросы инновационных технологии в различных сферах деятельности.Доклады основаны на исследовательский работе участников, они актуальны и интересны и носят познавательный характер.

Проведение научно-практической конференции способствует становлению современной личности с развитым интеллектуальным потенциалом, способным принять активное участие в развитии экономической, социальной жизни Казахстана.

СЕКЦИЯ –ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕР СЕКЦИЯСЫ (ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ, ОРЫС ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ, АҒЫЛШЫН ТІЛІ, ТАРИХ, ҚҰҚЫҚТАНУ, ПСИХОЛОГИЯ)

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ЖӘНЕ АҒАРТУШЫЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ ҚАЗАҚТЫҢ КИЕЛІ САНДАРЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҰҒЫМДАР

Қатысушы: Жеңісбек Айпара
Жетекшісі: Жаирбаева Аманкайша Кокуевна
«№20 жалпы орта білім беретін мектебі»КММ Семей қаласы

Ғылыми жобаның негізгі мақсаты:

1. Халық қазынасының тереңіне бойлап, қасиетті сандар жайында мағұлматтарды көпшілік қажеттілігіне жарату.
2. Қазақ халқының салт-санасы мен ата-бабасынан келе жатқан дәстүрін өз бойындағы ерекше қасиеттерін таланты мен дарындылығын, өзгелерден ерекше табиғи қабілеті арқылы биіктерден көрінгенін, қасиетті сандарға ерекше тәрбие көзі ретінде пайдаланағанын дәлелдеу. Осы сандардың қасиеттілігі неде екенін айқындай отырып, сан есімдер ретінде бір жүйеге келтіру.

Өзектілігі: Заман өзгергенмен халықтың сенімі, құпиялылыққа құштарлық сезімі өршімесе өшпейді. Бұл қоғамда болған, бола береді де. Ендеше халық ойын түсініп, ата-бабадан келе жатқан қасиетті сандарға үңіліп, құпиясын түсіне білу қашанда өзекті мәселенің бірі болып қалмақ.

Мақсатқа жету жолында алға қойылған міндеттер:

- киелі сандарды зерттеген еңбектерді оқып, талдау;
- зерттеуші ғалымдарды анықтау, салыстыру жұмыстарын жүргізу;
- жиналған материалдарды бір жүйеге келтіру;
- маңыздылығын анықтау;
- электронды нұсқасын әзірлеу.

Зерттеу жұмысының кезеңдері:

I – теориялық. Көтерілген мәселе төңірегіндегі әдебиеттермен танысу.
Сайт, ғаламтордан қарау.
II – практикалық. Кесте толтыру, дерек сөздерін салыстыру.
III – бекіту. Алынған мәліметтерді жүйелеп, түзетулер енгізу, нәтижеге байланысты баяндама дайындау.

Зерттеу әдістері:

1. Тарихи - салыстырмалық талдау.
2. Бақылау әдісі (анкета)
3. Тірек сызбалар мен кестелерді құру әдісі.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік құндылығы:

Жиналған материалдар жалпы білім беретін мектептер мен өзге ұлт өкілдері оқытатын мектептердің қазақ тілі мен әдебиеті, тарих пәндерінде аймақтық компонент ретінде оқуларына мүмкіндік береді. Қызығушылығын ояту мақсатында қызықты грамматика ретінде қолдануға болады.

«XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық» деп Елбасының халыққа арнаған жолдауында атап көрсетілгендей, ұрпағы білімсіз елдің келешегі де бұлыңғыр екені баршаға аян. Әрбір мемлекет, әрбір ұлт өз өкілінің білімі мен бойындағы ерекше қасиеттері, таланты мен дарындылығы, өзгелерден ерекше табиғи қабілеті арқылы биіктерден көрініп, басқаларға қарғанда оқ бойы озық тұратынымен бағаланады. Өз ұлтының салт-санасы мен ата-бабасынан келе жатқан дәстүрін бойына ана сүтімен, әке қанымен сіңірген әрбір ұрпақ осы заман талабына сай біліммен қаруланса, ел келешегі еңселі, мәртебесі биік, арманы асқақ, елдің мерейі үстем болмақ.

Адам баласының даму тарихында есептің, яғни сандардың алар орны айрықша. Дүиенің бәрі есептен тұрады. Халқымыз ерте кезден-ақ, әр нәрсенің шамасын, мөлшерін, бір затпен екінші заттың тең еместігін білген.

Заман өзгергенмен халықтың сенімі, құпиялылыққа құштарлық сезімі өршімесе өшпейді. Бұл қоғамда болған, бола береді де. Ендеше халық ойын түсініп, ата-бабадан келе жатқан киелі сандарға үңіліп, құпиясын түсіне білу қашанда өзекті мәселенің бірі болып қалмақ.

Міне менің зерттеу тақырыбыма арқау болып отырған да осы үш, жеті, тоғыз сандары және оның қасиеті. Сондықтан да қазақ тіліндегі үш, жеті, тоғыз сандары және оның қасиеті жайлы толытай зерттеп білгім келді.

Математика – ғылымдардың ішінде ең ерте шыққаны, оның тарихы ғасырлар түкпірінде жазу мен сызу жоқ кезде басталған. Адамзат тағылығының даму дәуірінің табалдырығын аттап басқан заманда «артық», «кем», «үлкен», «кіші» ұғымдары туған. Бұлар кейін «тең» ұғымының шығуына негіз болған. Күн көріс қамы тіршілік үшін жүргізілген күрес ерте заманның адамдардың айналасындағы заттарды санауға, нәрселердің мөлшерін өзара салыстыруға, жыл мезгілдерін айыруға мәжбүр еткен.

Тарихқа жүгінсек, дерек көздері сандардың ежелгі Вавилонда қолданылғанын айғақтайды. Ол кездесандар 1 мен 0-ден ғана тұрған секілді. Бірлік, ондық, жүздікті құрайтын санақ жүйесі болған. Кейіннен атақты ойшыл Пифагор сандарды 1-ден 9-ға дейін қысқартқан. Бірнеше бірліктерге бөлген. Ол өз шәкірттеріне сандар әлемді билейді деп үйреткен. Әрбір сан, цифрдың түбінде қандай да бір ой, идея жатыр. Сол идеяның мән-мағынасын түсіну үшін ғалымдар арнайы ғылым - нумерологияны ашқан. Нумерология арқылы әр санның шығу төркінін, мән-мағынасын, оның адам өміріне деген әсерін ұғынуға болады. Нумерологияшыл ғалымдардың ойынша әр адамның жаны өзінің нумерологиялық кодымен тікелей байланысты. Ол кодты шеше білген адам өз тағдырының толық иесі бола алады. Қарап отырсақ, әркімнің өзі сенетін бақытты және бақытсыз сандары болады. Біреудің бақытты саны - 13 , бақытсыз саны - 9 делік. Мұндайға шын көңілімен сенетіндер айдың 13-і күні кез келген тірлігін сенімділікпен іске асырады. Ал 9-ы күні әр қадамын абайлап басып, тіпті үйден шықпай, төрт қабырғаның ішінде күн ұзаққа қамалып отырып алатындар да бар. Сөйтіп, ол 13 саны байқалған жерде ба¬тыл жүрсе, 9-дан үнемі сақтанады. Жеке адамды қойшы, мұндай құбылыстарға жаппай халық боп сенетініміз де бар емес пе? Өзіміздегі «жеті қазына», «ер кезегі үшке дейін», «сәрсенбінің сәтті күні» ұғымдары, тұрақты көршіміз - орыстардың «қасиетті үштігі», американдықтардың естігенде жандары түршігетін, күні бойы үреймен өткізетін «айдың 13-дегі

жұмасы» тағы басқа түсініктер жоғарыда айтқанымызға дәлел бола алады. Сан атаулының бәрі бірдей қолданылмайды.
Атап айтсақ, ерекше мәнде қолданылатын «үш», «жеті», «тоғыз», «қырық» сандары. Сан есімдердің ішінде кейбір сандар сандық мәнімен қатар басқа мағынада қолданылуымен ерекшеленеді. Бұндай жағдай, әсіресе осы сандардың тұрақты тіркестерде, аңыз-әңгімелерде, жыр-дастандарда, салт-дәстүрлерде және басқа дүниетанымға байланысты қолданылғаны көзге анық түседі. Сонымен бірге бұл құбылыстың тарихы да арыда жатқаны байқалады.

Қазақ халқы тілге бай. Әр сөзін талдай білген, әр сөзіне мән берген халық. Қазақ үшін әр сөздің ғана емес, әр санның өзіндік қасиеті, шариғатқа қатысы, тәрбиелік мәні, саналы орны болған. Расында Қазақ бір санынан бастап, әр санның қадірі мен қасиетін салмақтап, өзіне тән ерекшелігін саралай білген, орнына, маңызына сай қолданған. Әр санда өзіндік ие болатынын мақсаты мен мағынасы болатынын сезе, түйсіне білген.
Мен осы ғылыми жобаның нәтижесінде үш, жеті, тоғыз сандарының қадір-қасиетін біле отырып, әрбір сан жайлы ой-түсінігім толығып, білімге деген құштарлығым бұрынғыдан бетер арта түскендей.
Қазақ халқының киелі сандарын оқи отырып, сандар мен олардың сырларын терең ұғыну арқылы өз бойымызға сіңіріп, әрі қарай дамытуымыз керек екенін түсіндім.
Қазақ халқының салт-санасы мен ата-бабасынан келе жатқан дәстүрін өз бойындағы ерекше қасиеттерін таланты мен дарындылығын, өзгелерден ерекше табиғи қабілеті арқылы биіктерден көрінгендігін ескерсек, қасиетті сандар арқылы тәрбие берген салт-дәстүрін сол қалпында сақтап қалу келер ұрпақтың еншісінде екені айдан анық. Сондықтан қазіргі жастардың қасиетті сандар туралы білетіндіктеріне көз жеткізу үшін мен 5-9 сынып оқушыларының арасында (5 сыныптан 12 оқушы- 32%, 6 сыныптан 14 оқушы-36%, 7 сыныптан 17 оқушы- 38%, 8 сыныптан 14 оқушы-42%, 9 сыныптан 15 оқушы-47%) сауалнама жүргіздім.

Сауалнама:

1. Қасиетті сандар туралы білесің бе?
а) иә ә) жоқ
2. Қасиетті сандар туралы кімнен естідің?
а) ата-анадан ә) мұғалімнен
б) аға-әпкелерден
3. Қасиетті сандар жайында мәлімет жинар ма едің ?
а) иә ә) жоқ
4. Қасиетті сандар астарында не жатқанын білесіңбе?
а) иә ә) жоқ
5. Қандай қасиетті сандар білесің?

Өкінішке орай, қазіргі оқушылардың қасиетті сандарды білгенімен, оның мән-мағынасын анық нақты түсінбейтіндері байқалып отыр. Себебі қазіргі заманның оқушылары кітапханаларға барып бірдеңе оқып, біліп санасына түйгеннен гөрі ғаламторда агентте отырғанды жаны сүйетін болды. Әрине, жаңашыл жаһандану заманында жаңа ақпараттық құралдарды пайдалануда ғаламтордың пайдасы айтпасақ та айқын. Дегенмен қазақ тіліміздің, ана сүтімен бойымызға дарыған ана тіліміздің жанашыры ретінде бүгінгі тіліміздің

жағдайына алаңдап , өз ойымды айтар болсам агент деген нәрсе қазіргі ұрпақтың санасын улап қана қоймай, сауатсыздыққа да әкеліп соқтырар қаупі бар деп ойлаймын. Сондықтан ата-бабамыздан келе жатқан қасиетті сандарға байланысты ұғымдары мен наным-сенімі, қасиетті сандар арқылы тәрбие берген салт-дәстүрін сол қалпында сақтап қалу келер ұрпақтың еншісінде екені айдан анық. Ата-бабамның, ана тілімнің аманатын сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізерміз деген үмітім зор. Ендеше ел болып келешек ұрпақтың жарқын болашағы үшін, ата-бабадан қалған кестелі тіліміздің өрнекті аманатын жоғалтпай, ана тілімізді ардақтайық, ағайын!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бәрі де сандар туралы, Алматыкітап 2008 жыл
2. Қазақ энциклопедиясы 3-том, Алматы 2011
3. Жеті қазына, Сейіт Кенжеахметұлы, 1 кітап
4. Интернет материалдарынан

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ «БІР ШОҚ ЖИДЕ» ПОВЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСҮРЛЕР

Қатысушылар: Әшімова Амангүл, Қапанова Ақбота
Жетекшісі:Мухаметова Толкин Болыскановна
«№4 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ Семей қаласы

Қай дәуірде, қандай қоғамда өмір сүрсек те, әр халық өзінің тарихын, тағдырын, ұлттық табиғатын әдебиет арқылы танытады. Осы орайда, Әбіш Кекілбаев шығармаларында өз заманының тағдыры анық таңбаланып отырды десек, артық айтқандық болмайды. Қаламгер қазақтың тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын жетік білген, оны шығармаларына арқау еткен жазушылардың қатарында. Болашаққа тәуелсіз мемлекет ретінде қадам басқан қазақ жастарын, келешекті тәрбиелеуде, Ә. Кекілбавтың «Бір шоқ жиде» повесінің ықпалы зор. «Бір шоқ жиде» - бір сөзбен айтқанда, өмір туралы шығарма. Адалдық пен әділдік, қайғы мен қуаныш туралы. Жазушы Тілеудің тағдырын сөз ете отырып, қазақ халқының салт- дәстүрін баян етеді. Ырым-тыйымдар туралы кеңінен түсіндіреді. Шығарманың өн бойында мақал-мәтелдер де көп кездеседі. Повестің «Бір шоқ жиде» деп аталуының да өзіндік мәні бар. Құлазыған иен далада тіршілік барын тек 5-6 түп кәрі жиде ағашының өсіп тұруымен байланыстырып, кейіпкердің ішкі сезім арпалысын да дәл сол жерде, туған өлке төсінде шынайы суреттей білген жазушының шеберлігі өзіндік қолтаңбасын айқындағандай әсер береді. Лирикалық шегініс жасап, ұрпақ жалғастығының мән-маңызын кейіпкер психологизмімен тоғыстыра отырып, адамдық қасиеттің ұлылығын да дәріптей көрсетеді. Достыққа адалдық, туған-туысқа сүйіспеншілікпен қарау, ата-баба мекенін шексіз сүю, қонақжайлылық, артына қалар ұрпаққа дұрыс тәлім беру сияқты ең керемет құндылықтар шығармаға арқау болып қана қоймай, шығарманың өн бойынан қазақтың салт-дәстүрін көреміз. Бұл - оқыған адамға ой салатын, жалған дүниені түсінуге сеп болатын шығарма.

Әбіш Кекілбаевтың «Бір шоқ жиде» шығармасында дала төсіндегі қиыншылыққа толы, ешкімнің ала жібін аттамай, өзінің маңдай терімен адал өмір кешкен Тілеудің өмірі туралы баяндалған. Ол туған жер алдындағы парыз бен қарызды, адам өмірі келте болғанмен, адал өмір сүріп, ата-бабадан мирас

болып келе жатқан салт-дәстүрлерімізді сақтап, тыныш өмір сүруді армандап, өмірдің құндылығы осы деп білетін тілеуқоңыр кісінің өмірі айқын көрінеді. Қазақ дәстүрді білмегенді, сыйламағанды надан дейді. Бұл – өте ауыр сөз, ауыр кінә. Қазақтың туыстық, құда-жекжаттық, той-томалақ өткізу, өлім жөнелту, аруақ сыйлау, үлкенді, ата-ананы құрметтеу, қыз ұзатып, келін түсіру, жүйелі сөзге жығылу, тоқтау, обал-сауап, дастархан, шаңырақ, қонақ сыйлау тағы басқа да салт-дәстүрлерімізде адамгершілік, ізгілік, көрегендік жатыр.

«Бір шоқ жиде» повесінде ата-бабаларымыз ұстанған салт-дәстүрлер, әдет – ғұрыптарды өмір шындығымен нақты байланыстыра отырып нанымды да әдемі суреттелген. Шығармадағы халқымыздың кеңінен қолданыс тапқан салт-дәстүрлерін, ырым-жоралғыларын былай топтастырдық:

1.Баланың дүниеге келуі, ат жалын тартып мініп, отау құрып, азамат болуына дейінгі салт-дәстүрлер: шілдехана, сүйінші сұрау, көрімдік беру, балаға ат қою, бесікке салу, қырқынан шығару, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндет той және өмірге бейімдеуге арналған жөн-жоралғылар. «Бір шоқ жиде» шығармасында көптеген салт-дәстүрлер мен ырым-тыйымдар кездеседі. Қырқынан шығару, ит көйлек тастау, тұсау кесу, сүндет той, жол ашар сынды жөн-жоралғылардың барлығы «Бір шоқ жиде» шығармасында кеңінен көрінеді. Бұл шығармада әр оқырман жазушы туындыларын оқи отырып, халық дәстүрлерінен мол сабақ алады. «Бір шоқ жиде» хикаятында ата-бабаларымыз ұстанған салт-дәстүр, ұлттық үрдіс, әдет-ғұрыптарды өмір шындығымен нақты байланыстыра отырып, нанымды да әдемі суреттей білген. Шығармада нәресте өмірге келгенде, жасалған әдет-ғұрыптар әдемі мол суреттелген. Сәби туылғанда құлағына айғайлап азан шақырып ат қою, жаңа туған балаға көрімдік беру, бала қырқынан шыққанда шашын алдыру, ит көйлек жүгірту сияқты дәстүрлерді «Бір шоқ жиде шығармасында орындалып, үлкен ынтамен атқарғанын байқаймыз. Алайда қазіргі уақытта бұл салт-дәстүрлер мен ырым-тыйымдар жоғалып бара жатыр. Егер ол дәстүрлер жоғалған жағдайда, халқымыздың ежелгі тарихы да жоғалады деген сөз. Біз, жас ұрпақ, сол дәстүрлер жоғалмас үшін оны ары қарай дамытып, насихаттау керекпіз. Мысалы, «Бір шоқ жиде» шығармасында берілген жаңа туылған балаға қолданылатын салт-дәстүрлердің бірі - ит көйлек тастау. Ел ішіндегі көптеген адамдарға таныс емес, тіпті оның не екендігін білмей жататын адамдар да аз емес. Ит көйлекті бала қырқынан шыққанша кигізіледі. Жалпы ит көйлекке байланысты ырымдар өте көп кездеседі. Соның бірі ит көйлек тастау, оны қырқынан шыққанша кигізіп және бала қырқынан шыққанан кейін ит көйлекті далаға тастамай, оны сақтап қалу керек. Дауға барған адамдар, жауға шапқан батырлар баласының итжейдесін қойнына тығып, өзімен бірге ала жүрген. Себебі «ит көйлек қауіп-қатерден, пәле-жаладан сақтайды» деп ырымдаған. Ал қазіргі таңда көп жағдайда ит көйлекті қырқынан шыққанан кейін тастай салып жатады, ол дұрыс емес деп ойлаймын. Ерте заманнан келе жатқан болғандықтан дәстүрдің жойылмауына жол бермеуіміз керек.

Қазақ халқының өте қуанышты хабарды жеткізуші адам ол үйге «Шүйінші, Шүйінші»,- деп кіреді. Шығармада «- Өй, үндемес, шүйінші! Құдай берді! Келін ұл тапты»,- деп Күдерінің Тілеуден шүйінші сұрауы салтымыздың жалғасын тапқандығын байқатады. Нәрестелі болған үйге ізгі ниеттерін білдіруге келген адамдар «Бауы берік болсын!» деген жақсы лебіздерін білдреді. Нәрестені

көрсетіп ауыл адамдарынан «көрімдік» сұрайды. Салт – дәстүріміздің бірі - нәрестені бесікке бөлеу. Бесік – нәрестені бөлеуге арналған арнайы ағаштан жасалатын төсек. Ал бесікке бөленген баланың кіш дәреті шүмекке, үлкен дәреті түбекке жиналады. Шүмек қойдың асықты жілігінен жасалады, кейбіреулері аппақ болу үшін сүтке қайнатып та алады. Бұл дәстүр шығармада «Келініне тоғыз ай толды-ау деген шамада, асық жілік тауып ап, көптен бері ұстамаған қара қобдиын қорс қып ақтара бастады. Кәрі жанардың түбіне бұғып қалған азғантай нұр қайта оралғандай. Айналасын, аяқ-жөнін дұрыс көріп отырған сияқтанды. Қолындағы асық жіліктің бір жақ басын тесті. Екінші қапталынан шұқылап оя бастады. Бар өнерін сап, кедір-бұдыр қалдырмауға тырысты.» Тілеу қарттың немересіне деген ізгі ниеті байқалады. Сондай-ақ, шығармада «балаға ат қою» дәстүрінің өте маңыздылығын көреміз. Жаңа туған сәби болашақта сыйлы, үлкен адам болсын деген үмітпен ата-анасы балаға ат қоюға жасы үлкен, құрметті кісілерді шақырған. « — Апыр-ай, біздің тұқымда ондай ат болмаушы еді. Артымызда тұяқ болып қала ма деп отырмыз. Осы күшіктің аты Тұяқ болса қайтеді. Күдерінің әлгінде ғана желп етіп жоғары көтерілген жалбыр қабағы қайта жадырап сала берді. Төр алдында бұршақтай терлеп жатқан бөбекті орауымен алып, оң құлағына аузын апарды.
— Әй, күшік, сенің атың Тұяқ! Естисің бе, ай? Тұяқ! Тұяқ! Тұяқ! Артынан ағарған ауыз тиіп бата қылды.». Осылай нәрестеге азан шақырып ат қойған.

2. Тұрмыс-салт дәстүрлеріне - қазақтың киіз үй, үй жабдықтары, ұлттық киімдері мен тағамдары, аңшылық, мал өсіру, кәсіпті үйретудегі тәлімгерлік дәстүрін атауға болады. Киіз үй – халқымыздың ежелден келе жатқан баспанасы. Шығармада «Қолдары шошаңдап ерсілі-қарсылы елбең-елбең жүгіріп жүрген көп әйел қоңыр жалдың басына кесте төгіп жатқандай. Самсап-самсап шаңырақ көтерілді. Аңдап-аңдап уық шаншылды. Күлтеленіп баулар тартылды. Уыздай боп киіз жабылды. Әлгінде ғана сағым шалып тұрған тұлдыр кеңістік ақ жұмыртқа ауылға айналды. Қара борбай балалар көштен түсе қап шағылдарға қарап шапқылай жөнелді. Жарысып жуа тереді, қоян тобықпен көсіп қазады. Шөп түбінен шұбар ала жұмыртқаларға толы ұя тауып, енесіне жылқының құйрық қылынан тұзақ құрады.» ,- деп көрсетілген.

Кейіпкерлерің күнделікті тұрмыста киіп жүрген киім үлгілерінің өзі ерекше: «Қашан көрсең де — үстінде астарына елтірі сырыған ықшам кеудеше, жалпақ жаға ақ көйлек, басында — кенересіне қатырма сап көтерген қара тақия». Кейіпкерлер бейнеснен тазалықты, ұқыптылықты байқаймыз.

3. Әлеуметтік мәдени салт-дәстүрлерге - ауыл адамдарының туыстық қарым-қатынастары, шешендік сөз өнері, ұлттық музыка аспаптары, қонақжайлылық, ұлттық мерекелердің аталып өтуі, өлікті жөнелту рәсімдері мен әдет-ғұрыптары жатады. Ата-бабамызды қонақжайлылық қасиеті, қонақ күту, сыйлау сияқты асыл қасиеттерді дәріптеп, қай қонаққа қандай сый-сыяпат, қандай ілік ұсыну керектігі де жазушы шығармасында айшықты бейнеленген: «Ер бала бес жаста құман ұстап қонақтардың қолына су құяды, он жастан бастап пышақ ұстап ет турайды, он бес жастан бастап табақ тартады, жиырмасында кездігін жаландатып табақ жасайды».

Бата беру дәстүрі – халқымыздың ізгі ниеті, тілегі. Шығармада айтылған «Бағың жансын», «Есесі алладан қайтсын», «Дегеніңе жет», «Үбірлі-шүбірлі

бол»,- деген бат-тілек сөздер шығарманың шырайын ашуда ерекше қызмет атқарып тұр.

Қазақ халқы ырымдармен қатар емдеу жолдарын да жасаған. «Кішкентайды тыр жалаңаш шешіндірді. Тілеу төрт аяғын тас қып буған қарақұйрықты тас төбесіне көтеріп апарып, кеңірдектен орып кеп жіберді. Сау ете қалған бауыздау қан жас баланың тәні не тигенде күйген бауырдай дірдектеп ұйып түсті. Сосын желіркемейтіндей қып қымтап орап, төр алдына жатқызды. Сол-ақ екен, ерні кезеріп жатқан кішкене сәби бұршақ-бұршақ терлесін-ай кеп». «Қозының қаны жас балаға ауырлау еді. Қарақұйрықтың жылы қаны тұла бойындағы қызғынды қазір-ақ сорып алады». Осындай ырымдары арқылы жас сәбилерді, ауырған ересек адамдарды емдеп жазып алып отырған. Осындай салт-дәстүрге бай қазақ халқының жас ұрпаққа берер тәрбиесі орасан зор. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің қымбат қазынасын шығармаларында кеңінен қолданған жазушының жастарға берер тәлім-тәрбиесі мол.

Әбіш Кекілбаев шығармалары халқымыздың өмірінен, тұрмыс-салтынан, әдет-ғұрпынан энциклопедиялық деңгейде мәлімет беретін туындылар болып табылады. Бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре біліуіміз қажет.Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттап жетілдіреміз. Біз салт-дәстүрлерімізді болашақ ұрпаққа жеткізіп, тәрбиелік мәнін ұғындырып, олардың бойына адамгершілік, имандылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз.Ұлтымызға жалын, ұрпағымызға тәлім беріп келе жатқан дәстүрімізді ұмытпай, қазақ деген халықтың патриот ұрпағы болып атын шығара беру кез-келгеніміздің парызымыз.

Пайдаланылған әдебиетттер:

1. Ә.Кекілбаев «Бір шоқ жиде» повесі. // Дала балладалары. 2014 ыл.
2. Ә.Кекілбаев 2 томдық таңдамалы шығармалар . Алматы: Жазушы. 1989ж.
3. Х.Кәрімов. Қанатты сөздер. – Алматы , 1994ж.
4. Ақылдың кені. Алматы: Жазушы. 1997ж.

ӘЗІЛХАН НҰРШАЙЫҚОВТЫҢ «МАХАББАТ ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР» РОМАНЫНЫҢ ҰЛТ ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Қатысушы: Ахметқанова Аяулым

Жетекшісі: Джаркынбаева Меруерт Бейсенбековна

«№4 жалпы орта мектеп» КММ Семей қаласы

«Махаббат қызық мол жылдар» – Әзілхан Нұршайықовтың 1970 жылы шығарған романы. Шығарма екі жастың арасындағы махаббат туралы баяндайды. Автор соғыстан он екі мүшесі түгел болып келген жас солдаттың өмірі, ойларын жасырмай, көпшілікке паш етеді. Оның 33-аудиторияда өзін гүлге толған бақта отырғандай сезінуі, қыздардың тастай қылып өрілген бұрымдарына көз салуы, достарын, өз махаббатын табуы, болашағына жол ашып, өз жолын табуы да тағы баяндалады. Автордың мақсаты- Ербол мен Меңтай жақсы жігіт, білімді қыз екенін көрсетіп қана қою емес, солар арқылы халқымыздың бойындағы кейінгі ұрпаққа, арғы, алыс болашаққа үлгі боларлық

дәстүр, қасиеттерін насихаттау. Сол қасиеттерді Меңтай мен Ерболдың бойына өлшеп піше отырып, жұртқа жарасымды үлгі ұсыну еді. «Апамның айтқандары», «Өз ойларым», «Алтын діңгек» дейтін нақыл тараулар және т.б. осы пікірді нығайтуға қосымша түрінде енді. Бұл шығарманың қысқаша мазмұнына тоқталсақ: Соғыстан қайтқан әскер Ерболдың студенттік өмірі баяндалады, Ерболдың соғыстан қайтып студенттер қатарына қосылуы ,Ербол мен Меңтайдың махаббаты.Отбасылық өмірі ,Меңтайдың күтпеген жерден өмірден озуы.

• Ербол - шығарманың негізгі кейіпкері, аққөңіл, досына адал, аңғал,шығарма басында біраз ұяң болып сипатталатын кейіпкер.

• Меңтай - шығарманың негізгі кейіпкері, адал, ақылды, сұлу,сабырлы,сыпайы және Ерболдың жары.

Шығармасындағы Меңтай бейнесі

Меңтай – шығармада өте сұлу қыз ретінде сипатталды. Бетіндегі әдемі меңіне байланысты қойылған есімі одан сайын көрік беріп тұр. Меңтай «ағайлап» жүріп ештеңе сездірмесе де, Ерболға деген сезімі бар еді. Бірақ, оның бойында нағыз қазақ қызына тән қасиеттің болғаны соншалық, өзінің сезімі туралы мүлдем білдіртпейді. Ербол да оған сезімін білдірсем, алшақтатып алам ба деген күдікпен ештеңе айтпай ,керметтей өлең жолдарын арнап жүреді. Осылайша біраз жылдар да өтеді. Шығармада Меңтай мен Ерболдан бөлек өзге де қызықты кейіпкерлер бейнеленген. Олар – Майра,Жомартбек, Зайкүл, Сәлима, Бүркітбай , Тана, Шалдуар секілді тағы да басқа кейіпкерлер. Бұл кейіпкерлердің ішіндегі ең жағымсызы – Тұмажан болатын. Тұмажан – Меңтайдың соғыста қайтыс болған туған ағасының майдандасы, досы, тек өзін ойлайтын, өтірікті келістіре сөйлейтін арсыз жан. Себебі, Ербол мен Меңтайдың пәк махаббатына қаяу келтірген де осы Тұмажан болатын. Ол байғұс Меңтайға «ағаңнан қалған өсиет сені маған сеніп тапсырды деп, саған өзім қамқор боламын» деген өтірік шірітпе сөздермен Меңтайды алдап, өз арам ниетін жүзеге асырып, бір түнде-ақ кіршіксіз пәк қызды арамдаған болатын. Міне, шытырман оқиға сол кезде басталды. Ербол оған өз сезімін білдіріп, сөз салған уақытта Меңтай жылап қоя берді. Бірақ, Ерболдың адамгершілігінің молдығы соншалық , Меңтайды осы тапталған ары үшін тастап кеткен жоқ, жақсы көруін тоқтатқан жоқ! Ол Меңтайдың артынан жүгіріп, оған керісінше демеу болды.

Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі. Жалпы қазақ халқы «қыз» деген сөздің өзін әдеміліктің, инабаттылықтың, сұлулықтың белгісі деп таныған. Халқымыздың халық ауыз әдебиетінде көптеген ақындарымыз қызға көптеген керемет суреттемелер берген.Сондай-ақ, қыз баланың ұқыптылығын, шеберлігін, сүйкімділігін, жанының нәзіктігін, өнер, білімге бейім тұратынын жоғары бағалап, оның ол қасиеттерін бейнелі сөздер арқылы ерекше көрсеткен. Мысалы: «Қыздың жиған жүгіндей», «Қыздың тіккен кестесіндей», «Жақсы қыз – жағадағы құндыз», «Қызы бар үйдің қызығы бар» т.б.«Қыз өссе елдің көркі» деп «ұрандайтын» ата-бабамыз қашан да қыз тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен қарап, қыз ар-намысын жоғары қойған. Бір ақиқат дүние сол- бұл тақырыптың өміршеңдігі. Адамның «қиялына» бағынған заман қанша өзгерсе де, жаңалана берсе де, «иманды қыз, асыл жар, аяулы ана» тақырыбы әр ғасырдың «эпиграфы» болып мәңгі қала бермек.Медицина адамның тәнін емдесе, әдебиет

жанын емдейді. Иә, әдебиет адамзат баласын ізгілікке, мейірімділікке, қайырымдылыққа шақырып тәрбиелейді.

Шығарма маған қатты ұнады. Әсіресе. Меңтай бейнесі арқылы қыз балаға тән сыпайылық, ақылдылық, инабаттылық халқымыздың қыз баладан талап ететін барлық қасиеттерді көруге болады.

Қазіргі кезде неге біздің бойымызда осы дана халқымыздың ғажап құндылықтары жоқ ? Алданып, « ойнақтап жүріп, от басқан» қыздарымыз туралы, тастанды сәбилер туралы көп еститін болдық.

Қазақ халқы қыз баланың қадір-қасиеті мен қылығы ұлттың ұлылығын танытады деп халықтық болмыспен астастырған. Сондықтан қыздың тәрбиесіне ерекше мән беріп, сол тәрбиені қалыптастырудың жолына барлық игі жақсылықты топтастырған.«Қызды тәрбиелегенің – бір ұрпақты тәрбиелегенің» деген екен ата-бабамыз. Бұл сөздің астарында үлкен мәселе жатыр. Біз қыз баланы тәрбиелеуде ұлттық тәрбие, ұлттық педагогика негіздерінен алшақтап кеткенбіз. «Махаббат, қызық мол жылдар» шығармасындағы қыз бала тәрбиесі «Апамның айтқандары» бойынша

Қыз көйлегінің етегі тізеден жоғары шықпауы керек, себебі қыздың жалаңаш жеріне көп көзінің құрты түскіш келеді. Ал халықта: «Есті қыз етегін қымтап ұстайды» деген мақал бар.

Ешкіммен барқылдап ұрыспа, бағаңды жоясың. Қарқылдап күлу, тарқылдап сөйлеу - дарақылық белгісі. Қызға қатты күлудің қажеті жоқ, жігіттерге оның жымиғаны да жетіп жатыр. Шошаңдаған қыз шешенің атына кір келтіреді. Көшеде көлденең тұра қалып, бірінің ернін бірі жұлып жердей боп жалмап, жұрт көзінше сүйісіп жатқан қыз бен жігітте ар да, ұят та болмайды. Ондай әдеттен без, ондай құрбыдан аулақ.

Жақсы адам - магнит. Магниттің бірнеше темір шегені өзіне тартып ала алатыны сияқты, жақсы адамның да жанына жұрт көп үйіріледі. Өзің жақсы болсаң - айналанда досың көп; жаман болсаң - жалғыз жүресің; орташа болсаң - сен де бір жақсының жанын жағалайсың. Досты сырттан іздеме, жақыннан изде, өзіннің ішіннен, ішкі дүниеннен изде. Жаның жақсы, жүрегің жылы, ақылың парасатты болса - іздеген досың алыстан үйіріліп, өзі келеді.

Бұл айтылғандар әр қазақ қызының жадында әрқашан жүруге тиісті деп ойлаймын.

Қыз балалардың бойына қалыптастыратын адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы еліміздің болашағы, келер ұрпақтың анасы болатындай қыз бала өсіруде өнегелі тәрбие беру жолдарын дәріптеу, ой салу, пікір алмасу мақсатында мектеп оқушыларынан сауалнама алдым.

1. Айнаға қарағанда қандай сезімде боласың?
2. Отбасында ең сүйікті адаммын деп ойлайсың ба?
3. Сенің ойыңша көрікті адам өмірінде қандай жетістіктерге жетеді?
4. Адам бойындағы қай қасиетті көбірек бағалайсың?
5. Басқалар сенің «киіміне қарап бағалап, ақылыңа қарап, шығарып салады» деген пікірге көзқарасың қандай?

Сауалнама қорытындысы бойынша мектеп психологтарымен кеңестім.

Иә, шынымен де соңғы кезде жан түршігерлік жаңалықтарды естудеміз.Күн сайын қоқысқа лақтырылып жатқан сәбилер туралы естігенде, ұлтымыздың болашағын жойып, лақтырып жатқандай күйге енемін.

Тәрбие отбасынан басталады. Қазақ отбасындағы қыз бала тәрбиесі оң жолға қойылуы керек. Келешекте ұлттық салт – дәстүрлермен тәрбиеленген қыздар ел қорғайтын ұлтжанды жас ұрпақты тәрбиелей алатынына біз сенімдіміз.

Мен Әзілхан Нұршайықовтың сөзімен қорытындылағым келіп тұр.

Қыздарым! Сендерге айтарым: Жандарыңда жүрген жігітті ақылмен, әдептілікпен, сыпайы мінезбен, сүйкімді назбен тізгіндей біліңдер. Жігіттің жұлқынған асау жүрегін адамгершілік асыл қасиеттермен бұйдаландар, арақ ішкізбеңдер. Айқайға жуытпаңдар. Ақыл анадан тарайды. Қыздан қылық, тәрбие, тәлім туындайды. Жігіт жанында жүрсе жолдасың, жауға шапса жолбарысың, ортада жүрсе орманың, шетке шықса қорғаның. Бірақ оларды жұрт көзінше сүйісіп, сүйкеніп тұруға үйретпеңдер! Оларды жарбаңдатып, жабыса құшақтатпаңдар, адамның асыл сезімін ардақтап, бүркеп, қымтап ұстауға баулыңдар. Олардың нәпсісінен намысын биік ұстауға тәрбиелендер. Өмірдің ләззаты адал достыққа, айнымас қамқорлық, асыл махаббатта екенін естен шығармаңдар.

Әзілхан Нұршайықовтың шығармалары әлі де талай ғылыми еңбектердің нысанына айналары сөзсіз. Оның шығармашылығы жыл өткен сайын жаңарып, жасарып келер ұрпақтың сүйсіне оқитын шығармаларына айналары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қыз бала тәрбиесі және оның Әзілхан Нұршайықов шығармаларындағы көрінісі. //«Этнопедагогика және этнопсихология мәселелері» Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, Атырау, 2009 ж. -149-153 бб.

2. Ә.Нұршайықовтың «Мәңгілік махаббат жыры» шығармасындағы Меңтай бейнесі арқылы қазақ әйелінің отбасы тәрбиесіндегі рөлі туралы көзқарастары. //«Жұбанов тағылымы – VII» Халықаралық ғылыми конференция материалдары. II том. – Ақтөбе, 2009 ж. -124-127 бб.

3. Ә.Нұршайықовтың педагогиалық идеяларының М.Әуезовпен субъектілік қарым-қатынастағы көрінісі. //«Мұхтар Омарханұлы Әуезов және Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» Халықаралық ғылыми конференция материалдары, Алматы, 2009 ж. -195-200 бб.

АЛҒАШҚЫ СЕМЕЙ ТЕАТР «ЕС-АЙМАҚ» ӘДЕБИ ТРУППАСЫ

Қатысушы: Мұратбек Асыл Әсетқызы
Жетекшісі: Есентаева Алуа Серікқазықызы
«№32 жалпы орта білім беру мектебі» КММ Семей қаласы

Семей ақ гвардиялардан тазартылғаннан кейін театр өнері қайтадан қаулап, орыс, татар және қазақ труппаларының жұмысы жандана түседі. Семей революциялық комитетінің алғашқы жарлықтарының бірі – театрлардың халық ағарту бөлімдеріне берілуі жөнінде [5]. Қазақша спектакльдер қаладағы Қызыл әскерлер клубтарында қойылып отырды. Татарша спектакльдерді татардың «Мәдениет» атты қоғамы ұйымдастырған. 1920 жылдардан бастап қазақ – татар труппаларының творчестволық келбеті ерекше көркемдік сипат алып, дамудың

жаңа кезеңінен өтеді. Сахналық арғы арнасы революциядан бұрын басталып, біраз тәжірибе жинақтаған, әрі өзіндік дәстүрі көрініп қалған бұл екі ұлттық көркем коллективтің ресми түрде театрлық труппа болып ұйымдасуы – 1920 жылдың орта шені. Қоғамға социалистік жаңа сана тарату мақсатымен қазақ жастары труппаларын «Ес – аймақ» деп атады.Бұл атау есейту, саналандыру мағынасында алынған. Труппаны қаладағы түрлі мекемелердің қызметкерлері, мұғалімдер, әншілер, педтехникумның жоғарғы курсында оқитын студент жастар ұйымдастырды. Олар: дауылпаз желдірмесімен желдей ескен Иса Байзақов, әншілер Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Елебеков, Абай атамыздың әнші шәкірті Әлмағамбет Қапсәләмов, қазақтың тұңғыш режиссері, драматург Жұмат Шанин,Уәли Тұрлыбеков, Құсайын Әубәкіров, Омар Бейсенбаев, Ахмет Әуезов, Ғалиакпар Төребаев, Батиха Әшкеева, Сәруа Арықовалар өз өнерлерімен Ертіс өңірінің көрерменінің көзайымы болды. Труппа сахнаға бейім дарынды жастардың, әншілердің, күйшілердің және басқа өнерпаздардың басын қосып, театр өнерін дамытуда белгілі роль атқарып, драматургия жанрының жандануына өзінше әсер етті. Труппаның бұрыңғы мүшесінің бірі жазған мақалада: «Ес – аймақ» бұдан 40 жыл бұрын кәзіргі Жаңа Семей қаласында қазақ демократ жастарынан алғаш рет ұйымдасқан мәдени-ағарту қоғамы еді. «Ес – аймақ» әуелде Семей губерниялық саяси-ағарту бөлімінің Жаңа Семейде ұйымдастырған кітапханасы үйінде құрылды. «Ес – аймақ» қоғамы өзінің алдында халық арасында білім таратуды,саяси үгіт жүргізу арқылы қараңғы халықтың сана-сезімін көтеруді, қазактың мәдениетін көтеріп, халыққа эстетикалық тәрбие беруді міндет етіп қойды.Сонымен бірге ескі замандағы зұлымдық, жауыздық әдеттерді, көп әйел алушылықты, яғни сол сияқты ұнамсыз қылықтарды әшкерлеу. Ол өзінің бұл міндетін халыққа ойын-сауық кештерін көрсетуді ұйымдастыру жолымен жүзеге асырады»[6], делінген.

М.Әуезовтің «Еңлік – Кебек», «Ел ағасы», «Бәйбіше, тоқал» пьесалары қойылып, олардың алғашқы өңдеулері осында жүргізілді. Сол сияқты, Жұмат Шаниннің де кейбір пьесаларының сахналық қойылымы да осы труппадан басталады. Сонымен бірге, труппаның творчестволық келбетінде ептеген қайшылықтар да болды. Кешегі жас республика өміріндегі аласапыран, талас-тартыстың кезінде оның репертуарына ескі заманның дәстүрін, жол-жоралғысын дәріптейтін, көнені аңсайтын, өткенді көксейтін бірлі-жарым шығармалар еніп кетті. Демек, кейде қолжазба түрінде тараған көркемдік сапасы төмен дүниелер көп жерлердегі драмалық үйірмелерде екшеусіз қойылып жүрді. Мұндай кемшілік жалғыз ғана Семей емес, Қазақстанның әр жерінде болған. Мұны жеке бір труппаның кемшілігі деуден гөрі, театр өнерінің алғашқы даму кезеңіндегі ортақ кемшілік деп қараған жөн.

Жас труппаның алдындағы қиындықтарының бірі – халықты театрға тарту. Билетті кеңес – кеңселерге, оқу орындарына, түрлі мекемелерге труппа мүшелері аралап жүріп сатады. Сол сияқты сахнаға керек жабдықтарды да қаланы кезіп

жүріп, таныстарынан жинайды. Толып жатқан қиыншылықтарды басынан кешкен труппаға 1923 жылдары Ержан Ерданаев, Рахметжан Малабаев, Жиенғали Тілепбергенов сияқты әдебиетке жаңадан араласа бастаған жазушылар, әрі ролдер ойнап, әрі пьеса жазу қамына кіріседі. Труппаның жұмысын біршама жандандырып, творчестволық қуат берген, қоюға қолайлы, әрі көруші қауымға түсінікті Ержан Ерданаевтың «Малқамбай» комедиясы болды. Пьесаны сахнаға дайындап, режиссерлік жұмысын жүргізген Рақымжан Асылбеков. Спектакль көрушілердің көңіліне қонымды болып әжептәуір көрікті өткен. Әсіресе, Елубай Өмірзақовтың артистік өмірінде елеулі орын алған Малқамбай бейнесі жас дарынның сол уақыттың өзіндегі ірі творчестволық табысы. Домбыраға қослып айтатын халық әндері мен күлдіргі өлеңдерінің шебері Елубай Өмірзақов драмалық өнерге де бейім еді. Мына ролінде тілге шешен, ақылды, қисынсыз жерден жол тапқыш епті Малқамбай байды бәйбішеге, бәйбішені тоқалға қырқыстырып, ақырында Тоқсанбайдың жалғыз қызы Уәзипаны өзіндей жалшымен қашырып жібереді. Жас талант Е.Өмірзақов труппа сахнасының өзінде-ақ ойнаған рольдерімен халық өнерінің мол қазынасынан сусындап, оның тамаша бейнелеу тәсілдерін пайдалана білген. Асқан шабытпен ойнаған Малқамбай ролін Е.Өмірзақов бертін келе Қазақтың мемлекеттік театрының сахнасында ұзақ уақыт сомдап, өзінің сүйікті бейнесін жоғары көркемдік дәрежесіне көтереді. Елубай Өмірзақовтың ойынында өмір екпіні, тапқырлықтың барлығы, шындық қасиеттің молдығы сол кездегі баспасөз бетіндегі сындарда толық айтылған.

Труппаның еңбегі жанып, даңқының шығуына бір себеп болған жай – оның сахнасынан әйгілі ақпа ақын Иса Байзақовтың өнер көрсетуі.

Труппаның творчестволық даңқы бүкіл қалаға, онан қалды республикаға тарайды. Енді алғашқы жылы қойылған «Еңлік-Кебек» коллективтің белді спектакліне айналады. Ол уақыттағы баспасөз бетінде жарияланған мақтау мақалаларда жеке орындаушылардың аттары аталмай, жалпы спектакльдің жақсы шыққанын, оған Орынбордағы бар жақсы ойнайтын артистер қатысқанын хабарлаған.

Жас труппаның жұмысына сол кездегі қазақтың мәдениет қайраткерлері, жазушылар, қызметкерлер көмек көрсетіп қолдап отырған. Солардың ішінде Қазақстандағы ұлттық мәдени-ағарту жұмыстарын ұйымдастырып, оның дамуына ерекше қызмет еткен халқымыздың мақтанышы Сәкен Сейфуллин еді. Труппаның қойған ойындарына үнемі қатынасып, ақыл-кеңеске біреумен бірге, жас талапкерлердің орыс театрларының спектакльдерін көруіне, солардың озық өнерінен үйренуге бағыт сілтеп отырған. Труппаның репертуарымен қатар, ол жеке орындаушылардың да өнерін қадағалап, творчестволық қамқорлығын аямаған. Сол бір кезеңді еске алған бүгінгі Қазақ ССР-нің халық артисі Қапан Бадыров «... Сәкен аға кім қандай ән салса да, сол әннің кімнің әні екенін, оның неге арналып айтылғанын және басқа деректерді дәлелге келтіріп айтып беретін.

Ол әрбір әннің әсемдік қасиетін, көркемдігін бағалай білуге үйрететін еді»[7]. Ұлттық өнеріміздің осы балаң шағынан бастап профессионалдық қалыптасу кезеңдерінде де С.Сейфуллин, М.Әуезов, І.Жансүгіров, Ж.Шанин, Б.Майлин, С.Мұқанов театр жұмысына араласып, үнемі творчестволық ықпал жасап отырған.

«Ес-аймақ» труппасы Республикалық оқу комиссариатының шешімі бойынша жаңадан ашылатын ұлт театрына беріліп, соның негізін қаласады. «Қазақтың халық ағарту институның жанындағы Елубай Өмірзақов басқарған кішкене драма үйірмесі ұлғая келіп, болашақ театрдың негізі болып қаланды. Абдулқай Абдуллин, Сейфулла Байғожин, Жүсіпбек Оспанов және осы жолдардың иесі сол үйірмеден келген жастар болатын-ды»[8], - дейді Қ. Бадыров.

Қолданылған әдебиеттер

1. www.kk.wikipedia.org/wiki/20-ғасырдың басындағы қазақ мәдениеті
2. Еңбекші қазақ газеті//1927, 5 қаңтар
3. Мұхтар Әуезовэнциклопедиясы:Алматы 2011ж, 179 бет
4. Сарыарқа газеті//1917 жыл

ТҰЛҒАСЫ ТҰНҒАН ТӘЛІМ, ЕСІМІ ЕЛГЕ МӘЛІМ

Қатысушы:Таласова Саяжан

Жетекшісі: Даулетқан Балжан Берікбекқызы

«Ж.Аймауытов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп»КММ Семей қаласы

Тақырыптың өзектілігі: Бұл жұмыста Бауыржан Момышұлының тұлғалық келбеті сараланып, болмыс-бітімі зерделенді. Қаламгердің жалпы ғұмырнамалық деректемесі мен шығармашылығы үлкен маңызға ие екенін талдап жазылды. Жалпы жұмыстың негізгі өзегі – халық ауыз әдебиетінен тамыр тартатын халық нақыл сөзінің Бауыржан Момышұлының шығармашылығынан көрініс тапқаны. Жоба барысында жазушының мақал-мәтелдері көркемдік, тағылымдық тұрғыдан зерттелді. Сондай-ақ, бұл жобада Бауыржан Момышұлы туралы біршама деректер келтірілді. Жоба кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерден және пайдаланалыған әдебиеттен құралған.

Зерттеудің мақсаты: Бауыржан Момышұлының тұлғалық келбеті мен болмыс-бітімін талдау. Қаламгер-жазушының шығармашылығындағы ұлттық дүниетанымды зерделеу.

Зертеудің ғылыми жаңалығы: Бұл жұмыста Бауыржан Момышұлыны мақал-мәтелдеріндегі жаңашылдық, көркемдік, тағылымдық дүниелер қарастырылды. Танымдық әрі тәлімдік мәселелер сараланды.

Зерттеу жұмысының материалдары мен деректері: Ғылыми әдебиеттер, публицистикалық, проблематикалық мақалаларды сараладық. Сарапшылардың пікіріне тоқталдық.

Бауыржан Момышұлының тұлғалық келбеті мен ғұмырлық айнасы

Халқымыздың арғы-бергі рухани бедерінде тарихи тұлғалардың орны ерекше. Соның ішінде Бауыржан Момышұлының шығармашылығы мен ғұмырлық айнасы тағылым мен тәлімге толы. Оның әдебиетте айдынында атқарған толымды істері бүгінде көпшілік жұрттың қазынасына айналды. Халықтың өшпес мұрасы ретінде саналатын оның рухани әрі әдеби еңбегі әлі күнге дейін халқын тәрбиелеп келе жатыр.

Бауыржан Момышұлы өзінің ғибратты ғұмырында небір жағдайларды бастан өткерді. Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Көлбастау ауылында дүниеге келген ол балалық шағынан бастап қазақы мәдениет пен ұлттық құндылықты бойына сіңіріп өсті. Оны жазушы өзінің «Ұшқан ұя» шығармасында толық баяндайды. Аталмыш туындысында ол балалық шақтың небір өткелдерін бастан өткергенін жазады. Міне, ауылдың қара топырағында аунап өскен оның жаны кейін де қазақы мінезбен толығып отырды.

Қазақтың қарымды қаламгері Тәкен Әлімқұлов: «Баукең – табиғаттың перзенті... Ол кітаптарымен отаншыл үзеңгі жолдастарын, қатардағы жауынгерлерді дәріптесе, жұрт оның өзің аңызға айналдырған» деп Бауыржан Момышұлы туралы пайымды пікірін білдірген.

2.1. Бауыржан Момышұлы – халқымыздың қазынасы Халқымыздың тұлғасы бөлек, тағылымы ерек тұлғаларының тұяғы, туған жерін жау оғынан қорғаған батыр ұлдарының бірі – Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлы. Халқымыздың даналығында «Ақыл жастан, асыл тастан» деген сүбелі сөз бар. Бұл Бауыржан Момышұлы секілді ұлтының ұлдарына қарата айтылған нақыл болар, сірә. Қаһарман батырдың өнегелі өмір жолына көз жібере отырып, амалсыз осындай ордалы ойға бағынасың. Бауыржан Момышұлы Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Көлбастау ауылында дүниеге келген. Болашақ батыр Шымкент қаласындағы 7 жылдық мектеп-интернатын аяқтаған соң, біршама уақыт бойы мектепте мұғалім болып қызмет атқарды. Егер сол күннің көзқарасымен саралайтын болсақ, мұғалім болу сол уақыттағы ең бір мәртебелі, абыройлы мамандықтардың бірі болып саналады. С

Ізденімпаз, білім мен білікті жоғары қоя білетін, кәсіби шеберлігі жоғары жандар кез келген жағдайда нәтиже шығара білетіні анық. Бауыржан Момышұлы тұла бойындағы осындай қарым-қабілеттерін әскер қатарынан келгеннен кейінгі уақытта көрсетсе керек. Ол өмірінің осы бір кезеңінде біршама жыл бойы Шымкент, Алматы қалаларында бан қызметінде жүйлеі жұмыс жүргізді. Міне, түрлі бағытта жұмыс істеген оның сан салада жемісті жетістіктерге жеткенін байқаймыз. Бұдан кейін батыр Баукеңнің өмірлік жолы өзінің туа біткен қабілет-қарымымен байланысты, яғни әскери саладағы міндеттермен жалғасады.

«Бауыржан Момышұлының ел ұғымында толымды, жинақы, тұтас бейнесі қалыптасқан. Бұл- соғыс қаһарманы ғана емес, сонымен бірге жарқын да жалқы, қайта тумас азаматтың бейнесі. Оған енді жазушы Момышұлы деген атақты

қосқанда алуан қырлы алып тұлғаның өзі шыға келер еді»(Тахауи Ахтанов). «Мен қазақтардың арасынан Бауыржанмен салыстыруға келетін жан таппай жүрмін. Бәлкім, таппайтын да шығармын» (Дмитрий Снегин).

2. 2. Бауыржан Момышұлының өсиеті өміршең нақыл сөздері

Бауыржан Момышұлының еліміздің Орталық мемлекеттік мұрағаттың жеке қорында толық сақталған жүз жиырма үшке жуық мақал-мәтелі бар екені ғылыми тұрғыда дәлелденген. Рухани мұра болып саналатын мақал-мәтелдің болмыс-бітімі мен табиғаты туралы фольклорист ғалым Б. Адамбаев: «Мақал-мәтелдер – халықтың сан ғасырлық көрген-білгенінен, бастан кешкен уақиғаларынан қорытқан ақыл-ойының жиынтығы, анықтамасы, табиғатта, өмірде үнемі қайталанып тұратын уақиғалармен, құбылыстармен байланысты туған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» деп өз пікірін тұжырымдаған болатын. Оны біз әдебиетші әрі ғалым, академик Рахманқұл Бердібайдың өзекті ойымен зерделесек:

«Әйгілі қолбасшы И.В. Панфилов «Өткір сөз бен үшкір найза батыл шабуылда біріне-бірі көмек болады» деп текке айтпаса керек. Василий Клочковтың «Шегінетін жер жоқ, артымызда Москва!» деген ұлағатты сөзі сияқты Бауыржан Момышұлының да қанатты сөздері майданда кең тараған мәлім» деген сөзімен түйіндей аламыз.

Бұл туралы Бауыржан Момышұлының өмірінің соңғы он жылында жұбайы Ж. Егембердиева «Өмірінің өзі дастан» атты естелік-роман шығармасында: «Баукең – жазушы ғана емес, ақын адам, қазақ халқының бай мақал-мәтелдерін, фольклорын, өткен-кеткен тарихын терең білетін зерделі, зерек, өзі қанатты мақал-мәтел жазып кеткен білімдар, ғұлама да» деп өз ойын жеткізеді. Бауыржан Момышұлының өзінің туған халқы туралы: «Менің халқым – жер бетіндегі қасиетті халықтардың бірі. Себебі табиғаты таза, ар- ұжданын саудаға салмаған, адам сүю сезімі сарқылмаған, бұзылмаған, жарылмаған халық. Бауыржан Момышұлының мақал-мәтелдері негізі түрлі жағдаят пен мәселеге орай байланысты туындаған. Бауыржан Момышұлы өзінің бір мақал-мәтелінде өмір туралы ойды өрістетсе, екінші бір сөзінде еңбек пен талап туралы өсиет ұсынылады, ал үшінші нақыл сөзінде ерлік мәні айқындалады.Бауыржан Момышұлы бата-тілек пен тәлімге де ерекше зейін аударған. Бауыржан Момышұлы «Москва үшін шайқас» романының «Ақ бата – ізгі тілек» деген бөлімінде жаудың тұтқиыл шабуылынан сытылып құтыла білген уақытында Мәскеу маңындағы бір ауылда қалың елдің алдында Вика әжейдің жауынгерлер мен оның басшысы Бауыржанға: «Қош бол, балам! Жаратқан жар болсын!» деген ақ батасы жеңіске жетелеуші болды.Сонымен қатар, «Бата» атты әңгімесінде, өзінің туған ауыл-аймағына ат басын тіреп, бірлігі кеткен халықты, қадірі кеміген кемпір-шалды, берекесі бес елі, жөнсіз келін мен қадірсіз қызды, тұрпайы, тәрбиесіз бозбаланы көріп ашуы қайнаған Бауыржан Момышұлы дастархан басында ас қайырып, үй иесіне бата қылғанда, ежелгі елдік дәстүрді

сақтаған халықтық бата-тілекті жаңғыртып: «Я, құдай, дозақтың отынан сақта, қаңғыған оқтан сақта, парақор соттан сақта, кірлі сумен жуыстан сақта, ынтымақсыз туыстан сақта, қапажүрек батылдан сақта деген.Бұл туралы Бауыржан Момышұлының өмірінің соңғы он жылында жұбайы Ж. Егембердиева «Өмірінің өзі дастан» атты естелік-роман шығармасында: «Баукең – жазушы ғана емес, ақын адам, қазақ халқының бай мақал-мәтелдерін, фольклорын, өткен-кеткен тарихын терең білетін зерделі, зерек, өзі қанатты мақал-мәтел жазып кеткен білімдар, ғұлама да» деп өз ойын жеткізеді.

2. 3. Б.Момышұлы нақыл сөздеріндегі халықтық тәлім-тәрбие

Бауыржан Момышұлының есім-сойы аталғанда, батырдың екі бірдей келбеті көз алдымызға оралады. Бірі – қаһарманның, екіншісі қаламгердің келбеті. Тұла бойынан осы қабілеттің бірі ретінде бой көрсетіп, бірі табылмағанның өзінде жұртының озып туған ардақтыларының бірегейі болары анық. Адамгершілік парызын ұлт философиясымен, пәлсапасымен үйлесе отырып, жалпыхалықтық тағылым-тәрбиеден іздеп, келешек ұрпағына ой-өзек салған қаламгер өз туындыларында тарихи мәні мен тәлімдік тәрбиелік ұлт құндылығын жоғалтпайтын жағдаяттарға басты назарда тұратын еді. Бұл туралы Бауыржан Момышұлының айтқан пікірлері де, тұжырымдары да оңды болып саналады. Бұл жөнінде Бауыржан Момышұлы: «Шығарманы қызықты етеміз деп, біз кейде құр оқиға қуалап кетеміз. Шығармаларымыздың елеулі кемшілігінің бірі, міне, осында» деп пайымды пікір келтірген.Жазушы Бауыржан Момышұлының «Адам қайраты», «Қанмен жазылған кітап», «Москва үшін шайқас», «Ұшқан ұя» туындыларымен қатар, естелік-эссе кітаптарына қосымша газет-журналдарда жарық көрген мақалалардан асыл сөздерді топтастырған болатынбыз.

Бауыржан Момышұлының елдікке, батырлыққа, адалдыққа, адами қасиетке, отансүйгіштікке, қайсарлыққа үндейтін туындыларының бірі болып, оның нақыл сөздері саналды.

Батыр Бауыржанның халқының қалаулы азаматы болып қалыптасуына өзінің отбасы, «Ұшқан ұясы» көп септігін тигізген.

Маған аталған шығарманың ерекше әсер еткен тұсы – жазушының әйел теңдігі туралы қалам қозғаған ойлы сөздері. Шынында, әйел үлкен мәселелердің бірі. Біз әйелді адалдықтың айнасы, тазалықтың тұнығы, мейірім мен махаббаттың белгісі деп білеміз. Әйел намысы – ер намысы, барша жұрттың намысы деп, арын аяққа таптатпай қадірлейміз. «Қыз – қонақ» деп қашанда төрден орын беріп, сыйлаймыз. Алайда, жұрт аузынан шыққан бір сөздің өзі барлық әйел затына өшпес қара таңба болып жабысарын ойламаймыз.

Бұл жұмысымызда Бауыржан Момышұлының адамгершілік болмысы мен тұлғалық келбетін ашуға тырыстық. Сондай-ақ, жастардың ұлттық патриотизімін, Отанына деген сүйіспеншілігін дамытуға Бауыржан Момышұлы сияқты батыр ата-бабаларымыздың қосқан үлесі өте зор. Батыр атамыздың «Патриотизм дегеніміз – әке-шешеңді құрметтей білуің, өз ұлтыңды сүюің, ана

тілінді ардақтауың, өз халқыңның өткен жолы мен тарихын құрметтеп, оған тіл тигізбеуің мен өз Отаныңды жаудан қорғауың» деген тәлімі мен тәрбиесі мол сөзі бар. Бауыржан Момышұлының бұл сөзі қазіргі жас ұрпаққа өз тілін және тарихын білуі, құрметтеуі, ардақтауы және ешқашан ұмытпауы керектігін нұсқаулайтын сөздер.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1.Момышұлы Б. Ерлігіміз – ұрпаққа өнеге //Қазақстан коммунисі. – 1968. – №7 – 20 -21 бб.

2.Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1976. – 374 б.

3.Қаратаев М. Шеберлік шынына. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1963. – 419 б.

ҚАЗІРГІ БАЛАЛАРҒА ӘЖЕ ЕРТЕГІСІНІҢ МАҢЫЗЫ

Қатысушы: Хажбаханқызы Еркежан

Жетекшіс:і Тохтарова Айнур Ондасыновна

«Приречное жалпы орта білім беретін мектебі» КММ Семей қаласы

Кез келген халықтың ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан өзіндік салт-дәстүрі, рухани құндылығы болады. Уақыт өткен сайын сол асыл құндылықтарымыздың кейбірі ұмыт бола бастайды. Солардың бірі әже ертегісі. Өкінішке орай, қазіргі уақытта немересіне ертегі айтып, кітап оқып беретін әжелердің қатары сирек. Қазақ халқы үшін ата мен әженің орыны ерекше.

Асыл әжеліміздің ертегі, аңыз әңгімелерінің орынын осы күні ғаламтордадағы мультфильмдер, батыстың атыс - шабыс ойындары алмастырды.

Менің ойымша, балалық шағында әжесінен ертегі тыңдап, салт-дәстүрді, рухани құндылықты бойына сіңірсе, бала өскенде «ұлтым», «елім», «жерім» дейтін ардақты азамат болып өсері сөзсіз.Біз өз жобамызда немере үшін әже ертегісінің құдіреті, осы асыл құндылығымызды сақтап қалудың жолын іздедік.

Бұрынғы ата - бабаларымыз ертегінің пайдасын ерте заманнан бастап білген. Ертегінің тілі жеңіл, түсіну оңай болғандықтан, адам бойындағы асыл қасиеттерді дамытуда өте маңызды. Сондықтан, асыл әжелеріміз немерелерін тәрбиелеуде бесік жырын айтып жұбатып, ертегі айтып ұйықтатқан.Тарихқа көз жүгіртсек ұлы адамдардың тұлға болып қалыптасуына әжелерінің берген тәрбие өнегесі ерекше орын алады. Атап айтсақ, Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев, Қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов, Қазақтың әйгілі айтыскер ақыны, сазгер, әнші Біржансал Қожағұлұлы, Қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері Мұхтар Әуезов әже мектебінен сусындап өскен ұлы тұлғалар.

Ал, қазіргі уақытта халық алдында жүрген әнші Сәкен Майғазиев, қазақстанның атын шет елдерге танытып жүрген Димаш Құдайбергенов әже тәрбиесін көрген.

Сол ұлы тұлғалардың әжелері туралы қызықты мәліметтерге қысқаша тоқталып көз жүгіртсек.

Әже ертегісі - ұрпақтар сабақтастығы. Немере мен әже арасындағы ерекше туыстық қатынас берік болады. Бала жастайынан үлкен мен кішіні, ағайын – туысты танып, жеті атасын жаттап өседі.Ал, немере үшін әже ертегісі – баланың арманына жол ашады, ерлік пен намыс, адамгершілік, ар - ождан, салт – дәстүр т.б рухани құндылық, үлгілі, ешкімнің ала жібін аттамайтын азамат болып өсудің негізі.Біз осы «Қазіргі балаларға әже ертегісінің маңызы» атты жобамызда әже ертегісі балаларға беретін дәруменмен тең деп санаймыз. Өсіп келе жатқан ағзаға дәруменнің маңызы өте зор. Егер бала ағзасында дәрумендер жетіспесе денсаулығы нашарлайды. Бала аурушаң, ешнәрсеге қызықпайтын болады. Сол сияқты, кішкетай кезінде әже мейіріміне, ертегісіне сусындап өспеген бала, өскенде рухани кемелдене алмайды.

Дәрумен

Әже ертегісі - ол мейірімді дәрумен. Тәтті де, пайдалы дәрумені жақсы көрмейтін бала жоқ шығар. Сол дәрумені біз балаларға жеткілікті бере білуіміз қажет. Әже ертегісін тыңдап өскен балалардың иммунитеті де мықты болады, сырттан келген кез келген жағымсыз ақпаратқа төтеп бере алады. Яғни, Абай атамыз айтқандай: бес нәрсеге асық, бес нәрседен қашық болып жүретіні анық.

Әже ертегісі бала үшін терапия

- Ертегі тыңдаған баланың тілі тез шығады.
- Баланың сөздік қорын дамытады
- Бала мейірімге, сүйіспеншілікке бөленеді
- Бала ертегі кейіпкерлерін елестете отырып, жанашырлық сезімі пайда болады, эмоциясы дамиды

Біз өз жобамызды қорытындылай келе, әжелер айтқан ертегі ұрпақты рухты етіп тәрбиелейтіндігі сөзсіз. Жоғарыда атап өткен ұлы тұлғалардың әжелерді сияқты қазіргі әжелер немере тәрбиесіне мән берсе, біздің арамызда да болашақта әлемді таңқалдыратын Абай, Шоқан, Мұхтарлар шығары сөзсіз.

Зейнеткерлікке шыққан әжесі немересімен уақытын өткізген қарт адамдардың өзіне де пайдалы, ертегі айту арқылы есте сақтау қабілеті жақсарады, көңіл - күйі көтеріледі.

Қазіргі уақытта балаларға әже ертегісін тыңдау туралы түсініксіз ештеңе жоқ. Ересектердің осыған байланысты жауапкершілікті дұрыс түсінбеуі. Негізсіз

амбициялар немесе тіпті ата-аналардың немқұрайлы қарауы. Балалардың өздері әлі кішкентай және олар әже ертегісінің қызығын мен артықшылықтарын түсінбейді.

Алайда, ата - ана баласының, мұғалім шәкіртінің білімді, рухани құндылықты бойына сіңіріп өскенін қалайды, ол үшін ересектер көп күш салып, бірнеше ережелерді ұстануы керек:

1) балаңызға оның қызығушылықтары мен даму деңгейіне сәйкес келетін ертегілерді ұсыну. Мұнда бұрынғы уақытта танымал кешке үйде дауыстап оқу, ұйықтар алдында балаға ертегілерді оқу, бүкіл отбасы оқыған ертегіні талқылау.

2) балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту қажет. Отбасылық құндылықтарды, әженің отбасындағы орыны ерекше екенін үлгі ету.

3) баламен үнемі сөйлесу, оның пікірін тыңдау, әже ертегісін тыңдауға ынталандыру.

4) Ұлттық телеарналарда Әже ертегісінің маңызы туралы бағдарламалар көрсетілсе. Әлеуметтік желілерде ақ жаулықты әжелер ертегі айтып баланың қызығушылығын арттырса.

Қорытындылай келе, ұрпақты тәрбиелеуде үлкен үлгі өнегесі бар әже ертегісі қоғамда, әрбір отбасында насихатталса, қазіргі өркениет заманында рухани құндылығымыз артып, ұрпақтар сабақтастығы жалғасатыны анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Серікқазы Қорабай. Зере әже. «Егемен Қазақстан» газеті. 21.10.2020 жыл.
2. М. Әуезов. «Абай жолы» роман эпопея I том. 50 -56 бет.
3. Салтанат Қажыкен.Әже өнегесі. «Ана тілі» газеті. 25.09.2014 жыл.
4. «Шоқан үшін «Халық даналығының сарқылмас бұлағы» болған Айғаным ханым», Марфуға Шапиян, islam.kz

«АҒА СҰЛТАН» РОМАНЫНДАҒЫ ҚҰНАНБАЙ БЕЙНЕСІ

Қатысушы: Шаймұран Жаннат

Жетекшісі: Сатенова Майра Гусмановна

«Ж.Аймауытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Зерттеу жұмысының мақсаты: Көркем шығармадағы негізгі айшық адам образын бір-бірімен байланыста қарастыру арқылы басты кейіпкер мінезін ашу, романның тілін, көркемдік ерекшелігін тану, идеялық-эстетикалық мазмұнын ашу, рухани құндылықтарды зерделеу; Өскелең ұрпақтың осындай көркем шығармалар арқылы өз елінің, жерінің, ата-бабаларының тарихын білу және оның жақсысынан үйреніп, жаманынан жиреніп қорытынды жасауы, сабақ алуы, оқуға құштарлықтарын ояту;

Зерттеу тақырыбының өзектілігі: Романдағы кейіпкерлер арасындағы диалогтар көркем штрих-детальдар арқылы образ характерін ашады. Сол көркем детальдардан автор позициясы да аңғарылады. Өзіндік өрнек пен жаңа соқпақ үлгілері сайрап жатқан, адам жанының нәзік иірімдерін дөп басуы, дәл түйсінуі, сөйлемдеріндегі жинақылық, ой оралымдары жазушы шеберлігін танытады.

Көркемдік айшықтардың ерекше үйлесімі арқылы көркем шығарма әсемдікті тани білуге баули отырып, оқырманын баурап алады.

«Аға сұлтан» романындағы Құнанбай бейнесі

Ырысхан Мұсаұлының «Аға сұлтан» романы кешегі кеңестік дәуірде, сонау студенттік жылдарында қолға алынған. Кеңес заманының сұрқия саясатының кесерінен роман ұзақ жылдар сандықта сақталған. Тәуелсіздігімізге қол жеткізген уақытта автор «жабулы жатқан жан сырын» жарыққа шығарады. Біздің мақсатымыз жазушының XIX ғасырдың орта шенінде Қарқаралы дуанында болған тарихи оқиғаларды суреттеген «Аға сұлтан» романындағы Құнанбай

бейнесін суреттеудегі автордың өзіндік шеберлігін таныту болмақ. Теңіздің сырын тамшыдан тануға болатыны сияқты жазушының стилін тану үшін «Аға сұлтан» романының көркемдік ерекшеліктеріне тоқталып қарастыруды жөн көрдік.

Ырысхан Мұсаұлы журналистикаға сіңірген ғұмыр бойғы еңбегімен , очергтегі қаламгерлік шеберлігімен, зиялы, жарқын тұлғасымен жұрттың есінде қалды. «Аға сұлтан» атты романы Абайдың әкесі Құнанбай Өскенбайұлы туралы.

Бұл күрделі тақырып отаршылықтың уыты өрши бастағанда, қара халықты ойламайтын, ұлыққа жаққан Құсбек төрені жеңіп, ағасұлтан сайланып, Қарқаралыда мешіт салғызып, қазақтың ділін сақтауға бастаған дала көсемі.

Қазақ даласына қожайын болуға келген, осы елдің байлығын шебер иемденген бөгде жұрттың бейнелерін жазушы дөп сомдайды. Ең кереметі, Ырысхан Мұсаұлының бұл шығармасы біздің Абай елінің мінез ерекшелігін, тіл байлығы мен сөйлеу дағдысын танытатын таптырмайтын мұра.

Қазақтан шыққан, ел үстінен күнелткен пысықтардың екіжүзді қалыбын ситуация арқылы ашады. Негізінен Құсбек пен Құнанбай арасындағы диалогтардан шебер табылған көркем штрих-детальдар арқылы кейіпкерлердің характерін ашады.

Сол көркем детальдардан автор позициясы да аңғарылады. Жазушы Құнанбай бейнесін беріп суреттеп жатпайды. Оның бейнесі Құспекпен сөз қағыстырып, ел жайы туралы толғанған ойынан, іс-әрекетінен-ақ байқаймыз.

Мұқым дін мұсылман қауымының тілеуін қабыл алуын сұрап Құнанбай Омбыға үкілі пошта жөнелтеді. Онда мешіт салынатын жердің орнын оның қасына медресе салу керектігін жазады. Үлкен істі тындырып көңілі орнына келген Құнанбай терезеден арыға көз жіберіп, қорған ішіндегі баққа қадала қалыпты.

Оңынан жел тұрған екен. Ызыңдап суырыла соғады. Емен бәйтеректің жапырақтары шаң-тозаңнан арылыпты. Көк-жасыл тартып, ажарлана түскен. Судыр қағып, жамырай шуласады./1-185/

Міне, жазушы шеберлігі дегеніміз осы. Ешқандай дәлелдеуді қажет етпесі де анық.

Мінездеу, жанама мінездеу, адамға тән күйініш, сүйініш сезімдерді суреттеу, адамның өз күйін /монолог/, немесе өзгемен сөйлесуден /диалог/ келтіру – осылардың бәрі жеке-жеке тұрған, дара мақсатты нәрселер емес.

Керісінше, бірін-бірі толықтырып, бірінен-бірі туып, біріне-бірі жалғасып жатқан дүниелер. Мұндай бірліксіз бұлар адам мінезін де, тұлғасын да жасай алмаған болар еді.

Жазушы өз кейіпкерінің қимылын жеке-дара алмай, оның сөйлеген сөзімен ұштастыра суреттеп, оған өзінің авторлық көзқарасын /эстетикалық бағасын/ білдірсе, бұл кейіпкерлердің кім екенін, қандай мінез-құлықтың адамы екенін тасқа таңбалағандай көреміз.

Тек ішінде бүкпе есеп, бұқпа сөз жатпайтын Тәттімбет бір өзінің ғана сөзін айтып жүр ме? /1-44/

Тәттімбет оны саралап, аударып-төңкеріп жатпады. Бүкпелі есепке өзі шорқақ болған соң, басқаның да бұндай сөзіне үңіле бермейтін. Тура сөйлеп, ашық келгенді ұнататын. /1-49/

Қып-қысқа айтылған бірнеше сөз, ал оқи қалсақ суреттеліп отырған адамның ең айрықша белгісі көзге елестейді.

Ы.Мұсаұлының «Аға сұлтан» романындағы Құнанбай, Құсбек, Алшынбай, Сымық, Қужақ сияқты кейіпкерлер – тип. «Талантты жазушының әр образы тип» дейді Белинский. Типтендіру мәселесі секілді типтің өзі де тым кесек және күрделі нәрсе. Неге десеңіз, мінез, бітім, әрекет, ұғым, рух, парасат жағынан байыптап қарасақ, нағыз суреткердің қолынан туған әрбір әдеби тип – әрі әбден жинақталған, сондықтан өзінен өзге ешкімге ұқсамайтын жалқы тұлға.

Осы үзінділерден бірде-бір басы артық оқиға, бөлек тұрған бір деталь жоқ. Бәрі автордың көркемдік ойына қызмет етіп, көркем үндестік тауып тұр. Жазушының шеберлігі – шығарманың сюжеті мен композициясын құра білуінде. Романдағы әр оқиға, әр сурет, әр кейіпкер, әрбір көркемдік деталь – белгілі мазмұн иесі. Жазушы солардың бәрін ойластырып алған. Әдебиеттің негізгі объектісі адам десек, жазушы өз шығармасында сол адам тағдырын арқау ететіні сөзсіз. Романның басты кейіпкері Құнанбайды барлық қырынан көрсету үшін жазушы өз кейіпкерін әр түрлі саяси, әлеуметтік жағдайларға қояды. Сан алуан адамдармен қарым-қатынасқа түсіреді, оны өмір тартысының әр кезеңінде көрсетеді. Сол арқылы суреткер қаһарманының характерін жасаған. Сол қимыл, мінез үстінде Құнанбай характері әр қырынан ашылған.

Романда табиғат суреттері де жайдан-жай алына салмаған. Жазушы бұл көркемдік детальдарды кейіпкердің мінез-қылығын ашуға, оның көңіл күйіне, жан толғанысына, қуаныш-қызығына, қайғы-қасіретіне, басына түскен қатерге, ашу-ызасына, қайрат қажырына бейнелейді. Т. Ақшолақов: «Жазушы табиғатты сөйлете отырып, кейіпкердің жан-толғанысын тереңдете түседі.» дейді /3-60/

Романда Құсбек төренің Омбы сапарынан Қарқарылыға көңілі күпті болып, екіұшты ойға батып, еңсесі түсіңкі қайтқаны оқырман есінде болар. Аға сұлтандыққа сайлау жақындап, Құсбек Омбы жандаралынан жартымды жауап ести алмай өзінің бір топ жаһаттастарымен қайтып келе жатқандағы табиғаттың тосын мінезін жазушы үлкен шеберлікпен берген.

Ырысхан Мұсаұлы табиғаттың сұсты келбет-кескінін кейіпкердің жан күйзелісін, жан ашуын тереңдете бейнелеу үшін ұтымды алған, табиғатты өз мақсатына орай сөйлете білген. Құдияр мен Тәттімбеттің сөзі нағыз деталь. Алдағы сайлауда Құсбектің аға сұлтандыққа өте алмайтынын басынан бағы тая бастағаның байқаймыз. Романның көркемдік ерекшелігін, әсіресе тілін тану үшін пейзаждың көтерер жүгі жеңіл емес.

Пейзажды біз, әдетте, көркем шығармада суреттеген табиғат көріністері дейміз. Рас, пейзаж – табиғат. Бірақ бұл жеткіліксіз. Нағыз пейзаж – поэзия. Неге десеңіз, адамның қабылдауынан, көңіл күйінен тыс табиғат суреті – пейзаж жоқ.

«Пейзаж жазушының стилін де белгілейді. Ал стиль – адам. Пейзаж образ сырын ашады. Ал образ – адам». /1-100/ Дәл осының дәлелі Ы.Мұсаұлының «Аға сұлтан» романындағы пейзаж. Осының бәрі жан тебірентер ғажап, сан иірім сыры бар тұтас бір образ, адам мекені – дала образы. Және жазушы пейзажы келістіре салынған сурет қана емес, шынында да құдды жанды адам. Романның пейзажды беттері – қағаз емес, нақ тірі табиғаттың өзі. Адамды үйден шығарып алып кетеді. Бір жерде ызғырық жел өңменіңнен өтеді, енді бір жерде әуе айналып жерге түскендей аптап ыстықтан қашқандай күйге түсесіз, тағы бір жерде қолымызды
жаңбырға тосып рахаттанамыз. Біздің әдеби шығармалардан іздейтініміз, міне, осындай пейзаж.

Ырысхан Мұсаұлының «Аға сұлтан» роман тілі негізінде Құнанбай қажы өмір сүрген кезеңдегі әлеуметтік жағдай мен қоғамдық ахуалды, оларға деген жазушы көзқарасын, ұстанымын оқырманға жеткізеді.

«Аға сұлтан» романында біз Құнанбайдың тарихи тұлғасымен жете танысып қана қоймай оның романдағы тарихи көркем бейнесін жан – жақты түсінуге мүмкіндік аламыз.

Көркем туындыны өнер деп бағаласақ, оның өзі өнер құралымен жасалуы керек. Бұл үшін романнан бір ғана штрих алайық:

Романда Құнанбайдай ел ағасына, аға сұлтанға Жанғабыл мен Үйсінбай қариялар сұр жорғаны сыйға тартады. Мұнысын ағайын – ажыны мақұл көрмейді. Құсбек оқиғаның ұзын ырғасына қайыра сұрап қанықты да: - Апыр-ай, ағат жасаған екенсің. Ол қарадан шықса да Құнанбай емес пе, бұл қанша дүлдүл болса да бір тай емес пе? /1-272/ - деген кішкентай штрихтан жазушының эстетикалық идеялы айқын көрінеді. Бірақ сөйлем. Осы сөйлемге Құнанбайдың құнанбайлығы, басқа сөзбен айтқанда ақыл-парасаты, ел билеу тәсілі сиып кеткен. Автордың нақты ұғымды затты детальға айналдырып қысқа жазу - тек таланттыға тән қасиетін байқай аламыз.

Ырысхан Мұсаұлының романында өзіндік өрнек пен жаңа соқпақ үлгілері сайрап жатыр. Романда Құнанбай бейнесін суреттеудегі адам жанының нәзік иірімдерін дөп басуы, дәл түйсінуі, сөйлемдеріндегі жинақылық, ой оралымдарын баурап алуы жазушы шеберлігін танытса керек. Ы.Мұсаұлы табиғаттың сұсты келбет,кескінін кейіпкердің жан күйзелісін, тереңдете бейнелеу үшін,табиғатты өз мақсатына орай ұтымды қолданып, сөйлете білген.

«Аға сұлтан» романында көркемдік айшықтар ерекше үйлесім тапқан, соның бәрі жымдасып келіп оқырманын баурап алды, жанын нұрландырып, әсемдікті тани білуге баулиды,тарихи шығармаларды оқуға құштарлығын оята түсті.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ы. Мұсаұлы «Аға сұлтан» романы. Семей, 2003. 352 б.
2. Тайжігіт Б. Елге оралған «Аға сұлтан» // Семей таңы -2005.-20 мамыр
3. Т.Ақшолақов «Көркем шығармаға талдау жасау». Алматы, 1983
4. Түсіндірме сөздік Алматы, 2008

МӘТІНДЕГІ КЕЗДЕСЕТІН КҮРДЕЛІ СӨЗДЕРДІ КОНЦЕПТУАЛДЫ ТҮРДЕ ЕСТЕ САҚТАУ АРҚЫЛЫ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Қатысушы: Далелхан Нұрай
Жетекшісі:Турдугулова Дильмара Шеризатовна
«А.Ибраев атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ

Бұл жобада мәтіндегі кездесетін күрделі сөздерді концептуалды түрде зерттеудің тиімді екендігін көрсету мәселесі қарастырылады. Алынған білімді функционалды сауаттылықпен ұштастыру тақырыбы қозғалады. Жұмыста қазіргі таңдағы өзекті мәселе болып отырған берілген білімді концептуалды түрде есте сақтау арқылы практикада қолдана алу мәселесіне ерекше назар аударылады. Бұл тәсіл зерттеуге негізделген оқытуды көздейді. Оқушының пәнді терең оқуына жағдай жасайды. Функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді. Түрлі пәндердің мазмұнын кіріктіруге, идеяларды, әдістерді бір пәннен екінші пәнге таратуға болатындығын түрлі мысалдармен көрсетеді. Ғылыми жоба жан-жақты зерттеуге арналған. Қорытындылай келе, автор концептуалды түрде есте сақтау арқылы алынған білімді функционалдық сауаттылықпен ұштастыру – білім алуда күрделі ұғымдарды бір мазмұнға топтастыра отырып жүйелеудің маңызды екендігін көрсетеді.

Күтілетін нәтиже: Оқушы сабақ үдерісінде берілген тапсырмаларды жан-жақты зерттеу арқылы кіріктірілген пәндер бойынша алған білімін күнделікті өмірде қолданады. Берілген материалды концептуалды түрде қарастыруға үйренеді. Тіл - әдебиеттің бастау көзі. Ал әдебиет – бастаудан шыққан сөйлеудің, тілдің ең жоғарғы, аса үлгілі қазынасы, кемел өрнектері. Тұтас ұлттың бейнесін, қазақ халқының бейнесін сомдаған әдеби шығармалар – Тәуелсіз Қазақстанның Мәңгілік Елге айналуына қазық болатын сенімді тіректер.

“Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек,” –деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай тіл тазалығы - Мәңгілік Ел болудың тірегі. Мектепте алған білімді күнделікті өмірде қолдана алу – бүгінгі заман талабы. Мен өзімнің зерттеп жүрген тақырыбым арқылы сабақта алынған білімді концептуалды түрде қарастырудың тиімділігіне тоқталғым келеді.

Мысалы, 7-сыныптың «Қазақ әдебиеті» оқулығындағы «Қыз Жібек» тақырыбы бойынша мәтіндегі кездесетін, көп қолданылмайтын күрделі сөздерді тарихи, лингвистикалық, медицина-биологиялық, салт-дәстүр, қолөнер жағынан зерттеп көрейік. Бұл жұмысты барлық пәндерді кіріктіру арқылы қарастырайық.

«Қыз Жібек» жырынан үзінді:

...Ақ маңдайы жалтылдап,
Танадай көзі жарқылдап,
Алтын шашбау шашында.

Осы жыр үзіндісіндегі «алтын шашбау» тіркесіндегі «шашбау» сөзін негізгі нысан ретінде ала отырып, неліктен шашбаудың көбіне алтын мен күміс сияқты бағалы тастардан жасалатындығы және де алтынның пайдасы, оның химиялық, медицина-биологиялық жағы, қолөнерде яғни этнография бойынша қалай жасалынатындығы, оның пайдасы мен зияны туралы ақпараттарды қарастырдық.

Лингвистика жағынан: Шашбау. Ол – қыз, келіншектердің шашына сәндік бұйым ретінде тағылады. Шашбау әйел шашының әр–ажарын ашады. Оны

өрілген бұрымның ұшын бекіту үшін де тағатыны мәлім. Түркі халықтары алтын, күміс тиындар, кейде маржан қадалған, ызылған бауы бар шашбауды ежелден пайдаланып келеді. Шашбаудың жасалу, әшекейлену әдістері әртүрлі. Соған орай олар әртүрлі топтарға бөлінеді. Қазақ зергерлері шашбауды негізінен күмістен қақтап соғады, ұшына теңгеден (сөлкебай) шұбыртпа тағылып, түсті масатыдан, жібектен ызылған шашақтармен әсемделеді. Матадан жасалған шашбаудың екі ұшына зер шашақ тағады, оның жоғарғы жағынан бунақтап құндыз тұтып қояды. Шашбауды бұрымға қоса өреді, сосын шаштың ұшына таяу жерінен бір шалып байлайды, сөйтіп, бұрымның ұшын бекітеді. Жасы ұлғайған әйелдің шашбауы қарапайым болады. Салт-дәстүр мен лингвистика жағынан шашбауға, шашқа қатысты қаншама тыйымдар бар. Шашты өсіру – әдеміліктің белгісі екендігін, бірақ салт-дәстүр бойынша шашты жайып жүрген дұрыс емес екендігіне де тоқталғым келеді. Бір айта кететін мәселе, мен тек «Қыз Жібек» жырындағы бір ғана «алтын шашбау» тіркесіндегі «алтын» сөзі туралы кіріктірілген түрде қаншама мәліметтер алдым. Алынған ақпараттарды өзім зерттегендіктен менің есімде жақсы сақталды, сонымен қатар осы мәліметтерді басқа пәндерде де, күнделікті өмірде де қолдана аламын, яғни концептуалды түрде қарастыру арқылы оқу сауаттылығымен ұштастырдым. Алған білімді басқа пәндерден осы тектес тақырыптарды өткен кезде де қолдана аламын. Міне, қазіргі таңда қолданылмайтын «шашбау» сөзін зерттеу арқылы өзіміздің ұлттық құндылығымызға деген көзқарасым өзгеріп, құрметім күшейді. Оны бағалай білу керектігін, кезіндегі салт-дәстүрлерімізді жаңғыртуымыз керектігін, басқа мемлекеттерде осы ұлттық нақыштарымыз арқылы таныла білу керектігін білдім. Жырдағы әрине қолданылмайтын тіркестерді немесе сөздерді зерттеп, олардың барлығын концептуалды түрде қарап шығу мүмкін емес, бірақ бір сөз тіркесі, бір сөз арқылы қаншама мағлұмат алуға болады. Енді басқа ғылымдар жағынан қарастырып көрейік.

Химиялық жағынан: Алтын - ақшалық құнды металл (валюта) және ауыр металл. Сонымен қатар ол әр түрлі әшекейлік-көркемдік істерде, зергерлік бұйымдарға қолданылады. Ата-бабаларымыздың шашбауды алтын-күмістен жасауының өзінде мән бар. Алтын да, күміс те адам ағзасына әсер ететінін ертеден білген. Алтын күмістің бактерицидтік қасиетін арттырады. Шетелдік дәрігер Роберт Бекер күміс иондарының адам ағзасындағы жасушалардың көбеюіне әсер ете алатындығын дәлелдеген. Ол өзінің ғылыми кітабында күміс иондарының қатерлі ісік ауруына шалдыққан адамдардың жасушаларын қайта тірілтіп, көбеюіне көмегі барлығын жазған. Сірә, алтын-күміс қасықпен ас ішу тек қана байлықтың көрінісі ғана емес, салауаттылықтың да белгісі болса керек. Күміс бактерияларды залалсыздандырады. Осы қасиетіне байланысты баланың кіндігі түскенде, бала қырқынан шыққанда күміс қасық не күміс білезік салынған суға шомылдыруды атам қазақ ертеден білген.

Медицина-биологиялық жағынан: Шашбау таққан қыздардың басы ауырмайды, шашы ұзын, әрі сұлу, берік болып өседі, ерте түспейді. Шашбау әйел шашының өсуіне ықпал жасайды, басқа массаж істеп, денсаулықты түзейді. Шашбау, шолпы арқаны түзу ұстап, сәнді жүруді үйрететін **модель мектебінің** рөлін атқарған. Шашбаудың, шолпының ауыр салмағы басты ауыртпай, емдік қасиетке ие болған. Қазіргі таңда мектеп оқушылары арасындағы сколоиоз ауруы белең алып тұрғаны белгілі. Адам басының тік жағдайы, омыртқа

бағанасының тік болуы, иықтарының, жауырындар бұрыштарының симметриялық орналасуы, омыртқалардың өсімдіктері тік сызығында болуы, белдің үшбұрышының симметриясы қ а л ы п т ы сымбатының белгілері болып саналады. Омыртқа бағанасының осы белгілерден ауып кетуі сымбаттың бұзылысы - **сколиоз ауруы** болып табылады. Көне Греция мен Римде алтынды (пластинкаларын) ауызға салып, тамақ ауруларын емдеген екен. Сондай-ақ қазіргі медицинада да алтын қоспалары кеңінен қолданылады.

Қолөнер жағынан: Шашбау бір-біріне сым үзбелер арқылы бекітіліп, орталарына асыл тастардан көз қондырылған теңгелер тізбегінен құралады. Ұшы сәнді шашақпен немесе күміс әшекейлермен әсемделеді. Шашбау шаштың түбіне бекітіліп, бұрыммен бірге салбырай төгіліп тұрады. Шашбау ұзын бау (шынжыр), тиындар тізбектелген лента және оюмен бедерленген қаңылтырлардан тұрады. Шашбаудың ұшында күміс салпыншақтары болады. Бұрымға тағу әдісі: өрім басталған тұсқа бекітіледі. Шашбау бұрымның қалыңдығын білдіретін болған.

Салт-дәстүр жағынан: Шашбау – қыз-келіншектер шашына тағатын сәндік бұйым. Мұндай әйел шашының әр-ажарын аша түсетін, өрілген бұрымның ұшын бекіту үшін тағылатын алтын, күміс тиындар, кейде маржан қадалған, ызылған бауы бар. Сонымен қатар қыз баланын мінезін білдірген. Қыз бала жүргенде шашбау сылдырламаса қыздын мінезі жайлы, ал сылдырласа мінезі нашарлау деп білген. Халықтың қылмыс заңында да шаш туралы бірнеше бап бар. Тентектер әйелдің шашын кессе, ол дене мүшесін кескенімен бірдей жазаланады, үлкен айып төлейді. Егер әйелдер өздері қылмыс жасаса, олардың шашын кесіп жазалайды. Бұл әйелдер үшін өлім жазасымен тең қаралған. Шаштың ұшын қиған қыздарға шапалақ беріледі. Демек, әйелдерге тән шаш бағасы мен құнын халқымыз ерте білген.

Осы сөздерді зерттеу барысында шығарған қорытындым және ұсынысым:

1.Қыз балалардың шашын өсіру және ұлттық нақыштарымызды жарнамалау мақсатында өздеріне қолдан шашбау жасап, соны тағып жүру керек. Біз өзіміз мақтанышпен тағып, жарнамалай алғанда ғана басқалардың бізге деген, ұлттық нақышқа деген ұмтылысы, құрметі оянады.

2. Ата-аналардың да ұлттық нақышқа, ұлттық құнды бұйымдарымызға деген көзқарастары өзгеріп, бағалаулары артады.

3. Сәнді шашбау, шолпы «модель», яғни «сән мектебінің» рөлін атқаратындықтан, қыздарымызға эстетикалық жағынан берер тәрбиесі мол.

4. Салт-дәстүрмен де байланысты қыз балаларға шашын жайғызбаған елміз, «шаш жаю - жамандықтың хабаршысы» екендігі белгілі, жас қыздардың арасында белең алып бара жатқан бұл көрініс еліктеушіліктен туған. Осыған деген көзқарасты өзгертіп, ұлттық құндылықты бойларына сіңіре білу керекпіз.

5. Еліміздің экономикасына да елеулі ықпал етері сөзсіз. Біз ұлттық нақышымызды насихаттап, қолөнершілердің туындыларын жарнамалап, алыс-жақын шетелдерге де шықсақ құба-құп болар еді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 15 томдық, III том Б-Б Алматы 2011
2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы /

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы //
3. А.С.Ақтанова, А.Қ.Жундибаева, Л.К.Жұмекенова: «Қазақ әдебиеті» оқулығы, 8-сынып Алматы «Атамұра» 2017, 36-бет
4. А.С.Ақтанова, А.Қ.Жундибаева: «Қазақ әдебиеті» оқулығы, 7-сынып Алматы «Атамұра» 2017, 17-бет

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ОҚЫТЫЛМАЙТЫН СЫНЫПТАРДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Қатысушылар:Касымбаев Адильжан Маратович,
Сарсенова Сабина Алибековна
Жетекшісі: Карамендин Олжас Сабитович
«№20 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ Семей қаласы

Өзектілігі мен мақсаты. Қазіргі кезеңде педагогикалық ғылым мен практика білім беруді жаңғырту міндеттерін, қазақ тілін кәсіби даярлаудың сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған оқытудың әдістері мен формаларын жетілдіру міндеттерін шешуде. Баяндамада қазақ тілін оқытудың инновациялық құралдарының бірі – подкасттарды және стендапты қолдану мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – қазақ тілін оқытудағы подкасттар мен стендаптың дидактикалық мүмкіндіктерін теориялық анықтау және қолданысқа енгізуге ұсыныс тастау.
Қазақ тілін үйрену жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттаумен шектелген уақыттан бері көп уақыт өтті. Монотондылық, грамматикалық ережелерді жалыққанша жаттау және орыс тіліндегі сөз тіркесін қазақ тіліне аудару мүмкіндігі - бұл қазақ тілін меңгерудегі кемелдіктің шегі болды. Әлемде шетел тілін үйренудің көптеген тәсілдері мен әдістері бұрыннан белгілі болғанымен, біздің елімізде қазақ тілін оқыту әдістемесінде нағыз революция тек кейінгі жылдары ғана енді. Тәсілдер мен мақсаттар өзгерді. Бүгінде барлығы қазақ тілін үйренуде. Бүгінгі күні қазақ тілінің өзінің мемлекеттік биік мәртебесіне лайық деңгейге көтерілуі заман талабынан туып отыр. Мемлекетіміздің кез келген оқу орнында қазақ тілі ана тілі және мемлекеттік тіл ретінде оқытылады. Бұл арада, сол қазақ тілі қандай деңгейде оқытылып жатыр деген сұрақ туындайды. Дегенмен, әрбір әдістің оң және теріс жақтары бар. Ескі мектептің қағидалары бүгінгі күні өз жемісін бергеніне қарамастан, айтарлықтай өткір сынға ұшырап отыр. Әдетте, тілді меңгеру үшін аудармаға, мәтін оқуға, жаңа сөздерді есте сақтауға, әртүрлі жаттығуларды орындауға және қайталауға көп уақыт арнап, кітаптарды ақтаруға тура келетін. Сабақты бекіту үшін шығарма немесе диктант жазу сияқты тапсырмалар ұсынылатын. Бұл әдістердің көбі қазіргі уақытта заман талабына сай ескіріп қалды.
Сол көне әдістердің бірі - классикалық оқыту әдісі болып табылады. Классикалық әдістеменің ұстанатын негізгі міндеті – оқытылатын тілдің грамматикалық қорын қалыптастыру. Классикалық әдістеменің жалғыз кемшілігі, – ауызекі сөйлеу тәжірибесінің аздығы. Бұл кемшілікті классикалық әдістемеге коммуникативті оқытудың басқа әдістерін қосу арқылы толықтыруға болады. Дегенмен, соңғы жылдары шетел тілін оқытудың ең танымал әдістерінің басында коммуникативті әдіс бірінші орынды алады. Бұл техника Америка мен

Европада өзін дәлелдеді. Әдістеме шет тілдерін оқытудың екі негізгі әдісін біріктіруге негізделген: дәстүрлі және заманауи. Аты айтып тұрғандай, коммуникативті техникада маңызды рөл қарым-қатынасқа беріледі. Бұл әдістеменің негізгі мақсаты – тілдік кедергіні жеңу. Ең бастысы, адамды шет тілінен қорқудан, шет тілінде сөйлеу қорқынышынан құтқару және сонымен бірге басқа тілдік дағдылар мен дағдыларды, атап айтқанда ауызша және жазбаша сөйлеуді, оқуды, тыңдауды дамыту. Айта кету керек, грамматика шет тілінде сөйлеу, қарым-қатынас жасау процесінде оқытылады. Осы мәселені тереңірек зерделеу мақсатында, мектебіміздің жоғары (9-11) сынып оқушыларына арнап онлайн сауалнама әзірледік. Бұл сауалнамада, жоғары сынып оқушыларына қазақ тілін меңгерудегі кездесетін қиыншылықтары мен жалпы тіл меңгерудегі қалауы туралы бірнеше сұрақтар қойылды. Бірінші сұрақ бойынша, оқушылардың 75 пайызы қазақ тілін мемлекеттік тіл болғаны үшін үйренетінін айтқан. Екінші сұрақ бойынша, оқушлардың 45 пайызы қазақ тілі сабағында сөздерді түсіну қиындық тудыратынын жеткізген. Үшінші сұрақта, 55 пайыз оқушылар, қазақ тілінде қарым-қатынас жасау – сабақтың басты шарты деп жауап берді. Келесі сұрақта, 45 пайыз жоғарғы сынып оқушылары сабақ кезінде қызықты мәтіндердің болғанын қалады. Соңғы «Қазақ тілі сабағында нені жақсы орындайсың?» сұрағында, оқушылардың тек 5 пайызы ғана «айтылым және дебат, талқылау» деп жауап қатқан. Бұл сауалнама қорытындысы бойынша біз үлкен бір ойға қалдық. Ғалым Қ. Қадашева:«Оқу процесін жеделдету дегеніміз – осы оқу пәніне берілген сағат санын көбейтпестен оның әсерлілігі мен өндірімділігін арттыруға қол жеткізу. Бұл тереңдетілген жеделдету мәні жағынан рационалды оқыту әдісімен тең болып келеді»- деп, қазақ тілін оқытудың мәселелеріне тоқталған екен. Шынымен де, мемлекеттік тілді меңгеру кезінде тек қана сөздерді, сөз тіркестерді, ережелерді жаттап алуға болады, бірақ нақты сөйлесу мүмкіндігі пайда болған жағдайда адам меңгеріп алған базаны қолдана алмауы да мүмкін. Себебі, жылдан-жылға оқытатын оқу материалымыз мынадай тақырыптар шегінен аспайды:

- Қазақстанның бай табиғатымен таныстыру;
- ел өміріндегі тарихи кезеңдер жайлы мәлімет беру;
- қазақ тілінің фразеологизмдерімен таныстыру;
- мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді сөздік қорына енгізу.

Ғаламтор кеңістігінде ағылшын тілін үйретуге арналған көптеген практикалық әдістермен салыстырғанда, жоғарыдағы алынған материалдардың тізімі неғұрлым күрделі, не қызықсыз болып көрінетіндіктен бе, тілді меңгеру мақсатын қойған адамның алдына психологиялық барьер келеді. Сондықтан да, қарапайымнан күрделіге деген тәсілдің әлдеқайда тиімділігі зор деп ойлауға тура келеді. Тіл күрделілігі тілді үйренемін деушілер үшін жағымсыз ынталандыру негізі. Сондықтан тілді үйрену неғұрлым қарапайым болса, адамның тілге деген ынтасы соғұрлым жоғары болады. Сол сияқты, біздің тілді де, мемлекетімізде тұратын басқа ұлт адамдарына үйретудің оңай жолдарын іздеу қажет. Сұраққа жауап, ситуация арқылы сөйлесу, өз ойын айта білу, пікір алысу, салыстыра отырып әңгімелесу тәсілдерін қолдану қажет деп ойлаймыз.

Осындай тәсілдердің бірі ол – «Подкаст», «Стендап» әдістері. Қазіргі уақытта подкаст деп оқу бағдарламасының тілдік және тақырыптық мазмұнына

сәйкес жасалған және оқу процесінде одан әрі пайдалану үшін подкаст серверіне орналастырылған аудио немесе бейне жазба түсініледі. Ал, Стендап (stand up) - бұл комедиялық қойылым және әңгімелеу өнері, ол арқылы әзіл-сықақшы тірі аудиториямен сөйлесіп, олармен микрофон арқылы тікелей байланысады. Стендап репертуарына авторлық монологтар, қысқа әзілдер, көрермендермен импровизация, әзіл әндер, қысқа қойылымдар кіреді. Стендап және подкасттар 10 жылдан аз уақыт бұрын пайда болғанына қарамастан, бүгінгі күні олар барлық топтағы көрермен арасында өте танымал: қарапайым жастардан бастап, жетекші университеттерге дейін қолдануда.

Подкасттар мен стендаптың танымалдылығын анықтайтын бірнеше факторларды атап өтейік:

- оларды планшеттік компьютерге, мультимедиялық ойнатқышқа, ұялы телефонға және т.б. тегін жүктеп алу мүмкіндігі және оны кейіннен ыңғайлы уақытта және ыңғайлы жерде қарау/тыңдау;
- көптеген портативті құрылғыларда ойнатуға мүмкіндік беретін аудио және бейне файлдардың әмбебап форматтарының болуы;
- покасттар мен стендаптың үздіксіз жаңаруы;
- жазылу мүмкіндігі, бұл пайдаланушыны пайда болған кезде жаңа подкасттар мен стендап туралы автоматты түрде хабардар етуді білдіреді;
- аудио және бейне материалдардың шынайылығы;
- бейне файл үшін субтитрлердің болуы.

Көптеген ғылыми әдебиеттерді талдағаннан кейін біз подкасттар мен стендаптың мүмкіндіктерін атап өтеміз келеді:

1. Шынайылық. Подкасттар мен стендаптардың көпшілігін ана тілінде сөйлейтіндер жасайды. Яғни, оқушыларға көркем әдеби тілмен қоса, сол елдің қарым-қатынас тілінің ерекшеліктерін де көрсете алады.

2. Көп функционалдылық. Подкасттар мен стендаптар көп функциялы, өйткені олардың көмегімен шет тілін оқыту кезінде сөйлеу әрекетінің бірнеше түрін дамытуға болады: оқу, сөйлеу, жазу, тыңдау. Сонымен қатар, подкасттар оқытылатын тілдің мәдениеті туралы білімді жеткізеді, сол арқылы оның әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастырады. Сол тілдің мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын білу оқушыларға үлкен артықшылықтар беретіні сөзсіз.

3. Медиалық құзыреттілік. Подкасттармен жұмыс істеу үшін компьютердің негізгі дағдыларын қалыптастыруға болады: интернеттен файлдарды жүктеп алу, оларды мобильді құрылғыларға тасымалдау, қажет болған жағдайда оларды өңдеу және қайта кодтау мүмкіндігі.

4. Өзектілігі. Подкаст және стендап жазылуға және мұрағатты жаңа аудио және бейне материалдармен үнемі жаңартуға мүмкіндік береді. Осылайша, біз күн сайын өмірдің әртүрлі салаларындағы өзекті оқиғалар туралы ақпараты бар жаңа аудио және бейне файлдарды жүктей аламыз.

5. Көру және есту ақпаратын бір мезгілде қолдану арқылы қабылдау. Ақпарат көру және есту арналары арқылы қабылданады. Көру арнасы заттарды, әрекеттерді қабылдауға қызмет етеді, сол арқылы есту жолы арқылы түсірілген дыбыстардың ретін түсінуге ықпал етеді.

6. Интерактивтілік, яғни. пайдаланушының мобильді құрылғымен жұмыс істеуінің интерактивті режимі, онда ол өзін қызықтыратын ақпаратты, оның жылдамдығы мен реттілігін өз бетінше таңдай алады.

7. Мотивация. Күшті мотивациялық құрал болып табылатын подкаст және стендап, оқиғаға толықтай ену әсерінен оқушыларға күшті эмоционалды әсер етеді. Когнитивті және эмоционалдық үйлесімділік қазақ тілін үйренуге деген қызығушылықты арттырады, оқу материалын есте сақтауға оң әсер етеді, оқудың тәрбиелік аспектісін арттырады.

8. Ыңғайлылық. Қолданылатын техникалық құралдардың кез келген уақытта ыңғайлы болуы (планшеттік компьютер, мультимедиялық ойнатқыш және т.б.), соның ішінде оқу орнынан тыс жерде аудиоға және видеоға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазақ тілдерін үйренуге арналған оқу подкасттарын құру бірқатар әдістемелік міндеттерді шешуге мүмкіндік береді, соның ішінде: қазақ тілін тыңдау арқылы түсіну қабілетін қалыптастыру, есту қабілеті мен дыбыстау дағдыларын жетілдіру, сөздік қорын кеңейту және байыту, лексикалық және грамматикалық дағдыларды қалыптастыру мен жетілдіру, сөйлеу және жазу дағдыларын дамыту.

Қорыта айтқанда, подкасттар мен стендап әңгімелері басқа ұлт өкілдеріне тілдік материалдың үлкен қорын қамтамасыз етеді, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады, оқу ақпаратын эмоционалды түрде түсіндіру арқылы мотивацияны арттырады. Қазақ тілін үйрену процесі қызықты және нәтижелі болады. Подкасттар қазақ тілін сабақта ғана емес, сабақтан тыс уақытта да үйренуге ынталандырады. Нәтижесінде, подкасттар мен стендап әңгімелері қазақ тілін оқыту үдерісіне міндетті түрде енгізілуі тиіс таптырмас инновациялық оқыту құралы деп айтсақ, артық айтпағанымыз болар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Соломатина, А. Г. Методика развития умений говорения и аудирования учащихся посредством учебных подкастов : дис. ... канд. пед. наук : 13.00.02 /
2.Соломатина А. Г. – Тамбов, 2011. – 158 с
3.Телегина, А. Т. Иноязычная коммуникативная деятельность – процесс активного взаимодействия на уровне межкультурной коммуникации, нацеленный на саморазвитие личности в профессиональной деятельности / А. Т. Телегина // Известия высших учебных заведений. Поволжский регион. Гуманитарные науки. – 2013. – № 4. – С. 253–263.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ

Қатысушы:Тоқтасын Қарақат, Нұрғабыл Балауса
Жетекшілері:Қасымқызы Жазира, Мырзабекова Жанар Журтыбековна
"А.Байтұрсынұлы атындағы №47 жалпы орта білім беретін мектебі" КММ

Бүгінгі күнде жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, әдеби мұрасын аялап, ардақтай білуге тәрбиелеу-басты міндеттердің бірі.

Ұлтымыздың ең ұлық мұраты - тәуелсіздік тұғырына қонғалы бері халқымыз кешкен тарихи оқиғаларға және сол ел шежіресін жасауда ерен еңбек еткен, жұртын өрге тартқан тарихи тұлғаларға ұлттық мүдде тұрғысынан баға беріле бастады. Соның табысты нәтижесі боларлықтай тарихымыздың тынысын бағамдарлық татымды шаруалар атқарылуда.

XX ғасырдағы қазақ зиялыларының көш басында тұрған қайраткерлердің бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. Қазақ тіл ғылымының, ағартушылық саласының бастауында тұрған ғалым. Алаш зиялыларының көсемі, тұңғыш қазақ тілтанушы ғалымы, ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Елі үшін көп еңбектенген, артында мол мұра қалдырған тұлғаның айтары мол. Кейінгі жас ұрпаққа шығармашылық үлгі-өнеге боларлықтай мұрасын қалдырды. Мұра - тек тарихи ескерткіштердің жиынтығы емес, өміршең өміріміздің жемісі. Рухани байлық жер көкірегінде емес, ел көкірегінде сақталуы тиіс. Тәуелсіздігіміздің белгісі рухани мәдениетіміз айқындайды. Осы орайда үнемі мәдени өркендеудің арқасында өркениетті елдер қатарына қосыла аламыз.

Зерттеу жұмысының мақсаты: А.Байтұрсынұлының музыкалық өнерін, ән мен күйін тереңірек танып, жас ұрпаққа насихаттау

Зерттеу жұмыстарының міндеттері: әлеуметтік сауалнама арқылы Ахметтің ән, күйлерін анықтау; А.Байтұрсынұлынкомпозиторлық қырынан танып, әндері мен күйлерімен танысу; көпшілікті таныстыру негізінде зерттеу нәтижелерін беру.Зерттеу жұмысын іске асырудың негізгі әдістері: Құжаттарды талдау; көпшілік әлеуметтік сауалнама, әлеуметтік статистика әдісі; баспа беттеріне мақалалар даярлау; тарихи мұражай орындарына бару; бейнетүсірілім әрі сұхбат жүргізу;

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Ахмет Байтұрсынұлының музыкалық өнер саласынан қалтырған еңбегін көпшілік біле бермейді. Көп әндері халық әндері боп кеткен. Ақын, зерттеуші, ағартушы ретінде ғана білетін адамдарға оның шығарған әндері мен күйлерін, термесін жан-жақты зерттей келе таныстыруды мақсат тұттық. Ахмет атаның ұрпақтары мен әндерін орындаушылармен кездесіп, сұхбат жасадық. Дәлелді пікірлер жинадық. Өзіміз оқитын Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 47 мектепте «Ахметтану» кабинетіні ашылды. «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ руаниятының көсемі» тақырыбында республикалық конференция ұйымдастырылды.

Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман тілегін мұң мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім ғылымғы, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады.

Ұлтымыздың ұлы тұлғаларының бірі Ахметтің қазақ үшін атқарған еңбегі зор, ұлт болашағы үшін қосқан үлесі көп. Атқарған жұмысы, жасаған еңбегі туралы айтылып та, жазылыпта жүр. Дегенмен әлі күнге дейін еленбей келе жатқан бір тақырып бар. Ол - Ахмет Байтұрсынұлының қазақ музыкасына қосқан үлесі. Қазір өнер зерттеушілері Ахметтің қазақ музыкасына қосқан үлесі ретінде А.Затаевичтің «Қазақ халқының мың әні» жинағына берген музыкалық туындыларды ғана айтумен келеді. Бірақ сазгерлігі жайында көп айта бермейді. Басқасын айтпағанда өзіміз тілге тиек еткен «Қазақ халқының 1000 әні» жинағында Ахмет жазып алынған 21 музыкалық туынды берілген.

Қостанай губерниясынан жазып алынғандары: "Әриайдай", "Күләйжан", "Тапсырдым бір құдайға", "Құбақан";Торғай уезінен жазып алынғандары: "Айда, былпым", "Тепеңкөк", "Есенжол жыршының әні", "Шырқау», «Дауыс», «Айхай, Ғазиза», «Жар-жар», «Кел-кел, екеуіміз-ай», «Көрұғлы», «Қаләйлім», «Мұқаның әні», «Биғаның әні», "Жыршының әні";

Семипалатинск губерниясынан жазып алынғаны: «Қарагөз», «Кәмшат бөрік»; «Кәрі қоңыр», «Жаяу Мұса әні».Ахметтің сөзімен айтылатын тағы бір ән Семипалатинск губерниясынан жазып алынған. Осы губернияның Павлодар уезі, Ақбеттау болысының 3- ауылынан Сәдуақасов Файз деген тілші жалпы саны 5 ән жазғызыпты. Олар: «Жеңеше», «Ақ көйлек», «Анама хат», «Тілек батам» және «Иманжүсіптің әні». Мұның ішінде «Тілек, батам» әнін А.Затаевич Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен айтылатынын атап көрсеткен.Тағы бір қызықты жай Сәдуақасов Файз берген «Ақ көйлек», «Анама хат» әндеріне қатысты болып отыр.Торғай өңірінде Ахметтің Семей түрмесіне қамалғанда жазған «Анама хат» өлеңі арнайы әуезді сазбен орындалып келген. Оны Ахметтің 125 жылдығына орай ұйымдастырылған «Ақжол» ғылыми-танымдық экспедициясы кезінде Байтұрсын Ілияс жазып алған. Экспедиция кезінде «Анама хатты» орындап берген Аккөлдің тумасы Жолдыбек Мұқанов. Жолдыбек мұны Бекболаттың Ахметі деген кісіден үйренген. Осы экспедиция барысында Жолдыбек Мұқанов, Әубек Сатыбалдыұлы, Байділдин

Қабдуахиттер Ахметтен қалған мұра ретінде «Анама хат», «Ахоу, достар» әнін жеткізген. Ахметтің көзін көрген Әубек Сатыбалдыұлынан сол жолы Ахметтің жұбайы Бәдрисафаға арнаған мына өлең жолдары да жазып алынған:

Ақ көйлек тозбайды екен кең болған соң,
Екі жас ойнайды екен тең болған соң.
Сырымды саған айтпай кімге айтамын,
Қасымда жан-жолдасым сен болған соң.

Торғай өңірінде Ахмет әні деп айтылған осы екі өлеңмен аттас музыкалық туындыларды Сәдуақасов Файздың Ахмет сөзіне жазылған «Тілек батам» әнімен қатар беруі де кездейсоқтық болмаса керек. Өкінішке қарай А.Затаевич кітабында берілген шығармалардың көпшілігінің тек нотасы ғана қағазға түскен. Сондықтан аталмыш әндердің мәтінін салыстыруға бізде мүмкіндік болмай отыр. А.Затаевич жинағында «Ақ көйлек» атты 3 ән берілген. Бірақ олардың атау бір болғанымен ноталық жағынан, бір-біріне жуыспайды.

Ахметтің музыкалық мұрасының ішінде ешқандай күмән тудырмай, ешқандай даусыз мойындалғаны «Арман» күйі. “Арман” күйін тыңдаған адам запыранды замандағы кіреуке тартып, кірбің шалған көңілдің өкінішін, ойындағысына қолы жетпеген жанның шер-наласын ұғынғандай болады. Бұл төкпе күй қалыбында шығарылғанымен, болмыс-бітімі адамның жан дүниесіне шым-шымдап тарап, тамыр жаятын терең сезімге құрылған, өзінің нәзік әуезділігімен ерекшеленетін, лирикалық сарыны бар күй.

Ахметтің «Ілме» күйі Қаратау өлкесінде Сүгір Әлиұлы есімді күйшінің туындысы дейді. Десе де соңғы жылдары халық арасында «бұл Ахметтің күйі» деген әңгімені естіп жүрміз. Оған дәлел мынау екен: күйді бізге жеткізген Жаппас Қаламбаев есімді өнерпаз Алаш қайраткерлерімен тығыз байланыста болған. Халық жауы атанып, есімін атауға болмайтындықтан өз ұстазы Сүгірдің күйі деп айтып жүрді. Бірақ күйдің құрылымына қарап, ел ауызында жүрген әңгімені естігендер «Ілме» Ахметтікі дейді.

Бұл күнде Ахмет ән шығарған жоқ, Ахаңның сазгерлік қабілеті болмады, ол тек әндерді жеткізуші ғана еді деген пікірлер кездесіп жатады. Біз жоғарыда келтірген мысалдар Ахметтің сазгерлігінің айғағы болады деген ойдамыз. Қолда бар деректерді ұсынғанымызда бұра тартқан жеріміз жоқ. Барынша әділін айтуға

тырыстық. Шындығына келсек, Ахмет Байтұрсынұлы жеткізген әндер, Ахаңның сөзіне шығарылған әуездер, оның өзінің авторлық ән-күйлері Алаш арысының қазақ музыка мәдениетінде елемей кетер жан еместігін көрсетеді. Болашақта өнер зертеушілері назар салып жатса, бұл тақырыпта әлі де көптеген жұмыстар атқаруға болады деген сенімдеміз.

Мектеп оқулықтарында енгізілген Ахмет шығармалары

Сыныптар	**Ахмет Байтұрсынұлының шығармалары**
1-сынып. Әліппе. Ана тілі	Әліппенің кіріспе сөзінде Ахмет туралы қысқаша мәлімет берілген
2 –сынып. Әдебиеттік оқу	«Ата насихаты» әңгімесі
3 –сынып. Әдебиеттік оқу	«Оқуға шақыру» өлеңі
4 –сынып. Әдебиеттік оқу	-
5 –сынып. Қазақ әдебиеті	«Егіннің бастары» мысалы мен «Адамдық диханшысы» өлеңі
6 –сынып.Қазақ әдебиеті	-
7 –сынып. Қазақ әдеби	-
8 –сынып. Қазақ әдебиеті	-
9 –сынып. Қазақ әдебиеті	-
10 –сынып. Қазақ әдебиеті	
11 –сынып. Қазақ әдебиеті	-

Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларынан тек қана 1, 2, 3, 5- сыныптардың оқулықтарына енгізілген. Бұдан мектеп оқушыларына Ахмет шығармашылығымен танысуда мәліметтің жеткіліксіздігі байқалады. Оның өзінде Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығынан мәліметтер жоқтың қасы. Ахметтің өзі шығарған әндері мен күйлері туралы мектеп оқулықтарына енбегенін былай қойғанда кітапханадағы Ахмет Байтұрсынұлына арналған кітаптарда да мәліметтер де өте аз. Осы жобамызда көпшіліктің Ахметтің композиторлық қыры туралы білетін, білмейтін анықтау мақсатында жүрдек сауалнама алу қажеттілігі туындады.

Республикамызда Ахметтің әндерін Майра Ілиясова, Клара Төленбаева, Перизат Тұрарова, Ардақ Исатаева, Думан Несіпбаев, Мейрамбек Бесбаев, т.б. әншілер орындап жүр.

Ахметтің әндерін орындаушыларды іздеп, М.Төлебаев атындағы музыка колледжіне, Абай театрына, Семей қалалық мәдениет сарайына бардық. Семей қалалық мәдениет сарайындағы дәстүрлі орындаушылардың арасында Бауыржанов Айдан Бауыржанұлы ғана орындайтындығын білдік. Айдан Бауыржанұлы іс- сапарда жүргендіктеп ZOOM арқылы шығып, әңгімелесіп, көп мәліметтер алдық. Айдан Бауыржанұлының орындауынан «Аққум», «Екі жирен» әндерін тыңдадық.

Ахмет Байтұрсынұлының музыкалық өнеріне арнап құрастырған кітапшаларымыз: "Ахмет Байтұрсынұлының өзі шығарып, өзі орындаған әндері тақырыбымен және "Ұлттың ұлы ұстазы - Ахмет Байтұрсынұлы" кітапшасы мен "Ұлы Ұстаздың ұлағат сөздері" кітапшасын құрастырдық.

Қостанай қаласынан «Ахаң жүріп өткен жолмен» экспедициясының мүшелері, ақын, журналист Абылай Фазылханұлы Мауданов пен Қостанай қаласы Жангелді ауданының құрметті азаматы, ахметтанушы, өлкетанушы, Ахметтің ұрпағы Ибрахим Ағытайұлына хабарласып, ақыл-кеңес алып тұрдық.

Қорыта келе, жас буындарымызды мектеп табалдырығынан бастап, ұлттық – тәлім тәрбие беруде Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларының маңызы өте зор екендігіне көз жеткізе отырып мынандай тұжырымдарды ұсынамыз:

- Мектеп бағдарламасына Ахмет шығармаларын енгізу;
- Бұрынғы өткен бабаларымыздың мәдени – рухани мұрасындағы мол мұраны тәрбие көзі ретінде пайдалану және жастарымыздың бойына сіңіру;
- Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларын отбасы, мектеп, оқушылар болып оқып, "Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдерін мәнерлеп оқу" жарысын ұйымдастыру.
- Ұлттық тәрбие көздерін баспасөз құралдары арқылы насихаттау және жүзеге асыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдиманұлы Ө. шығармалары 2том 232 ,252,260 бб
2. Байтұрсынұлы А. 175,177,178 бб
3. Байтұрсынов А. Ақ жол 4,5 бб
4. Байтұрсынов шығармалары 1 том 11б

ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ –АБАЙ МҰРАЖАЙЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Қатысушы: Ернарқызы Нұрай
Жетекшісі: Узбекова Маржангуль Касымбаевна
« № 19 жалпы орта білім беретін мектеп » КММ Семей қаласы

Қайым Мұхамедханов – ғұлама ғалым, абайтану ғылымының негізін қалаушы, шәкәрімтанушы, алаштанушы, текстолог, ұстаз, ақын, жазушы, драматург, әдеби аудармашы, қоғам қайраткері абайтануды ғылыми негіздеуші, Семейде Абай мұражайын ұйымдастырушы, ұлы ақынның әдеби мұрасын бізге жеткізу, таныту үшін тер төккен ғалым.

Қ.Мұхамедхановтың Абай мұражайын негіздеу, нығайту, толықтыру ісіне аса мол үлес қосқаны мәлім. Ол туралы тарихи-әдеби мұражайдың директоры болған жазушы, сыншы Төкен Ибрагимов: «Мұражайдағы әрбір мүлік Қайым аға жайында сыр шерте алады. Қакең мұражайдың әкесі болды», - дейді.

1940 жылы ашылған мұражайға Қайым бірден көңіл бөліп, жұмысына белсене араласты. Абайға, оның төңірегіндегі адамдарға қатысты нәрселерді және суреттерді жинастырып, аса құнды мүліктерді мұражайға өткізді. Мысалы, Абай мен балаларының 1896 жылы бірге түскен фото-суретін тауып, мұражайға 1941 жылы табыс еткен. Абай қайтыс болғаннан кейін отыз алты жылдан соң ашылған мұражайды жабдықтау жұмысының игілігін Қайым аға еңбегінсіз көзге елестету мүмкін емес.

40-жылдары Абай мовзолейін салдыртқан да, Жидебай қыстауындағы құрылыстарды қалпына келтіріп, онда ескерткіш тақта орнаттырған да –Қайым Мұхамедханов. Оның республика және Ғылым академиясы басшыларына хат

жазып, Абайды есте қалдыру шаралары ақынға ескерткіш орнатумен, салтанатты жиын – тоймен шектеліп қалмауы тиіс, Пушкинге, Лермонтовқа, Толстойға, Чеховке... арналғандай мұражай-үй және кең қанатты ескерткіш кешен салу керек деген ұсыныс-құжаттары сақтаулы. Ендеше, Қайым Мұхамедхановтың Абай мұражайының негізін қалап, Абай мұрасын келешек ұрпаққа жеткізуші екені жұмыстың өзектілігі.

Жұмыстың мақсаты мен міндеті.

Ғылыми жұмыстың негізгі мақсаты – Қайым Мұхамедхановтың Абай мұражайының негізін қалаудағы еңбегін дәлелдеу.

Міндеті– Қ.Мұхамедхановтың жинақтаған мұрағаттарын оқырмандарға насихаттап, тарату

Зерттеудің нысаны

Абай мұражайының жәдігерлері

Гипотезасы

Жұмысты мектеп бағдарламасы бойынша, жоғарғы оқу орындарында Қ.Мұхамедханов шығармашылығын өткенде, мектеп оқушыларына тәрбиелік іс-шаралар өткенде дидактикалық құрал ретінде пайдалануға болады.

Қайым Мұхамедханов – қазақ халқының мұрасын жинаушы және сақтаушы.

Қайым Мұхамедханов – абайтануды ғылыми негіздеуші, Семейде Абай мұражайын ұйымдастырушы, ұлы ақынның әдеби мұрасын бізге жеткізу, таныту үшін тер төккен ғалым.

Абайдың Семей қаласындағы мұражайын 1947 жылы Қазақстан ғылым академиясының құзырына қаратып, академия президенті академик Қаныш Сәтбаев мұражай директорлығына Қайым Мұхамедханұлын тағайындады.

Қ. Мұхамедхановтың Абай мұражайын негіздеу, нығайту, толықтыру ісіне аса мол үлес қосқаны мәлім. Ол туралы тарихи әдеби мұражайдың директоры болған жазушы, сыншы Төкен Ибрагимов: «Мұражайдағы әрбір мүлік Қайым аға жайында сыр шерте алады. Кәкең мұражайдың әкесі болды», - дейді. [1,266-бет]

1940 жылы ашылған мұражайға Қайым бірден көңіл бөліп, жұмысына белсене араласты. Абайға, оның төңірегіндегі адамдарға қатысты нәрселерді және суреттерді жинастырып, аса құнды мүліктерді мұражайға өткізді. Мысалы, Абай мен балаларының 1896 жылы бірге түскен фото-суретін тауып, мұражайға 1941 жылы табыс еткен. Абай қайтыс болғаннан кейін отыз алты жылдан соң ашылған мұражайды жабдықтау жұмысының игілігін Қайым аға еңбегінсіз көзге елестету мүмкін емес.

Ғалым өзі жинаған құнды материалдарға түсініктеме беріп, мұрағаттарға, мұражайларға, кітапханаларға тапсырды.

Абай мұражайы құрылған алғашқы күннен бастап Мұхтар Әуезов ойлағандай Ресейдегі ең таңдаулы музейлер сияқты әдеби-мемориалдық мұражай қызметін атқарды. Көп ұзамай алғашқы мұражай еліміздің ғылыми және мәдени орталығына айналды, мұнда адамдар келді. Мұражай ашылғанға дейін және оның барлық уақытында оның құрылуына барлық практикалық дайындық жұмыстарын М.Әуезовтің шәкірті – Қайым Мұхамедханов жүргізді. Бұл сауалнама, жинақтау, танымдық, экскурсиялық және ғылыми жұмыс.

1951 жылғы қуғын-сүргін оны бұл жұмыстан шығарып тастады, бірнеше жылдар бойы мұражаймен жанды байланысын үзді.

Ал ол Карлагтан оралған соң, қайтадан осы жұмысқа толықтай үңілді. Мұражайды ұзақ жылдар басқарған Төкен Ибрагимов: «Қайымның мұражайға келмеген, телефон соқпаған күні болған жоқ», – деп еске алады. Ол мұражай қорын қолжазбалармен, кітаптармен, фотосуреттермен байыта берді. Мұражай жанынан «Абай университетіне» айналған музей базасында халыққа дәріс оқып, Қайым осы университеттің өмірлік ректоры болып сайланды. «Музейдегі әрбір зат, әрбір жәдігер, әрбір қолжазба Қайым есімімен байланысты», – деп еске алды мұражай директоры Т. Ибрагимов.[2, 268-бет]

24 жастағы Қайым алғашқы күннен бастап аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істеп, Әуезовтің тапсырмасы бойынша барлық мұражай жұмысын өзі атқарды. 1940 жылы «Советтік Қазақстан» бейне хроникасы Абай мұражайында Қайым бастаған халыққа арналған тұңғыш экскурсияны түсіріп алды.

Соғыс кезінде мұражайға орыс зиялысы Борис Акерман келді. Олар бірге барлық мұражай жұмысын атқарды. Ал 1947 жылы Қайым директор болып тағайындалғанда Б.Акерман ғылыми хатшы болды.

Абай ауылынан мұражайға түскен заттардың ішінен, қазір экспозицияда тұрған, оюлы сүйек қақталған әдемі кішкене кебеже жиырмасыншы жылдардың аяғында Қазақстан астанасында көрмеде көрсетіліп, қайтадан Семей музейіне әкелінген. Сол жылы астана шеберлері, XIX ғасырдың аяғында Абай ауылынан келген кебежені өздерінің қолөнерінен шыққан деп, көрушілердің көзін бояған. Кебеженің іші-тысын қызыл жібекпен, барқытпен сәндеп, сыртына Алматы шеберлерінің қолынан шыққан деген жалған ұғым беретін сөз жазған.

Мұражайда тұрған әрбір экспонаттың қайдан, қашан, кімнен алынғаны, қай замандікі екені туралы толық тарихы жазылмаса, ол жәдігердің ғылыми құндылығы да төмендейді.

Сексен жыл өмір сүріп отырған, Қазақстандағы тұңғыш мәдени-ағарту мекемелерінің бірі – Семей облыстық мұражай тарихын таза сақтау қажет.

Мұражай 1893 жылы бастауыш білім беру ісіне қамқорлық жасау үшін құрылған қоғамның қарамағына көшеді. Абай екі баласымен Ақылбай, Мағауия осы қоғамға толық мүше болып кіріп үшеуі де мүшелік жарна төлеп тұрған.

Абайдың ағартушы дегенде, ақынның халықты өнер-білімге шақырған өлеңдерін, насихат сөздерін ғана айтып жүрміз. Абайдың мұражай құруға белсене қатысқанын, статистика комитетінің және бастауыш білім беру ісіне қамқорлық жасайтын қоғамның толық мүшесі болып, ол ұйымдардың жұмысына араласқанын анықтап, зерттеп еске алғанда ағартушы – Абайдың іс жүзіне еткен еңбегін айқын көретінімізді айтып кеткен де Қайым Мұхамедханов болған еді . [7,19]

Бүгінгі күнде Абай мұражайында қымызпіспек, кесеқап (ағаш қабығынан тоқылған), ет табақ, тері торсық, кісе белбеу, сандықша (ағаш, сүйек), Абайдың тұмар домбырасы (көшірме), асатаяқ (ағаш, металл, әшекей тастар), ер (ағаш, металл, қайыс), сыбызғы (қурай), құты, айбалта, шоқпар тұр.

Қайым аға өмірден өткенінше мұражайдың шын жанашыры болды. Мұражайдың әр жылдардағы мұрағат деректерін қарап отырсақ, Қайым Мұхамедханов арқылы музей қорына тапсырылған құнды дүниелер өте көп.

Қайым Мұхамедханов – нағыз ұлт жанашыры. Абай мұражайының негізін қалау, оған экспонаттар жинау, оны ғылым тұрғысында негіздеу, қоғамдағы әділетсіздіктерге төтеп беру әркімнің қолынан келе бермес еді.

Ғылыми ақиқат пен тарихи шындыққа, адамдық және азаматтық наным-сенімге адалдықтың мұндай үлгісін, ұлтжандылықты ғалым бізге үлгі етті. Бұл – ғалымның биік руханиятының үлгісі, нағыз ғалым болу – шындықты іздеу, ашу деген сөз, ең бастысы – ешкімнен қорықпай шындықты қорғауға адами және азаматтық батылдық қажет. Шындыққа қызмет ету – халыққа қызмет ету.

Қайым Мұхамедхановтың абайтану ғылымына, Абайдың ақын шәкірттері мұраларының зерттелуіне қосқан үлесі ұшан-теңіз. Сондай-ақ, ғалымның қоғамдық қызметтері де ғалымдық қарым-құлашының кеңдігін даралайды. Соның бірі – 1940 жылы Семей қаласында Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайын ұйымдастырудағы ғалымның еңбектері. М.Әуезовтің тікелей араласуымен ашылған мұражайдың ұйымдастырылу, қалыптасу ісіне Абайдың өз тәрбиесінде болған немере інісі Әрхам Кәкітайулы мен Қайым Мұхамедханов белсене араласады. Бүгінде кемерленіп қанатын кеңге жайған мұражайдағы экспонаттар мен ұлы ақын жайындағы естеліктер, қолжазбалардың жиналуына Қ.Мұхамедханов мол еңбек сіңірді. Облыстық мұрағатта сақталған Абай мұражайының 1940 жылдардағы жоспары мен есебінің басым көпшілігінде мұражайдың аға ғылыми қызметкері Қайым Мухамедханов есімі көрсетілген.Қайым Мұхамедханов 1940 жылы Семейде Абайдың тұңғыш мемлекеттік мұражайын құрды.Өз елі үшін жасаған ерен еңбегі жағынан Қайым Мұхамедхановты Ресейдің Дмитрий Лихачев, Лев Гумилев, Сергей Михалков сияқты ұлы тұлғаларымен салыстыруға болады. Балалар жазушысы Сергей Михалков КСРО Гимнінің мәтінінің авторы ретінде ерекше құрметке ие болды, ал Қайым Мұхамедханов – Қаз ССР Гимнінің авторы. Дмитрий Лихачев мәтіндік талдау әдісін қолдана отырып, орыс мәдениетінің көптеген ескерткіштерін сақтап қалды, ал Қайым Мұхамедханов мәтіндік талдау арқылы халқымыздың мәдениетінің тұтас қабаттарын сақтап қалды. Ұлы ғалым түрколог Лев Гумилев өзінің ғылыми идеялары үшін бас тартпаған ГУЛАГ пен КАРЛАГ тұтқынына айналса, Қайым Мұхамедханов Абай мектебінен, ғылыми сенімінен бас тартқан жоқ, сол үшін лагерьде 25 жылға сотталған, шын мәнінде бұл өлім жазасы. Ендеше, Абайдан қалған мұраларды зерделегенде Қайым атамыздың еңбегі көрінері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қ.Мұхамедханов «Алаш мұрасы» 10- том // Алматы, «Ел-шежіре» 2012
2. «Абайдың мемлекттік қорық мұражайының жәдігерлері» №1 кітап Семей, 2010 жыл
3. Мұхамедханов Қ. «Абайдың ақын шәкірттері» //Алматы, Дәуір, 1992 жыл
4. Мұхамедханов Қ. Абай мұражайы қорынан, 1963 жыл

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТОПОНИМИКАЛЫҚ АТАУЛАР. ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ

Қатысушы: Құбатаева Әсел Ринатқызы
Жетекшісі: Советова Гульдана Бакытбековна
«№ 48 жалпы білім беретін мектебі» КММ Семей қаласы

Тіл білімінің барлық саласы сияқты топонимика да – қалыптасқан жүйе. Жүйе болған соң, топонимдерді типтендіруге, сол арқылы топонимжасам модельдерін жасауға мүмкіндіктер бар. Жұмыстың негізгі зерттеу нысанына Қазақстанның әртүрлі карталарында, топонимикалық сөздіктерде ресми түрде тіркелген (славян тілді атаулардан басқа) біршама тұтас қамтылған топонимдер жүйесі жатады. Ал мақсаты тілімізде бар сөзжасам, терминжасам модельдері сияқты, ғасырлар бойы қалыптасқан түркі (қазақ) топонимдерінің ұлттық сөзжасамдық типтерін айқындап алу және сол типтерге сүйеніп, туындап отырған қажеттілікке байланысты, тың топонимдер жасаудың үлгілерін көрсету болып табылады.

Өзімнің зерттеу жобамда қарастыратыным, тіліміздегі туынды сөздер тәрізді топонимдер де бірігу тәсілі арқылы күрделі атауларға айналуы мен күрделі топонимдердің кейінгі сатысының жемісі және олар түбір (бір негізді) топонимдер арқылы жасалуы жайында. Топонимтанушылар мен ғалымдардың барлығы дерлік түркі топонимиясында біріккен атаулардың мол кездесетінін ескеріп, негізгі топонимжасам типіне жатқызады және мен бұл деректермен толықтай қосылатындығымды айта кетейін. О.Т. Молчанова Таулы Алтай өлкесінің топокеңістігін саралай келіп, «көп жағдайда түркі географиялық атаулары екі негізді болып келеді»[1,102] деп айтқан пікіріне сәйкес, біз екі не үш сөздің мағыналары бірігіп, күрделі жаңа бір мағына туғызатыны топонимжасамда туынды жаңа бір топонимдер жасайтындығын тұжырымдаймыз.Мысалы, сары (түс) + өзек = Сарыөзек, екі (сан) +бас (адам мүшесі) +тұз (зат есім) – Екібастұз деген күрделі топонимдері туындайды. Аталған топонимдердің мағынасы жоғалып кетпейді, керісінше өз мағыналық үлестерін қоса отырып, жаңа мағына тудыруға бірдей дәрежеде атсалысатындығын мен келтіріп өткен мысалдардан байқауға болады. Келесідей сын есім + зат есім үлгісі бойынша сөздердің бірігуі сөзжасамның өзінде ең өнімді тәсілі болып саналатындығын да білуіміз шарт. Мұнда топонимдер көбінесе қарап тұрсақ, екі немесе одан да көп түбірлердің бірігуі арқылы мағынасы, тұлғасы жағынан біртұтас туынды атау пайда болады және оның мағынасы құрамындағы компоненттерінің мағынасы арқылы уәжделетіндігін тұжырымдай аламын. Жоғарыда атап өткен барлық атауларға мысал, қазақ тілінде: Ақжар < ақ +жар < сын есім мен зат есімнің бірігуі арқылы < мағынасы < «топырағы ақ түсті жар». Түрік тілінде: Karadeniz < kara + deniz < сын есім мен зат есімнің бірігуі арқылы < мағынасы < «парсы тілінде «ах-шайна» қара-көк немесе қараңғы ұғымында» қолданылады. Сын есім + зат есім үлгісі анықтауыш (географиялық термин) макро үлгісінің құрамына жататыны түсінікті, яғни бұл төмендегі суретте толық көрсетілген:

Менің зерттеуімше, түр-түсті білдіретін сын есімдер (негізінен сапалық сын есімдер) жер-су аттарын жасауға өте белсене қатысады. Түр-түске байланысты туындаған топонимдер туралы аз жазылған жоқ. Олардың көп мағыналығын да жан-жақты талдап өттім. Алайда ең бірінші мағынасы - түр-түсті білдіруі де, қалғандары соның негізінен тарайтын ауыспалы мағыналар болып табылатындығында. Неге десеңіз? Себебі адам баласы дүниені естіп, тани бастағаннан-ақ түр-түсті ажырата білгені бәрімізге аян. Топонимжасамда да тура солай қазақ және түрік тілдерінде сын есімнің жиі кездесетіні екі түрлі жағдайға байланысты, олар: алғашқысы, сын есімдер жеке тұрғанда толық мағына бере алмайтындықтан, міндетті түрде келесі бір сөзге тіркесуге міндетті болып тұрады (көбінесе сын есім зат есімге тіркеседі); екіншісі, географиялық нысандарды бір-бірінен ажыратуда олардың түр-түсі ерекше белгі ретінде екендігін толықтай тұжырымдаймын. [2,230-345].Зерттеу барсында, ең қызығы: топонимжасам тарихында жұмбақ жағдайлар да кездесіп тұратындығы. Мысалы, Кеsгір, Кеңгір гидронимі жайында дереккөздерге сүйене отырсақ, Кангар - Кеңгір, мұндағы кан / канг/ганга «өзен, су» + ір ,ар, ер «өзен, су» көне тұлғаларынан жасалған» деген пікірді мен де дұрыс деп санаймын және тұжырымдаймын [3,91-92]. Сонымен қатар, қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы тұрғысынан келсек, «Кеңгір» атауына біраз үңілсек, бұл атау есім сөзден етістік тудыратын жұрнақтар, яғни -қыр, -кір, - ғыр арқылы жасалуы да әбден мүмкін, неге десек? Мысалы: кең+гір «кеңей, кеңейе беру» етістігін жасауы бізге сол мәліметті растауға дәлел бола алады. Егер де, лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдердің типтік модельдеріне сүйенсек, бұл Кеңгір атауы «арнасын үнемі кеңейте беретін, кең арналы өзен мағынасында» тұрғандығын осы айтылған мысалдан байқаймыз. Бұл мағынаның басқа тілде көрініс табуын келесі мысалдардан көре аламыз, мысалы көне түркі тілінде «кеңрү, кеңүрү» - «кең, еркін», монғол тілінде : хэнхгэр «кеңкиген, кеңкек», тұңғыс-мәнжүр тілінде: кэңгери «кең», «малдың төсі» деген мағынаның осы күнге дейін ажырамай, ауыспақ әбден сақталып келгенін байқауға болады. Мысалы түрік тілінде Sengir (İki dağ arasındaki sırt - екі таудың арасындағы шығыңқы жер) қазақ тіліндегі географиялық атауда өте жиі кездесуі, екі тілдінде ұқсастығын, екі тілдің де ортақ екеніне толық дәлел бола алады. Мысалы, Қарағанды облысының Ұлытау ауданында Кеңгір өзенінің Қаракеңгір, Сарыкеңгір аталатын тармақтары ежелден белгілі, оларды кез келген тарихи

әдебиеттерден кездестіре аламыз. Жоғарыда талдап отырған, Кеңгір атауын ежелден Кегар, Кангар тұлғаларында айтылып, кейінгі соңғы кезде жергілікті тұрғындардың тілдерінің айтылуына сай біраз қазақ және түрік тілінің дыбыстық өзгерістеріне ұшырап, Кеңгір тұлғасында қалыптасқанын айтып өтуіміз керек. Тек қазақ, түрік, моңғол тілі ғана емес, корей тілінде де бұл атау белгілі бір мағына беретіндігін келесі мысалда дәлелдеймін. Мысалы корей ғалымы Ким Чер Леннің өзінің дәлелі бойынша, Кеңгір, Қаракеңгір, Сарыкеңгір, Кангар атауларында, яғни кездесетін кан атауы - «өзен» сөзіне тікелей қатысты деп айтады [4,146-149].

Мысалы, қазақ және түрік тілдеріндегі тау, төбе, жота, шоқы, қырат, шатқал, жыра, аңғар атаулары топонимжасамда өте бай және әрқашан қолданыста жүретіндігін зерттеушілердің еңбектері мен карталардан байқауымызға болады. Осы сөздерді бірнеше семантикалық топтарға бөле аламыз, олар: - жалпы адам мен жануарларға қатысты топонимдер: Айғыржал, Балашоқы, Итжон (тау), Келіншектас (тау), Тышқанқұм (құм); түрік тілінде (оқылуы бойынша жазылған): Мехметбайобас, Ахметдаги, Ахметпинары, Мехметага, Ахметбейлер, Мехметалан, Карамехмет, Ахметтепеси, Ахметьери, Мехметчавуш. Келесі семантикалық топ: адам мен жануарлардың дене мүшелеріне қатысты келеді: Түлкібас (төбе), Қабақ (төбе), Мұрын (тау), Тұмсық , Мойынқұм , Кіндіктас, Бауыр, Бүйрек, Қарын, Жамбас және де ең ұтымды семантикалық топқа тұрғын үй, күнделікті қолданыстағы үй заттарға ұқсатулар жатады: Асутөр , Бесік, Босаға, Керегежал, Қақпақ , Құлақшын, ал түрік тілінде: Бел, Белен, Беленалан, Беленхан, Беленкей, Деребахче, Дерекую, Дерекова, Дереяйла, Пинарбаши, Субаши, Дагадиби, Гедик, Чаменю, Чамарди және іс-қимыл, қозғалысты білдіретін сөздер қатысады, олар: Адамшықпас, Балажетпес, Биесыймас, Бұққан, Демікпе, Жабық , Оқжетпес, Талмас. Сонымен қатар, ертегі, аңыз әңгіме, мифологиялық бейнелі атауларда кездесіп жатады: Әулие, Әулиетебе, Әулиешоқы, Шайтансай және тағыда басқалары.

Мен түрік тілінде топонимдер жасау үшін АҚ (Ақ), ала (ала), Бейаз (ақ), Боз (Боз), Чакир (сұр көк), Гек (Көк), Қара (Қара), Кир (сұр, бозғылт), қызыл (қызыл), қызыл (қызыл), Мави (көк), күлгін (күлгін), қызғылт (қызғылт), сары (сары), қара (қара), жасыл (жасыл) сияқты он жеті түсті қолданады деген қорытындыға келдім. Олардың ішінде АК (ақ), Гөк (көк), қара (қара), сары (сары) сөздері жиі қолданылады. Түрік тілінде төрт жүз отыз алты (қара) сөзден, үш жүзге жақын (ақ) сөзден, жүз отыз жеті (көк) сөзден және тоқсан бір (сары) сөзден тұратын топонимдерді таба және кездестіре аласыз. Топоним жасауда ең ұтымды топоним жасау жолы : -лы /-лі,-ды/-ді,-ты/-ті зат есімнен - сын есім тудырушы жұрнағы арқылы **:** Бақты, Бұғылы, Егінді, Жосалы,Қарағайлы, Қайыңды, Қоянды, Теректі, Арқарлы, Асулы, Шиелі, Алмалы, Аюлы, Майлы, Жосалы, Білеуті,Талды атаулар жасалса , ал түрік тілінде зат есімнен сын есім тудырушы жұрнақ ретінде ұтымдысы: -lı /li екі тілдің де, географиялық

атауларында кездеседі. Топонимдер сөзжасамның негізгі тәсілі жұрнақ арқылы жасалады: қазақ топонимдерінде кездесетін Ақтасты, Көкпекті, Қарағанды, Бұланты, Алматы, Балықты топонимдерін жасауда **-ды/-ді, -ты/-ті сөз тудырушы** жұрнақтары ең өнімді болып саналса, түрік тілінде: **Ayuvlı (Ayılı), Börili (Börülü), Kaskırlı (Kurtlu), Tülkili (Tilkili) -лы/-лі, сөз тудырушы жұрнақтары** ең өнімді болып саналатындығын жоғарғы мысалдармен тұжырымдаймын.

Зерттеу барысында екі тілде салыстырмалар жүргізу мен үшін өте қызықты болды деп айта аламын. Жалпы ономастика, оныс ішінде топонимика ғылымы ешқашан солмайтын, ешқашан өлмейтін, ешқашан өз мәндігілін жоғалтпайтын ғылым саласы деп толық айта аламын. Бізге дейін ежелгі ғасырларды зерттеліп, өңделіп келген жер-су атаулары бізден кейінде өз зерттеуін жоғалтпайтыны сөзсіз.

Екі тілде зерттеу жасау барысында қазақ және түрік тілдерінің өте қатты ұқсас тіл екендігіне одан сайын көзім жетті. Ендігі кезек, зерттеу жұмысымда атқарылған жұмыстарға тоқтала кетсем:

- топонимдердің сөзжасамдық мәселелері алғаш рет жүйелі түрде сөзжасам заңдылықтары негізінде салыстырылды;
- топонимдердің көне түркілік аспектілері алғаш рет анықталды;
- топонимдер сөзжасамның негізгі үш тәсіл арқылы жасалатындығы, оның ішінде топонимжасамға тән күрделендіру тәсілі (біріккен, кіріккен, қос сөзді, сөз тіркесті) өнімді қолданылатындығы алғаш рет дәлелденді;
- топонимдердің ортақ белгілері мен айырмашылықтары алғаш рет осы жұмыста жүйеленіп жазылды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Молчанова О.Т. Топонимический словарь Горного Алтая. Горно Алтайское отделение алтайского книжного издательства, 1979. – 397 стр

2.Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 бет.

3.Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. Москва: Наука, 1965.

4.Ким Чер Лен. Гидронимический ареал-кан в Средней Сибирии // Топонимика Востока. Новые иследования. М.1964.

АЛАШ ТҰЛҒАЛАРЫ АУДАРҒАН ШЕТЕЛ ӘДЕБИЕТІ

Қатысушы:Амангелдинова Ләззат Бауыржанқызы
Жетекшісі: Берикханова Бағым Назархановна
«Семей қаласының № 6 гимназиясы» КММ

Бұл тақырыпты таңдаудағы себебіміз, алаш тұлғаларына деген құрметіміз және ол тұлғалардың кейінгі ұрпаққа жасап кеткен игі істері еді. Сонымен қатар шетел әдебиетін қазақ тілінде сөйлететін шығармаларға деген ерекше қызығушылығымыздан болды. Бұл тұлғалар қазақ халқы үшін өмірлерін сарп еткен, тәуелсіздіктің құрбандары болды. Алаш тұлғаларының ең бірінші мақсаты

елдің қамы еді, келер ұрпағының болашағы еді. Бізден кейінгі қазақтың ұлқыздары көздері ашық, көкіректері ояу болсын, ұлтын, дінін, ділін, тілін сақтап қалсын деген армамен өмір сүрген жандар болған.

Ғылыми жобаны жазу барысында ең алдымен алаш тұлғалары жайлы көптеген еңбектермен таныстық. Ақпараттарды әр түрлі кітапхана көздерінен, интернет желісі арқылы электронды архивтерден іздестіріп жинақтадық. Одан бөлек архивтан түпкі нұсқалармен жұмыс жасау сияқты күрделі жұмыстарды жетекшімізбен бірге атқардық. Дәл қазіргі біздің заманда өзіміздің ата-бабамыздың қалдырып кеткен мұраларын зерттеу өте маңызды болып тұр. Өйткені күнделікті көріп жүргеніміздей көптеген жас буын теріс жолға еліктеп барады. Ал бұның арты неге апарып соғатыны бәрімізге мәлім. Ата-ананы сыйламау, елге, жерге деген махаббаттың әлсіреуі, жалпы адами құндылықтардың азайып, интернет желісіндегі қажетсіз сайттар мен ойындарға деген тәуелділік осы айтылғандардың барлығына, біздің ұлттың ата-баба дәстүрінен ажырап, айтулы тұлғаларымыздың еңбектерімен танысудан ажырап бара жатқандығы себеп деп ойлаймыз.

Зерттеу нысаны: Алаш тұлғалары және олардың аударған шетел әдебиеттері.

Зерттеудің мақсаты: Алаш тұлғаларын және олардың аударған шетел әдебиеттерін оқу, зерттеу, архивтен түпнұсқасын тауып, латын қаріпінен кириллица қаріпіне көшіру жұмыстарын жүргізу.

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Алаш тұлғаларын зерттеу, аударған шетел әдебиеттерін оқу және насихаттау, түпнұсқадан кириллицаға өзгерту және осы арқылы ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу зерттеу жұмыстың өзектілігі болып табылады.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- Алаш тұлғалары жайлы мәліметтерді іздестіру;
- Табылған ақпараттармен танысу және талдау;
- Алаш тұлғаларының аудармаларымен танысу, оларды оқып шығу.
- Латын қаріпімен танысу, үйрену;
- Электронды архивке түсіп, түпнұсқасымен жұмыс жасау;
- Алынған нәтижелерді сараптау, салыстыру;
- Сарапталған нәтижелерді қорытындылап, өнім жасап шығару.

Гипотеза: ХХ ғасырдың басындағы елдегі аласапыран қиын кезеңде халықтың қамын ойлаған алаш тұлғалары қандай қиын кезең болса да қазақ ұлтының болашағы үшін шетел әдебиеттерімен де айналысқандығын архив деректері бойынша нақты мәліметтермен және олардың аударған шығармаларын көрсету арқылы дәлелдеу.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері: сауалнама, сұхбат, сараптау, жалпылау, талдау, салыстыру, ойқорыту, жинақтау**.**

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы: Зерттеу барысында алынған нәтижелерді қазақ тілі мен әдебиеті, шетел әдебиеті, аударма ісі, тарих, этнопедагогика, өлкетану сабақтары мен тәрбие сағаттарында қолдануға болады.

Жұмыс нәтижелері мен қорытындылары: Джек Лондонның «Киш туралы аңыз» шығармасының латын қаріпінен кириллицаға көшіру жұмыстарын ұсыну.

Қазақ тәржіме ісінің шежіресіне көз жүгірткенде, әлемдік әдебиет жауһарларын қазақ тілінде сөйлеткен Абайдан бастап, одан берідегі алаш ардақтылары Әлихан Бөкейхановтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Мағжан Жұмабаевтың бұл өнердің халқымызға тигізетін ықпалы мен әсерін және пайдасын ескеріп, өздері қолдарына қалам алып, тәржімелер жасаған. [1; 5].

Осы жұмысты зерттеу барысында Алаш тұлғаларының аудармаларын архив қорынан тапқан Әділбек Наби ағамызбен сұхбатқа шығып, көп мағлұмат алдық. Ол кісілердің зерттеуі бойынша мынадай дереккөздері бар : «1922 жылы большевиктер Алаш көсемі Әлихан Бөкейханұлын Мәскеуге жер аударады. Оған ұлттық идеяны көтеруге, саясатпен айналысуға тыйым салды. Енді ол соңғы қуатын ағартушылыққа бағыттайды. Жанына Мағжан Жұмабаевты шақырып, екеуі шетелдік үздік әдебиеттерді іріктеп, тізім жасайды. Сөйтіп ол шығармаларды қазақ тіліне аударуды қолға алады. Әрине ол заманда қазақ даласында шетелдік жазушылардың кітаптары жоқ еді. Әлихан «Ел боламыз десек, алаш баласы соның бәрін оқу керек» деген оймен өзі ашқұрсақ жүрсе де, соңғы тиынына кітап сатып алады. Сосын оны елге салып жіберетін. Сол жылдары Мәскеуде Орталық Шығыс баспасы ашылып, оған басшы болып Нәзір Төреқұлов сайланды. Ол осы аударманың бәрін басып шығарды. Алайда 1936 жылдан бастап большевиктер репрессия жүргізіп, алаш зиялысын түгел жойып жіберді. Аударған кітаптарын архивке тықты. Бірақ аз уақыт ішінде осы кітаптарды оқып білім алған алаш баласы Бауыржан Момышұлы, Жұмабек Ташенов, Өзбекәлі Жәнібек сияқты қазақ зиялысының жаңа буынын құрап үлгерді[2].

Латын қарпін үйрену мақсатымен Шәкәрім атындағы университеттің оқытушыларынан латын алфавиті бойынша сабақ алдық. «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының аға оқытушы Түрікпенова Айгүл Жұманқызы латын әрпін үйрету сабақтарын жүргізді.

1-сурет. Латын қарпін үйрену сабақтары.

Зерттеу жұмысының нәтижесінен шыққан өнім.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде мынадай өнім шықты. Біз Әділбек Нәби ағаның кеңесімен Джек Лондонның «Киш туралы аңыз» шығармасының алғашқы бөлімдерін аударып көруге талпындық. Джек Лондон (1876-1916ж.ж)- америкалық жазушы. 16 жасынан бастап шығарма жазған. Әлемдегі миллионер атанған алғашқы жазушы. Еңбекке де ерте араласады. Мектеп қабырғасында жүргенде газет сатумен айналысқан. Небәрі 40 жыл ғана өмір сүрген. Бірақ 50-

ден аса кітап жазып қалдырған. 1930 жылдан бастап Джек Лондонның шығармалары қазақ тіліне көптеп аударыла бастады. 1936 жылы «Қасқыр» деген шығармасын Мұхтар Омарханұлы аударды. 1937 жылы «Рақым» деген лақап атпен Тұрағұл Абайұлы да «Киш туралы аңыз» деген шығармасын қазақша сөйлетті.

2- сурет. «Киш туралы аңыз» шығармасының архивтегі түпнұсқасы[3].

3-сурет. Түпнұсқадан кириллицаға өзгерткен жұмыстан үзінді.

Зерттеу нәтижесінен шыққан өнім. Латын қаріпінен кириллицаға өзгертіп, үзіндісін ұсынып отырмыз.

Киш бұдан көп жыл бұрын Поляр теңізінің қасында туып өскен. Ол қызықты өмірімен көп жылдарын өз ауылында көсем болып өткізген. Оны елі өлгеннен кейін де өте құрметтеген. Оның аты барлық жұрттың ауызынан түспеген. Киш бұдан көп заман бұрын өткендіктен, оның атын тек шалдар білген. Шалдар, шалдардың әкелері Киш туралы өздерінің балаларына, немерелеріне көп ертегілер айтады екен. Қыстың түнерген күндерінде, жердің бетін тып-тыныш қылып қара боран ұйытып тұрған кезде, әуеден қапалақтап ақ қар жауып тұрған кезде, Киш туралы әңгіме әбден қызады. Сол кездерде ауылдағы ең кедей үйлердің баласы, Киштің қалай билікке қол жеткізгенін, қалай көсем болғанын аңыз қылады екен. Киш өткір бала болды, ертегі осылай дейді. Ол күнді он үш рет көріпті, ол кейде уақытты осылай есептейді екен. Өйткені ол жақта жыл сайын қысқа қарай күн қоюланып кетеді, жердің үсті түнеріп тұрады. Адамдар жаңадан күнге жалынып, бірінің бетін бірі сонда ғана көреді. Киштің әкесі өте жүректі адам болыпты. Ол өлімнен тайсалмастан үлкен поляр аюларымен айқасып жүріпті, ауылда астық болмағанда, ол аюмен алысып, сонда аю оның қабырғасын сындырыпты. Бірақ аюдың еті көп болады ғой, ол соның етімен елді асырапты. Сөйтіп халықты аштықтан аман алып қалыпты.

Бұл зерттеу жұмысындағы шетел әдебиетін латын қарпінен кириллицаға көшіру біздің алғашқы жұмысымыз болды. Алдағы уақытта осы жұмысты қолға алып, басқа да шығармаларды аударып көріп, кітапша қылып шығарып, ғалым ағаларымызбен бірге жұмыс жасау ниетімізде бар дүние. Біз жетекшілерімізбен бірге алға қойған мақсатқа жеттік деп есептейміз**.**

ХХ ғасыр басында халық игілігі үшін ағартушылықпен айналысқан

Алаш қайраткерлері болды. Ал олар туралы сөз басын «ұлт көсемі» атанған Әлихан Бөкейханов және «ұлт ұстазы» атанған Ахмет Байтұрсыновсыз бастау мүмкін емес. Алаштықтардың көсемі танылған Әлихан Бөкейханов терең еуропалық білім мен тәрбие алған, еуразиялық деңгейдегі энциклопедист-ғалым, қоғам қайраткері еді. тұлғаларын зерттеуші ағалаларымыздың барлығы ол кісілердің халыққа жасап кеткен ұмытылмас ерлігін, рухани байлығын, ағартушылық әрекеттерін соншалықты насихаттап жазған екен. Бұдан біздің ұққанымыз, біз өз тарихымызды зерттеуден еш шаршамауымыз керек, түпкі тегіміздің кім болғанын білу үшін арғы ата-бабалардың жолына үңіліп, бізге қалдырған мол мұрасын игеріп қалумыз керек. Зерттеу жұмысымыз біз үшін күрделі болғанына қарамастан, біз алға қойған мақсатқа жеттік. Алаш тұлғаларын зерттеу арқылы өзімізге ерекше күш ала отырып, партиоттық сезіміміз оянып, елге, жерге, халыққа деген ерекше махаббатымыз арта түсті. Ал Алаш тұлғаларының аударып кеткен шетел әдебиеттерін оқу арқылы, біздің оқуға деген, кітапқа деген құштарлығымыз одан сайын арта түсті. Алаш тұлғаларын зерттеу әр қазақ баласына парыз деп білеміз!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Көркем аударма: тәжірибе мен тағылым. Екінші кітап. – Астана 2011ж
2. https://aikyn.kz/
3. https://kazneb.kz/
4. Т.Қ. Шаңбай. Аманаты Алаштың. Балаларға арналған энциклопедия. -Алматы 2018.

ӘЗІЛХАН НҰРШАЙЫҚОВТЫҢ «ЕЛ СЫЙЛАРЛЫҚ БАҒАҢ БОЛМАСА, ЕЛГЕ АҒА БОЛДЫМ ДЕМЕ» «ҰЛДАРҒА ӨСИЕТ, ҚЫЗДАРҒА КЕҢЕС» ТАҚЫРЫБЫНДА ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ӨСИЕТ СӨЗДЕРІНІҢ ТӘЛІМДІК МӘНІ

Қатысушы: Домай Диана

Жетекшісі: Дуримхан Анаргүл

ШҚО білім басқармасы Алтай ауданы бойынша білім бөлімінің
"№1 Жаңа Бұқтырма орта мектебі" КММ

Бұл баяндамамның құзыреттілікке жеткізетін мақсат-міндеттері :

1. Ақпараттық құзыреттілік: Тәлім-тәрбие туралы жазылған еңбектермен танысу, абыз жазушының өмірі және қаламгерлік жолынан хабардар ету.

2. Проблеманың шешімін табу құзыреттілігі: Санасында сәулесі бар жастарға қаламгердің тағлымды сөздерін жеткізу.

3. Коммуникативтік құзыреттілік: Алған ақпаратты өмірде пайдалану.

Армысыздар, аяулы ұстаздар мен қадірлі қонақтар! Жүрек сөзін ағынан жарылып, ашық айта алған абыз , қаламы қарымды жазушы Әзілхан Нұршайықовтың жастарға арналған ғибратты сөздерін насихаттау мақсатында жасалған баяндамамды оқуға рұқсат етіңіздер!

Қазақ халқы бағзыдан бері қыз бен ұл тәрбиесіне ерекше мән берген. «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз. Қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» деп бекер айтпаса керек...

Бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге көрген қыз бала қайда болса да, келін болғанда да көргенділігін көрсетеді. Ал жақсы тәрбие ұлдар жау келгенде

де жайдақ атқа міне шабатын өжет, батыл, адал, жеріне, туған халқына ыстық ықыласты, үлкенге де, кішіге де қамқор бола білген ғой.

Әдептілік, инабаттылық, сыйласу жағынан халқымыз алдына жан салмаған. Бір өкініштісі: ұлттық ізгі дәстүрімізді ескіліктің қалдығы деп мұрын шүйіріп қарайтын жастарымыз бар. Абыз аға Әзілхан Нұршайықов 1972 жылдың 30 қазанындағы Алматы ауылшаруашылық институтының студенттерімен болған кездесу кешінде бұл туралы ой бөлісіп, ұлдарына өсиет айтқан, ал 1973 жылдың 6 сәуірінде Қазақ мемлекеттік қыздар институты студенттерімен кездесуде қыздарға кеңес берген.

Халқына «Ақиқат пен аңыз», «Махаббат, қызық мол жылдар» сынды туындылар сыйлаған қазақтың далиған дарқан даласының дарабозы, жастардың моральдық биік қасиеттерін сипаттауға бар күш-жігерін жұмсаған ұлт жанашыры, дара тұлға Әзілхан Нұршайықов екені сөзсіз. Ұлттық тәлім-тәрбие беруде маңызды орны бар жасампаз тұлға Әзағаңның бүгінгі жастарға қалдырған өсиеттері арқылы өзім сияқты жастардың көңілдеріне ой салып, бөлісуді жөн санадым...

Ұл бала – қазақта шаңырақ иесі, ер азамат, ата-ананың түтінін түтетуші. Осы орайда Әзілхан ағамыздың ұлдарға айтқан өсиеттеріне кезек берсек: Ұлдар! Алдымен сөзімді сендерге арнаймын. Менің сендерден тілегім мынадай:

Арақ ішпеңдер, айналайындар! Арақ – азаматтың жауы: халықтың, қоғамның дұшпаны. Арақ алдымен талантты адамдарды айналдырады, талантты құртады. Содан соң өзгелерге ауыз салады. Талантсыздарды да жалмап жұта береді. Ендеше, арақ ішпеңдер, бауырларым!Жігіттер, қастарыңда отырған қыздарды құрметтеңдер, мәпелеңдер. Алақандарыңа салып, әлпештеңдер. Қыздың жанын қинамаңдар! Қыз – болашақтың анасы,қыз – алдағы ұрпақтың әжесі. Анаңды ардақтап, әжеңді құрметтесең – қызды сыйла, қарағым!

Қыз бала той-томалақ, көп адам жиналған жерде көзге түседі, сыналады. Ондайда өзінің ұстамдылығымен, жарқын жүзді сыпайылығымен, жинақы, ширақ жүріс-тұрысымен, сергек-сезімталдық ептілігімен, сөзге ұсталығымен көзге түсіп, жұртты тамсандырады. Қаламгер бұл туралы да ой қозғайды: Қыздар! Жандарыңда жүрген жігіттерді ақылмен, әдептілікпен, сыпайы мінезбен, сүйкімді назбен тізгіндей біліңдер. Жігіттердің жұлқынған асау жүрегін адамгершілік асыл қасиеттеріңмен бұйдалап алып, оларға айтқандарыңды істетіңдер: арақ ішкізбеңдер, айғайға жуытпаңдар... өйткені қыз жетектесе ілеспейтін, қыз қиылса көнбейтін жігіт жоқ бұл дүниеде. Өйткені ақыл анадан тарайды, адамгершілік әйелден басталады, қыздан – қылық, тәрбие, тәлім туындайды. Өздеріне табиғат сыйлаған осы бір өзгеше өнерлеріңді қастарыңда қаумалап жүрген жігіттерге игі әсер етуге жұмсаңдар. Жігіт жаныңда – жолдасың, жауға жұмсасаң жолбарысың. Жігіт – ортада жүрсе орманың, шетке шықса қорғаның. Қорғаның, қормалың сенің! Жігіттерден жылы күлкі, жұмсақ әзілдеріңді аямаңдар. Бірақ оларды жұрт көзінше сүйісіп, сүйкенісіп тұруға үйретпеңдер! Адамның асыл махаббат сезімін ардақтап, бүркеп, қымтап ұстауға баулыңдар. Оларды нәпсісін тыйып, намысын биік ұстауға тәрбиелеңдер... Өмірдің қызық, ләззаты – адал достықта, айнымас қамқорлық, асыл махаббатта екенін әрқашанда естеріне сақтаңдар. Міне, менің сендерден сұрайтыным осы ғана..Жазушы жас буынмен кездесулерінің бірінде: «Жастарға үлкендердің бәрі ақыл айтуға құмар ғой. Үйде ата-аналары, мектепте мұғалімдері, институтта

ұстаздары айтады. Осының бәрі балам, шәкіртім, ұрпағым жақсы болсын деген ниеттен туады. Олар өзінің өмір тәжірибесінен қорытқан асыл ой, қымбат қазынасын сіздерге үйретуге, сіздерге дарытуға тырысады. Сіздер өмір кешіп, әр өткелдерден сабақ алып, сана жинап, өз беттеріңізбен кемелденгенше ата ақылы азық, ана тәрбиесі қанат болсын дейді. Мен сіздерге әке де, ұстаз да емеспін. Сіздермен сирек кездесуші, сырттай сырласушы, алыстан ақыл айтушы көп жазушының бірі ғанамын. «Әйтеуір ақсақалдар айтпады деп, жүрмесін деп аз ғана сөз шығардық» деп Абай атамыз айтқандай, мен де үлкендігімді және сіздердің сұрау-тілектеріңізді пайдаланып, өздеріңізге арнап әкелген бір-екі ауыз мәслихат сөздерімді оқып берейін» деген екен...Ендеше , «Ұлттың ұлағатты ұстазы» атанған жазушының өнегелі сөздеріне назар аударып көрсек... Қыздар! Егер сүйген жігіттеріңе адал жар боламын десеңдер, еңбекшіл болыңдар! Егер ата-енеңе қымбатты келін боламын десеңдер, еңбекшіл болыңдар! Егер ертең шәкірттеріңе үлгілі ұстаз боламын десеңдер, еңбекшіл болыңдар! Әдемі болыңдар, әсем болыңдар! Сонымен бірге ақылды болыңдар! Сұлу болыңдар, сымбатты болыңдар! Сонымен бірге саналы болыңдар! Ең алдымен еңбекшіл болыңдар! Еңбекшіл адам – ең ардақты адам. Дүниедегі ең сұлу әйел – еңбекшіл әйел. Еңбекшіл әйел – ерге сүйікті, елге сүйкімді, отбасына сыйлы.
Апиын ішкендей елітіп, сәнге еліктей бермеңдер. Сәннің соңына сан әйел түсіп бақкан... бірақ олардың бірде бірі сәннің түбіне жетпеген. Өйткені сән деген айлакер түлкі іспеттес. Сәнге еліктеу елден ерекше болып көрінсем, көзге түссем дегеннен шығады. Ал көріндің, көзге түстің, содан саған не пайда келді: ақылың асты ма, адамгершілігің артты ма? Артқан жоқ, сол қалпында қалды. Ендеше ерекше боламын деп, ерсілікке ұрынбаған жөн. Сәнмен емес, санамен озған мерей. Қыздар! Желкілдеген жеңілтек болмаңдар! Желпілдек қызды жебір жігіттер жентектеп ауыздарына бір-ақ қылғуға құмар келетінін ұғыңдар, ұмытпаңдар...
сабырлы болыңдар, салиқалы болыңдар, салауатты болыңдар, қарақтарым! Тамақты тарта ішіп, таразы боп өсіңдер. Алдарыңа келген асты шетінен сылқылдатып соға берсеңдер – семіріп кетесіңдер. Ал семіз қыз – сезімсіз қыз. Ерте семірген әрбір жас адам жалқау, самарқау, саңлаусыздау болады. Адам жанына түсетін тот – осы үш кеселден өзгеше сақтану қажет. Бұл үшін бойларыңды тал шыбықтай солқылдатып, жаңа есілген қыл шылбырдай ширатып ұстаңдар. Дене шынықтыру, дене ширату ісін, кәрі әжелеріннің бес уақыт намазындай етіп, дәстүрге сіңіріңдер! Қыздар! Сұқ көзден сақтаныңдар. Сұлу сөзден сақтаныңдар. Шынайы махаббат мақтауды қажет қылмайды. Орынсыз мақтаудан сақтаныңдар, абыройды аттаудан сақтаныңдар! Пәк болыңдар!

Қыз емес, қыздың аты – қызыл алтын,
Көрінер туған айдай жүзі жарқын,
Үлкеннің алдын кесіп сөз сөйлемес,
Халқының сақтай білген ізгі салтын.

Ойымды қорытындыласам; Біз, жас буындар Ә. Нұршайықовтың осы айтылған өсиет сөздерін әрдайым санамызға сіңіріп, ұлдарымыз Ерболға, қыздарымыз Меңтайға еліктеп өсіп келеміз...Осы орайда, сыныбымызбен Ә. Нұршайықовтың « Махаббат қызық, мол жылдар» романын оқып, «Оқуға

құштар мектеп» жобасы аясындағы аудандық конкурстан 2 орынға ие болдық. Және де драмалық қойылым қойдық. Бұл жердегі мақсатымыз-Өз ағаның көркем туындысы мен өсиет сөздері арқылы өзімізді ұлттық қазақи мінезге сай тәрбиелеу, өзгеге үлгі ету. Сөзім дәйекті болу үшін назарларыңызға видео ұсынамын. (Видео)

Қыздар – адамзат болашағы. Қыздар – халықтың қасиетті қанын жүрегінде сақтап, жанын жалғастырушы. Қыздар – халықтың бойындағы ұлттық асыл қасиеттерді әрмен қарай ұластырушы. Қыздар – еліміздің ертеңінің асыл анасы, ақылгөй данасы! Қыздар – ұлтымыздың бүгінгі ұрығы, болашақ ұйтқысы. Қыздар – ана тіліміздің алтын арнасы. Ұл ұятты, қыз қылықты болса, иманды, тәрбиелі болса – мемлекеттің байлығы...

Назарларыңызға рақмет! Мерейлі күндерге жеткізетін берекелі тірлігіміз баянды, салихалы ұрпағымыз көп болсын! Ұлықты ұл мен қылықты қыздарымыз жасай берсін!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ә. Нұршайықов « Апамның айтқандары»
2. Ә. Нұршайықов « Өз ойларым»
3. Ә. Нұршайықов « Алтын діңгек»

«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА БУКТРЕЙЛЕР АРҚЫЛЫ ОҚЫРМАН АУДИТОРИЯСЫН КЕҢЕЙТУ

Қатысушы: Домай Динара
Жетекшісі: Кусаинова Маржан Мухтаровна
ШҚО білім басқармасы Алтай ауданы бойынша білім бөлімінің
«№1 Жаңа Бұқтырма орта мектебі» КММ

Мақсаты: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында ҚР Білім және ғылым министрлігі орта білім саласында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқырман аудиоториясын буктрейлер арқылы кеңейту, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру**Тақырыптың өзектілігі:** Қазіргі кезде оқушыларды кітап оқуға қызықтыру, ақын-жазушылардың шығармаларын насихаттау. Әлеуметтік желіге буктрейлерді жүктеу арқылы оқырман қауымын кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыруға, оқырман аудиторясын кеңейтуге болады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында ҚР Білім және ғылым министрлігі орта білім саласында «Оқуға құштар мектеп» жобасын қолға алды.

«Оқырмандық сауаттылық – ұлт табысының кепілі» осы ұғыммен әр адам келісетін шығар. Мектебіміздегі «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бірнеше міндеттер алға қойылды. Осы міндетті шешу үшін кітап пен оқуды жылжытудың көп түрлерінің ішіндегісінің бірі, аса өзекті түрі буктрейлер болып табылады. Буктрейлерде оқырманға кітапты ұсына отырып және әлемдік мәдени қауымдастықта кітап оқуды насихаттай отырып шығарманың ең жарқын сәттері ашылады. Буктрейлер бейнелі өнер мен ғаламторды біріктіретін жеке тұрмыстық жанрға айналды.
Буктрейлер - бұл қандайда көркем шығарма жайында айтылатын шағын бейнетүсірілім. Бұндай түсірілімдердің мақсаты - трейлерлердің сипаты

кинофильмдерге жақын, көзбен көру арқылы кітаптарды таныстыру,насихаттау. Уикипедияда термин осылай деп түсіндірілген. Іс жүзінде қосар ештеңе жоқ, оны тек көріп тамашалау керек.

Буктрейлердің түрлері

- Бейнефильмдер арқылы жасалынған буктрейлер
- Фота суреттер арқылы жасалынған буктрейлер
- Сахналық қойылымдар арқылы жасалынған буктрейлер

1 .1. Буктрейлердің шығу тарихы

Буктрейлер – белгілі бір кітап туралы көркем түрде әңгімелейтін қысқа бейнеролик. Бұл бейнероликтердің мақсаты – визуалды құралдар арқылы кітаптарға көңіл аудартып, жарнама жасау және оқуға үгіттеу. Ондай бейнероликтерге классикалық шығармалармен қатар заманауи кітаптар да түсіріледі. Буктрейлер ең алғаш 1986 жылы слайд ретінде Джон Фарристың «Темная симфония» романына жасалған болатын, ал кейін келе 2003 жылы Кристиан Фихан осы романды қайтадан буктрейлер жасап, көпшілікке ұсынды. Рессей мемлекетінде 2010 жылдан бастап пайда болды. «Азбука Аттикус» ең алғаш буктрейлерді кеңінен қолданған басылым болды. Алексей Мавринның «Псоглавы» шығармасына түсірілген буктрейлердің бағасы 10 мың АҚШ долларын құрайды. Ал қазіргі уақытта «Эксмо» басылымы Ресей мемлекетіндегі ең сұранысқа ие болып табылады.

2.2 Іс тәжірбие. Буктрейлер жасау жолдары

Буктрейлерді жасамас бұрын ең әуелі кітапты оқып шығу керек, оқылған кітаптың ішінен оқырманды қызықтыратындай сюжетті есте сақтау аса маңызды. Буктрейлер жасау кезінде буктрейлер жасаймын деп отырған кітаптың мазмұнын ашатындай бейнефильмдер мен анимациялық мультфильмдер таңдап алынып сыртынан аудио жазып біріктіру арқылы оқырманды кітапқа деген қызығушылығын арттыруға болады. Буктрейлер жасауда пайдаланылатын материалдар фота, кинодан үзінді, нақыл сөздер, анимациялық мультфильмдер, сценалық қойылымдар, әр түрлі программалар. Төмендегі программалар буктрейлер жасауда өте тиімді.

Көрсетілген программаларға кітап мазмұнына сай материалдарды жинап, монтаждау арқылы буктрейлерді жасап шығарамыз. Буктрейлер жасауда ескеретін қағидалар:

- Сыртқы әуеннің құлаққа жағымды, сюжетке сай болуы. Мысалға тарихи шығармаға жасалынған буктрейлерге күйдің әуені жақсы келеді.
- Сюжетке сай таңдап алынған бейнефильм, көркем әдеби шығарма желісі бойынша түсірілген фильм болса тіпті тамаша!

- Сыртқы дауыстың құлаққа жағымды болуы, яғни орфоэпиялық заңдылықты сақтау, кітаптың жанрлық ерекшелігіне сай иннтонацияны қолдану
- Фота суреттердің дұрыс таңдау, тақырыпқа сай қолдану
- Буктрейлер соңын аяқталмаған оймен аяқтау, бұл дегеніміз аяқталмаған сөйлем арқылы оқырманды сол кітап туралы ойын қызықтыру
- Кітап мазмұнын түгел айтып өтпеу, тек қызықты сәттерді ғана үзіп алып пайдалану
- Кітаптың электронды нұсқасына сілтеме жасап өту

Буктрейлерді қандай кітапқа, қай жазушының шығармасына жасау керек екендігін анықтау мақсатында сауалнама алынды.
Сауалнамаға қатысқан оқушылар саны-61
Сауалнамаға қатысқан сыныптар: 5-11

Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың көпшілігінің сүйікті жазушысы М.Әуезов пен А.Құнанбаевты жазып өткен, осы нәтижеге сүйене отырып оқушыларға М.Әуезовтың «Абай жолы» романына буктрейлер жасап ұсынуды жөн көрдім. Жасалынған буктрейлерді кеңінен насихаттау үшін ютуб желісінен канал ашып, жүктедім.

Бастауыш сыныптар арасында кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында күнделікті киім ілетін шкафтарының есіктеріне буктрейлердің жазбаша үлгілері жапсырылынды, нәтижесінде оқушылар қоңырау кезінде оқып қызығушылықтары артты.

«Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге де болады. Себебі, ол қандайлық мамандық білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңаржақ азамат болады» -деп, М.Әуезов дұрыс айтқан. Адам баласының табысқа жетуінің де басты жолы осы кітап оқу болып табылады. Осы орайда буктрейлер жобасы арқылы оқушыларға классикалық шығармалар мен жаңадан шыққан кітаптарды насихаттай отырып кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттырғым келеді.

Ұсыныс:

- Мақсатымды жүзеге асыру үшін мектеп әкімшілігіне ұсыныс айттым, нәтижесінде ютуб желісіндегі буктрейлер таратылып оқушылар аталмыш кітаптарды оқи бастады.
- Жобамдағы мақсатымды ары қарай дамыту үшін бұл жобаны ауданның білім бөліміне ұсындым, нәтижесінде ютуб желісіндегі буктрейлер аудан көлемінде қаралымға ие болды.
- Пән мұғалімдеріне арналған диск жинағы шығарылды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әлеуметтік желілер http://yandex.kz/clck/jsredir?bu=c7ou5m&from=yandex.kz
2. М.Әуезов «Абай жолы романы», Жазушы 2008 ж
3. А.Құнанбаев «45 қарасөз» Жазушы 2005 ж
4. С.Мұратбеков «Жабайы Алма», Ақарыс 2010ж

ҚҰНАНБАЙДЫҢ ЕР БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ЕРЕЖЕСІ

Қатысушы: Дәулетханұлы Айбын

Жетекшісі: Тохтарова Айнур Ондасыновна

«Приречное жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Қазақ халқы үшін бала тәрбиесі әрқашанда маңызды орын алған. Өсіріп отырған ұл қыздарының тәрбиелі, саналы, көзі ашық, көкірегі ояу азамат болуын армандаған. Сондықтанда ата бабаларымыз салт - дәстүрді берік ұстап, ұрпақтан - ұрпаққа насихаттап отырған. «Баланың басты ұстазы ата - ана» деп бекер айтпаған. Отбасында бала ата анадан қандай тәрбие алса, бойына сол құндылықтарды сіңіреді.

Қазіргі уақытта ата - аналар балаларының тәрбиесін заманауи тәрбиемен тәрбиелейді. Жан - жақты болғанын қалайды. Қосымша сабақтарға, бірнеше тіл білуге, әртүрлі спортқа қатыстырады. Алайда, ата - ананың ойы «Бала ұяда не көрсең, ұшқанда соны іледі» деген мақалдан алшақ.

Мен осы жобамды **«Құнанбайдың ер баланы тәрбиелеудегі ережесі»** деп алдым. Себебі, қазақтың кең байтақ даласына, халқының маңдайына біткен шоқтығы биік жарық жұлдыздары аз емес. Солардың бірегейі дана, дара Абай Құнанбаев. Абай – ойшыл, философ, аудармашы, ақын, жазба әдебиетінің негізін салушы, ағартушы - ұстаз. Қазақ әдебиетіне сыншыл реализм бағытын алып келген дара тұлға.

Абай атамыз даралық пен даналықты бойына сіңіруі арғы ата тегінде, тәрбиесінде жатыр. Біріншіден, Абай жастайынан өнегелі тәрбие мен салт-дәстүрді отбасында бойына сіңіре білді. Бала Абайдың ойы ұшқыр, зерек адам болып қалыптасуына әжесі Зере мен анасы Ұлжанның тигізген әсері мол. Бала Абай әжесінің өнегелі ертегісін тыңдап, анасының ақылдылығын, сабырлығын көріп ержетті.Ал, екіншіден, әкесі Құнанбай баласының бойындағы ерекшелікті бірден байқады. Құнанбайдың ұлы Абайды тәрбиелеуде үлкен мән берген. Көпті көрген, көзі қырағы Құнанбай балаларының ішінде Абайды ел арасындағы жұмыстарға ерте бастан араластырды. Қазақта ер адам үнемі түзде, отбасын асыраумен жүреді. Құнанбайда аға сұлтан болып қызмет етті. Он үш жасар Абайды үнемі қасына алып жиналысқа ертіп жүрді. Қарқаралы уезіне Абайда бірге апарды. «Абай жолы» роман - эпопеяда Құнанбайдың әкелік болмысы толықтай ашылған. Әкесі Абайды 10 жасқа толған кезінде Семей қаласына оқуға аттандырады. 3 жыл «Приходская школада», 3 ай «Ахмет Риза медресесінде» білім алады. Мектепте оқып жүріп, Семей қаласының кітапханасыннан түрлі кітаптар алып, өрісін кеңейтеді. Бірақ 13 жасқа толғанда, қажы Құнанбай баласын ауылға алдыртады. Ондағы бар ойы Абайды билікке араластырып, өзінің жолын қусын деп ойлады. Өсе келе, Абай ел арасындағы дау-дамайды шеше алатын дәрежеге де жетеді. Бұл жерде әкесі Құнанбайдың ер баланы тәрбиелеудегі ұстанымы Абайға оң әсерін берді.

«Әкеге қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер» деген мақалдар қазақта бекер айтылмаған. Абайда болған ақыл парасат, даналық, елім жұртым деген жанашырлық қасиеттер сөзсіз әке көргендігі.

Енді мен осы жобам арқылы Құнанбайдың әкелік тәрбиесін қазіргі әкелермен салыстырып көргім келеді. Қазіргі күнгі әкелер балаларына жаман тәрбие береді деп айта алмаймын. Алайда, қазіргі ата - аналардың көпшілігі балаларым ешқандай қиындық көрмесін деп ойлайды. Баласы үшін барлық жағдайды жасауға тырысады. Бұл жаман емес, бірақ баланы «Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүруге тәрбиелейді. Күні бойы жұмыста жүріп, баланың тәрбиесімен айналысатын уақыттары да болмайды. Баламның болашағы үшін жұмыс жасап жатырмын деп ойлайды. Ал, бала осы уақытта немен айналысып жүр? Бәрімізге аян, қазіргі балалар бос уақыттарын әлеуметтік желіде, ұялы телефонда өткізеді. Әке мен ұл баланың арасында байланыстың жоқтығы, әркім өз бетімен уақыттарын өткізуі, бала тәрбиесінде алтын уақытты жоғалтумен бірдей. Қоғамдағы кейбір әкелер ішімдікке, құмар ойынға әуес. Бұл қоғамның күрделі, жүректі ауыртатын мәселесі. Өзі қоғамда орынын таба алмаған әкелер ұлдарына қандай тәрбие береді деп ойлаймын.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта психологтар балаларынды еркелетіп өсіру керек деп насихаттайды. Алайда, кішкентай кезінде еркелетуге болады, ал 12-13 жасқа келген ер баланы еркелетіп, еркіне жіберетін ата - аналар да бар. Жасөспірімдердің жаман жолға түсуі осылай басталады.

Қазіргі уақытта ақпараттық технология заманының қарқынды дамуында әке мен ер бала арасындағы рухани байланыс алыстай түскен. Егер де, тәрбиеде Құнанбайдың ер баланы тәрбиелеудегі ережесіндей ұстанымды қолдансақ және осы олқылықтардың орынын толтыру үшін бірнеше ұсыныстар жасағым келеді

- Ер балаға қасында әкесі дұрыс үлгі болу керек, қандай да бір себептермен әкесі болмаса, атасы, ағасы болсын. Алдында үлгі, мақтан тұтар ер азамат болса.
- Ер баланы қолдау мен мадақтау, қандай жағдай болмасын қасынан табылу.
- Ер балаға жауапкершілік арту, кез келген істе баланың өзі жауапкершілікті сезіну
- Ер баланың өз - өзіне сенімді болуға үйрету, кішкентай да жетістікке жетсе, оның мақтанышы болсын.
- Әкесі мен баласы үнемі тығыз қарым - қатынаста болу, баланың пікірімен санасу

Қорытындылай келе, біз зертеу жобамызды, «Ұл тәрбиесі, ұлт тәрбиесі» дегендей тәрбиені ертерек қолға алсақ, ақылды, ер жүрек, намысты азаматтар көп болары анық. Ер бала тәрбиесі, ол ертеңгі бақытты отбасының бастауы және жарқын болашағымыздың кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұхтар Әуезов., «Абай жолы» 1 том
2. Тұрсын Жұртбай., «Бейнет сусыны» кітабы
3. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы: (қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми зерттеу еңбек).

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН СЛЕНГ СӨЗДЕР

Қатысушы: Қарамолдин Арнұр
Жетекшілері:Улыкбекова Амангуль Ертугановна
Мырзабекова Самал Муртакановна
«Ж.Аймауытов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Функционалдық стильдердің ішінде ерекше тілдік жүйеге құрылған ауызекі сөйлеу стилі қазақ әдеби тілінің жіктелуінде айрықша орын алады. Ауызекі тілдің басты ерекшелігі – сөйлеудің алдын–ала дайындықсыз тікелей қарым – қытынас жасау барысында жүзеге асатындығы. Бұл өте кең таралған функционалды стиль. Негізгі мақсаты тікелей және тез хабар беріп, хабар алу болғандықтан ауызекі тілде әдеби тілдің нормасынан тыс сөздер мен сөз тіркестері – варваризмдер, кәсіби сөздер, жаргондар, сленг, диалектлер кездесуі әбден мүмкін.

«Сленг» сөзін күнделікті өмірде белгілі бір заттың атауы үшін қолданылатын, қалыпты тілден ауытқыған, мысқылдап, мәнерлі сөздер. Сленг әртүрлі әлеуметтік топтардың ерекше қолданыстағы сөздері. Кейбір зерттеушілер жаргонды сленгпен байланыстыра қарайды. Сондықтан сленг ерекше лексика қызығушылықтары ортақ адамдардың қарым – қатынастарынан туындайтын сөздер деп көрсетеді. Сленг табиғаты оның үнемі жаңарып отыруын талап етеді. Көптеген сленг сөздері салыстырмалы түрде ұзақ өмір сүрмейді және егер олар тілде тұрақталса, яғни сленг қатарынан жалпы ауызекі тіл лексикасына өтіп кетсе, қолданыстан түсіп қалады. Сонымен қатар студенттер, оқушылар және де он ың ішінде 25-45 жасқа дейінгі үлкен кісілер де сөйлейтін болған. Қазіргі таңда

жаргон, сленг сөздері қолданыста өте жиі кездесетін болғандықтан, бұл мәселе біздің жұмысымыздың зерттеу аспектісіне айналды.

I. Ауызекі сөйлеу стилі

Функционалдық стильдердің ішінде ерекше тілдік жүйеге құрылған ауызекі сөйлеу стилі қазақ ұлттық әдеби тілінің жіктелуінде айрықша орын алады. Ауызекі сөйлеу – адамдардың тіл арқылы қарым – қытынас жасауының бір түрі. Ауызекі тілдің басты ерекшелігі – сөйлеудің алдын – ала дайындықсыз тікелей қарым – қытынас жасау барысында жүзеге асатындығы. Бұл өте кең таралған функционалды стиль. Тұрмыста, отбасыда, өндірістегі бейресми қатынастарда адамдардың еркін қарым-қатынас жасау саласын қамтамасыз етеді.

Ауызекі сөйлеу стилі өте функционалды стильдерге, әсіресе олардың ауызекі түрлеріне ықпал жасайды: баяндама, дәріс, пікірталас т.б. Мұнда тіл мәдениетін қатаң сақтауға талап қою дұрыс бола бермейді. Негізгі мақсаты тікелей және тез хабар беріп, хабар алу болғандықтан ауызекі тілде әдеби тілдің

нормасынан тыс сөздер мен сөз тіркестері – варваризмдер, кәсіби сөздер, жаргондар, диалектлер т.б. кездесуі әбден мүмкін. Бұл ауызекі тілдің заңдылығын бұзу болып есептелмейді.

Ауызекі тілдің тағы бір ерекшелігі – әңгіме тақырыбының тез өзгеріп отыратындығы (екі адам ауа – райы туралы сөйлесіп тұрып, күтпеген жерден өндіріс мәселесін сөз етуі мүмкін). Тілдегі экспрессивті, эмоциональдық қасиеттер көп жағдайда ауызекі тілде байқалады. Ауызекі тілде тілдік (лингвистикалық) факторлармен қоса, тілден тысқары факторлардың (экстралингвистикалық) да жарыса пайдалануы осы стильдің өзіндік ерекшелігі болып табылады (сөз болып отырған оқиға тыңдаушысына түсінікті болса да, бет пішінінің, қолының қозғалыстары, дауысты көтере немесе сыбырлай сөйлеуі т.б.).

Ауызекі сөйлеу стилі негізгі тілдің қызметімен қарым –қатынас функциясын атқарады, тікелей хабар берудің айрықша формасын құрайды. Ауызекі сөйлеу тілінің тілдік белгілері оның қызметінің ерекше шартын анықтайды. Олардың бастылары мыналар:

- Бейресмилік;
- Сөйлеу еркінділігі;
- Сөйлеу қарым – қатынасының экспрессивтілігі;
- Тілдік тәсілдерді сұрыптаудың қажетсіздігі;
- Сөйлеудің автоматтығы.

1.1. «Сленг» сөзінің шығу тарихы

«Америка сленг сөздігінің» авторларының бірі Стюард Б. Флекснер мынандай мәліметтер келтіреді. Оның айтуынша, әрбір американдықтың сөздік қорында шамамен 10000-20000 сөз бар. Оның 2000 сөзі сленг қатарына жатады. Яғни сленг жалпы лексика қорының 10-20 пайызын құрайды. Бірақ Стюарт Б. Флекснердің пайымдауынша, бұл лексика қоры әрбір американдыққа толығымен белгілі болса да, күнделікті сөйлеу тәжірибесінде толығымен қолданылмайды.
Ғалымдардың есептеуінше АҚШ-та ағылшын тілінің сөздік қорында 10000 сленг сөзі бар, ал оның басқа бір түрлеріне 35000 сөз жатады: олар – кәсіби сленг, жаргонизмдер, арго, қанатты сөздер.

Сленг табиғаты оның үнемі жаңарып отыруын талап етеді. Көптеген сленг сөздері салыстырмалы түрде ұзақ өмір сүрмейді және егер олар тілде тұрақталса, яғни сленг қатарынан жалпы ауызекі тіл лексикасына өтіп кетсе, қолданыстан түсіп қалады. Сленг бойынша әйгілі ағылшын маманы Эрик Партридж ағылшын тіліндегі «боқмұрын» мағынасындағы сөздің бірнеше қолданылу қатарын келтіреді: blood (1550-1660); macaroni (1760); buck (1720-1840); dandy (1820-1870); swell (1811); toff (1851), бұл қатарға одан бергі spiv және қазіргі заманғы teddy-boy-ды қосуға болады. Жақша ішіндегі сандар сөздің ең бірінші рет тіркелген кезі мен қолданыстан шыққан уақытын көрсететінін айта кету керек.

Осыдан сленг сөздері 16-шы ғасырдан бастап өмір сүреді деген қорытынды шығарамыз. **[2]**

«Сленг» - күнделікті өмірде белгілі бір заттың атауы үшін қолданылатын, қалыпты тілден ауытқыған, мысқылдап, мәнерлі сөздер. Сленг әртүрлі әлеуметтік топтардың ерекше қолданыстағы сөздері. Кейбір зерттеушілер жаргонды сленгпен байланыстыра қарайды. Сондықтан сленг ерекше лексика қызығушылықтары ортақ адамдардың қарым – қатынастарынан туындайтын сөздер деп көрсетеді.

1.2. Сәнге айналған сленгтер – интернеттегі сауатсыздық

Бүгінде ғаламторды, оның ішінде әлеуметтік желілерді пайдаланбайтын жан тым сирек. Әрине, айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын ғаламтордың игілігі жетерлік. Бірақ оның қоғамға тигізер кері әсерлері де жоқ емес. Әсіресе, қазақ тілінің тілдік нормаларын бұзып бара жатқаны жанға батады. Әлеуметтік желілердегі қате сөздер мен орашолақ сөйлемдердің тасқынын ауыздықтау қолдан келмей отырған тәрізді.

Бүгінгі қазақ жастарының тілі

Бүгінгі күннің сәніне айналған әлеуметтік желі біз үшін қаншалықты қажет? Сауаттылық, тіл тазалығы мәселелері қаншалықты шешімін тауып жүр? Ең бай, оралымды тіл деп бағаланған қазақ тілі заман ағымымен бірге лайланып бара жатқан жоқ па? Жасыратыны жоқ, заманауи деп танылған интернет торабының қазақ тілінің тазалығын сақтаудағы кері әсері көбейді. Жастардың ғаламтордағы жазбаларында немесе бір-бірімен хат алмасқанда пайдаланатын түрлі жаргон сөздер, оған қоса бір сөйлемде қолданылатын бірнеше тілдегі сөздер сәнге айналып барады. Мәселен, «базар жоқ», «құлақтан тепті», «қораға кірді», «лақтырып кетті», «сындырды» деген сарындағы сәнге айналған сөздерге жастар қауымы тым құмартып алған. Бұл көшенің сөздерін бүгін ғаламторда пайдаланған жас буын ертең сөйлегенде де қолданады. Ал түрлі чаттардағы хаттар, ғаламтордағы сайттар, теледидардағы мәнсіз бағдарламалар, әлеуметтік желілердегі жеңіл әңгімелер арқылы жастардың сөздік қорына енген мұндай сөздер қазақтың тілін, сөйлеу мәдениетін жоғалтпасына кім кепіл?! Ғабит Мүсіреповтің «Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады» деген аталы сөзі бар. Бұған қарап, «бүгінгі қазақ жастарының бәрі өз тілімізге өгей болғаны ма?» деген сауал пайда болады. Сұрақтың туындауы да заңды. Өйткені жастардың бүгінгі сөйлеу тілімен біз жақсы таныспыз. Тіл мен ойдың біртұтас екендігін ғылым әлдеқашан дәлелдеп қойған. Адам баласының нені қалай ойлайтыны, қандай дәрежеде пайымдайтыны оның әрбір сөзі арқылы айқындалмақ. Сондықтан да, қазақ баласының кімді болса да бірауыз сөзінен танып-білуінің өзінде терең мән бар. Белгілі бір тұлғаның қаншалықты ақылды немесе ойсыз пенде екендігін ең алдымен оның аузындағы

сөзі, тіл мәдениетінің дәрежесі анықтап береді. Тіл мәдениеті дегеніміз – оқыту үрдісінде, отбасында, жалпы адамдардың өзара қарым-қатынасы негізінде жазбаша және ауызша тілді игеру деңгейі. Ойды дұрыс, түсінікті, анық, дәл, әсерлі әрі әдеби тіл нормасын сақтай, тіл тазалығын сақтай жеткізе білу шеберлігі. Баланың тіл мәдениетін қалыптастыруда отбасының орны ерекше. Қазақтың ұлы жазушысы М. Әуезов: «Ұлт болам десең — бесігіңді түзе деп бекер айтпаған. Ал балаға ана тілінің құдіретін ана сүтімен беретін отбасының балаға тигізер әсері, басқа ықпалдардан биігірек тұратыны белгілі.

Қазіргі таңда сөздің қадіріне жетуді, қазақ тілінің тазалығын сақтауды назардан тыс қалдырып көпшіліктің, тілді оңды-солды қойыртпақтауының, жастардың тіл мәдениетінің төмен болуының себептерін сараласақ:

- Тілдік ортаның әсері; (Көше тілі)
- Сөйлеу дағдыларының жоқтығы;
- Көркем әдебиет оқуға деген оқушылардың қызығушылығының төмендігі, сөздік қоры аздығы, өз ойын жеткізе алмауы;
- Ата-аналардың балаларының тіл мәдениетіне жете мән бермеушілігі;
- Бастауыш сыныпта казақ алфавитін терең меңгертпей, басқа тілдерді қосып үйретудің ауыр тиетіндігіне көңіл бөлінбеу;
- .Отбасы тәрбиесінде ұлттық педагогиканың, халық ауыз әдебиеті үлгілерінің тар шеңберде қолданылуы;

Түркі тілдерінің ішіндегі ең бай, ең сұлу, ең көркем, мәнді де мағыналы тіл – қазақ тілі екені сөзсіз. Осы тұрғыдан алғанда, біздің көкейімізге ең алдымен Елбасымыздың: «Біз тегіміздің – Түркі, дініміздің – Ислам, тіліміздің – қазақ тілі екенін ешқашанда ұмытпауымыз керек!» деп ұрпаққа салмақты ұран тастаған өсиет сөзі оралады.

Тіл – асыл қазына, рухани мұра. Халық үшін тілден асқан байлық бар деудің өзі астамшылық болса керек. Олай болса, ана тіліміздің жарымжан сөздермен былғанбай таза сақталып, сауатсыздыққа жол бермей, өркендеп өсуіне үлес қосу кез-келген қазақ азаматының міндеті.

Сленг және жаргон сөздері адамдар үшін пайдасы жоқ. Сленг сөздері біздің тілдік қорымызды молайтпайды. Сленг сөздері, жастар үшін еліктеу. Сол себепті біз жастарымызға дұрыс тәрбие мен сөйлеу мәнерін үйретуге тиістіміз. Елбасымыз Қазақстан халқына жолдауында «Үш тұғырлы тілде білу – баянды болашақтың кепілі» деген болатын. Соған байланысты ана тіліміздің, тек ғана ана тіліміз емес, басқа тілдердің де абыройын асырып, мәртебесін үш тілде дамыту мақсатында, сленг тіліде ғана емес, өз тілінде дұрыс сөйлеу мақсатында осы зерттеу жұмысын жаздым. Қортындылай келе төмендегідей ойға келдім:

Сленг тілінің мағыздылығын өз бетімше ашуға тырыстым. Сленг тілінде сөйлеу, тіл байлығын молайтпайтынына көз жеткіздім.

Сленг тілінде сөйлеу әуесқойлық па әлде әдепсіздік пе, оқушыларға түсіндіру мақсатында мен өзіммен бірге оқитын сыныптастарымнан және мектеп оқушыларынан сауалнама алып, қорытынды жасадым. Сленг және жаргон сөздерінің мағынасын аштым.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. А:. Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509 бет.

2. Әбдуали Қ. «Ел мәдениеті тілден басталады» Егемен Қазақстан 13 қаңтар, 2006

3. Сарыбаев Б. Тіл үйретудің басты мәселелері.- Алматы , 2001ж

4. Кекілбаев Ә. «Тіл және тәуелсіздік» Егемен Қазақстан.- 2006, 12қыркүйек.

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИАТІЛ ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫҢ САУАТТЫЛЫҒЫ

Қатысушы:Ролланқызы Сауле
Жетекшісі: Баяхметова Ляззат Сансызбаевна
«№12 жалпы бідім беретін мектебі» КММ Семей қаласы

Бүгінгі Интернет-ақпарат көзі. Бірақ пайдаланушылар арасындағы байланыстың жылдамдығы мен қол жетімділігі Интернетті білім құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар байланыс пен ойын - сауық құралы ретінде де пайдалануға мүмкіндік берді. Желінің қарқынды дамуының арқасында пайда болған виртуалды байланыс арнайы тілді – виртуалды қарым-қатынас тілін тудырды. Желіде құрылған көптеген чаттар, ашық форумдар және жеке парақшалар – жастардың қарым-қатынасының негізгі құралы. Осы жылдар ішінде бағдарламаларда Интернет-коммуникация тілі деп аталатын арнайы тіл – жаргондар пайда болды. Және ол біздің күнделікті өмірімізге күн сайын белсенді түрде еніп келеді. Жақсы ма, жаман ба? Мен бұл сұраққа жауап тапқым келді. Нәтижесінде «Әлеуметтік медиатіл және жастардың сауаттылығы» тақырыбында зерттеу жұмысымыз пайда болды.

Қазіргі жаһандану мен ақпараттандыру заманында адамдар арасындағы қарым-қатынас сиреді, тіптен алшақтап барады. Жедел дамып кеткен әлеуметтік желілер тасқынында адамдар сөздің мәнісі мен мазмұнына көңіл аударудан қалды. Халқымызда «Бет көрсе, жүз ұялады» деген мақал бар, оның мәнісі: қаншалықты
адамдар бір-біріне ашулы бола тұра, кездесу кезінде сабырға келіп, ашуын басып, ашулы сөзін айтпай қайтады. Ал әлеуметтік желі арқылы бір-бірін көзбе-көз көру мүмкіндігі болмағандықтан, өкінішке орай, артық сөзді адамдар бір-біріне айтуға, жазып жіберуге ерік береді.Сөз - адам шығармашылығының құралы. Біз сөз арқылы білім аламыз және білімімізді сөзбен жеткіземіз. Атақты Бұқар жыраудың «Қол бастау қиын емес, сөз бастау қиын» деген ұлағатты сөзі бар. Айтайын дегені көпшіліктің алдында сөз сөйлеудің жауапкершілігін білдірсе керек. Себебі сөз – кие, сөз – қару, сөз – саясат, сөз – құдірет, қасиет. Сөз бойындағы рухани байлық өмірімізді және айналамыздағы әлемді жарықтандырады. Ал виртуалды қарым - қатынаста қолданылатын лексика

бұлай әсер ете алмайды, өйткені оның «рухы мен жаны» жоқ, қалыбы денесі бар ақпараттық-мазмұндық блок.[8] Тікелей қарым-қатынас кезінде сөз интонациялық түрде беріледі, сезім мен эмоцияны жеткізеді. Виртуалды қарым-қатынас кезінде мимика, эмоциялар, интонациялар, жест-ишара смайликтер және эмодзилермен ауыстырылады. Бұл- ойландыратын жағдай. Жасөспірімдер интернетте сөйлесу үшін қолданатын сөздер мен сөз тіркестері және олар жіберген қателіктерін, яғни әлеуметтік медиа тілді зерттеу зерттеліп отырған мәселенің өзектілігі болып табылады.

Зерттеу жұмысы барысында мынадай жұмыстар атқарылды:

1. Мектеп оқушылары жиі сөйлесетін әртүрлі сайттар мен форумдарды қарап шығу, саралау;

2. Оқушылардан әлеуметтік сауалнама алу;

3. Оқушылардың жиі қолданатын жаргон сөз тіркестерін және сөздердің қысқартуларын талдау;

4.Интернеттегі қарым-қатынас тілінің оқушылардың сауаттылығына әсер ету ерекшеліктерін анықтау, қателік түрлерін жіктеу.

5.Көтерілген мәселе бойынша оқушылардың түсініктерін зерттеу;

Интернеттегі қарым - қатынастың жасөспірімдердің сауаттылығына әсерін талдау үшін мен сыныптастарым жиі кіретін сайттарды, блогтарды, форумдарды, чаттарды зерттеп, келесі қорытындыларды жасадым.

Интернеттегі қарым-қатынастың ерекшелігі сауатсыз және ойланбай жазуға ықпал етеді, өйткені ол пайдаланушының анонимділігін білдіреді, бұл сөз бен іс-әрекетке үлкен еркіндік береді, себебі ешкім тексеріп немесе қатесін түзетпейді. Нәтижесінде желіде қарым - қатынас процесінде қарым - қатынасқа қатысушылардың жауапсыздығы, өзінің жағымсыз әрекетін еркін көрсету, нормадан ауытқыған лексика сияқты еркіндік пайда болды. Виртуалды қарым-қатынас арқылы қазақ тіліне ағылшын тілінің американдық нұсқасы тікелей әсер етеді. Қазақ тілді қолданушының ағылшын тілінен енген эмотикондарды ("эмодзилер") пайдалануы соның бір дәлелі болып табылады. Мұндай белгі жүйесін пайдаланудың негізгі мақсаты-қарым-қатынасқа бөлінген уақытты үнемдеу. Уақыттың жетіспеушілігі-бұл қазіргі қоғамның белгісі: өмір қарқыны күн сайын жылдамдап барады және тіліміз сәйкесінше жаңа қызмет жағдайларына бейімделеді.

Белгілі бір әлеуметтік немесе қызығушылығы ортақ топтардың -басқаларға түсініксіз, құпия мағынада сөйлесуі сәнге айналған заманда жаргон сөздердің қолданыс аясы да кеңейіп келе жатқанын байқау қиын емес. Мысалы:«Жоқ қо!», «Ол супермен ғо!», «Мен саган звооондаган едим жоксин гой», «Конешно мен ренжимин саган», «Ойланшы осыган дурыстап» секілді сөздерде қандай мән-мағына бар? Біріншіден, сауатсыз, көрер көзге дөрекі, естір құлаққа түрпідей тиеді. Тағы да бір мысал келтіре кетейік: «Бүгін боласың ба? Болам. Колбағымды акелдін бе? Ұмытыппын…… кешірші аааааааааа……қаптап тұр. Жалпы сөйлеу тілінде боп (болып), кеп (келіп), бересашы (бересалшы), кеші (келші), барп келдм (барып келдім) тәрізді дыбыстық құрамы жағынан қысқарған сөздер де қолданылады. Бір байқағанымыз көптеген жастар -да, -де, -та, -те шылауларының жазылу формасын да сақтамайды. Зиялы қауым өкілдерін алаңдатып отырған тағы бір мәселе – әлеуметтік желіде қазақ тілінің қ, ғ, ң, ә, і, ү, ұ, ө тәрізді төл әріптерінің сирек қолданылуы. Көпшілік адамдардың ұялы

байланыс телефондарында, планшеттерінде қазақша қаріптер жоқ. Бірақ ғаламтордан ұялы телефондарға арналған арнайы бағдарламаны жазып алуға болады. Ал компьютермен желіде отыратын адамдар көп жағдайда қазақ әріптерін орыс қаріптерінде бар таңбалармен алмастырып немесе латын қаріптеріндегі таңбалармен жазады. Мысалы, «салем», «калайсын?», «озин?», «не жаналык?», «нестеп жатсын?», «жаксы», «кайдасын?» деп жазу үйреншікті жағдайға айналғалы қашан?! Жасөспірімдердің осы мәселеге деген көзқарасын білу үшін біз интернет желісін пайдаланушыларға сауалнама жүргіздік. Сегізінші, тоғызыншы сынып оқушыларына сұрақтар ұсынылды. (Қосымша 1)

Жүргізілген сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, біз келесі қорытындыға келдік:

-8,9 сынып оқушылары әлеуметтік желілерге қарағанда өмірде көбірек араласады -100% - дан 68%. Әлеуметтік желілерде сөйлескен кезде респонденттердің 56% - ы қазақ тілінің нормаларын ұстануға тырысады, бірақ сонымен бірге олар смайликтерді қолданады - 90%, графикалық қысқартулар немесе сөздерді ауыстыру-73%. Осылайша, қазіргі жасөспірімдер сауаттылыққа назар аудармай, өз ойларын тез және эмоционалды түрде білдіреді деген қорытынды жасауға болады. Олардың 22% әлеуметтік желілерде сөйлескен кезде эмодзилерді және қысқартулардың барлық түрлерін, аббревиатураларды пайдаланудан бас тарта алмайды, бұл сөздік қорының аздығын көрсетеді. Сауалнамаға қатысқандардың 55% - ы «Интернеттегі сөздердің емлесін өзгерту сіздің сауаттылығыңызды төмендетеді деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа «иә» деп жауап берді-55%, «жоқ» деп жауап берген - 45% . Бұл сұраққа «жоқ» деп жауап берген оқушылардың көпшілігі сауалнамаларда жаргон қолданылмайды, қарым-қатынас мәтіндерін жазу кезінде емле мен тыныс белгілері ережелерін қолданады, егер сөздер қысқартылса, ережелерге сәйкес қазақ тілінің нормаларын сақтайды деп жазды. Сөздер бұрмаланбаса да, жазу кезінде эмодзилер қолданылады. («Мен жазған кезде ережелерді қолданамын. Егер сіз қате жазсаңыз, онда сіз үйреніп, әрдайым осылай жаза бастайсыз»; «Мен сөздерді өзгертемін, жаргон қолданамын, бірақ мен кітап оқимын, сауаттылығым нашарламайды»). Бұл сұраққа «иә» деп жауап берген оқушылар өз жауаптарын былай түсіндірді: «Жоқ. Себебі мен қателіктермен жаздым және жазамын»; «Мен қызықты қысқартулар мен күлкілі сөздерді жаттаймын, және, әрине, осыған байланысты мен қате жаза бастаймын";
«Бұл әсер етеді, өйткені біз Интернетте көп сөйлесеміз, сондықтан қателіктермен жазуға дағдыланамыз, күнделікті өмірде осылай жазамыз»; «Иә, өйткені барлық сайттарда қателіктер баса айтылмайды, мен қате жазғанымды немесе жазбағанымды білмеймін";

Оқушылардың әлеуметтік желілердегі хат-хабарларының скриншоттарын түсіру арқылы біз хат алмасу кезінде қолданатын сөздерді талдадық және әлеуметтік желілерде сөйлесу арқылы оқушылар сөздерді өзгертеді, бұл сөздерді қате қолдануға және оқушылардың сауаттылығының төмендеуіне әкеледі деген қорытындыға келдік, осы хат-хабарлардың негізінде біз Интернет байланысының сөздігін жасадық. Сайттардағы оқушылардың хат хабарларының скриншоттарын талдағаннан кейін мен мыналарды анықтадым: 1) әріптерді ауыстыру, дауысты дыбыстарды түсіріп жазу (барп келдм); 2)қысқартулар (Рахмет-Раха), 3) дыбыстарға еліктеу (Хаха. УУ, УУ); 4) сөздердің айтылуы

бойынша жазылуы; 5)тыныс белгілерінің болмауы; 6) тыныс белгілерінің орнына эмодзилерді қолдану; 7) кішкентай әріппен жалқы есімдерді жазу (маха біз Сізбен біргеміз); 8) етістіктерді қате жазу (алып барат, болды ғо), т.б.

Қорытындылай келе, Қазақ тілінің, ана тілінің сөз мәдениетін көтеру – ұлттық мүдде талаптарының бірі. Қазақ тіл мәдениетінің үлкен бір саласы – сөйлеу және жазу мәдениеті, оны жоғары деңгейге көтерудің басты заңдылығы – дұрыс айту және қатесіз жазу нормасы. Технологияның өркендеген заманында әлеуметтік желілердің тіл мәдениетін дамытудағы әсері қазақ тіл білімінде жан-жақты зерттелуі тиіс. Жасыратыны жоқ, бүгінгі күні әлеуметтік желілер ғаламтор тұтынушыларының ажырамас сенімді серігіне айналып үлгерді. Сан түрлі тақырыпты қозғау үшін де, әртүрлі заттарға жарнама жасау үшін де, тіпті толғандырған мәселе жөнінде көпшіліктің ойын білу мақсатында көпшілік осы желілердің көмегіне жүгінетіні белгілі. Еліміздегі ең белсенді әрі кең тараған «Вконтакте», «Instagram», «Facebook», «WhatsApp» және т.б. әлеуметтік желі пайдаланушыларының көбейгені - соның бір дәлелі. Белгілі тілші-ғалым Мәулен Балақаев: «Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы. Егер әрбір сөзді орнымен жұмсай біліп, айтқан ойы мазмұнды, нысанаға дәл тиетіндей ұғымды шығып, тыңдаушысын баурап алардай әсерлі болса, ана тілінің құдіреті сонда анық сезілер еді. Ал мұндай шеберлік тек тіл мәдениеті жоғары адамдардың ғана қолынан келер жайт» деген екен. Осы сөзге ден қойсақ, академиктің бұл пікірі, әрине, ауызша және жазбаша сөз қолданушыларға да тікелей қатысы бар. Сауатты болу – мәдениеттің белгісі. Мәдениетті болу – абыройыңыз. Әлемді өзгерту керек пе, өзіңізден бастаңыз!

Ақпарат дереккөзі: https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/dep/43713/

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. https://egemen.kz/article/221966-sozdinh-quny-men-qudireti

2.https://ru.wikipedia.org/wiki

3. https://egemen.kz/article/186791-qtoqaev-qazaqtynh-tili-%E2%80%93-qazaqtynh-dgany!

ЫБЫРАЙ - ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ЖАЗБА ӘДЕБИЕТІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Қатысушы: Хажымұратұлы Серік

Жетекшісі: Отаршинова Нургуль Тлеукабыловна

"Приречный жалпы орта білім беретін мектебі " КММ

Қазақ халқының тарихында аса көрнекті орын алған сондай тұлғалардың бірі – Ыбырай Алтынсарин. Ол жаңашыл, дарынды ағартушы ғана емес, халқымыздың теңіздей толқып тасыған інжу – маржан жырларын жақсы біліп, еңбегіне арқау еткен. Ауыр заманда білім алып, ат жалын тартып мінгесін-ақ Ыбырай Алтынсарин білім ұранын көтерді. Елді қорлықтан құтқаратын, игілікке бастайтын тек білім деп есептеді.

Алтынсарин шын мәнінде надандыққа, діншілдікке, ескі салтқа ислам дінін өз мақсаттарына пайдаланған патшалық идеологияға, «магометке сүйене, ақ патшаның құлы болыңдар» дегендерге қарсы шықты.

Шалғай түкпірде мектеп ашу жұмысының қиыншылықтарына қарамастан, ағартушылық идеялармен қанағаттанған Ы.Алтынсарин көздеген мақсатына кірісті. Ауыл-ауылды аралап, халыққа кәсіптік білімнің маңызы мен мақсатын түсіндірді. Халықтан жиналған қаражатқа мектеп үйін салуды қолға алды. Торғайда, Елек қорғанында, Ырғызда, Ақтөбеде орыс-қазақ мектептерін ашты. Қазақ қыздары үшін Ырғызда жанында интернаты бар мектеп аштырды. Ы.Алтынсарин зиялы халық мектептерін ашып қана қойған жоқ, сонымен бірге балаларды тәрбиелеуге арналған кітаптар жазды. [2]

Алтынсарин бүкіл өмірін туған халқына арнады. «Қазақ халқы өз-өзін білімге құштар екенін көрсетеді», - деп жазды. Алтынсарин орыс халқы мен қазақ халқының достығына сенімді қолдаушы болды. Ол орыс демократиялық насихаттады, орыстың педагог-жазушылары К.Д.Ушинскийдің, Л.Н.Толстойдың тәжірибесін пайдаланды.

Алтынсарин ағартушы ретінде білімге табынған және білімнің қоғамды, әрбір жеке тұлғаны дамытудағы күшіне сенген.

Ы.Алтынсариннің замандастары оның еңбектерінің қаншалықты халықтың қажеттігіне жарайтындығын көзі тірісінде бағалаған.

Алтынсарин балаларды оқуға, білімге шақырған өлеңдер жазды. Солардың ішіндегі «Кел, балалар, оқылық» деген өлеңі жас өспірімдерді оқуға үміттеген жалынды ұран болып қалды. Бұл өлеңде адам өміріндегі білім мен ғылымның пайдасы туралы айтылған. [1]

Ғасырлар бойы көшпенділер байлық басы мал деп санаған. Бірақ баянды, шынайы байлық білімде екенін Алтынсарин өлеңдерінде айтып, осыған жастарды сендіруге, көзін жеткізуге тырысады. Адамды тек білім ғана бақытты, құдыретті ететіндігін көрсетеді.

«Өнер-білім, бар жұрттар» деген өлеңінде өнер-білім, техниканың пайдасын айта келіп, балаларды, жас өспірімдерді мәдениетті халықтың қатарына қосылуға, соған жетуге, солардан үлгі-өнеге алуға шақырады.

Қоғамдағы әділетсіздік тақырыбындағы ақынның шығармаларына елдегі әлеуметтік теңсіздікті, байлардың зорлық-зомбылығын, сараңдығын, кедейлердің аяусыз басып жаншуын, жер-жерлерді байларды құрметтейтінін, жоғары қоятынын әшкерелейтін өлеңдері бар. Алтынсариннің туындыларында, әсіресе, білімділік пен адамгершілік, еңбекқорлық пен қажыр-қайраттылық біртұтас өріліп отырады. Яғни, Ыбырай Алтынсарин адам тәрбиесіне қажет, ғибраты мол әңгімелерінде сабырлылық, төзімділік, мейірімділік, қанағат, әділеттілік қасиеттерді көзбен көріп, қолмен ұстағандай қысқа да нұсқа, қисынды, шебер әңгімелейді. Әңгімелерінде адам баласы бастан кешер тіршілік сабақтары әр қырынан алынып отырып өріледі.

Ағартушы Ы.Алтынсарин адамгершіліктің мынадай 7 қасиетін атап көрсетеді:

1. Имандылық.
2. Жоғарғы әділдік.
3. Адалдық, аққөңілділік.
4. Сыпайылық, момындық.
5. Адал ниетпен өсиет беру.
6. Жомарттық, қайырымдылық.
7. Дұрыс заңдылық . Яғни, жас ұрпақтың – ақыл-ойын, сезімін үйлесімділікте ұстай білетін, өнегелі мінез қалыптастырып, адамгершілік

қағидаларды меңгерген адам болып өсуіне барлық ынтасымен кірісе отырып, өзінің туындыларын сол бағытқа арнайды.

Ыбырай әңгімелеріндегі негізгі идея – адамды тіршілікпен үйлесімді өнегелі, өкінішсіз өмір сүруге дағдыландыру, баулу. Ұлы педагог ненің жайын айтқанда да құрғақ уағыз емес, жанды әрекет, қызу әңгіме, ұтымды, тапқыр шешім, ұғынықты тіл арқылы айшықтап ашады. Рас, еңбек пен өнерді игеруге шақыру халық ауыз әдебиеті үлгілерінде бұрыннан бар алайда мұндағы негізгі мақсат көшпелі өмірдің талап-тілектері төңірегінен аса адамгершілікке, бауырмалдылыққа, адал еңбек пен әділдікке, сабырлылыққа, зейінділік пен білімді еркін игеруге шақырды. Ыбырай прозасының басты ерекшелігі қазақ халқының мәдени-әлеуметтік өмірін арқау ете отырып, жаңа буын жастардың өсіп жетілуіне қажетті үлес қосу еді. Яғни, Ыбырай әңгімелерінің негізгі түйіні: жас буынды өнер-білімге үндеу, адамгершілік мінез құлыққа тәрбиелеу болып келеді. [3]

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп тәрбиелеуде ұлттық құндылықтар мен рухани мұраның орны ерекше. Жаһандану кезеңінде өзегінде адами қасиеттер жатқан Ыбырай әңгімелері аса қажет. Ағартушы қазақ халқын өмірге бейімделе білуге, сонымен қатар ақылды сараптауға, жақсылық пен жамандықты ажырата білуді әңгімелері арқылы айтты. Мысалы: «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй», әңгімелерінде адал еңбек пен адалдықты дәріптейді. «Қыпшақ Сейітқұл» атты әңгімесінде автор мал баққан халықтың жұт пен барымтаға тәуелді екенін айта келіп, жоқшылыққа ұшыраған отыз үйлі тобырдың басшысы Сейітқұлдың ақылдылығы мен тапқырлығын жастарға үлгі етіп ұсынады. Ол сауда жасауға мал жоқ, ұрлық істеуге оның түбі қорлық деп санап, өзен-сулы Қабырға деген жерге елін көшіріп келіп қоныстанады. Жұртқа кетпен беріп, аз жылда малды ауыл болып, байып та кетеді. Сөйтіп, адал еңбек, маңдай терімен байыған жұрт өзгелер батып келе алмайтындай қорған тұрғызып, қалалардан киім-кешек, азық-түлік алдырып, мамыражай өмір кешеді. Яғни, бұның астында адал еңбек түбі тек жақсылыққа апаратыны туралы ой жатса керек.

Ыбырай әңгімелерінің кереметтілігі сонда ондағы келтірілген кейіпкерлердің әйтсе де бүгінгі қоғамда кездесуі. Мысалы, оған дәлел «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесі өзге шығармаларынан тәлім-тәрбиелік сипаты жағынан жеке дара тұр деп айта аламыз. Жазушының осы бір әңгімесі талай ұрпақтың зердесінде жатталып қалды. Мұнда жазушы бай баласы Асан мен кедей баласы Үсенді басты кейіпкер етіп ала отырып, әлеуметтік мәні зор ірі мәселеге назар аударады. Баланың қалыптасуына орта мен отбасының әсер ықпалын ашып көрсету арқылы мән-мағынасы үлкен қорытынды жасайды. Жоқшылық көрмей өскен бай баласының қиын сәтте икемсіздігін, ал кедей баласының еңбексүйгіш, қиын сәтте икемділігін нанымды етіп сипаттайды. Сол арқылы өмірдің қиын екендігін аңғартады. Асан әңгімеде долайрық көрінсе, оның логикасы бірден тұйықталады. Ал Үсен оған қарап тұрып ойланады. Малдың жас тезегін көреді, жүріп өткен көштің ізін байқайды. Жанындағы серігін ертіп, алға бастайды. Қолды да, жолды да сол бастайды.

Осы әңгімені оқи отыра бүгінгі Асан мен Үсендер еске түседі. Бауыржан Омарұлы бұл туралы тамаша мақаласында талдап жазған. Өкінішке орай, қазіргі қоғамда Үсендер азайып, Асандар көбейіп барады. Еңбекке икемді, өмірдің қиыншылығына төзе білетін, одан шығу жолын табатын Үсендер аз. Абай айтқандай «жұмысы жоқ, тамағы тоқ» Асандар жетіп артылады. Ал, Үсен сияқты балаларды Асанға үлгі тұту, Асанды өмірге бейімдеу ол бүгінгі ұстаздардың парызы. Екінші мәселе, жеткіншектердің бойындағы асыл қасиеттердің бірі қайырымдылықтың жұтаңдауы. Ыбырай Алтынсариннің көрегендігі мен данышпандығы сонда, адамдарды мейірімсіздіктен сақтандыру үшін көп әңгімелерін соған арнады. Мысалы, «Аурудан аяған күштірек» әңгімесі. Баласының анасын аяғандығы мейірімділік болса, өз күнін өзі көре алатын ата-аналарын қарттар үйіне апарып тастау тас бауырлық емес пе?! Әл-Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы...» деп айтқандай білімді игертпес бұрын балаға алдымен саналы тәрбие беру керек. Ал, саналы тәрбие өзегі адами қасиеттердің бала бойында көрініс табуында. Білімді ұрпақ бойында мейірімділік сияқты қасиеттер болмаса, олардың алған білімі ел ертеңіне қауіп төндірмесіне кім кепіл?! Жаһандану заманында интернетпен қоректеніп өсіп келе жатқан бала ертеңгі ел тірегі, рухани толық тұлға бола ала ма? Жоқ... өкінішке орай, техника ғасыры бізге жеті түрлі өнер үйретсе де, ұлттық құндылық пен рухани байлықты, сайып келгенде адами қасиеттерді дарыта алмасы хақ. Мағынасы тереңде, ойға ой қосатын шығармаларды оқыту арқылы саналы ұрпақ тәрбиелеуге болады. Ал, әдебиетте адами қасиеттерге тұнып тұрған Ыбырай әңгімелері десек, қателеспейміз. Адамгершілік іспетті ізгі қасиеттерді дамытуда Ыбырай әңгімелерінің құндылығы басым. Шығармаларының қайнары оның халық тұрмысынан яки шындықтан алшақтамаған. Адам әрекеттерін болмысына сәйкес бейнелеп суреттеуде негіз етіп сол адами бағытты ұстанған. Түпкі өзек етіп «адам» болуды алған. Демек, Дала қоңырауының адами қағидалары бала тәрбиеулеуде біздің басты міндетімізге айналуы тиіс. Бүгінгі ұстаз Ыбырай Алтынсарин әңгімелерін оқу арқылы ғана саналы, ел ертеңін ойлайтын, бауырмал, патриот азамат тәрбиеленеді.

Ыбырай «Бір аллаға сыйынып, кел, балалар, оқылық, оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық!» – деген өлеңінде адамзатты білім алуға үндесе, екінші жағынан, өмірдің бір қызығы тек байлықта деп ұғатын, оқу, өнер, ғылым – білімге мән бермейтін кертартпа көзқарасқа соққы береді. Өмірде сарқылмас мол байлық – білім екендігін айта келіп, оған қол жеткізу үшін ерінбей – жалықпай еңбектенудің керектігін түсіндіреді.[4]

Ыбырай Алтынсарин - өз халқының талантты ұлы, ұлт мақтанышы. Ол қазақ халқының мәдениетін дамытуға үлкен үлес қосты, оның еңбектері мен барлық шығармашылығы тарихымыздың алтын қорына еніп, кейінгі ұрпаққа сарқылмас бай мұра қалдырды. Ол қазақ халқының жадында игі істерімен ұлы тұлға болып қалды. Мен оның шығармалары, аудармалары әр оқырманға қолжетімді болғанын, сирек мұрағаттық материалдарының жарияланғанын қалаймын, ал жас ұрпақ талантты ақын мен аудармашының жұмысын ризашылықпен зерттей отырып, оның шығармаларынан үлгі алса екен деймін. Алтынсариннің қазақ халқына білім беру тарихындағы маңызы өте зор. Біз Алтынсаринге оның алғашқы халық мұғалімі, Қазақстандағы халық

мектептерінің алғашқы ұйымдастырушысы және қазақ халқының ортасынан шыққан алғашқы теоретик-педагог ретіндегі қызметі үшін құрмет көрсетеміз.

Әдебиеттер

1.Алтынсарин Ы. Кел, балалар, оқылық: Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. — Алматы: Атамұра, 2006. — 168 б.
2.Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. — Алматы: Санат, 1997. — 859-б.
3.Қазақ Совет энциклопедиясы. — 11–т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., — 92-б.
4.Сәтбекова А. Қазақ мектебінің тағдырын ұлт тағдырынан бөле-жара қарауға болмайды // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2013. — № 17 (77). — 36, 37-б.

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ЖӘНЕ АҒАРТУШЫЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Қатысушы: Қажыбек Сымбат
Жетекшісі: Отаршинова Нургуль Тлеукабыловна
" Приречное жалпы орта білім беретін мектебі " КММ

Қазақ халқының көрнекті ойшылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының есімі еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап шынайы мәртебесіне көтеріліп, тарихта лайықты орнын ала бастады. Кезінде социалистік идеология қудалаған, теріс бағалаулар берілген талай ұлт саңлақтарының тарихи сана тұрғысынан өзінің лайықты бағасын алатын кезі келді.

Дара тұлғалардың рухани тарихымыздағы орнын анықтайтын ойшылдың өмірі мен қызметі туралы еңбек гуманитарлық кеңістіктегі заңды құбылыс деуге болады. Мәшһүр Жүсіп қазақ халқының кемеңгер әрі аяулы перзенті. Ақынның шығармашылығы мен өміріне арналған іргелі еңбектер қазіргі кезеңде Алматы мен Павлодар және басқа да қалаларында әртүрлі көлемде жарық көріп келеді. Ғылыми зерттеулер жасалып, бұқаралық ақпарат ауқымында көрініс беруде. Ал, енді солардың қатарында басылып шыққан он үш томдық ақын шығармаларының жинағын кейінгі жылдардағы еліміздегі рухани кеңістігінің жетістігі.

М.Көпеевтің шығармашылығы сан қырлы. Ол әңгімелер, мақалалар, хат-хабарлар, жазбалар жазды, Қазақ эпикалық поэмаларының түрлі нұсқаларын жинады, халық ертегілерінің, аңыздардың, мақал-мәтелдердің, әдет-ғұрып, тұрмыстық әндердің, аз танымал ақындардың саяси жарыстарының мәтіндерін жазды. Оның жазбаларында белгілі бір халықтардың шығу тегі мен рулық құрамы, қоршаған табиғаты, киімдері мен рухани мәдениеті туралы материалдар үлкен орын алады. Оның "Наша жизнь", "кого принадлежат Сарыарка",

"Увиденное за долгую жизнь" атты кітаптары танымал болды. Мәшһүр "Ер Көкше", "Ер Сайын", " Көроғлы " т.б. поэмаларын жазды. М.Көпеевтің шығармалары жас ұрпақтың өзін-өзі тануы мен өзін-өзі тәрбиелеуінің бірегей көзі болып табылады. Олар жастардың кейінгі ұрпақтарын өткен дәуірлердің сан алуан сипатымен байытады және қазақтардың қоршаған ортамен бір қарағанда көрінбейтін стихиялық байланыстарын табуға мүмкіндік береді, адам тәрбиесіндегі адамгершілік-рухани білімнің рөлін анықтауға ықпал етеді. Оның қолжазба мұрасының едәуір бөлігі этика, педагогика, психология,

жаратылыстану және дін мәселелеріне, қазіргі қоғамның моральдарын талдауға арналған. Өзінің көптеген шығармаларында ("ғылымға құрмет көрсете отырып"," бүгінгі қазақтардың кәсібі туралы"," барлық жерде мен өмірлік серіктес іздедім"," хат " және т.б.) ол өз заманының қоғамдық, саяси және мәдени өмірінің көптеген мәселелерін қозғады, әлеуметтік теңсіздік, ағарту, сөз бостандығы, өнердің мақсаты туралы айтты. М.Көпеевтің барлық шығармаларының желісі этика мәселелері болып табылады.

М.Көпеевтің пікірінше, білім-өмірдің жоғары рухани мағынасын табудың құралы. Жалпы Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің еңбектері-өмірдің шексіз тұңғиығындағы философияның терең мұхиты. Өз шығармаларында ол халықтың қоғамдық және мәдени өмірінің көптеген мәселелерін қозғайды. Өз еңбектерінде Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазақ халқының қоғамдық және мәдени өмірінің көптеген мәселелерін қарастырды, оларды адамгершілік ағартуға шақырды, этикалық қағидалар мен таным нысандарының типологиясын әзірледі.[3, 67]

Машһүр-Жүсіп Көпеевтің шығармаларынан: "... қазақтың ауызша әндері, жоқтаулары, жұмбақтары, айтыстары рухани тарихтың негізі болып табылады.Ауыз әдебиеті жоқ елдің тарихы толық болмайды. Қазақ халқы мәдениетінің толық тарихын жазу үшін ауызша әдебиет жетіспейтін белгілі".
Сабақтарда оқушылар ағартушылардың, өткен және қазіргі рухани ұстаздардың шығармаларын оқиды, астарлы әңгімелер, рухани-адамгершілік мазмұндағы ертегілерді оқиды, бұл баға жетпес халық шығармашылығын құрайды, оны ұрпақтан-ұрпаққа сақтау және жеткізу қажет. [4, б. 19].

Мәшһүр Жүсіп этикалық адамгершілік негізі болып табылатын діни негізде құрылады деген тезисті алға тартты. Ол дінді теңдестіретін құбылыс және этиканың үйлесімді негізі деп санайды. Көпеевтің пікірінше, әлемге діни және этикалық көзқарас сенсорлық принципті жеңе алады, ал адамның мінезі ізгіліктерді түсіну және дамыту жағдайында жақсарады.
Ойшылдың діни және этикалық көзқарастарын талдау, бақыт мәселесі адамның өмірлік ізденістерімен тығыз байланысты болады деген.
М.Ж.Көпеевтің түсінігінде бақыт ізгілік пен адамгершілік өмір салтының салдары. Философ оның негізінде қалаудың сөзсіз орындалуына ие болмауы керек, бірақ тілектер мен қажеттіліктердің ақылға қонымды өлшеміне байланысты болуы керек деп тұжырымдады. Мәшһүр Жүсіп жазған:
"Табиғи адам-қанағатты.
Қанағатты адам тиянақты.
Тиянақты адам қайғысыз.
Қайғысыз адам бақытты.
Ендеше есті адам бақытты бастау" [5, с. 22].
("Ақылды адам-орташа. Орташа адам-тұрақты. Тұрақты адам шыдамды. Қарт адам қайғы-қасіретті білмей өмір сүреді. Бейқам адам бақытты. Сондықтан ақылды адам бақытты").
Жалғыз емес, шынайы достары бар адам нағыз бақытты. Яғни, данышпанның пайымдауынша, бақытты әл-ауқаттың негізі әр адамның басқа біреудің бар екенін бағалау сезімінен бастау алады. Бақытты отбасылық өмір, ақылды әйел бақыт, бірақ келіспеушілік, өзара түсіністік пен сүйіспеншіліктің болмауы, үй шаруашылығын жүргізе алмау, үй иесінің жалқаулығы үлкен мәселе.

М.Ж.Көпеев материалдық байлықты бақыттың құрамдас бөліктеріне жатқызды, әрине, жинақтау мен байытуға деген ұмтылысты жоққа шығарды. Ойшыл адал мұсылман өзінің байлығынан кедейлердің қажеттіліктеріне жұмсау керек екенін атап өтті, өйткені жомарттықсыз жинақталған жақсылық мемлекет иесінің өзі үшін зұлымдыққа айналады.

Шынында да, адамның ұмтылыстарының, ақыл-ойларының және тілектерінің алуан түрлілігі бақыт туралы әртүрлі түсінік береді.

Ежелгі заманнан бері қазақ үшін бақыт адамның еркі мен тілегіне тәуелді емес, ол жоғарыдан келген сый болған. Көбінесе бұл сәттілікпен байланысты деп есептеген. Егер бақыт жоғарыдан жіберілсе, онда қазақ ойшылдары адамға оны сақтау үшін күш салу керек деп санайды. Мәшhүр Жүсіп жазғанында:

"Көрінбеген нәрсені аламын деп,

Айырылма қолыңдағы барлығынан " [2, 57 Б.].

("Белгісіз нәрсені қуып, қолыңыздағы нәрсені жоғалтпаңыз немесе жіберіп алмаңыз").Адамның бақыты, оның мәні мен оған жету жолдары барлық уақыт пен халықтардың этикасының басты мәселесі болып табылады. Осыған орай әр түрлі тәсілдер мен әртүрлі шешімдер ұсынылуда. Мысалы, гедонизм деп аталатын этикалық ілім мінез-құлықтың негізгі қағидасы және ләззат алуға деген үлкен ықылас деп саналды. Тағы бір ілім - эвдемонизм - бақытқа ұмтылуда өмірдің ең үлкен игілігі мен мақсатын көрді. Өмірді түсінудің эвдемониялық принципі бүкіл араб-мұсылман философиясына тән болды.

Дәстүрлі қазақ қоғамында "бақыт" категориясы ерекше мәнге ие болды. Мүмкін, тек осы тұжырымдамада өмірдің қалай дамитынын ішкі қанағаттану сезімінде көрінетін әртүрлі артықшылықтар оңтайлы түрде біріктіріледі. Бақыттың мазмұнында, әдетте, адамның өзіне байланысты және оның бақылауынан тыс сыртқы жағдайлар алдын - ала анықталған нәрсе бөлінеді. Қазақ бақытты жоғарыдан берілген рақым деп түсінді. Бірақ бақыт қазақ ойшылдарының пайымдауынша, әлемнің өзі сияқты өзгермелі. Егер бақыт өзгергіш болса, онда бақытқа жетелейтін адами қасиеттер тұрақты, ал жақсылық мәңгі болады. Қолөнер адамның тәуелсіздігі мен әл - ауқатының сенімді көзі болып табылады, ол байлық пен дәрежеден жоғары. Қазақ ойшылдарының пікірінше, байлық пен шеннен бір рет айрылуға болады, ал кәсіп - бұл байлық, адамның тағдыры қай жерде болмасын, оның қадір-қасиетінің, айналасындағыларды құрметтеудің КЕПІЛІ.

Мәшhүр Жүсіп Көпеевтің рухани мұрасы- ақыл мен жүректің, сопылық мистицизм мен ұтымды білімнің, философиялық публицистиканың және лириканың қосындысы, бұл ішкі біртұтас білім екі ақиқат - поэтикалық және ғылыми қиылысындағы логикалық мағыналардың "сезімінде" туады, олар жеке өмір сүруді тоқтатады, бірақ белгілі бір құндылыққа біріктіріледі жеке тұлғаның еркін және жауапты шығармашылық таңдауын анықтайтын параметр. Бұл ретте нақ осы адамгершілік жауапкершілік бірінші кезекте қазақ философиялық ойының сипаты мен мақсатын айқындады.[1, 81 б]

Әлемді философиялық түсінудің және гуманистік бағдарлаудың жарқын мысалы болып табылатын Көпеев ойының импульсі мен ырғағы ойшылды бүкіл өмірін толғандыратын бір негізгі мәселемен анықталды. Бұл - халықтың өмірінің бастауы, халықтың тағдыры, оның адамгершілік ұмтылыстары мен мұраттары, оның жалпыадамзаттық құндылықтар мен прогреске ену мүмкіндіктері. Мәшhүр

Жүсіп Көпеевтің жоғары адамгершілік пафосына және адамның шығармашылық күштерінің көрінісі ретіндегі мәдениеттің гуманистік мәні туралы терең ойға бойлаған, бүкіл әлемді, соның ішінде Қазақстанды қамтыған жаһандану дәуіріндегі діни-философиялық көзқарастары ұлттық бірегейлікті, өзіндік бірегейлікті және рухани жаңғыруды іздестіру жағдайында болашақ перспективалардың бағытын айқындай отырып, қазіргі заманның адамгершілік бейнесі мен мағынасын қалыптастырады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында тарихи және қоғамдық сананың ашықтығының маңыздылығын атап, рухани болмысымыздың кілті – ұлттық кодты жүйелі түрде талдап көрсеткен болатын. Ұлттық код ұлы тұлғалар өмірінің ақтаңдақтарын ашып көрсетуді, олардан алар ұлағатты тағылымды ұрпақ бойына сіңіруді құптайды. Өткен ғасырдағы қазақ тарихының көрнекті тұлғасы – ағартушы, шежіреші, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, көрнекті ақын, публицист әрі этнограф Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының біз біле бермейтін қырлары өте көп.

Оқырмандарға ғұлама, ғалым, тарихшы, философ, ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармаларын оқуды ұсынамын. Қазір Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығына арналған сайт бар. Ішінде монография, оқулықтар, т.б. деректер енгізілген. 2006 жылы Ескелдіде Мәшһүр Жүсіптің мавзолейі салынған. Оның қасында екі қабатты қонақ үй салынды. Музейі бар. Ол жерде жаңа туризмдік инфрақұрылымдар салынуда. Соның барлығы өткенді насихаттау ғана емес, ендігі ұрпақтың игілігі үшін. Елбасының «Болашаққа бағдар, рухани жаңғыру» атты мақаласы бойынша көптеген істер атқарылып жатыр. Соны пайдалана білейік!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қуандық Мәшһүр Жүсіп «Абай және Мәшһүр Жүсіп: көркемдік үндестік» // «Қазақ тілі мен әдебиеті», 2005 ж., №10.
2. Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1-том. - Павлодар, 2010. - 308бет.
3. Ғ.Есім Адам-зат. Философиялық эсселер кітабы –Астана, 2008. - 381бет
4. Мамытова С.Н. Исторический процесс в интерпретации М.Ж. Копеева: диалектика божественного и человеческого // Известия НАН РК. - Серия общественных наук, 2009, № 2. – стр. 17-19.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТІЛШІ-ҒАЛЫМ

Қатысушы: Қуаныш Еркебұлан
Жетекшісі: Каирбеков Ербол Ерланович
« №45жалпы орта білім беретін мектеп» КММ Семей қаласы

Ахмет Байтұрсынұлы (5қыркүйек 1872 жыл, қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Аққөл ауылы 8 желтоқсан 1937, Алматы) — қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ мәдениетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Ол – Құдай берген талантын туған халқына деген сүйіспеншілікпен суғарып, толассыз еңбекпен шыңдаған қайсар да қаһарман ғалым. Ол – қараңғылық тұңғиығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы.

Не оқыту жүйесі, не өзіндік жазуы қалыптаса қоймаған, мал соңына ерген, малмен бірге ұйықтап, малмен бірге жусаған қалың ұйқыдағы халқының қамын жеп, сауатын ашпақ боп сары масадай ызыңдаған үлкен ақын, талантты тілші, шебер аудармашы, түркі тілдес халықтар үлгі тұтқан түрколог, қоғам ісіне араласқан мемлекет қайраткері. Бұл санамалап отырған атақ, дәреже, лауазымдардың өзінен өзі келмегені мәлім. Ол талмай ізденіп, тамаша туындылар берген. Өмірдегі басты мақсатын – туған халқына қызмет ету деп түсінген Ахаң (Ахмет Байтұрсынұлы) – небір тар жол, тайғақ кешулерден өте келе тамаша еңбегімен қазақ халқының ары мен ұятына айналған өте күрделі де, көсем тұлға. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым.

А. Байтұрсынұлы 20 ғ. басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге дейін көтерді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы қазақ тіліне А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ф.Вольтер, С.Я.Надсон өлеңдерін аударды. Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектеінің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалған еді. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Байтұрсынұлының Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек болып саналады. Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасауда өзінің үлкен үлесін қосты. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды. Сөз өнері жайында жазылған әлемдік ғылымның ең үздік үлгілерін пайдалана отырып, әдебиеттанудағы ұғым, термин, категориялардың соны ұлттық үлгілерін жасады. Мысалы, меңзеу, теңеу, ауыстыру, кейіптеу, әсірелеу, алмастыру, шендестіру, үдету, түйдектеу, кекесіндеу, т.б. «Әдебиет танытқышта» ақындық дарын табиғаты, шығармашылық психологиясы, шабыт стихиясына ғылыми тұжырым берілді. Өлеңге жан-жақты зерттеу жасап, шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас, т.б. ұғымдарға анықтама берді.

А.Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелерінің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қам қылды. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға

келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген.

Қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді.

«Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл грамматикалық терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ А.Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. А.Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды - жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу- ағарту идеясына сол кезіндегі интелегенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды.

1926 жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. «Тіл-құрал» тек мектеп

оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тілі білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі - ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жарыққа шығаруда А.Байтұрсынұлы зор еңбек сіңірді Қазақ ауыз әдебиетінде молынан сақталған жоқтау-жырларын арнайы жүйелеп, сұрыптап, 1926 ж. «23 жоқтау» деген атпен жеке кітап етіп жариялады. А.Байтұрсынұлы қазақ тілі білімін 20 ғасырдың бас кезінде қалыптастырып, оның ірге тасын қалады. Араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы болды.

Қалай десек те, Ахмет Байтұрсынұлы – өте күрделі кемеңгер тұлға. Біреу білер, біреу білмес. Ахмет Байтұрсынұлы – алғашқы ғылым және білім министрі болған жан. 1920-1922 ж.ж. Өлкелік Халық Комиссариаты жанындағы Академиялық Орталықтың төрағасы қызметін атқарады. Бұл орталық қазіргі білім министрлігімен тең ұжым. Халық ағарту комиссариаты жанынан құрылған Академиялық орталықтың (Академцентр) тұңғыш төрағасы ретінде Қазақ елінің ғылымын академиялық жолмен басқаруды ұйымдастырудың негізін қалады. Ахмет Байтұрсынұлының бастауымен Алашорда қайраткерлері әр салада ғылыми зерттеу жасап, оқулық жазуға кіріседі. Мәселен, М.Жұмабаевқа педагогика, М.Дулатовқа есеп құралын, Х.Досмұхамедұлына сингармонизм жазуды тапсырады. Кейін Х.Досмұхамедұлы медицина, Ж.Аймауытов психология, Әлімхан Ермеков математика ғылымдары бойынша еңбек еткен. Қазақ ғылымында бұл дәуір тіпті "Байтұрсынұлы дәуірі" деп аталған. Осы ойдан қазақтың ғылымы мектеп оқулықтарынан басталады деп айтуға толық негіз бар.

Реформатор-ғалым Ахмет Байтұрсынұлы "Ана тілі айбары" төс медалі және "Ғасыр саңлағы" алқа белгісімен марапатталды.

Қазіргі таңда Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері АҚШ-тың Колумбия университетінде, Жапонияның Хоккайда университетінде, Түркияның Ыстамбұл университеті мен Ресей Ғылым Академиясында сақтаулы тұр.

АҚШ ғалымы Эдварт Аллуорт "Ахмет Байтұрсынұлы – арлы, саналы, намысты ортадан шығып, орысша оқып, еліне жанашыр, қайырымды, ізгілік жолында болған азаматтардың бірі. Қазақ әліпбиінің негізін қалаған жан. Жадизм
лидері" деп сипаттаған. Жадизм дегеніміз – заманауи ғылым, еуропалық білім дегенді білдіреді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.“Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.ISBN 9965-26-096-6

2. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет.ISBN 9965-893-73-X

3. https://qazaquni.kz/2012/12/06/14085.html

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ГЕНДЕРЛІК СИПАТЫ

Қатысушылар:Әлібекқызы Амангүл, Мақсұтқан Мирас
Жетекшілері: Жумабаева Бақыт Назировна,
Курманбаева Жанагуль Кабдуалиевна
«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №47 жалпы
орта білім беретін мектебі» КММ Семей қаласы

Гендерлік лингвистика — ерлер мен әйелдердің биоәлеуметтік субъект ретіндегі тілдік қолданыс ерекшеліктерін, айырмашылықтарын айқындайтын, осы белгілерді мақсатты түрде зерттейтін ғылым саласы.

Гендерлік саясат мемлекеттік саяси ахуалдың ерлер мен әйелдер арасындағы қатынасын реттейтін тұжырымдар болса, гендерлік статистика ерлер мен әйелдердің қоғамдық қатынастарда алатын орнын айқындайды. Гендерлік ғылым жыныстар арасындағы мәдени-символикалық ерекшеліктерді қарастырады. Гендерология ілімі гендерлік зерттеулердің негізін құрайды.

Тіл арқылы адам факторын тануда басымдыққа ие бағыттың бірі - гендер мәселесін лингвистикалық тұрғыда зерттеу. Ерлер мен әйелдердің тілдік қатынас барысындағы сөз қолдану ерекшеліктері оларды биоәлеуметтік субъект ретінде тануға негіз болып қана қоймай, ұлттық мәдениеттің, салт-дәстүрдің, психологияның тілдегі көрінісін сараптайды. Гендер мәселесі, тілдегі сипаты адам мен тілді біртұтастықта зерттеуге негіз болып, мәдени-әлеуметтік феномен ретінде танылады. Оның мазмұны «тіл-ұлт-қоғам-таным» төрттаған тұжырымы аясында ашылады.

Жасөспірімдер арасындағы коммуникацияның гендерлік сипатын анықтай отырып, оған психолингвистикалық тұрғыдан талдау жасаудың өзектілігі мынада: біріншіден, коммуникацияның психолингвистикалық құбылыс екенін танытады; екіншіден, коммуниканттар - гендерлік тұлға; үшіншіден, жасөсірімдер коммуникациясының психофизиологиялық ерекшеліктерінің тілдегі көрінісін анықтайды; төртіншіден, адамның психикалық қасиеттері мен тілдің өзара байланысын анықтайды; бесіншіден, психология мен тіл білімінің өзара байланысы гендерлік лингвистиканың аралық сала ретінде жұмсалатынын көрсетеді.

- Жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылығына қарай қыздар мен ер балалардың сөз қолданысында ерекшеліктер болады.
- Жасөспірімдер арасындағы тілдік қатынастың психолингвистикалық парадигмасы психологиялық құбылыс, психологиялық деңгей, психологиялық ойлау жүйесі арқылы тілдік ойлау психологиясымен сабақтасады.

Қыз балалар ер балаларға қарағанда жаны ашу, мүсіркеу, аяуға байланысты сөздерді жиі айтады;

- Сезімнің түрлі қырларына байланысты жасөспірім қыздар мен ер балалар арасындағы коммуникация барысында қуанғанда, таңырқағанда, шошынғанда, қорыққанда, ашуланғанда түрлі тілдік бірліктер қолданылады;
- Тілдік коммуникация барысында ойын жеткізу мақсатында болатын сөйлем құрау әдісі де қыздар мен ер балалар арасында ерекшеленеді;
- Бейвербалды қарым-қатынас жасау(ым-ишара) ұл балалар мен қыздар арасында ерекшеленеді;

- Жасөспірімдер арасындағы тілдік коммуникацияның гендерлік сипаты ұлттық болмыс пен оған тән тілдік дүниетаным мәселелерімен ұштасады.
- Жасөспірімдер арасындағы коммуникацияның гендерлік ерекшеліктерінің қалыптасуына биологиялық, әлеуметтік, психологиялық факторлар себеп болады

Адамзат қоғамындағы гендерлік түсінік гендерлік саясат, гендерлік статистика, гендерлік ғылым аясында тоғысады. Гендерлік саясат мемлекеттік саяси ахуалдың ерлер мен әйелдер арасындағы қатынасын реттейтін тұжырымдар болса, гендерлік статистика ерлер мен әйелдердің қоғамдық қатынастарда алатын орнын айқындайды. Гендерлік ғылым жыныстар арасындағы мәдени-символикалық ерекшеліктерді қарастырады. Гендерология ілімі гендерлік зерттеулердің негізін құрайды.

Ерлер мен әйел тіліндегі ерекшеліктерді айқындайтын биоәлеуметтік факторлар негізінде гендерлік лингвистика әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттаным, этнолингвистика, когнитивті лингвистикамен сабақтасып, психолингвистикамен тығыз қарым-қатынаста жұмсалады. Тілдегі гендерлік ерекшеліктер тілтанымды айқындаудың бірден-бір жолы болса, оның мазмұны ауызекі сөйлеу тіліндегі, жазба тіліндегі, бұқаралық ақпарат тіліндегі ерекшеліктер тұрғысында сарапталады. Ерлер мен әйелдердің мінез-құлқы, қоғамдағы еңбек бөлінісі, анотомия-физиологиялық, мәдени-эстетикалық ерекшеліктері барысында гендерлік лингвистиканың прагматика саласындағы мәні, әлеуметтік лингвистикамен байланыста даму жолдары, философиялық таным теориясындағы орны, психолингвистикамен байланысы айқындалады.

Қарым-қатынаста тіл ойды ғана емес, сонымен қатар адамның жандүниесін, сезімін де білдіре алады. Психологиялық құбылыстармен қатар тілің адам санасындағы орнын зерттейтін психология ғылымынң да сөйлеу процесінде гендерлік ерекшеліктерде алатын өзіндік орны бар. Яғни гендерлік лингвистика тек тіл білімі салсында ғана емес, психологияның да үлесіне тиетін мәселе болып табылады. Қазақ тіл білімінде ерлер мен әйелдер арасындағы тілдік қарым-қатынаста гендерлік ерекшеліктердің болатыны Г. Мамаева [4], А. Сейсенова [5], А. Қобыланова [6] еңбектерінде кездеседі. Тілдегі гендерлік ерешеліктер мәселесі соңғы жылдары ғана Қазақстандағы социолог, психолог, тілші, әдебиетші мамандарды қызықтырып жүр. Ол зерттеулерден біздің бұл ғылыми жобаның ерекшелігі - коммуникациядағы гендерлік сипаттты жасөспірімдердің психологиялық, физиологиялық,ұлттық мінез-құлықтарын ескере отырып қарастыруболып табылады. Ұлттық мәдени категориялар жүйесін құрайтын мәдени константалар ұлттық сипаттағы гендерлік ұғымдар мен олардың белгілерін тілдік факт тұрғысында айқындайды. Қазақ мәдениетіндегі қыз баланы тәрбиелеу,

қыз ер жігітке қойылатын талаптар және дәстүрлері ұлттық менталитеттің ерекшеліктерін айқындайтын гендерлік жіктелімнің негізі болып табылады. Осы дәстүрге сай қолданылатын тілдік бірліктердің формалық және логика-семантикалық белгілеріне қарай концепт теориясындағы гендерлік ассоцация қалыптасады. Қазақ ғылымындағы гендер концептісінің тақырыптық-ассоциативтік топтары: қыз баланы, ұлды тәрбиелеу және қазақ мәдениетіндегі қыздың мінез-құлқы мен ер жігітке қойылатын талаптар, жігітке тән қасиеттер т.б. бар.Гендерлік ерекшеліктерді айқындайтын мәдени арнаға қазақ халқының

ұлттық мәдени ерекшелігін танытатын туыстық қарым-қатынас атаулары мен киім-кешек, зергерлік бұйымдар сияқты этностық атаулардың қолданысы және ерлер мен әйелдерге қатысты салт-дәстүрлердің негізінде қалыптасқан тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, троп түрлері жатады. Әр халықтың киім кигеніне, әшекей тағуына қарап, олардың әлеуметтік жағдайы, жыныстық ерекшелігі, жас ерекшелігі, этникалық ортасы ажыратылады. Қазақ халқы тымақты қадір тұтқан. Е. Жанпейісов тымақтың этнолингвистикалық табиғатына сипаттама бере келіп, оның мынадай түрлерін атап көрсетеді: төрт сай қарқаралы тымағы; алты сай сырма найман тымағы; жіңішке, ұзын төбелі керей тымағы; сегіз сай уақ тымағы; төрт сай аласа төбелі тобықты тымағы; алты сай тобықты тымағы т.б. [12, 130 б.].

Тымақтың ерекшеліктері оны киген адамның қай рудан, қай жүзден екенін танытатын белгі болып саналған. Мұндай деректер гендер мен тілдің тарихи байланысын ашып көрсетеді. Әйелдер мен ерлер әр заманда әралуан мәдени кеңістікте өмір сүре отырып, қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық т.с.с. өзгерістерді өздерінше қабылдайды. Сол қабылдағаны тіл арқылы көрініс тауып отырады. Тілдік тұрғыдан келгенде, қазақтың болмысын танытатын осы қасиеттер этнолингвистикалық факторлармен сай келеді. Этнолингвистикалық факторларда халық өмірінің сипаты, ұлттың психологиясымен қоса гендерлік ерекшеліктер де көрініс табады.

Гендерлік концепт мәдениеттаным, этностық болмысты тану, әлеуметтаным, психологиялық таным парадигмасы жүйесінде қарастырылып, олардың интеграциялану гендерлік концепт аутропологиялық орталыққа айналады. Гендерлік концепт теориясы адамзатқа қатысты объективті және субъективті субстанция ұстанады. Объективті ұстанымнан тілдің адамзатқа қатысы айқындалып, адам баласының ақыл-ойы, сана-сезімі, түйсігі туралы хабар айқындалады. Субъективті ұстанымнан адамзаттың әлемге қатысы айқындалып, адам баласының дүниетанымы, білім қоры, мәдениеті т.б көрінеді. Олардың тұтастығынан ғалам бейнесі көрініс табады. «Ғалам бейнесі белгілі бір құбылысқа тән танымды эстетикалық құндылықтарды айқындайтын шексіз тұрмыс көріністері» [3, 28 б.]. Гендерлік концепт адам санасында дүниенің логикалық бейнеленуі ұғым категориясымен ұштасатын лексемалардың қалыптасуына, олардың атаулары тілдегі гендерлік ерекшеліктердің ұлттық сипатын айқындауға негіз болады.

Қорыта келе, тілдік таңбалардың гендерлік сипатын психолингвистикалық заңдылықтар тұрғысында зерттеу этностың әлеуметтік экономикалық өмірі мен қоғамдық сананың ерлер мен әйелдер арасындағы ерекшеліктерін айқындаудан көрінеді.

Қоғамдағы жынысаралық ерекшеліктер гендерлік лингвистиканың әлеуметтік жіктелімін айқындайды, ер балалар мен қыздардың психологиялық ерекшеліктері гендерлік лингвистиканы психолингвистикамен сабақтастырады;

Жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылығына қарай қыздар мен ер балалардың сөз қолданысында ерекшеліктер болады.

Жасөспірімдер арасындағы тілдік қатынастың психолингвистикалық парадигмасы психологиялық құбылыс, психологиялық деңгей, психологиялық ойлау жүйесі арқылы тілдік ойлау психологиясымен сабақтасады.

Қыз балалар ер балаларға қарағанда жаны ашу, мүсіркеу, аяуға байланысты сөздерді жиі айтады. Сезімнің түрлі қырларына байланысты жасөспірім қыздар мен ер балалар арасындағы коммуникация барысында қуанғанда, таңырқағанда, шошынғанда, қорыққанда, ашуланғанда түрлі тілдік бірліктер қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жарықбаев Қ. Психология. Алматы, 1994.
2. Тәжібаев Т. Жалпы психология. Алматы, 1998.
3. Мамаева Г.Б. Физиологияның ер және әйе сөйлеу тілдерәіндегі рөлі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, 2002. [18 (52). Б. 99-103]
4. Сейсенова А. «Лингвистикалық мәдениеттану: этикет формаларын салыстырмалы талдау. Алматы, 2001.

Ғ. ҚҰЛАХМЕТ- ШОЛПАННЫҢ ЖҰЛДЫЗДЫ ТҰҒЫРЫ

Қатысушы: Какантаева Назгуль Торекановна

Жетекшісі: Елеусизова Назигуль Толегеновна

Үрджар ауданы «Жанай орта мектеп -бақшасы» КММ

Ғабиден Құлахмет (1955ж 19 сәуір күні қазіргі Абай обылысы Аягөз ауданы Шолпан ауылында дүниеге келген-2006ж өмірден озған). Дарынды ақын, көрнекті жазушы Ғабиден Құлахметтің шығармалары орыс, парсы, моңғол, шешен, украин т.б. тілдерге аударылған. Ақынның өлеңдерін оқығанда өзекті өртеп, әлдебір құпия мұң, аңсар сағыныш, жұмбақ шер шүлпілдеп жыр тамырын кернеп сыртқа теуіп тұратындай болады.

«Көзімнің қарасы», «Ақ бастау» атты алғашқы жыр жинақтарымен-ақ қазақ поэзиясына ұлттық нақыш дарытқан талантты ақынның кейінгі шыққан «Ұрпағың үзілмесін», «Көл түбіне кеткен ел», «Ердің сыны», «Жалғыз бөлтірік», «Серінің соңғы сәлемі» атты хикаялары мен «Үйірі жоқ көкжал» романы проза саласын жанрлық тұрғыдан байытып, түрлендіргенін әдебиетшілер жақсы біледі. Шығармалары кезінде республикалық «Жалын» баспасы ұйымдастырған жабық бәйгенің екі дүркін жүлдегері, «Алаш» әдеби сыйлығының иегері атанғанын да оқырмандар ұмытпаған болар.

Әйгілі Тарбағатайдың баурайында Мыңбұлақ, Лайбұлақ, Текебұлақ, Тасбұлақ, Суықбұлақ деп кете беретін қыз бұрымындай мың сан тарау бұлықсыған бұлақтардан нәр алатын тостағандай Шолпан ауылы бар.

Сағынышпен сенделтіп мың сан ағын,
Өкініштен ішем де жыр шарабын.
Шолпан деген ауылды есіме алып,

Шолпан жұлдыз, Өзіңе мұң шағамын, - деп, Ғабиденнің университетте бірге оқыған үзеңгілес досы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Ұлықбек Есдәулет тебіреніспен жырлаған.

Сол Шолпан ауылынан шыққан шолпан жұлдыздың ақындығымен қатар жазушылық таланты да бар. Оның жеті ата, ұрпақ, аға, бауыр, әпке т.б қатысты тағылымды әңгімелері оқырман көңілінен шыға білген. Солардың бірі де бірегейі "Үйірі жоқ көкжал" романы 234 беттен тұратын бұл роман алғаш 2003жылы "Өнер" баспасынан басылып шыққан. Бұл романды жазуға, нарық заманында көптің үстінен күн көріп, қалталарын ақшаға сықаған алаяқтар мен жемқорлардың жымысқы әрекеттері арқау болған. Шығармада мол ақшаны

судай сыпырып, халық атынан сөз сөйлеп жүрген интеллигент бизнесмендердің арам істері мен лас іздерін бүркеу үшін достарымен ауыз жаласып, туыстарының көзін жоюға бекінген адамдар жайлы айтылады. Бұндай адамдар қазіргі таңда да кездеседі яғни ақшаны адалынан таппай, халықты алдап, өз қара бастарының қамын ойлап жүргендер қаншама.Осы романның ішінен мысалға алған бірнеше адамдар бар солардың бір екеуіне тоқтала өтсем Михаил Иманбаев.Алматы қалалық ішкі істер басқармасының бөлім бастығы . Сондай ақ осыған ұқсас жайттың бірі Қаhарман Қуанышев 1994жылдан бастап Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының тергеушісі. Бұл адамның да жағдай Михаил Иманбаевтың жағдайына ұқсас. Шығармадағы кейіпкерлердің бұралаң тағдыр жолдары бейнеленген.Осы романдағы адамдардың көбі парақор адамдар. Былайша айтқанда халықтың алғысын емес қарғысын алып жүрген жандар.Осы шығармадағы адамдарға ұқсамай таза ақша табайық. "Еңбектің наны тәтті ",- дейді ғой бірақ арам жолмен ақша тапқаннан қарағанда адал жолмен ақша тапқанның өзі бір мәртебе.

Романды оқысаңыз, қандай өмірдің ащы шындығымен жанды тебірентер сәттерге куә боласыз. Одан бөлек жазушының «Жыл он екі ай» «Ақ бастау» «Ұрпағың үзілмесін» атты шығармалары оқырман қауымға кеңінен танымал.

Әдебиет дейтін сиқырлы әлемнің терең қатпарларына бойлаған, сөз дейтін киелі де қасиетті өнердің өріне құлаш бойлаған Ғабиден Құлахметтің есімі тарихта қалатыны сөзсіз. Аттары аңызға айналған талай саңылақ тұлғалармен жүздесіп қызметтес болған Ғабиден Құлахметтің Ғазиз, Шыңғыс, Тоғжан,(Төртінші ұл баласы болған алайда ғұмыры ұзақ болмай кекілі желпілдеген қолдыаяқты бала анасының қасында шекілдеуік шағып келе жатып, тұра жүгіріпті де, түкіріп үлгермеген қабығы сәбидің қолқасына қадалып қалған екен) атты екі ұл бір қызы бар. Балалары беделді қызметтерді атқарып келеді, Ғазиз Құлахметов ҚР мәжіліс парламенттінің депутаты болған. Қазір де Астанда тұрады. Шыңғыс Құлахметов" med365"компаниясының басшысы.Қазірде Астана қаласында тұрады.Ал қызы Тоғжан Құлахметова халықаралық қатынастың маманы.Түркия елі Алания қаласында тұрады.

Қазірде Ғазиз бен Шыңғыс Құлахметовтар өздерінің туған ауылдарына қолдарынан келгенше көмек беруде, атап айтқанда, былтыр болған Ғ. Құлахметов оқуларын өткізіп оқушыларға қомақты ақшалай сыйлық берген болатын.Осы жылы да Ғ. Құлахмет оқулары өткен болатын. Сондай- ақ Шолпан ауылының бір топ оқушыларын еліміздің бас қаласы Астанаға саяхаттатып, ЭКСПО- ны көрсетіп, Мәжіліс залын, яғни жұмыс орнын көрсетіп, ауылдың қара домалақтарына жақсы демалыс ұйымдастырды. Бұл игі іс -жас өрендердің дүниетанымын дамытып, рухани мәдениетке жетеледі.Оған қоса, Шыңғыс Құлахметов Шолпан ауылындағы әкесі салдырған Алланың үйін күрделі күрделі жөндеуден өткізіп бергені көз қуантарлық.Тағы бір қуанарлық жайт "Ауыл азаматтары, жастары жасөспірімдері, балалары- еліміздің саяси-экономикалық,әлеуметтік-мәдени

дамуының негізгі қозғаушы күшіне айналуы тиіс. Біздің ел Ай-Таңсықтың арасында, ауылымыз Аягөздің жағасында.Мемлекеттің басты құндылығы-адамдар.Олай болса мектеп оқушыларына лайықты білім,жайлы орта жасауға көп күш керек" -, деген әкесінің өсиет-аманаты ұлы Шыңғыс Құлахметовтың арқасында жалғасын табуда. Биыл 2022-2023ж. ж жаңа оқу маусымынан

Жүзағаш орта мектебінің 5-11сыныптың үздік оқушыларына шәкіртақы тағайындаған болатын.

«Бес жыл ажырамастай болып бірге жүрген пенделердің кейін, өмір соқпақтарының қақпақыл иіріміне түскен сәтте жеке басымен қайғы боп, бұрын-соңды білмеген, көрмеген жат адамдай қара үзіп, хабарласпай қоятындары қаншама?! Ғабиден ол санатқа қосылмайтын, кеудесі сағынышқа толы, оқта-текте кездесе қалғанда кеудесінен жүрегін жұлып алғандай, саған қарай құшағын ашып, құстай ұшатын ақ көңіл, дарқан мінезді азамат еді», - дейді группалас досы Қуаныш Жиенбай.Әр араласқан достары, группаластары Ғ. Құлахмет туралы жақсы пікірлерді танытуда.

Артына өшпес із қалдырған Ғабиден Құлахметтің 65 жылдық мерейтойына орай 2020 жылы Алматы қаласындағы Бөгенбай батыр көшесі мен Назарбаев даңғылы қиылысындағы ақын тұрған сәулетті үйге ескерткіш тақта орнатылды. Бүгінгі таңда талантты тұлғаның атында түрлі байқаулар мен еске алу кештерінің ұйымдастырылып жатқаны көңіл қуантады. Себебі «Өлді деуге болама айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған»,- деп ақиық ақын Мұқағали Мақатаев жырлағандай артына өшпес сөз қалдырған тұлғаның отты жырларын өшіріп алмау келекшек біздің мақсатымыз.

Жүзағаш орта мектебінде өткен Ғ. Құлахмет оқуларына қатысып, Ғабиден Құлахметке арнау тарту еткен едім:

Ғабиден Құлахмет атама арнау

Жыр арнадым ақын аға өзіңе
Өзің басқан топырақты сезіне
Шолпан түгіл, Шығысым да шырайлы,
Мақтан тұтып, марқайады өзіңмен
Сағынышың-жұмбақ жылдар сырлы ойлар,
Үйірі жоқ көкжал сынды түрлі ойлар
Ақ бастаудан жыр боп шығып, құйылып,
Оқырманға салып жатыр сырлы ойлар.
Журналистік қырыңызбен танылып,
Жалындатып "Жалын" болып ағылып
"Қазақ тілі" қоғамына үн қосып,
Майда тілмен жалпақ жұртты таң қылып,
Жырларыңда мәңгі сөнбес үн қалды.
Оқырмандар кітабыңды қолға алды
Құлахметтің Ғабидені деп біледі
Шығыс Батыс Орталықта Үржарды .

Пайдаланған әдебиеттер:

1.https://bilimnews.kz/catid/uid/adebiet/34
2.https://www.oinet.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=36&id=268 Ғабиден Құлахмет. Алматы:"Қайнар баспасы"ЖШС.—I т. —2020.—416бет. ISBN 978-601-212-091-2
3.Ғабиден Құлахмет—Алматы «Қайнар баспасы» ЖШС.—II т. —2020.400бет ISBN978-601-212-093-6

ШӘКӘРІМНІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАСТАРДЫ ЗЕРДЕЛІККЕ БАУЛУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Қатысушы: Смағұлова Аяжан
Жетекшісі: Бектемирова Нургуль Кенесбековна
«№ 25 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ Семей қаласы

Өз заманының суретшісі, табиғат, қоғам, адам туралы көп толғаныс тебіреністер, философиялық тұжырымдар жасаған – Шәкәрім Құдайбердіұлының ақындық әлемі түрлі бейнелі образдарға, тілдік көркемдегіш сөздерге толы. Ең алдымен ол өзі өсіп өнген қазақ жұртының халықтық мұрасын терең меңгеріп, асылын бойына жинақтаған. Сондықтан да рухани жетілу жолындағы алған өзге әсер ықпалдарының ізгі үрдісін халқының қажетіне жарата алған.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Шәкәрім шығармаларын талдай отырып ұрпақтың бойында бауырмалдылықты, еңбексүйгіштік азаматтық қасиеттерді қалыптастыру.

Зерттеу жұмыстарының міндеттері:

- Шәкәрім туралы және оның шығармаларын оқушылардың қаншалықты білетіндігі әлеуметтік сауалнама жүргізу.
- Шәкәрім шығармаларына тоқтала отырып сауалнама нәтижелерін пайдаланып, тарихи негізіне тоқталу.

Бұл ғылыми зерттеу жұмысында бүгінгі ұрпақтың Шәкәрімнің қалай ақталғанын және шығармаларының маңыздылын бағалай білуін қарастыру. Зерттеу обьектісі ретінде № орта мектеп қамтылды. Жобаның құрылысы зерттеу бағдарламасына, жүрдек сауалнама, аналитикалық кестелерден тұрады. Сұрақ нәтижелері мен қосымшалардың қорытындысы баяндамада көрсетілді.

Зерттеу жұмысын іске асырудың негізгі әдістері:

- Құжаттарды талдау,
- Көпшілік әлеуметтік сауалнама, әлеуметтік статистика әдісі;
- Баяндама даярлау;
- Жоғарғы оқу орындарын мәлімет алуға бару,

Зерттеу жұмысының өзектілігі:

Шәкәрім мұрасының құндылығы – оның рухани бастау көздерінің күрделілігінде. Ең алдымен ол өзі өсіп өнген қазақ жұртының халықтық мұрасын терең меңгеріп, асылын бойына жинақтаған. Сондықтан да рухани жетілу жолындағы алған өзге әсер ықпалдарының ізгі үрдісін халқының қажетіне жарата алған. Шәкәрім адамның ізгі қасиеттерін дамыту жолдарын айқындап, бұл тұрғыда адамзаттық игі дәстүрлерге сүйенеді.

2 АЛМАС ҚЫЛЫШ ҚЫН ТҮБІНЕ ЖАТПАЙДЫ

2. 1 Шәкәрімнің ақталуы

Қазақ халқының тәуелсіз мемлекеті бірнеше ұрпақтың арманы болды. Отарлық билік кезіндегі Қазақстан тарихы зорлықшыл саясат үстемдік еткен, қасіретке толы кезеңдерімен ерекшеленеді. Ал, енді бүгінгі күні сол тәуелсіздігімізге қолымыз жеткенде, туған елінің, Отанының шынайы тарихын білуге деген ұлттық сана-сезімнің бұрын-соңды болмаған өрлеуінің куәсі болып отырмыз. Тарихымызға деген қоғамдағы сұраныстың жоғары деңгейін

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Назарбаевтың 1997 жылды "Жалпыұлттық татулығы мен қуғын-сүргін құрбандарын еске алу" және 1998 жылды "Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы" деп жариялауы көрсетіп отыр. Мүның өзі тарих тағылымының болашығы үшін маңызының өте зор екенін және бұл мәселеге мемлекеттік дәрежеде қолдау жасалып отыранын аңғартады. Тарихшылардың, қоғамтанушылардың ендігі міндеттері тарихымыздың "ақтаңдағы" беттерін, құлдық психологиядан, жалған консепциялардан азат етіп, өткенімізді тарихи шындық түрғысынан зерделеп, тарих тану ғылымының гуманистік борышын орындауға адал қызмет етулері болып табылады. Осы орайда, кезінде тәуелсіздігіміз, азаттығымыз үшін күрескен, сондықтан кеңестік тоталитарлық жүйе құрбандығына айналған, есімдерін осы саяси тәртіп кейінгі ұрпақ санасынан тазартуға күш салған тұлғаларды тарихымызға оралту аса қажет болып отыр.

Шәкәрім Құдайбердіұлы үлкен ақындық, оқымыстылық дарын- келбетіне қоса сол кездің өзінде- ақ прогресивті көз қарасымен, азаматтың белсенділігі мен елге танымал әйгілі тұлғаға айналды.

3. Практикалық бөлім

3. 1 «Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығының жастарды зерделікке баулудағы маңызы» жөніндегі жүрдек сауалнама

Оқушылардың қатысуымен жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижесі. Шәкәрім шығармаларының жастарды зерделікке баулудағы маңыздылығын анықтадық.

Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған әлеуметтік сауалнама матеиалдары осыған дәлел.

Рейтинг көрсеткіші бойынша респонденттердің 40% «Шәкәрімді Абайдың шәкірті» деп жауап берді. Нәтижесінде, респонденттер қауымы Шәкәрімді Абайдың туысы, шәкірті деп қарайтынын байқауға болады.

2-кесте.Респонденттерден «Шәкәрімнің шығармаларын қаншалықты білесің?» деген сұрақ алынды.

	сыныптары									
жауаптары	абс.	%	8	%	9	%	10	%	11	%
Көп										
Аз										
Жауап бере алмаймын										

2-сурет

Рейтинг көрсеткіші бойынша респонденттердің 58% «Шәкәрім шығармаларын көп білемін» деп жауап берді. Нәтижесінде, респонденттер қауымы Шәкәрім шығармаларын қаншалықты білетінін байқадық.

3-кесте.Респонденттерден «Оның өлеңдері жастарды неге тәрбиелейді?» деген сұрақ алынды.

	сыныптары									
жауаптары	абс.	%	8	%	9	%	10	%	11	%
Адалдыққа										
Имандылыққа										
Бауырмалдылыққа										

3-сурет

Рейтинг көрсеткіші бойынша респонденттердің 50% «Шәкәрім өлеңдері жастарды адалдыққа тәрбиелейді» деп жауап берді. Нәтижесінде, респонденттер қауымы Шәкәрім шығармаларын қаншалықты білетінін байқадық.Қорытындылай келе айтатынымыз, зерттеу барысында көптеген мәселелерді анықтадық.Шәкәрім шығармалары - қазақ халқының болашақ ұрпақтарынадалдыққа, бауырмалдылыққа, имандылыққа тәрбиелей отырып, қазақты танытатын патриоттыққа жол ашады деген сенімдеміз

Шәкәрім шығармашылығының негізгі ерекшелігі ұлтын, жерін сүйген, жалпы адамзатты сүйген адам тұлғасының дамуына әсер ету үшін өлең сөзді көркемдік қару ету міндетін көздеген. Сондықтан да ақын өлеңнің мәні мен мағынасына, бүкіл көркемдік сапасына аса үлкен талап қойған

Шәкәрім мұрасының құндылығы – оның рухани бастау көздерінің күрделілігінде. Ең алдымен ол өзі өсіп өнген қазақ жұртының халықтық мұрасын терең меңгеріп, асылын бойына жинақтаған. Сондықтан да рухани жетілу жолындағы алған өзге әсер ықпалдарының ізгі үрдісін халқының қажетіне жарата алған. Шәкәрім адамның ізгі қасиеттерін дамыту жолдарын айқындап, бұл тұрғыда адамзаттық игі дәстүрлерге сүйенеді.. Жинақтай келгенде, Шәкәрім өмірі мен шығармашылығы – сан-алуан суретке толы, өмір құбылыстарын көркем айшықтаған күрделі сала. Оның сырларына үңіліп, философиялық, психологиялық, тарихи себептерін ашу әлі талай зерттеулерге негіз болары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қалижанұлы У. «Қазақ әдебиетіндегі діни- ағартушылық ағым». Алматы. «Білім» 1998 ж.

2. Байтұрсынов А. «Ақ жол» Алматы. Жалын, 1991ж.

3. Әуезов М. «Абай Құнанбаев» Алматы . Санат 1995ж.

4. Әуезов М. «Шығармаларының елу томдық жинағы 2-т», Алматы «Жібек жолы» баспа үйі 2006ж.

«АРТЫҚ ҒЫЛЫМ КІТАПТА, ЕРІНБЕЙ ОҚЫП КӨРУГЕ» ДЕГЕН АБАЙДЫҢ ҚАНАТТЫ СӨЗІНДЕГІ НЕГІЗГІ ОЙДЫ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ КІТАП ОҚУҒА ДЕГЕН СҰРАНЫСПЕН ҚАЛАЙ БАЙЛАНЫСТЫРУ

Қатысушы:Балтанбекова Әмина Асхатқызы

Жетекшісі: Саржанова Айжан Жақанқызы

«№ 25 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ Семей қаласы

Кітап-баға жетпес асыл қазынамыз! Кітап адамзатты бақыт пен болашаққа апарар жол. Кітапты оқып отырған адам өткен өмірді барлап, сол кезеңде болған жайттарды көз алдынан өткере алады. Адам баласының жасап кеткен, ойлап тапқанының бәрі, бәрі де кітап беттерінде. Тиыннан теңге құралатын сияқты, білім де оқыған нің түйірлерінен құралады.

Абай «Адам бол-мал тап» дейді. Яғни,оқыған білімді адам ғана,өзін-өзі асырай алады.Қазіргі жастар психологиялық әдебиетті көп оқып, шет елдің авторларының шығармаларын оқып жатады, бұл біздің зерттеуіміз бойынша, ал қазақ әдебиетін қай буын өкілдері жиі оқиды? Әдебиетке деген сұранысты қалай арттыруымызға болады? Оның жолдары қандай?- деген мәселелердің бетін ашу болғандықтан, бұл жайттар, Абайдың алдындағы ауыз-жазба әдебиеті, өз

тұсындағы әдебиеттерде не бар, не жоғын айқындап, солармен салыстыра зерттеуді талап етеді.

«Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге» деген Абайдың қанатты сөзіндегі негізгі ойды қазіргі замандағы кітап оқуға деген сұраныспен қалай байланыстыра аламыз?

Ұлы ақын Абай «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге» сөзінің мағынасын тереңнен зерттеу, кітаптағы құндылықтардың бетін ашу, қысқасы дана ақынның айтар ойын әр жағынан тану, өз кезіндегі беріп кеткен бағаны, қазіргі заманғы оқудың даму сатыларын ескерте отырып, ғылыми баға беруге күш салу.

Гипотеза: Кітап оқымау адамға қандай әсері бар?

Кітап оқу, білім іздеу игілігі – адамзат баласына берілген бүкіл игіліктердің ең ұлысы. Бүгінгі қазақ қоғамында кітап оқуға деген сұраныс деңгейі көңіл қуантарлық емес. Оның да өзіндік себептері, жастардың, азаматтардың кітап оқымауға әсер ететін факторлары бар.

- Біріншіден, XXI ғасыр – ақпарат ғасыры. Қазіргі заманда сөрелерде кітаптардың шаң басып тұруына септігін тигізетін – түрлі смартфондар мен гаджеттерді құшақтаған ел жастарының әлеуметтік желілерге жіпсіз байлануы. Өзгенің өміріне қызығып, түрлі фильмдер мен ойындардың қызығына кірген жандар өздерінің бір орында отырып қалайша әлеуметтік желіге сансыз сағаттарын жоғалтып қойғандарын білмей қалып жатады.
- Екіншіден, қазақта «тәрбие – тал бесіктен» -деген жақсы сөз бар. Бүгінде тек жасөспірімдер ғана емес, мектеп оқушыларының да басым бөлігі кітап, көркем әдебиет оқулықтарын оқуға аса ден қоймайды. Оны біз оқушылардың өз ойларын анық әрі нақты жеткізе алмауларынан ақ байқаймыз.

Қоғамымыздың рухани әлемін жұтаңдатып әкетіп бара жатқан осы мәселеге ден қоюымыз да тегін емес. Кітап неге оқылмайды? Кітапханаларда оқырмандардың саны неге аз? деген сауалдың жауабын жан – жақты іздеу.

Қазақ балаларын қазақ әдебиетінен алыстатып алмаудың амалын бірлесіп табу. Кітапқа деген баланың қызығушылығын арттыру. Менің ойымша, қазіргі кезде оқырман баланың қызығушылығын арттыру үшін «мектеп – кітапхана – мұғалім – оқшы - ата – ана» деген ара – жігі ажырамайтын схемамен жұмыс жасау қажет.

Мысалы: рухани құндылығымыз кітаптың оқуын арттыр мақатында мектепте кітапханашы,мұғалімдермен ұйымдасқан тығыз байланыстағы бағдарламаны жыл көлеміне ұйымдастырса. Алғашқы күннен бастап «Біздің кітапхана» деген балалар кітапханасында жыл көлемінде акция ұйымдастырылса....

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев:Қазіргі міндет – халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру.Жаңарған ұлт қана жаңғырған елдің жетістігін жаһан жұртына таныта алады.Мен халқымыздың әлем үлгі тұтарлық жақсы қасиеттерінің көбірек болғанын қалаймын.Ұлтымыз жаңа сапаға көшуі үшін біздің күнделікті өмірлік ұстанымдарымыз да өзгеруі керек.Қазақ қоғамында жаңа қағидаттар және жаңа бағдарлар салтанат құруға тиіс.Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Білімді

болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» дейді. (Қазақстан халқына Жолдауы. 2020.1 қыркүйек. https://www.akorda.kz/) Иә, қазіргі уақытта білімді ұрпақ тәрбиелеу әр адамзаттың мойнында, әр азаматтың мойында міндет десем артық айтқаным емес. Ол үшін ерінбей еңбектеніп, талпынып, жоғарыға өрлеуіміз керек. «Талапты бала, талпынған құстай қанатын жаймас аспанға ұшпай» яғни, талпыныс- ғасырларға сапар шегетін серігіміз.

Мысалға кейбір дерек көздерінде кітап оқудың жеті түрлі пайдасы бар екені айтылған. (Ihsan.kz сайтында)

Осы тұрғыда көп ізденудің арқасында интернеттен көптеген сайттар мен порталдарға кезіктім.

«Бұрыңғылар оқитын кітап таппай қиналушы еді; қазіргілер кітап таңдай алмай дал болуда. Шынайы еңбек үшін аса зейінді болмақ керек.» Джон Леббок (Кітап туралы ұлағатты сөздер.) https://bilimsite.kz/ulagatty_sozder/10978-kitap-turaly-ulagatty-sozder.html

Мемлекет басшысының жыл басында ұлт айнасы – «Egemen Qazaqstan» газетінде және басқа да ақпарат құралдарында жарияланған «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы Ұлы дала ақынының шығармашылығын жан-жақты зерттеу мен насихаттау жұмысының бағыт-бағдарын айқындап берді. Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты».

Олай болса, мектебіміздің кітапханасына жүктелер жауапкершілік жүгінің де жоғары екені айқын. Оқырмандарды қандай әдеби кітаптар қызықтыратыны жөнінде мектеп кітапханашысы Исмагулова Марал Кайратовнадан сұхбат алдым.

Жұмысымды мектептің кітапханасынан мәлімет алудан бастадым.

Кітапханашы: Исмагулова Марал Кайратовна

Сұхбат алушы: Балтанбекова Әмина

Бір айдың ішінде қанша кітап оқылады? 1318 кітап оқылады.

Оқушыларды қандай кітаптар қызықтырады? Ертегі, әңгіме, қызықты энци-я

Оқырмандарыңыздың көбі неше жасты құрайды? 7-13-16 жас аралығын құрайды.

Қандай электрондық кітаптар бар? Ертегі, аудио кітаптар бар.

Кітапханаға ата -аналар жиі келе ме? Көбінесе бастауыш сынып ата-аналары келеді.

Осы тұрғыда сұхбаттан кейінгі зерттеуім бойынша, 5,6,7,10 жастан бастап балаларды түрлі-түсті журналдардағы әңгімелер қызықтыратынын білдім.

11-13 жас аралығындағы балалар аңыз әңгімелер, ертегілер оқиды екен.

14-16 жас аралығындағы балалар әдеби кітаптар, әлем әдебиеттерін оқиды екен.

Қорытынды шығарылып «Кім көп кітап оқыды?», «Кім жылдам?», «Кітап туралы ең қызық деректер» деген сайыстар өткізу. Сайыста зейінді, жылдам, оқымысты, мәнерлеп оқитын, сауатты оқушыны аңғарып мадақтау. Басқа оқырмандар да соған ұқсау , не жаңаны ойлап табуы қалыптасады.

Танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында мектеп --кітапханасында 7-8 сынып оқушыларымен «Кім көп кітап оқыды?» атты шара өткіздім. Іс-шарада оқушылардың кітап оқуда қай деңгейде тұрғанын анықтадым.

«Кітап туралы ең қызық деректер» шара аясында бастауыш сынып оқушыларынан «3Қ» әдісі бойынша құнды, қызықты, қиын кітаптар қандай деген сұрақтар койдым. Нәтижесінде :

Құнды кітапқа -Абай Құнанбаев

Қызықты кітапқа-әңгіме ,аңыздар.

Қиын кітапқа – деген сұраққа балалардың жауап беруі қиынға соқты.

Көркем әдебиеттерге деген қажеттілікті арттырып, оқуға ынталандыруымыз керек, кітап оқуды насихаттау үшін жоғарғы деңгейде кітапханалық сабақтар, кездесулер, ауызша журналдар, сайыстар, ертеңгіліктер ұйымдастырып, оқырмандар сусындайтындай, ой - пікір туғызатындай етіп өткізу. Сондай шараның бірі QR код арқылы қажетті ақпаратты жылдам әрі тез таба білу. Жоба жетекшісімен ақылдаса келе сыныптың бір бұрышына әдебиетке арналған стенд ілінді. Онда кез-келген ақын-жазушылардың әдеби шығармаларын тауып, оқуға болады.

Міне, осы тұрғыда Абай сөзін қанат қылып алып, әдебиетті оқудың маңыздылығын көрсетіп, әрі қарай дамытып, жетілдірмекпін.

«Кітап ақылына ақы сұрамайтын ең құнды қазына» деген екен түркі жұртының ұлы ақыны, ойшыл Әлішер Науаи. Осы сынды кітап туралы бірнеше құнды пікірлерді сізде жақсы білесіз. Расында да, қай ғасырда да кітаптың алатын орны бөлек. Кітап кемелденуге көмектеседі. Қаншама технологиялар шығып жатыр.

Қорытындылай келе, Абайдың XIX ғасырда айтып кеткен, артық ғылымды бойына жинаған рухани құндылық – кітап болса, кітап оқу, ой-өрісімізді кеңейтіп, жүйелі сөз сөйлей білу – біздің, жастарымыздың міндеті.

Түйін. Әр елдің рухани мәдениеті кітаптан бастау алары анық. Өйткені, руханияттың қайнар көзі, тәрбиенің негізі, өткенді өшірмейтін тарихтың тағылымы кітапта. Ал, кітапты серігіне айналдырып, жарқын болашағын біліммен байланыстырған жастары бар елдің ертеңі жарқын болары даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Елеукенов Ш. Кітаптану негіздері.- Алматы, Санат,1997 17-19
2. Елеукенов , Шалғынбаева Ж.Қазақ кітабының тарихы -
3. Қазақстан баспагерлері мен полиграфистері
4. Омарова А, Әбдиева Р, Толыбаева Ж.Ж.

БҮГІНГІ БАСПАСӨЗДІҢ ЖАСТАРҒА ӘСЕРІ

Қатысушы: Берікова Ақтоты Қуанышқызы
Жетекшісі: Оралова Алмагуль Даулетхановна
«№ 25 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ Семей қаласы

Бұқаралық ақпарат құралдарына үгіт-насихат жүргізетін бұқаралық басылымдар жүйесі: ғаламтор, кітап баспалары, радио, телеарналар, т.б. жатады. Бұқалық ақпарат құралдарының мақсаты- жаман мен жақсыны айыру, әділдікті айту, адамзатты тәрбиелеу, оқу-білімге, еңбек етуге, салауатты өмір сүруге үндеу, қоғамды сақтау, жақсыны ардақтау, ұлттық құндылықтарды құрметтеу, қоғамды салауаттандыру. Адам өмірі үшін су-қуат көздері қанша маңызды болса, ақпарат та соншалық мәнділікке айналды.1400 жылдары әлем халықтары болған оқиғаны қағазға түсіріп, оны еселеп көшіріп тарата бастады.1600 жылдары Германияда алғашқы газет шығарылып, бірнеше жылдан кейін Англия мен Францияда басылған ақпарат парақшалары ресми түрде таратыла бастаған.1622 жылы әлемнің тұңғыш апталық журналы жарық көрді.Әлемдегі алғашқы газеті VIII ғасырда Қытайда «Астана хабаршысы» деген атпен шыққан. Қазақстан елі бұндай мүмкіндікті XX ғасырдың басында Алаш қайраткерлері арқасында ғана қол жеткізді.

Қазақ тіліндегі алғашқы мерзімдік басылым-1870 жылы Ташкент қаласында жарық көрген «Түркістан уәлаятының газеті».Бұл газет қазақ даласында Ресей империясының отарлау саясатын жүргізудің құралы ретінде пайда болды.Дегенмен газет ұлттың баспасөзін қалыптастыруда, іс-тәжірибе жинақтауда, зиялы қауымның азаттық идеяларын бұқара халыққа жеткізуде үлкен рөл атқарды.

Қазіргі кездегі бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы маңызы қандай?Қазіргі заманғы адамның өмірінде БАҚ қандай рөл атқарады?-деген мәселелер бүгінгі таңда өзекті болып отыр.Қазіргі кезде Қазақстанда 1200-ден астам газет-журнал, апталық жарық көреді.Сондай-ақ әртүрлі меншік нысанындағы 260-тан астам баспадан мыңдаған таралыммен кітап, буклет,

плакат және т.б. шығарылады. Республикадағы баспасөз жүйесінің қызметі 1999 жылы шыққан Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңымен» реттеледі. Қазіргі уақытта БАҚ-тың көпқырлығы билік пен жұртшылық арасындағы тиімді байланысты жүйелеуге, адамдардың нақты проблемаларын шешуге мүмкіндік беретін әртүрлі ойлар мен көзқарастарды көрсететін өзіндік пікірталас алаңына айналды. БАҚ адам өміріне терең еніп, онымен тығыз байланысқа түсті. Ол әр адамның өміріне әсерін тигізеді. Наполеон Бонопарт: «Жауға қарсы жүздеген мың қол әскерден төрт газеттің ойсырата соққы беру мүмкіндігі зор», -деген. Менің ойымша, қолбасшы өте дұрыс айтқан. Өйткені газет елдің рухын көтереді.1840 жылы француз жазушысы Оноре де Бальзак баспасөзді «төртінші билік» деп атады. Бұл жазушының да сөзімен келісемін, себебі баспасөз мол ақпаратты игеріп, тарату арқылы билікке де, халыққа да әсер ете алады.

БАҚ ішінде керексіз, жалған, тұтынушыны түзу жолдан бұзатын ақпарат та жеткілікті. Бұл жасөспірімдер мен жастарға үлкен қауіп тигізеді. Жасөспірімдер мен жастар әлі толық жақсы мен жаманды ажырата алмайтынын әр адам біледі. Олар керексіз ақпаратты көбінде ғаламтордан алады.Сондықтан жалған білім немесе дұрыс емес дүниетаным оларды тура жолдан тайдырады.

Мен өз мектебімде 5-11 сынып аралығындағы оқушыларға қай БАҚ-қа жүгінетіндері туралы сауалнама жүргізіп, олардың БАҚ-ты пайдалану статистикасын (пайыздық көрсеткішін) **кесте** түрінде ұсынғым келеді.

Сауалнама

1.Қандай бұқаралық ақпарат құралдарымен таныссың?
2.Қандай бұқаралық ақпарат құралдарын оқисың?
3.Не себепті дәл осы баспасөзді оқисың?
4.Үнемі оқитын тұрақты газет не журнал бар ма ?
5.Күнделікті қандай баспасөзді оқисың?
6.Күніне қанша уақытыңды ақпарат құралдарын қарауға жұмсайсың?
7.Баспасөздегі қандай рубрикаларды қызыға қарайсың?
8.Қазақстандағы қандай телеарналарды көресің?
9.Қандай телебағдарламаны ұнатасың?
10. «J1-jastar» телевизиялық арнаны көресің бе?
11. Интернет желілерінің қай түрін жиі пайдаланасың,қандай бағдарламаларын көресің ?

Теледидардан көретіндер	Радио тыңдайтындар	Газет-журнал оқитындар	Ғаламтор қолданатындар
85% аптасына кем дегенде бір рет	26.5% аптасына кем дегенде бір рет	49% аптасына бір рет газет оқиды	96% интернетті күнделікті қолданады

БАҚ-тың жасөспірімдердің мінез құлқына ықпал ету мәселесі қазіргі қоғамызда өте өзекті деп есептеймін.Сауалнама қорытындысы бойынша БАҚ жасөспірімдерге оң да, теріс те әсер ететіне әбден көз жеткіздім.Мысалы, мектептің 5-6 сынып оқушылары «ТИК-ТОК» сайтына кіріп,неше түрлі психикаға әсер ететін дөрекі

және агрессивті ойындар ойнауда.Енді БАҚ-тың оң және теріс әсерлеріне тоқтала кетейік.

Оң әсер ету:

- БАҚ жасөспірімдерді барлық болып жатқан оқиғалардан хабардар етіп отырады,осылайша «ақпараттық аштықты» жояды.
- Жасөспірімдер мен жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруда ынталандыратын фактор ретінде әрекет етеді.
- Жастардың санасына әлеуметтік-психологиялық құндылықтарды, демократиялық және нарықтық қатынастарға негізделген азаматтық қоғамның талаптарына сай келетін қоғамдық сананы қалыптастыру мен дамыту.
- БАҚ халықтың жалпы мәдениетін, оның ішінде саяси мәдениетін арттырады.
- Білім органдары мен халықты өзара ақпараттандыру үшін қызмет етеді.
- Әлеуметтік шиеленісті жеңілдету.

Теріс әсер ету:

✓ БАҚ жас адамның өмір салтына теріс әсер етеді: зиянды әдеттердің дамуына, химиялық тәуелділіктер, психологиялық жайсыздықтың дамуына.

✓ Заманауи телехикаялардың,фильмдердің,тіпті мультфильмдердің барлығында зорлық-зомбылық бар.

✓ Жастарды бұзатын және дөрекі ететін көптеген эротикалық, порнографиялық фильмдерді көрсету(тек ғаламторда ғана емес, газет-журналдардан, теледидардан,көшедегі әртүрлі жарнама баннерлерден де).

Сөзімді қорытындылай келе, жасөспірімдер мен жастардың мінез құлқына БАҚ-тың әсері бар және бұл айтарлықтай маңызды деп айта аламын.Жастар-бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалына өте бейім топ.Сондай-ақ, жастарға БАҚ-тың оң және теріс ықпалы бар екенін олардың қоғамдағы орынсыз мінез-құлықтары арқылы анықталады. БАҚ-тың жастарға әсері мәселесіне тоқталған әлеуметтанушы жағымсыз ақпарат түрінің ықпалын азайту жолдарын зерттеу керек деп есептеймін. Әйтпесе жасөспірімдер мен жастар бойында дұрыс емес құндылықтар қалыптасады. Меніңше, зорлық-зомбылық пен эротика элементтері бар фильмдерге, журнал-газеттердегі, теледидардағы, ғаламтордағы порноматериалдарға цензура енгізу қажет. Әрбір ата-ана өз баласын осы қауіптерден аулақ ұстағысы келсе, теледидарды бірге тамашалап, газет-журналдарды бірге оқып отыруға тиіс.

Әр ақпаратты талқылап, баланы түзу жолға тұрғызу керек.Әрдайым түзу жолда болу үшін жасөспірімдер мен жастарға өзім жақсы көретін «J1jastar1»-телеарнасын көруге кеңес берер едім.Бұл арна Қазақстан жастарын қанағаттандыратын заманауи телевизиялық трендтерді таратады.Телеарна-жастардың жобаларын, идеяларын қолдауға, пікірталас ұйымдастыруға, өзекті мәселелерді шешуге бағытталған жаңа форматты арна.Телеарна 2018 жылдың 28 наурызында ID TV платформасында, YouTube және Instagram әлеуметтік желілерінде іске қосылды.Арнаның форматы-жастар өміріндегі маңызды әрі қызық оқиғалар.Телеарнаның контенті өндірістегі асүй, сән және сұлулықтан бастап шытырман, тылсым оқиғаларға, спортқа, телехиқаялар мен әлемдік

кинематографияның хиттеріне, әлеуметтік реалити мен отбасылық қарым-қатынас, бақыт, бала тәрбиесі, денсаулық туралы ток-шоуларға толы танымдық, білімдік, публицистикалық және ойын-сауық бағдарламаларынан тұрады.Бағдарламаларда жастар мәселесі, мүмкіндіктері мен өзін-өзі танытуы туралы сөз болады.Бүгінгі таңда «J1-jastar1» телеарнасы жастардың өзіне арнаның мазмұнын толтыруға мүмкіндік береді.Бұл- басқа арналарға ұқсамайтын ашық алаң ұсынған бірегей ерекше телеарна.

Ал газеттерге келетін болсақ, өзім сүйіп оқитын «Жас алаш» газетін жастарға ұсынар едім. «Жас алаш» газетінде күнделікті жаңалықтармен қатар саясат пен экономика, әдебиет пен мәдениет, өндіріс пен экология, қылмыс пен заң, қаржы мен басқару жүйесі,маркетинг пен менеджмент, білім беру мен денсаулық сақтау, өнер және т.б.тақырыптарда мақалалар жарияланады.Сонымен қатар сыни бағыттағы әзіл әңгімелер де жарияланып тұрады.Газеттің «Студент», «Ырғақ», «Мыңнан бір мезет», «Отбасы» атты қосымшалары бар. «Жас алаштың» өзіне тән сипаты-өткірлігі ментурашылдығы,жаңашылдығы мен тапқырлығы. «Жас алаш» - ақпаратты объективті беретін, проблемаға жаңаша көзқараспен қарайтын беделді газет.Газет өз бағытын үгіттеу мақсатында пайдаланбайды, көтерілген проблеманы адамгершілік қағидаларына сүйеніп шешеді.

Пайдалынылған әдебиеттер:

1.Қазақ тілі. 9- сынып «Арман-ПВ» баспасы.
2.И.В.Жилавская.Влияние СМИ на молодежь.Медиообразование:от теории к практике.Томск, 2007
3.Л.К.Сафиуллин. Социология средств массовой информации.
4.Саматұлы Мади.БАҚ және жастар мәселесі.Bilim-all.kz

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ "МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН" ӨЛЕҢІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Қатысушы: Солтансеитова Наргиз Бауыржановна
Жетекшісі: Жолбарисова Жанар Амангельдиновна
«№ 25 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ Семей қаласы

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- Мағжан Жұмабаевтың “Мен жастарға сенемін” өлеңінің тәрбиелігін талдау;
- Жастар туралы Мағжан мен Міржақып өлеңдерінің ерекшелігі
- Қазіргі жастардың бойындағы күш, жігер қасиеттерін сипаттау.
- Жиналған материалдарды бір жүйеге келтіру;

Проблемасы:

Жастардың бойындағы сенімсіздік. Бірте-бірте адами қасиеттерінің көрінбей, сирек кездесе бастағандығы. Өз еліне деген құрметтің жоғала бастауы

Зерттеудің әдіс-тәсілдері:

Берілген материалдарды жинақтап, топтап, бір-бірімен салыстыру арқылы өзіндік ой топшылау

Зерттеудің нәтижелері мен қорытындысы:

М.Жұмабаев өлеңдері жастар тәрбиесі үшін бірден-бір өнеге мектебі;

Мағжан өлеңіндегі жастар бейнесінің бүгінгі күнмен үндестігі, ақын өлеңі негізінде бастау алған игі істердің көрінісі.

І. Кіріспе

1. Мағжан-сыршыл, толғағыш, суретші, сөз ұстасы.

ІІ Негізгі бөлім

2.1. Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңінің тәрбиелік мәнін талдау.

2.2. «Мен жастарға сенемін» — ұлтжандылықтың ұраны

Ұлттық рух пен патриоттық тәлім-тәрбиенің қайнар көзі

2.3. Бүгінгі күнмен үндестік тапқан ақынның азаматтық үні

2.4.Қазіргі жастардың бойындағы күш-жігер қасиеттерін сипаттау,талдау.

ІІІ Қорытынды бөлім

3.1. Мағжан поэзиясы - қазақ ұлтының мұрасы.

Мағжан Жұмабаев қазақтың аса дарынды ақиық ақыны.Мағжан Жұмабаев поэзия әлеміндегі қайталанбас жарық жұлдыз,қайталанбас құбылыс.Оның қуатты бойға жігер,жүрекке от беретін рухты үні,ізденістері мен жаңашылдығы қазақ әдебиетін 20-шы ғасырдың басында-ақ Еуропа, орыс әдебиетінің биік деңгейіне көтерді;» Өлеңді музыкаға айналдырған,дыбыстан сурет тұрғызған, жаңа өлшеулеп шығарған Мағжанның осындай қасиеттерін, ішкі шығармашылық құдіретін бірден байқаймыз. Тасқыны қатты,тегеуріні берік ұлттық сезім селі ширатыла ширығып барып, екпінін баспаған күйі түркішілдік арнасына құйылды.Халық өлеңдерінің мазмұнынмен бірге оның ырғақ үйлесімін, ішкі рухын, әуезділік әсемдігін жанымен қабылдаған ақын кейде ән күй ғана түсіндіріп алатын сезімдерді сөзбен жеткізеді. Мағжанның ақындық ерекшелігі де,бәлкім осы болар. ХХ ғасырдың басында өмір сүрген Алаш арысы, көрнекті жазушы, публицист, қазақ поэзиясының шолпан жұлдыздарының бірі әрі бірегейі атанған талантты ақын – Мағжан Жұмабаев халықты жаңашылдыққа бет бұрып, тәуелсіз ел болғанын көруді аңсады.Мағжанның жалынды жырларына ұлттық рух, ұлттық болмыс, ұлттық сезім, тарих, тіл арқау болды. Ол – ұлттық мүддені жеке басының мәселесінен жоғары қойды.

Не көрсем де алаш үшін көргенім,
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім! - деп ұлтына
деген шексіз махаббатын жалындаған жырларында бейнеледі.

“Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыру ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры – ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті.

Қысқа ғұмырын ел тағдырына арнап, Алаш ұранын аспандатып, халық игілігі үшін қара басын қатерге тігіп, күллі адамзаттың мүддесін көздеген Мағжан Жұмабаев замана сырын ашып, болашаққа жол сілтеген ұлт ақыны. Өмір шындығын поэзия шындығына айналдырып, таланты мен көрегендігі тоғысқан Мағжан ақынның туындыларын толыққанды талдап, санамызға сіңіре алған жоқпыз. Сондықтан зерттеген сайын зерттеуді қажет етіп, терең ойға, сырлы сезімге, тұңғиық әлемге батырып жіберетін ақын өлеңдерін жүрек түкпіріне қонақтату – бүгінгі ұрпақ, біздің еншімізде.

Әдебиеттің халық алдындағы биік мақсат-мұратын дұрыс түсініп бағалаған, сөз өнерінің құнын ардақтай сыйлаған, өмір шындығын, қат-қабат құбылыстарын оның терең мазмұнына үңіле отырып суреттей алған ақын жыры әрқашан қоғамдық, азаматтық мәселелерді көтереді. Ақынның азаматтық тұлғасын оның шығармаларының азаматтық үні ғана таныта алады. Осы тұрғыдан Мағжанның азаматтық үнін танытатын «Мен жастарға сенемін» өлеңі жас ұрпақтың жанына жігер, жүрегіне рух пен айбындылық, көңіліне сенім ұялатар ұлтжандылықтың ұраны дейміз. Мағжан поэзиясы енді ғасырлар бойы толассыз зерттеуге жетеді. Бұл жұмыс алаш ұлының айбынды рух атой салған «Мен жастарға сенемін» өлеңінің өзекті ойы мен қазіргі таңда елді, ел тұтқасын ұстар өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі мән-маңызын зерттеп, бүгінгі күнмен үндестік тапқан ақынның азаматтық үнін зерделеуге арналды. Ақынның бір-бір зерттеуді қажет ететін осындай рухани дүниесі қаншама?! Бұл зерттеу де сол ұлт руханиятына қосылған теңіздің тамшысындай үлес деуге болады.

Ел алдындағы басты мұрат – тәуелсіздік алып келген ұлттық құндылықтарды өскелең ұрпаққа насихаттау болмақ. Ел болашағы – өскелең ұрпақты елінің көркеюіне үлес қосар азаматы етіп, ұлт болашағын тәрбиелеудегі «Мен жастарға сенемін» өлеңінің қосар үлесі мен руханият таразысынан алар салмағын екшелеп, көңіл көзінен өткізіп, мейлінше жіті зерделеп, бүгінгі күнмен сабақтастырылған.

Мағжан Жұмабаетың «Мен жастарға сенемін»өлеңінің тәрбиелік мәнін талдау.Мағжан өзіне дейінгіге де, кейінгіге де ұқсамайды,өзіндік қолтаңбасы бар ақын.Ол өмірдегі біртұтас құбылыс, көрініс ретінде,ал адамды сол ұлы табиғаттың, жаратылыстың бір туындысы, бөлшегі ретінде қабылдайды.Құбылыстың мәнін кең көлемде,жалпыға бірдей қалыпта тани білу үшін ол, алдымен, не нәрсенің болса да мән мазмұнын бағдарлап,ішкі астарына үңілді.

Бірақ біз жастар осы ақын ойын ақтап жүрміз ба?- деген сұрақ көкейде тұрады. Өлеңдегі қайраттылық, рух-жігер, табандылық, әділеттілік, бәрі-бәрі тәрбиеден бастау алады. Тәрбиелілікті көрсетеді. Әрине, ондай тәрбиені біз басты ата-анадан,ортамыздан және осы өлеңнен аламыз.

Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенмін!-деп жастарды намыстылыққа, қыздарымызды атақ-абыройларына дақ түсірмеуге шақырады. Жастарды ақиқаттың ауылынан алшақтатпай, ар намысын бірінші орынға қоюға үндейді. Намыс-адам тұлғасының күзетшісі. Мағжан да әділетсіздікке қарсы шығып, ар-намысын алға қойып өмірден озбады ма...Сондықтан осындай Мағжан салып кеткен өлең жолына жастарды бағыттау үшін тәрбие керек. Сонда ғана сенім ақталып, білім парасатына сай, жастарымызға елдің ары мен намысын таптатпауға,болашақтың тізгінің жастарга сеніп
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда
Мен жастарға сенемін- деп Мағжанның өлеңін өмірлік ұран қылып, бойымызға сіңірер едік..

«Мен жастарға сенемін» — ұлтжандылықтың ұраны
Ұлттық рух пен патриоттық тәлім-тәрбиенің қайнар көзі
Көздерінде от ойнар,

Сөздеріндежалынбар.
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін! –
деп жырлаған Мағжан Жұмабаев қатігез тағдыр тәлкегіне ұшырап, алдымен Ресей патшалығы, кейіннен Кеңес Одағы кезеңдерінде өмір сүрді. Халықтың мұң-зарын жырлап, туған халқының тайғанақтап жүрелеген тағдырына жаны ауырып, осы жан айқайын өлеңге қосты. Бірақ, орыстардың ұстанған қатал саясаты қазақ азаматтарын аямады. Талай азаматтар біздің халық болып қалыптасуымыздың жолында жандарын құрбан етті. Солардың ішінде 1938 жылы ату жазасына ұшыраған Мағжан Жұмабаев болған еді. Ел өмірін өз тағдырына айналдырып, Отанды сүюдің ірі үлгісін танытып, елін сүйген үлкен жүректі азамат халық руханиятына сезім мен сенім ұштасқан мәңгілік шұғыласын шашып кетті.
Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты –
Мен жастарға сенемін!-
деп, өзі армандаған бостандық таңына қажырлы жастардың қолы жететініне сенім білдірген сұңғыла ойдың хас шебері келешек жас буынға ел тізгінін бере отырып, олардың рухтарын жігерлендіре түседі. Бүкіл Алаш жұртына, өз ұлтына ұран салған ақын қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, қоғамдық өміріне өз қолтаңбасын қалдырған, сұлу сөзден, өткір ойдан шаhар салдырған өлең өлкесінің ірі өкілі. Осындай теңдесіз таланттың таңдайына татып, жырына арқау болып, сеніміне ие болған біздер бақыттымыз-ау, сірә!

Қазіргі жастардың бойындағы күш, жігер қасиеттерін сипаттау, талдау. Жастар жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса, ол елдің еңсесі биік болады-деп кемеңгер басшымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай бүгінгі жастар бұрынғылармен салыстырғанда өзгешелеу. Олардың ой-өрісі, талпынысы, сауық-сайран құруы, былай айтқанда адами құндылықтары бөлектеу. Бірақ жастар жалпы адамзаттың мәңгілік рухани – адамгершілік құндылықтарында бар екенін естен шығармаулары қажет. Онсыз жастар толыққанды қалыптаса алмайды. Жастардың санасымен тұлғасының қалыптасуына әсер ететін жағдаяттар мол. Жастардың тұлғалық сипаты жас кезінен бастап қалыптасады. Мысалы, жас сәби табиғатынан таза пәк, бұл жастардың әді өмірден әлі ештеңе көрмеген, көңілге түймеген шағы. Міне дәл осы кезде ата-анасының тәрбиесін, білім беру мекемелеріндегі мұғалімдердің балабақшадан бастап бірте-бірте рухани адамгершілік құндылықтарды Отанына деген сүйіспеншілікті намыстылық пен қайраттылықты бойына жинату- маңызды іс. Жастар бойындағы қайрат, жігер сенімділік Мағжан өлеңінде айтылғандай,
«Жұмсақ мінез жібектер.
Сүттей таза жүректер.
Қасиетті тілектер- Мен жастарға сенемін!»- дегендей жастар бойында қасиеттер әлі де сақталғанына сенімдімін.
Бұл зерттеу жұмысымда ұлт руханиятына өлшеусіз үлес қосқан ақын Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңіндегі патриоттық рух пен азаматтық үнін ұғынып, талдау жасадық. Ақын өлеңі жастардың жалынды бейнесін сомдап, келешегі кемел елдің көшбасшыларын өмір сахнасына шығарады.

Сонымен поэзия руханиятымызды көркемдік кеңістікпен байытуымен қатар, тәрбиелік-тағылымдық жағын да толықтырып отырған әдебиет әлемінің үлкен бір қанаты десек, Мағжанның «Мен жастарға сенемін» атты азаматтық лирикасы ұлттық болмыс пен қайсар мінезге жетелеп, осы екеуін басты негізге ала отырып, туған жерге деген шексіз махаббат пен ұлтжандылыққа тәрбиелеуге қызмет етеді. Бүгінгі күн тұрғысынан елді, ұлт болашағы жастардың тәлім-тәрбиесі мен өнегелі өмір сүру жолдарын шешуге жауап береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Жұмабаевтың шығармалары. Алматы: «Жазушы» 1989 жыл
2. «Әдептану» Ұ.Асылов, Ж.Нұсқабайұлы, «Рауан» 1998 жыл
3. Назарбаев Н. Қазақстан-2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздік және әл ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.- Алматы: Білім, 1997-176б
4. Ш.Р. Елеукенов «Мағжан Жұмабаев» Алматы: «Білім»1990 жыл

МАҒЖАН ЖӘНЕ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

Қатысушы: Калиолдина Аяулым

Жетекшісі: Абзоллина Еркежан Қайратқызы

«Қазақстан инновациялық академиясының жоғарғы колледжі» ЖШС

Semey new School

Балалар әдебиеті-сөз өнерінің жеке бір өзекті бөлігі. Ол қазақ әдебиеті тарихының өскелең, әрі құрамдас саласы. Қазақ балалар поэзиясының түп-төркіні өте тереңде екен. Сонау ертедегі ауыз әдебиеті үлгілерінде ертегілер, жаңылтпаштар, тақпақтар, жұмбақтардың болуы халқымыздың бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлгенінен хабардар етеді. Міне, сондықтан да ондай өлмес мұралар мән-маңызын, көркемдік ерекшеліктерін жоғалтқан емес.

Поэзия әлемінде айрықша із қалдырған, өзіндік үлкен өнер, өрнек тудырған терең сырға, ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін кейінгіге аманат етіп қалдырған ақын-Мағжан Жұмабаев та қазақ балалар әдебиеті іргесін қаласуға қомақты үлес қосты. Балалар әдебиеті тақырыбына маржандай төгілдіріп көп өлең тудырды. Арнайы ғылыми еңбектер, оқулық, әдістемелік құралдар жазды. Солардың бірі және бірегейі «Педагогика» («Баланы тәрбие қылу құралы») атты әрі оқулық, әрі әдістемелік сипаттағы кітабы. Бұнда «аз ғана ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын мұғалімдердікі» деп атап көрсетеді. Күллі мұғалім қауымына тарту еткен бұл кітабын данышпан Абайдың: «Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуге балаға» деген сөзімен аяқтауы тегін емес [1,36б].

Мағжан ақынмын, көкте жүзуім керек демей, қазағын оятуға сөзбен ғана емес іспен кіріскен. Мұғалімдік қызметті жан-тәнімен сүйіп атқарған. Қазақстанда сауатсыздықты жоюда Мағжан жазған әлденеше рет ондаған мың тиражбен басылған «Сауатты бол» оқулығы шешуші орын алды десек, қазақ баласын тәрбиелеуде күні бүгінге дейін мұғалім қауымы, барша жұртшылық үшін таптырмайтын құрал. Сонымен қоса, Мағжан кітабы бүгінгі ғалым мен шәкіртке, жазушы мен оқырманға бірдей пайдалы, қызғылықты да, құнды шығарма.

«Ұлттық тәрбие» атауын алғаш әдеби-педагогикалық оқулықтарға енгізген М. Жұмабаев болды. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы,

мінезі көрініп тұрады деп өз халқы үшін аянбай еңбек еткен Мағжан атамыздың шығармашылығында бала тәрбиесінің алатын орны ерекеше көрінді. Қазақ жастарының бойындағы қабілеттерін ел мүддесі үшін қолдана білуін, танымдық жаңашылдыққа бет алуын арман етті.

Енді Мағжанның балалар поэзиясына келсек, бұл жанрда жазылған шығармалар оның бала тәрбиесі туралы ілімімен орайлас. Ақынның балажандығы, балаларды жанындай жақсы көруі-оларға арнап өлең жазуының бір себебі болды десек қателеспеспіз. Мағжанның балаларға арналған өлеңдері көп болмаса да, оның қаламынан туған өлеңдерінің балалар әдебиетінде алатын орны зор.

1.Оқуға, өнер-білімге шақырған өлеңдері.

Мағжан өмір сүрген дәуір қазақ қоғамының ояна бастаған дәуірі еді. Абай, Ыбырай, Ахмет, Міржақыптың өкшесін баса Мағжан да халқын өнер-білімге шақыруға айрықша ден қойды. Жас таланттың ағартушылық қозғалысқа қызу араласқанын мына өлеңдері айқындайды: «Қарағым», «Өнер-білім қайтсе табылар», «Жердің жұмырлығы», «Немере мен әжесі» т.б.

Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме,
Ойынға құр қаларсың көңіл бөлме.
Оқымай, ойын қуған балаларға
Жолама, шақырса да қасына ерме! («Қарағым»)

Кейінгі жылдары осы мазмұн ойнақы, баланың өздері жаттап айтып жүретіндей жеңіл тілді пішін алды.

«Ата, бата» өлеңі де осыған ұқсас:

Мектептен қайтты Марияш,
Әліппесі қолында.
Шақырады оны атасы
«Кел, құлыным, кел мұнда»

Бала ойнақы сөзді ойынға айналдыра отырып, ғибрат сөзді жадына сақтап қалары кәміл.Әсіресе ,қазіргі балалар ғаламторға тәуелді заманда Мағжан атаның шығармалары таптырмас құндылық.

2.Еңбек тақырыбына байланысты өлеңдері.

«Ақ қала», «Жазғытұрым», «Бөбектің тілегі» т.б. өлеңдерін жатқызуымызға болады.

Ақын мен педагог Мағжан тұлғасында тамаша үйлесім табады. Сондықтан өлең нысаны айқын: бала дүниетанымын байыту, жас жанның жүрегінде құлықтылық, ізгілік, адамгершілік қасиеттерін егу және сол қасиеттерді бала бойы мен ойына ойнап жүріп дарытатындай.

Мысалы, ауылдағы қай қазақ баласы аққала соғып ойнамаған. Қысты күнгі ішпысты балаға бұл да бір таптырмайтын қызғылықты ойын. Осыны ескерген Мағжан балаларды ұлттық ойынға қоса отырып, еңбек тақырыбын көтереді. Балалар ауыл арасындағы күртік қардан аққала соғады. Қардан үйдің төрт бұрышын шығарып, терезе қойып, мәре-сәре болады. Беттері бүлдіргендей қызарып, күліп, таласып жүріп, асыр салып ойнайды. Және де бала нені көрсе содан ойын шығарады ғой. Шыбықты ат қып мінеді, жарысады. Қотанға қой иіреді деген сияқты ата кәсібіміз мал бағу бала ойынынан аз орын алмайды. Бұл жайт Мағжан назарынан тыс қалмаған. Еңбек тақырыбын ширата түсуге пайдаланған.

3.Ана мен бала арасындағы сүйіспеншілік сезім, уату, жұбату өлеңдері.
«Ана», «Бесік жыры», «Әже», «Жұбату», «Сылдырмақ» т.б. өлеңдерінде ананың баласына деген ыстық ықыласын, ақ тілегін, жүрек тебіренісін дөп басып жеткізе алған.

«Бесік жырында»:

Күнім, айым, еркетайым,
Бөлейін енді.
Жұмсақ бесік, жылы төсек
Жата ғой қозым.

Көріп отырғанығанымыздай, бұл тек баланы уату ғана емес, ананың ақ сүтімен даритын қасиеттерді бала бойына сіңіру, яғни сәбиінің келешекте еліне, жеріне тірек боларлық азамат болуын тілейтін ананың ақ арманы, батасы. Мал бақ, өнер үйрен, еліңді жаудан қорғай біл деген тілекті анасы бесікте жатқан кезінен жас сәбиінің құлағына сіңіруді көздеген. Бұл тек ақынның, ананың тілегі емес, бұл-ел тілегі.

«Жұбату» өлеңінде:

Күнітайым қайда екен?
Саятайым сайда екен.
Асқар, асқар тауда екен.
Тауда неғып жүр екен?
Алма теріп жүр екен,
Алмасынан қанекей
Жаңа теріп жүр екен!-деп жырлайды[4,156б].

Бұл өлеңі «Бесік жырындағыдай» емес, мазмұны ойнақы, баланы алдаусырату, жұбату реңін алған. Бесік жырының бұл нұсқасы Мағжанның «Жұбату» өлеңінен екенін соңғы жылдары ғана білдік.

4.Жыл мезгілдері, табиғаттың құпия сырларына байланысты өлеңдері.

Ақын баланы сезімталдыққа, ақ көңіл, қайырымдылыққа тәрбиелеудегі табиғаттың маңызын жоғары бағалаған. Оны баланың кішкентай кезінен, саналы өмірінің алғашқы қадамынан бастау керек деп білген. Ақынның табиғатты асқан сүйіспеншілдікпен, ыстық сезім, шынайы шеберлікпен суреттеген, баланың туған жер, байтақ елінің табиғатына деген сүйіспеншілік ұялататын мұндай туындыларының қатарына «Күзді күні», «Жаз келеді», «Жазды күні қалада», «Сең», «Жаз», «Қыс» т.б. өлеңдерін жатқызуымызға болады.

М: «Жаз келеді» өлеңін қарастырсақ:

Әне, ерке жаз келед,
Ал, балалар қараңдар.
Ойнап алтын шам беред.
Ал, балалар тараңдар.

Өлеңінің негізгі мазмұны әсем жаздың сұлулығын жырлай отырып, сол мезгілдің келгеніне бала көңілінің «алақайлап» қуануы, шаттануы. Сонымен қоса, сол жазда күннің жылынып, қар, мұзды ерітетіні туралы мағлұмат та бар. Оқушы өлеңді оқи отырып, оның тілге жеңілдігімен бірге, табиғаттың сан қилы жұмбағының да жауабын таба алады.

Біздің Мағжаннан білетініміздан, білмегеніміз көп. Мысалы, «Жыл мезгілдері»:

Самалық, самалық,

Самарқанның көк тасы
Жібіді ме көрдің бе?
Қар тауының көк құсы
Жүгірді ме көрдің бе?
Самалық, самалық!

Жыл құсын көргенде балалардың айтатын бұл өлеңі Мағжанның туындысы екенін біріміз білсек, біріміз білмейміз. Ақынның балалар өлеңдерінде дидактика, уағыз айту тән болғанмен, ол қарадүрсін ақылгөйсуге бармайды, білімді бала ойына оған әбден таныс сурет арқылы дарытады:

Ботаға жабу кидірген,
Бұзауды үйде сидірген.
Аяз, сені қайтейін,
Қыздың бетін қызартып,
Мұздың мұрнын ұзартып
Қызыл сені қайтейін. [3,78б].

(«Қыс»)

Бұл қақаған қыс суреті. Сол арқылы бала санасына қыста суықта ботаға жабу керек екендігін, бұзауды жылы жерге қамау қажеттігін сіңіреді.

Міне, Мағжан Жұмабаевтың балалар поэзиясында елеулі орын алған өлеңдерін осылай жіктеуімізге болады.

Қорытындылай келе, Мағжан балаларға берейін дегенін сарқып бере алмай кетті. Талай мені жаз, мені жаз деп анталаған тақырып қағазға түспей, шерменде көңілдің шеріне айналды. Оған амал жоқ, барына қанағат. Мағжанның жалпы поэзиясы-тұнық тазалығымен, өміршеңдігімен, асқақ арманымен, нәзіктігімен, сұлулығымен халқымыздың аса қымбат, аса асыл мұрасы. Ал балаларға арналған поэзиясы-бала тәрбиесіндегі маңызы жағынан еш ақынның мұрасынан артық болмаса, кем соқпайды. Ал оның өлеңдерін, дәлірек айтсақ, балаларға арналған өлеңдерін осылайша жіктеп, топтастыра отырып оқыту-нәтижелі жұмыстың алғашқы баспалдағы деп ойлаймыз. Ақынның бұл асыл қазынасы бізге: Мағжан Жұмабаев балалар әдебиеті іргесін қалаушы жазушылардың бірі дегенге толықтай негіз болады.

Өскенде Мағжан атамыздың жарыққа шықпай қалған шығармаларын іздеп,қазақ балаларына оқуға ұсынғым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Жұмабаев. Шығармалар. I том. Алматы, 1995
2. М.Жұмабаев. Жан сөзі. Алматы, 2005
3. Ш.Елеукенов. Мағжан. Астана, 2008
4. Жұмабаев М. Өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер / Құрастырған Ж.Сүлейменов. – Петропавл, 2006. – 428 б.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ САУАТСЫЗДЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Қатысушылар: Аргынгазина Сабина, Айтқазина Айназ
Жетекшілері: Абеуханова Сауле Оралбековна, Сайлау Жадыра Айдынқызы
«№21 жалпы білім беретін мектебі»КММ Семей қаласы

1.1. Әлеуметтік желілердегі сауатсыздық мәселесі

Біз өзіміздің ғылыми жұмысымызды «Әлеуметтік желілердегі сауатсыздықтың алдын алу» тақырыбында таңдап алдық.Бұл тақырыпты таңдаған себебіміз,

ұстаздар мен оқушылар арасында да көп айтылуда. Өйткені, сауатсыздық – қоғамдағы ең өзекті, ерекше назар аударар түйткілді мәселе. Ғаламтордағы тіл бұзарлықтың алдын алу үшін не істеу керек?- деген секілді сұрақтарға жауап іздеп, өз жұмысымызды бастап кеттік. Енді сол зерттеулерімізге тоқталайық.
– Слм!
– Каксын?
– нестеп
– Жай жатқан
-Өз?
Диалогтан байқап отырғаныңыздай, бұл – тілді құрметтемеу. Қазақ тілінің грамматикасында орфография және орфоэпия деген өзіндік заңдылығы бар. Орфография – сөздерді дұрыс жазу заңдылығы болса, орфоэпия – дұрыс оқу деген сөз. Әлеуметтік желіде екі теория бойынша да дұрыс жұмыс жасай алмаймыз. Тіпті бір-бірімен алмастырып жатамыз. Одан бөлек пунктуация да бар. Ол – емле дұрыстығы. Қай жерде үтір, қай жерде нүкте болу керек деген мәселелерді қарастырады. Әлеуметтік желіде отыратын көзі ашық, көкірегі ояу, сауатты жастар. Дей тұрғанмен дәл сөйлесуге, жазуға келген кезде олардың 5-сыныптан басталатын қазақ тілі білімі жетпей қалатын секілді. Жоғарыдағы диалогтың дұрысы:
– Сәлем!
– Қалайсың?
– Не істеп жатырсың немесе не істеп?
– Жай жатқан (жатырмын). Өзің?

Қарапайым диалог болса да, дұрыс жазылғаны сауаттылығымыздан хабар береді. Бір құмалақ бір қарын майды шірітерін ескерсек, қарапайым хат алмасудан беделіміз түсуі әбден мүмкін. Тілдің мерейін көтеру үшін атой салып қажеті жоқ. Өзімізден бастау керекпіз. Қарсы беттегі адамның қателігін бетіне басудың да қажеті жоқ. Өзіміз дұрыс және толық жауап жазып үйренуіміз керек. Сонда екінші жақтағы сөйлесуші адам бір күні өзі-ақ дұрыс жазуға үйренеді. Бұл қазақ тілін көркейтуге қосқан зор үлесіміз деп түсінуіміз керек. Кез келген нәрсе қарапайым әрекеттен басталады.

2.1. Әлеуметтік желі - бұл тек адамдарды бір-бірімен байланыстыратын веб-сайт қана емес, сонымен қатар жастар мәдениетін дамытатын құрал. Қазір жасөспірімдер жаргон сөздерді көп қолданады әрі бір тілде таза сөйлей алмайды. Орыс тілінде сөйлесе қазақ сөздерін, ал қазақ тілінде сөйлесе керісінше орыс сөздерін араластырады. Қарапайым ғана мысал ретінде төмендегі диалогты келтіріп көрейік.

І-түрі
- Сәлем досым, хал қалай?
- Шүкір жақсы, өзің қалайсың?
- Бүгінгі кешке дайындығың қалай?
- Ата-анам жұмыстан келгесін баратын болдым.
-Жарайды, ендеше кешікпе, күтеміз!
- Кездескенше!

ІІ- түрі
- Салам кент каксын
- тема озин

-тема гой че там кешке неистейсин келесинба
- проблема кеш барам
- дывай кешикпе ждем

Мектеп оқушылары жиі қолданатын орысша жаргон сөздер: кореш (дос), кент (сәнқой жігіт), мареха (қыз бала), нарик (наркоман), кладовка (сөз тасушы), тыркаться (сенделіп бос жүру), ботать (сәнді жаргон тілінде сөйлеу), чайники (әке-шеше). Тілдің көркемдік стилі жоғалып барады. Ал кейбіреулер тіл тазалығына қатысты «әлеуметтік желілердегі сленг сөздердің тілімізге енуі заңдылық, тіл пайда болған әлеуметтік құбылыстарға үнемі бейімделіп отырады, бірақ жаңа сөздердің бәрі бірдей қолданысқа ене бермейді» деген уәж айтады.

Иә, расымен қазіргі заманның сәні мен әніне айналған әлеуметтік желі біз үшін қаншалықты қажет, сауаттылық, тіл тазалығы мәселелері қаншалықты шешімін тауып жүр?

Әлеуметтік желідегі қарым қатынаста сөздердің әріптерін тастап кету немесе ретсіз қысқарту, төл «ң, ө, ү, ұ, і, ә» дыбыстарымызды қолданбау, мағынасыз хмммм, мммм деген сияқтыларды жиі жазып, тірі сөздердің орнына смайликтерді жіберу әдетке айналғандай. Мұндай олқылықтардың ана тіліміздің дамуына, тіпті ана тіліміздің өз бойындағы табиғатын сақтап қалуына да зияны орасан зор болмақ. Демек, тіл мәселесі ғылым мен техника қарыштап дамыған мына заманда бірінші кезекте тұруы тиіс.

Әлеуметтанушылардың пікірі бойынша «Әлеуметтік желінің» өмірімізге кері әсерлері төмендегідей сараланыпты.

1. Уақытты жоғалту. Өмірдегі ең құнды дүние - уақыт. Ол ешқашан кері оралмайды. Ал «әлеуметтік желі гүлдері» сол баға жетпес сәттерді бос әңгімеге жұмсауда;
2. Шын өмірден алшақтау;
3. Шындыққа жанаспайтын ақпараттардың тез тарауы, т.б.

Бұл тек бізге көрінетіндері ғана. Шын мәнінде, әлеуметтік желілердің «сырлы зияндары» анағұрлым тереңірек екені белгілі.

Сол сияқты қазіргі кездегі компьютерлік, интернет клубтар жастар үшін спорт секцияларын, басқа да денсаулыққа пайдалы шараларды, тіпті таза ауадағы жай қыдыруды да ауыстыра алмайды. Ал компьютерлік ойындарға, интернетке деген аса қызығушылық, одан туындайтын тәуелділік материалдық шығындарды айтпағанның өзінде, басқа да орны толмас өкінішке әкелуі мүмкін.

Жоғарыда аталған ұсыныстар нақты дәрежеде іске асқан жағдайда, әлеуметтік желіде сауаттылық, жауапкершілік, төл дыбыстарды қолданып, тыныс белгіні дұрыс қойып жүрсе, айтылатын ой нақты болады және қазақ тілі шұбарланбас еді деп сенемін! Ал мектеп қабырғасында оқып жатқан оқушылар да диктантты жазуда еріксіз қате жазбас еді, шығарма жазғанда сөздік қоры артар еді деп ойлаймын! Ол үшін әрине әлеуметтік желіде ақпараттарды саралау үшін белгілі бір дәрежеде білім және мәдениет керек!

Сонымен қорыта айтқанда, әрине әлеуметтік желі арқылы ақпарат алуға, ұнағаныңа лайк басуға, қосымша қызығушылықтарды арттыруға болады, десек те Байтұрсынов айтқан тіл тазалығын сақтау, бейпіл, жаргон сөздерді пайдаланбау біздің патриоттығымыз бен сауаттылығымызды арттырады. Бұл қазақ деп соққан жүрегі бар әрбір азаматты толғандыруы керек деп ойлаймын.

Егер дер кезінде алдын алмасақ кейін еріксіз түрде қолданып, ғасырлық дертке айналуы мүмкін! [3. Б. 8]

3.1. Сауалнама және оның қорытындысы.

Негізі әлеуметтік желі адамның өзіне байланысты әртүрлі әсер етеді. Адамға орташа есеппен 50% әсер етеді. Бәрі, яғни 100% әлеуметтік медианы пайдалану –жаңалық оқу, достармен сөйлесу, үй жұмысын қарау үшін пайдаланамыз -деп жауап берген. Сонымен бірге, әлеуметтік желілердің пайдасы аз. Жастар жағы қорлау секілді жаман видеоларды қарайды, олар жастардың психикасына әсер етеді. «Ақша сал, Ұтып ал!-деген алаяқ сайттар кездеседі-деп те айтады.

Жастардың жазба тіліне жағымсыз әсер етеді деп-86% жауап берсе, әлеуметтік желі –жастардың сауатсыз болуына ең басты әсері етуші фактор дегенде әртүрлі жауаптар болған, 60% келісемін деп жауап беріпті.

Тұжырым: Осы сауалнама қорытындысына қарап, жүргізілген сауалнама менің мектебімнің жастарына ой тастады, болашақта жастар арасында әлеуметтік желідегі сауатсыздық біртіндеп жойылады деген ойдамын.

Осы жұмысты жүргізу барысында өзімізді мазалаған сұрақтарға жауап таптық деп ойлаймыз.
Сауатсыздық – қоғамдағы ең өзекті, ерекше назар аударар түйткілді мәселе. Ғаламтордағы тілбұзарлықтың алдын алып, әлеуметтік желілердегі сөз мәдениетін сақтау үшін елімізде ең алдымен:

1. Тілдің қолданылуы, оның маңызы жөнінде әлеуметтік желілерде талқыланып, тіл тазалығы, сауатты жазуға үндеген жарнамалар, жастардың патриоттық сезімдерін арттыратын ақпараттар мен суреттер жиі берілсе;
2. Адамдар бір-біріне қарап түзеледі, сондықтан жастарға үлгі болатын қоғам белсенділері жарнамадан бөлек, сөз мәдениетіне қатысты игі істерді атқаруға атсалысса, сөз қателеріне қатысты түрлі танымдық мақалалар жарияланса;
3. Ақпараттық мәдениет жайында қажетті мәліметтер, жұмыстар жүргізіліп, кеңінен насихатталуы керек;
4. Кез келген әлеуметтік желіні пайдаланушы тұлға тіл мәселесіне бей-жай қарамай, сауатты жазуға талпынса, ықылас танытса виртуалды әлемдегі сөз мәдениеті түзелері анық.

Қорыта айтқанда, жаңа заман жастарын әлеуметтік желісіз елестету қиын-ақ, десек те Ахмет Байтұрсынов айтқандай «Тіл тазалығын сақтау – бейпіл, жаргон сөздерді пайдаланбау – біздің патриоттығымыз бен сауаттылығымызды арттырады». Бұл жүрегі қазақ деп соққан әрбір азаматты толғандыруы керек деп ойлаймыз.

Ұсыныс:

1. Мектептегі оқушыларға «Әлеуметтік желідегі сауатсыздықтың алдын алуды» насихаттайтын еріктілер тобын құру.
2. Осы жобаны жүзеге асыру мақсатында ата-аналармен , ұстаздармен түрлі іс-шаралар, байқаулар ұйымдастыру.
3. Мемлекетіміздің саясатына орай латын тіліне көшу арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтау.
4. **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.ҚР Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 9 қаңтардағы Жолдауы .Ақпарат ҚР Президентінің ресми сайтынан алынған

2. «Егемен Қазақстан»2018ж. 14 ақпан 6 бет. «Тілді сақтау-ұлтты сақтаудың кепілі» мақала авторы: Орынкүл Асанқызы
3.«Егемен Қазақстан»2018ж. 26 ақпан 8 бет.Мақала: «Тілді түлетудің тұғырнамасы», авторы: Ербол Шаяхметов –Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының директоры
4.«Егемен Қазақстан»2018ж. 13 ақпан 7 бет.Мақала: «Қалтафондағы қауіпті қосымша»Мақала авторы: Дархан Өмірбек

«ШАШТЫ» ӘҢГІМЕСІНІҢ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ

Қатысушы: Омарова Балжан
Жетекшісі:Алдынгурова Гульжан Кудайбергеновна
Аягөз ауданы, «Шынқожа батыр атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ

Мақсаты: Айгүл Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесінің идеясын ұлттық мүдде тұрғысынан талдау. «Шашты» әңгімесі 20 беттен тұратын туынды. Ол шынайы оқиғаға негізделіп жазылған . Әңгімедегі негізі кейіпкерлер: Тасқұл, Кенжебек, Атажан.Тасқұл мен Кенжебектен жақсытәлім-тәрбиеа алуға болады. Атажанға келетін келетін болсақ,оның жаман қылығынанаулақболу керек. Себебі ол барымташылықпен айналысып жылқы ұрлап, ұлдарды құлдыққа, және қыздарды күндікке алып, аяусыз қинаған. Міне соның зардабын шеккен Шашты яғни Кенжебек жайлы баяндалды. Жалпы әңгіме қилы заманталабына қарсытұрғанбатыртуралы.Әңгімеде көтерілген мәселелер: ер-азаматтардың ар-намысы, шапқыншылыққа ұшыраған елдің күйі. «Шашты» әңгімесінде ұлттық құндылықтарымыз жан-жақты суреттелген деп айтуға болады. Ұлттық мүдде идеясын бірнеше оқиғалар барысында көреміз. Автор барлығын өз кейіпкерлерінің бойындағы құндылықтар арқылы жеткізеді.
«Шашты» әңгімесі – адамның жан дүниесіне қатты әсер ететін шығарма.Оны қаламгер ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырған деп білемін. Шығарманы оқыған сайын ұлттық құндылықтарымыз биіктей түседі.
Ең алдыменен, шығармадағы көтерілген басты мәселе – адам тағдыры. Жер бетінде адам тағдырымен ойнап, оның өмірін ұрлаудан артық күнә жоқ. Жазушы, біріншіден, осыны ашып көрсетеді. Оны біз түрікпендерде құлдықта өмірін өткізген Тасқұл бейнесі арқылы көреміз. Құлдықта жүрсе де, ар- намысын алдыңғы орынға қойған Тасқұлда ұлтымызға ғана тән намысқойлық қасиет басым деп ойлаймын. Ол қанша рет қашуға бел буса да, босап шыға алмайды. Сонымен қатар, ешқашан да өзінің шыққан тегі туралы тіс жарып айтпайды. Бұл халқымызда өз тегіне, руына қара дақ, сүйекке таңба салмау деген қастерлі ұғымымен тікелей байланысты деп түсінемін. Міне, шығармадағы ұлттық мүддеге келгендегі ең бір ұтымды жері Тасқұлдың осы бір қасиетінде жатыр.
Екінші бір ұлттық құндылықтың көрініс тапқан жерін «Өзге жерде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген халық даналығымен байланыстыруға болады. Түрікпендерден қашып құтыла алмаған Тасқұл құлдыққа түскен Кенжебектің өз тағдырын қайталап, құлдықта өмірі өткенін қаламайды. Өз арманына жете алмаса да, соны Кенжебек арқылы жүзеге асырады. Осы жолда Тасқұлға халқымыздың даналығы, көрегендігі, ат баптау өнеріне деген , аспан әлемінің құпияларын терең меңгерген сұңғыла қасиеті көмектеседі. Бұндай

қасиеттер біздің қазағымызға ғана тән екенін білеміз. Шығармада: «– Шашты-түкті дүние сені адастырмас, толған ай алтын қазығың. Түнгі дегдар даламен көк бөріше жортарсың… Әулие пірің Баба түкті Шашты Әзиз қолдасын, жылқы пірі Қамбар ата қолдасын, қысылтаяңда қырық шілтен ғайып ерен кезіксін!» деген Тасқұлдың балаға берген батасының ұлттық мүдденің ең бір шарықтау шегі деп айтуға болады. Көк бөрі біздің көк түріктердің символы болған, жылқы пірі Қамар ата халқымыздың серігі, қанаты болған, Баба түкті Шашты Әзиз қорғаушымыз болған. Тасқұлдың осы батасының өзі қазақ халқының бүкіл болмысын ашып көрсетіп тұр емес пе?

Халқымыздың бойындағы ең бір асыл қасиет – ұлт мүддесіне қызмет етер ұрпақ жалғастығы. Тасқұлдың Кенжебекке берген бүкіл тәрбиесі, айтқан сөздері оны намысты, қайсар етіп тәрбиелеп шығарады. Еліне жеткен Кенжебек осы тәрбиені ту етіп, ұлт мүдесіне қызмет етіп, атақты батыр болады. Шығарманың соңында Әз Тәуке хан тұсында шоқбелдеу таққан Шашты айтулы азамат болып, аты ел аузына ілікті деп аяқталады. Жорықта қол бастайды. Баяғы теке түрікпенді шауып, қыруар жылқысын қайтарып алып, түрікпеннің сұлу қызын қоса әкелді. Осылайша, жылқышы атасының ғана емес, құлдыққа түскен күллі қазақ затының кегін қайтарады. Кенжебек қалған өмірінің азаттықта өтуіне себепші болған атасының сөздерін есіне алып, өміріне жаратады. Осы тұстан ұлтымызға тән жаудан кек қайтару, туған елге қызмет ету, намысты қолдан бермеу, үлкеннің кеңесін азық, аманатқа қиянат жасамау сияқты ешқашан ортаймайтын, құндылығы жойылмайтын ұлт тағылымын көреміз деп ойлаймын.

Қорыта келгенде, әңгімеден алар тәлім-тәрбие көп, осы құндылықтарды өз бойымызға сіңіріп, Шашты сияқты еліміз бен жерімізге қызмет етейік деп ойымды аяқтаймын.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ ОҢ ЖӘНЕ ТЕРІС ЖАҚТАРЫ.ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ҚАНДАЙ ПАЙДАСЫ БАР? ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ҚАНДАЙ КЕМШІЛІКТЕРІ БАР?

Қатысушы: Саматқызы Қырмызы, Тоқтарбекова Еркежан
Жетекшісі: Оспанова Куралай Шарипказыевна
«№4 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Аннотация:Қазіргі таңда әлеуметтік желілер қарқынды дамуда. Осыған байланысты біздің ойлау қабілетімізде,ой-өрісіміз де әр жыл сайын өзгеруде.Ғаламтор қазіргі таңда алысты жақын ететін, ат шаптырым жерден хатты жедел түрде жеткізетін ең тиімді қолданыс құралы. Осыған байланысты әлеуметтік желілердің оң және теріс жақтарын қарастырайық.

Кіріспе бөлім:

Зерттеудің өзектілігі: Ғаламтор желісі XXI ғасырдағы адамдардың ең үлкен жетістігі болып табылады. Ғаламтор желісінің пайдасы да, зияны да бір арнада тоғысады. Алайда, әлеуметтік желіні дұрыс жағынан немесе бұрыс жағынан қолдану адамның өзіне байланысты.

Зерттеу жобаның мақсаты: Әлеуметтік желілер — ермектері бірдей адамдардың Интернетте бірігетін қоғамдастық сайттары. Осы сайттарда адамдар жедел түрде мәліметтер алмасады және достар табады. Бірақ осы сайттар

арқылы тек қатынасып қана қоймай, адамдар музыка, видео іздеуі де мүмкін. Әлеуметтік желі — ақпарат алмасу, қарым-қатынас жасау және уақыт үнемдеу құралы.Әлеуметтік желі мәдениеті — әлеуметтік желіні қолдану, кез келген әлеуметтік желі қолданушысы қандай әрекетті істеуге болатындығын немесе болмайтындығын айқындайтын, жасағалы отырған жұмыстың шегін белгілейтін жалпы қағидаттарының жиынтығы.

Әлеуметтік желі күнделікті өмірдің жартысын, кейде одан да көп бөлігін алып кетіп жатады.Таяқтың екі ұшы болатыны секілді әлеуметтік желілердің де адам баласы үшін пайдалы және пайдасыз тұстары бар. Адамдар әлеуметтік желіге не үшін кіреді? Барлығы неге тәуелді? - деген сұрақтар туындайды.

Негізгі бөлім:

Әлеуметтік желілердің жеке адамға, жалпы қоғамға, мемлекеттерге ықпалы барған сайын күшейіп барады. Ең бастысы әлеуметтік желілердің пайдалы жағын айтатын болсақ,көптеген факторға тоқталуға болады. Олар:Байланыс пен ақпарат алмасу қолжетімділігі:Қазіргі таңда хат-хабар алмасу деген проблема түбегейлі жойылғандай. Ақпаратты әлеуметтік желіге жүктеу,электрондық почтада алу да қиындық тудырмайды. Ғаламдағы барлық соңғы жаналықтарды басқа жерде отырып та білуімізге болады. Іздеу жылдамдығы: Әлеуметтік желіде сізге қажетті әуен,фильм немесе басқа елдегі адамдарды оңай таба аламыз. Бұл технологияның қалай қарқынды дамығаның көрсетеді. Одан бөлек, іздеп жүрген адамды жылдам табу ол қазіргі кездегі маңызды артықшылықтын бірі болып келеді.

Жаңа жұмыс орынын табу:

Интернет желісі арқылы жұмыс істеп ақша табуға да болады, себебі қазіргі таңда жұмыстың көп бағыты ғаламтор, компьютермен тікелей байланысты. Яғни, жұмыс таба алмай жүргенде,өзініздің құжаттарынызды сол керек сайтқа жүктеп, жауабын бірер уақыттан кейін білуге болады. Және де үйде отырып та жұмыс істеуге болады. Қазіргі таңда көптеген профессиялар компьютер арқылы жүзеге асады және жұмыс орынына барып келуді қажет етпейды.

Әрине, әлеуметтік желінің адамзат баласы үшін пайдасы өте зор, және оған қарсы келу мүмкін емес. Дегенмен, әлеуметтік желінің де зияны аз емес.

Денсаулыққа зиян:

Әлеуметтік желіні шамадан тыс пайдалану денсаулығымызға кері әсерін алып келетіні бәрімізге мәлім. Экран бетіне көп қарап отыру көздің көруіне және арқаның қисаюына алып келеді. Және барлық күш қуатымызды біз экран бетіндегі әлемге бергеннен кейін де әлсіреуіміз тұрақты жағдай болып саналады.

Уақыт шығындау:

Әлеуметтік желіні кейбір адамдар өздеріне керек ақпарат алса,кейбіреуі уақыттарын бос өткізіп,керек емес ақпаратты өздеріне алады.

Шын әлемнен ажырау:

Ғаламтор тұсында біз өзімізді басқалай сезінеміз. Ғалымдардың сөздеріне сүйенсек,әлеуметтік желіге кіргендердін 70 пайызы өз өмірлерін күшті етіп көрсеткісі келеді екен. Бұл шын өмірден алыстау дегенді білдіреді.

Тәуелділіктің ықтималдығы:

Әлеумпттік желі тәуелділіктін улкен әулетіне ие. Егер сол тәуелділікке ұрынсаныз,психологиялық тұрғыда қиындықтарға алып келу мүмкіндігі бар.

Қорытындылай келе, әлеуметтік желіні оңды, солды пайдалану өз қолымызда. Егер сіз оларды қалыпты жағдайда қолдансаңыз, әлеуметтік желілер зиян тигізбейді. Ал, ақпаратты електен өткізбей, шектен тыс қолдану зиян.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. https://bilim-all.kz/article/10405-Aleumettik-zhelinin-paidasy-men-ziyany
2. https://akikat01.com/%D3%99leumettik-zheli-pajdasy-men-ziyany/

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗҒА, МӘДЕНИЕТІМІЗГЕ КЕРІ ӘСЕРІ

Қатысушы: Серикбекова Аружан
Жетекшісі: Оспанова Куралай Шарипказыевна
«№4 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Бүгінгі таңда әр адам әлеуметтік желіде, ғаламторда отырады. Адам бос уақытын ғаламторда өткізеді. Қазіргі заман заманауи технологиялар заманы болғандықтан әлеуметтік желіде немесе ғаламторда отырады мүмкін емес. Енді сол әлеуметтік желінің біздің ата-бабамыздан қалған ұлттық құндылығымызға қалай әсер ететінін нысанға қойып талқылаймыз.

Зерттеудің өзектілігі: Бүгінде Қазақстандық балалардың көпшілігі әлеуметтік желілерде отырады. Ата-бабымыздан келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп,салт-дәстүрімізді құрметтеп,кітап оқуға,үлкенді сыйлауға,білімді, тәрбиелі,ұшқыр ойлы тұлға болып қалыптасуына тәрбиелеу.

Зерттеу жобаның мақсаты:

Әлеуметтік желілерге арқау етпей, ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрлерімізді тарихымызды,мәдениетімізді жоғалтпау,өскелең ұрпағымызды батыс мәдениетінен алшақтату,қазақ деген қиелі халқымыздың ата-бабамыздан мирас болып қалған бай мұрасын дәріптеу, көрініс табуына ықпал ету, үлес қосу.

Әлеуметтік желі-бұл жекелеген мемлекеттік және экономикалық міндеттер мен әлеуметтік-әдістемелік міндеттерді шешу арқылы құрылатын құрылым. Осы желі арқылы кез-келген әлеуметтік-саяси, экономикалық және корпоративтік мәселелерді шешудің жалпыға қол жетімді мүмкіндігі пайда болады. Бұл желі арқылы саяси, экономикалық және техникалық өзгерістер мәселелерін шешуге және жеке және қоғамдық көзқараспен байланысты танымды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оның арқасында мемлекет, қоғам және экономика құрылысын қайта бастау мүмкіндігі жұртшылықтың игілігіне айналуда..XXI ғасыр ақпарат пен технологияның ғасыры.Қазіргі заман жастары бір-бірімен шын өмірде сөйлескенше, виртуалды сөйлескенді артық көреді.

Негізгі бөлім:

Әлеуметтік желі-қазіргі заман адамдары үшін ең өзекті тақырып болды. Әлеуметтік желі арқылы біз әлемдік жаңалықтарды біліп отырамыз,скайп арқылы шет елдегі достарымызбен немесе туыстарымызбен

сөйлесеаламыз,үйден шықпай тамақ немесе бізге қажетті кез келген тауарларға тапсырыс бере аламыз. Бұл әлеуметтік желінің жағымды жақтары. Әрине, әлеуметтік желінің адамзат баласы үшін пайдасы өте зор, және оған қарсы келе алмаймыз. Алайда әлеуметтік желінің қанша пайдасы болсада зияны да соншалықты болады. Зияның айта кетсек бұл көп адамдардық әлеуметтік желіге, ғаламторға деген тәуелділік. Статистикаға қарап айтсақ әлем бойынша халықтардың 10% ғаламторға тәуелді болып келеді. Сонымен қатар әлеуметтік желінің денсаулыққа деген зияның айтсақ болады. Бүгін қайда қарамасаң бәрі өз телефонына үңіліп, қоршаған ортаға мән бермей отырады. Үңілгенінен арқаға зиян тиеді. Қазір әр екінші адамның арқасын бүгір деп айтуға болады. Сонымен қатар көзге зияны мол. Адам телефонына үңілген сайын оның көру қабілеті нашарлайды.

Әлеуметтік желі біздің қоғамға үлкен әсер етеді және көптеген зерттеулер олардың ұлттық құндылықтарға теріс әсер етуі мүмкін екенін көрсетеді. Сонымен қатар, әлеуметтік желі жалған ақпараттың таралуына ықпал етуі мүмкін, соның ішінде белгілі бір ұлттың құқықтарын бұзуы немесе сол ұлт құндылықтары туралы жалған ақпарат таратуы мүмкін. Бұл адамдардың өздерінің ұлттық құндылықтарына күмәнданыына, сондай-ақ ұлттық құндылықтар мен мәдениетті қорғайтын заңдар мен ережелердің бұзылуына әкелуі мүмкін.Жалпы, әлеуметтік желілер ұлттық құндылықтарды нығайтуға да, жоюға да әлеуетке ие. Алайда, бұл олардың қалай қолданылатынына және қандай құндылықтар мен сенімдерді ынталандыратынына байланысты екенін түсіну маңызды. Жалпы алғанда, әлеуметтік медиа ұлттық құндылықтарды насихаттауға әлеуеті бар болса да, олар жалған жаңалықтарды насихаттау, жеке өмірге нұқсан келтіру, қоғамның бөлшектенуіне ықпал ету және сыпайылық пен сыйластықты бұзу арқылы ұлттық құндылықтарға теріс әсер етуі мүмкін.Бұл адамдар өздерінің бар сенімдері мен алалаушылықтарын күшейтетін ақпаратқа ғана ұшырайтын онлайн орта. Бұл төзімділік, жанашырлықтың, түсінушіліктің және құрмет сияқты қасиеттердің болмауына әкелуі мүмкін. Егерде бұл қасиеттер адам бойында болмаса ол ұлттық құндылыққа нұқсан келтіруі мүнкін.

Қазақ елінің ұлттық құндылықтары сан жетпес көп. Мысалға айтсақ үлкенге құрмет көрсету, қазақтардың ұлттық оюы, көрімдік, сүйінші , сәлем салу сияқты. Қазақтың ұлттық құндылықтары айта-айта бітпес. Алайда күн сайын бұл құндылықтар ұмытылп жатыр. Адамдар ұлттық құндылық маңызын ұмытып барады. Оның ұмытылуының бір себебі әлеуметтік желі деп айтуға болады. Айта кеткендей ғаламторларда ұлттық құндылықтар туралы жалған ақпараттар немесе ұлттық құндылықтарды қате насихаттау кесірінен ол ұмытылып жатыр. Біздің ата-бабаларымыздан қалған мұраны дұрыс насихаттай білу ұлттық құндылықта өте маңызды рөл ойнайды. Біздің рухани мұрамыз неғұрлым бай болса, өткеніміз соғұрлым әр түрлі болады және бүгінгі мәдени мұра неғұрлым көп болса, соғұрлым жақсы біздің өміріміздің мәні терең, мақсатымыз айқын, ұлттық

идеямыз жоғары, тарихи үлгілер дана ойлар күшті ұрпақ ата-ана күмән тудырмайды. Біз келер ұрпақты қазақ халқының ұлттық құндылықтарын насихаттап, оларды дұрыс тәрбиелеу керекпіз. Сонда ұлттық құндылық ешқашан ұмтылмайды. Сондықтан, ең алдымен, бүгін қоғамның келбетіне сәйкес келетін ұлт болашағының бағытын анықтау қажет. Әр ұлттың қазіргі заманғы білім беру жүйесінің өзіндік жолы бар. Егер тәрбие ұлттық табиғи тамырлардан алыстаса, тәрбиелік қасиеттер ұтылады. Сондықтан оны ұлт тағдырымен рухани байланыстырады біз өзімізді бүгінгі қоғам деп санай отырып, алға жылжуымыз керек. Сондықтан біз ұрпақтан-ұрпаққа асыл қазына ретінде берілетін халқымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын бағалап, жас ұрпақтың тәрбие жұмысын кеңінен ұйымдастыра білуіміз керек

Қорытындылай келе, әлеуметтік желінің ұлттық құдылыққа кері әсерін тигізуге жол бермеуге ат салысуымыз керек. Себебі әр ұлтты тек сол ұлттық құндылық ғана ерекшелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. Алматы, 2001.
2 https://shareslide.ru/informatika/prezentatsiya-po-informatike-internett-paydasy-men
3 https://bugin.kz/1667-aleumettik-dgelininh-paydasy-men-ziyany

“АЛАШ АРЫСТАРЫ- МҰХТАР ӘУЕЗОВ” МУЗЕЙІНІҢ СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ РУХАНИ ТАРИХЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ

Қатысушы: Черубаева Ания
Жетекшілері: Малгаждарова Жанат Зейнелевна,
Мухамедиева Гульжан Мухаметказиновна
«Ыбырай Алтынсарин атындағы №37 гимназиясы» КММ

1.1 Музей орналасқан Әнияр Молдабаев үйінің тарихы оның Алаш зиялыларының қозғалысымен байланыстылығы.

Отандық төл тарихымызда өзінің өзектілігін жоймайтын ауқымды түрде зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі "Мәңгілік ерікті елді аңсаған" Алаш идеясы ХХ ғасырдың басында білім талғам танымдары жан-жақты тұлғалар дүние келген дүбірлі заман болды. Осы тұста қалыптасқан қазақ зиялыларын ойландырған мәселелер: елдің, ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын сақтау. Халқын өркениеттегі елдердің қатарына қосу, ол үшін елін қылың ұйқыданоятып, оқу, өнер-білім, іскерлік жолына салуды ең бастысы дербес мемлекеттілігін құру еді. Алаш ұлт көшбасшысы Ә.Бөкейханов оның үзеңгілестерінің асыл мұраты, Қазақстан тәуелсіздік алумен орындалды. Енді Алаш арыстарының баға жеткізбес ұлы істеріне көзімізді жеткізіп ұрпаққа насихаттайтын алаш мұратына иелік жасап құрметтейтін нәубат келді.

Осындай мақсат астында Алаш астанасы Семейде 1997 жылы 23 қыркүйекте М.Әуезовтің туғанына 100 жыл толуына орай Семей қаласындағы тарихи ғимараттардың бірі Бөгенбай батыр көшесіндегі 132 үйде ел тарихында алаш қайраткерлеріне арналған түңғыш Абай музейінің бір бөлімі.

"Алаш арыстары- М.Әуезов " музейі рухани алтын сандықтай айқара есік ашты. Бұл үйдің ежелгі иесі ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамындағы түрлі

қызметімен халыққа жақсы танымал болған айтулы тұлғалардың бірі - Әнияр Молдабаев еді. Ол өз дәуірінде елге есімі белгілі оқымысты шенеунік, мемлекеттік банк қызметкері дәрежесіне дейін көтерілген адам.

Әнияр Молдабаев 1856 - 1934 жылдар аралығында өмір сүрген Абай ауылының азаматы,Шыңғыс болысы Тобықты ішінде Әнет руынан. Әкесі Қожабай ағаштан түйін түйген щебер болған. Әнияр ұлы Абайдың тәрбиесін көп көрген адам Данышпан ақын дарынды бала Әниярды Семей қаласына әкеп "Русско-Киргизскоеучилищесіне" оқуға табыс етеді. Бұл оқу орнын XIX ғасырдың орта тұсынан бастап қазақ балаларын оқытуға үкімет әдейі арнап ашқан. Патшаның кеңестеріне керекті қазақ тілмаштары мен көмекшілерін жалпы ұсақ шенеуніктерді сондай мектептерде әзірлеген.

Кемеңгер жазушы М.Әуезовтің "Абай жолы" роман эпопеясындағы Әниярдың прототипі Данияр Қондыбаев деп берілген. Мұнда Абайдың бірнеше жетім балаларды оқуға түсіргендігі туралы, соның ішінде Әнияр туралы: "Осы жолы өз балаларының ғана емес тағы бірнеше жетім балаларды Абай өз талабымен оқуға енгізді. Бұл балаларды көршілес жатақханаларынан арнаулы кісілермен алғызған. Соның бірі Ералы жатағындағы Әнет Молдабай баласы Данияр деген жетім бала бұның оқуға түсуі - өрескел бір күйден туған, соңғы 2 жыл бойынша корпуспен Семен Жандаралы шығарған бір бұйрықта, қазақтың болыс басы бір бала орысша оқуға берілсін делінген.

Сол бұйрық Тобықты болыстарына барса, әкесі бар баланы ешбір ауыл қимағанда, бермеген. «Берсе, жетім берілсін» деп, ол жетімдерге және де иелер табылып, құнын төлемесе берместей болған.

Осы жайында бір күні Абайға Михайлов сөз қылып, күйінішпен күліп отырып, " бар Семпалат уезі жабылып бір баласын оқуға беруге қимайды.

Осының не шарасы бар?" - деп сұраған. Сол хабарды білісімен Абай Тобықтының өзі білген, тілін алады дейтін адамдарының барлығына, қалада жатып хат жазған. Шыңғыс болысының есебінен деп, жатақ баласы Даниярды қалаға алғызып кеп, интернатқа енгізеді.Осымен қоса Абай Омарбек, Құрманбай,Сәдуақас, Қасен - деген жетім балаларды интернатқа әкеп мұсылманша оқуға бергізеді" - деп жазады… [6]

Алаш ұлт-азаттық қозғалысы жылдары Әлихан бастауымен "Алаш партиясының" Семей облыстық комитеті құрылған кезде Әнияр Молдабаев оның қазынашысы болып, бекиді.

Партияның мүшелік жарна , қаржы мәселесі секілді жауапты істер кім көрінгенге сеніп тапсырыла бермегені түсінікті.

Данияр Молдабаев, Шәкәрім, Көкбай, Нәзипа Құлжанова,Тұрағұл Абайұлы, Халел Ғаббасов, Әлімхан Ермеков, Райымжан Мәрсеков, Ахметжан Қозбағаров, Биахмет Сарсенов пен бірге земство басқармасының мүшесі болып енеді. Әнияр Молдабаевқа Абай Семейден Москвин деген көпестің үйін сатып әпереді. Бұл үйге Кәкітай, Шәкәрім, Мағауия, Ақылбек, Тұрағұлдар келіп жүрген. М.Әуезов те осы үйде пәтерде тұрған. 1904 жылы тамыз айында осы үйде Абайдың қырқы беріледі. 1930 жылы Әнияр Шыңғыстауға ел ішіне көшіп барып, Шәкәрім ауылымен іргелес отырады да 1934 жылы қайтыс болады.

Әниярдың үйі демекші Абайдың түңғыш өлеңдер жинағы баспадан шығар алдында осында Кәкітайдың араласуымен бірталай жұмыстар атқарылған, және осы жинақ шығаратын И.Бораганский «Восточная электропечатная»

баспаханасы бір баспа табақ басып Семейдегі Әнияр Молдабаевтың үйіне жіберіп тұрған. Әнияр болса бұл қағаздарды Кәкітайға жеткізіп берген ал Кәкітай оның қатесін түзеп, қайта Петербургке жіберген.

Міне осындай сергелдеңмен жүріп, Абайдың бірінші өлең жинағы 1909 жылы яғни үш жылда зорға жарыққа шыққан.

Сол сияқты Әнияр Молдабаевтың үйінде азаматтық қарсыласу жылдары Алашорда басшылары Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатовтың отбасылары тұрғаны туралы Гүлнар Міржақыпқызы "Алаштың сөнбес жұлдыздары" атты мемуар еңбегінде: "Әкем 1921-1922 жылдары Семей губ. сотына жұмыс істеді де, біз Комиссарская көшесіндегі Әнияр Молдабаевтың екі қабатты жекеменшік үйінде тұрдық (кейін Абай музейі болды). Үстіңгі қабатында біз - Дулатовтар. біріншісінде Әлихан атекемнің (Бөкейханов) үй іші жайғасқан еді", - еді деп айтады. [7]

Бүгінде Абай қалаға келгенде тоқтап жүрген екі қабат ағаш үй "Алаш арыстары - М.Әуезов" деп аталып жүрген музейге айналды.

Семейде 1917-1920 жылдары Алаш ұлт-азаттық қозғалысының қайраткерлері Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, К.Капбасов, М.Тынышбаев, Ә.Ермеков, Е.Омаров, Ш.Құдайбердиев, Ж.Аймауытов, А.Қозыбағаров, М. Құрманбаев, Әбікей, Қ.Сәтбаевтар, Ж.Ақбаев, М.Шоқай, Р.Мәрсеков, Қ.Жантаев, С.Торайғыров белсенді кызмет аткарып Алашқа еңбек етті 1944 жылы Абайдың 100 жылдық мерей тойына дайындық кезінде, М.Әуезовтің ұсынысы бойынша Абай мұражайы осы Әнияр Молдабаевтың үйіне орналасқанды.

Бұл үй 1967-1990 жылдары қалалық балалар кітапханасы болды. Ал 1990 жылдары Әнияр Молдабаевтың үйі Абай мұражайының қарамағына берілді. 1996-1997 жылдары мұражай ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілген.1997 жылы 23 қыркүйекте Мұхтар Әуезовтің 100 жыл толуына орай мұнда Абайдың мемлекеттік мұражайының "Алаш арыстары - Мұхтар Әуезов" бөлімі салтанатты түрде ашылды. қосымша [1]

Мұражайды ашу құрметі сол уақыттағы КР мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбаев пен Республика премьер министрінің орынбасары Иманғали Тасмағамбетовке берілді. М. Әуезовтің қызы Мұғамила Әуезова мен немере қарындасы Гүлнар Разаққызы қазақ халқының ежелгі дәстүрі мен шашу шашты.

Ұлы жазушының мерейтойының құрметті қонақтары жаңа музейдің бірінші көрермендері болды. Әнияр Молдабаев 78 жасында дүниеден өткен. Ал одан тарайтын ұрпақтары туралы 1995 жылы "Заман- Қазақстан " газетіндегі белгілі абайтанушы Бейбіт Сапаралының "Абайдың құдасы Әнияр кім?" және 2000 жылғы Қазақстан газетіндегі ғалым Әбдісағит Тәттіғұловтың "Текті тұлғалар тұяғы" деген мақаланың ішінде жазған. Міне Алаш ұлт- азаттық қозғалысына белсене қатысқан, алайда есімі көп атала бермейтін арыстарымыздың бірі - Әнияр Қожабайұлы Молдабаевтың ұлағатты алаш арыстарымен бірге өткен өмір жолы осындай.

2.1. "Алаш арыстары Мұхтар Әуезов" музейінің кешендік экспозиция бөлімдері

«Алаш арыстары - Мұхтар Әуезов» музейін зерттеп, саралағамызда бұл тарихи деректермен құжат мұрағаттарға бай екені қызықтырды. Төрт бөлімнен құралып, бірінші залы қала тарихына дәлірек айтқанда Семей қаласының XIX ғасырдың

аяғымен ХХ ғасырдың басындағы жағдайына және оның сол кездегі тарихи кезеңінде тарих сахнасынан орын алуы, Алаш қозғалысының орталығына айналуы туралы материалдар жинақталған. Солардың ішінде Ә.Бөкейханов оқудағы жастарға жәрдем қауымын ашу туралы сөз қозғағанда : "менің бұл сөзім білгіш көпке мақұл көрінсе, қауымды қай қалада ашқан жөн? Қазақ ортасы Қараөткел (Ақмола) қаласы бірақ мұнда бұл істі ізденіп, шығарып тәрбиелеп басқаратын жігіттер кем-аудеймін.Ал бұл ел ортасы болғаны мен басқа жағынан реті келмейді… Онда қауымның басқармасын ашарлық талапкер қалалар санаулы менің білуімше ондай қалалар Семей , Тройцкі ,Орынбор, Оренбургта іргелі қазақ аз. Мұндағы қазақ бәрі оқудағы жастар, закон жолында бұлар қауымға ағза бола алмайды. Қауым басқарушы 4-5 кісіде Оренбургте табылар мекен.Ахмет,Міржақыпқа газетте жетер деген, бұдан соң қауым басқармасын ашуға қолайлысы Семей деп көрсетіп, мұнда қазақта, басқа мұсылмандар да көп оқыған басшы боларлық жігіттердің де басы құраулы" деп баяндаған екен.[8]

Міне осы залда Алаш қозғалысының 1-кезеңі 1890-1905 жылдар аралығындағы Алаш зиялыларының Омбы, Семей, Қарқаралы, Орал, Верный, Ташкент т.б. қалалардағы қалыптасу, бірігу ұлт-азаттық идеясының пісіп-жетілу кезеңі екенін көрсету мақсат етілген.

Ұлт-азаттық идеясының сол кезде саясат төріне шығуы қазақ жастары мен оқымыстыларының бірігуіне, олардың Ресей қалаларында шет елде білім алуына байланысты болғаны баян етіліп көрсетілген. Осы бөлімде Жүсіпбек Аймауытовтың "Қазақты тура жолға бастайтыны да адастыратын да - оқығаны. Оқығанын қазақ сыйлайды соңынан ереді, қадірлейді, сенеді білімді, ақылды жақсылықты, үлгілі тәртіпті, ақиқатты , әділдікті, қызметті оқығандарының күтеді. " [9] қосымша [2]- деп XIX-XX ғасыр тоғысында шет қала мемлекеттерінде оқыған қазақ жастары аталған әрі музейден фото суретті орын алған. Бүгінде олар аңсаған тәуелсіз Қазақстанда Елбасы "Болашақ" бағдарламасымен білімді жастарды тәрбиелеуге Алаш ісін жалғастырып келеді. Омбының оқу орындарында қазақтың мемлекет қоғам қайраткерлерінің оқығандары музейден орын алған және Қарқаралы петициясына қатысты хат фото суреттер құжат көшірмесі арыз тілектер жіберген материалдар орналасқан.

Ондағы үлкен сөздер: Бірінші - жер мәселесі, қазақтың жерін алуды тоқтатып келіншектерді жібермеу сұралған, екінші қазаққа земство беруді сұраған, үшінші отаршылдар деп орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуында болғандықтан қазақ жұртын мүптилерге қаратуды сұраған. Петициядағы тілек қылған ірі мәселелермен жете таныстыру үшін негізгі мәтін құжат есебінде орын алғандығын зерделей таныстық.

II кезеңі 1905 - 1907 жылдар аралығын көрсететін материалдардан қазақтың өзін-өзі басқару құқығын алуға деген үмітін оятып, ұлт-азаттық қозғалысына жаңа серпін берген.

1905-1907 жылдардағы бірінші орыс төңкерісі және II мемлекеттік думаға қатысқан депутат сайлаушы туралы деректер. II кезеңді деген ЕҰ қарасты "Алаш" мәдениет және рухани даму институтынан алынған материалдар молынан орын алған. Тарихта ізі қалған Ресей империясының I - II-ші мемлекеттік думаға сайланған қазақ зиялылары туралы толық мәліметтер берілген. қосымша [3] Фото суреттері депутаттардың олар туралы анықтамалар

архив деректерімен бірге 1906 жылы 13 маусымда "Семипалатинский листок" газетінде жарияланған мақаладан үзінді де орын алды. Онда былай деп жазылыпты: "редакция қазақ халқын нәтижелі сайлау қорытындысымен құттықтайды. Ә.Бөкейханов мемлекеттік думада ұлт мүддесін қорғай алатын қазақтың жоғын жоқтап,тілегін жеткізетін бірден бір адам екеніне халқы сенсе керек" - деген өнегелі ісі орын алған.

Музейде 1907-1917 жылдар аралығындағы Алаш қозғалысының III кезеңі - бұл Мәдени қайта өркендеу кезеңі болады деген екен. Оксфорд университеті жанындағы орта Азияны зерттеу ғалымдары Алаш зиялыларының дәл осы кезеңдегі іс қимылы мен қол жеткізген жетістігін олар "мәдени ренессанс " - "мәдени төңкеріс" деп бағалады. Тұжырымдамада бұл қазақ романдарының очерктерінің ұлттық сана сезімді ұлттық ар-ождан, намысты оятқан өлең жинақтарының (Абай, Мәшhүр Жүсіп, Ахмет, Міржақып т.б.) тұңғыш қазақ оқулықтарымен фольклорлық туындыларының пьесаларының жалпы ұлттық басылым - "Айқап" журналымен "Қазақ " газетінің жарық көрген кезеңі" делінген. Бұл кезеңді музейде өте мазмұнды XIX-XX ғасыр тоғысындағы Алаш орыс-қазақ басылымдарында атты тақырыппен бастапты. Бұл жерде көзіміз жеткені жабдықтауда қолданған тәсілдің бірі фото коллажды пайдалану жоспарланған.

Музейде Орынборда 1913-1918 жылдары "Қазақ " газетінің 265 саны жарық көріпті, Семейде 1918 жыл ақпан - қазан айында 12 саны шыққан екен "Айқап", "Абай" журналын шығарушылар туралы деректер берілген. Мұнымен бірге бұл бөлімде дала уәлаяты Алаш қайраткерлерінің мақалалары басылған газет журналдар белгілі шығармалары мен еңбектері музейден орын алған. IV кезең 1917- 1920 жылдар Алаш Орда үкіметінің құрылуы баяндалған. Декабрьдің 12-сі күні түс ауа сағат 3-те дүниеге "Алаш автономиясы" келіп азан шақырылып ат қойылды. Алты Алаштың баласының басына Ақ Орда тігіліп Алаш туы көтерілді "Автономия бізге өмірлік мақсат еді, Жасасын Алаш автономиясы!" [10] деген Ә. Ермековтің сөздері мен архив деректерінің ішінде үкіметтің саяси іс-әрекеттері туралы материалдар, соның ішінде фото суреттер тақырыппен мазмұнды ашып көрсетіп тұр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ә.Тарази. Абайдың тұқым тұяғы. Алматы. 12 бет
2. "Ә.Бөкейханов және тәуелсіздік мұраты". Астана. 2006. 8 бет
3. Уақытгазеті. Орынбор.1918ж. 50-51 бет
4. "Ә.Бөкейханов және тәуелсіздік мұраты". Астана. 2006. 160 бет

ҚАЗАҚ ЭПОСЫНДАҒЫ КОСМОГОНИЯЛЫҚ МИФТЕРДІҢ КӨРІНІСІ

Қатысушы: Әлібекқызы Амангүл
Жетекшісі: Жумабаева Бақыт Назировна
«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №47 жалпы
орта білім беретін мектебі» КММ

Космогониялық мифтер ежелгі ата-бабамыздың жаратылыс туралы ой танымын,наным-сенімін көрсетеді.Ерте замандарда халықтың дүние қалай жаратылған,оны кім басқарып тұр? деген сұрақтарға жауап іздегенін байқауға болады.

Ғылымда мифке берілген анықтама өте көп. Миф (грек.mifos - аңыз,баян,мысал)-халық творчествасының өте ертеден қалыптасқан жанрларының бірі.Миф–ертедегі адамтану,дүниетану көзқарасы, ақиқат танымы. Мифтің құрылымдық элементтеріне сюжетті уәждер, мифологиялық кейіпкерлер жатады.Адам баласының ерте заманғы ұғым-түсініктерінің, дүниені танып-білу ой-өрісінің өте ерте ескі көрінісі–миф,ол қоғамдық сананың барлық түрлеріне ортақ, оның бәріне де қатысы бар[1,35].

Мифтің негізгі қызметі–дүние қайдан пайда болғанын түсіндіру,этикалық және эстетикалық түсініктер арқылы белгілі бір мораль нормалары мен құндылықтар жүйесін орнықтыру. Мифтерді тек ертегілер, аңыздар деп түсінген дұрыс емес, өйткені миф бұл–индивидтің қоршаған әлемді игеруі, адамдардың, табиғаттық және әлеуметтік ортадан, болмыстан тәуелділігі және мифтерде діннің, философияның, ғылымның бастамалары бар.Жалпы,мифтердің діннен айырмашылығы сенімге ғана емес, ақылға, ойға, парасаттылыққа сүйену болып табылады.Миф халықтардың бәрінде болды. Белгісіз дүниені түсіндіруге тырысудан одан да белгісіздігі мол дүниені танып білуге ұмтылу, егерде ол дүние танып білуге мүмкіндік бермесе, тәңірге немесе құпия ғаламат күшке сілтеме жасау – мифтің өзіне тән ерекшелігі.

Мифтер: Космогониялық мифтер, Антропологиялық мифтер, Эсхатологиялық, Космологиялық, Теогониялық деп жіктеледі.

Миф–әлемдік дүниетанымды өте әдемі қылып суреттейтін, адамдардың табиғат пен қоғамды өздігінен тану құбылысы болып табылады. Мифтің алғашқы қозғаушы күші нақты жағдайға байланысты және қоғамдағы тәртіптің ыңғайына бейімделіп, болашақты болжау болып табылды.

Қазақ әдебиетінің тарихында қазақ мифологиясына ерен еңбек сіңірген ғалым-зерттеушілердің бірегейі–Мұхтар Омарханұлы Әуезов. Қазіргі қазақ мифологиясы-ның көрнекті ғалымы- С.Қондыбай. Қазақ мифологиясы бұрынғы кезде қазақ фольклорының аясында қаралып келген.Алайда, мифология–тіпті,ес білмеген, ықылым заманда, фольклордан бұрын пайда болған- ғылыми пән.

Қ.Жұбанов мифтердің пайда болуы туралы: «Ежелгі дәуір адамдары әр заттың, нәрсенің не жақсы, не жаман иесі бар деп түсінген. Сондықтан жақсы жақтағыларды құдай, періште, пайғамбар, әулие деп атап, жаман жақтағыларды шайтан, албасты, пері (мұның да екі түрі бар) деп сенген. ...Төрт түліктің пірі, қолдаушысы ретінде сиыр атасын–Ойсылқара, түйе атасы Зеңгі баба, жылқы иесі–Қамбар ата, қой малының иесі–Шопан ата, ешкінің пірі–Шек-шек ата деп атау сол кезден қалған. Ол заманда құдайдың аты Ұмай болған. Кейіннен сөз басындағы қысаң ұ дыбысы түсіп қалып, май деп айтылып кеткен. Қазақтың: «От ана, май ана, жарылқа!» дейтін және «Май да Ол ежелгі халықтық дүниетанымға негізделген мифологиялық негіздемелерді жасайды. Профессор Құдайберген Жұбанов: «Көк пен су екеуі бір кезде бір ұғым болған. Бірі–жоғарғы аспан,бірі–төменгі аспан болып саналған. Алғашқы адам ұғымында екеуі де космос. Бізде барлық табиғат адамның сыртқы күші болып саналған» [2,283]. Яғни, Тәңір мен Жердің (Ұмай) өзара сабақтастығын білдіре келе, сол көк ұғымынан «күйдің» шығатынын және көк пен судың бір негізділігін баса айтады.

Эпос тіліндегі мифтік сюжеттер мен этюдтерді ғалым нақты мысалдар арқылы көрсете отырып, мифтік образдардың анағұрлым эпостан да бұрын

пайда болғанын айтады.Мифтің сақталу, жалғасу теориясын ғылыми негізде сараптай отырып ғалым:«Алайда, адам баласының санасы ер жетіп, табиғат пен қоғамды миф тұрғысынан аңыздау тоқталғаннан кейін де әуел бастағы мифологиялық образдар көркем шығармалардан бірден түсіп қала қоймайды. Қайта олар жаңа жағдайға сай соны мазмұнға ие болып, шындық өмірдің нақты құбылыстарын бойына жинақтаған, бастапқы діни мәнінен арылған көркем образ ретінде қолданылатын болады» [2,90], - деген пікірінен де көп нәрсені аңғаруымызға болады.

М.Әуезов халық әлі оң-соңын айыра алмай жүрген кездегі бақсы мен жын ұғымына жаңаша түсінік береді:«...бақсы – ескіліктің, бұрынғы діннің жер жүзінде қалған жалғыз белгісі, сондықтан ескі нанымның барлығы бақсылық айналасына паналаған.Бұрынғы бақсы, бұрынғы діннің әулиесі, пайғамбары іспетті болған. Бақсы бал ашқан уақытта аспанмен, құдайлармен жалғасатын. Соны жалғастыратын періште сияқты өткелі жын болған» [3,18],-деп, ислам дінінің қазақ жерінде әлі үстемдік құрмай, тылсым күшті жанына медет етіп, соған бар өмірін «арнаған» халықтың танымына талдау жасайды, бақсы, жын, пері, албасты, жезтырнақ, үббе, шайтан секілді хикаялық мифонимдердің қызметін атап кетеді.

Космогониялық мифтер (грек. "әлем", "ғалам"+"туу") -әлемнің құрылуы туралы мифтер, хаостан ғарыштың пайда болуы туралы мифтер, көптеген мифологиялардың негізгі бастапқы сюжеті. Ғаламның жаратылуы туралы мифтердің бір түрі. Адамның пайда болуы туралы олармен байланысты мифтер антропогониялық деп аталады. Космогониялық мифтер мен космологиялық дәстүрлер мифопоэтикалық дүниетанымның басқа түрлерінің арасында ерекше орын алады, өйткені олар адамның өмір сүру жағдайларын сипаттайды және ғаламның қалай пайда болғанын сипаттайды.Көптеген халықтардың мифтері ұқсас келеді. Айталық, барлық халықтардағы топан судың қаптауы, жер ана, аспан тәңірі туралы мифтерінің сюжеттері мен кейіпкерлердің іс-әрекеттерінде айырмашылықтар мен алшақтықтар байқалмайды десе де болады.

Ең ежелгі космогониялық мифтердің бірі–**көк өгіз туралы миф**. Дүние төрт бұрышты және оны көк өгіз мүйізімен тіреп тұрады деген ежелгі наным түсінік негізінде қалыптасқан

Основную фазу строительства вели две компании — японский IHI и турецкий «Алсим Аларко». Имеется пять инфраструктурных путепроводов, три подземных перехода и зоны отдыха под мостом. Шесть полос автомобильного движения позволили разгрузить как автогужевой мост, так и республиканские и международные трассы, в том числе российский участок дороги Омск — Новосибирск. Плюс ко всему отремонтировали все прилегающие дороги протяженностью 14,5 километра. Подвесной мост Семея через Иртыш давно и надежно служат хозяйственному сотрудничеству, туристическому обмену, родственным связям и всевозможному общению людей разных национальностей и культур, проживающих в Казахстане, России, республиках Средней Азии. Открытие нового моста 17 октября 2001 года стало для горожан значительным праздником. Мост, кроме несомненной своей транспортно-экономической полезности вышел таким значительным и грандиозным, что тут же вошел в список городских и даже республиканских достопримечательностей.

После семи лет интенсивной эксплуатации стало известно, что мост не состоит на городском балансе и о его техническом состоянии никто не заботился. И лишь в 2007 г. во время визита в город Семей делегации из японского банка этот вопиющий факт всплыл на поверхность. Именно тогда депутаты городского маслихата официально признали Семейский подвесной мост стратегическим объектом и планировали передать его на баланс республиканского или областного бюджета. Содержание моста, как оказалось, было очень дорогим. Срок эксплуатации моста без текущего ремонта заканчивался, и проблему с единственным в Казахстане подвесным мостом надо было срочно решать. К концу 2015 г. было принято решение финансировать технические работы из областного бюджета. Сейчас серые бетонные колоны под мостом окрасились в яркие картины. Это увидительное пространство поделилось на части: спортивную и детскую. Стритбольная площадка, зона для занятия уличным фитнесом и кроссфитом заполнилась подростками желающими увидеть творение семских стрит-арт художников. Для детей младше построили детские игровые комплексы, качели, балансиры и мини-скалодромы.

Исследуя данную тему, я поняла, что стоит оберегать и совершенствовать, что не давалось нам так просто. Нужно ценить и любить, а не наносить ущерб своему же благу. Мост стал объектом гордости Семея, ведь до сих пор здесь такого масштабного сооружения еще не возводилось. Если честно, я считаю, что это инженерно-архитектурное чудо для этих мест и для того времени. Мне очень жаль, что сейчас наш подвесной мост не такой каким был раньше и всё это результат людей. Вывод: мосты

воздействуют на социальное и экономическое развитие, улучшение торговли и качества жизни людей.

Список использованной литературы

1. Аманжолова Д. А. Советская этнополитика (1929–1941 гг.) Этнический и религиозный факторы в формировании и эволюции Российского государства. — М.: Новый хронограф, 2012. — С. 207–262.
2. История создания висячих мостов. http:// www.arch-mar.ru/hanging_bridge_history. html
3. История строительства Турксиба. Железнодорожный транспорт. 1999. №10 http:// rzd-expo.ru/history/istoriya_stroitelstva_ turksiba/
4. Кропачева В. Мост в 21 век. Мост больших возможностей. Голос народа. 2000. 27 октября. URL. http://www.semsk.kz/ archive/2000/bridge6.htm

КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ БОЛАШАҚҚА ҮНДЕУІ

Қатысушы: Байжұманова Аяжан
Жетекшісі: Сапашева Гүлнұр
Ақсуат ауылы, «Қожагелді батыр атындағы орта мектебі» КММ

«Арқада Бурабайға жер жетпесе, Қазақта Кенекеме ер жетпейді»... Мағжан. Қасымұлы Кенесары хан (1802-1847) – Қазақ хандығының соңғы ханы, Ұлт-азаттық көтерілісінің әйгілі басшысы. Ол өзінің тегі жағынан төре тұқымынан. Бабасы – қазақтың атақты ханы Абылай. Арғы аталары Шыңғыс ханның Жошы деген үлкен баласынан тарайды. Абылайдың әйелі – қалмақ Хочу-мерген ноянның қызы Топыштан Қасым сұлтан туады. Кенесары – осы Қасым сұлтанның баласы. Қасымның соңынан ерген балаларының бәрі кілең көкжал, кекті де текті еді. Бәйбішесінен – Есенгелді мен Саржан, екінші әйелі Бибіден – Кенесары, Құдайменде, Әбілғазы, Уақ, Шуақ, Сапақбай және Бопай, Бопан, Бопыш атты үш қыз, үшінші әйелі Асылтастан – жалғыз, арыстан жүректі Наурызбай туған. 1802 жылы Көкшетау өңірінде өмірге келген Кенесары осынау текті ұрпақтың ішінен оқ бойы озық тұрған, жаратылысы тым оқшау, нақ топжарғанның өзі болды. **КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ- АСА КӨРНЕКТІ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ.**

Кенесары көптеген шайқастарда өз мақсатына жету жолында асқан қайсар мінезі мен жауларына қатыгездігі оның әмбе қолбасшылық, әмбе ұйымдастырушылық ролі- тіпті патша генералдарының өзін таңқалдырып отырғандығы да тарихтан белгілі.

Көтерілістің негізгі мақсаттары:

1. Қазақ елінің патшалы Ресейдің құрамына қосылып үлгермеген өңірлерінің дербестігін сақтау.
2. Қазақ жерлерін бекіністер мен округтік билеу арқылы отарлауды тоқтату.
3. Қоқандықтардың тепкісіндегі қазақтарды азат ету.

Алайда қазақтың соңғы ханы Кенесары хан 1847 жылы қырғыз елінде жорықта қайтыс болған еді Тарихымызға үніліп қарайтың болсақ Кенесары Қасымұлы соңғы демі қалғанша елім ұлтым деп келді де Өлім сәтің ерлікпен елі үшін қарсы алды Қазіргі танда аса қынжылтатыны бұл осынша батыр тұлғанның бас сүйегі елім деп ғұмыры

өткен жерінде емес шекара артында көршілес Ресей елінде жатқаны Біз Кенесары ханның ұрпағы тәуелсіздігіміз барда осы бас сүйегін елге қайтаруға тырысуымыз керек Бұл біздің асыл бабамыздың рухына деген құрметіміз болады

Кенесары Қасымұлы өз мақсатына жете алмағанымен ұлт тарихында өте үлкен орынға ие болғаны шүбәсіз. Кенесары хан отарланған елді қайта қалпына келтіру ді және өз ұлтының ешкімнің қолында отар болмауың тәуелсіз ел болуын қалады Кенесары хан жорықтары мен қалдырған идеологиялары арқасында өз артынан үлкен үндеу қалдырып кетті Кенесары ханның болашақ ұрпаққа қалдырған бірден бір үндеуі ол тәуелсізікті жоғалтпау сонымен қатар өз елінің жарқын болашағы үшін қасық демін қалғанша күресу

Бұл үндеу кейінен Алаш Орда партиясы мүшелеріне де өз қайратын берді.

I. КЕНЕСАРЫ БЕЙНЕСІ ҰРПАҚ САНАСЫНАН ӨШПЕЙ

«Ең әділ сарапшы – уақыт» демекші, ғасырлар бойы бүркемеленген талай-талай тарихи шындықтың беті кейінде тіптен ашыла түскендей. Ел азаттығы жолында бастарын ажалға тіккенімен, еңбектері ұрпақ санасына теріс сіңіріліп келген арыстарымыздың нағыз бағасы енді-енді айқындала бастағандай. Хан Кене де сондай арыстарымыздың бірі , Қаhарман Кенесары Ресей отаршылары мен Қоқан, Хиуа хандықтарының басқыншыларына тойтарыс бере отырып, сол 1841 жылы қазақ мемлекетін құрды. Өкінішке қарай, оның өмірі қысқа болды. Мемлекет алты-ақ жыл тұрды. Әйткенмен, бұл оқиғаның тарихи мәні зор еді. Алдымен ел егемендігі туралы берік идея қалыптасты. Мемлекеттік жүйе, өзге елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнату тәжірибелерінің қалыптасты . Кенесары ханның әскери өнері ел басқаруы және дипломатиялық келіссөздерді жүргізіп ел басын алты жыл болсын ұстап тұра алуы екінің біріне біете бермейтін үлкен қабілет Өкінішке орай, сол еңбектің ең болмағанда бес томын біздің өз еліміздің таба алмаймыз. Әрине бұл тақырыпқа мәлімет жоқ емес бар бірақ аз Мәселен, Әлкей Марғұлан ағамыздың археологиялық экспедицияларға шыққан кездерінде ел аузынан жинаған төрт томдық еңбегі бар. Қолдағы қазынаны тиімді пайдаланып, тарихты бұрмаламай, ұрпақ қолына тигізуіміз қажет. Қазіргі танда жастар тарихымызға әсіресе Кенесары хан тарихына үлкен қызығушылықпен қарауда сол үшін біз барынша мәлімет жинап оны жас ұрпаққа жеткізе алуымыз керек.

Қазақ елінің тарихында бостандық үшін болған көтерілістердің ішінде ең маңыздысы – Кенесары басқарған ұлт-азаттық қозғалыс. Ол бүкіл өмірін халқының бостандығы үшін арнап, он жыл бойы өте қиын жағдайда Ресей империясына, Қоқан, Хиуа хандықтарының басқыншылық шабуылдарына тойтарыс беріп отырды. Ерлігімен, даналығымен, әділеттілігімен абырой алып, хан болып сайланды. Кене хан мен Наурызбай қозғалысына қатысқан ата-бабаларымызды құрметтеу – бәріміздің міндетіміз. Хан Кене нің болашақ ұрпаққа деген үндеуін түсініп сол үндеу арқылы жас буының жүрегіне патриоттық сезім ұялата білу ол біздің Кенесары хан рухы алдындағы борышымыз Елін, жерін қорғаған бабаларымызды құрметтеу жас ұрпақтарымыздың патриоттық сана-сезімін қалыптастыруға қызмет етуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әбдіров М. Кенесары және қазактар // Жамантаев К. Абылай.- Алматы, 1993.- б.120-125
2. Бекмаханов Е. Кенесары Қасымов бастаған азаттық қозғалысы. Кенесары көтерілісінің қозғаушы күштері // Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында.- Алматы,1994.- Б. 174-200
3. Дүйсәлиев Т. Қазақ халқының ресей отаршылығына қарсы КенесарыҚасымұлы бастаған 1837-1847 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысы // Қазақ тарихынан.- Алматы, 1997.- Б. 492-520
4. Bigox.kz Қазақша рефераттар

ЖАҺАНДАНУ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҺАНДЫҚ ҚАУІП-ҚАТЕР

Қатысушы: Төлеген Бақсұлтан
Жетекшісі: Айдын Жеңісбекұлы
«Қазақстан инновациялық академиясының жоғарғы колледжі»ЖШС
Semey new School

«Жаһандану» термині соңғы кездері әлеуметтік және экономикалық зерттеулерде жиі айтылып жүр. «Жаһандану мәселелері» деген тіркес Рим клубы зерттеулерінен кейін экономистермен пайдаланылып келеді. Бұл үкіметтік емес ұйымның бірнеше докладтарында бүкіл дүниежүзіндегі экономикалық өсімнің жекелеген елдерге келеңсіз салдары қарастырылды. Көп жағдайда «жаһандық» деген түсінік «халықаралық» деген түсінікке сәйкестендіріледі. Сондықтан зерттеушілер «жаһандық бизнес», «жаһандық компания» деген жағдайда өз өнімін дүниежүзілік нарыққа шығарып сататын фирманы көздеп айтуы мүмкін. Жаһандық бәсекеқабілеттілік – халықаралық бәсекеқабілеттілік терминінің синонимі ретінде де пайдаланылады. Алғашқы рет жаһанданудың тәуелсіз құбылыс ретінде түсінігін американдық ғалым левитттің 1983 ж шыққан "Гарвард бизнес ревью" мақаласында тұжырымдалды. Ол ірі Трансұлттық корпорациялардың шығарған жекелеген өнімдері нарығының бірігу феноменін «жаһандану» сөзімен алмастырды. Париж институтының профессоры Бади халықаралық қатынастар ғылымының көзқарас тұрғысынан «жаһандану» түсінігінің үш өлшемін басып көрсетеді:

Көп ғасырлар бойы дамып келе жатқан Тарихи процесс;

Әлемді унификациялау, яғни бірыңғай принциптерді, құндылықтарды, ережелерді қалыптастыру;

Бір-біріне деген тәуекелділік, оның басты нәтижесі – ұлттық мемлекеттік егемендікті жаһандық ірі фирмалар, діни топтастықтар, трансұлттық басқару жүйелердің көмегімен жою.

Бүгін өзімнің «Жаһандану және қазіргі жаһандық қауіп-қатер» тақырыбында зерттеген ғылыми жұмысымды қорғағалы отырмын. Осы жұмысты жазу барысында бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде (БАҚ) жарияланған журналистердің зерттеулері, ғалымдар, экономистер және саясаткерлердің еңбектеріне, ғылыми жұмыстарына, статистикалық мәліметтерге, нақты деректер мен ақпарттарға сүйене отырып зерттелді.

Менің түсінігім бойынша жаһандану – әлемдегі елдердің саясат, экономика, медицина, қаржы т.б. салалар бойынша бірігуі арқылы әрүрлі жаһандық жетістіктер мен мәселелерді бірігіп шешуі.

Жаһандану немесе глобализация - жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі. Қазіргі таңда жаһандық қауіп-қатерлердің жыл сайын молайып бара жатқаны үлкен мәселеге айналып отыр. Әлем үшін өте күрделі кезең деп айтуға болады. [16]

Осы тақырыпты зерттеу барысында жаһандану бағыттарын қарастыра отырып, қазіргі жаһандық қауіп-қатерлерді топтастырып бірнеше бағыттарда ашып отырмын.

Қазіргі жаһандық қауіп-қатерді тудырып отырған мәселелерге кеңінен тоқталып өтсек.

Бірінші мәселе. Жер бетінде халық санының күрт өсуі. Ғаламшар тұрғындарының саны жылдам өсіп келеді. Халық санының өсуін экологиялық-экономикалық жағдайға ықпал ететін маңызды факторлардың бірі деп қарастыруға болады. Соңғы онжылдықтағы ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері адам өмірінің орташа ұзақтығын айтарлықтай ұлғайта түсті. Пандемия кедейлікті азайту саласында бірнеше онжылдықтар ішінде қол жеткізілген прогресті жоққа шығарды және осы дағдарыстық жағдайды едәуір қиындықпен еңсеретін көптеген ел қарыз дағдарысы қаупіне тап болады. Халық санының өсу салдарынан көптеген елдерде жұмыссыздық, аштық, миграция мәселесі туындап отыр.[3], [9]

Екінші мәселе. Әлемді ашаршылық жайлап барады. Аштыққа ұшырағандардың басым көпшілігі – Азия халқы, Африка Латын Америкасы мен Индия, Пакистан т.б. елдер. Аталған мемлекеттердегі ашыққандар саны 60 миллион адамға тең. Кейбір мемлекеттегі ашаршылық, тойып тамақтанбау мәселесі артып отыр.Ғаламдық мәселеге азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі жатады. Қазіргі таңда, әлемнің көптеген елдері өз елдерін азық-түлікпен қамтамасыз ете алмайды, 500 млн адам аштық зардабын шегуде, 1 млрд адам тамақты тойып жемейді, 35 мың адам күн сайын аштықтан өледі 2050 жылға қарай жер шарын мекендейтін 10 млрдтай халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету оңайға соқпайтыны туралы мәселе көтеріліп жүр. Азық-түлік тапшылығы сезіле бастады. Яғни адам баласына шикізат қоры жете ме? Бұл оңай нәрсе емес, болашақта үлкен қиындық тудыратын мәселенің бірі.[4], [6]

Үшінші мәселе. Халықаралық жұмыссыздық. Кейбір мемлекттер арасындағы жұмыссызды, табиғат апаттары, кәсіпорындардың жабылуы салдарынан жұмыссыздар артып отыр. Адамзат алаңдайтын мәселенің бірі еңбек нарығында орын алатын жұмыссыздық. Келешекте адамдардың жұмыссыз қалуы үлкен проблемаға айналады. Болашақта әдеттегі еңбек күшінің 80 пайызын роботтандырылған жүйелер алмастыратын болады. Атап айтар болсақ, өндіріс орындарының компъютерлендіруінен жұмыс орындары қысқарып жатыр. Содан келіп, адамдар жұмыс орындарынан, күнкөріс көзінен айрылуда. Әлемде жұмыссыздар қатарының өсуі қазір де болашақта да өте үлкен қауіптің біріне айналғалы отыр.[3], [14]

Төртінші мәселе. Ауызсудың жетіспеушілігі. Жер бетінде халық санының өсуіне байланысты ауыз су тапшылығы да жаһандық қауіп-қатерлердің біріне айналып отыр. Біздің ғаламшарды басқа планеталардан ерекшелейтін ең басты ресурс – су. Бірақ жер-жерде су тапшылығы күннен-күнге артып келеді. Дүниежүзілік су жөніндегі комиссия

әлемдік су қорының шексіз емес екендігін, оның да жыл өткен сайын азайып бара жатқанын айтып дабыл қағуда Соңғы деректерге назар аударсақ, әлемде 1 миллиардтан астам адам ауыз суға зәру. Нашар, лас, арнайы құрылғысы бар қадағалаудың өтпеген сапасыз суды ішудің салдарынан 3 миллиардтан астам адам әртүрлі ауруға ұшырауда. Әсіресе, ауыз су тапшылығы Африка мен Үндістан елдерінде көкейкесті проблемаға айналды.[1],19]

Бесінші мәселе. Жаһандық жылыну мәселесі. Табиғи апаттар сияқты көптеген факторлар жаһандық қауіп-қатерді тудырып отыр. Табиғаттың бір бөлшегі саналатын Адамзат қоғамы үшін XXI ғасырдың басты мәселесі – жаһандық жылыну. Ғалымдардың зерттеуінше Жер шары жылдан-жылға қызып барады. Қыза берудің қаупі мұзды мұхитты ерітіп, жер бетін топан су қаптауға әкелетін апатты құбылысқа жол ашатыны белгілі. Деректерге жүгінер болсақ, ғалымдардың басым көпшілігі жаһандық жылынудың негізгі себебін ауаға бөлінген техногендік қоқыс қалдықтары – көмірқышқыл газы мен метанның көлемі шектен тыс асып кеткендіктен көреді. Осыдан келіп ғалымдар қазіргі жаһандық жылыну үрдісіне себеп болып отырған кесапат негізінен адам қолымен жасалып отыр деген тұжырымға тоқтаған. [5]

Алтыншы мәселе. Елдер арасындағы соғыс. Қару-жарақ бизнесі немесе ядролық қаруды иелену мәселесі адамзатты алаңдатып отыр. Әлемнің алпауыт елдері қазіргі кезде даму сатысындағы үшінші елдерге әлімжеттік жасап жатыр. Соның салдарынан қаншама елде азамат соғысы жүріп жатыр. Халық босып үдере көшті. Тұрақтылық пен бейбітшіліктің үлкен құндылық екенін білсе де, оған мән бермейтін басшылар көбейді. Өйткені қуаты күшті мемлекет әлсіздерге ықпал етуге тырысады. Қазіргі болып жатқан Таяу Шығыстағы, Сирия, Ирак, Ресей мен Украинадағы қақтығыс пен басқа да тұрақсыз саяси жағдайлардың барлығы да қолдан жасалынып отыр. Әлем жанталаса қарулануға ұмтылуда. [1], [7]

Жетінші мәселе. Үш жылға созылған пандемия. Жаһандық пандемия әлі толық аяқталмаса да, әрбіріміз кем дегенде «жаһандық пандемияның» қалай болатынын білдік, сезіндік. Вирустың тез арада бүкіл әлемге таралып, үлкен қауіп алып келуі, әрбір мемлекеттің «өзінше» күресуіне, тіпті әлемдік қауымдастықтан оқшауланыуына алып келді. «Ковид-19» жаһандық індеті толық жойылған күннің өзінде, алдағы уақытта басқа індет түрінің пайда болмауына ешбір кепіл жоқ. Сол себепті, «ковид 19» жаһандық пандемиясымен күрес кезеңінде әлемдік тәжірибедегі әрбір сабақ болашақта кезігетін қандай да бір «тосын індетке» қарсы тұруда әдістемелік нұсқау болмақ. Себебі, «ковид-19» бактериологиялық вирустың жаңа түрі. «Ковид 19» жаһандық пандемиясы қоғамдық өмір, мемлекеттің қалыптасқан құндылықтар жүйесіне ауқымды түрде өзгерістер алып келді. [13], [15]

Қазіргі жаһандық қауіп-қатерді шешу үшін не істеу керек? Әлем елдері жаһандық қатердің алдын алу үшін дағдарысқа қарсы шараларды қолға алу қажет.

Менің ойымша қазіргі жаһандық қауіп-қатерді алдын алу шаралары төмендегідей:

1. Халықаралық ұйымдар мен компаниялардың салалық білікті мамандар жиналып жаһандық мәселелер туралы форумдар жиі өткізу керек.

2. Су – барынша шектеулі ресурс. Суды үнемдеп пайдалану қажет. Қазақ «судың да сұрауы бар» дейді. Су тапшылығынан таршылық көрген елдерден сабақ алып, қалайда ысырап жасамай, үнемдеуге көшкен жөн.
3. Дүние жүзі ғалымдарының 90%-ы жер бетіне жаһандық жылыну арқылы төнген шынайы қауіпті мойындап отырғанмен, одан құтылудың нақты жолын әзірге ешкім таба қойған жоқ. Сондықтан адамзат баласы жаһандық жылынуды қалай да тежеу үшін табиғи энергия көздерін алатын желдиірмендер, күн батареяларын, улы газдарды азайту мақсатында түрлі жаңалықтар ойлап табу керек.
4. Соғыс, саяси қақтығыстар болып жатқан елдер бейбіт келісімдерге келіуі қажет. Қару-жарақ бизнесіне шекутеу қою керек. Бүкіл әлем әлемдегі ядролық, биологиялық және химиялық қаруларды толықтай жоюға күш салу қажет. Таяу Шығыстағы елдер, Ресей мен Украина арасында бейбітшілік келсім шарттар орнату қажет.
5. Әрбір ел өз отандық тауар өндірушілеріне қолдау көрсетіп, көптеген пайдалы өндіріс орындарын ашса жұмыссыздық азаяды.
6. Азық-түлік мәселесін шешу қажет. Ол үшін тамақты ысырып қылмау керек және астық, дәнді дақылдар көптеп өсіріп, ауылшаруашылығын жетілдіру керек. Аштық етек алған елдерге гуманитарлық көмектер көптеп көрсетілуі қажет.
7. Жаһандық дағдарыс – ол тек қауіп қана емес, сонымен бірге жаңа мүмкіндіктер. Әлемдік ауқымдағы көптеген компаниялар дамудың дағдарыстық кезеңінде сәтті компанияларға айналды. Қазақстан бүгінгі күнде жаңа реформалармен қарыштап дамып келе жатқан мемлекет. Сондықтан біздің елге өркениеттен тыс қалуға болмайды.

Бүгінгі таңда еуропа-американдық немесе батыстық мәдениеттің "мысы" басым болып тұр. Ал қалған елдер не батыстың құндылықтарын, мәдениетін қабыл алып, батыстың "жүрдек пойызының соңғы тепшегіне жабысады", яғни жаһанданады, не өздерін батыс ықпалынан шығарып алу үшін томаға – тұйықтық, жабықтық стратегия ұстанады. Жаһандану біздің елде де басталып кетті. Батыстың мәдениет ықпалды болып тұрғаны рас. Бірақ осы орайда біз Батыстың нені алуымыз, нені алмауымыз керек. Жалпы мәдениеттің өзі екі жолмен пайда болады. Біріншісі – дүниетанымнан келіп шығатын, екіншісі – ғылыми – техникалық дамудан келіп шығатын мәдениет. Біз батыстан ғылым мен техниканың дамуынан келіп шыққан мәдениетті алуымызға болады. Тіпті XXI ғасырда қазақ жастары озық технологияның барлық қыр-сырын білуі тиіс. Мұны меңгерумен біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз.

Ұлтымыздың болмысында біткен асқар таудай биік, өмірдің бар асылына бергісіз, сан ғасырлық ғажайып, бірегей мәдениеті бар. Тіл – мәдениеттің құрылымдық элементі, мәдениеттің болу шарты әрі ең жоғары құндылығы. Қазір ғаламдық тіл санатына романдық тілдер тобы, нақтырақ айтсақ, ағылшын тілі сақадай сай дайын тұр. Ендеше, жөргегінде тұншыққандай күйдегі біздің тіліміз – біздің мәдени құндылықтарымыздың ажырамас бір бөлігі. Сондықтан тілімізге қамқор болу – мәдени мұрамызды түгендеудің тағы бір жолы. Тіл ұлт болып қалудың соңғы қамалы екені баршаға аян. Сол қамалды сақтап қалу - әрбір қазақтың қасиетті борышы. Біз қатарлы жастардың негізгі мақсаты – ана тілімізде сөйлеу арқылы оның өміршеңдігіне қол жеткізу. Сол арқылы келешекке біртұтас ұлт, рухы биік халық ретінде жол тарту қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Абылайхан Қалназаров Жаһандану үдерісіндегі ұлттық егемендік мәселесі: Ғаламдық саясат //Ақиқат. – 2011ж. № 5. 21-24бет
2. Амангелді Қ. Уран снарядтары: ядролық бопсалауға жақсы сылтау//Айқын. 2023ж.1-сәуір.
3. Арғынғазинов А. Әлемдік экономикадағы саясат факторлары //Ақиқат.-2020.-30-маусым
4. Асанкелдіұлы А. Аштыққа ұшырағандар саны арта түсті//Егемен Қазақстан. 2022ж. 16 тамыз.

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ А.ИБРАЕВТЫҢ ЕРЛІК ЖОЛЫН ЗЕРТТЕУ

Қатысушы: Нусупова Камила

Жетекшісі: Кудайбергенова Бакыт Маликовна

«А. Ибраев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

Ұсынылған ғылыми жоба Кеңес Одағының Батыры Айткеш Абайұлы Ибраевтың батырлық жолын зерттеуге негізделген.Әйткеш Абайұлының комсомол ұйымының хатшысы болып жұмыс жасағаны жайлы, студенттік кездері мен Совет әскерінің қатарындағы қызметі туралы айтылып, Айткештің шайқастағы ерліктері туралы, батылдығы мен патриоттық сезімімен Отанға деген сүйіспеншілігі жайлы жалғасады. Ғаламтор желілерінен жиналған мағлұматтардан, кітаптардан сол уақыттың тынысын беретін жарияланымдар берілген.Туыстарының суреттері мен хаттардың көшірмелері және батырдың марапаттау парақтары берілген. Жоба соңында автор Шаймардан Қалиақпаровтың өте көп уақытты қажет еткен жұмысы «Біз жүректегі патриотизммен жеңдік» кітабы жайлы ой бөлісемін.

Күтілетін нәтиже: Жоба соғыс кезіндегі қазақстандықтардың ерліктеріне қызығушылық танытатын оқырмандардың қатарының артуына үлес қосады.

Айткеш Абайұлы 1924 жылы 15 мамырда қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Қызыл - Құйған (бұрынғы Жаңасемей ауданы, Семей) ауылында көп балалы отбасында дүниеге келген. 7 сыныптық білім алған. Жобаны жазу барысында мен оның бүкіл өмірі жастарға үлгі боларлық деген ойға келдім. Ол мектепті жақсы және үздік деген бағаларға оқыған, сауатсыздықты жоюға арналған шараларға қатысты, колхозда салық жинаушы болып істеді, мектептің және ауылдың қоғамдық өміріне белсене қатысты, өзінің туған өңірінде есепші болып жұмыс атқарды. Айткеш комсомол ұйымының хатшысы ретінде, соғысып жатқан Қызыл Армияға материалдық көмек көрсету үшін, картоп егуді ұлғайту қажет деген бастама көтеріп, әр отбасыға картошка отырғызу кезінде қосымша 2-3 сөмке қосып беруді ұсынды. Өзінің туған мектебі мен ауылының қоғамдық өміріндегі белсенді жұмыс Айткештің бойында патриоттық сезімнің, Отанға деген сүйіспеншіліктің және жан тазалығының қалыптасуына ықпал етті. 1941 жылы Айткеш Семей қаржы-экономикалық техникумына оқуға түседі. Сол жерде ол өзін белсенді, Отанының саналы азаматы ретінде көрсетті. Айткештің бойында батылдық, тапқырлық, табандылық, адалдық, сөздің өткірлігі сияқты қасиеттер болды. Мен өз жобамды оның өмірбаянын оқудан бастадым. 1942 жылы 7 қыркүйекте Кеңес

Армиясы қатарына шақырылды. Пугачевтегі 19-атқыштар бригадасының 723 - ші атқыштар резервтік полкінің оқу бөлімінде курсант болып қызмет еткен. 1942 жылдың қарашасынан 1943 жылдың сәуіріне дейін Симферополь әскери пулемет-миномет мектебінің курсанты болды. Қорытынды емтихандар кезінде Айткеш қызмет еткен жеке құрамға ескерту жасалып, пойызбен майданға жіберілді. Оның майдандағы өмірі осылай басталады.

Осы уақытта Курск - Орёл дөңесі аймағында шайқастар болды. Айткеш пен оның бала кезіндегі досы Саду Сегізбаев 380-ші атқыштар дивизиясына тағайындалды. Сержант Айткеш Ибраев 45мм қару взводының командирі болып тағайындалды, ал Саду оның мылтық экипажының мылтықшысы болды. Орёл топтастыруды жою дивизиясы кіретін Брянск майданының әскерлері 1943 жылы 12 шілдеде шабуыл бастады. Ибраевтың атқыштар взводы, атқыштар роталарының шабуылына қолдау көрсетті. 1943 жылы 2 қыркүйекте Варваровка селосына атқыштар бөлімшелері шабуыл жасағанда, Ибраев экипажы 4 пулемет пунктін және бір жау барлағышын жойды. Сол үшін ол Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталды. 1943 жылы 21 қарашада Семей облыстық газетінде лейтенант Данилиннің «Семейліктер Отан үшін шайқаста» мақаласы жарияланды.

1944 жылдың 29 ақпанынан 2 наурызына дейін Лудчица ауылы үшін болған ұрыстарда Ибраев взводы 1 неміс танкісін, 2 атыс пункітін және 40-қа дейін жаудың солдаттары мен офицерлерін жойды.

27 наурызда Могилев облысы, Быховский ауданы, Виляги ауылының маңында болған шайқаста Айткештің досы Саду өзінің мылтығымен бір танк пен жаудың 17-ге дейін сарбазын қиратты. 1944 жылы 16 шілдеде ол «Отан соғысының 2 дәрежелі » орденімен марапатталды. Бірақ осы шайқаста Саду ауыр жарақат алып, аяғын кесуге тура келді.

1944 жылы 6 шілдеде 100 мыңыншы неміс тобы қоршауға алынып, жойылған кезде сержант майор Айткеш Ибраев ерлік жасады. Оның позицияларынан бірде - бір фашист өткен жоқ. Оның взводы 192 неміс солдаттары мен офицерлері, 19 автокөлік, 55 вагон оқ-дәрілері, 6 танкке қарсы мылтық және 12 пулемет дзотын жойды. Жау батареяға жақындағанда, Ибраев взводты көтеріп, шабуылға шықты, сонымен бірге 8 фашисті жеке өзі жойды. Сонымен бірге барлық қару-жарақтар бүтін күйінде қалды. Осы ерлігі үшін 1945 жылдың 24 наурызында Айткеш Ибраевқа Кеңес Одағының Батыры атағы қаза болғаннан кейін берілді.

1944 жылы 7 шілдеде Белосток облысы, Гродно ауданы, Төменгі Погораний селосы аймағында ауыр шайқастар болды. Ибраев взводы зеңбіректерін ашық жерлерге шығарып, 6 пулемет пунктін және 27 солдат пен офицерді жойды.

Осы ерлігі үшін 2-ші Беларусь майданының 49-шы армиясының 70-ші атқыштар корпусының бұйрығымен 1944 жылы 13 тамызда сержант Айткеш Ибраев «Отан соғысының 2 дәрежелі» орденімен марапатталды.

1944 жылдың 21 шілдесіндегі шайқастардың бірінде взвод командирі старшина Айткеш Ибраев ерлікпен қаза тапты. Гродно облысы, Свичлоч ауданы, Индура ауылындағы жаппай бейітте оның есімі 106 нөмірмен жазылған.

Шаймардан ата - әскери жазушы, запастағы полковник, ҚР Журналистер одағының мүшесі. Шаймардан Ахмарұлы соғыс туралы мәліметтер мен мағлұматтар жинады.

Айткеш Ибраев туралы деректер жинаумен 15 жыл айналысқан. Ол 380-ші Орел дивизиясының ардагерлерімен кездесулер кезінде күнделік жазбаларын жүргізді. КСРО Қорғаныс министрлігі Орталық мұрағатының құжаттары бойынша ол Суворов дивизиясының 380-атқыштар Қызыл Ту орденді жауынгерлік жолын зерттеді. Ол ардагерлердің мекен-жайларын тауып, олармен бірнеше жыл хат алысып тұрды, бірақ батырдың жерленген жері туралы ақпаратты ешкім білмеді. Бірақ Шаймардан ата Батыр Айткеш Ибраевтың жерленген жерін тапқанға дейін іздеуін тоқтатпады. Бірде, оған ауылдарды аралап, ағасының жерленген жерін іздеп, мектептердің бірінде Шаймардан Калиакпаровтың хатын көрген Кострома облысынан келген Крипакова Инна Павловна есімді кісі жауап береді. «Ауылда, қабірдің мемориалдық тақтасынан Ибраев Айткеш Абайұлының есімін таптым» - деп жазады ол кісі. Ол Нижний Погораны ауылы үшін шайқастарда қаза тапқан , ал оның денесінің қалдықтары кейін Беларуссия, Гродно облысы, Свичлочский ауданы, Индура ауылындағы жаппай қабірге қайта жерленді. Осылайша жерленген жерді іздеу 1974 жылдың шілдесінен 1989 жылдың қыркүйегіне дейін 15 жылға созылды. Гродно қаласында Айткеш Ибраевтың мұражайы жұмыс жасайды. Ондағы студенттер оның қабірін күтіп, қарайды.

Шаймардан Қалиақпаров «Ертіс өңірінің батыры», «Басты бағыттағы полк» және «Біз жүректегі патриотизммен жеңдік» атты кітаптарында Айткештің ерлік көрсеткен шайқастары мен майдандарынан нақты деректер келтіріп жазды. 1968 жылы Семей облысы, Жаңасемей ауданы, Баженово мектебі мен ауылында ескерткіш обелиск орнатылды. 1974 жылы мектеп оның есімімен аталды. 1989 жылы 9 мамырда мектепте Батыр мен оның жерлестеріне арналған музей ашылды. 1997 жылы қарашада Семейдегі Карл Маркс көшесі оның атымен өзгертілді. Батырдың есімі берілген көше ол оқыған ,мамандық иесі атанып, жұмыс істеген колледж ғимаратының жанынан өтетіндігі назар аудартады. Колледж мұражайында «Батырлар бұрышы» құрылды. 2001 жылы 3 мамырда біздің мектепке Айткеш Ибраевтың бюсті орнатылды. 2014 жылдың 2 қыркүйегінде суретші Александр Владимирович Кирсанов Батырдың портретін салуын аяқтап, ол 2014 жылдың 26 қыркүйегінде батыр Айткештің 90 жылдығына арналған мерекелік әскери-спорттық жарыстың ашылуы кезінде, мектепке тарту етілті. Сол күні ауылдастармен ардагерлер және қонақтар үшін концерт қойылды. Батырды еске алу кубогы үшін мектептер арасында әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша облыстық чемпионат өтті. Қазіргі таңда мектеп оқушылары жүлделі орындарға ие болып, қалалық, облыстық және республикалық жарыстарға қатысып жүр. Міне, мен Айткеш Ибраевтың жарқын үлгісі, мектеп оқушыларын жеңіске жақындатуға шабыттандыратынына сенімдімін! Новобаженово ауылының саябағында Батыр Айткеш Ибраевқа арнайы ескерткіш қойылған. Ұлы Жеңісті атап өту іс-шараларында ескерткішке қарауыл күзеті сап түзеп, гүл шоқтары қойылады. Мектеп бұрышына кітаптар, туыстарының фотосуреттері, майдан хаттары және батырға берілген марапаттар тізімдері қойылған.

Қорытындылай келе, соғыс кезінде елуден астам семейліктер мен бұрынғы Семей облысының тұрғындары Кеңес Одағының Батыры деген жоғары атаққа ие болды. Ертіс өңірінің ұлдары Отан қорғаушылардың алдыңғы қатарларында және Екінші дүниежүзілік соғыстың шешуші шайқастары кезінде ерлікпен шайқасқан батырлар. Бізді, жеңімпаз 9 мамырдан алшақтататыны, жыл сайын соғысқа қатысушылардың

саны азайып бара жатқаны, сондықтан біздің қасиетті борышымыз оларды еске алу, құрметтеу! Болашақта мен жоба бойынша жұмысты жалғастырғым келеді, себебі әр түрлі материалдарда кейіпкер туралы кейбір мәліметтер әртүрлі, яғни, кейбір фактілер зерттеуді талап етеді. Мысалы: Батырдың туған күні мектеп мұражайында 1924 жылы 12 қыркүйекте көрсетілген және 1944 жылы 27 қазанда Польша облысында қаза болған. Ал, басқа дереккөздерде ол 1924 жылы 15 мамырда туып, 1944 жылы 21 шілдеде Беларуссияның Нижний Погорани селосының ауданында қаза болды деп жазған. Біздің отандас - майдангерлердің ерлігі, батылдығы мен қайраттылығы туралы әңгімелер өзектілігін жоғалтпайды. Олар жастардың бойында патриоттық сезімді, өз Отанына деген мақтаныш сезімін, өз халқының тарихына деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Ұсынысым:

1. Батырға арналған мектеп бұрышын мұражайға айналдыру.
2. Батыр жерленген Белоруссия еліндегі Гродно қаласындағы мұражаймен қарым-қатынас орнату.

Мен өз сөзімді Шаймардан Ахмарұлының: «Біздің жерлестеріміздің өткен Ұлы Отан соғысындағы ерліктерін ұмытпау арқылы,мысалға ала отырып, қазақстандықтардың болашақ ұрпағын тәрбиелеу үшін пайдалану - бүгінгі күннің міндеті», - деген сөздерімен аяқтағым келеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.«Біз жүректегі патриоттық сезіммен жеңдік» кітабы, кітаптың авторы - запастағы полковник,Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі, Ш.А.Калиакпаров, 132-156 беттер;
2.Ш.Калиакпаров «Полк главного направления» С.,2005 г
3.Отан батырларын мадақтайды» фотоальбом 95-100бет, Өскемен қ, 2010 ж

КАЧЕСТВЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И ВОСПИТАНИЕ – ПРИОРИТЕТ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОЛИТИКИ КАЗАХСТАНА

Участник: Левчук Амина
Руководитель : Абдулина Гульнар Аскербековна
КГУ «Средняя школа № 3 города Курчатова»

Одним из приоритетов государственной политики является развитие образования, от которого в решающей степени зависят темпы экономического, социального и культурного прогресса, а также уровень конкурентоспособности нации в предстоящие годы.

В целях выполнения поставленных задач принимаются действенные меры, направленные на реформирование системы образования, их адаптацию к современным требованиям.

Это установление контроля за качеством обучения на национальном уровне, изменение в целом системы повышения квалификации учителей, внедрение электронного обучения, подушевого финансирования, распространение опыта Назарбаев Интеллектуальные школы в систему работы общеобразовательных школ, внедрение

независимой сертификации выпускников колледжей и вузов, внедрение дуальной системы подготовки кадров.

Модернизация образования немыслима без активной роли учителя. Это труд каждого педагога, его неоценимый вклад в деле воспитания и образования подрастающего поколения. Нынешняя молодежь Казахстана – это поколение, которое родилось и выросло в период серьезных политических, социальных и экономических трансформаций. Это молодые люди со своим взглядом на мир, со своей позицией и со своими ценностями. В настоящее время система ценностей казахстанской молодежи существенно отличается от ценностей прошлых поколений. Ценностные ориентации молодежи формируются под влиянием двух основных аспектов. Первый из них – это духовное содержание, проявляющееся в нравственных установках, гуманизме, человеколюбии. Второй аспект, влияющий на ценностные ориентации молодежи, стал приобретать большую актуальность в последние десятилетия – это индивидуализм, нередкое преобладание материальных ценностей над духовными. В жизни современной молодежи главными приоритетами являются успешная карьера, семья, дружеские отношения, построение полезных связей, возможность реализовать себя в творчестве или своих увлечениях.

Перемены, происходящие в общественно-политической жизни страны за последние десятилетия неизбежно повлекли за собой изменение нравственно-духовных ориентиров, идеалов, содержания всех форм общественного сознания.

Патриотизм, нормы морали и нравственности, межнациональное согласие и толерантность, физическое и духовное развитие, законопослушание. Эти ценности должны прививаться во всех семьях иучебных учреждениях.

Развитие и процветание любого государства, в том числе и Казахстана, может быть успешным лишь при активном участии в этом процессе подрастающего поколения. Закон РК «Об образовании» требует активного формирования у молодежи высоких нравственных качеств: чувства национальной гордости, патриотизма, гуманного отношения к людям, уважения к своей культуре, самобытности народа, нравственного поведения.

Ещё К.Д. Ушинский предлагал воспитывать учащихся, используя народные национальные традиции. А где ещё можно изучать их, как не на уроках предметов гуманитарного цикла!

История – это всеобъемлющая наука, чего только стоят уроки о Кенесары хане, Амангельды Иманове, БауыржанеМомышулы и других подлинных патриотах нашего бескрайнего Казахстана. Если говорить о методах, которые сейчас используются для привития патриотических чувств, то можно отметить такие, как создание своей родословной; рассказ о личности, в честь которой названа улица, где живет школьник; повествование о своей малой родине и другие. Как педагог-практик, я не могу не отметить тот факт, что воспитание достигает своих высоких целей лишь тогда, когда тема находит отклик в душе ученика. Когда ему есть, чем гордиться, он начинает четко осознавать, что значит предки, наследие, духовность.Сегодня на историю как на учебный предмет возлагается особая миссия – воспитание духовно-нравственной личности, обладающей высокой степенью осознания себя гражданином Казахстана. Формирование духовности невозможно без воспитания любви к Отечеству, без знания истории своей

страны, традиции народа.Так, при знакомстве с историей национально-освободительных восстании казахского народа учащиеся готовят сообщения, презентации используя дополнительные источники: справочную литературу, интернет. А работая над сообщениями о жизни деятелей людей этой эпохи, понимают, какими нравственными качествами должен обладать человек, чтоб его имя жило в веках.После каждой большой темы отводится один урок на изучение истории родного края в данный период. Этот материал особенно важен для нравственного воспитания детей, так как именно на нем школьники ощущают причастность наших земляков к развитию страны, узнают об их вкладе в процветание Казахстана.

Уроки по истории Казахстана призваны помочь, пережить и осмыслить великие свершения прежних времен нашего народа, использовать все положительное в прошлом. Например, прежде чем изучать восстание под предводительством КенесарыКасымова, мы обсуждаем вопросы:

- как вы относитесь к исторической личности, которая имела благие цели помочь ханству от внешних врагов, но привела к колониальной зависимости?

- как вы относитесь к исторической личности, если его деятельность имеет положительный результат, но осуществляется жестокими методами и средствами?

Мы по-разному отвечают на каждый вопрос, при этом наблюдаешь как у многих происходит формирование духовных ценностей. Настоящее воспитание историей, на мой взгляд, заключается в представлении ученику реальных возможностей примерять на себе исторические роли.

Изучение исторических документов, их подробный анализ позволяет высказать своё собственное мнение по проблеме, опираясь на нравственные ценности, которое выработало человечество за свою непростую историю.

Внеклассная работа по предмету обогащает духовный мир ребенка. Участие в различных конкурсах, олимпиадах, викторинах развивает навыки самостоятельной работы.

На уроках истории, а также во внеклассной работе нам учителя стараются воспитывать духовно-нравственные ценности, прививать качества патриотизма, гражданственности, бескорыстие по отношению к обществу, малой родине, воспитывать навыки толерантности.

Свобода. В древности, любая казахская семья вела кочевой образ жизни. За один день они могли собрать свою юрту и отправиться в другой аул или бескрайнюю степь. Ничто не удерживало их.

Взаимовыручка. Если кому-то нужна была помощь, то весь аул отзывался помочь. Неважно, какая была помощь – постройка дома, пища или разведение нового скота после джута. Помогали всем и всегда.Например, традиция, называемая "асар", которая подразумевает помощь нуждающемуся. Например, кто-то строит дом, и все родственники и друзья обязательно помогут ему. Другой яркий пример – когда взорвались военные склады в городе Арысь. Многие казахстанцы перечислили свой однодневный заработок, отвозили продукты и одежду нуждающимся. "В тот момент мы могли наблюдать традицию "асар", мы сплотились, чтобы помочь нашим людям". Такую же помощь оказывают казахстанцы друг другу в период пандемии коронавируса с помощью фонда "Бізбергіміз".

Гостеприимство. Любой странник мог зайти на ночлег и получить тёплый приём. Казахстан – многонациональная страна, разные народности тесно живут и сотрудничают здесь друг с другом."Вспомните Сталинские репрессии, когда многие народы были сосланы в Казахстан с тем расчётом, что в условиях сурового климата Казахстана сосланные не выживут. И вспомните популярный видеоролик, в котором говорят о "камне жизни", то есть курте, который перекидывали на территорию сосланным. Казахи боялись подойти ближе, ведь там стояли люди с оружием. Солдаты думали, что казахи издеваются над сосланными, кидая в них камни. Но это был курт. Именно курт спас многих от голодной смерти, наш народ делился последним. У нас есть праздник 1 Мая – День единства народа Казахстана. Заметьте, не народов, а народа. Мы едины, мы не делимся. Если мы пронесём это дальше, заложим это в своих детях, то нам гарантирован дальнейший прогресс".

Уважение к старшим. Положительное качество, позволяющее связывать поколения.Уважение к старшим всегда было на первом месте у казахского народа. Казахи всегда советуются со старшим поколением, прося помочь мудрым словом.У казахов важное место в системе духовных ценностей также всегда занимали и занимают семья и родство.Все перечисленные ценности сохранились и до сегодняшнего дня, подстроившись под современные реалии.

Современный Казахстан – успешное многонациональное государство с уникальной историей и культурой, со времени обретения независимости оно приобрело устойчивую политическую систему, общественную стабильность и гармоничное состояние межэтнических и межконфессиональных отношений. Без прошлого нет будущего. Поэтому сохранение и развитие межконфессионального и межэтнического согласия являются важной государственной и общественной задачей.Вспоминая казахских ханов, можно сказать, что они всегда были за миролюбивую политику. Все конфликты решались максимально мирным путём.

АРТ-ТЕРАПИЯ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУ

Қатысушы:Дәуітбеков Ерасыл
Жетекшілері:Рахиянова Анар Мансуровна,
Жумурбаева Раушан Рымвалиевна
«Жүсіпбек Аймауытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Тақырыптың өзектілігі: Бүгінгі таңда білім берудің өзекті міндеттерінің бірі - мектептегі оқу процесінің бөлігі ретінде әрбір оқушының белсенді дербес шығармашылық ойлауын дамыту. Бұл әр түрлі білім салаларында жаңа идеяларды тудыруға және жүзеге асыруға қабілетті, белсенді дербес әрекетке, өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын, шығармашылық тұрғыдан ойлайтын жеке тұлғалардың әлеуметтік қажеттілігінен туындайды. Әрбір бала оқу-тәрбие процесінің субъектісі болып табылады және теория мен жасөспірімнің дербес оқу-шығармашылық қызметі арасындағы тығыз байланысты қамтамасыз ететін мектеп циклінің пәндерін оқу

барысында оның шығармашылығы мен шығармашылық ойлауын дамытуға мүмкіндік беру керек.

Ғылыми жұмыстың мақсаты: Оқу процесінде арт-терапия арқылы кіші жастағы оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту. Осы мақсатты негізге ала отырып, мына **міндеттертерді жүктейді:**

- сабақтастық негізінде педагогикалық тәжірибені сақтауға, жалпылауға және жүйелеуге мүмкіндік беретін оқу-тәрбие процесінде кіші жастағы оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытудың тиімді жолдары мен құралдары анықталды;
- арт-терапияның педагогикалық мүмкіндіктері айқындалып, оның оқу-тәрбие процесі аясында кіші жастағы оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға қолайлы элементтері қарастырылады;
- сабақтастық негізінде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық ойлауын дамыту құралы ретінде арт-терапия элементтерін оқу үрдісінде қолдану жүйесі әзірленді;
- бұл жүйені бастауыш мектепте оқу-тәрбие үрдісінде нақты сабақтарда тиімді қолданудың шарттары айқындалды;
- оқу-тәрбие процесінде кіші жастағы оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуды қамтамасыз ету үшін мұғалімдердің арт-терапия элементтерін кешенді қолдану бағдарламасы әзірленді және жүзеге асырылуда;

Ғылыми жұмыстың құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, негізгі бөлімнен, екі тараудан, қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Арт-терапия және оның педагогикалық мүмкіндіктері

Педагогикада «арт-терапия» термині сөзбе-сөз контексте – емдеу (латын тілінен Therapia) емес, жеке адамды емдеу, «әлеуметтік сауықтыру», оның мінез-құлқындағы стереотиптерді өзгерту және бейімделу қабілеттерін арттыру мағынасында қолданылады. Педагогика мен психотерапияның өзара әрекеттесу қажеттілігі туралы идеяны 1927 жылы неміс психиатры А.Кронфельд «Психогогика немесе тәрбиенің психотерапевтикалық доктринасы» мақаласында негіздеді. Автор адамды рухани сауықтыруға және тұлғалық өсуге бағыттайтын әдісті әзірлеуге шақырды. Балалармен жұмыс істеуде ең қолайлы және тиімді психотерапиялық бағыт ретінде арт-терапияны таңдауға болады. Өнерді емдік фактор ретінде пайдалану мұғалімге әбден қолжетімді. Бұл жағдайда арнайы білім қажет емес. Арт-терапия сабақтарын балалармен жұмыстың инновациялық түрлерінің бірі ретінде қарастыруға болады.

Арт-терапияны қолдану кезінде әртүрлі сәндік-қолданбалы іс-әрекеттер ұсынылады: сурет салу, модельдеу, күйдіру, матадан, үлбірден, табиғи материалдан жасалған қолөнер. Бұл ретте арнайы дайындық, орындаушылардың таланты мен шығармалардың көркемдік қасиеті онша маңызды емес. Шығармашылық процестің өзі де, адамның ішкі дүниесінің ерекшеліктері де маңызды.

1. Музыкалық терапия.

Музыка адамдарда белгілі бір діріл тудырады, бұл психикалық реакцияны тудырады. Бұл музыканы балаларда күшті қауымдастықтарды қалыптастыру үшін қолдануға болады дегенді білдіреді. Бұл әдістің бір мысалы - фондық режимде қосылған әлем дыбыстарының жазбалары. Олар материалды жақсы меңгеруге ықпал етіп, оқушылардың санасында тұрақты бейнені қалыптастырады.

2.Изотерапия

Сарапшылардың пікірінше, сурет жарты шар аралық қатынастарды үйлестіруге қатысады, өйткені сурет салу процесінде нақты-бейнелі ойлау белсендіріледі, ол негізінен оң жарты шардың жұмысымен және абстрактілі-логикалық ойлаумен байланысты. Ең маңызды қызметтермен (көру, қозғалысты үйлестіру, сөйлеу, ойлау) тікелей байланысты бола отырып, сурет осы функциялардың әрқайсысының дамуына ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар оларды бір-бірімен байланыстырады.

3.Библиотерапия (Ертегі терапия)

Ертегі терапиясы – тұлғаны таныту, шығармашылық қабілеттерін дамыту, сана-сезімін кеңейту, сыртқы әлеммен қарым-қатынасты жақсарту үшін қолданатын әдіс.

4. Ойын терапиясы.

Бұл әдісті сақтықпен қолдану керек. Оны жиі қолдануға болмайды, әйтпесе оқушылар босаңсып, оны қалыпты әрекет ретінде қабылдай бастайды, бұл олардың пәнге деген қызығушылығына кері әсерін тигізеді.

Бүгінгі таңда арт-терапия өте танымал болып келеді. Жасау және жасау арқылы бала өзінің эмоцияларын, қорқыныштарын, проблемаларын білдіреді. Арт-терапия әдістері проективтік әдістер болып табылады және бізді ең көп алаңдататын нәрсені сыртқы әлемге алып тастауды білдіреді. Терапиялық жұмыс процесінде алаңдататын оқиғаларды жұмсақ зерттеу және түзету жүзеге асырылады. Сондай-ақ арт-терапия оқушыларға оқу материалын жақсы меңгеруге көмектеседі. Арт-терапия әдістерін дұрыс қолдана отырып, мұғалім оқушылардың оқытылатын пәнге деген қызығушылығын оятып, оқу үдерісін қызықты әрі еркін ете алады.

Оқушылардың танымдық және сөйлеу әрекетінің дамуына арт-терапияның әсері

Арт-терапия әдістері өте кең ауқымды мәселелер үшін қолданылады. Балалармен жұмыс жасаудың негізгі міндеттері:

-Арт-терапияны қолдану арқылы танымдық-сөйлеу әрекетін дамыту.

-Ертегі терапиясының ресурстарын дамыту, бірқатар мәселелерді шешу үшін пайдалану: оқыту, тәрбиелеу, тұлғаны дамыту, сөйлеуді түзету, мінез-құлық.

-Музыка, сурет, поэзия арқылы балалардың ой-өрісін кеңейту, мәдени мұраға деген сүйіспеншілікті ояту.

-Шығармашылықты ынталандыру, ойлаудың өзіндік ерекшелігі.

-Өзіне деген сенімділікті дамыту.

-Эмоционалды жағдайды гармонизациялау.

-Балалар ұжымының дамуына үлес қосу.

Арт-терапияның келесі элементтерін қолдануға болады:

1.Құм терапиясы

Оны қолдану ұсақ моториканы дамытады, балалардың сөйлеу дағдыларын бекітуге мүмкіндік береді. Балалар құмсалғыштағы жануарлардың іздерін, әңгіме сюжетін, берілген дыбыстарға арналған заттарды үлкен ықыласпен суреттейді, салады, бейнелейді және сонымен бірге олардың әрекеттерін сөйлеумен сүйемелдейді.

2.Су терапиясы

Ол балаға жағымды сезімдер береді, әртүрлі рецепторларды дамытады және танымдық белсенділікті дамытуға шексіз дерлік мүмкіндіктер береді. Технологияның құндылығы мынада: сумен ойнау - үйренудің ең қызықты тәсілдерінің бірі. Бұл осы технологияны

когнитивті, сөйлеуді дамыту, баланың эмоционалдық тәжірибесін байыту, бейімделу қиындықтары үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, арт-терапия – баланың артықшылықтарын тану, қажеттіліктерін түсіну. Бала өзінің қажет екендігін сезінеді, ол баланың: «мен іске жарайды екенмін, қолымнан бір нәрсе келеді», «менің қабілеттерім бар», «мені басқалар біледі», «менің ойларымды ескереді», «мен қиындықтарды жеңе аламын», «мен қиындықтардан қашпаймын, алға ұмтыламын» т.б. сияқты ойларынан көрініс табады. Бала өзге балалармен өзара әрекеттесу барысында әлеуметтік қатынастардан күтілетін күтілімдерін өзгертеді: «мен басқа балалардың табыстарын көремін», «маған үлкендермен қарым-қатынасқа түсу оңай», «мені түсінеді», «маған көмектеседі, мені қолдайды».

Арт – әдістерімен қандай балалармен жұмыс жүргізуге болады? Мұндай сабақтар қандай балаларға арналған? Бұл балалардың өзі туралы түсініктері бұрмаланған, ұнамсыз, өзін дұрыс бағалай білмейді, тым мазасыз, жасқаншақ, қорқады. Мұндай балалар айналасындағыларды агрессия, қарым-қатынасқа түсуден бас тарту, демонстративтілік сияқты қалыптасып қалған қорғану механизмдері көмегімен қабылдайды. Сондықтан, мұндай балалардың эмоциялық өрісін әртүрлі әдістер көмегімен ерте жастан дамыту аса маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Медведева Е.А. Арнайы білім берудегі көркемдік педагогика және арт-терапия. – М., 2001. – 248 б.
2. Алексеева М.Ю. Мұғалімнің арт-терапия элементтерін жүйелі түрде қолдануы // Орта кәсіптік білім. - 2007. - No 6. - С. 65-67.
3. Соловова Е.Н. Шетел тілдерін оқыту әдістемесі: тереңдетілген курс. – М., 2008.
4. Киселева М.В. Балалармен жұмыста арт-терапия Санкт-Петербург. Сөз 2006 ж

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ САЯСИ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Қатысушы: Орашева Ботагөз
Жетекшісі: Жакашев Досхан Қайырбекұлы
«№23 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ Семей қаласы

1917 жылдың жазына қарай ұлт зиялылары тәуелсіздікке қол жеткізіп, автономия алу бағытында нақты саяси-ұйымдастырушылық әрекеттерге көшті. Алаш қозғалысы өкілдерінің осы реттегі нақты еңбектерінің алғашқысы Құрылтай Жиналысын белгілеу болатын.

Құрылтай Жиылысына сайлау мерзімін күз мезгіліне белгілеп, Бірінші жалпықазақ съезінің жедел шақыртылуына сол съезде Алаш партиясының тұсау кесер рәсімін жылдамдатуға себебін тигізген еді.

Осы орайда мұрағат қорларынан келесідей деректер келтіруге болады. Құрылтай жиналысына сайлауға дайындық патша үкіметі құлатылып, Уақытша үкімет орнаған алғашқы айларда-ақ қоғамның негізгі заңдық бастауларының мәселесі Құрылтай жиналысының құзыретіне берілгендігі айқындалған кейін Әлихан Бөкейханов бастаған ұлт зиялылары елдің беделді тұлғаларына, енді ғана құрылып жатқан қазақ комитеттеріне жіберген жеделхаттарында Құрылтайдың сайлауына дайындық

жұмысын бастауды тапсыра келіп: «Қазақ халқының мойнына міндет: патшалық құрылысын ақылдасатын жиналысқа дайындалып, оған баруға жарарлық адамдарды анықтау» керектігін атап көрсетті [1, 3 п.].

Алаш партиясының бағдарламасы әзірленіп, партия атынан сайлауға қатысатын адамдардың тізімі анықталғаннан кейін ұлт зиялылары үгіт-насихат жұмыстарын жедел жүргізе бастайды. Мәселен, «...Құрылтай жиналысына депуттат сайлау іс-шарасына даярлық барысында ... Ақмола облыстық «Алаш» партиясының Комитеті ... әр уезге Учередительное Собрание сайлауын халыққа түсіндіру үшін адам шығарды. Олар Ақмола облысының 5 уездінде «Алаш» комитетін ашты» – деп, «Қазақ» газеті мағлұмат таратты [3, 313 б.].

1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде Қазақ өлкесінде съезд шақыру жөніндегі мәселе қайта көтеріліп, 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында жалпықазақтық съезд өткізуге, «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 11 маусымдағы санында арнайы мәлімдеме жасады. Онда съезге әр уезд екі кісіден өкіл жіберілсін делінген болатын, бірақ бұл аталған күн мен депутаттар саны көп ұзамай тағы да өзгеріске ұшыраған еді [4, 7 б.].

Сөйтіп, Орынборда болып өткен Бірінші жалпықазақ съезінің күн тәртібінде 14 мәселе қаралды: Мемлекеттің билеу түрі; Қазақ облыстарындағы автономия; Жер мәселесі; Халықтық милиция құру; Земство; Оқу; Сот; Дін; Әйелдер мәселесі; Учредительное собрание сайлауына дайындалу және қазақ облыстарынан депутаттар; Бүкіл Ресей мұсылмандарының кеңесі («Шуро-и Исламия»); Қазақтың саяси партиясы; Жетісу облысының уақиғасы; Киев шаһарында болатын бүкіл Россия федералистерінің съезіне һәм Петроградта өтетін оқу комиссиясына қазақ халқынан өкіл жіберу [5, 211 б.].

Бірінші Жалпықазақ съезінің күн тәртібінде тұрған аса өзекті мәселе – қазақ халқының саяси партиясын құру болды. Осы мәселе жөнінде съезде мынадай қарар қабылдаған еді: «Қазақ халқынан өзінің саяси партиясы болуын тиіс көріп, бұл партия жобасын әзірлеуді съезд «Шуро-и Исламға» сайланған қазақ халқының өкілдеріне тапсырған болатын. Бұл жаңадан құрылған партия «Алаш» деп аталып, аталған жобаның негізіне сүйене «Алаш» партиясының жұмысын жалғастырды.

Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов сияқты қазақтың либералдық-демократиялық ұлт зиялары құрған «Алаш» партиясының құрамына қазақ халқының абыройлы ғылыми және шығармашыл зиялыларының белгілі өкілдері – Мұхамеджан Тынышпаев, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ғұмар Қарашев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Міржақып Дулатов, Жаһанша Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков, Халел Ғаббасов және тағы басқа өкілдері топтасты.

Жоғарыда аталған съезде «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасы жасалып, ол көпшіліктің талқысына ұсынылды. Бағдараманың жобасы он бөлімнен тұрды [6, 220 б.].

«Алаш» партиясы және оның қайраткерлері Кеңес үкіметіне әлеуметтік ізгілік қағидаларды мойындамайтын, халықтар мен ұлттарды таптық ерекшеліктері бойынша ғана бөлетін саяси ұйым деп қана қарсы шықты. Айталық оған негіз «Алаш» партиясының өз мақсаты мен алға қойған идеясы болған еді. Олардың ойынша бүкіл халықтың мүдделері бірдей екендігін көрсетіп қана қоймай өз идеясында жүзеге

асырған ұлттық-демократиялық партия болатын. Ә.Бөкейханов «Қазақ» газетінің 1917 жылғы №225 санындағы «Алаш ұлына» атты мақаласында «Азаттықтың таңы атты. Тілегімізге құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді күн теңелді. Қанша ғасырдан бері халықтың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған үкімет басқаға қазған көріне қор болып түсті. Қайтпас қара сапарға кетті», – деп патшалық Ресейден құтылып жаңадан келетін үкіметтің ендігі кезекте қазақ халқына теңдік береді деген үмітін аңғарамыз [7, 234 б.].

Мұрағат деректері бойынша Орынбор қаласында 1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында II-ші жалпықазақ съезі болып, оны ұйымдастыру комитеті жасаған тәртіп бойынша әр уезден ел сыйлаған екі қариядан, әр облыстық қазақ комитетінен келетін екі өкілден бөлек отызғаға жуық делегатқа арнайы шақыртулар жіберіліп, сонымен съезге қатысқандар: Бөкей ордасынан – Ғ.Мұқашев, М.Жұмалиев, И.Күшеков, И.Молкашев, С.Әжігереев; Орал облысынан – Д.Құсабғалиев, Н.Инмағамбетов, Х.Нұрмұхамедов, Т.Жамашев, К.Есенғұлов, Ғ.Досжанов, А.Кенжин, Н.Калменов, Ғ.Әлібеков, Д.Айсарин; Торғай обысынан – Сейдазым Кәдірбаев, Омар Алмасов, Намазбай Шәуменов, С.Елшин, С.Исхаков, К.Батишев, Қ.Бекентаев, Ә.Алдияров; Ақмола облысынан – Ж.Мырзалин, Ж.Гайсин, И.Малдыбаев, Б.Курлеутов, М.Жұмабаев, М.Жақанов, Е.Жанбаев, К.Ғабдуллин, Бауенов; Семей облысынан – Ж.Оразалиев, Т.Ибраев, Ә.Ермеков, Х.Ғаббасов, А.Шығыров, Қ.Бердалин, А.Барлыбаев; Жетісу облысынан – Ө.Айдабосынов, Ж.Отарбаев, М.Исмаилов, И.Тергеусінов, С.Сабатаев, Н.Хамидив, Н.Жакуббаев; Сырдария облысынан – Ғ.Кенесарин, И.Сарымсақов, И.Ержігітов, С.Аллабергенов, М.Байзақов; Самарқан облысынан – Е.Ақжолов; Алтай губерниясынан – С.Шағимарданов болды [8, 1 п.].

Съезд төрағасы Бақтыгерей Құлманов, төрағаның серіктері Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамбетов, Ә.Кенесарин, О.Қарашев, ал хатшылары Д.Күсепқалиев, М.Дулатов, С.Қадірбаев тағайындалды.

Орынборда болып жатқан бұл съезд туралы мерзімді баспасөзде көптеген материалдар жарияланып жатты. Мәселен, Ташкенттік тілшінің мәліметінен үзінді келтірсек, 1918 жылғы «Свободный Туркистан» газетінде мынадай пікірлер жазылады: «Съезге он облыстан – Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Ферғана, Самарқан, Сырдария, Закаспий және Астрахань губерниясына қарайтын Бөкей ордасынан – келген 80-ге жуық делегат қатысты. Делегаттардың көпшілігі орысша жақсы сөйлейді: еуропаша киінген жоғарғы және орта білімділер де аз емес» [9, 121 б.].

Съезде бірауыздан қабылданған қаулы туралы Әлімхан Ермеков былай деп жазды: «Декабрьдің 12 күні, түс ауа, сағат 3-те дүниеге «Алаш автономиясы» келіп, азан шақырылып ат қойылды. Алты алаштың баласының басына Ақ орда тігіліп, Алаш туы көтерілді... Үлкен ауылдарға қоңсы қонып шашылып жүрген қазақ жұрты өз алдына ауыл болды. Отансыз жұрт отанды болды.

Жасасын Алаш автономиясы!» [11, 58 б.].

Алаш автономиясы Ұлттық кеңесінің құрамына 15 мүше тағайындалды: У.Танашев, Х.Досмұхамбетов, А.Тұрлыбаев, А.Бірімжанов, Х.Ғаббасов, С.Аманжолов, Мұстафа Шоқай. Бұлардан тыс Алашорда құрамына Ә.Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, Жаһанша Досмұхамбетов, Мұхамеджан Тынышпаев, Бақыткерей Құлманов, Ж.Ақбаев, Б.Мамытов, Отыншы Әлжановтар да сайланды.

Бұл аталған Ұлт Кеңесі мүшелеріне орынбасарлыққа мына кісілер сайланды: Ғайса Қашқынбаев, Нүсіпбек Жақыпбаев, Ережеп Итбаев, Сатылған Сабатайев, Есенғали Қасаболатов, Батырқайыр Ниязов, М.Боштаев, Ғ.Алмасов, С.Қадырбаев, А.Кенжеұлы, штабс-капитан Н.Бекімұлы, Е.Тұрмұхамедов, Ж.Солтонайев. Бұдан кейін съез үкімет төрағалығына үш адамның кандидатурасы ұсынылды – Ә.Бөкейханов, Б.Құлманов және А.Тұрлыбаев. Жасырын дауыс бойынша Әлихан Бөкейханов – 40, А.Тұрлыбаев – 20, Б.Құлманов – 19 дауысқа ие болып, нәтижесінде Ә.Бөкейханов Алаш автономиялы үкіметінің, яғни Алашорданың төрағасы болып сайланды [12, 433 б.].

Жоғарыда атап өткеніміздей алашордалықтардың ұстанған саясаты автономиялы-демократиялық республика еді. Алашордашылар жік-жікке, таптық белгілер бойынша бөлінуді қаламады. Басқаша айтқанда, басты мақсаты мен мұраты дербес қазақ халқының мемлекетін құру. Алайда, «Алаш» партиясының ізденістері мен талпыныстары өздерінің жасаған ойлары Алаш Орда мемлекеті құрылды. Өкініштісі алашордашылар көзі тірісінде тәуелсіздіктің дәмін тата алмады. Керісінше, олардың жемісі қазір міне егеменді тәуелсіз Қазақстан Республикасы құрылды. Кезінде Алашордашылар идеясының өз кезінде толық іске аспауын ағылшын ғалымы Р.Конквест былай деп тұжырым жасаған: «Демократиялық және автономиялық республика құруға тырысқан қазақтардың ықпалды ұлтшыл ұйымы 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында Орынборда өткен съезде «Алашорда» атты үкіметін құрды. 1918 жылғы 17 қаңтарда большевиктік әскер қалаға баса көктеп кіріп, Алашордаға қарсы күш қолданған еді», - деп көрсетеді [13, 151 б.].

Алаш автономиясы бар-жоғы 2 жыл үш ай өмір сүрді.

1918-1919 жылдардағы қалыптасқан саяси жағдайлар Алаш партиясы мен Алашорда автономиясының халықтың бірлігіне негізделген қазақтың мемлекетін құру және нығайту бағдарламасын жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Қара халықтың білімсіздігі, саяси күрестің орталығынан алшақтық, қоғамның бытыраңқылығы және де саяси күрес барысында нақты бағдарламаларының болмауы, ұлттық Алашорда автономиясының большевиктерге қарсы қарулы күресте жеңілуіне әкеліп соқты. Кеңестердің жеңісі Алашорда қайраткерлерінің оның билігін мойындауына және большевиктердің мемлекеттік аппаратында қызмет істеу туралы ұсынысын қабылдауға мәжбүрледі. Бірақ, соған қарамастан, олар кеңестік саясатқа ұлттық сипат беріп, қазақтың мұң-мұқтажын қамтамасыз етуге қызмет етумен болды.

Кеңестік билік ұлт зиялыларының бетке ұстар жақсыларын, атап айтсақ: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Тынышпаев, Халел Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков, коммунистер Тұрар Рысқұлов, Смағұл Сәдуақасов және тағы да басқа ұлттық зиялы қауым өкілдерін қудалады [10, 32 б.].

ХХ ғасыр басындағы ұлттық зиялылар қазақ халқының ұлттық идеясын қалыптастыру міндетін өз мойындарына алып, ұлтты біріктіру жолын таңдады. Жоғарыда келтірген деректер мен құжаттарға қарағанда қазақ зиялылары барлық кезеңдерде, қандай саяси тәртіп орнаса да қазақ халқының мүддесі үшін қызмет істеудің барлық мүмкін боларлық әдіс-тәсілдеріне сүйеніп, үздіксіз саяси күрес жүргізгенін көреміз.

ХХ ғасырдың бас кезінде қалыптасқан қазақ оқығандары қоғамды өзгертуде революциялық жолдың еш жеңіске жеткізбейтінін, ең әуелі адамның өзі мен оның санасын өзгерту керек деп ой түйген. Сондай-ақ, жалпыдемократиялық, жалпы елдік мұраттарға реформалық жолмен жетуге ұмтылыс жасаған.

Қорыта келгенде жасаған ой түйініміз, қазақ халқының тарихында ұлт-азаттық күрес бәр сәтте тоқтамаған. Сонау XVIII ғасырдың соңында болған Сырым Датұлы бастаған кіші жүз қазақтарының көтерілісі, XIX ғасырдағы Қасым, Саржан сұлтандар, кейінірек Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістер, Исатай Таймануұлы және Махамбет Өтемісұлы жетекшілік еткен шаруалардың көтерілістері және т.б. көптеген толқулар мен ұлт-азаттық көтерілістер осыған дәлел бола алады. Алайда, Алаш ұлт-азаттық қозғалысының жөні мүлде бөлек еді. XIX ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында пайда болған қазақ оқығандары негізін салған Алаш қозғалысының өкілдері қолына қарудың орнына қалам алып, халқының санасын оятып, көзін ашуға бар күшін жұмсады. Қарулы көтерілістің нәтижесі болмайтынын, қазақты тәуелсіз ел етудің жалғыз жолы саяси күрес жолы екендігін жете түсінді. Өзінің тәуелсіздік үшін күресу тәсілдері, ұстанған бағыты мен негізгі қозғаушы күштерінің құрамы жағынан Алаш қозғалысы – қазақ халқының ұлт-азаттық күресінің жаңа кезеңі әрі сапалы деңгейі деп сенімді түрде тұжырым жасай аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 ҚР ОММ. 840-қор, 1-тізбе, 828-іс.
2 ҚР ПМ. 811-қор, 20-тізбе, 114-іс.
3 Қазақ газеті / құрастырушылар Ү.Суханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сахов. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы баспасы, 1998. – 560 б.
4 «Алаш азаматтары!» үндеу // Қазақ. – 1917, 11 маусым

АЛАШ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ НЕГІЗІ БОЛҒАН ҚАЗАҚ ОҚЫҒАНДАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Қатысушы: Абимуратова Тогжан
Жетекшісі: Жакашев Досхан Қайырбекұлы
«№23 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ Семей қаласы

Зерттеу жұмысымызды ата-бабасының толарсағынан қан кешіп жүріп қорғаған Елі мен Жерін, қаламсабына қан қатып отырып жау тырнағынан арашалаған Әлихан Бөкейханның өз мақаласында қазақ оқығандары туралы айтқан құнды пікірлерімен бастағанды жөн санадым. Алаш қозғалысының негізін салушы ұлт зиялысы «Қазақ оқығандары» атты мақаласында: «Қай жұрттың болсын болашақ тұрмысына ерік беріп, жаңалық кіргізетіні, халықтың ұлғайып кеңеюіне кедергі болатын зиянды ғұрып-әдетін, қараңғылығын жоятын жолбасшы көсемі – сол халықтың өз арасынан шыққан оқығандары. Қараңғы халықтың тұрмысын гүлдендіріп, жарыққа шығаратын да, халықтың еңсесін құрытып, ұйқыға салатын да – оқығандар. Оқығансыз қара халық ешқайда бармақшы емес», дей келе, одан әрі оқығандардың бойынан табылуға тиіс қасиеттерді тізбектейді: «...Оқыған адамдарда ең бірінші қасиетті сипат сол – алдымен оларда дүниеден қараған бір белгілі көзқарасы болады, нық бекіген бір мақсаты болады. Айнымайтын бір белгілі идея меншіктенеді. Міне, бірінші оқыған ның сипаты

осы болса, төменгі айтылған сипаттар өздігінен туа бастайды. Яғни оқыған адамдар, жоғарғы айтқандағыдай өмірі байлық, билік, дәрежені олар мақсат қылмайды һәм ондайларды олар бақ-дәреже деп танымайды, мақтану үшін іс қылмайды, сыртқы бояуға масаттанбайды. Анық әділдік, адамдығына жұрт сенеді.» [1; 4 б.].

ХХ ғасырдың алғашқы онжылдығы Ресей империясындағы қазақ және басқа да түркі халықтарының ұлттық бірегейлігінің тез өсу кезеңі болды, бұл қоғамдық-саяси өмірдің белсенуінен, мәдени прогресс, ұлттық тілдердің қалыптасуынан, әдебиет пен баспасөздің дамуынан, жаңа идеологиялық концепциялардың таралуынан (пантүркизм, панисламизм, пантуранизм), реформаторлық қозғалыстардан (джадидизм) көрініс тапты [2; 38 б.].

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бас кезі қазақ халқының интеллектуалдық күштерінің дамуындағы жаңа кезең болды.

Революцияға дейінгі Қазақ өлкесіндегі мұсылман мектептері мен медреселерінде, немесе «орыс-қазақ», «бұратаналық», ауылдық мектептерде бастауыш білім алып шығуға болатын еді. Мұсылман мектептері мен медреселері байырғы ұлттардың балаларына білім мен тәрбие берудің негізгі буындары болды [3; 127 б.].

Дәстүрлі мектептердегі оқуды бітіргеннен кейін қазақтар өз балаларын шәкірттерді жаңа әдіспен оқытатын Уфадағы «Ғалия», Орынбордағы «Хусаиния», Троицкідегі «Расулия», «Уазифа» сияқты ірі медреселерге оқуын жалғастыруға жіберетін.

Басқаларымен салыстырғанда, «Ғалия» медресесінде мына пәндер: шығыс тілдері, логика, философия, тарих, математика, география, орыс тілі, адам физиологиясы оқытылатын. Бұл медресенің қабырғасында 300-ден астам қазақ баласы білім алды. Олардың арасында қазақтың белгілі зиялылары, жазушылар Б.Майлин, М.Жұмабаев және басқалар бар. [4; 719 б.].

Патша үкіметі осындай оқу ордаларын Ресей мемлекетінің дұшпаны деп бағалап, олардың түркі тілдес халықтарға ықпалын азайтуға бар күшін салды. Ішкі істер министрінің облыс губернаторына 1911 жылдың 12 желтоқсанда жазған құпия хатта былай жазады: «Ресейдегі кейбір мұсылман діни-оқу орындары, мысалы, Қазан қаласындағы жаңа әдістемелі Галеев медресесі, Орынбордағы Хусаинов медресесі және Уфа қаласындағы Ғалия медресесі, тәжірибенің көрсетіп отырғанындай, осы училищелерде қалыптасқан жалпы бағыттың арқасында жеткілікті дәрежеде сенімді деп санауға болмайтын молдалар оқытып шығаратынына Сіздің назарыңызды аудару қажет деп есептеймін» [5; 55 п.]

Бұратана халықтың балалары түсе алатын тұңғыш орта оқу орны Орынбор қаласындағы Неплюев әскери училищесі еді, ол кейінірек Орынбор кадет корпусы деп аталды. 1825-1866 жылдары Орынбор кадет корпусын 35 қазақ тәмамдады [6; 6 п.].

Қазақтар оқитын оқу орнының бірі Орынбор гимназиясы еді, 1868-1892 жылдары гимназияда 52 қазақ білім алды [7; 5 п.].

ХХ ғасырдың бас кезінде қазақтың ішінде «оқығандар» сан жағынан көп болған жоқ. Оның басты себебі – бұл кезеңде Қазақстандағы бірлі-жарым орта білімді мұғалімдер дайындайтын курстар мен училищелер болмаса, арнайы оқу орындарының ашылмауында еді. Сонымен бірге отаршыл әкімшілік ресейлік оқу орындарынан бірлі-жарым орынды қазақ жастарына да бөлуге мәжбүр болған. Мұндай шараға ол жыл өткен сайын өсе түскен баскару жүйесінің ұлттық кадрларға мұқтажын қанағаттандыру

үшін барды. Осы мақсатта генерал-губернаторлықтар кеңсесі жанынан қазақ студенттеріне жылына 3-4 стипендия белгіленіп отырды. Міне, осы белгіленген қаржыға сүйеніп, қазақ жастары Мәскеу, Петербург, Қазан, Орынбор, Омбы, Варшава сияқты қалаларда түрлі мамандықтар бойынша білім алды [8; 109 б.].

Қазақ интеллигенциясын қалыптастыруда Петербург, Москва, Варшава, Қазан университеттері мен басқа да жоғарғы оқу орындары, сондай-ақ Сібірдің жоғарғы және арнаулы орта білім беретін оқу орындары да айтарлықтай рөл атқарады [9; 32 б.].

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде қазақ жастары үшін Қазан қаласы үлкен білім орталығы болды. Талантты ғалым Б.Кенжетаевтың нақты деректік материалдарға негізделген көрсетулеріне қарағанда 1877-1917 жылдар аралығында Қазан университетінде 37 қазақ жастары оқып, олардың 20-сы бұл оқу орнын сәтті аяқтап шыққан. Аяқтағандардың 15-і заң, ал 5-уі дәрігерлік факультеттерде оқыған [10; 30 б.].

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының үлкен бөлігі осы Қазан қаласы оқу орындарын аяқтаған мамандардан тұрды. Б.Кенжетаевтың есебі бойынша жоғарыда аталған Қазан оқу орындарында 1877-1917 жылдар аралығында барлығы 82 қазақ жастары оқып, олардың 54-і белгілі бір кәсіп иесі ретінде диплом алған [10; 51 б.].

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде қазақ жастары білім алған ірі орталық, әрине, Петербург қаласы. Империяның саяси оқиғаларға толы астанасында бұл кезеңде, яғни 1889-1894 жылдары Орман шаруашылығы институтында Ә.Бөкейханов, 1900-1905 жылдары Темір жол және көлік институтында М.Тынышбаев білім алды. Қазақ жастары үшін, әсіресе нағыз үлкен білім шаңырағына айналған Петербург университеті еді. Ресей империясында ғана емес, бүкіл Еуропа мәдениеті мен ғылымында өзіне лайық орны бар бұл оқу орнында өткен ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде (1917 жылға дейін) 20-ға жуық қазақ студенті оқып, жоғары білім дипломын иемденді. Олардың қатарында Бақытжан Қаратаев, Бақыткерей Құлманов, Барлыбек Сыртанов, Жаһанша Сейдалин, Айдархан Тұрлыбаев, Жаһанша Досмұхамедов, Мұстафа Шоқаев, Жақып Ақбаев, Райымжан Мәрсеков сияқты XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының саяси өміріне белсенді араласқан қайраткерлер болды.

XX ғасырдың алғашқы он жылдығында Петербург медицина академиясын аяқтағандығы туралы дипломды Санжар Асфендияров, Сәдуақас Шәлімбеков, Халел Досмұхамедов және басқа бір топ қазақ жастары иемденді [8; 111 б.].

Бірінші орыс революциясы кезінде Әлихан Бөкейхановтың айналасына жиналған қазақ зиялылары өздерінің саясатқа қадам басқан алғашқы кезеңдерінде сол уақытта патша үкіметіне оппозицияда болған кадеттердің партиясын өздеріне белгілі бір деңгейде үлгі тұтқан.

Сонымен, 1905 жыл қазақ азаттық қозғалысының өрлеу, жаңа сапаға көтерілу кезеңін бастап берді, ал саяси күрес болса, ең алдымен, патшаға, орталық билікке арыз-шағым жазып тапсыру түрінде көрінді. Отарлық тәуелділіктегі қазақ елінің мұқтажын білдірген арыз-тілектер батыста Оралда, орталықта Қарқаралыда, онтүстік-шығыста Жетісуда, басқаша айтқанда, кең-байтақ қазақ даласының барлық аймақтарында жазылды. Жетісу облысы Лепсі уезінің қазақтары дайындаған арыз-шағымға - 1000 адам, арнайы делегация арқылы Петербургтегі үкімет орындарына тапсырылған Орал

және Торғай облыстары қазақтары жазған арыз-шағым - 44 адам, ал белгілі Қоянды жәрмеңкесінде өмірге келген Қарқаралы арыз-шағымында 14,5 мың адам қол қойған еді [8; 124 б.].

Қазақ оқығандарының қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуына I және II мемлекеттік Думаға сайлау және оның жұмысына қатысу ерекше әсер етіп, мол тәжірибе жинақтауға мүмкіндік берді. Ресейдегі азаттық қозғалыстың өрлеу барысындағы тарихи жаңалық болған Дума саулауы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде айтулы оқиға болды. Қазақ оқығандары Мемлекеттік Думаны империяның Қазақстандағы саясатына, әсіресе жер мәселесіне әсер ету құралы деп бағалап, оның жұмысына зор үміт артты. Сондықтан саулау науқаны мен Думадағы түрлі фракциялардың жұмысына белсене араласты [11; 24 п.].

Қазақ халқының дамуына өз үлестерін қосқан, болмысы да, көзқарастары да дара туған, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қалыптасқан қазақ оқығандарының алар орны айрықша болды. Өздерінің саяси бағыттары мен әлеуметтік базасы жағынан қазақ оқығандарын үш топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа - «Алаш» қозғалысының либералды-демократтар тобын жатқызуға болады. Олардың басым бөлігі Санк-Петербург, Мәскеу және т.б. Ресейдің орталықтарында жоғары білім алып, отаршыл әкімшілікте – дәрігер, мұғалім, қорғаушы т.б болып қызмет істегендер еді. Бұл топты мынадай жарқын адамдар құрайды: Ахмет Байтұрсынов – «Қазақ» газетінің бас редакторы, ақын, жазушы, лингвист; Жақып Ақаев – заңгер; Мұхамеджан Тынышпаев – инженер; Міржақып Дулатов – жазушы, ақын; Мағжан Жұмабаев – жазушы, ақын; Халел Ғаббасов – жазушы; Жүсіпбек Аймаутов – жазушы, ақын; Халел Досмұхамедов – дәрігер; Жаһанша Досмұхамедов – экономист; Аспандияр Кенжин – мұғалім; Әлімхан Ермеков – ғалым, ұстаз, математик және т.б. көптеген қайраткерлер [12; 1-24 п.].

Екінші топты - мұсылман қозғалысының өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста болған ұлт зиялылары құрайды, олардың көбі кейін Түркияға бағыт ұстанады және соған байланысты «түрікшілдер» атауын иеленген еді. Бұл топтың өкілдері М.Шоқай, С.Лапин, У.Хожа, А.Махмұд, Х.Юрғули-Ағаев, С.Герцфельд, Ш.Шағиахметов, Ә.Оразаев, К.Қары, С.Ақаев, А.Бадин, Кішкенбаев, Кәрімбаев, М.Бехбуди [13; 52 б.] және тағы басқа да қайраткерлер бар.
Үшінші топқа - саны жағынан аз және әлсіз, көзқарастары социалистік бағытты ұстаушы ұлт зиялылары құрады, оларда тек сирек ерекшелік болмаса, көбі кедей малшылар мен жериеленушілерден шықты. Олар: Мұқан Әйтпенов, Көлбай Төгісов, Шаймерден Әлжанов, Қасен-Қожа Бекхожин, Махмұт Уәлиханов, Қазы Торсанов, Байсейіт Әділов, Әлиасқар Қуанышев, Үсен Қосаев, Нұрғали Құлжанов, Ыбырай Төлебаев, Сұлтан Аблаевтар және т.б. зиялылар болды [14; 10 п.].

XX ғасырдың басындағы қазақ оқығандары саясаттанушылар, дәрігерлер, соттар, ақындар мен жазушылар болатын, бұл кез қазақтың білімді азаматтары – Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ж.Досмұхамдов және басқаларының қалыптасуымен ерекшеленді. М.Тынышбаев, Ә.Ермеков, Х.Досмұхамедов және басқа Алаш азаматтары ғылыми зерттеулермен айналысып, соңына мол мәдени мұра қалдырды. Сөзімізді қорыта келгенде, XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басындағы қазақ

халқының қоғамдық санасы, қазақ оқығандарының қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуы - тарихтың жол айырығына тап болған қоғамның өзі сияқты күрделі құбылыс. Қазақ даласында енді дүниеге келіп, қоғамдық-саяси көзқарастары қалыптасып келе жатқан жас қазақ оқығандары белсене таратқан саяси идеялар қазақ қоғамының ұйқыдан оянуына ықпал жасап, бұл елдің құқықтық санасы мен ой-өрісіне терең әсер етті. Біз қарастырып отырған кезеңде отаршылдық идеология мен бостандық идеологиясы арасында ымырасыз күрес жүріп жатқан еді. Сол кезеңдегі қоғамдық-саяси оқиғалардың орталықтары болған ірі қалалардағы алдыңғы қатарлы оқу орындарында білім алып, маңызды саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени құбылыстар мен оқиғаларға куә болған қазақ оқығандарының көзқарастары дәл осындай ымырасыз күрес жағдайында қалыптасты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бөкейханов Ә.Н. Қазақ оқығандары // Орталық Қазақстан. - 2016. - 22 қыркүйек (№ 156/157). - 4 б.

2. Аманжолова Д.А. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. – Алматы: Таймас, 2009. – 412 с.

3. Остроумов Н.П. Исламоведение. Введение в курс исламоведения. – Ташкент, 1914

4. Қазақстан тарихы (Көне заманан бүгінге дейін) Бес томдық. 3-том. – Алматы: Атамұра, 2002. – 768 б.

МУЗЫКА И ОБЩЕСТВО

Участница: Борангали Айгерим
Руководитель: Абжанова Асем Аскарбековна
«Средняя общеобразовательная школа №11» г.Семей

Почему общество так предвзято относится к музыке и не воспринимает её как основную деятельность для человека? Начнем с того, что такое музыка? Музыка – вид искусства, в котором определённым образом организованные звуки используются для создания некоторого сочетания формы, гармонии, мелодии, ритма или иного выразительного содержания.

Я человек - который не мало занимался и занимается музыкой, и практически все мое окружение состоит из таких же. Общество не воспринимает музыкальную деятельность от слова совсем, в особенности старшее поколение. 90% моим знакомым запрещают погружаться в музыкальную деятельность под предлогом что в этом нету будущего, запрещают поступать в музыкальные вузы, опираясь на то что работа на государство является более статной и благополучной.

Почему же они считают что в этом нету будущего? Ноты в музыке делятся на мажор и минор, либо же грустные ноты и веселые ноты, музыка имеет свойство влиять на эмоциональное состояние человека, при подавленном настроении разделяет с человеком этот момент и поддерживает, как бы отражая его эмоции, в счастливые же моменты определенная песня придает атмосферу и поддерживает наше хорошее настроение. Насколько же музыка влияет на человека! Человечество зависимо от

музыки, у каждой республики свой гимн, в каждом заведении играет музыка, люди ежедневно слушают часами музыку, чтобы провести время с любимой песней и прочувствовать её, чтобы уборка была не такой тусклой, украсить момент и миллионы других причин, так почему же музыкальная деятельность настолько не воспринимается? Она можно сказать даже распространена больше чем многие другие сферы, даже если человек не добьется мировой славы, закончив музыкальный вуз он может устроится в оркестр, стать тем же самым преподавателем, вариантов на самом деле много, хотя мало кто на это обращает внимания.

Многие порой не понимают, что человек не раскроется если не будет заниматься тем что ему нравится, те же самые популярные группы старых времен, добились того что они имеют благодаря тому что занимались любимой деятельностью. Думаю все знают группу Кино, ДосМукасан, артиста Элвиса Пресли. В их время было сложно достичь той популярности, но они добились того что их песни слушают по сей день, того что их песни любят и они до сих пор являются кумирами тысячи людей. Они добились этого преодолев не легкие пути, прославится все же в то время было не легко, как и эмоционально переживать все то давление что на них оказывали.

Человек может раскрыться полностью тогда когда он занимается тем что он любит, только в таком случае он может раскрыться на все сто. Так зачем же ограничивать других, вводить их в сомнения тогда, когда у него такие возможности заниматься любимым делом, такая возможность войти в историю искусства музыки, есть возможность протестовать, делится переживаниями и счастьем через любимое дело, ведь много кто на самом деле останавливается не выдерживая всю ту эмоциональную давку что ему преподносят.

Как же бороться с этим мышлением сложившихся у многих людей? По крайней мере по своему опыту, хочу сказать что надо продвигать музыкальные платформы и площадки, на самом деле у нас их очень мало, но те платформы что существуют – внесли не малый труд, к примеру музыкальная площадка MuzSound, что начала свою деятельность только год назад, но успела организовать и поучаствовать в стольких мероприятиях по типу дня города, устроила десятки закрытых мероприятий, в летнее время устраивает вечерние концерты, площадка которая помогает как и развиваться в этой сфере подросткам, так и менять понимание людей в том, что музыка развита, что это искусство бессмертно, то что можно быть не только успешным, но и счастливым.

Я раннее, являлась руководителем комитета инициатив площадки MuzSound, но к сожалению из-за занятости и учебы пришлось прекратить эту деятельность. Я взяла интервью у руководителя площадки, Даниила Гавриенко, который является также тренером по харизме, ведущим, активистом с развитыми ораторскими данными,где он ответил мне на несколько вопросов:

1. . Что представляет площадка MuzSond?
2. Как вы думаете, влияет ли площадка на социальное восприятие музыки?
3. Как человек который не занимается музыкой, как вы реагируете на профессии в сфере музыки? Можно ли обеспечить себе жизнь на данной деятельности?

1. MuzSound- это творческий музыкальный проект для молодёжи в возрасте от 14 лет до 21 года. Мы занимаемся развитием музыкальной инициативности в г.Семей. Проводим концерты, обеспечиваемся репетиции и, на данный момент, разрабатываем

программу обучения по дисциплинам: акустическая гитара, электрогитара, бас-гитара, ударные (барабаны) и вокал. Если кратко- это сеть музыкантов города, что отвечает потребностям современности

2. Да, безусловно. Мы своим существованием сделали действительно положительное влияние на общество! Сейчас в городе музыка стала более популярна и доступна, начались активные действия в этой сфере с разных сторон: от музыкантов до администрации города.

3. Интересный вопрос о моей деятельности и коммерции, хех. Развитие в сфере музыки в нашем городе сейчас вполне может обеспечить полностью или частично ряд личных желаний и потребностей. Жизнь обеспечить можно.А вот про мою реакцию на профессии.. знаю успешных звукорежиссёров, директоров музыкальных школ, частных репетиторов, сторонних предпринимателей и, вы знаете, ещё никто не сказал, что ему не хватает на жизнь или неинтересно этим заниматься. Я такого мнения, что музыка и все внутреннее- это прекрасно!

Спасибо Даниилу за то что поделился своим мнением и уделил время!

Не знаю даже почему о музыке как о деятельности сложилось такое негативное мнение, ведь благодаря ей можно устроится на работу дирижером, аранжировщиком, звукорежиссером, сольным или исполнителем с коллективом. Многие даже не знают что саундтреки из фильмов, игр, реклам и прочего пишутся с намерениями связать эту мелодию и игру, посвятить эту песню ей и те кто пишут эти песни зарабатывают на этом не малую долю, порой даже больше чем программисты, монтажёры и прочее. Так на кого же может поступить ваш ребенок, у которого хобби переросло в вжизненную цель?

1.Композитор! Заработная плата около 100.000 рублей, 500.000 тенге.

2. Дирижер, заработная плата от 12 до 70 тысяч рублей, от 66 до 385 тысяч тенге.

3. Аранжировщик, заработная плата около 40 тысяч рублей, либо же 220 тысяч тенге.

Все мы знаем таковых знаменитостей как Тейлор Свифт, Бейонсе, Леди Гага. И они являются одними из самых богатых артистов нашего мира!

1) Доктор Дре, состояние около 950 миллионов долларов, успешный артист, благодаря своему любимому занятию смог накопить капитал, музыкант 2000 годов, имеет – долю в 20%, в производстве наушниках Beats.
2) Тейлор Свифт, состояние 825 миллионов долларов. Артистка которая собирает полные стадионы фанатов, также является самой выплачиваемой артисткой десятилетия!
3) На следующем месте расположилась Бейонсе, с состоянием в 685 миллионов долларов. Певица заработала их благодаря мировым турам, мультиплатиновым альбомам также благодаря контрактам с многими популярными брендами.

Раз смогли они, почему не сможете вы? Ваш друг? Ваша дочь, сын?

Те кто занимаются любимым делом, когда-то но в конце концов добьются успеха. Интересный факт, продуктивность работы снижается из-за того что людям не нравится то что они делают. То есть многие люди не доходят своего максимума, ограничивают свои возможности и не раскрываются полностью. Всего 20% населения людей на планете довольны своей работой. Все остальные, иногда даже сами того не замечая её ненавидят. Итак 80% жителей планеты по данным

крупнейшего международного рейтингового агентстваDeloitte’sShiftненавидят свою работу.

Мы грубо говоря должны пропагандировать свободу выбора и счастья, часто наше окружение обязывает или внушает нам что определенное нам нужно, а определенное нет. В нашем же городе, благодаря творческому распоряжению организаторов праздников и основателей разных проектов, в нашем случае музыкального проекта, Музсаунд, мы говорим обществу, мы кричим что мы имеем право на выбор и мы хотим заниматься тем что мы любим.

Источники информации:

1) https://the-steppe.com/gorod/10-samyh-bogatyh-muzykantov-desyatiletiya-po-versii-forbes
2) https://www.profguide.io/article/professii-dlya-teh-kto-lubit-muzyku.html
3) https://vuzopedia.ru

ЦИФРЛЫҚ АУТИЗМ XXI ҒАСЫРДЫҢ ДЕРТІ

Қатысушылар: Аманжолова Аяжан Саматқызы, Ислямбек Әділет Серікханұлы

Жетекшісі: Әсетова Балжан Жанатқызы

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №47 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Цифрлық заманда адам баласы өз құқықтары мен еркіндігіне жол ашты. Алайда технологияның дамығаны соншалық адам санасы мен психологиясы деградацияға ұшырап, жаңа ауру түрлеріне шалдыға бастады. Технология көбейіп, медицина дамыған сайын, онымен жарысып дерттер де дендеп, түрленіп жатыр. Оларға депрессия, суицид, психикалық ауытқулар жатады. Солардың ішінде ең өзекті заманауи індет цифрлық аутизм болып табылады. Жаңа зерттеулер теледидар экрандары, ноутбуктер, планшеттер алдында тым көп уақыт өткізетін балалардың көпшілігінде аутизмге тән белгілер бар екенін көрсетті. Бұл құбылыс «виртуалды аутизм» немесе электронды экрандардан туындаған аутизм ретінде сипатталады.

Мақсаты: оқушыларға, ата-аналарға цифрлық аутизмнің салдарын, даму белгілерін ұғындыру.

Міндеті: смартфонға тәуелділіктен арылту, ата-аналарға қазіргі таңдағы балалардың заманауи дерті туралы түсіндіру;

Цифрлық аутизм – цифрлық және ақпараттық технологиялар әсерінен әлеуметтік дағдыларды жоғалту. «Цифрлық аутизм» ұғымын алғаш енгізген және оны сипаттаған румын психологы Мариус Замфир болды. Ол 2017 жылы эксперимент жүргізіп, гаджеттердің балаларға кері әсерін дәлелдеген.

Екі топ балаларды жинай отырып, ол экран алдында күніне 4 сағаттан астам уақыт өткізетін және планшеттерге аз уақыт бөлетін құрбыларының әлеуметтік дағдыларының дамуын салыстырды.

Күнделікті уақытын гаджеттермен өткізген балалар аутистикалық белгілерді көрсетті. Олар нашар сөйледі, жалпы даму көрсеткіштерінен артта қалды, бір сөздерді немесе қозғалыстарды жиі қайталады, адамдардың көзіне қараудан аулақ болды, қарым-қатынасқа түспейді, яғни оларда туа біткен аутизм белгілері байқалды.

Зерттеушілер экран алдында өткізілетін уақыттың балалардың миының дамуына және салауатты қоғамдық өміріне кедергі келтіретіні туралы дабыл қағуда.

Мысалы: бала үш санын шексіз қайталай алады, бірақ егер сіз одан сізге үш қарындаш беруін сұраңыз, ол бұл ұғымды түсінбейді.

ДДСҰ-ның болжамы бойынша цифрлық аутизм белгілері 2005 жылы 500 бүлдіршіннің біреуінен, 2014 жылы әр 68-і баладан анықтаған, 2023 жылы әрбір 2 баланың бірі цифрлық аутизмге шалдығуы мүмкін. Ал отандық сарапшылардың пікірінше, еліміздегі әрбір 6 баланың бірі телефонға тәуелді. Балалар есте сақтау, көру, сөйлеу, қабілеттерін жоғалтады. Мұның бәрі смартфондарды ұзақ уақыт қолданудың арқасында. Балада тәуелсіз ойлау, ұзақ мәтіндерді қабылдау, қоршаған шындыққа назар аудару қиынға соғады. Жеті атасын жатқа білетін ұрпақтың ойын жеті сөзбен байланыстыра алмайтын толқын пайда болды.

Әлем бойынша әлеуметтік желіге тәуелділер саны 250 млн асқан, оның 30% жуығы кішкентай балалар екен. Бұл көрсеткіш цифрлық аутизм деген ауруды алып келген.

Цифрлық аутизмнің дамуының белгілері:

1. Өзінің аты-жөніне мән бермеу.
2. Тілдің кеш дамуы.
3. Смартфонға, ноутбукке және интернетке шамадан тыс қосылу, нақты ақпаратты білу үшін емес, әдеттен тыс желіге үнемі қарауға ұмтылу - бұл қалыптасқан тәуелділіктің айқын көрінісі.
4. Әлеуметтік желілерді үнемі тексеру қажеттілігі. Достарыңызбен немесе отбасыңызбен сөйлескен кезде саусақтың телефон экранына баруы.
5. Интернетте көп уақыт өткізу, уақыт өте келе бақылауды жоғалту, оның ағынын байқамау. Адамға шынайы, бетпе-бет сөйлескеннен гөрі мессенджерлерде сөйлесу ыңғайлырақ. Оның үстіне хат алмасу үшін бағдарламаларды пайдалану тіпті телефон қоңырауларынан да басым болуы.
6. Эмпатияны сезінбеу. Белгілі бір жағдайда нақты көрсеткіштерсіз (эмодзи немесе сөздер) адамның өзін қалай сезінетінін анықтай алмау, басқа адамдардың эмоцияларын түсіну қажеттілігін сезінбеу.
7. Жанындағы адамдары тұрақсыз болады. Біреумен қарым-қатынасты үзу оған ыңғайсыздық, жабырқау сезімдерін туғызбайды. Өйткені, ол адамды басқаға алмастыру жеңіл жүзеге асады.
8. Үйде, күнделікті өмірде есте қалатын жағдайлар, қызықты нәрселер, оқиғалар, қызықтыратын ештеңе жоқ.

Салдары

1. Цифрлық аутизмнің дамуындағы басты мәселе - интеллект деңгейін жоғалту, ми ойлауын тоқтатады. Адам ақымақ болып, қоғаммен байланысын, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасау дағдысын жоғалтады.
2. Нейрондардың бір бөлігі мидың тұрақты жұмысына қатысуды тоқтатады, сондықтан қажетсіз болғандықтан, ол нашарлайды және өледі.
3. Ең жиі кездесетіні - жалғыздық сезімі. Желіде коммуникацияның үлкен көлемін таба отырып, біз оны нақты өмірде жоғалтамыз. Бұл тек тірі қарым-қатынас жасау қабілетінің жойылуына ғана емес, сонымен қатар үнемі өзіне және қарым-қатынасқа қанағаттанбау сезімін тудыруға әкеледі.

4. Көп жағдайда әлеуметтік желілер арқылы қарым-қатынасты белсенді жүргізетін балалар жеке кездескен кезде іс жүзінде бірдей деңгейде сөйлесе алмайды. Адамдармен тірі қарым-қатынастың болмауы - бұл біздің миымыздың негізгі тренажерлерінің бірінің өмірінен алшақтау болып табылып, бұл бізге максималды тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік бермейді.

Баланы цифрлық аутизмнен қалай қорғауға болады?

Интернетте балалар мен өзіне жұмсалатын уақытты мәжбүрлеп шектеу немесе қазіргі әлемде интернетті пайдаланудан мүлдем бас тарту идеясы утопиялық және көптеген адамдар үшін қол жетімсіз. Біз смартфоннан, компьютерден немесе желіге тұрақты кіруден бас тарта алмаймыз. Мұнда оқу, жұмыс, достық, жеке жайлылық кіреді. Бірақ балаларды цифрлық аутизмнен, тәуелділіктен, когнитивті бұзылулардан қорғаудың жолдары бар.

Тиімді ұсынысымыз:

1. Балаға көп уақыт көңіл бөлу.
2. Баламен бірге далаға серуендеу, бірге отбасылық ойындар ойнау, үй жұмыстарын бірге атқару.
3. Балаға жиі жақсы сөздер айту, жиі құшақтау.
4. Балаңыздың желіде өткізетін уақытын қадағалаңыз. Күнделікті пайдаланатын қолданбаларға күнделікті шектеу қойыңыз.
5. Әрбір хабарламаға немесе лайкқа бірден жауап бермеу үшін әлеуметтік желілерден хабарландыруларды өшіріңіз.
6. Балаңызға мектепте үй тапсырмасын орындау кезінде телефонын қолдарынан және көзге көрінбейтін жерде ұстауға үйретіңіз, басқа бөлмеге қою.
7. Планшет пен телефоннан бас тарту сағатының ережесін енгізіңіз. Ұйықтар алдында 60 минут және оянғаннан кейін бір сағаттан кейін. Балалармен сөйлесуге немесе кітап оқуға уақыт бөліңіз.
8. Балаларыңызды туыстарыңызға апарыңыз. Балаңыздың достарын үйіңізге шақырыңыз. Олардың проблемаларын түсінуге тырысыңыз, қуаныштарымен және тәжірибелерімен бөлісіңіз.

Ұсыныс: Баламен сөйлесіңіз, оған эмоцияның түрлерін үйретіңіз. Осыларды жүзеге асыра бастағанда, сол кезде ғана өзі өсетін ортаны түсіне бастайды. Ата- аналар балаға тек бағыт бағдар беру керектігін түсінуі керек. Естеріңізге сала кетейін, балада 16 жасқа дейінгі мінез-құлық қалады. Кейін келе қоғамға және оның заңдарына үйрете аласыз, бірақ мінез-құлық еш өзгермейді.

Болашақ ұрпаққа дер кезінде жәрдем беріп, көмек қолын созу біздің міндетіміз. Барлық ата-ана, педагог толыққанды оқушыға жұмыла бірігіп, көмек көрсетсек болашақта саналы, ақыл-ойы толық дамыған ұрпақ шығатынына сеніммен қараймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Pedforum.kz
2.Қазақстан каналы «Таңшолпан» бағдарламасы
3.Marsch, Lisa A. “Digital Health and Addiction” Current opinion in systems biology (2020)
4.Baird, Gillian et al. “Diagnosis of autism” (2003) 488-93

КИНЕЗИОЛОГИЯ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ПРОЦЕСТЕРГЕ ӘСЕРІ

Қатысушы:Тиыштыбай Сәнім Еркінқызы
Жетекшісі:Әсетова Балжан Жанатқызы
«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №47 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Бала мектеп өміріне алғаш ене бастағанда онда мәнді психологиялық қайта өзгеріс болады. Ол жаңа режимнің бірқатар маңызды әдеттерін бойына сіңіреді, мұғаліммен және жолдастарымен сенімді қарым-қатынас орнатады. Оқу материалының мазмұнына ынтаның пайда болуы негізінде оның оқуға деген жақсы көзқарасы қалыптасады. Бұл ынталардың одан әрі дамуы және төменгі сынып оқушыларының оқуға деген көзқарасының жайы олардың оқу әрекетінің қалыптасу процесіне байланысты болады.

Мектептің маңызы мен қызметі оны үздіксіз білім беру жүйесіндегі басқа буындармен тек сабақтас болуымен ғана емес, ең алдымен оқушы тұлғасының қалыптасуы мен дамуы қуатты жүретін ерекше құнды қайталанбайтын буын екендігімен анықталып негізделеді.

Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерінің дамуына кинезиологиялық жаттығулардың әсер етуін айқындау.

Міндеттері:

1. Оқушылардың танымдық процестерінің кешеуілдеп дамуының әсерін, себептерін түсіндіру;
2. Танымдық процестерге кинезиологиялық жаттығулардың әсерін ұсыну;

Зерттеу әдістері: Кинезиологиялық жаттығулар, әдістемелер, зерттелетін тақырып бойынша әдебиеттерді талдау.

Алынған нәтижелердің маңыздылығы:

Осы зерттеудің нәтижелері оқушылармен алдын-алу жұмыстарын жүргізу және мұғалімдер мен ата-аналарды ақпараттандыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Қазіргі уақытта бастауыш мектептің оқыту кезеңіне сәйкес келетін кіші мектеп оқушыларының жас шамасы 6-7 жастан 9-11 жасқа дейінгі аралықты қамтиды. Бұл кезеңде мектептегі жүйелі оқыту мүмкіндігін қамтамасыз ететін баланың әрі қарайғы дене және психофизиологиялық дамуы жүзеге асады.

Кіші мектеп оқушыларының негізгі іс-әрекет түрі оқу іс-әрекеті болып келеді. Бала алғаш рет мектеп табалдырығын аттасымен-ақ оқушы болады. Оның өмірінде ойын әлі маңызды орын алғанымен, осы уақыттан бастап ол біртіндеп басымдылық рөлін жоғалта бастайды.Осыдан қажеттілікті қанағаттандыру мақсаты ретінде оқу, оқушы рөлін орындау үшін мектепке бару болып келеді. Кіші мектеп оқушыларының басым көпшілігінде мотивацияның ерекшелігі ретінде үлкендердің айтқанын бұлжытпай орындау болып табылады. Бастауыш мектеп оқушыларының психикалық тұрғыдан өзіндік ерекше сипатына тоқталсақ. Оқушылардың негізгі әрекеті бұрын ойын болып келсе, оқуға кіргеннен кейін оқу қызметі шешуші рөл атқарады. Сөйтіп оқу негізгі қызметке айналып, баланың психикалық дамуын билейтін болды. Осыған орай баланың психикалық дамуы ірі өзгерістерге ұшырайды. Жан қуаттарының күрделі ағымын аңғару үшін алдымен оларды белгілі бір топтарға жіктейміз. Бұл топтастыру бойынша психика бір-бірімен тығыз байланысты 3 топқа бөлінеді. Олар: психикалық процестер, психикалық қалып, психикалық қасиеттер. Жан қуаттарының кейбірі (түйсік, қабылдау, елестету т.б) сыртқы дүние заттары мен құбылыстарын тікелей

танып білуде, енді біреулері (ойлау, киял т.б.) бұлардың арасндағы күрделі байланыстарды тереңдей бойлап білуде ерекше орын алады.

Танымдық процестер - сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының мидағы түрлі бейнелері. Таным процесінің негізінде оқушының дүниеге тигізетін белсенді әсері жатады, себебі таным адамның объективті құбылыстарымен байланыса, оларға тигізетін әсеріне және оларды өзгертуге сәйкес дамып отырады.

Танымдық процестің кешеуілдеп дамуы дегеніміз не?

Мектеп жасына дейінгі балаларда әртүрлі даму кешігулері болуы мүмкін:

Сөйлеу; Әлеуметтік және эмоционалды;

Когнитивті – ойлаумен байланысты;

Қозғалыс проблемалары, яғни дене қозғалысы;

Көру немесе есту қабілетінің бұзылуымен байланысты.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу материалын меңгерудегі қиындықтары және олардың психологиялық себептерін **үш** топқа бөлуге болады.

Психомоторлы сфераның дамуындағы спецификалық кемшіліктер:

- ✓ Көру –қозғалыс координациясының дұрыс қалыптаспауы;
- ✓ Микромоториканың дамымауы;

Психомоторлы сфераның дамуы төмен балаларда кездесетін қиындықтар:

- ✓ Графикалық пішіндердің тұрақсыздығы;
- ✓ Жазу кезінде үйлесімді қозғалыстың болмауы;
- ✓ Ұқыпсыз жазу, баяу жазу;
- ✓ Жазу кезінде, сызықтарды белгілеуде қолдың дірілдеуі;
- ✓ Жазу кезінде қолды қатты қысып ұстауы немесе бос ұстауы.

Жазу, оқу, есептеу дағдыларының қалыптасу ерекшеліктеріне байланысты. Осы себеппен туындаған қиындықтардың негізгі көріністері мыналар:

- ✓ Ұқсас әріптерді ауыстыру, жазу және оқу кезінде әріптерді түсіріп жіберу, сөздер мен сөйлемдерді қоспау, буындарды қоспау, буындарды ауыстыру және әріптерді жазудағы қателер.
- ✓ Сөздердің мәнін түсінбеу, ұқсас сөздерді түсінудегі қиындықтар, сөздер мағынасының бұрмалануы;
- ✓ Ұқсас әріптерді қате оқу, әріптерді буынға біріктіру қиындығы.

Қиындықтардың негізінде жатқан нақты психологиялық себептер:

- ✓ Кеңістік бағдарлануының дұрыс қалыптаспауы;
- ✓ Отбасындағы қарым-қатынас;
- ✓ Жаңа замандағы гаджеттер;
- ✓ Балаларға ата-аналардың жеткілікті түрде көңілдің бөлінбеуі;
- ✓ Отбасындағы материалдық қиыншылығы;
- ✓ Жағымсыз сыртқы орта;
- ✓ Дәрумендердің жеткіліксіздігі.

Жазу, оқу және есептеу дағдыларының реттеуші компоненттерін қалыптастырудағы кемшіліктермен байланысты. Қиындықтардың осы тобының негізінде жатқан ерекше психологиялық себеп-өзін-өзі бақылау және танымдық процестерінің қалыптаспауы.

- ✓ Өзінің қателіктерін анықтай алмауы;

- ✓ Тапсырманың соңына дейін қателер санының артуы;
- ✓ Мұғалімнің қойған талаптарын толық көлемде орындалмауы;
- ✓ Жазудың баяу қарқыны.

Оқудың алғашқы жылдарында әрбір бала дерлік жаңа ортаға тез бейімделе алмай, қиындықтарға тап болады. Бұл жерде ата-ананың міндеті-балаға жан-жақты көмек көрсетіп, сәтсіз жағдайлардың себептерін анықтау және оларды жою. Егерде барлық жағдай жасалса, онда бала жаңа жағдайларға тез үйренеді.

Психологтар адамның қозғалысы мен қимылдары сөзден гөрі ол туралы көбірек біле алады. Дене тілі эмоцияларға, физикалық көңіл күйге әсер етеді. Кинезиология (грек тілінен аударғанда «kinesis» - қозғалыс, «logos» ілім) адам қозғалысының механикасы мен анатомиясының принциптерін зерттеумен айналысады. Кинезиология ғылым ретінде ерте заманда пайда бола бастады.

Кинезиологиялық жаттығулар бұл жақ жартышарлар қозғалысына әсер етіп, мүмкіндік беретін жандандыру кешені. Кинезиологиялық жаттығулар, баланың миының ықтимал шекараларын кеңейтіп, жасырын қабілетін кеңейтуді анықтауға мүмкіндік береді. Көптеген жаттығулар дене және психофизиологиялық сапасын дамытуға, денсаулық сақтау және дамуында ауытқулардың алдын алу шараларына бағытталған. Арнайы кинезиологиялық жаттығулар кешенінің көмегі арқылы жартышар өзара іс қимылды, ми белсенділігін ынталандыруын дамытуға болады, бұл балаға заттар мен құбылыстарды бақылауда зейінін ұзақ ұстап шоғырлануға және көргенінен дұрыс тұжырым жасауға дамытады. Балаларды бақылау кезінде, оларды нәресте кезінде еңбектемегендігі, олардың жартышарларының жұмысына кейін олардың оқу барысында және ақпарат қабылдауына да кері әсер ететіндігін көрсетеді.

Жаттығулар арнайы әзірленген кешен бойынша жүзеге асады, оған мыналар кіреді: созылу тыныс алу жаттығулары, көз моторлық жаттығулар, дене жаттығулары, ұсақ моториканы дамытуға арналған жаттығулар, релаксация жаттығулары. Қазіргі заманда компьютерлер, түрлі гаджеттер, балалардың қол күшін талап етпейді, сондықтан балалардың моторлық дағдылары өте әлсіз болып келеді: балалар қалам, қылқалам, қайшыны жаман ұстайды, сондықтан саусақтарының ауытқушылықтарына, бұзылуына әкеп соғады. Бұл өз тұрғысында кез келген материалдарды қабылдауға және денсаулығына әсер етуін жояды.

Барлық жаттығулар мейірімді, көңілі жай болатындай, егер жағдай болса ақырын музыка ойнатып қойған жерде өткізіледі. Жаттығуларды біртіндеп , қиындатып пайдалануға болады:

- ✓ Көзді жұмып және тілді жеңіл тістеу арқылы;
- ✓ Көз бен тіл қиымылын қол, аяқ қимылына қосу;
- ✓ Демалу жаттығулары мен елестету әдісін қосу;

Кинезиологияны кешенді пайдалану ақыл-ой қабілетінің дамуына жылдам әсер етеді. Балалар бойында дамушылық байқалады: өздерінің эмоциясын басқару қабілеті көтеріледі. Танымдық процестерінің қызметі жақсарады, өзін-өзі бағалау және қиындыққа төзімділік, қорқыныш сезімінің төмендеуі, тапсырманы орындауда үйлесімділік қабілеті байқалады.

Кинезиологиялық жаттығуларды 4 жастан бастап жүргізуге болады.

Бұл жаттығулар арқылы баланың танымдық процестерінің дамуына үлес қосады, ми жарты шарларына дамуына септігін тигізеді. Жағымды көңіл күйін көтеріп, дене бұлшықеттерін ширатады. Сонымен қатар сабақты тыңдауға зейінін шоғырландырып, ттресске төзімділікті арттырады. Ойлау қызметін жақсартадып, ұсақ әрі ірі моториканы дамытады. Сонымен бірге оқу және жазу процесін жеңілдетіп және шаршағандықты басады.

Тәжірибе көрсетіп отырғадай, білім беру кинезиология құралдарын ақылға қонымды, пайдалану тиімді оқу нәтижелеріне әкеледі.

Қазіргі бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерінің кеш дамуы, ақпараттарды ала алмай отырған балалардың саны жылдан жылға өсіп келеді. Бұл жағдайларды баланы жан-жақты дамытып, төрт жастан бастап дайындап алдын алуымыз қажет. Қазіргі таңдағы оқушылардың сабақ бағдарламаларын игере алмай отырған себептері қарастырылды.

Ұсыныс: жаттығулар кешенінің көмегі арқылы жартышар өзара іс қимылды, ми белсенділігін ынталандыруын дамытуға болады, бұл балаға заттар мен құбылыстарды бақылауда зейінін ұзақ ұстап шоғырлануға және көргенінен дұрыс тұжырым жасауға дамытады.

Білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендіруге жол ашуда. Осы тұрғыдан алғанда, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік педагогикалық психологиялық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Сондықтан психологтың біліктілігін көтеру мен шығармашылық педагогикалық психологиялық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі жаңа технологияларды меңгеру маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мектептегі психология журналы 1 (103) 2017 ж.
2. Мектепке дейінгі жастағы балалардың отбасында тәрбиеленуі әдістемелік құрал,3, 2014 Астана
3. Деннисов П.Гимнастика мозга, Частное образовательное учреждение психологической помощи «Восхождение» 1997г.
4. Я и мое тело Аркти , 20с.

ЕРТІС ӨҢІРІ КРИВИНКА АУЫЛЫНДАҒЫ ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ БЕҒАЗЫ-ДӘНДІБАЙ МӘДЕНИЕТІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ

Қатысушы:Калиахметов Канагат

Жетекшісі:Мұсажанова Ельназ Жұмажановна

Бесқарағай ауданы «Кривинка негізгі мектебі»

АРХЕОЛОГИЯ – тарих ғылымының «төресі» деген сөзді өмірлік қағида етіп ұстанған академик Әлкей Хақанұлы Марғұланның отандық археология ғылымын дамытуға қосқан еңбегіне ешкім күмән келтірмесі анық. Әйгілі Арқаның Бетпақдаласынан бастап, қасиетті Баян жеріне дейінгі аралықты түгелдей шарлап, тамыры тас дәуірінен бастау алатын көнелердің орнын анықтап, ежелден бері Қазақстан аумағы иесіз жатқан

жер емес екенін шама-шарқы келгенше дәлелдеген Ә.Марғұланның ашқан жаңалықтарының бірі –қола дәуіріндегі қорымдар.

Қазақстан бойынша кейінгі қола дәуірінің кешендерінің зерттелуі-археология саласында маңызды рөл атқарды, өйткені әлі де зерттелмеген аудандар көп. Соның бірі Павлодарлық, Семейлік Ертіс өңірі болып табылады. 2001-2003жылдары Павлодарлық археологиялық экспедициясы кейінгі қола дәуіріне жататын Семияр-Кривинка археологиялық ауданында үлкен құрылыстар тауып зерттеді.

Соның ішінде мамандарды қызықтырған, ғылыми айналымға енгізілген кейінгі қола дәуірінің ескерткіштері [В.К.Мерц 2004ж, 2004-2006ж]. Ол ең біріншіден Қараобалық жерлеу құрылысы кешені, солтүстік Кривика ауылының 10-14 км шақырым Кара-оба қорымы. Ол оңтүстік Ертіс жағалауының байырғы террасасына енген , ежелгі ақ, ашық-қоныр, сүр түсті балшықтан құралған, кейбір жерде эоловты құммен ,қатып қалған тұндырмалы жыныстармен жабылған . Оған ені 5,5 км бірінші жайылма алқап террасаның бойымен Кривинка маңайында орналасқан кеуіп қалған арнасы жақын келеді.

Құм төбешік арасында және байырғы террасаның үстіңгі жағы Кривинка арнасымен және террасаның түйісу жері негізі ескерткіштердің топтасқан жері болды. Топографиясы жағынан осындай ерекше жағдай осы жерде ғана байқалады.

Ескерткіштердің қоныстанушылық тобы қазіргі кезде сирек кездесетін құдықтар сақталған су деңгейі жоғары болған жерлерінде орналасқан және барлық жерлеу кешеңдері байырғы террасаның шетінде орналасқан.

Ескерткіштер екі топтан құралды: 1) үлкен қорым ,терең ойығы бар және жер бетіне салыңған аумақты элиталық қорған құрылысы- I Караоба;

2) архитектуралық кірпіш қалауын пайдаланған, жер бетінде сондай ойығы бар, топыраққа терең енген, жер астындағы құрылыс топтарымен жақын орналасқан – II Караоба.

Соның жанында, топыраққа терең енген, кірпіштен қаланған архитектуралық зерттеулердің нәтижесінде Қара-Оба деп белгілі болды. Зерттеулердің қорытындысы бойынша, барлық құрылыстарда беғазы-дәндібай мәдениетіне қатысты кейінгі қола дәуірінің керамикасы байқалып тұр. Үлкен обаның негізгі тобы террасаның бойында орналасқан. Топыраққа терең енген құрылыстың төменгі жағы автокөлік жолмен оңтүстік шығысқа қарай 200 м кейін орналасқан. Төбешіктің төменгі жағында орналасқан құм төбешікке ұштасып шағын топтың нысанасында салынған 3 қазындыға зерттеу жүргізілді. 42х20х1 см пішінімен стандартты емес күйген кірпіштен құрастырылған төртбұрышты құрылыс қалдықтары табылды. 1,2 қазындыны құрылыстың бөлігін ашуға әрекет жасаған, 3 қазындыда оның үстіңгі бөлігі ғана тазаланды.

4 бөлікке бөлінген бірінші қазындының аумағы 185 кв.м, ол жерде үлкен сынған, балқылтылған кірпіш кейінгі қола дәуірінің керамикасының фрагменттері шығыс

төбешіктің бойынан табылған. Оңтүстік бөлікті ашу жұмыстарын бастағанда, орталық ойық бөлігінде құрылыс пішіні және кірпіш үйіндісін үстіңгі жағын тазалау кезінде көрінді.

Кірпіш үйіндісін, жаңған бөренелер, қыздырылған күл үйінділермен қатар керамика фрагменттері, жанған жануар сүйектері кездесті.

Қазынды 1,5 м тереңдікте жатқандықтан құрылысты аяғына дейін еңбекті көп қажет ететіндіктен, зерттеулер аяғына дейін жеткізілмеді, сондықтан жабылып қалды. Осыған байланысты құрылыстың пішіні түсініксіз, не мақсатта салынғаның түсініксіз болды. Жаңған ағаштың қалдығынан радий көміртегі сараптамасына үлгілер алынды. Екінші қазынды төбешіктің оңтүстігінен табылды.

СБ-ОШ екі бағыт бойымен, траншеямен байланысқан, 100кв.м екі рет қазындыны тазалаумен, 2 төртбұрышты құрылыстың үстіңгі бөлігі ашылды.

Үш қазандының солтүстік жағын тазалау кезінде, өлшемі 5,5 м**,** батыс-оңтүстікке ауытқу арқылы жан-жаққа жарық бағытталған құрылыстың үстіңгі қабаты ашылды. Оңтүстік құрылысы анық , домалақ пішінді, 1м. терең тұрды. (сурет 4**)**

Қазынды арасында ені 2м, ұзындығы 5 м. жіңішке траншея қазылды. Ол қазыңдының солтүстік бұрышынан оңтүстік бұрышына дейін өтіп, каналдың жиегі арқылы жалғасты. (1.1 сурет; 4-5 сурет). Екі қазындынында аумағы өте үлкен болды, сондықтан алғашында 2 қазыңдының оңтүстік құрылысын ашуға келісілді. Траншея құрылыстың шығыс бұрышынан оңтүстікке одан кейін тағыда қазыңдының шетінен 5м өтті. (1.1 сурет; 6-7 фото). Бұл үстіңгі бөлігі 1 м. аспайтын шикі, шымды блоктардан тұрғызылғанын көрсетті. (фото 6). Ішкі бөлігінің қабырғалары 1м, еден сияқты күйдірілген кірпіштен қаланды, топырақтың борпылдақ болу әсерінен құрылыс берік бола алмады. (фото7-8)

Ішкі құрылыс бөлігі кейінгі қола дәуірінің Беғазы-Дәндібай мәдениетіне жататын кірпіш үйінділермен, шикі, шымды блоктармен, күл, жануар сүйектерімен, көптеген мөрленген ою-өрнек жабыстырма, жылтыраған және станокты ою-өрнексіз керамикасына толы болды (1:2-6 сурет), барлық кірпіш еденде жатты. (2-3 сурет; 8 фото).

Сонымен барлық мерзім б.э.д XI-XII ғ.ғ. көрсетіп тұр. Кірпішті-балшықты архитектураның және Беғазы-Дәндібай мәдениетіне қатысты керамикасының құрылыс нысанының қалдықтарын табу Шығыс-Қазақстан археологиялық жаңалығы ғана емес басқа да беғазы-дәндібай тайпаларының орналасқан аймақтарда аналогы жоқ. Орталық Азияның отырықшы егіншілікпен айналысатын тайпалардан үйренген осындай архитектурасымен ұқсас саз балшықты блоктың кешені зерттелген Шығыс Арал өңірін ерекше айтуға болады. [М.А.Итина, Л.Т.Яблонский, 2001ж, 104-105 бет]. Шикі кірпіштің жақын параметрмен құрастырылған Солтүстік Түгіскендегі архитектуралық кесенесінің дәстүрі мен алдын-ала Караоба кешенің пайда болуының

салыстыруға болады. [М.А.Итина 1992ж 31 бет]. Сонымен қатар өзен террасасының бойында екі топпен орналасқан Солтүстік және Оңтүстік Түгіскеннің топографиясы, Караоба кешенінің топографиясымен сәйкес келеді. Керамиканының қырланған сұлбасының жылтыраған декоры және басқа ыдыс-аяқтардың безендірілуінен көркі жақын болып келеді. Ағаштан құрастырылып жабылған жерлеу камерасы деп есептейміз, өйткені ол жерде жаңған ағаштардың қалдықтары өте көп. Сонымен қатар өрт жерлеу рәсімінің бірі бөлігі болып табылады. Осындай керамика бар солтүстіктен 12км орналасқан басқа ескерткіш зерттелді. Кривинка ауылының шығыс жағында 4 км жерде Полугора шатқалында орналасқан өзгешелеу жерлеу құрылыстары зерттелді. Қираған ферма, ұсақ тілінген ойдың байырғы террасының төменгі жағында ескерткіш орналасты.Эродталған бетінде станоктық жапсырмалы керамика фрагменттері, сұ шайған шұңқырдан үлкен станктік ыдыс қалдықтары табылды. Аса терең терен емес тереңдікте жыраның солтүстігінде ағаш, керамика қалдықтары табылды. Жыраның маңайын тазалау жүргізу кезінде көлемі 230-ға 115 см батыс-шығыс жағына бағытталған обаның үстіңгі жағында ағаш жақтауының іздері байқалды. Үстіңгі қабаттан 35 см тереңдікте шығыс бөлігінде адам қанқасынан қалған сүйектер, жапсырма ою-өрнекпен мөрленген үш беғазылық ыдс-аяқ (4:3,5,6 сурет), өрнектелмеген мойыны жіңішке құмыра (4.4) , қызыл-қоныр түспен құмыра жасау шеңберде мойыны жіңішке жасалынған ыдыс ағаш жақтауының ішінен табылды.

В.В.Варфоломеевтың айтуы бойынша сарғаралық пен беғазы кешенінің мәдени бірлігі Қызылкент шатқалы, Кент таулары, Қызылкеніш алқабынан 8 км жерде беғазылық жерлеу үлгіде валиктық, суперстратты ыдыспен 10 оба, валикты керамикамен 9 қоныс табылды, біреуіненде таза беғазылық қоныс табылған жоқ. Осыған қарап әртүрлі этникалық тұрғындардың, бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болғандығын көруге болады. Мүмкін беғазы тұрғындарының бір бөлігі кедейленген көшпенділер сарғаралық топпен бірге тұрды немесе көршілес тұрып өздерінің қоныстану топографиясын иемденді.Беғазы кешендік үлгісінің пайда болуы және Караобадағы қарастырған құжаттар Орта Азия, Арал өңірімен тығыз байланыста болғанын көруге болады. Генезис жағынан кейінгі қола дәуірінде сарғаралық тайпалар қарама-қатынас нәтижесінде қалыптасқан. Басымдау жауынгерлік-абыз рулық қауымы басқада элита тайпаларымен өзара қарым-қатынаста болып, көшпелі беғазылық мәдениетін қалыптастырды, оңтүстік-шығыс бағытында тез тарап, кейінгі әлсіз федорлық-алакуль тұрғындарын ығыстырды. Беғазы кешені Арал өңірі тұрғындарының отырықшы егіншілік-шаруашылықпен айналысатын кейінгі алакуль-федорлық топтардың араласу нәтижесінде қалыптасқан шығар. Оны дәлелдейтін әртүрлі тхнология, пішіні, өрнекті композиция және балшықты-кірпішті архитектура негізінде жасалыңған керамика . Беғазылықтар көшпенділер сияқты, далада емін еркін көшіп жүрген [Е.Е.Кузьмина

2008ж, 212 бет], бөтен аймақтарға басып кіріп, мәдени саяси жағынан басқа топтардың ықпалына түскен.

Менің тағы бір ұсынысым – осы жәдігерлерді сақтай отырып, қайта қалпына келтіру арқылы Ертіс өніріндегі қорымдарды толығымен зерттеу. Қазақстан археологиясы даму жылдарында әлемдік ғылымды өзінің ашқан маңызды жаңалықтарымен байытып қана қойған жоқ, сонымен катар

Кең-байтақ Қазақстан даласында 4970-ке жуық археологиялық ескерткіш мемлекеттік есепте тұр. Олар өткен заманның жұмбақтары мен құпия сырларын өз бойында сақтап келеді. Бұл құпия сырды табанды әрі ізденімпаз жандар – археологтар ашады. Тарихта еш нәрсе із-түзсіз жоғалып кетпейді. Жер қойнауындағы жұмбақты ашу – археологтардың міндеті.

Қорыта айтканда, қазіргі таңда қазба жұмыстарын бастамай тұрып, алдымен еліміздегі ескерткіштердің санын білуіміз керек. Оны анықтап, заңды түрде бекіту қажет. Сонда ғана оны мемлекет қорғайтын болады. Ал есепке алынбаған ескерткіштерді кім қорғайды? Ешкім де. Бірінші кезекте біз табиғи апаттан бұзылып жатқан ескерткіштерді зерттеуіміз керек. Тек қазіргідей сарынмен жүре беретін болсақ, тарихымызды сөйлететін құнды ескерткіштерімізді жойып аламыз, оның санын да анықтай алмаймыз. Әліде кеш емес.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАҒЫ ЗАМАНАУИ КІЛЕМШЕ

Қатысушы:Аккаева Дана Темирканатовна, Дауменова Дильназ Ержанқызы
Жетекшілері: Абдикаримов Манас Толеубекович, Юсупова Шынар Амантаевна.
«№4 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ Семей қаласы

Кіріспе бөлім:Жұмыстың мақсаты:Халқымыздың ұмытылып бара жатқан мәдени мұрасы тоқыма өнерін,оның ішінде кілем тоқу өнерін жан-жақты зерттеп, үйрену.

Жұмыстың міндеті :*Қазақтың қолданбалы сәндік қолөнері жайлы білу;

*Тоқу өнері жайлы мағлұмат алу;*Тоқыма тоқу технологиясын үйрену.

Қасиетті қазақ халқының қолөнерінің тарихы тым тереңде.Өткен ел тарихын, тұрмыс-тіршілігін ой елегінен өткізер болсақ, халық өміріндегі әдет-ғұрып, салт-санасының дамуы тарихи оқиғалардан кейін заманның өзгеруіне байланысты болғаны айқын.Ғасырдан-ғасырға,ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ата дәстүрі халықтық өнер желісін үзбей, халқымыздың асыл мұрасы ретінде бағалап, оларды көздерінің қарашағындай сақтап, ілгері дамытып өркендету - өнегелі іс. Адам өміріндегі қоғамды салт-дәстүр, әдет-ғұрып қашан да адам қиялынан туындап, заман ағымына карай байып, мазмұны тереңдеп келе жаткан тәрбиелік мәні өте зор тағылым. Мұны ұрпақ тәрбиелеу ісіндегі халықтық тәжірибе белгілсрінен көруге болады.Сәндік-қолданбалы өнер туындыларындағы бейнелер мен ою-өрнектерде берілген оюлар, түйсіктер мен түсініктер, тұжырымдар, халықтың дүниетанымы жеке тұлғаның эстетикалык сапаларын жетілдіре түседі. Бояу түстері мен материалдың, бұйым формасы мен нақыштарының үйлесімділігі, олардың әсемдігі мен жарасымдылығы адамның ой ұшқырына әсер етіп, оның рухани жан дүниесін байытады. Саналуан, киын

да күрделі өрнектерді жүзеге асыру шығармашылықты шыңдайды, сәндік-қолданбалы өнер сабақтарында ырғақ, бояу түстері, сызбалардың икемділігі туралы негізгі ұғымдарды меңгереді.Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасып келе жатыр. Сан алуан түрлі қолөнер бұйымдар әсемдігі, өрнегі тұрмысқа мән берумен адамдарға рухани ләззат әкелген. Көз салып байыптап қараған адамға бұйымдардағы түрлі-түсті ою-өрнек, оның орналасуы адамзат дүниесінің табиғатпен біте қайнасқан сонау заманнан келе жатқан қарым-қатынасын, көңіл-күйін, жан дүниесіндегі тылсым күштердің бірлігін аңғаруға болады. Қолөнерін шеберлері табиғат сұлулығын өнер туындыларын арқау еткен.

Өнер туындыларының бетбедеріне ширатыла түскен ғажайып өрнектер өзгеше бір тілмен ақтарыла сыр шерткендей. Қазақ қолөнерінің түрі, сапасы, өрнегі, бояуының өмірге келуі көшпелі өмірмен тығыз байланысты. Міне, осыған орай бізге көмекке келген өнердің бірі – тоқыма. Тоқымамен айналысқанда адам жеке басына аса қажет нәрсені жасау үшін тоқымайды: осы тоқу үстіндегі түрлі түсті бояулар әлемінің үйлесімділігін, алуан түрлі сән үлгілерін таңдап, түрлі тоқу әдістерін меңгеруі адамның талғамын, шеберлігін, ой-өрісін жетілдіріп, көркемдікті сезіну қабілетін дамытады. Соған орай, тоқу өнері басқа да істер сияқты үйренуді, ізденуді қажет етеді. Қазақ қолөнершілері тоқу ісіне көбінесе жүннен иірілген жіптерді пайдаланған.Жүн – жануарлардан алынатын табиғи материал. Оны қазақ халқы мыңдаған жылдар бұрын іске асырған. Қой ,ешкі, қоян, түйе жүндерінен жіп иіріп мата өндіруге, тоқыма, кілем, алаша тоқуға қолданған. Жүнді сабау технологиясына сабау мен тулақ құралдары қажет. Содан кейін жүнді тарақпен тарап, қолмен түтеді.Жүнді машинамен, қолмен иіруге болады. Өндірісте жасалған бұйымдар жоғары бағаланатындықтан әр түрлі басылым беттерін де шеберлер өзінің өнерін көрсету ,сол арқылы халыққа белгілі бір бұйымды тоқу әдісін көрсетеді.

Кілем тұтынуға қолайлы, төзімді, шаң-тозаңнан тез тазартылады, ылғалдан, құрғақшылықтан қорықпайды, күтіп ұстаса, күйе түспейді әрі аса бағалы мүлік. Кілем бетіндегі сан қилы сәнді өрнектер-көшпелі халықтың өмір шежіресін баяндайды. Бұрын өмір сүрген ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігі, көшпелі елдің ағаш үйі, мал қорасы, ескі қорғандар, жүзім баулары, бәрі-бәрі осы кілем өрнектерінде бейнеленіп тұр. Кілемдегі суреттер шартты түрде бейнеленгенімен, онда өмір шындығы айқын аңғарылады.Ұлттық кілемдер – осы республика қолөнерінің төл туындысы, негізгі түрі.Мұражайларда сақталған түкті кілемдерге қарап біздің елімізде, әсіресе XIX-XX ғасырларда кілем тоқу өнері қатты дамығандығы аңғарылады. Әйтсе де, археологиялық қазба жұмыстарына қарағанда кілем тоқу өнер-нің тарихы тереңде жатқаны анық. Алтай жеріндегі археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған тоқыма бұйымдары бұған дәлел. Қазақтың ғұлама ғалымы Әлкей Марғұлан_да қазақ түкті кілемінің өзі бірнеше түрге бөлінгенін айтады. Әсіресе орта ғасырлардан бері ақсүйектердің еншісі болып келген орда кілем, қалы кілем, масаты кілем, жібек кілемдер көздің жауын алатындай бір-бірінен өткен әдемі.Тағы бір айта кетер жайт-өзге ағайын-туыс бой-жеткен қыздарын кілем құрған үйге міндетті түрде екі-үш күнге асар-ға жіберетін және кілемші қыздарға көрші-қолаң, ағайын-жекжат ара-арасында арнайы ас әзірлеп алып келетін. Егер мұндай жайттар сәл саябырсып қалса кілемші қыздар үйге келген әзілі жарасқан жандардың біріне ар-найы кілемге арналған түрлі-түсті жіп-терден

шашақ жасап, соны ұстатып жібереді. Бұл дегеніңіз келесі «кезек сіздікі» дегенді біл-діреді. Шашақ байланған жан көп ұзамай қыздарға тәтті тағамын алып келуге міндетті. Бұл «мін-дет-тен» құтылмаса ол кілемші қыз-дардың маңайына да жолай ал-май қалады. Әсіресе домбыра-гитара тартатын бозбалалардың кеш болса кілем құрған үйді жағалайтыны да қызық.Осындай қызық мәліметтерді және кілем тоқу әдістерін бізге паш етіп көрсетіп, үйретіп жүрген батыр аналарымыздың бірі туралы тоқтала кетейін.

Батыр ана, өнерлі ана Нағым Солтанбекқызына тоқталғым келеді. Омарғалиева Нағым Солтанбекқызы,1941 жылы 9 сәуірде Жарма ауданы Қызылағаш ауылында дүниеге келген. Соғыс тауқыметін тартқан Нағым апа Қарасу ауылындағы Жамбыл атындағы мектепте 4 сыныптық білім алған. Шаруашылыққа бала кезінен дағдыланған Нағым апа анасына көмектесе жүріп қазақтың қолөнерімен қатар,халық ауыз әдебиетін де бойына сіңіре біледі.Қазақтың «Ұяда не көрсең,ұшқанда соны ілерсің» деген мақалындай,тал бойы жалғыз анасының тәрбиесімен және адал еңбегі,қажырлы қайратының арқасында үлкен жетістіктерге жетіп,бақыттың дәмін татып,немере баулып отырған ақ жаулықты аналардың бірі.«Алтын алқалы» батыр ананың бірі.Қазақи қолөнерге бейімділігі-мен танылған асылдың көзі жастық шағында ауылдағы кино қондырғының кино механигі,тігінші,т.б мамандықтарды атқара жүріп,қолөнерді жандандыра береді.Осы қайсарлықтың арқасында қаламыздың,қала берді облыстық қолөнер көрмелерінің жеңімпазы атанды.Сонымен қатар,1999 жылы «Өмір өткелдері»,«Байыстың:Ақымбет Сыбан-Түкі шежіресі» 2005 ж-1басылым,2009 ж-2 басылым кітаптарының авторы. Бала кезінде анасының қой бағып жүріп жырлаған жырлары 60 ауыз «Сабалақ» Аблайхан туралы,Бура елінен шыққан батыр-эпостық жырларын кәзіргі ұрпаққа жалғастырып, дәріптеп жүрген жандардың бірі.2010 жылы облыстық жыраулар байқауы «Жыршылар жаршысы»,2011 жылы Республикалық байқауларға қатысқан.Міне осындай өз өңірімізде өнер мен өмірін байланыстырып жүрген қаншама жерлестеріміз бар.Нағым апа маған осы кілем туралы және оның түрлері мен тоқылу әдіс-тәсілдерін айтты. Қазір осы үрдістің бәрі ұмыт қалып бара жатқаны өкінішті.

Кілем тоқу әдістері.

Кілем ерте кезден қазақ тұрмысында киіз үй мүлкінің бірі болып есептелсе, қазірдің өзінде де маңызын жойған жоқ.Кілем- арнаулы қарапайым өрнек арқылы ерекше түр салынып,әрбір шаршы метріне шамамен 230-400 –ге дейін, ал өнбойына бір миллионға жуық жіп тіндерін келтіріп өте тығыз тоқылатын аса бағалы бұйым.Жазбаша ескерткіштерге қарағанда,бұрынғы замандарда киіз үйдің ішінен ұстап,еденіне төсеумен бірге,кілемді киіз үйдің туырлық пен үзігі орнына жапқан.«Кілем өрмегі»Ерекше сән мен сұлулыққа толы үй жасауы – кілемнің өрмегін «Аспалы өрмек» немесе «Кілем өрмегі» деп атайды. Кілемнің бой жіптерінің жоғарыдан төмен қарай кейде 3, кейде 4 бет болып тізілуі осы кілем өрмегіне тығыз байланысты. Ең бірінші, оның арқауы иіріліп алынады. Оған пайдаланылатын заттар: түйе жүні аралас (кейде шуда аралас) мақта, жібек. Осыларды қолдана отырып, кілем арқауын әрі мықты, әрі жуандау етіп иіріп жасайды. Бой жіптермен қатарлас түк және өрнек жасаушы жіптер тұрады. Бұл жіптер қойдың биязы жүнінен, түйенің жүнінен өзге жіптерге қарағанда бостау етіп иірілуге тиісті. Біріншісі – аспалы немесе термелі өрмек. Мұндай өрмекке

кілем тәрізді тұтас, енді заттар тоқылады. Екіншісі – жай өрмек. Ол шекпен, алаша, қап, қоржын, белбеу, терме бау, басқұр сияқты енсіз нәрселерді тоқуға арналған. Өрмекке арналып иірілген жіптер жасалатын бұйымына, салынатын жолақтарға, өрнектерге байланысты бірнеше түсті болып, олар бөлек-бөлек домалақтанып қойылады. Өрмекке жеңіл әрі жиі қолданылатын өрнектің екі түрі: «су» өрнегі, «тіс» өрнегі. «Су» өрнегі өрмектің белгілі бір шетінен ерсі жіппен қарсы жіптің өнбойын бір түсті етіп жүгірту арқылы тоқылса, «тіс» өрнегін осы екі жіптің екеуін екі түсті түрмен жүгіртіп (астыңғы жіп қара, үстіңгі жіп ақ) тоқиды, - дейді кілемшілер. Өрмекке мүйіз, өсімдік, геометриялық кескіндер тәрізді күрделі өрнектерді тоқу – «терме» тоқу (термелеп тоқу) деп аталады. Термелеп тоқу тәсілі қазақ шеберлерінің өрмек өнерінің ең бір көп тараған және көркем дүниелерді тоқуға ең қолайлы түрі. Қазақ жерінің кей аймағында терме тоқудың алты түрлі тәсілі пайдаланылады. Олардың ішінде «қайыра теру», «кежім теру», «бұқар теру» тәрізді де түрлер бар.

Кілемнің ою-өрнегіндегі бояулар

Мал шаруашылығымен айналысқан (қой, түйе өсірген) барлық халықта да кілем тоқу өнері дамыған. Олардың кілемдері де, алаша, текеметтері де сан алуан түр мен түске толы. Бәрі де құлпырып көз тартады. Негізінен, қазақта кілемше теріліп тоқылатын бұйымдардың жіптері ашық та арайлы көп түсті бояумен боялса, кілем өрнегінде, әсіресе, қызыл фонға қара, көк, сары және ақ түсті өрнектерді көбірек жүргізу дәстүр болып қалыптасқан. Қазақтың қолөнерін зерттеуші М.Ш.Өмірбекова өзінің «Қазақтың ою-өрнектері» деген еңбегінде кілем жіптерінің бояуы жөнінде былай деп жазады: «Бояудың өзінде нышандық мән болғандықтан, қиылған ою-өрнек түрлі – түске боялғанда, ол белгілі бір мазмұндау, философиялық ойды білдіреді. Ою-өрнектегі бояу түсінің сан құбылмалылығы бірден көз тартады. Бояулар бір-бірімен үйлескенде терең мағынаны меңзейді.

Кілем жіптері

Қандай кілемді де қойдың, түйенің жүнінен, шудасынан иірген жіптен (екеуін араластырмай) тоқиды. Кілем тоқылу ерекшелігіне қарай (түкті, тықыр), материалына байланысты (жүн, жібек, мақта, кендір талшығы), көлеміне орай (қос күмбезді, бес күмбезді), ою-өрнектеріне сәйкес түрліше аталып, бірнеше топқа бөлінеді. Солардың ішінде түкті кілем бірнеше қабаттан тұрса, оның негізгі арқауы жекелеген жіптерден және бір-біріне тығыз араласқан түйіндерден құралатыны мәлім. Қалың түк жіптердің ұшын біркелкі қырқу арқылы жасалады да, ол әлгіндей түйіндерді жауып, көрсетпей тастайды. Содан, түктің ұзындығы 3 мм-ден 18 мм-ге дейін де жетеді. Бұл түк кілемнің қалыңдығын, мықтылығын арттырады, оны барқыт тәрізді жұмсақ етіп көрсетіп, кілемге айрықша сән береді.Тек тақыр кілемнің (палас, сумаха, шпалер, терме алаша, т.б.) тоқылуы басқаша. Ол бір өріс жібінен бір қабатты екі жақты тығыз етіп тоқылып, жасалады. Біздің елімізде мұнымен қатар, түгі қырқылмаған, кейде түгінің жартысы қырқылып, жартысы қырқылмаған аралас кілемдер де шығарылып келеді.Кілем жіптерінің басты түрлері:Еркек жіп. Ол – кілем тоқу үшін керілген желі жіптерінің күзуде тұрған үстіңгі жіптері.Ұрғашы жіп. Бұл – керілген желі, төсек жіптің төменгі күзусіз жіптерінің атауы.Күзу. Ол – керілген желі, төсек жіптің орта шенінен көлденең түскен белағашпен еркек жіпті жалғастырып тұратын кілем жібі.

Тарту жіп. Белағаштың үстінен екі басына бекітілген күзуді тартатын жіпті осылай деп атайды.Арқау. Еркек жіп пен ұрғашы жіптің арасынан әрлі-берлі өткізілетін бас жағындағы шатысты ұстап тұратын жіпті шеберлер осылай деп атап кеткен.

Қазақ кілемдері.

Түкті, тықыр, барақ кілемдер. Қазақстанның оңтүстік облыстары мен Арқада түкті, тықыр, араб кілемдерін тоқу, Семейде кілем кестелеу күшті дамыған. Түксіз қазақ кілемдерін тоқудың бірнеше тәсілі қолданыста. Оның кең тараған түрі – басты өрнектерінің «араби» болып жасалынатыны. Яғни, мұндай кілемді тоқуда жіңішке және жалпақ өрнекті белдеулерді шебер алмастыра отырып, арабы кілемнің әсем суретін құрайды. Түксіз кілем оюларына қошқар мүйіз, құс тұмсық, ботакөз, тұмар, тарақ, тағы да басқа ою нұсқалары салынады.Жерлесіміз этнограф, өлкетанушы, өнертанушы Садық Қасимановтың пайымдауынша ШҚО өңірі бойынша 79 кілемнің түрін жазып қалтырған.

Менің зерттеуім бойынша.Адамзат қоғамында бұрын соңды жасаған мұраны мәдени, жүйесі меңгеруге, жалпы әсемдік рухани құнды игіліктерді бағалай білуге қашанда маңызды мәселе.Әр ұлт бұл өнерді өзіне тән етіп көрсеткісі келеді, бірақ біздің дәуірімізге дейінгі заманда да бұл өнердің кеңінен қолданылғаны тарихи зерттеулерден белгілі. Сондықтан тамыры тереңде жатқан осынау қасиетті өнердің бұдан былайғы дамуына ден қойғанымыз жөн. Халықтың дәстүрлі өнері сол халықтың ғасырлар бойы бастан кешкен өмір салтының, таным түсінігінің жарқын айғағы.Біз Омарғалиева Нағым апаларымдан және т.б. өнер адамдарының еңбегі арқылы өнерімізді жаңғыртып, оны ары қарай жалғастыруымыз керек.Мемлекетіміз мектептің алдына жаңа бір міндет қойып отыр – өмірге қадам басқан жастар жаңа заман талабына сай, өз тағдырын өзі шешуге қабілетті, нарықтық жағдайда алдындағы мақсатын анықтай алатын экономикалық білім алуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер:

1. “Пайдалы кеңестер” журналы.
2.“Мектептегі технология” журналы.
3. “Шаңырақ” 1991ж Нұрғалиева Р. Н
4. Қасиманов «Қазақ қолөнер» кітабы.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ-АТҚА МІНУ МӘДЕНИЕТІ

Қатысушы:Байнашов Мадияр Ерболұлы, Байханов Ернұр Дидарұлы
Жетекшілері: Абдикаримов Манас Толеубекович, Юсупова Шынар Амантаевна
«№4 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ Семей қаласы

Ұлы даланың айрықша қырының бірі – атқа міну мәдениеті. Жылқыны адамзат баласы қашан қолға үйретті деген сауал бойынша осы уақытқа дейін тарихшылар, археологтар, ғалымдар арасында әртүрлі болжамдар айтылып келді. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы қазақ халқының төл тарихын тың көзқараспен зерттеуге жол салып отыр. «Ең бастысы, біз нақты деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз» дейді Елбасы осы туындысында.

Ғылыми жұмыстың мақсаты: Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында көрсетілген, жер жүзіне Ұлы даладан тараған атқа міну мәдениетің зерттеу және бүгінгі таңда оны жас жеткіншектердің арасында насихаттау және халық арасында апробациялау.

Өзектілігі: Жылқы – қазақ халқының жан серігі. Елтаңбамызда қанатты тұлпар бейнеленуінің осындай сыры бар. Елімізде тәуелсіздік алғаннан кейін ата кәсібіміз – жылқы шаруашылығын дамыту қайтадан қолға алынып, жылқыны өсіретін шаруашылықтар, кәсіпкерлер қатары өсіп келеді. Қазақтың ежелгі ат ойындары қолға алынуда. Ат бәйгесі, көкпар, теңге ілу, қыз қуу, аударыспақ, жамбы ату, асауды үйрету, т.б. қайта жаңғыруда.Ата-бабаларымыздың атқа міну мәдениетін алғаш рет меңгергенін, ол басқа елдерге біздің даламыздан тарағанын әлем ғалымдары мойындап отыр. Елбасы біздің даламыз жөнінде дүние жүзінің архивтерінде көміліп жатқан деректерді тауып, зерттеп, қазақ тарихын нақты, шынайы етіп жазып шығуды тарихшыларға, ғалымдарға, мәдениеттанушыларға міндеттелініп, білім секцияларында кеңінен қолдануын тапсырылды.

Зерттеу әдістері: мақаламен танысу, зерттеу, талдау, сауалнама.

Зерттеу обьектісі: жылқы, атқа міну мәдениеті.

Зерттеу нәтижесі:атқа міну мәдениетін жақсы меңгерген, дені сау тұлғаның қалыптасуы.Ең алғаш атқа міну мәдениеті қазақ жерінде басталғаны Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданындағы Ботай қонысында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған жылқы сүйектерін зерттеу негізінде дәлелденді. Мұнда табылған аттардың азу тістерінде ауыздықтың ізі қалған. Американың атақты оқымыстысы Д.Энтони: «Бүгінгі дәуірдің ғалымдары дүниежүзілік тарихтың сан мың сұрағының жауабын осы «Ботай мәдениетінен» тауып отыр» дейді. Ал, белгілі продюсер Найоби Томпсон «Жылқы мен адам арасындағы қарым-қатынастың тарихы Солтүстік Қазақстанның жазира даласынан басталды.Ол жерден сол замандағы ат әбзелдері, кәдімгі құрық, теріден тігілген шалбар, тізеден асатын тері етік, тымақ та табылған. Тіпті, айғырларды піштіретін қандауырға дейін болған.Британиялық ғалымдар ботайлықтар тұтынған керамикалық ыдыстардан қымыздың жұғынын анықтаған. Ботайлықтар әлемде ең алғашқылардың бірі болып атқа қонды. Осыдан кейін барлық өркениетке жол ашылды. Діттеген жерге жылдам жетуге мүмкіндік туды.

Бұдан шығатын қорытынды, ботайлықтар жылқыны міністі көлігі ретінде пайдаланып қана қоймай, бие сауып, қымыз ашытып, шипалы сусын өндіруді де меңгерген. Ботай малшылары үлкен қоныстарда тұрған. Көктем шыға жылқыларын Ұлытаудағы, Торғайдағы жайлауға айдап барып баққан. Осыған қарағанда ботайлықтардың жартылай көшпелі өмір сүргенін байқауға болады.

«Бұл адамның тағдырын өзгертті» деп жазды. «Ботай феномені Еуразия даласындағы ежелгі жылқышылардың ең бастапқы мәдениетінің әлеміне алып кірді. Жалпы, гомосапиенстің тарихында бұл бөгетті бұзып-жарып өткендей құбылыс болды. Ол құбылысты адамның ғарышқа ұшуымен ғана салыстырамыз» дейді қазақтың тарихшы ғалымы Зейнолла Самашев.Осылай жер бетіндегі ең ұлы инновация қазақ жерінен бастау алды. Жылқыны қолға үйрету дамудың қозғаушы күшінің біріне

айналды. Адамның атқа қонуымен аттылы көлік коммуникациясы дәуірі басталды. Оны қазір бүкіл әлем мойындап отыр.

Атқа міну мәдениетінің тарихы.Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды. Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі - батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар, атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі «мәдени кодының» айрықша элементі.Автокөлік қозғалтқыштарының қуаты әлі күнге дейін аттың күшімен өлшенеді. Бұл дәстүр - жер жүзінде салт аттылар үстемдік құрған ұлы дәуірге деген құрметтің белгісі.

Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты. Біз әлемнің барлық түкпіріне ежелгі қазақ жерінен тараған осынау ұлы технологиялық революцияның жемісін адамзат баласы XIX ғасырға дейін пайдаланып келгенін ұмытпауға тиіспіз. Қазіргі киім үлгісінің базалық компоненттері Дала өркениетінің ерте кезеңінен тамыр тартады.Содан бері мыңдаған жыл өтсе де, киімнің осы түрі өзгере қоймады.

Сонымен қатар, бүгінгі етіктердің барлық түрі көшпенділер атқа мінгенде киген жұмсақ өкшелі саптама етіктің «мұрагерлері» екені белгілі. Ат үстінде жүрген көшпенділер тақымына басқан сәйгүлігіне неғұрлым еркін мініп жүруі үшін биік ер-тұрман мен үзеңгіні ойлап тапты. Бұл жаңалық салт атты адамның ат үстінде қаққан қазықтай мығым отыруына, сонымен бірге шауып бара жатып, қолындағы қаруын еш қиындықсыз және неғұрлым тиімді қолдануына мүмкіндік берді. Бабаларымыз шапқан аттың үстінен садақ тартуды барынша жетілдірді. Соған байланысты қарудың құрылымы да өзгеріп, күрделі, ыңғайлы әрі қуатты бола түсті.

Ат әбзелдері:Қазақ халқының өмірінде ағаштан жасалатын үй және тұрмыстық бұйымдарының алатын орны ерекше. Ағаш өңдеуді кәсіп еткен шеберлерді халық, олардың жасайтын бұйымдарына қарай "үйші", "ерші", "арбашы", "ұста", "саз аспапшы" деп атаған.Көшіп қонып, мал баққан қазақ халқы үшін көліктің негізгі түрі – салт ат, соған орай ер-тұрман жабдықтарының алатын орны да өзгеше.Ағаштан жасалған бұйымдарды көркемдеп өңдеудің ең ежелгі түрі оған өрнек ою болып табылады. Адам баласы ғасырлар бойы ат әбзелдерін ою-өрнекпен көркемдеп безендіріп отырған. Халық қолөнерінің түп тамыры халықтың өмір сүру салтымен, шаруашылық дәстүрімен тығыз байланысты. Ғасырлар бойы уақыт елегінен өтіп ұрпақтан-ұрпаққа жеткен ұлттық қолөнер бабалардан қалған мәдени мұрамыздың ең асыл құнды қазынасының бірі. Ол жаңа заман талаптарымен үндесе тарап ақыл-ойды асқарға, қиялды қиялға жетелейтін киелі мұра. лөнер туындыларын жасау белгілі бір көркемдік ұстанымды сақтауды талап ететіні белгілі.Ер дегеніміз – салт атқа мінуге арналған ат әбзелдерінің негізгі құралы. Ер-тоқым мінген адамға жайлы әрі аттың арқасына батпайтын, жүріске бөгет болмайтын болуы шарт.Ел арасында сапалы ер-тұрманға деген сұраныстың жылдан-жылға артып келе жатқаны қуантпай қоймайды.Ер – салт атқа міниіп жүру үшін қолданылатын жабдықтардың бірі. Көне заманнан бері көшпелі халықтың өмір қажетіне сай қалыптасқан айрықша құрал-жабдық және өнер туындысы.

Ұлы Абай:

«Ер қосқанға ұқсайды сөз сөйлемек,
Қиыстырып қиыннан айтсам демек.
Атқа жайлы, мінуге және ыңғайлы,
Алды-арты бірден келсін дөп-дөңгелек»,- дегенде ер қосу өнерінің аса қиын да, қажетті өнер екенін айтқан.

Сыртқы бітім ерекшелігіне орай ердің «қазақ ері», «қоқан ері», «құранды ер», «ашамай ер», «қазық бас ер», «орыс ері» деп аталатын түрлері бар. Осылардың ішінде құранды ерден басқасы көбінде бес бөлікті қосу арқылы жасалады. Олар екі қас (артқы қасты көрсен деп те атайды), екі қаптал және бел ағаш (орта ағаш).

Бұлардың ішінде қазақ халқы арасында көп тарағаны қазақы ер. Оның екі түрі әйелдерге және еркектерге арналған түрлері қолданылады.
Еркектерге арналған ердің сүйегі жұқа және ықшамды, өте жеңіл келеді. Мұндай ерлерді онша әшекелемейді, тек жасалуына көп көңіл бөліп, жете өңдейді.

Әйелдерге арналған ердің сүйегі ауыр, әшекейі мол, алтын, күміс, асыл тас, сүйек мүйізбен әшекейленеді.
Балаларға арналған ерді – ашамай дейді. Ер бала дүниеге келгенде қазақ оған арнап жаңа туған құлын бәсірелейді. Сол бәсіресі тай, құнан болғанда үкі тағып, ашамай жасатып, баланы мінгізген. Ашамайдың алдыңғы және артқы қасы, қос қапталы болады.Ашамайда үзеңгінің орнын қоржын тәрізді тоқылған немесе ақ киізден басылған тепшік қолданылады.

Ер - тұрман жасайтын адамды ерші дейді. Ершілер көбінесе ағаш ұсталығын, темір ұсталығын, зергерлік өнер мен үйшілік, тігіншілік, өрімшілік өнерін қатар меңгерген әмбебап шебер болып келеді. Ердің ағаштан жасалған негізгі бөлегін сүйегі деп атайды.

Ағаш тапшы жерлерде ердің сүйегін бірнеше бөліктен қиюластырып, құрап, желімдеп жасайды. Оны "құранды ер" - деп атайды. Сол сияқты жуан ағаш дөңбекті екіге жарып, әр бөлігінен ер сүйегін тұтас шауып шығуға да болады .

Жасалуы: Құралды ер жасауға қайың ағашының безі (беріші, үйілі, көзі, оқырасы деп те атайды) өте қолайлы. Өйткені ол өте берік, әрі жарылып шытынамайды, қаңсымайды, өңделген кезде ағаштың табиғи өрнектері ашыла түсіп, өте әдемі болады.

Ер сүйегін тұтас шабу үшін тал, киіз терек тәрізді ағаштар қолайлы. Ағашты су күйінде өңдеп, ер сүйегінің нобайын келтіре, жеңілдете, жұқарта шабу жұмысында желден ағаш тез кеуіп, жарылып кетуі ықтимал.

Суға тұзды мол салып, қаныққан ертінді жасап, жұмыс істеуінде сол ертіндіге ер сүйегін әлсін-әлсін малып отырса, ағаш жарылмайды. Әзір болған ер сүйегін байырғы шеберлер сиырдың жас жапасымен орап, күн, жел тимейтін көлеңкеде бабымен кептірген.

Ер сүйегі кепті-ау деген кезде, сиыр жапасынан тазартып, өңдеп қартауға дайындайды. Ол үшін алдын-ала ірі қараның терісін жылы суға бірнеше күн салып, жүнін жібітіп түсіреді. Тері сәл дегдіген соң қажет мөлшерден артықтау етіп кесіп алынады. Содан кейін ердің сүйегін шалқасынан аударып, оқпанынан бастап екі жақ қапталдың қырына қарай тартып, отырып, ұсақ шегелермен шегеленеді. Шегеленіп болған соң қапталдың қырынан артылып тұрған теріні екі жақ қапталын шегеленеді, кейде кергіні өрнектеп те шегелейді. Мойынды қаптамас бұрын қанжығалық пен

алдыңғы қолын қаптап алып, соны бастырып мойны мен ердің басы қапталады.Ер-тұрманның безендірілуіне байланысты жасаған материалына байланысты атауларға бөлінеді.Мысалы: күміс ер, алтын ер, лажылы ер т.с.с. бағдарлы ер әйелдер мінетін ердің алдыңғы қасына, айыл - тұрманның, қалишының алақанына, салып салпимақшарына, асыл тастан көз орнатып, зерлеп жасалады.

Ердің үзеңгі бауы, қанжыға құйысқандығы(бүлдіргі) болуға тиіс. Үзеңгі бау алдыңғы қастың етегінен кейінірек қапталдан тесіледі.Ал құйысқан байланатын бүлдіргі мен қанжыға қапталдың артқы қанатынан тесіп өткізіледі. Ер тоқымның құрамына: терлік, киіз тоқым,қайыстан өрілген айыл-тартпа,үзеңгі,құйысқан, өмілдірік және көрпеше мен қанжыға кіреді.Осының бәрі ағаштан ойылып жасалған қаңқаны толықтырып ер-тоқым атауына ие болады.

Атпен аяңдай жүріп серуендеу денсаулыққа және көңіл-күйге пайдалы. Буын, омыртқа аурулары, жедел және созылмалы құлақ аурулары жиі мазалайтын ересек жандар мен балалар үшін сауықтыру мақсатында пайдалы.Атпен баяу серуендегенде, адам денесіне минутына 100 шайқау импульсі беріледі. Ол – массаж, ат үстінде отырған адамның барлық бұлшықеті жұмыс жасайды. Салт атпен жүру (иппотерапия) – ең керемет тиімді емдік дене шынықтыру.Иппотерапия тірек-қимыл аппаратының бұзуылында, атеросклероз, бас сүйек жарақатында, полимиелитте, асқазан-ішек ауруларында, простатитте, ақыл-ой жетіспеушілігінде ұсынылады.Қимыл-қозғалысты сауықтырудың прогрессивті әдістерінің бірі иппотерапия (жылқыға міниіп жаттығу) екен. "Иппотерапия сал ауруымен ауыратын балалардың денсаулығын жақсартуға ықпал етеді, себебі атқа міниіп, баяу жүру денені басқаруға үйренуге, қимыл-қозғалыс және сөйлеу белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді», - дейді Л.Дробышева. Бірақ Қазақстанда иппотерапия секілді сауықтыру әдісі әлі де болса кеңінен тарала қоймаған. Жылқы – қазақтың жаны, сұлулықтың пірі, тазалық пен тектіліктің символы, мың бір дерттің дауасы. Данагөй бабаларымыз бағзы заманнан-ақ жылқының еті, сүті арқылы небір ауруларды емдеп жазып, жүре алмайтын мешел, сал балаларды аяғынан тік тұрғызып, төрт құбыласы тең адам қатарына қосқан. Бұл әдіс қазір де отандық және шетелдік медицинада кеңінен қолданылуда.Қазақта дүниеге бала келсе: «Ат ұстарым» келді деп, бала ер жетсе «Ат жалын тартып мінді» деп айтады. Баланы ашамайға отырғызу дейтін де салт бар. Баланың өмірге келуі де, ержетуі де атпен байланыстырылды. Әр қазақ үшін баласының атқа мінуі қуаныш, той болды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы.
2. «Шаңырақ» энциклопедиясы.
3. С.Қасиманов «Қазақ халқының қолөнері».
4. Қ.Елікбаев «Атқа міну мәдениеті» Егеменді Қазақстан, №34

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ-АЛАШ ПАРТИЯСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ

Қатысушы: Берікқалиқызы Ұлжан
Жетекшісі:Орманбеков Б.Д
«№11жалпы білім беретін мектебі» КММ Семей қаласы

Баяндамада Әлихан Бөкейхановтың саяси көзқарасының қалыптасуы. Қазақтың өмір сүру үшін болашағының жарқын болуына автономия алудағы маңыздылығы мен оның жолында күресу амалдары турасында баяндалған.
Зерттеу мақсаты:Әлихан Бөкейхановтың қазақ қоғамына қосқан үлесін,шығармашылық мұрасын танып білу.Қазақстанның қоғамдық-саяси мемлекеттілік мәселесіне байланысты Әлихан Бөкейхановтың кеңестік дәуірге дейінгі және кеңестік дәуірдегі қазақ қоғамының саяси дамуына байланысты көзқарастарын ашып айқын көрсету.
Жұмыстың өзектілігі:Қазіргі таңда қазақ халқы ұлттық жаңғыртуға,егемен мемлекет қалыптасуы мен Қазақстан Республикасының дүние жүзілік тарихи
процестерге алатын орнын айқындауда оның өткен тарихын жан-жақты оқып үйрену мен зерттеудің қажеттілігі артып отыр.Ұлттық тәуелсіздік күресінің болып саналатын Алаш Орда үкіметі мен Түркістан автономиясы тарихы ұлт зиялылары,оның ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртудағы жемісі ретінде болды.Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейхановтың «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес,мінезден» деген мазмұны терең сөзіне тоқталып,бұл сөздің қанша заман өтсе де өзектілігі жойылмай мәні арта түсінетін баса айтты.

Алаш қозғалысы — XX ғасырдың алғашқы ширегінде Ресей империясының отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс. XX ғасырдың бас кезінде қазақ даласында Ресейлік басқару жүйесінің күшейе түсуі, Ресейден көшіп келушілердің күрт артуы, қазақтардың құнарлы жерлерден ығыстырылуы бел ала бастады. Ендігі жерде қазақ халқының өзін-өзі сақтап қалуы үшін күресті күшейту мәселесі туындады. Бірақ енді зардабы көп қарулы көтеріліс жолымен емес, ұтымды саяси жолмен күрес жүргізу қажет еді. Осылайша Бірінші орыс төңкерісі жолдарында қазақ халқының мүддесі үшін күресті бастаған қазақ зиялыларның әрекеттері кейініректегі Алаш қозғалысының бастамасы болды.
Қазақ халқының өз мемлекеттілігін құру жолындағы қозғалысын ұлттық интеллегенция басқарды.Ол топтың басында ұлт зиялысы, публицист әрі саясаткер, патшалық Ресей Мемлкеттік Думасының мүшесі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов тұрған еді. Әлихан Нұрмұхамедұлы 1866 жылы бұрынғы Семей облысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының жетінші ауылында өмірге келген. Қазіргі әкімшілік-аймақтық бөлініс бойынша бұл елдімекен Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, "Қаратал" совхозына қарайды. Әлиханның үлкен атасы - Бөкей, атақты көкжал Барақ сұлтанның ұлы. Бөкейдің тоғыз ұлының бірі - Батыр сұлтан. Батырдың ұлдары Мырзатай мен Рүстем. Мырзатайдан Нұрмұхамед туады. Әлиханнан әкесі - Нұрмұхамед, анасы - Бегім ханым. Олар оқу-білімге, жақын, парасатты адамдар. Әлиханды әкесі тоғыз жасында Қарқаралыға апарып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ зерделі бала молдадан оқығандардан гөрі осындағы мектепте оқып жүргендердің сауаттылығын аңғарып, қаладағы үш кластық бастауыш мектепке өз еркімен ауысып алады. Оны бітіргеннен кейін 1879-1886 жылдары Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепте оқиды. Интернатта оқып жүргенде оның келешек тағдырына игі әсер еткен күтпеген оқиға болыпты. Мектепке ойда жоқта генерал-губернатор Колпаковксий соғады: "Омбы мен Қарқаралының арасы 760 шақырым. осы араны өткенше арбаның доңғалағы неше рет айналады" деген есеп береді. Сонда Әлихан есепті бәрінен бұрын шығарған екен. Түркістан аймағының

алғашқы генерал-губернаторының берген батасы Әлиханның ғылымға және саяси өмірге бастар жолы болған шығар. Сөйтіп Колпаковскийдің ұсынуымен Әлихан Омбының техникалық училищесіне оқуға түсіп, 1886-1890 жылдар аралығында "техник" мамандығы бойынша бітіріп шықты. Кейін оқуын тәмамдаған шәкіртке училище директоры Н.Е.Добрахатов Қарқаралы уезінің бастығын "үздік оқуы мен үлгілі тәртібі үшін" 200 сом стипендия тағайындауға көндіріп, профессор И.Н.Бородинге арнайы хат жазып, Санкт-Петербург қаласындағы Императорлық Орман шаруашылығы институтына жолдама береді. 1890-1894 жылдар аралығында Санкт-Петербургтегі Орман технологиялық институтының экономика факультетінде оқыды. Мұнда ол студенттік қызу пікірталастарға қатысып, XX ғасырдың босағасын аттағалы тұрған Ресейдің қандай жолмен дамуы тиімді болатындығы туралы қайшылықты пікірлер қақтығысына куә болды, өз ойын да шыңдай түсті.

Әлихан Бөкейхановтың қайраткер ретінде қалыптасуының екі рухани негіздерін бөліп айтуы артық емес. Біріншіден, Әлихан еркіндік пен теңдікті жоғары бағалаған ортада өсті. Оның қоғамдық көзқарасының қалыптасуына халықтың бай ауыз әдебиетінің, ұлы Абайдың және басқа ақын-жыраулардың ықпалы тигендігі сөзсіз. Оның 1907 жылы тұңғыш рет орыс оқырмандарын Абайдың шығармашылығымен таныстыруды көздеген материал жариялап, ал 1909 жылы ойшылдың шығармаларының Петерборда жарық көруіне мұрындық болып, өмірінің соңына дейін "Қобыланды", "Ерсайын", "Қозы Көрпеш - Баян сұлу" және басқа көптеген ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеп және насихаттап өтуін, әрине, кездейсоқ жағдай деп айту қиын. XIX ғасырдың соңында Ресей империясында саясаттан тыс қалған түкпірді табу қиын болар еді. Оның шын мәніндегі үлкен саясаттың не екендігін түсінген кезі, әрине, Санкт-Петербургте Орман шаруашылық институтында оқып жүрген жылдарына тұс келеді. Ол мұнда жүріп күнделікті сабақтарына қоса студенттердің саяси, әдеби, экономикалық және тағы басқа үйірмелердің жұмысына қызу араласып, студенттік толқуларға қатысады. Оны екі ғасырға жуық Ресей империясының қол астында отырған халқының ауыр тағдыры қатты толғандыра бастайды. Қараңғылық пен надандықтың шырмауында отырған халқына білім мен мәдениет керек екенін ұғады, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өзінің алдына мақсат етіп қояды. Сонымен қатар, ол студенттік қызу айтыстарға қатысып, XX ғасырдың босағасынан аттағалы тұрған Ресейдің қандай жолмен дамуы тиімді болатындығы туралы қайшылықты пікірлер қақтығысына куә болды, өз ойын да шыңдай түсті. Ә.Бөкейханов исститутты бітірген кейін математика пәнінен оқытушы, "Степной край" газетінің қызметінде, дала облыстарын зерттейтін Щербинаның экспедициясына қатысады. Қалай болғанда да, Ә.Бөкейхановтың көқарасының Щербина экспедициясына қатысқаннан кейінгі кезеңде үлкен өзгерістерге ұшырағандығы анық. Дегенмен, Бөкейханов сияқты қазақ оқығандарының саяси көзқарасының мүлдем жаңа сапаға көтерілуіне тұңғыш орыс революциясы ерекше ықпал етті. Әлихан Бөкейханов төре тұқымының ұрпағы болғанымен, ешуақытта билікке ұмтылмаған, саясаткер болуы мақсат етпеген адам. Ол Санкт-Петербургтегі орман шаруашылығы институтын тәмамдаған. Байқап қарасаңыз, таңдаған мамандығының өзі саясаттан аулақ сала. Бірақ ол елдегі шиеленіскен саяси ахуалға байланысты амалсыздан саясатқа араласып, екі

ғасырға жуық Ресей Империясының қол астында болған қазақ халқының ауыр тағдырына толғанып, қазаққа автономия беру мәселесін көтеруге мәжбүр болды. Оның амалсыздан саясаткер болғанын ұғына отырып, Әлиханның реформатор екендігін да мойындайсыз.

Оқуын бітіріп, Омбыға оралғанда Ә.Бөкейханов Ресей империясының қазақ даласына жүргізген отаршылдық саясатына деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, марксизмнің экономикалық қағидаларымен қаруланған, саяси астыртын күрестің түрлері мен әдістерін үйреніп, білген, күрес-тартыстан біршама тәжірибесі бар саяси күрескер болатын. Ол Омбыға келісімен қаланың прогресшіл бағыттағы зиялыларымен, жер аударылғандармен тез тіл табысып, тығыз қарым-қатынаста болады, қаланың саяси әлеуметтік, қоғамдық жұмысына белсене араласады. «Халық бостандығы» партиясының қатарына өтіп, өзі қазақ зиялылары мен саяси белсенділерінің арасында осы партияның шағын тобын ұйымдастырады. Әлиханның саяси көзқарасының пісіп, жетілуіне, кейін белгілі саяси, қоғам, мемлекет қайраткері әрі қазақ ұлт-азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы және көсемі ретінде танылуна, саяси күрескер ретінде шыңдалуына Омбыдағы күндері ерекше ықпал етеді.

ХХ ғасырдың басындағы күрделі оқиғалар Әлихан Бөкейхановтың батыл саяси көзқарастарының жүзеге асырылған уақытымен байланысты болды. Әлихан Бөкейхан кезіндегі құдыретті Қазақ хандығының бірлігі мен күш-қуатынан айырылып, отарлық тәуелділікке қалай түскенін егжей-тегжейлі зерделеп шықты.

Ол қазақ хандары мен сұлтандарының, ру көсемдері мен билерінің Ресей империясы өкілдерімен жазысқан хаттарын зерттей келе кейбірін газеттер мен арнайы жинақтарда жариялады. Сондай-ақ даланың тағы бір көшпелі элитасы – Кенесары хан бастаған қарулы көтеріліс туралы ел ауызындағы аңыз-әңгімелерді жинақтады. Әлихан Бөкейхан осы ізденістердің арқасында бірнеше келелі тұжырымдар жасап, ой қорытты. Қазақтың бірлігі мен тәуелсіздігін сақтай алмауының ең басты себебін ол ел тізгінін ұстағандардың, тіпті ең қатерлі кездің өзінде, яғни жоңғар шапқыншылығы кезінде де ел ішінде ауызбірлік орната алмауынан көреді. Алаш қайраткері Әлихан Бөкейхан шығарған "Иртышъ" пен "Омичъ" газеттері. «Бұрынғы билеушілердің көпшілігі, – деп жазады Әлихан Бөкейхан, – күш-қуатының барлығын өзара талас-тартыс пен қырқысқа сарп етті»

Алып Ресей империясымен алысып, байырғы тәуелсіздікті қарулы көтеріліспен қалпына келтіру мүмкін емес деп тұжырған Әлихан Бөкейхан «бұл жолды халықтың жаппай қолдауы да неғайбыл, Кенесары көтерілісінің жеңіліске ұшырауы – соның бір көрінісі» деп есептеді [2, 15 б].

Ол, 1905 жылдан бастап аса ықтиярлықпен саяси күрес нәтижесінде жасалған, 1917 жылы «Алаш» партиясы құрылу арқылы нақты мемлекеттік идеяның негізін қалаған БІРТҰТАС АЛАШ ИДЕЯСЫ. Онда алаш қайраткерлерінің барлығының демі мен аңсары бар, ал, ол идеяның ұйтқысы, тарихшы Мәмбет Қойгелдиев дәл тауып айтқанындай, қазақ қоғамының Сун Ятсені мен Махатма Гандиі – Әлихан Бөкейханов болатын. 1917 жылы шілде-тамыз айларының арасында Жалпықазақтық І құрылтай шақырылып, «Алаш» партиясы тарих сахнасына шықты. «Алаш» партиясының ұлттық ұстанымы бес түрлі тұжырымға негізделді.

Бірінші ұстаным: жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді». Яғни, бұл ұстаным: Жер – Отан, ал, Отанды сатуға да, жеке меншікке айналдыруға да болмайды. Сол жер үшін әр қазақтың намысы жыртылып, ол жерге әр қазақтың тері мен қаны төгілген – деген тұжырымға саяды.

Екінші ұстаным: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек.

Үшінші ұстаным: Ә.Бөкейхановтың жобасы бойынша, «Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі» керек, яғни, толықтай экономикалық тәуелсіздік пен бірлікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс еді. Тағы да сол Абай: «Бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң: атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып тірлік қылады. Бірлік сатылса – антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек», – дегендегі бірлік – осы экономикалық бірлік. Ал, біздегі сатылмайтын құндылық – тек «жалданып тірлік құру» ғана болып қалды. Төртінші нысана: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек, яғни, Х.Досмұхамедовтің пайымдауына жүгінсек, «ұлттық мәдениет үстемдігі сақталуы» тиіс болатын.

Бесінші, түпкі мақсат: тәуелсіз ғылымға, ұлттық салт, дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді [3, 21 б].

Әлихан Бөкейхановтың атқарған ісі,артында қалдырған мол шығармашылық мұрасы,ұлт тәуелсіздігі мен мемлекеттігі жолындағы жанқиярлық күреске толы өмір тәжірбиесі бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. http://kitaphana.kz/ Өскемен қаласы әкімдігінің "Орталықтанған кітапханалар жүйесі" КММ.
2. Жұртбай Т., Тарих тағылымы. ҰЛТ ТҰТАСТЫҒЫНЫҢ ҰЙТҚЫЛАРЫ немесе Әлихан Бөкейханов және біртұтас Алаш идеясы//Түркістан.-2011.-15 қыркүйек.
3. Жұртбай Т. Әлихан Бөкейханов: Алаш көсемі // Аңыз адам. №20. б.48.- 2011 ж.
4. XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы// Астана 2014 ж.

ЖАСӨСПІРІМНІҢ ПСИХОЛОГИЯСЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ ОҢ ЖӘНЕ ТЕРІС ӘСЕРІ

Қатысушылар: Жанаткызы Макпал, Дариева Карина

Жетекшісі: Тлеукенова Раушан Бесеновна

«Жусіпбек Аймауытова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Біз XXI ғасырда, компьютерлік технологиялар мен жаңалықтар ғасырында өмір сүремін. Біздің болашағымыз олардың артында. Интернетке қол жеткізбестен кез-келген жастағы адамдардың бүгінгі өмірін елестету өте қиын. Бұл өркениеттің сөзсіз игілігі және біздің өмірімізді көптеген жолдармен жеңілдетеді. Біздің ойымша, жасөспірім мен әлеуметтік желі-қазіргі заманның өзекті тақырыптарының бірі. Соңғы кездері бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтік желілер жастардың денсаулығына

зиян келтіріп, қазіргі ұрпақты әлсіретіп жатқандығы туралы ақпарат пайда бола бастады. Біз белсенді қолданушы ретінде білгім келді: әлеуметтік желі-ең жақсы дос, Құпия жау немесе көмекші ме? Кейбіреулер бұл тек пайда әкеледі деп санайды, ал кейбіреулері зиян жақын арада бізді не күтіп тұр? Бұл жаңа ұрпақ қалай өседі? Қарабайыр тіршілік иелері ме, әлде адамның жаңа түрі ме? Бұл сұраққа жауап беру өте қиын, өйткені біз білмейміз, содан кейін не болатынын ғана болжай аламыз. Сондықтан біз әлеуметтік желілерде жұмыс істеген кезде оң және теріс тұстардың не екенін және жасөспірімге сол жерде уақыт өткізу керек пе екенін білгім келді.
Зерттеудің мақсаты: әлеуметтік желісі біздің мектептің жасөспірімдеріне қандай әсер ететінін анықтау.
Гипотеза: әлеуметтік желісінің жасөспірімдерге оң және теріс әсер етеді.
Зерттеу нысаны: әлеуметтік желінің және 12-16 жас аралығындағы оқушылар.
Зерттеу тақырыбы: әлеуметтік желінің артықшылықтары мен кемшіліктері, сондай-ақ олардың жасөспірімдерге әсері.
Жұмыстың практикалық маңыздылығы: зерттеу нәтижесінде жасалған ұсыныстарды мұғалімдерге, сынып жетекшілеріне, ата-аналарға бала тәрбиесінде қолдануға болады.
Жұмыстың ғылыми жаңалығы: белгілі бір мектептегі жасөспірімдердің әлеуметтік желілеріне деген көзқарасты зерттеу.

I. Практикалық бөлім.

Осы жұмыс аясында біз әлеуметтік желілердің біздің мектептің жасөспірімдеріне әсер ету дәрежесін бағалауға бағытталған зерттеу (сауалнама) жүргіздім. Сауалнамаға КММ "Жусіпбек Аймауытова орта мектебі" 6-9 сыныптарының 90 оқушысы қатысты.

Зерттеу нәтіжелері.

Біз нәтижелерді шығарудың әдісін қолдандық: кесте жасау және орташа жауапты шығару.

Жасөспірімдер үшін әлеуметтік медианың басты қауіптілігі-виртуалды байланыс олардың өмірінде басым болады. Шынында да, әлеуметтік желіде бәрі қарапайыммен хабарламаны басып шығардық, оны жібердік, жауап алдық. Бірте-бірте жасөспірім адамның қарым-қатынасынан алшақтайды. Өзіне және көбінесе ата-аналарға байқалмай, ол нақты байланыс дағдыларын жоғалтады және желіге тәуелді болады. Ол жиі пайда болатын және күшейетін тәуелділікті мойындағысы келмейді. Жеке параққа бару күнделікті рәсімге айналады-күн ішінде бірнеше рет жасөспірім қандай да бір өзгерістерді көруге үміттенеді. Интернетті нақты әлемдегі қарым-қатынасты алмастырады деп санамайтының көрсетті. Басқалары дауға мүмкіндігінше көп "достар"қосуға тырысады.

"Сізге қай әлеуметтік желі көбірек ұнайды?" Тик – ток, инстаграмм желісі біздің балалар арасында өте танымал деген қорытынды жасауға болады. Ресурстың мүмкіндіктерінің бірі – бейнелерді көру және музыканы онлайн тыңдау. Сондай-ақ, бұл ресурс топтарға бірігіп, хоббиі, хоббиі бойынша пікірлес адамдарды табуға мүмкіндік береді. Бірақ егер сіз біздің мектептің оқушылары тіркелген топтарды қарасаңыз, онда олардың анекдоттар туралы, өмірдегі күлкілі туралы тым көп топтары бар және оларда қандай ұятсыз сөздер мен өрнектер қолданылады! Бірақ сонымен бірге мектеп пәндері, емтиханға дайындық, өнер, тоқу, аспаздық сияқты топтар мен қауымдастықтар аз.

Осылайша, зерттеу әлеуметтік желілер біздің мектептің жасөспірімдеріне оң және теріс әсер етеді деген гипотезаны растады.

Әлеуметтік желілерде жұмыс істеу кезіндегі ұсыныстар. Жүргізілген сауалнамалар мен ақпаратты өңдеу нәтижесінде әлеуметтік желілерді пайдаланумен байланысты мәселелерді шешу жолдарын бөліп көрсетуге болады:

– желіде болу уақытын шектеу;

– уақыт өткізудің балама жолдарын іздеу (мысалы, спортпен шұғылдану, сурет салу, кесте тігу, кітап оқу және т. б.);

– өз өміріне көбірек көңіл бөлу (мектептегі, отбасындағы, достарындағы проблемалар);

Көптеген қазақтар үшін қазақ тілін үйрену бүгінгі таңда сән-салтанат емес, нағыз қажеттілік. Мемлекеттік тілді білмейінше жұмыс табу, мансап сатысымен көтерілу өте қиын. Тіл үйрену әдісін таңдау көп жағдайда бос уақыттың болуына, сондай-ақ тілді мүмкіндігінше тез үйренуге деген ұмтылысына байланысты. Мобильді қосымшалар арқылы тіл үйрену бүгінде үлкен танымалдылыққа ие болды. Тілді осылайша үйренудің бірқатар артықшылықтары бар. Оларды бөлектеуге тырысайық. Жолда уақытты жоғалтудың қажеті жоқ. Қазақ тілін оқуды таңдау арқылы сіз көп уақытыңызды үнемдейсіз. Өйткені, курстардың көпшілігі аптасына бірнеше рет клубқа міндетті түрде баруды талап етеді және әдетте жолда лайықты уақытты өткізуге тура келеді. Мобильді қосымшаны жүктеп алып, күніне бірнеше минут ішінде біліміңізді жетілдіріңіз. Сабақтар кез келген уақытта болады. Мобильді қосымшалар арқылы қазақ тілін үйренудің таңғажайып қолжетімділігін де атап өткен жөн. Қазақ әліпбиінің бір әрпін білмесеңіз де, қазақ тілін оқуға кірісе аласыз. Сіздің білім деңгейіңізді анықтау үшін әртүрлі сынақтар пайдалы, олар әдетте тегін процедура болып табылады. Қолданбалардағы сабақтар әрқашан қызықты, әсем, көбінесе ойын түрінде

салынған, бұл сөзсіз назар аударады және уақыт елеусіз өтеді, ал пайдасы баға жетпес.Мобильді қосымшалар мектеп оқушыларына мектепте жақсы оқып, А бағасын алумен қатар, өзін-өзі жетілдіруге және ой-өрісін кеңейтуге көмектеседі. Кейбір қолданбаларда біз тіпті тілді жетік білетін адамдармен сөйлесе аламыз, бұл бізге сөйлесу қазақшасын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар құрдастарымызбен шынайы достасуға мүмкіндік береді. Мен қазақ тілін жақсартатын деген бірнеше мобильді қосымшаларды жүктеп алдым.

Ең танымалдарын қарастырыңыз:

1. Ana tili 2. Soyle 3. Qazlingo

Зерттелген материалға және одан әрі зерттеулерге сүйене отырып, біз жастар арасында ең танымал мобильді қосымшалар қандай екенін анықтауға тырысамыз.

Идеал қолдану (танымал) қолданбалардың сипаттамаларын шығару.

Мен қазақ тілін үйренуге және жақсартуға көмектесетін ең танымал қолданбаларды зерттеп, ерекшеліктерін қарастырдым. Зерттеген қосымшалар бойынша тест тапсырып, өз деңгейіңізді таңдауға, содан кейін жаңа сөздерді, грамматиканы үйренуге, ана тілінде сөйлейтіндермен сөйлесуге және ауызекі сөйлеуді тыңдауға болады. Мобильді қосымшалардың заманауи әдістері тілімді жақсартуға көмектесті және көптеген жаңа сөздерді, әртүрлі идиомаларды үйрендім, грамматикамды жетілдірдім, тіпті достар таптым. Сонымен қатар, мобильді қосымшалар арқылы қазақ тілін үйрену оқулықтарда отырып, жалықтыратын жаттығуларды орындаудан әлдеқайда аз уақытты алады.

1. Ana tili

Орыс тілді қолданушылар арасында қазақ тілін үйренуге арналған ең танымал қосымша болды. Айырмашылығы – аудио сабақтар. Пайдасы: қосымша тілді білу деңгейін ғана емес, сонымен қатар тіл үйренушінің қызығушылығына негізделген оқу бағдарламасын да қалыптастырады. Кемшіліктері: ана тілінде сөйлейтіндердің көмегін қажет етпейді. Сондай-ақ, бағдарлама жаңадан бастағандар үшін өте қолайлы. «Ana Tili» қосымшасы қазақ тілін үйренуді қызықты ететін, бірақ тиімділігінен кем емес көңілді ойын ретінде жасалған. Қолданбада сіз бірден бірнеше тілдік дағдыларды жинай аласыз: тыңдау, оқу, жазу, лексика және грамматиканы және тілді тегін үйрене аласыз! Қолданбада сөздік оқытудың толық бөлімі бар: Word-аударма, Аударма-сөз, Тыңдау, Тест.

Олардың барлығы қазақ тілін үйренудің тиімді әдістеріне негізделгенімен, мобильді ойын сияқты баурап алады. Сөздік қорыңыздың қалай толығатынын байқамай қаласыз.

Тар фокус.

Кейбір мобильді қосымшалардың тағы бір кемшілігі - олардың тар мамандануы. Мысалы, Soyle грамматикаға, тыңдауға мүлде мүмкіндік бермей, тек сөздерді үйренуге көмектеседі, әңгімелік сөйлеуді дамытады

Қазақ тілін үйренуге арналған тиімді қосымша жобасы

Менің зерттеуімнен кейін: сауалнамалар, мобильді қосымшаларды сынап, талдап, қорытынды жасап, қазақ тілін үйренуге арналған ең тиімді

қосымшаның жобасын жасай аламыз.

Ең тиімді мобильді қосымшаның формуласы:

1) Мобильді қосымшалар арқылы оқушылардың қазақ тілін тиімді меңгеруіне көмектесу үшін оларды қолжетімді ету қажет.

2) Қазақ тілін үйренуге арналған мобильді қосымшаларды әзірлеушілер үнемі қалқымалы жарнамалар олардың жаңа білімді тиімді меңгеруіне кедергі болатынын түсінуі керек.

Менің зерттеулерім негізінде келесі қорытынды жасауға болады:

1.Сауалнама қорытындысы бойынша қазақ тілінің бұл күндері өте танымал екенін анықтауға болады. Бұл тұлғаның дамуына да, жоғары ақы төленетін мамандыққа ие болуына да көмектеседі. Сауалнама сонымен қатар студенттер арасында қазақ тілін үйренуге арналған мобильді қосымшалар өте танымал бола алатынын және олардың күнделікті өмірінде белсенді түрде қолдануға болатынын түсінуге көмектесті және өтінімдерде не маңызды екені белгілі болды.

2. Тілді үйренуге арналған мобильді қосымшаларды апробациялау және талдау мобильді қосымшалардың шын мәнінде тіл деңгейін көтеруге, білім мен сөйлеуді жетілдіруге көмектесетінін көрсетті.

3.Осылайша, зерттеу негізінде қазақ тілін үйренуге арналған ең тиімді мобильді қосымшаны құрастыра алдым. Ақылы қолданбаларды тегін және қолжетімді етіп түзету қажет. Тілді жан-жақты үйренуге қол жеткізу үшін жарнаманың ең аз мөлшері болуы керек тіпті оның мүлдем болмағаны жақсы.

4. Зерттеуіміздің басында айтылған: «Тілді үйрену процесінде мобильді қосымшаларды пайдалансаңыз, оң нәтижелерге қол жеткізуге болады» деген гипотеза расталды, бұл сауалнама деректерімен және оқу қосымшаларын пайдаланудағы өз тәжірибемізде дәлелденді.

Осылайша, енді мен өз қосымшамды құруды бастай аламын, оған келесі қадамдарды қосқым келеді:

1) Тілді меңгеру деңгейін анықтауға арналған тест.

2) Деңгейіне қарай қолайлы сабақтардың дайын тұжырымдамасын ұсыну.

3) Алынған білімді тәжірибеде қолдану үшін сөздік жаттығуларының толық бөлімін қосқызу: Сөз -аударма, Аударма-сөз, Лео-спринт, Тыңдау, Сөз құрастыру, Сөз карталары және Миға шабуыл.

4) Қолданбада бірден бірнеше тілдік дағдыларды: тыңдау, оқу, жазу, лексика және грамматиканы дамыта алатындай етіп жасату.

Мұны шындыққа айналдыру үшін не істеу керек?

Әрине, қосымшаларды жасау әрқашан көп ақшаны қажет етеді. Мақсатыма жету үшін мен қаражатты мына жолмен жинай аламын:

1. Стартап конкурстарына қатысу

2. Инвесторларды табу арқылы

Қорытындылай келе, мен C Sharp – объектіге бағытталған программалау және ActionScript бағдарламалау тілдерін қолданар едім. Мобильді қосымшалардың тілді үйренуге үлкен көмегін тигізетінін, бірақ мобильді қосымшалар мен заманауи технологиялар адам мен адам арасындағы тікелей байланысты алмастыра алмайтындығын ескерте кеткім келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:
1. https://tengrinews.kz/healthy/5-besplatnyih-prilojeniy-dlya-izucheniya-kazahskogo-yazyika-
2.https://qazaquni.kz/ru/154863-kak-vyuchit-kazakhskiy-iazyk-samostoia

МӘТІНМЕН ЖҰМЫСТЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Қатысушы: Маутханова Ақжүніс Берікханқызы
Жетекшісі: Мусина Кулшат Сыздыковна
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Қазіргі оқыту талаптары оқушылардың мәтінді оқып қана қоймай, онымен қоса мәтінмен сыни тұрғыда жұмыс жасай білуін қалыптастыру қажеттілігін көрсетіп отыр

Зерттеудің өзектілігі: Мен бұл жұмысымда мәтінмен жұмыс жүргізудің қажеттілігін және оны ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін қарастырамын. қарастырамын. Себебі , мәтінмен жұмыс - оқушылардың тіл дамуы мен функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатындағы аса қажетті және өзекті жұмыс.

Зерттеудің мақсаты: Мәтінмен жұмыстың сабақ процесіндегі маңыздылығын айқындау, және де оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда оң нәтиже көрсетерлік тиімді әдіс-тәсілдерді ұсыну.

Зерттеудің міндеттері:
- Оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруда мәтінмен жұмысты жүргізудің қажеттілігін ашып көрсету.
- Сабақ процесіндегі мәтінмен жұмыс түрлерін және қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдерді ұсыну.

Зерттеудің гипотезасы: Мәтінмен жұмыс арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін және сыни тұрғыда ойлауын дамытуда ұсынылған әдіс-тәсілдердің тиімді екендігіне пайым жасау.

Зерттеудің маңызы: Жас ұрпаққа білім беру ісі қоғам дамуының қай кезеңінде де уақыттың талап-тілегіне сай үздіксіз жүзеге асырылып отырады. Сондықтан мәтінмен жұмыстың сабақ процесіндегі жаңаша әдіс – тәсілдер арқылы ұсынылуының маңыздылығын көрсету.

Зерттеу әдістері: ақпарат жинау, дереккөздермен жұмыс, мысал теру, өңдеу, сандық технологияны пайдалану, ақпараттық өңдеу т.б.

Функционалдық сауаттылықты дамыту- заман талабы. Сондықтан оқушылардың функционалдық дамуын бастауыш сыныптардан мақсат ете отырып, еліміздің өскелең ұрпағын сауатты болуына үлес қосу маңызды, әрі парыз. Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттарында: «Әрбір пәнді оқытудың ғылыми дәрежесінің неғұрлым жоғары болуы, ғылым негіздерін тиянақтап, идеялық-саяси және адамгершілік тәрбиенің этикалық және дене тәрбиесінің жақсартылуы қамтамасыз етілсін. Оқыту мен тәрбиелеу әдістерін жетілдіру міндеті қойылсын»,- делінген [2].

Әдебиеттік оқу және қазақ тілін оқыту сабақтарының мәні ерекше. Өйткені ол сабақтарда оқушылардың ой-өрісі, сөйлеу тілі және мәтінмен, кітаппен өзіндік жұмыс жүргізуге үйренеді. Бастауыш сыныпта мәтінмен жұмысты ойын технологиясы, сыни тұрғысынан ойлау арқылы Блум таксономиясы негізінде оқыту тиімді.

PIRLS түрлі елдердегі бастауыш сынып оқушыларының мәтінді оқу және түсіну деңгейі мен сапасын салыстыруға, сонымен қатар ұлттық білім беру жүйелеріндегі айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Осы орайда, мәтінмен жұмыстың қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәндеріндегі негізгі іс-әрекет екенін түсінуіміз керек. Себебі, бұл пәндер тілді меңгерумен тікелей байланысты болғандықтан, ең бірінші тіл дамыту құралы ретінде жұмыс жасау қажет деп ойлаймын. Сонымен қатар, жаңартылған бағдарлама бойынша сабақ процесінде пәнаралық байланыс жүзеге асырылады, барлық пәндердің тараулары бірдей атауға ие. Сондықтан мәтіндер тарау атына байланысты беріліп, өзін-өзі тану, жаратылыстану, дүниетану, тіл дамыту сынды пәндермен байланыс орнатылады. Соның нәтижесінде оқушылар сабақта алған білімі арқылы таным-түсінігі артып қана қоймай, теориялық мәліметті өмірде қолдана білуге септігін тигізеді. Ал бастауыш сынып оқушыларының тіліндегі ерекшелік, даму әр сыныпта анық көрініп тұрады.

Пәнді интеллектуалдық және шығармашылық тұрғыда түсініп меңгерту үшін төмендегідей әдіс тәсілдерді практикада қолдануды үйреніп жүрміз.

4 сыныптың әдебиеттік оқу пәніндегі «Адами асыл қасиеттер» тақырыбының түсініп оқуға арналған «**Әйтеке шешен»** мәтінімен жұмыс жүргіздім. Мәтіналды жұмыстан кейін оқушылар мәтінді түсініп оқиды, «Оқылым» дағдысы (1-сурет) қалыптасады, мәтіннің негізгі ойы мен бөлімдерін анықтай отырып оқиды және ақпаратты табу үшін оқиды. Шешеннің пікірін оқып, топтастыру сызбасын құрастырады. «Ақылдың алты ойлау қалпағы» сыни ойлау стратегиясы арқылы Әйтеке бидің шешендік сөзіне талдау жасайды (1 Қосымша). Мәтінмен жұмыс нәтижесі тест тапсырмасын (2 Қосымша)орындату арқылы тексеріледі.

Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде. Сондықтан өз мамандығыма қатысты айтатын болсам, мектепте оқушының функционалды сауаттылығын қалыптастырудағы мәтінмен жұмыстың нәтижелілігі - ақпаратты түрлендіру, тасымалдау және пайдалану процестерін меңгеру, оқу барысында кейіннен қызмет ету саласында да өзін-өзі көрсету, дамыту құралы ретінде компьютерлік технологияларды тиімді пайдалану тәсілдерін үйрену. Осы мақсатты жүзеге асырғанда оқушылар ақпараттық технологияларды пайдалану тәсілдерін игеріп, қазіргі әлемнің бейнесін жасауға қол жеткізетін деңгейге көтеріле алады.

Қорытындылай келе, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдерді білу - олардың білімдері мен біліктерін өмірлік жағдаяттарда қолдана алуға үйренуімен нақтыланады. Білім мазмұнын игерген оқушы әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық

қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін де пайдалана алады.

1-сурет

Артына аталы сөзі қалған, есімі ел жадында сақталған шешендердің бірі – Әйтеке. Ол кезінде ел басқарған қоғам қайраткері де болған.

... Бір аңызда ауылына келіп отырған Төле би мен Қазыбек Әйтекеден:

– Жігіттің жақсысы қандай болады? – деп сұрапты.

– Дұрыс сөзге тоқтай білген, басқаны сөзіне тоқтата білген, – дейді Әйтеке.

... Жер дауына байланысты Орманбет биге айтқан бір сөзінде Әйтеке: «Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін. Батыр болсаң, жауға найзаң тисін. Бай болып, елге пайдаң тимесе, батыр болып, жауға найзаң тимесе, елден бөтен үйің күйсін», – деген екен.

«Ел аузынан» кітабынан

2-сурет

1. **Шешеннің пікірін оқып, топтастыру сызбасын құра.**

1 Қосымша

«Ақылдың алты ойлау қалпағы»

Мақсаты: Оқушының сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Мәселені барынша мұқият талқылап, оқушының жалпы ойлау қызметін жетілдіру үшін ойдың/сананың түрлі аспектілерін жандандыру мақсатында қолдану.

Шарты: Алты қалпақтың әрқайсысы ойлаудың түрлі элементтерін, аспектілерін білдіреді. Оқушылар мәтіндегі Әйтеке шешеннің сөзін талдап, мәнісін талқылаулары керек. Оқушыларға қалпақ беріледі (рас қалпақ немесе ойдан шығарылған), олардан мәселені талқылау барысында барлық ой операцияларын (ойлану, талдау т.б.) осы қалпақтың түсіне сәйкес келетін шекте жүргізу сұралады. Сынып топтарға бөлініп, бір топқа бір түсті қалпақ беріледі.

Әйтеке шешеннің сөзі: «Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін. Батыр болсаң,жауға найзаң тисін. Бай болып, елге пайдаң тимесе,батыр болып, жауға найзаң тимесе, елден бөтен үйің күйсін.»

2 Қосымша

2. Мәтін бойынша тест жұмысын орында.

1) Мәтінде кім туралы айтылған?

А. Қазыбек би С. Төле би

В. Әйтеке би Д. Орманбет би

2) Әйтеке би өз дәуірінде кім болған?

А. Атақты шешен В. Бүкіл әлемге танылған би

С. Ел басқарушы Д. Ел басқарған қоғам қайраткері

3) Әйтеке би Орманбет биге айтқан әділдігі қандай даудың шешіміне айналған?

А. Жер дауы В. Жесір дауы

С. Күн дауы Д. Шешен дауы

4) Әйтеке шешен қай жүздің биі болған?

А. Ұлы жүз В. Орта жүз

С. Күші жүз Д. Үш жүз

5**) Әйтеке шешеннің «Дұрыс сөзге тоқтай білген, басқаны сөзіне тоқтата білген» деген сөзінде ержігіттің қандай қасиеттері жайлы айтып отыр?**

А. Жалқау, еріншек В. Ақылды, тәрбиелі

С. Ермінезді, салмақты Д. Сыпайы, аққөңіл

3 сыныптың қазақ тілі пәніндегі «Су-тіршілік көзі» (7-бөлім) бөлімінде «Судың да сұрауы бар» мәтіні берілген. Оқу мақсаты: (Оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес) 3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау; 3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру;

1-тапсырма. «Бірлесіп оқу» стратегиясы

«Судың да сұрауы бар» мәтінін оқу. Мәтін тақырыбы мен ондағы негізгі ойды табу.

Қазіргі уақытта Жер шарында жыл өткен сайын ауыз судың қадірі біліне түсуде. Дүние жүзінің көптеген елінде су сатушылар үйреншікті көрініс болып саналады. Дамушы елдердің кейбіреулерінде отбасы табысының 10 пайызы су сатып алуға кетеді. Грек елінің кейбір өңірлерінде су алыстағы таудан тасылып әкелінетіндіктен қымбат бағаланады. Су цистернамен әкелінетін ауылдар өз елімізде де кездеседі. Гонконг, Сингапур суды көрші елден сатып алады. Австралиялықтар Альпі мұздықтарының суын Германияға апарып, 2 литрлік қағаз құтыларға құйып сатады. Жер шарында тұщы су қорының шектеулі екені анық байқалады. Сондықтан «Судың да сұрауы бар» деген халық даналығын әр уақыт есте ұстаған абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдікәрімова Т.М. Бастауыш сыныпта мәтін арқылы тіл дамытудың ғылыми негіздері мен оқыту әдістемесі. Алматы 2002 жыл.

2.Әдебиеттік оқу. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (2-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы, – Астана, 2015.

3.Қазақ тілі. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (2-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы, – Астана, 2015

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ЖАРНАМА

Қатысушы: Қалибек Аружан,Тлеуова Жаннель

Жетекшісі:Кожагулова Жаннұр Рашидовна

Міндеттері: Жарнаманың қазіргі жағдайы, сауатты аударманың жасалу тәртібі, сыртқы жарнамалардың қазақ тіліне аудару мәселелері мен оны жариялауға арналған талаптары жайында айтылады
Мақсаты: Қазіргі таңдағы қазақ тіліндегі жарнаманың қолданысын анықтау.
Өзектілігі: Қазіргі таңдағы қазақ тілді жарнамалардың жаппай сауатсыздыққа ұшырауы. Қазақстандағы орыстандыру саятының нәтижесінде пайда болып отыр деп есептейміз.Жалпы **Орыстандыру саясаты**-дегеніміз патшалық Ресей империясы мен Кеңес Одағындағы халықтарды ана тілінен, дінінен, салт-дәстүрінен, ұлттық болмысынан айырып, орыс ұлтына сіңіру, ассимиляциялау бағытында жүргізілген саясат. Бұлай есептеуіміздің себебі сол кезеңдегі орыс халқының көптеген әдет-ғұрыптары, мәдениеттері қазіргі таңда қалып қалған. Патша үкіметі орыс емес халықтар үшін мектептер ашқанда, оларды сауаттандырып, ғылым-білімге тарту үшін емес, керісінше өздерінің күнделікті саяси-әлеуметтік мұқтажына қызмет етер төменгі дәрежелі қызметкерлер даярлау мақсатымен ашып отырған.Сондай-ақ мектептердегі білім орыс тілінде болған,әрине қазақ тілді мектептерде болған,бірақ білім сапасы нашар болған.Осының салдарынан сол кезеңде оқыған адамдардың 85% орысша сөйлейді, көбінде өзіміздің салт-дәстүрлерді білмей жатады және тағы да басқа мәсәлелермен ұшырасып жатады.Қазақ халқынының мәдениетімен ағартушылығын дамытуға көп үлес қосқан ағартушы-демократ Шоқан Уалиханов болатын.Қазақ даласындағы мұсылмандық мектептердің артта қалушылығын сынап, діни догмамен шектелген қарапайым білім берудің орнына жаңа үлгідегі ағартушылықтың негізін қалады.Сонымен қатар жаппай қазақтардың қазақ тілінде білім алуының ауадай қажеттігін түсінген ол,Қазақ даласында зайырлы білім алу үшін күресті.Тек Ш.Уалиханов қана емес, сондай-ақ Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы, А.Байтұрсынов және тағы да басқа осындай жанын берер ақын,жазушылар ат салысқан еді. Орыстандыру саясатының негізгі мақсаты қазақтың мәдениетін,салт-дәстүрінен,тілінен,дінінен,тарихынан айыруды көздеген.Бұны дәлелдеудің қажет емес деп ойлаймыз себебі, бұл туралы әдебиеттерде де,тарихта да анық жазылған. Осы мәселенің туындауынан көп адамдар қазақ тілін жетіп меңгере алмады,салдарынан қазіргі таңда қарапайы жарнамалар аударма желілері арқылы аударылады. Міне, осындай жағдайларға байланысты қазіргі таңдағы қазақ тілі және қазақ тіліндегі жарнамалар сауатсыздыққа ұшырап жатыр.
Қазақстан Республикасының №151-заңы 1-тараудың 8-бабында. Тілдердің қолданылуы Мемлекеттік тіл Қазақстан республикасы мемлекеттік органдарының, ұйымдарының және жергілікті өзін өзі басқару органдарының жұмыс және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылады, орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен кең қолданылады.
Мемлекеттік емес ұйымдардың жұмысында мемлекеттік тіл және қажет болған жағдайда басқа тілдер қолданылады.[1]
Қазақстан Республкикасының №151-заңының 1-ші тарауындағы 4-ші бабында. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі- қазақ тілі.

Мемлекеттік тіл- мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.
Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру меңгеру- Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.
Үкімет,өзгеде мемлекеттік,жергілікті өкілді және атқарушы органдар .
Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға,оның халықаралық беделін нығайтуға .
Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруге қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға ,қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамыту үшін көмек көрсетуге міндетті.[2]
Қазақстан Республикасының №887-ші заңы 1-ші тараудың 5-ші бабында
Жарнама Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, аумақтық тұтастығын бұзуды, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, жыныстық, таптық және рулық артықшылықты, қатыгездікті, зорлық насихаттауға немесе үгіттеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясын құрайтын мәліметтерді және өзге де заңмен қорғалатын құпияларды таратуға пайдаланылмауға тиіс; азаматтарды зорлық-зомбылыққа, қатыгездікке, агрессияға, үрей шақырмауға, сондай-ақ өзге де құқыққа қарсы іс-әрекеттерге ұмтылдырмауға тиіс. Қазақ тілінің жазу тарихында әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп,ұлттық әліпби деңгейіне жеткен. [3]
Қазақ тілі дегеніміз. **Қазақ тілі** (төте: قازاق تىلى, латын: qazaq tili) — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, сонымен қатар Ресей, Өзбекстан, Қытай, Моңғолия және т.б. елдерде тұратын қазақтардың ана тілі. Қазақстан Республикасы – қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қабылдаған бірден-бір мемлекет. Бүгінгі таңда қазақ тілі – 16 197 000 сөйлеушісі бар тіл. Қазақ тілі бұл жағынан әлемдегі ірі 40 тілдің қатарына енеді. Қазақ тілі сөйлеушісі көп ең ірі бес тілдең қатарына кіріп отыр. Қазақ тілінің алғашқы түсіндірме сөздігі 1959 жылы,алғашқы этимологиялық сөздік 1966 жылы,алғашқы фразелогиялық сөздік 1977 жылы басылып шыққын болатын. [4]
Жарнама дегеніміз-белгілі бір зат пен құблысты, іс-әрекет пен қызметті елге таныту, насихаттау, оларға деген сұранысты күшейту мақсатымен жарияланған хабарлама жиынтығы.Ең алғашқы жарнама - 1704 жылы Бостон Ньюслеттер газетінде пайда болды. Ал, 1844 жылы "Сазерн Мессенжер", атақты жазушы Эдгар Аллан По редакциялаған журналмен айналыса бастайды. Алғашқы дыбыстық жарнама әлемде 1920 жылдың 2 қараша Питсбург, Пенсильвания радиосында эфирге шықты. Осыдан соң радиодағы жарнаманың жоғары нәтижелілігі және қандай да бір радиобағдарламаның рейтингіне көтерілді. Сондықтан көптеген радио-шоу тек жарнамадан түскен табыс есебінен құрылды. 1941 жылы телевизиялық бағдарламаға алғаш рет жарнама көрсетілді. 1955 жылы теледидар жарнаманың ең танымал құралы болып

табылды. ХХ ғасырдың соңында сандық дәуірге белең алып, қазір жаңа технологиялар жарнама саласында мүлде жаңа мүмкіндіктер жасалды.[5]

Жарнаманың талаптары:

1)Жарнама таратылу,орналастыру нысанына немесе пайданылатын құралына қарамастан,тікелей ұсынылу сәтінде арнаулы білімсіз немесе арнаулы құралдарды қолданбай дәйекті әрі түсінкті болуға тиіс.

2)Жарнама мазмұнының бір тілден екінші тілге аудармасы оның негізгі мағынасын бұрмалауға тиіс.

3)Теледидар мен радио арқылы мемлекеттік тілде берілетін жарнама күн сайынғы эфирге шығатын барлық уақыт бойы біркелкі таратылуға тиіс.

4)Жарнама таратылу,орналастыру нысанына немесе пайданылатын құралына қарамастан, тікелей ұсынылу сәтінде арнаулы құралдарды қолданбай дәйекті әрі түсінікті болуға тиіс.

5)Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тіркелмеген діни ұйымдар мен діни оқу орындарын жарнамалауға тыйым салынады.

6)Жарнама қоғамда дүрбелең тұғызбауға,жеке тұлғаларды агрессия бастамауға,сондай-ақ құққа қарсы өзгеде әрекетті қоздырмауға тиіс.

7)Электрондық казиноны және интернет-казиноны жарнамалауға тыйым салады.[6]

Мемлекеттік тіл қазақ тілі болып танылғаннан кейінгі, жарнама тілінің тілдік ерекшеліктері жөнінде сөз қозғалады. Атап айтар болсақ жарнама тілінің дискурстық теориясы әрі коммуникативтік ерекшеліктері жөнінде талқыланады. Жарнама тілінің зерттелуіне үлес қосқан шетел ғалымдарының бірқатар ізденістері де көрсетілген.Жарнама мәтіндерін аудару мәселелері негізінен белгілі бір стилистикалық тәсілдердің «аударылмайтындығынан» туындайды. Оның қатарына идиомалар, мақал-мәтелдер, сөздердің ауысып түсуі немесе ұйқас сияқты лингвистикалық ерекшеліктерді жатқызуға болады. есек те, қазақ тілінің мәселесі бүгінгі таңда өзекті де, өткір мәселенің бірі болып отыр. Қазақ тілін дамытуды біреулер жоғарыдан, билік басындағылардан бастау керек десе, енді біреулер қазақ тілінде оқытатын және қазақы тәрбие беретін балабақшалардан бастау керек дейді. [10]Ал біздің ойымызша, қазақ тілін дамытуды бірінші өзіміздан бастауымыз керек. Яғни, мемлекет тарапынан жасалған қадамдарға атсалысуымыз керек.Екіншіден, таза қазақша оқытатын мұғалім кадрларды дайындау керек. Балабақшадан, мектеп қабырғасынан бастап сөйлеу қабілетіне көп көңіл бөлуі қажет. Қазіргі кезде

қанша жерден «Қазақша білемін» деп тұрса да емін-еркін көсіліп сөйлеуге келгенде, тілі күрмеліп қиналатын адамдардың саны аз емес. Қайткен күнде де қазір қолға алмасақ, ертең санымызды соғып қалатын жайымыз бар.

«Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы - асықпайтын, саспайтын мінезі көрініп тұр» -дейді Мағжан Жұмабаев. Нағыз өмірге сән беретін құбылыс.Осыларға қарап күнделікті өмірде де бір жаңалық барын білеміз, десек те қазақша жарнама тілін қалыптастырып, ұлттық бояуды сақтап отырсақ іргесі берік ел болатынымыз айғақ. Ал іргелі ел боламыз, елдігімізді сақтаймыз десек, мемлекеттік тілді меңгеріп, қолдану аясын кеңейтіп, өркен жаюына әрбір ұлтжанды азамат өз үлесін қосқаны абзал. Бұл тек біздің облыстың емес, Республикалық деңгейдегі үлкен мәселе.Бұл мәселені шешудің жолдарын тезірек табу қажет.Еліміздің тілін, салтын,дінін, және т.б қадірлеуіміз қажет.Осы жақында наурыз айында режессёр,сценарист Ербол Жұмағұловпен сұхбат өткен еді.Сұхбатында қазіргі аударма желілері туралы пікір білдірген еді.-Қазіргі аударма желілері дұрыс аудармайды. Орыс тілден қазақ тіліне сөзбе сөз аударған сәтте мағынасыз болып қалады.Сондықтанда аударма желісі арасына сөздер қосып жібереді.Бұл дұрыс емес,себебі бұл аударым ережесін бұзады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_
2. https://kk.m.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B_%D1%82%D1%96%D0%BB%D1%96

ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА И МОЛОДЕЖЬ

Участник: Кудранова Ания Қайрбекқызы

Руководитель: Жакупова Эльвира Абдулловна

КГП НА ПХВ «Государственный высший медицинский колледж имени Д.Калматаева»

Одной из проблем общества, а именно молодёжи, является отсутствие спорта в их жизни. У каждого есть свои причины, например: хронические болезни, отсутствие времени и денег или же просто лень. Несмотря на то, что сейчас на каждом шагу есть спортивные секции, люди предпочитают кафе, кино, рестораны и другие виды малоподвижных развлечений. Каждый человек сам выбирает себе способ развлечения, но из-за отсутствия спорта в их жизни теряется выносливость,ухудшается здоровье, дисциплина и появляются различные хронические болезни, например: ожирение, слабость, синдром усталости и многие другие. Также причинами не заниматься спортом особенно у молодёжи является вредные привычки и общение с дурными компаниями. К сожалению, за последние годы выявилось падение уровня физических нагрузок у молодежи. Выявлено падение занятия спортом, в престижности учебных заведений, у современной молодежи моментально упало стремление к спорту.

Чтобы уменьшить риск многих заболеваний (инсульт, инфаркт) ,нужно начать правильно питаться, ведь в наше время есть множество рационов правильного

питания, которые помогут вам начаться правильно питаться; делать по утрам, вечерам зарядки, они не будут отнимать много вашего времени, но толк в них очень велик. А лучше всего начать заниматься по вечерам, ходить на тренировки, усиливать свои силовые навыки. Безусловно, в спорте есть очень много пользы как для здоровья, так и для развития мышечной силы. Рассмотрим положительные стороны спорта:

1. Хорошее состояние здоровья.
   Спорт запрашивает интенсивную тренировку, что приводит в порядок состояние нашего тела . Это хорошее решение зафиксировать сердечно-сосудистую систему в течении работ для стойкости и силы
2. Отсутствие стресса
3. Спорт это хороший способ избавиться от стресса и депрессии. Концентрация на игре легко отвлекает от проблем повседневной жизни.
4. Нахождение новых людей\знакомств
   Во время тренировок вы сможете ознакомиться с новыми людьми, новые знакомства
5. Хороший сон
   Любые виды спорта подключают в себя полк подвижности, из-за этого вы будете испытывать себя очень усталым. И чтобы возобновиться организм будет запрашивать концентрированного и продолжительного сна.

Я провела опрос среди людей, моих возрастов. К сожалению, я выявила, что молодёжь практически не занимается спортом, а также если некоторые из них начинали когда-то заниматься тренировками, то это происходило не по их воле.

1)Занимаетесь ли вы спортом?
-Да
-Нет
3)Как часто вы занимаетесь спортом?
-1-2 раза в неделю
-Каждый день
-Не занимаюсь
4)Из-за какой причины вы не занимаетесь спортом?
-нехватка времени
-лень, нежелание
-нет мотивации
-слабое здоровье
-я занимаюсь спортом
5)Как часто вы делаете зарядку?
-Каждый день
-Часто
-Никогда

1)Занимаетесь ли вы спортом?
-Да
-Нет
3)Как часто вы занимаетесь спортом?
-1-2 раза в неделю
-Каждый день
-Не занимаюсь
4)Из-за какой причины вы не занимаетесь спортом?
-нехватка времени
-лень, нежелание
-нет мотивации
-слабое здоровье
-я занимаюсь спортом
5)Как часто вы делаете зарядку?
-Каждый день
-Часто
-Никогда

У многих из них были ряд своих причин, у 20% причиной было слабое здоровье; у 50% нехватка времени; у 25% причиной была лень; у 5% не было мотивации. В среднем 20% молодёжи тренируется крайне редко;30% подростков занимается спортом 1-2 раза в неделю;15% занимаются спортом на постоянной основе; 20% подростков считают, что спорт не предназначен для них;15% молодёжи не хватает времени.

Я могу подвести итог, что подростки практически не занимаются спортом, они до конца не понимают, как влияет спорт на их жизнь. Многие люди если тренируются, то занимаются этим крайне редко. Большинство людей считают, что спорт не предназначен для них. Но, я могу посоветовать всем, что нужно заниматься спортом, в нем существуют много положительных сторон.

Так как вся молодёжь сидит практически все свое время в социальных сетях, я считаю, что нужно усилить призывы к спорту на разных платформах (Instagram, TikTok, Telegram); побольше устраивать конкурсы в различных учебных заведениях; увеличить тренажерные классы, построить бесплатные площадки, ввести пропаганду здорового образа жизни.

Как говорил великий спортсмен Мухаммед Али: «Чемпионами становятся не в тренажёрных залах. Чемпиона рождает то, что у человека внутри — желания, мечты, цели»

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ ТАРИХЫНДАҒЫ ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ ТҰЛҒАСЫ

Қатысушы: Жүнісбек Ақлима Мерғалиқызы
Жетекшісі: Нұғымарова Лаура Нұрбекқызы
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

XVII ғасырдың екінші – XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ елінің бағына ақыл іздегенде табатын нысанасы, ар-абыройының арашасы, жауға алдырмас қорғаны бір топ асылзада азаматтар дүниеге келді. Солардың ішінде Қазақ мемлекетінің ішкі билігіне де, сыртқы саясатына да өлшеусіз еңбек сіңірген Қаздауысты Қазыбек би бар.

Қазақтың жауынгер ханы Салқам Жәңгір 1652 жылы өлген соң, дағдарысқа түскен қазақ мемлекетін қайта құрап, оның саяси институттары мен дәстүрлі қоғамдық жүйесін қайта жаңғырту оңай болмаған. Қаздауысты Қазыбек осы бір ауыр кезеңде атқа мінген тұлға және ол заманның ахуалын түсіну оңай емес. Бұл жағынан бізге қазақ арасында сақталған бабамызға қатысты аңыздар мен жырлар жақсы жолбасшы болады[1].

Қаз дауысты Қазыбек Келдібекұлы (1667-1764) Сыр бойы, қазіргі Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында Теректі бұлағындағы қыстауда Орта жүз арғын тайпасының қаракесек руына кіретін болатқожа атасынан шыққан. Арғы аталары Шаншар абыз, бұлбұл, өз әкесі Келдібек есімдері елге белгілі әділ билер болған. Қазыбектің анасы - Тоқмейіл ұтымды да тапқыр сөздерді көп білетін зерек кісі болыпты. Анасы айтқан есті сөздерді кішкентай күнінен жаттап өскен ол ер жете келе өзі де солай сөйлеуге машықтана бастайды.

Ұлттық сана мен тілінің, рухы мен арман-мұратының ұшан-теңіз ұлылық қасиеттерін ересен қуат-құдіретімен көрсете білген, тәуелсіздік жолында қабырғасы қайысып еңбек еткен Әнет Бабаның шәкірті, көрнекті дипломат, арыстан жүректі ер, мемлекет қайраткері, қазақтың сөз өнерітмен сот билігі тарихындағы ұлы тұлға - Қаз дауысты Қазыбек би.

-Үш жүздің қай батырына ризасың деп сұрағанда Абылай хан айтыпты:

- Мен өзімнен бұрын болған екі кісіге ризамын. Ол қаракесек Қазыбек пен уақ Деріпсал. Бұл екеуі де жауға түскен тұтқынды босатып алды. Қазыбек Қалданға барып босатты, Деріпсал өз ауылында отырып, күшпен қорқытып босаттырды. Бұдан түйеріміз, Қаз дауысты Қазыбектің буырқанған телегей ойынан туған оюлы сөздерінің, қаһарлы айбыны мен айбатының ерлікке, алапат шайқасқа бергісіз екендігі, көзсіз батырлықтың ұшар басына самғап, дүниені дуалы аузымен тас түйін ғып бағындырғаны, киелі өнеріне табындырғаны әдемі жеткізілген.

Бірінші һәм негізгі сала – жер дауы. Қыс қыстау, жаз жайлау, қоныс, құдық – мал баққан елдің атадан балаға мирас қып қалдыратын еншісі. Өйткені жер – атамекен, кіндікжұрт, отан. Жер – тіршілік етер ортасы, баба моласы, кіндік байлар қасиетті тұрағы. Сондықтан көшпелілер үшін жерден киелі ештеңе жоқ. Жер дауынан қиын дау да жоқ.

Екінші сала – үй ішілік тірліктегі сыйластық, байланыстылық, әке мен бала, ене мен келін арасындағы қарым-қатынас, үлкен мен кіші арасындағы сыпайыгершілік, ата-анаға деген құрмет, жастарды тәрбиелеу, баулу сияқты инабаттылық, имандылық шаралары. Өйткені, “баланы жастан” дейтін қағиданы қатты ұстанған халқымыз ұл-қызын ибалылыққа үйретіп, имандылық қасиетке икемдеп отырған ғой.

Үшінші тармақ ұрлық пен қарлыққа, барымта мен сырымтаға кедергі қойып, бұқараны адалдыққа шақырып, еңбекпен күнелтуге бейімдеген заңдар тізбегін қамтиды. “Арам жемейік, адал өлейік” дейтін пікір сол кезде қалыптасса керек.

Жарғының төртінші бабы ел мен ел, халық пен халық, ру мен ру арасындағы дау-дамайды әділдікпен шешуге арналған. Ынтымақтық тілеген ел дауды білекпен емес білікпен тындыруды көздегені ақиқат. Өйткені, Қазыбек би өмірі – соның ақиқат куәсі. Сондықтан бұл тармақтың қазақ даласы үшін де, қазақ баласы үшін де мәні зор екені даусыз.

Бесінші бунақ-бап ел бірлігін сақтау, отанын қорғау, сыртқы жауға тойтарыс беру, жасақ құру, сардар сайлау, сауын айту тәрізді жаугершілік кезіндегі мемлекеттік ірі оқиғаларды қамтыған ереже-қағидалар шоғырын түзсе керек.

Алтыншы тармақ түгелдей құн дауына бағышталған. “Қанды кек”, “қанды мойын құныкер”, “ежелгі дұшпан”, “ескі жау” ұғымдары қалыптастырған қаталдық пен қатыгездікті жұмсартып, қазақтың онсызда оңай желпілдегіш түндігіне одан сайын жел үрлемей, жаттан емес жақыннан жау тапқызатын қатқылдықты иітуге барын салған үш бидің, соның ішінде Қаздауысты Қазыбектің де мәмілегер даналығы бар бұл тармақта. Өлімді өліммен көбейтпей, ізгілік тілекпен Өмірді арашалаған, Өмірді қорғаған бұл жосынның маңызы да ерекше.

Тағы да дәлелге жүгінейік. Қасым мен Есім хандардың әдет-ғұрып заңдары бойынша кісі өлтірген айыпкердің шаңырағы ортасына түсіріліп, қара орманы бүлдіргісіне дейін түк қалмай түгел таланып, өзі өлім жазасына бұйырылатын болған. Ал, “Жеті жарғыда” бұл даудың жазасы әжептәуір жеңілдене түскен. “Қанға-қан” жойылып, енді құн төленіп, айып кесілетін болған. Және ол айып-жеті айып аталған.

Әз Тәукенің тұсында әдет-ғұрып заңдарын жасап және соны үш жүздегі үш бидің – Төленің, Қазыбектің, Әйтекенің жүзеге асыруымен қазақ хандығы біршама бейбіт өмір сүрген еді[2].

- Ал ағайын, мына жігіттің мал тапқыштық қасиетіне күмәніңіз барма?- деп сұрайды. Ол төмен қарап үндемей қалады. Қазыбек көпшілікке қарап:

- Қане, жұртшылық, бұған сіздер қалай қарайсыздар?- дегенде, айнала төңіректеп тұрғандар: - Бала дәл шешім айтты, атасына рақмет, бәйге тай күнінде жоғалтқан жігіттікі, - десіп таратыпты. Қазыбек атына «Би» атағы осы билігінен кейін қосылыпты.

Екіншісі - ел аузындағы мына бір оқиға:

Қазыбек беріде елге белгілі болған кезде екі әйел балаға дауласып, алдына келіп жүгінеді. Әйелдердің біреуі: - Мынау баламды есін білмейтін жас күнінде жоғалттым. Соны мына әйел тауып алды ма, әлде ұрлап алды ма, оны білмеймін, әйтеуір асырап алыпты. Бүгін танып, сұрасам «өз балам» деп бермейді.

Екінші әйел тұрып:

- Бала өзімдікі, өзім таптым, мынау босқа жармасып тұр.

- Қазыбек екі әйелдің сөздерін тыңдап болып, біраз ойланып отырып қалады. Содан кейін: - Біріңді балаңды жоғалтқаныңды, енді бірің тапқаныңды растап шығарлық мұнда басқа куә жоқ. Сондықтан мұнда мынадай билік еткім келеді, - дейді де, баланың екі қолынан екі әйелге ұстатып қойып, қара балтаны жоғары көтеріп: «екеуіңе қақ бөліп беремін, осыған ризасыңдар ма?» -дейді.

Сонда балаға ие болып жүрген әйел:

- Біреуге тірі кеткенше, жартысы болса да өзімде қалсын, бөлсең бөл! -деп безеріп тұрып алады.

Ал баланы таныған әйел:

-Ойбай, биеке-ай! Қайда жүрсе де тірі болсын, шаба көрмеңіз! - деп безек қағады. Содан барып Қазыбек:

-Бала мына жоғалтқан әйелдікі, өйткені ол баланың тірілігін тілеп тұр, баласын өзіне бер,-деп билік айтады.

Би - жас ерекшелігіне бағынбайтын қызмет. Айтқанын ел қабылдаса жас бала да дауға билік айтып, даудың шешімін шығарады, бірақ елді билеу үшін адамға өмір тәжірибе қажет екені ескеріледі.

Бабамыздың «Қаз дауысты» атануына ең алдымен оның бүкіл қазақ қауымы жиналған ұлы дүбірлі жиындарды өзіне бағындырған шешендік қасиеті, ақылмандығы себеп. Зор дауыстың ар жағында ғажайып табиғи қасиет, өнер мен білім, ересен интеллектуалды тәрбие жатыр».

Қаз сөзінің мағынасы:

Біз көп заман Қазыбектің «Қаздауысты» атануы Қоңтайшының «сенің дауысың қаздың дауысындай қаңқылдап шығады» деуінен басталады деп жүрміз. Түркі-мұңғыл көшпелілерінің қоғамдық өмірі демократиялық тәртіпке негізделгені белгілі. Бұл елдердің ішінде байы мен кедейі, сұлтаны мен қарашасы болғанымен, олардың қарым-қатынасын әлеуметтік қайшылық, қанаушылық мағынасында түсіну мүмкін емес. Қоғамды ұстап тұрған ұлы күш – туыстық, рулардың бәрі де бір-бірімен ағайынды, бірі үлкен, бірі кіші. Осы

ортада хандардың билігі де шектеулі болуы заңды, олардың барлық күші ру көсемдерінің ниетіне, ықыласына қарай өлшенеді. Ел қолдаса күшті, жаугершілік болса тізгін қолда. Ел көңілінен шықпаса биліктен қалыс. Сол себептен қазақтың да, қалмақтың да қалың ортасында мемлекет пен қоғам өмірінің маңызды деген мәселелері бүкіл ел басшылары мен қарулы азаматтар қатысқан жиында шешіледі. Осы ұлы нөпір жиынды «Қаз» деп атайды. Оның өткізілу салты да, шешетін мәселесі Күлтөбедегі «Жеті жарғының» отырыстарынан, хан сарайында, астарда өтетін әртүрлі кеңестерден (тоғанақ кеңес, тұрымтай кеңес, т.б.) бөлек.

Қазақ идеясының негізі болған «қаз» ұғымы Еуразия халықтарының көне тарихына бастайды. Кавказ таулы өңірін мекендеген осетин және кабардин халықтарының нарт аталатын эпикалық жырларында «Тот на хасе быть достоин, Кто мечом разрушил горы, Кто познал просторы мира, Кто прошел моря и сушу, Закаляя душу в битвах», деген қазға арналған жарқын шумақтар бар.

Бұл жерде «қаз» (хаса) ең атақты жауынгерлердің кеңесі, қазіргі тілмен айтсақ, парламент дегенді білдіреді. Эпос қазға тек әскери сыннан өткен, жаугершілікте шыңдалған азаматтар ғана қатыса алады дейді. Кап тауындағы кабарда, балқар, қарашай халықтарында ел жақсыларының жиынын әлі күнге «қаз» (хаса) атайды. Қазіргі зерттеушілердің пікірінше «Хасэ, как и столетия назад, является представительным органом власти народа, полномочным парламентом суверенного государства. На Хасэ периодически принимались решения, очень важные для общества»[1].

Қазақ елінің әдет-ғұрып заңдарын қалыптастыруға ат салысқан, халқының еркіндігі мен азаттығын ойлап, ұзақ ғұмырын ат үстінде, ел шетінде, жау бетінде өткізген кемеңгер ойшыл, қажымас қайраткер туғанына 350 жыл толған Қаракесек Қазыбек есімі ұлтының есінде мәңгі сақталары аян.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Артықбаев Ж. Қаздауысты Қазыбек би: тұлға және мемлекет // Егемен Қазақстан. – 2017. 15 тамыз
2. Сматаев С. Қаздауысты Қазыбек // Орталық Қазақстан. – 2017. 08 тамыз
3. Қаз дауысты Қазыбек би. Мақалалар жинағы.Ітом. –Алматы:Мер – PRESS.2017 https://www.kstounb.kz/kz/knigi/history?node=8440

ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА И МОЛОДЁЖЬ

Участник: Сунаварова Олиха Мусобоевна
Руководитель: Жакупова Эльвира Абдулловна
КГП на ПХВ «Государственный высший медицинский колледж им Д. Калматаева» УЗ области Абай

В наше время современная молодежь проводит очень много своего времени в гаджетах. Одной из глобальных проблем является зависимость от гаджетов. Но современная молодежь не замечают вреда, как психического, так и морального. В особенности, подростки даже во время учебы сидят в телефонах. Они уже не

могут контролировать свое поведение, а также подростки не представляют свою жизнь без своих смартфонов. Возникают и семейные проблемы. К примеру, ссоры с родителями из-за бесполезной траты времени в интернете.

Гаджеты негативно воздействуют на зрение человека. Так как человек не умеет правильно держать дистанцию, осанку и в то же время он не знает, что нужно совершать перерывы при использовании гаджетов.

Есть также и ряд других проблем от зависимости телефонов, например, ухудшение памяти. Человек привык записывать информацию в смартфонах и поэтому не считает нужным запоминать и фиксировать информацию. А это способствует замедлению работы мозга. Из-за виртуальной реальности человек может потерять связь с реальностью. Аналогично снижается стрессоустойчивость; происходит нарушение нормального режима сна; усиливается социофобия.

Для того, чтобы понять какое влияние имеют гаджеты над жизнью подростков, я провела опрос среди своего окружения.

Вопрос	% проходящих
Сколько времени вы проводите в интернете?	
Более 3 часов	70
Менее 2 часов	30
Как часто вы сталкиваетесь с мошенниками?	
Очень часто	10
Иногда	30
Никогда	60
Вы надеетесь на свою память или на гаджеты?	
На свою	40
На гаджеты	60
Испытываете ли вы дискомфорт\стресс во время отсутствия интернета?	
Да	80
Нет	20
Используете ли вы телефон во время приема пищи?	
Всегда	75
Иногда	25
Никогда	
Предпочитаете сидеть дома в телефоне или выйти на улицу?	
Сидеть дома	30
Выйти на улицу	70
Что вам нравится больше общение в интернете или в реальной жизни	
В интернете	60
В реальной жизни	40
Издевались ли над вами в интернете?	

Да	20
Нет	80
Ухудшилось ли ваше зрение из-за использования телефона?	
Да	70
Нет	30
Какое приложение вы используете чаще всего?	
TikTok	30
YouTube	10
Instagram	60
Какой мессенджер для общения вы используете чаще всего?	
Telegram	60
WhatsApp	40

По первому вопросу понятно, что подростки большую часть своего времени проводят в интернете, смотря Tik Tok и листая Instagram

Второй вопрос показывает, что подростки могут наткнуться на ловушки мошенников. Например, читая статью на каком-нибудь сайте.

Третий вопрос обусловливает то, что современная молодежь больше опирается на гаджеты, чем на свою память. Они знают, что могут погуглить нужную им информацию и считают, что можно не запоминать эту информацию. Это плохо, так как мозг будет отдыхать, а следовательно, начинает работать медленнее.

По четвертому вопросу следует, что подросткам комфортнее находится в интернете, чем быть в реальном мире. Это говорит о том, что подростки зависимы от интернета.

Также по ответам на пятый вопрос мы понимаем, что подростки даже во время пищи используют гаджеты. Это также является признаком зависимости.

Последние два вопроса показывают нам, что Instagram и WhatsApp самые актуальные программы среди современной молодежи.

В последнее время актуален вопрос сбора телефонов у школьников во время занятий. Я полностью поддерживаю эту идею, ведь телефоны отвлекают школьников от учебы. Современные дети даже во время учебы используют телефоны. Когда дают определенные задания многие дети даже не пытаются сами сделать своими силами и сразу начинают искать в интернете. Это может плохо оказаться в будущем на умственных способностях подростка, ведь они даже не развивают свой мозг.

Я рекомендую заменить соцсети н книги, газеты, журналы. Устраивать разные кружки, чтобы подростки могли найти себе хобби. Интернет зависимость возникает из-за большого количества свободного времени,

Также, учителя должны давать задания, которые школьники будут делать от руки. Например, вместо презентаций и рефератов делать какие-нибудь постеры, рисунки, макеты.

Можно устраивать разные спортивные состязания, для того чтобы занять свободное время подростков. Занятия спортом могут также помочь избавиться от зависимости. Самой правильной профилактикой интернет зависимости является составление правильного распорядка дня.

Интернет зависимость-это болезнь и нужно бороться с ней.

РОЛЬ ГУМАНИТАРНЫХ НАУК В МЕДИЦИНСКИХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ

Участник: Смагулова Диляра
Руководитель: Айтчанов Нуржан
УО «Авиценна»

Целью доклада является вопрос о вкладе гуманитарных наук в медицинское образование, охарактеризовать его гуманитарный компонент. Медицинское образование стало компетентностью, основанной на измеримых этапах, требующих подтверждения результатов, роль гуманитарных наук в медицинском образовании как участника, способствующего компетенции врачей, стала подвергаться сомнению. Оправдан ли процесс сокращения часов и самих предметов гуманитарных наук в медицинском образовании? Каков международный опыт и перспективы интеграции гуманитарных наук в медицинское образование?

Актуальность сохранности человечности в медицине.

Человечность - гуманность имеет тесную связь с концепцией взаимоотношений врача и пациента. Сегодня социальные изменения и этические проблемы в здравоохранении стали одной из причин эволюции моделей взаимоотношений врача и пациента. Роль врача состоит в том, чтобы поддерживать автономию пациента, поддерживать и/или улучшать здоровье, пропагандировать добро, не делать зла и создавать отношения, основанные на доверии. Ключевые этические принципы уважения личности, автономии, благодеяния

(делать добро), отсутствия вреда (избегать зла), справедливости (распределение ресурсов) и правдивости должны быть инклюзивными для отношений врач-пациент. Качество этих отношений важно как для врачей, так и для пациентов. Чем лучше будут отношения с точки зрения взаимного уважения, знаний, доверия, общих ценностей и взглядов на болезнь и жизнь, а также доступного времени, тем лучше будет количество и качество информации о болезни пациента, передаваемой в обоих направлениях, что повышает точность

диагностики и расширение знаний пациента о болезни. Когда такие отношения являются плохими, способность врача провести полную оценку ставится под угрозу, и пациент с большей вероятностью не будет доверять диагнозу и предлагаемому лечению, что в результате приведет к снижению уровня соблюдения требований, чтобы фактически последовать медицинскому совету в этих обстоятельствах, а также в случаях, когда существует реальное расхождение во мнениях врачей. Работа в медицине часто раскрывает темные стороны человеческого бытия. Есть бездомность, наркомания, злоупотребления алкоголем, пренебрежение к своему здоровью, травмы и многое другое, что должна выдержать психика врача. Это не говоря об инсультах, пневмониях, сердечных приступах, переломах, выкидышах и более распространенных ежедневных драматических и трагических ситуациях, которые также являются испытанием в профессии врача. Сохранение гуманного мировоззрения среди всего этого -

действительно трудная работа, но в этом и заключается суть гуманизма в медицине. В направлении гуманизации образования без должного внимания исследователей все еще остается медицинская профессия.

В настоящее время, наблюдается «тенденция свертывания», которая выражается в сокращении часов и объема преподавания гуманитарных дисциплин, слияния их в одну - кафедру общественных дисциплин. Это положение противоречит логике всей современной ситуации: ведь именно гуманитарная составляющая в образовании врача позволит ему стать по-настоящему образованным специалистом, социально -культурной индивидуальностью. Несмотря на

различия в часах, преподавание, методологию и содержание курсов, медицинская этика стала фундаментальной частью медицинского образования на Западе и Востоке. Именно прорыв в области биомедицинских исследований и создание новых технологий способствуют универсализации учебных программ, позволяющих успешно осуществлять подготовку медицинских специалистов в соответствии с современными требованиями здравоохранения и медицинской науки

Медицинские гуманитарные науки: зарубежный опыт гуманизации медицинского образования

В медицинском образовании за рубежом гуманитарные науки» занимают иное курсы «Medical humanities»- «медицинские положение, чем у нас. А что есть «медицинские

гуманитарные науки»? Это междисциплинарная область, состоящая из гуманитарных наук (теория литературы и искусства, философия, этика, эстетика, истори) и искусства (литература, театр, кино, музыка и изобразительное искусство), включенные в программу обучения студентов медицинских ВУЗов я и религиоведение), социальных наук (антропология, психология и социология. В медицинском гуманитарном журнале Австралии

определяется, что медицинские гуманитарные науки занимаются «наукой о человеке» и представляют перспективы таких дисциплин, как: история, философия, литература, искусство и музыка к пониманию здоровья, болезни и медицины. Медицинские гуманитарные науки предназначены для взаимодействия клинической помощи и «гуманитарных наук» в деле междисциплинарного обучения и исследований, в оптимизации ухода за пациентом. Медицинские гуманитарные науки стали частью основного направления медицинского образования в Северной Америке и Великобритании и теперь включены во многие медицинские программы в Австралии. Австралийская ассоциация медицинских гуманитарных наук была организована в ноябре 2004 года; аспирантура по медицинским гуманитарным наукам началась в университете Сиднея в 2005. Один из подходов к преподаванию медицинских гуманитарных наук заключается в «нарративной медицине», с программами, способствующими «нарративной компетентности», термину, который включает в себя способность к эмпатическому пониманию, восприятию значимости метафор пациента и врача, способности принимать различные точки зрения. Центральным в этом подходе

является вера в то, что это общее понимание истории пациента является неотъемлемой частью терапии.

Медицинские гуманитарные науки за рубежом включают в себя анализ литературных произведений, посвященных медицине,

истории медицины и медицинской этики, анализу способов взаимодействия медицины и искусства. Гуманитарные науки прививают студентам навыки общения с пациентами и ведения просветительской работы. К сожалению, те медико-гуманитарные курсы у нас сегодня по истории медицины и медицинской этики, совершенно недостаточны для того, чтобы заставить всерьез задуматься над серьезными вопросами, не говоря уже о том, чтобы чему-то научить будущих врачей в этом плане.

Сегодня медицинское образование за рубежом характеризуется приобретением знаний и навыков, а также развитием медицинских ценностей и отношений. Клиническое наблюдение с распознаванием ключевых данных и закономерностей в собранной информации имеет решающее значение при принятии окончательного медицинского решения. Недавняя литература свидетельствует о растущем консенсусе в отношении недостаточности нынешнего медицинского этического образования для удовлетворения потребностей специалистов и информирует нас о преимуществах включения медицинского этического образования в учебные программы резидентуры. Диагностика и решение этических дилемм, возникающих в результате клинической практики или исследований на людях, получение компетенций, предусмотренных профессиональными и аккредитационными агентствами, развитие медицинского профессионализма, являются одними из потребностей в обучении медицинской этике в программах резидентуры. Медицинские гуманитарные науки важны для совершенствования качественного образования будущих врачей. История анатомии и искусства тесно связаны, начиная с эпохи Возрождения. Посещение курсов по искусствоведению улучшают наблюдательные навыки студентов-медиков. Литература является источником информации о природе и источнике человеческих эмоций и поведения, а также повествований о болезнях и увеличивает воображение. Философия помогает в развитии аналитического и синтетического мышления. Преподавание истории медицины развивает смирение и помогает избежать повторения ошибок прошлого и нередко вызывает исследовательский и терапевтический скептицизм. Понимание медицинской этики и профессиональной деонтологии определяет отношения между пациентом и врачом, а также отношения между врачами и их коллегами. Курс «Медицинские гуманитарные науки» уже включен в учебные программы многих медицинских школ Европы, США и Австралии. Целью курса «Гуманитарные науки» является развитие воображения и интерпретации данных с помощью сложных аналитических процедур, развитие навыков пристального наблюдения и тщательного

толкования «языка» пациента, а также усиление эмпатии к пациентам, развитие отношений между врачом и пациентом и, наконец, концептуализация личных и профессиональных ценностей

По данным Ассоциации гуманитарных наук, изучение гуманитарных наук способствует развитию у студентов способности слушать, интерпретировать и общаться, в то же время, поощряя понимание этических аспектов в практике. Это позволяет уделять больше внимания пациенту в целом, оценивая как объективные, так и субъективные переживания болезни и здоровья. Изучение гуманитарных наук может способствовать воспитанию проницательности, отзывчивости студентов.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ НАҚЫЛ СӨЗДЕР

Қатысушы: Бірлікқызы Диана, Жараспаева Азиза
Жетекшісі: Кожагулова Жаннур Рашидовна
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»КМҚК

Нақыл сөздер тек бұрын ғана емес, қазіргі уақытта да қолданыла алады. Олардың көпшілігі кез-келген уақытқа сәйкес келетін әмбебап шындықтарды көрсетеді. Оларды шығармашылықта қолдану қазіргі әлемді түсінуге және дана кеңестерді іс жүзінде қолдануға көмектеседі. Нақыл сөздердің тақырыбы Мұхтар Әуезовтың шығармашылығында үлкен өзектілікке ие. Нақыл сөздер елдің мәдени мұрасын сақтауға, халық даналығын жеткізуге және қазіргі замандағы өзекті шындықтарды түсінуге көмектеседі.

Ғылыми жобаның мақсаты және міндеттері.

Нақыл сөздердің тәрбиелі мәні мен ерекшеліктерін көрсету. Мұхтар Әуезов шығармаларындағы нақыл сөздерді қазіргі болашақ ұрпаққа насихаттау.

Нақыл сөздер дегеніміз – күрделі мәселелерді терең өте дәл жеткізетін ой шалымы кең, қысқа қайырымды шешен сөз. Ол көп қырлы, түйіндеуге бай, көркемдік дәрежесі жоғары сападағы, қанатты сөз айшығы данышпан ақылдың төзінен, ой көзі айқын көрінетін сөз жасаушы ұлы шебердің мүсіндеуінен шыққан іші – алтын, сырты – күміс сөз төресі. Нақыл сөздер үлгісі қазақ әдебиетінде ерте кезде-ақ ауызекі тіл өнерге, өнегеге айналған шақтан бері қалыптасқан. Олар мақал-мәтелдермен қатар туып отырады. Әдетте, бұл нақыл сөздер ел ауызында белгілі кісілердің атымен бірге жүрді, ал авторы ұмытылған сөздердің өзі де тарихи кісілердің атын жамылып отырды. Бұлай сақталу нақыл сөздердің өзіндік ерекшелігі болып табылады. Асыл сөз – көненің көзіндей сирек айтылатын, ащы да болса шынайы шыңдықты баяндайтын, мағына-мәні терең, ақыл-парасатпен крілген өнегелі сөз. Билер сөзі-қуатты да қанатты, ақыл да нақыл сөздер. Нақыл сөз-өнеге, өсиет ретінде айтылатын аталы сөз. Аталы сөз-түркі әлемінде мақал-мәтел мағынасында ең алғаш қолданылған және халық даналығының қорлана қалыптасуына ұйытқы болған байырғы атаулар. Нақыл сөз – сөзге айналған ойдың, нұрланған сөздің сән-салтанатын паш ететін бірегей тұжырымды түйін. Нақыл сөз-адамзат өркениеті мен мәдениетіндегі рухани сабақтастықты қамтамасыз ететін шығын пілсапалық ой, тәжірбиелік түйін, алеуметтік-саяси, моральдік-этикалық жіне эстетикалық көзқарас, бейнелі кестеленген сөз. Басты шарттары- өмірлік құбылыстар мен адамдардың іс-қимылына, мінезіне орайлас көзқарастағы анықтық, ой шындығына адалдық, пікір жинақтап қорыту ойды жеткізудегі дәлдік пен қысқалық. Нақыл сөздердің

тәрбиелік мәнінің адамдар өміріне пайдасын анықтау, қоғам, заманға байланысты тәлім-тәрбиелік мәні бар салаларын зерттеу және нақыл сөздердің нұсқаларын біздің заманымыздағы қызметі көркем әдебиетке ауысуы өзектілігін көтеру. Нақыл сөздердің қазақтар үшін маңызы зор. Себебі, қазақтар ежелден өз балаларын нақыл тыйым, ырым сынды қазақи менталитетпен тәрбиелеген. Мысалға қазақ әдебиетінің зергерлері, олар қазақ елін болашақ ұрпақты тәрбиелеу мақсатында өз өсиеттерін қалдырған. Халық ауыз әдебиетінде Абайдың сөзі Мұхтардың өсиеті деуі тегін емес. Мұхтар Әуезов қазақ әдебиеті ғылымына өлшеусіз үлес қосқан ұлы қаламгер. Мұхтар Әуезов - қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан ғылым академиясының академигі (1946), филология ғылымының докторы мен профессоры (1946), Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1957). Ол қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданындағы Бөрілі деген жерде 1897 жылы 28 қыркүйекте туған. Қазақтың заңғар жазушысы артына мол әрі бай мұра қалдырды. Елдің оқу-ағарту ісіне, драматургия саласына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Алғашқы көркем әңгімесі — «Қорғансыздың күні» 1921 жылы жарияланады. М.Әуезов 1922 жылы Орынборда, Қазақ Орталық атқару Комитетінде жауапты қызметте болды. Бұдан соң Ташкентке келіп, қызметке орналасады, әрі Орта Азия мемлекеттік университетінде оқиды. Мұхтар Әуезовтің бірталай әнгімелері 1922—1923-жылдарда Ташкент қаласында шығып тұрған «Сана», «Шолпан» журналдарында басылған («Кешкі дөң басында», «Түнгі ауыл», «Қысты күнгі дала», «Қысқы түн», «Сыбанның моласында», «Сөніп жану» т. Б.). «Адамдық негізі — әйел» (1917), «Мәдениетке қай кәсіп жуық», «Оқу әдісі», «Ғылым тілі» (1918) секілді мақалаларында ол оқу-ағартудың, мәдениеттің маңызды мәселелерін көтереді. Мұхтардың 1923 жылы Орта Азия мемлекеттік университетінде қырғыз эпосы «Манас» туралы жасаған баяндамасы ғылыми қауымның назарын аударады. М.Әуезовтің 1917ж Оқудағы құрбыларыма мақаласы (Сарыарқа газеті), 1917ж Адамдық негізі- әйел мақаласы (Сарыарқа газеті), 1918ж Оқу ісі мақаласы (Абай журналы), 1921ж Қазақ қызметкерлеріныңміндеті мақаласы(Қазақ тілі газеті), 1922ж Ашық хат мақаласы (Қазақ тілі газеті), 1922ж Қазақ әдебиетіныңқазіргі дәуірі мақаласы (Шолпан журналы), 1925ж Әдебиет ескілігін жинаушыларға мақаласы (Қазақ тілі газеті), 1930ж Оқуға ұмтылатын уақыт мақалалары жарық көрген.

"Қазақ қызметкерлерінің міндеті" мақаласы 1921 жылы "Қазақ" газетінде жарияланған. Бұл мақалада оқыған,білім алған азаматтарды белсене іске жұмылуға шақырады. Мақала мақсаты елді ағарту, өнер-білімге тартып, дүниенің жағдайын көруге көзін ашу, шаруасын турлеп, ішінен дамыту. Бұл міндетті мойынына алмаған қызметкерлер қазақ азаматы емес, ел, ұлт қамын ойламайды дегені. Әр қазақ азаматының міндеті әрі әлсіз, әрі надан, көмексіз елге қызмет ету, олардың көзін ашу мақсатындар білім беру, дамыту, елдің саяси пікірін ояту, жалпы тарихи жағдайын жоғарлату. Қазіргі уақытта біз барлық күшімізді, уақытымызды, сөзімізді бүгінгі күнге өнетін оқу жұмысына салуымыз керек. Қолдан іс келетін замандар, ел тілегін орындай алмауы - ұят

іс, сол істерді істейтін уақытта тек құр сөзбен өткізсек, қараңғы, сауаты ашылмаған елдің алдындағы міндеттімізді сөз деп ұққанымыз.
"Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі" мақаласы 1922 жылы "Шолпан" журналында жарияланған. Мақалада қазақ әдебиетінің маңызы, міндеті айтылады. Ауыз әдебиетіміз бай, өрнекті, тарауы көп кестелі, қазақтың мақаласы секілді кең, келешегі көрікті түрің әдебиетінің ішінде үлкен өріс алатын әдебиет секілді көрінеді. Ескі әдебиеттің түрлерін білу, бетін ұғу, ағымына түсіну — біздің өзіміз үшін керек. Бүгінгі әдебиетке белгілі жол салып, дұрыс баңдар береміз десек, жалпы қазақ әдебиетінің өткен тарихын, бүгінгі келешегін түгел түсінуіміз керек. Қазақ әдебиетінің ішіне қазақ өмірін түгел суретімен алып кіру- әдебиеттің ендігі міндеті.
М.Әуезовтің мақалаларымен таныса отырып, нақыл сөздерді жинақтадым.
«Адамдық негізі – әйел» мақаласы
1.Ер жағы қара басынан басқаға қарамай жүргенде, балаларын баулып, асырап, үйлік ұйымның басын құраған — әйел. [2,7]
2.Қай уақытта қай халықта болсын, білім жолында жұрт қатарына жетерлік халық болу жолында ең керекті шарт—ақ жүректі екпінді ерлер. [2,9]
3. Адамда екі түрлі қылықтың жолы бар: бірі—тіршілік қамы, бірі—адамшылық қамы. [2,7]
Қазақ халқының ұлт болып ұйысуына, халық боп қалыптасуына әйел-ананың сіңірген еңбегін жеткізу қиын. Сондықтан да халқымыз қасиетті жерін, киелі Отанын, ұлттығының өлшемі тілін асыл да ардақты, мейірімді де шуақты Анаға теңейді. Ал, ұлы суреткер өшпес әңгімелеріне дейін-ақ, авторлық Ұстанымын нықтап, «Адамдық негізі – әйел» деп ой толғады. Адамның адамдығы, адамгершілік қасиеті әйелге-анаға деген қарым-қатынасымен, көзқарасымен айқындалатына мән берді. Қазақ әйелі қандай ауыртпалықты болса да халқымен бірге көтеріп, жаугершілікте ерлермен бірге атқа қонып, қолына қару алса, бейбіт кезеңде бесік тербетіп, ұл-қызын дала даналығына баулыған.
«Қазақ қызметкерлері туралы» мақаласы
1.Ел тілегі белгілі — ағарту, көзін ашу. Мүмкін қадар шаруасын түзеп, ортасына өнер-білімнің жарығын, үлгісін орнату. [2,35]
2. Әрі надан, әрі әлсіз, айласыз, көмексіз елге қызмет қылу, басшы болу міндетіне көп мойныңа алған соң оның барлық кемтарына ем іздеу, жетпегеніне жалғасу— азаматтың міндеті. [2,34]
3. Іске қатыспай, оңашада – ұлтшыл, кең байтақта – батыр болу, түбінде, қиын жұмыс емес. Бірақ бұл мінез – нәрсіздіктің белгісі, шынына келгенде, олардың елшілдігіне де сенім жоқ. [1,49]
4. Қазақ жастарының ел шаруашылығына қатысу жолдарын дұрыс шешу, ел шаруашылығының осы кездегі қалыптарын айқын танумен байлаулы. [4,75]
5.Ұйымдардың қай түрлерінің де болса өркендеуі, бір жағы-нан, ұйымдасқан елдің ынталылығына, екінші жағынан, ұйым-ның ішкі жұмысының дұрыс апаруымен байлаулы.[4,76]
Қорытындылай келе, М.Әуезовтің мақалаларының, нақыл сөздерінің маңызы орасан зор. Нақыл сөздер, өздеріңіз білетіндей, халықтың даналығы мен тәжірибесін қамтитын қысқа және мәнерлі сөздер. Олар өмірге қысқаша

нұсқаулық болып табылады және бізге әлемді түсінуге және өз әрекеттерімізді моральдық принциптермен байланыстыруға көмектеседі. М.Әуезовтің мақалаларындағы нақыл сөздерді насихаттау адамдарға жалпыадамзаттық принциптер мен өмірлік сабақтарды жақсы түсінуге, сондай-ақ қазақ халқының мәдени мұрасын сақтауға көмектеседі. Сонымен қатар, мақал-мәтелдер балаларды тәрбиелеу мен тәрбиелеуде олардың жеке басы мен моральдық қағидаларын дамытуға көмектесу үшін қолданыла алады. Біз осы нақыл сөздерді қазіргі болашақ ұрпаққа насихаттап, тәлім тәрбие беру бізге берілген парыз. “Өнерден қуат алмаса тіршіліктің шырағы өшеді” деп М. Әуезов айтқандай өсіп келе жатқан ұрпағымызға өз халқының өнерін бойына сіңіріп өсіру кезек күттірмейтін мәселе.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Мұхтар Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014 2-том: Мақалалар, әңгімелер, аудармалар, пьесалар. 1921–1925. – 480 б.

2.Мұхтар Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. —Алматы: Жазушы.—Т 15. Мақалалар, зерттеулер.—1984.

АБАЙ ЖОЛЫ РОМАНЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ҮЛГІЛЕР

Қатысушы: Акынгазина Гүлмаржан, Сүйеубергенова Тоқжан
Жетекшісі: Кожагулова Жаннур Рашидовна
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»КМҚК

Фольклор – бұл адамдардың көзқарастарын, олардың адамгершілік негіздерін, өмір ерекшеліктерін бейнелейтін халықтық өнер. Ол жазбаша сөйлеу пайда болғанға дейін де пайда болды. Адамдар ежелден ән мен ертегі шығарып келеді. Ұрпақтан ұрпаққа батырлар, жорықтар және әртүрлі табиғат құбылыстары туралы аңыздар айтылады. Барлық уақытта көптеген әртүрлі жұмыстар жинақталды. Қазақ фольклорына да осы қағидаттар тән.Қазақ фольклортану ғылымы – қазақ фольклорының жиналу, жариялану тарихы мен табиғатын, даму жолдарын зерттейтін ғылым. V–VIII ғасырларда тасқа жазылған көне түркі жазуларында алуан түрлі шешендік сөздер, тарихи оқиғалар мен эпикалық сюжеттер сілемдері, жоқтаулар, қанатты сөз үлгілері кездеседі.[1] Қазақ ғалымдарының ішіндегі фольклорды жинақтап, зерттегендердің бірі Мұхтар Омарханұлы Әуезовке тоқталсақ. Мұхтар Омарханұлы Әуезов — қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан ғылым академиясының академигі (1946), филология ғылымының докторы мен профессоры (1946), Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1957). «Абай жолы» - Мұхтар Әуезовтың әлемге әйгілі тарихи романдар топтамасы – қазақ халқының тұңғыш эпопеясы. 1-томы 1942 жылы, 2-сі 1947 жылы, 3-сі 1952 жылы, 4-томы 1956 жылы жарыққа шықты. «Абай жолы» арқылы қазіргі қазақ прозасы күллі дүние жүзі әдеби классиканың шырқау шыңына шықты. Роман-эпопея әлемнің 116 тіліне аударылған болатын. «Абай жолында» XIX ғасырдағы қазақ қоғамының тыныс-тіршілігі, салт-санасы кеңінен қамтылып, сан қырлы тұтас галерея жасалған.

Халқымыздың этнографиялық, діни, рухани, мәдени дәстүрлері: жаз жайлауға, қыс қыстауға көшу, құдалыққа бару, той атқару, ас беру, түрлі сайлау, дау-шарлар, сондай-ақ жеті ағайынды жұт, аң, құс аулау мен табиғат көріністері, т.б. бәрі-бәрі көркем көрініс тапқан. Осы «Абай жолы» роман-эпопеясындағы фольклорлық үлгілерге тоқталып кетсек:

Құлағың сал жырыма,
Ойлана қара сырыма.
Шат-шадыман емеспін,
Құр құландай жортқанмен,
Құбылтып күй тартқанмен,
Қайғыдан Барлас, құры ма?! [2,53 б.]

Бұл өлең жолдары Абай ауырып жатқанда келген нағашысы Барлас ақынның кешкілік кезде өзінің ішін ашып, өз жайын термелеп айтып жеткізген сәті. Және сол кезде Барлас ақын Абайға «Қозы Көрпеш Баян сұлу», «Ақбала-Боздақтар» жырларын жырлаған болатын. Бұны фольклордың батырлар жыры жанрына жатқызамыз.

Аға сұлтан ұлық бар,
Елге мәлім қылықтар,
«Өл» дегенде өлмесең,
«Жүр» дегенде жүрмесең,
Малы құрым құрықтар,
Кісен салып құлыптар! [2,54 б.]
Старшын дейтін әкім бар,
Пайдасын көрер жақындар.
Қалың елі – тек жемі,
Боранды күн тиіскен
Аш қасқырдай тақымдар… [2,54 б.]
Жарлы, зарлы демейді,
Кеңінен ашып көмейді.
Түгіменен түйесін
Жұтам десе, қай сорлы
Қалтқы болып бөгейді?
Соны көріп ақынның
Аса түсіп ағы да,
Ажымы да көбейді [2,54 б.]

Жоғарыдағы өлең жолдарында Барлас ақынның сол замандағы ұлықтар мен беттерді сынап-мінеп айтқан термесі. Терме-қазақ халық поэзиясында қалыптасқан лирикалық өлең түрі.Терме жеті, сегіз буынды жыр үлгісінде болады. Онда күнделікті тұрмыс-тіршілікке қатысты жайттар айтылады.[4]

Шырағым, ер жетерсің,
Ер жетсең, сірә, не етерсің,
Алысқа шырқап кетерсің,
Шындасаң шыңға жетерсің [2,55 б.]

Мұнда Барлас ақын Абайды жекешелеп шақырып, оған өзінің бата-тілегін айтқандай болды. Осыдан соң оған домбыра сыйға берді. Бата қазақ

фольклорының дербес, шағын жанры ретінде қарастырылады. Ұйқасты, ырғақты болып келетін, тұрақты образдарға негізделетін бата халқымыздың жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, обал-сауап турасындағы моральдық-этикалық түсініктерінің айғағы іспетті.[3]

Болыпты бір ақсақ таз және соқыр
Құранды мысық сопы молдаң оқыр.
Болғанда ақсақ дария, соқыр қарға
Ортасын дарияның қарға шоқыр [2,110 б.]

Бұл жерде Абай Майбасарға тесіле қарап, Майбасарда оған қадалып қараған кезде Абай күлімсіреген көзін сығырайтып, басын жоғары көтере беріп өлең жолын оқып, сақылдап күліп, Майбасарға жантая кеткен еді.

Алған жарын жамандап,
Асқанды қайдан табарсың?
Ақ тоныңды жамандап
Атылас қайдан табарсың?
Өз басыңды зор етіп,
Теңдес қайдан табарсың?
Ағайынды жат біліп
Жақынды қайдан табарсың?
Араз болсаң еліңе
Жамандық айтар хабаршың.
Тату болсаң, ағайын,
Сонау қатын-балаға
Сүйінші айтар хабаршың, [2,112 б.]

Бұл өлеңді Балта ақын ауылға келіп ел алдында оқыған еді. Біз бұдан Балта ақынның өлең сөзге шебер екенін байқай аламыз. Жұрт та ақынның тілі мен ойының ұшқырлығын әңгіме еткен еді.

Өзге егіз болғанда, құдай жеке,
Алдыңда ата-анаң ол бір Меке,
Қырық үйліні қырық пышақ қылып едің,
Өз асың да бұзылды-ау, Өскенеке? [2,144 б.]

Сүйіндік Абайға өз әңгімесін айтып отырғанда, өлең жолын оқиды. Абай бұл өлеңнің жалғасын, кім туралы айтылғанын сұрайды. Сүйіндік Құнанбаймен осы өлең үшін араз болғысы келмейтінін айтып, мағынасын түсіндіруден бас тартты.

Жау боп шықты Ырғызбай
Айыпқа бердің бір қызды-ай, [2,194 б.]
Оның аты Құнанбай,
Жүйріктігі құландай
Шұбарлығы жыландай… [2,194 б.]

Бөжейдің асына жиналған жұрт оның қандай адам екені туралы айтып жатты, бір сәтте Құнанбайдың атын сап еткізді. Сол кезде екі қыз Құнанбай туралы өлең оқи бастады. Бір қызығы бұл екі қыздың сөзіне Құнанбай ештеңе айтпады, керісінше үнсіз ғана тыңдап отырды.

Мына да қарлар не дейді?

Жақсыдан жаман көбейді.
Ескінің асыл көзі еді,
Ұрлап та көмдің Бөжейді [2,194 б.]
Сөздің басы Бөжейді мақтау мен сол жақсыны жоктау еді, сөздің аяғында өлең жолы оқылды. Үй-іші жым-жырт тегіс отыра қалды. Біраздан соң "Айтамыз, жеткіземіз" деген орайлы сөздер естілді.
Әжесі әуелде көп-көп ертектер айтқан. «Еділ-Жайық», «Жұпар қорығы», «Құла мерген» - барі де айтылды. Оның әңгімелерін түсте де, кешке де, тіпті Көш бойы да Абай айтқыза беретін болды [2,51 б.] Бұл жерден фольклорлық жанрдың айқындап тұрғанын көре аламыз. Яғни, әжесі айтқан ертектер айтылған. Бұл осы «Абай жолы» роман - эпопеясындағы фольклордың үлгілерді ашып тұрған мысалдардың бірі деп санаймыз. Фольклордың үлкен жанрына жатқызамыз.

Қорытындылай келе, Мұхтар Әуезов шығармалары ішіндегі «Абай жолы» роман-эпопеясындағы фольклорлық үлгілері жинақталды. Сонымен қатар Мұхтар Әуезовтың фольклор жанрына қосқан үлесін жаңа заман тұрғысынан зерттеп, көпшілік оқырманға таныстыра білдік. Зерттеу барысында фольклор бір ғана сөз өнері емес, ол халықтың өмір-тіршілігінің, әдет-ғұрпының, тұрмыс салтының ұлттық санадағы көркем бейнесі ашып көрсеттік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әдеби портал, Қазақ фольклорының қалыпасту тарихы
URL: https://adebiportal.kz/kz/amp/news/view/22923
2. М.О.Әуезов. Абай жолы. Роман-эпопеясы. Бірінші кітап. -Алматы: Жазушы, 2020. -365 б.

ВЛИЯНИЕ ИЗУЧЕНИЯ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ НА МОЗГ ЧЕЛОВЕКА

Участники: Айдаров Рамир , Кенжебаева Лия
Руководитель: Жакупова Эльмира Абдулловна
КГП на ПХВ «Государственный высший медицинский колледж им Д. Калматаева» УЗ области Абай

Изучение иностранных языков дает огромное количество преимуществ. Помимо очевидных — свобода общения, карьерные перспективы, образование и международный опыт, это еще и отличный тренажер для мозга. Знание иностранных языков меняет не только мировоззрение, но и сам мозг, физически.

Более того, языки несут в себе культурные коннотации, воспоминания и связи. Изучение другого языка это не просто лексика и грамматика. Иностранный язык перестраивает ваш мозг и трансформирует его, создавая более плотный гобелен взаимосвязей. Эта радикальная трансформация означает, что многоязычные люди общаются и даже голосуют по-разному в зависимости от того, какой язык они используют, что позволяет им стать несколько иной версией самих себя. Воспоминания и эмоции различаются в зависимости от языкового и культурного опыта и имеют четкие проявления у билингвов. Например, люди, как правило, более эмоциональны, когда говорят

на своем родном языке. На индивидуальном уровне владение двумя языками улучшает творческие способности, исполнительные функции и старение.

Процесс изучения языка оказывает на мозг такой же эффект, как занятия в тренажерном зале — на мышцы. Когда мышцы сокращаются, они увеличиваются в объеме и становятся сильнее. То же происходит и с мозгом: когда он работает, его структура меняется, а некоторые функции улучшаются. Изучая иностранный язык, вы буквально силой мысли вызываете физические трансформации в мозге.

Человеческий мозг создан для использования нескольких языков, и использование большего количества языков открывает двери для творчества, здоровья мозга и когнитивного контроля. Каждый новый язык, на котором мы говорим, формирует то, как мы извлекаем и интерпретируем информацию. Это изменяет то, что мы помним, как мы воспринимаем себя и окружающий мир, как мы себя чувствуем, какие у нас бывают озарения, какие решения мы принимаем и какие действия совершаем. Язык является бесценным инструментом для организации, обработки и структурирования информации и тем самым способствует осознанию себя и формированию мироощущения.

Изучение языков развивает те области мозга, которые отвечают за его самые сложные, «исполнительные» функции. Это, например, переключение между различными задачами, планирование, рассуждение, решение проблем, фильтрация информации. Поэтому двуязычный человек получает преимущества и в сферах за пределами использования языка.

Но есть еще одно, главное преимущество. Мозг, создавая новые связи и задействуя «непривычные» участки для решения проблем, учится лучше справляться с дегенеративными заболеваниями, такими как деменция и болезнь Альцгеймера. Конечно, у двуязычных людей эти заболевания тоже бывают, но благодаря компенсаторным механизмам их мозг справляется с ними лучше. Поэтому иностранный язык — это не только дополнительная строчка в резюме, это еще и вклад в собственное ментальное здоровье.

Также, неврологи из Лондонского университета (Андреа Мэчелии и др.) установили что чем больше человек знает иностранных языков, тем больше у него объём коры головного мозга.

За последние несколько лет увеличилось количество исследований в области овладения языком и его влияния на мозг. Это особенно верно в отношении последствий двуязычия.

Было доказано, что овладение языком влияет на нейропластичность. Нейропластичность - это способность мозга претерпевать структурные изменения в ответ на стимул, поведенческий опыт или когнитивные требования. Связь между нейропластичностью и овладением языком была задокументирована в литературе; данные свидетельствуют о том, что в результате изучения языка и использования нескольких языков индуцируются изменения в анатомии мозга. Эти изменения включают в себя структуру функциональных нейронов и могут происходить быстро и в любом возрасте.

Виорика Мариан - американка, родившаяся в Молдове Психолингвис , Когнитивист, а также психолог, известная своими исследованиями по

двуязычию и многоязычию. Её причисляют к пионерам в области психолингвистики: американский профессор молдавского происхождения изучает мозг многоязычных людей с 1990-х годов. В своей новой научно-популярной книге "Сила языка: Многоязычие, самость и общество" ("The Power of Language: Multilinguism, Self and Society") она делится последними открытиями науки, связанными с мультилингвизмом.

Вот пять примеров того, как мозг билингвов или мультилингвальных людей работает по-другому:

1. Один многоязычный человек – несколько языковых личностей

Люди, свободно владеющие несколькими языками, часто говорят, что чувствуют, как при смене языковой системы отдельные аспекты их личности проявляются сильнее или наоборот уходят на второй план.

Для Мариан этот феномен напрямую связан с работой над книгой: автор, выросшая в Молдове и говорившая с детства на румынском и русском языках, признаёт, что не может представить себе, как можно написать научное произведение на каком-либо другом языке, кроме английского, который она изучала в школе.

2. Одни и те же зоны мозга обслуживают разные языки

Бытовало мнение, что информация, поступающая на разных языках, распределяется по разным частям мозга, и что каждая из них "включается", когда активно используется тот или иной язык. Но исследования показали, что эта теория ошибочна. Разные языки на самом деле обрабатываются одними и теми же зонами коры. При этом сигналы могут обрабатываться в одних отделах, но разными нейронами.

3. Многоязычные люди обладают более творческим и нестандартным мышлением, чем монолингы

Творчество, по сути, сводится к тому, что мозг устанавливает связи между, казалось бы, несвязанными вещами. Именно так поэтам приходят в голову оригинальные метафоры и смыслы, философам – новые концепты, а художникам – революционная техника или просто неожиданное сочетание цветов или использование форм.

4. Постоянство памяти

Согласно современным теориям памяти, предполагается, что к воспоминаниям легче получить доступ, если пытаться воспроизводит их на том же языке, на котором происходило первоначальное событие.

Например, если в ситуации спонтанной речи англо-китайский билингв будет рассказывать о личном или профессиональном опыте на английском, он, вероятно, будет отдавать приоритет тем событиям, которые он переживал или тем фактам, которые он уже высказывал на английском.

Владение дополнительным языком оказывает ряд положительных когнитивных эффектов, имеющих широкие последствия для целого ряда дисциплин, включая здоровье человеческого мозга. Несколько исследований показали, что двуязычие может улучшить когнитивную функцию их мозга, обеспечивая отличные способности к когнитивному контролю, повышая невербальные и

вербальные способности, повышая чувствительность восприятия и обеспечивая некоторую защиту от старения, в первую очередь задерживая начало деменции.

ФАНТАСТИКА НЕ ПРЕДУГАДЫВАЕТ, ОНА ПРЕДУПРЕЖДАЕТ

Участник: Беляева Валерия Артемовна
Руководитель: Минаева Назигуль Тлеугазыевна
КГКП «Геологоразведочный колледж» УО области Абай

Читатели, интересующиеся научной фантастикой, постоянно встречаются с терминами «антиутопия» или «роман-предупреждение». Этими понятиями в последние годы определяют одно из направлений в мировой фантастической литературе. Писатели и критики Запада не проводят четкой грани между антиутопией и предупреждением, полагая, что задача этой разновидности фантастической литературы – предупреждать о возможных и непредвиденных изменениях в мире. Как писали братья Стугацкие, «литература о невероятном дает возможность и право писателям изображать и приятное, и неприятное, и желаемое, и нежелаемое, изображать тревогу, рисуя опасные последствия сегодняшних заблуждений».

Конечно, фантазия обладает способностью опережать науку. При этом от нее не требуется ни точных расчетов, ни доказательств. Литература «склонна иметь дело с положительными и отрицательными примерами (а не со статическими процентами), с образцовыми героями и явными злодеями, которые склонны проявлять эмоции: превозносить и высмеивать, отговаривать и убеждать, склонять к единственно правильному решению». Но фантасты - народ особый. Они не только фантазируют. Опираясь на научные знания, они пытаются представить, что произойдет с человечеством, если будет реализована та или иная идея. О Жюль Верне пишут: великий мастер предвидения. Так ли это? Согласно подсчетам футурологов, занимавшихся этим вопросом, из 108 прогнозов Жюль Верна только 10 оказались ошибочными. У Герберта Уэллса из 86 прогнозов верными оказались 77. У А. Беляева только 3 ошибки на 50 прогностических фантазий.

Произведение, которое я взяла для анализа, называется «Мечтают ли андроиды об электроовцах?». Это научно -фантастический роман американского писателя Филипа Дика был написан в 1968 году.

Для начала хотелось бы остановиться на авторе этого произведения. Филип Дик - американский писатель, получивший известность как автор произведений в жанре научной фантастики. Творчество Дика соединяло философию, научно-фантастическую экстраполяцию и социальную критику; оно связывается с сомнением, с неопределённостью, с необходимостью политики в искусстве. Писатель затрагивал вопросы современного мира: «что есть реальность?» и «что есть человек?». Филип Дик написал четыре десятка романов и более ста рассказов, переведённых на 25 языков. При жизни он пользовался популярностью в научно-фантастическом сообществе, роман «Человек в высоком замке» получил высшую жанровую премию «Хьюго».

Произведения Дика легли в основу ряда кинофильмов, что повлияло на его посмертную славу.

В романе «Мечтают ли андроиды об электроовцах?» рассказывается история об «охотнике за головами» Рика Декарда, который преследует андроидов - существ, почти неотличимых от человека, объявленных вне закона на Земле. Андроиды — полностью биологические создания и физически почти неотличимы от людей. В связи с тем, что клетки их организма не способны делиться, андроиды существуют не больше четырёх лет. Люди, оставшиеся на Земле, живут в полузаброшенных городах, где радиационное заражение вызывает серьёзные заболевания и генетические отклонения. Все животные либо вымерли, либо находятся под угрозой вымирания. Поэтому обладание животными и уход за ними считается добродетелью, практически долгом каждого. Многие люди, которые не могут позволить себе домашнего питомца, покупают искусственное животное- робота. У главного героя, Рика Декарда, была овца, которая умерла от столбняка и была им заменена на электроовцу, чтобы создать видимость владения животным.

Почему же я выбрала именно это произведение? Во- первых, я люблю читать и особенно мне нравится научная фантастика. Этот жанр, по моему мнению, позволяет представить различные пути развития истории человечества. Во- вторых, моя будущая профессия- эколог и забота о будущем нашего общего дома, планеты Земля,- это мое призвание. Тема экологии является сквозной в этом романе. Экологии как изучения взаимоотношений между живыми организмами, включая человека, и их физической средой.

Если рассматривать это произведение с позиции эколога, то можно увидеть следующее. Название романа говорит о том, что все человечество движется к цифровому будущему. Уже сейчас мы можем увидеть правоту писателя, наблюдая, как во многом современным людям помогают цифровые программы или «роботы». Уже далеко не фантастикой стали такие машины и программы, которые помогают людям на производстве, в учебе, в быту, в обычной жизни. Но всегда ли это гуманно заменять людей на роботов? Мне кажется, что не всегда, ведь если так и продолжится и начнут на самом деле разрабатывать «андроидов», как описано в романе, то люди потеряют свою работу и станут бесполезными на этой Земле. В романе мне стал интересен такой прибор, которым пользовались главные персонажи, а именно, модулятор настроения Пенфилда. Человек, используя данный прибор, может сам себе при помощи определенного кода настроить определенное настроение. Например, можно включить «деловое, профессиональное отношение к работе», «удовольствие от признания превосходства мужского здравомыслия в любых жизненных ситуациях», «шестичасовую депрессию с уклоном в самобичевание», «желание смотреть любую телепередачу», код 3, вызывающий желание выбирать настроение с помощью модулятора и другие. У многих пользователей есть ежедневный график выбора настроений. И это пример того, что искуственный интеллект сможет проникать в человеческий мозг и выбирать определенное настроение, а человек забывает как по- настоящему зарождаются настоящие чувства и эмоции. Еще один пример- тест Войта-Кампфа. Этот тест

определяет человек ли ты или андроид, также измеряет мозговую активность и движение глаз в ответ на эмоционально-заряженные вопросы, большинство из которых связаны с причинением вреда животным. Вычислить андроида очень просто. Ведь у них нет такой эмоции как сочувствие. К примеру, «Декард проводит последнюю проверку, говоря Рейчел, что его портфель сделан из кожи ребёнка, и её запоздалая реакция позволяет ему убедиться, что она всё-таки андроид. Декард возвращается к работе, но его уверенность в принципиальном отличии андроидов от людей подорвана». Одной из тем романа становится тема исскуственных животных. И здесь очень много аналогий с современностью. Конечно, в нашем мире еще не дошло до того, чтобы животных заменяли на металлические схемы, но есть много других примеров, это гибридация животных с помощью человека, клонирование, селекция и т.п. По моему мнению, это не особо правильно и не особо объясняется этическими нормами.

В целом, анализ романа показывает, что автором затрагиваются несколько экологических проблем, имеющих актуальность уже сейчас. Роман интересен не только как фантастическое произведение, но и как научное. Раскрываются положительные и отрицательные стороны возникновения искусственного интеллекта. Поднимаются экологические проблемы загрязнения окружающей среды радиационными и прочими отходами и последствия, с которыми может столкнуться человечество. Печальная история Семипалатинского ядерного полигона, Чернобыля показала наглядно последствия радиационного заражения для людей, животных, растений- экологии в целом.

Отсутствие позитивных представлений о будущем, к сожалению свойственное подавляющему большинству писателей-фантастов Запада, и привело к исчезновению романа-утопии, который заменили в буржуазной фантастике антиутопия и роман-предупреждение.

Правильно предвидя или предчувствуя какую-то реальную опасность, грозящую миру, они создают в своих произведениях, и подчас с огромной впечатляющей силой, мрачные картины торжествующего зла. К сожалению, практическая прогностическая польза от романов- предостережений ничтожна. Читатель, все- таки воспринимает подобные «предсказания» как художественный вымысел. Но мы знаем теперь, что реальность иногда гораздо страшнее, чем сумрачные прорицания…

Мы знаем факторы, способные изменить жизнь человечества самым радикальным образом: ядерная война, экологическая катастрофа, космическая катастрофа. Например, жизнь на планете может быть загублена даже не атомной войной, а всего лишь неумеренными опытами, постепенным накоплением радиации. Под влиянием развития научно-технического прогресса мы имеем сегодня глобальное изменение климата, повышенное загрязнение атмосферного воздуха, водоемов, земель. Истощение защитного озонового слоя является причиной примерно 2 миллионов случаев заболевания раком в год. Под влиянием хозяйственной деятельности человека происходит быстрое исчезновение многих видов животных на планете… Все необходимое для ускорения научно-технического прогресса человечество черпает

непосредственно из биосферы. Поэтому и сформировалось унизительное отношение к природе как к некоему рабу, которого можно эксплуатировать бесконечно. Перечисленные проблемы как следствие научно-технического прогресса уже стали лейтмотивом многих произведений писателей – фантастов.

Если вспышку сверхмощной звезды или приближение астероида вряд ли предотвратишь, то угрозу войны и экологического кризиса вполне можно избежать. Победить жажду наживы и перестроить психологию человека с помощью указов и постановлений невозможно. Проблема - в загрязнении человеческого сознания, в бездумном, потребительском отношении к природе и ее богатствам. Человек устроен так, что часто мыслит лишь категориями сегодняшнего дня и руководствуется девизом: «А мне так хочется!». Человечеству нужно видеть ИТОГ своей деятельности. И здесь ведущую роль может сыграть научная фантастика.

Как будущему экологу, мне хотелось бы представить несколько решений этой ситуации. Во- первых, менять мир к лучшему, и в первую очередь, начать с самих себя, а это следить за собой, и главное трудиться, не рассчитывая на помощь роботов. Во- вторых, следить за экологией. Как доказывают фантастические романы, пренебрежительное отношение к природе может нам дорого стоить…

Давайте же будем улучшать наш мир и не приводить будущее к глобальной экологической катастрофе.

Список использованной литературы:

1.Ф. Дик. «Мечтают ли андроиды об электроовцах?»
2.https://booksonline.com.ua/blog/mechtayut-li-androidy-ob-elektroovtsah/
3.http://www.cultin.ru/books-mechtayut-li-androidy-ob-ehlektroovcakh

М.О.ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА САЛТ-ДӘСТҮРДІҢ КӨРІНІСІ

Қатысушы: Сыдықова Ақтоты Абзалқызы
Жетекшісі: Кожагулова Жаннур Рашидовна
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК, Семей қаласы

Қазақ халқы ертеден –ақ өнерге, білімге,салт-дәстүрге бай халық.Әр қилы заманда басынан өткерген қиын-қыстау кезеңдерге қарамастан ,өз құндылықтарын сақтап қалған қайсар халық екені баршаға аян. Сондай құндылықтарымыздың бірі-салт-дәстүрлеріміз. Заңғар жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының бірінші кітабында салт-дәстүрлерге айрықша тоқталып, талдау жасалады. Қай кезде болмасын Абай жолы романының тілін зерттеу, талдау әдебиеті үшін де ғылым үшін де маңызды мәселелердің бірі болып келеді. Салт-дәстүр уақыт талабына сай кешегінің негізінде дамып, жаңарып отырады. Әр халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы сол халықтың келбеті, тәрбиелік ережесі іспеттес. Әуезов Абай өмірін шығармаға өзек ете отырып, сол тұстағы халықтың өмірін, тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік жағдайын, салт-санасын, әдет-ғұрпын, дәстүрін терең

қамтып зор шыншылдықпен көз алдымызға әкелді. М.О.Әуезов шығармаларында салт-дәстүрлердің көрініс табуына тоқталсам:

Қазақ халқының ұлттық өмірі, оның бүгіні мен өткені, танымы мен діні, флора-фаунасы, мінезі мен психологиясы оның тілінде, әсіресе тұрақты сөз тіркестерінде, ауыз әдебиеті мұраларында, ән-күй өнерінде және т.б. халықтың білім жүйесінде, әдеби-жазба, этика-эстетика және халық педагогикасының дәстүрінде қалыптасқан тілдік құралдар арқылы тануға болады. Ендеше біз "Абай жолындағы" салт-дәстүрді жинақтай отырып, мынадай түрлерге бөліп ұсынуды жөн көрдік.

Неке мен үйленуге қатысты салт-дәстүрлер: құдалық, келінге жасау, қалың мал, қыз айттыру, тайтұяқ жамбы, бесік жамбы, күйеу киімі, шашу, шымылдық тұту, бас құда, ілу, ілу басы, есік көре келу, ұрын келу (ұрын той), жыртыс сала келу, үкі тағу, қайындату, қара мал, жыртыстың пұл матасы, қайын жұрт, күйеуді киіндіру, бата беру, қол ұстату, шиш сипар, етік тартар, кит кигізу, құда-құдағи, жаушы.

Өлімге қатысты салт-дәстүрлерді білдіретін сөздер: қара тігу, жаназа, хабаршы, қырық жетісі, қара жығу, жоқтау, өлімді күту, жерлеу, мәйітті жөнелту, торқалы той, топырақты өлім, қаралы үй, қой тұяқ, тайтұяқ, азаға салу, аруағына арнау, тұл ат, көрісу, қаралы ту, қаралы мал, підия, қаралы туды жығу.

Қонақ күтуге қатысты салт-дәстүрді білдіретін сөздер: қонақасы, сыбаға, базарлық, ұйқыашар, табақ тарту, сауын айту, кісі күту, ас беру, соғым сою, мал сою, бөжейдің асы, сәлем-сауқат, қоржын, дәм татқызу, тоғыз-тоғыз сый, ерулік. Сауық-сайран, қуанышты білдіретін сөздер: бастаңғы, көрімдік, саятшылық, сәлем бере келу. Туыстық салт-дәстүрді білдіретін сөздер: бауырына салу, сүндетке отырғызу, сүндет той, әмеңгерлік, аунату. Жол-сапар салт-дәстүрлерін білдіретін сөздер: қажыға аттану, жол беру, сәлем айта келу, кәделі жол, ақ жол, сәт сапар тілеу.

- Сендер мұның сүндетке отыртқанда не дегенін естіппе едіңдер?-деп , аз күліп алды.Абай өзінің балалық , шалалық мінезінің бірін , мынадай суық пішінді үлкендердің ортасына салғалы келе жатқан Қаратайға тіпті ырза емес еді. Қысылып, ұяла бастады. Бірақ тоқтар шарасы жоқ . Сондықтан , бар тапқаны-ол бала өзі еместей , үндемей сазарып қалды. Қаратай күле отырып: - Сүндетке отырғызғанда , ауырсынып жылап жатып: «Құдай-ай , бұл қорлықты көргенше , қыз қып неге жаратпадың!»депті. Сонда шешесі: «ақылсыз-ау , қыз болсаң бала таппас па едің , содан қиын боп па?» десе , мынау: «Ойбай, онысы тағы бар ма еді?» деп жылауын тыя қойып , шыдай беріпті,-деді. [1, 17-б.] Халқымыз әрқашан ер баланы сүндетке отырғызудан бұрын «Сен енді үлкен жігіт болдың , елің мен жеріңді қорғайтын азаматсың» деп батырлыққа баулып ,жігерлендіре түсірген. Жаз айлары басталғаннан бастап сүндеттеп, ақ батасын берген. Сүндеттеу барлық мұсылмандарға парыз. Ол мұсылмандықтың , тазалықтың , пәктіктің белгісі. [1, 123-б.] Осыдан екі жыл бұрын Құнанбай мен Алшынбай достығы құдалыққа соғып, осы Алшынбайдың Түсіп деген баласының Ділдә деген қызын Абайға айттырысқан болатын. Алшынбай сонымен Абайға қайын ата болушы еді. Қазақ қоғамында «Күйеу-жүз жылдық ,Құда-мың жылдық»

деген мақал бар.Яғни бұл сөз, туыстық қарым-қатынастың орнағанының белгісі. Ағайын-туыс арасында қатынасты , барыс-келісті нығайтуда құдалыққа зор мән берілген. Оның ата-тегінде бар Тобықты , бар Қарқаралы «Қаракөк» деп атайды. Алшынбай белгілі би Тіленшінің баласы , одан арғы атасы Қазыбек би. Осының бәріне қарағанда Абайдың қалындығы Ділдә , тіпті бір үлкен ,асқақ жердің қызы тәрізденеді. Сол қалындықтың қалыңмалы да осал болмауы керек. Өйткені Құнанбай аулынан Қарқаралыға қарай шығатын топ-топ жылқы , түйе көбінше осы Алшынбай аулына барушы еді. Жалғыз ғана құдалық па , жоқ басқа да ілік пе , әйтеуір Алшынбай , Құнанбай әбден айқасқан , ішек-қарын араласқан дейтін жақындардың өздері.[1, 123-б.] Қалың мал-қазақтың ежелден келе жатқан салтының бірі. Жігіт жақ қалың мал берсе , қыз жақ қыздың жасауын берген.Байырғы да қалың мал ірі-қарамен берілген болса. Қазіргі таңда қаржылай сипатқа ие болған. Қазақта мақал бар «Қалыңсыз қыздың қадірі болмайды» деген , сондықтанда қалың мал әр отбасының әлеуметтік жағдайына қарай берілген. Жаңағы қартаң кісі қала жаңалығынан хабардар екен.Құнанбай салған мешіт бітті. Алшынбай , Құнанбай соны той етпек және аға сұлтан Құнанбай бітісетін бопты . Ұлықпен Алшынбайлар табыстыратын бопты! – деп таңданды. [1, 123-б.] Бұрынғылардан қалған «той – халық қазынасы» деген сөз бар. Өйткені ертедегі қазақтың үлкен тойлары даланың сәнді сахнасы секілді көрініс берген. Бүгінгі күнгі түсінігімізде бұл сөздің мағынасы – қуанышты жағдайға байланысты ел шақырылып өткізілетін ырду-дырдулы жиын. Осыдан үш-төрт күн өткенге шейін Абай үйде болды. Ешқайда қыдырған жоқ. Әсіресе, әке қасына барған жоқ. «Қарашоқыда қалың жиын бар екен. Күнкенің аулын қонақ басып жатыр екен. Мырзаға сәлем бере , амандаса барған ел ұшан-теңіз екен» дескен хабарлар Жидебайға күн сайын келіп жатты. Бұл ауылдан Құнанбай қасына кеткен Текежан ғана болатын.[1, 164-б.] Үлкенге сәлем беріп , алғысын алу-қазақ салт-дәстүрінің ең озық түрі. Сәлемі түзу балаға үлкендер «Көсегең көгерсін, жүз жаса бақытты бол» деп алғыс айтқан. Дұрыс амандаспаса «үлкенді сыйлай білмейді , көргенсіздің баласы» деп ата-анасын кінәлаған. Осылай баласына қарап, ата-анасына баға берген.

Бата беру - қазақ халқының ежелден келе жатқан өзіндік орны бар салт-дәстүрлерінің бірі. Халқымыз ақ ниетпен бата беріп, жақындары үшін тілек тілеуді дәстүрге айналдырған. Оны кез келген адам айта бермейді және тойдағы тілектен айтарлықтай өзгешеленеді. Кімге қаратып айтылатынына қатысты да мәтіні өзгеріп отырады. Бата берудің мақсат-мазмұны сан түрлі болып келеді. Сонау көне заманнан келе жатқан игі дәстүрге халық ерекше мән берген. Күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан ақ бата берудің , алғыс айтудың жас ұрпақты кішілік пен кісілікке тәрбиелеуде айтарлықтай әсері бар.

"Абай жолы" тілі – әр қырынан, әр ыңғайда алып зерттейтін, сан салалы, күрделі құбылыс. Онда қазақ тілінің байлығы, сарқылмас мүмкіндігі, ғасырлар бойына қалыптасқан сөздік, қорының арғы-бергі, қат-қабаты барынша мол қамтылған. Төрт кітаптан тұратын бұл шығармада осы күнгі сөздіктерден кездесе бермейтін тіл құбылыстары жиі ұшырайды. Абай тұсында болған ас, той, құдалық, ат шабыс, күрес, айтыс, құс салу, салдық құру, ит жүгірту, өліктің

артын күту, қаралы болубата оқу, аза салу, ас беру, құда түсу, кит кию, ұрын бару, қыз ұзату, ілу жасау сөздері – бір дәуірдің этномәдени ситуациясын көрсететін тілдік түсініктер.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Әуезов М. Абай жолы. – Алматы: Жеті жарғы, 1997 ж.
2.Керімбай С. Салт-дәстүр сөйлейді. – Алматы: Отбасы хрестоматиясы,2022 ж.

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИДІҢ МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫНДАҒЫ

Қатысушы: Советбекова Гүлім
Жетекшісі: Сербурина Нургуль Абылхасимовна

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Әлемдік білім кеңістігінен сүбелі орын иелену үшін бүгінгі және болашақ жастарға әдебиетіміз бен мәдениетіміздің кезінде жабулы қалған ақтаңдақ беттерін ашып беру міндеті тұр. Қазақ халқының ғасырлардан келе жатқан мәдени, рухани ұлттық қазынасын білім алушылардың бойында оқу үрдісі арқылы қалыптастыру - басты міндеті болып табылады.

Қазіргі кезде ұлттық өнердің және мәдениеттің, ұлттық әдебиеттің тарихы мен оның әрбір көрнекті өкілінің мұрасына зор жауаптылықпен қарау, шынайы дұрыс бағасын беру – келешектің игілігіне бағытталған жұмыс болуы тиіс.

Ғылыми жобаның мақсаты мен міндеттері.

1) Зерттеу тақырыбына байланысты Қаз дауысты Қазыбек бидің шешендік сөздерін оқып, талдап саралау;

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Бұл жұмыстың дерек көзі ретінде Қаз дауысты Қазыбек бидің шешендік сөздерін жобаға енгізіп, оларды ой елегінен өткізіп пайдалану нәтижесінде зерттеліп отырған Қаз дауысты Қазыбек бидің мемлекет пен құқық тарихындағы орны болып табылады.

Зерттеу жұмысының кезеңдері:

1-кезең. Қаз дауысты Қазыбек бидің шешендік толғауларын оқи отырып, жер дауы, жесір дауы, мал дауына қатысты жерлерін арнайы дәптерге теріп алу, картотека жасау.

2-кезең: мемлекетт пен құқық тарихындағы шешендік толғауларын зерттеу.

3-кезең: Анықталған нәтижелерге талдау жасап, жинақтау, қорытынды шығару.

Зерттеу жұмысының әдіс-тәсілдері.

Ғылыми жобада мынадай әдістер қолданылды:оқу, түсіну, қолдану,ізденіс, жинақтау, талдау, сипаттау, баяндау.

Ғылыми зерттеудің мәселесі:Қаз дауысты Қазыбек бидің шешендік толғауларын оқи отырып, жер дауы,жесір дауы, мал дауына қатысты жерлерін, олар туралы мәліметтер беру.

Ғылыми жобаның құрылымы:кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытынды және әдебиеттер тізімінен тұрады.

Ғылыми жобаның жаңалығы:

. Қаз дауысты Қазыбек бидің шешендік толғауларын оқи отырып, жер дауы,жесірдауы, мал дауына қатысты жерлерін теру, бұл жерде қандай мағынада қоданылып тұрғанын саралау, айқындау.

2.1. Ұлттық шешендік өнердің дамуы.

Қазақ халқының ұлттық шешендік өнер тарихы Түркі қағанаты, қараханидтер, қыпшақтар мемлекеттері дәуірінен дамыған.Зерттеуші ғалымдар айтып жүргендей, шешендік бастаулары YI-IX ғғ. Түркі тілдес халықтарға ортақ деп саналатын Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі Күлтегін, Білге Қаған, Тоныкөк сияқты қашалып жазылған жырларда бері таратылады.Ол жазбалардағы ой тереңдігінен, сөз ұйқасымдылығы мен бедерлерінен шешендіктің алғашқы нышандары нақты көрінеді.

Қазақ шешендік өнерінің кең дамыған кезеңі – XYII-XYIII ғасырлар.Бұл қазақ халқының жоңғар, қалмақ, қытай басқыншыларына, патша өкіметінің озбырлығына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігін қорғау жолындағы күрес жүргізген жылдары еді.Осы кезеңде билер мен шешендердің, ақындардың халықты жұмылдырып, рухтандырудағы рөлі мен беделі арта түсті. Сондай билеріміздің бірі – Қазыбек би.

XVII-XVIII ғасырларда тағдыры тәлкекке түскен қазақ халқының сол замандағы басынан кешкен қиындығы біршама.Бір жағынан, Жібек жолы бойындағы үлкен сауда тоқтап қалса, екіншіден, қалалықөңірдіңдағдарысы мен жаугершілік үлкен күш түсірді.Осындай ауыр сәтте қазақ халқы билерге үлкен үміт артты.Бұл кезеңде Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты ұлы билердің қосқан үлесінің орны ерекше. Үш би басын біріктіріп,«Күлтөбенің басында күнде кеңес» өткізіп, жаңа заң жобасын жасап, оны әз Тәуке хан билеген қазақ мемлекетінің құқықтық тұғыры есебінде өмірге кіргізген.Осы үш би әзТәуке хан заманында болған жоғары конституциялық кеңес «Жеті Жарғының» құрамында болды. Қаз дауысты Қазыбек би осы кеңестің белді мүшесі ретінде сыртқы-ішкі мәселелердің ортасында болды. Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылайхандардың билігі тұсында да ел басқару ісіне үнемі араласып, ел шетіндегі жау мен ел ішіндегі дауды шешуде зор ықпалын жүргізді. Кемеңгер тұлға сегіз ханға кеңесші болған деген де сөз бар.Әйтеке,Қазыбек,Төле билер Орталық Азияны ертеден мекендеген ұлыстардың заң ер ежелерінің негізінде «Жеті Жарғыны» қалыптастырды. Сонымен қатар қазақтың ұлы билері Еуразия құрлығының кіндік өлкесін мекендеген қазақты жан-жағынан анталаған жауларынан қорғап,сыртқы саясатқа да белсене қатысты.Қазақ-қалмақ, қазақ-қытай, қазақ-орысарасындағы қарым-қатынастардың XVIII ғасырда біздің елдің пайдасына шешілуі де даңқты билердің сыртқы саясатқа араласуымен байланысты болды.Сонымен бірге халық ауыр жағдайға түскенде дер кезінде ру-тайпалық кеңестерді қолданып, халықты қиын-қыстау кезеңнен аман алып қалған еді.

Оның бойындағы осындай қасиеттер би ретіндегі және елшілік қызметі үшін-де өте пайдалы болған. Билердің ерлігі әйгілі батырларлар көрсеткен ерлігінен кем емес болып, мемлекет саясатының барысын анықтаған еді. Осылай, Қазыбек бидің ақылы мен күшінің арқасында қалмық пен қазақ

халықтары арасында тыныштық орнатылған. Қазыбек би Жоңғар шапқыншылығы үдей түскен кезеңге тап келді, сондықтан да Жоңғар әміршісіне барған алғашқы елшіліктің құрамында болған. Келіссөздер сәтті аяқталып, жоңғарлар ұрланған малды иелеріне қайтарып берді.
Қазыбек би дат айтып қалың қалмақ еліне талай барған.Тарихи дерек бойынша, 1741 жылы ойраттың Сары-Манжы бастаған 30 мыңдық әскері Орта жүз иеліктеріне шабуыл жасағанда, Абылай сұлтан қолға түсіп қалады. Қазыбек би 1742 жылдың көктемінде Абылайды босатып алуға Қалдан Серенге өзі барып, дипломатиялық әдіс-әрекеттерінің бәрін жасайды. Сөйтіп, жоңғар ханы келесі жылы Абылайханды босатып, қазақтың Сыр бойындағы отыз үш қаласын Әбілмәмбет ханға қайтарып береді.Осы тұрғыдан қазақ елінің сынға түскен, заманасынына төтеп берген және санада өшпес үлгі қалдырған Қаз дауысты Қазыбек дәуірін ерекше атауға болады.
өзіне тән жеке қасиеттерін сонымен қатар белгілі бір іс-әрекет түрлерін біледі. Енді ол арықарай жамып, мектеп оқушысы болуға ұмтылады. Бұл жастағы балалардың білуге ынтасы артып, тілі, ақыл-ой қабілеті, қиялы белсенді дамиды, өзіне тән дербес іс-әрекетті жақсы орындай алу дәрежесіне жетеді.Балалардың 5 жасында әртүрлі психикалық процестер тез дамиды: есте сақтау, зейін, қабылдау және тағыда басқалары. Мектепке алғаш бару - бала өміріндегі ең үлкен қадам, қоғамдағы жаңа орынға көшуі мен өсіп-жетілуінің бір бастамасы. Баланы мектепке даярлау дегенде көптеген ата-аналар балаға әріптерді және санауды үйретумен ғана шектеледі. Әрине баланың білім алуға деген дайындығын ақыл-ойының даярлығымен ғана шектеп қана қоймай, оның оқуға психологиялық жағынан даярлауды қарастыру қажет. Яғни, бұл баланың мотивациялық-қажеттілік және психикалық үрдістерінің дамуы білім алуда, қарым-қатынаста қиындыққа кезікпеуіне мүмкіндік береді. Бұл жаңа бір кезеңде мектеп алғашқы күннен бастап-ақ оқушыға бірнеше талаптар қойып және баланы ұқыптылық пен зейінділікке тәрбиелейді. Сондықтан да балалар оқу ісіне машықтануға, қимыл-әрекетерінің ықтиярлы басқарылуы қабілетін, танымдық қасиеттерін, алдына мақсат қоя алу дағдысын қалыптастыруға аса көңіл бөлінеді. Белгілі орыс психологтары А.Н. Леонтьев, А.В. Запорожец, А.А. Люблинская мектепке даярлау ұғымына баланың оқу тапсырмаларын түсінуін,әрекеттерді орындау тәсілдерін меңгеруін, ерік қасиеттерінің дамуын, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау дағдыларын, мұғалімді тыңдау, материалды еске сақтау біліктілігін жатқызады. Алайда, мектепке даярлау мәселесі Қазақстан ғалымдары Б. Баймұратова, Қ. Сейсенбаев, Н. Айғабылов, Б. Дабылова еңбектерінде біршама зерттелгені белгілі. Дегенмен, мектептегі оқуға даярлау мәселесі әліде өзекте мәселелердің бірі болып қала бермек.

Баланың мектепке жалпы дайындығы – бұл, физиологиялық, психологиялық тұрғыдан адамгершілік, ерік-жігерінің және денсаулығының қалыпты жағдайда болуы. Баланың жалпы дайындығы дұрыс жетілмесе, онда оның оқуға деген құлшынысы болмайды, жеке тұлға ретінде қалыптасуына кедергі келтіруі мүмкін. Баланың психологиялық дайындығы – оқу түрткісінің (мотивінің) қалыптасуына байланысты. Негізгі түрткілер ішінде оқу түрткісі, яғни менің көп білгім келеді, оқығым, жазғым, есеп шығарғым келеді деген сияқты ең маңызды мәселелер қалыс қалып қояды. Мұндай түрткілер баланың психологиялық жағынан дайын болған кезде көрініс береді. Алайда бұл түрткілер бірден пайда бола қоймайды.

Баланы мектепке дайындау – педагогиканың, заманауи білім берудің аса бір маңызды және өзекті проблемаларының бірі. Балаларды тәрбиелеу, өмірінің алғашқы күнінен бастап бала тұлғасын қалыптастыру - ата-ананың негізгі міндеті. Отбасы балаға ықпал етеді, өмірге араластырады. Баланың басты тәрбиешілері - ата-аналары. Мектепке жасына дейінгі балалар үшін жанұя оның өмірін қоғамдық ортамен байланыстыратын бірінші және негізгі буын және бұл өте маңызды.

Баланы мектепке дайындауда ата-ананың рөлі зор: жанұяның ересек мүшелері ата-ананың да, тәрбиешілердің де және мұғалімнің де функцияларын

атқарады. Бірақ ата-аналардың бәрі мектепке дейінгі мекемеден қол үзгендіктен баласын мектепте оқуға мектеп бағдарламасын меңгеруге дайындауды толық, жан-жақты қамтамасыз ете алмайды.

Мектепке дейінгі баланың өмірінде әлеуметтік, психологиялық жағынан және физиологиялық жағынан да қиын кезең. Бұл кезеңде мектеп өмірімен танысады, әлеуметтік ортасы өзгеріп және оқушының жаңа әлеуметтік рөлін меңгере бастайды.

Жалпы баланы мектепке даярлаудың психологиялық аспектісіне 7 жас дағдарысын жатқызуымызға болады. Әрбір мектеп жасындағы баланың психикалық дамуында дағдарысқа немесе өзгеріске ұшырайды. Бұл жағдайды ғылыми әдебиеттерде жеті жас дағдарысы деп аталады. Осы кезеңде балалардың ақыл-ойының өсуі өзгерістерге ұшырап, тәрбие мәселесі бұрынғы уақытқа қарағанда неғұрлым қиындайды. Яғни бір сөзбен айтқанда бұл бала өтпелі кезеңді басынан өткізеді. Бұл кезеңде балалар айтқанға көнбей, қырсығады, жүріс тұрысы өзгереді, мінезінде ойланбай істейтін қылықтар пайда болады, ұшқалақ, қылжақбас, күлдіргі қылықтары пайда болады. Мұндай қылықтар баланың жеті жасқа дейінгі кезеңінде болғанымен, оның төңірегіндегілер оған жете мән бермейді. Жеті жас дағдарысының ең басты көрінісі оның жеке басының ішкі және сыртқы дүниесіндегі елеулі өзгерістерге ұшырауы себептерімен байланысты.

Жеті жас дағдарысына тән белгілер баланың мектепке баруымен байланысты: жаңа ортаға бейімделуі, білімді игеру алуындағы қиындықтар; ашушаңдық; қорқыныштар, жоғары мазасыздық деңгейі.

Жеті жас дағдарысы кезіндегі көмек: баланы алдын ала мектепке дайындау (психологиялық, танымдық, т.с.с); құрдастарымен қарым-қатынас жасауын қолдау; қосымша сабақтарды азайту; балаға қысым көрсетпеу; баланы көбірек мадақтау.

Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті ойын болғандықтан, оларға бірден оқу әрекетіне ауысу біршама қиындықтар туғызады. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған бала мұғалімдермен және өзіне бейтаныс балалармен кезіккенде мазалануы мүмкін, оқу процесінде жағымсыз эмоция сезініп, қорқыныш пайда болуы мүмкін. Осындай мәселеден нашар оқитын балалар және екінші жылға қалып қоятын балалар пайда болады. Сонымен қатар баланың көңіл-күйінің болмауы, себепсізден жиі ауыруы мектеп неврозы сипатында көрінеді, яғни мектепті есіне алғанда жылап, уайымдай бастайды. Сөйтіп, мектеп бала үшін стрессогендік факторға айналып, денсаулығының нашарлауына әкеліп соғады.

Австрия ғалымы Г. Эберлейн өзінің «Дені сау балалардың қорқынышы» атты еңбегінде «Кейбір балалар алдағы болатын жағдайлардан үрейленеді, олар үнемі «мектепте мұғалім берген тапсырманы орындай алмай қаламын ба?» деген қорқынышпен жүреді», - дейді. Осыдан қорыта келсек, көптеген балалар мектепке психологиялық дайындығы жағынан дұрыс қалыптаспай барады.

Жалпы, тәжірибеге сүйенетін болсақ, баланың оқығысы келмеуі мына аспектілерге байланысты болады:

1. Мектеп алдындағы қорқыныш. Бұл баланы бағындыру, әрекеттерді орындату мақсатымен қорқынышты үйде қалыптастырады; («Мектепке барасың сонда саған көрсетеді»);

2. Білім алу процесіндегі және коммуникацияда қиындыққа соқтығысуы;

3. Мектеп өміріне бейімделе алмауы;

4. Мектептің өмірінің шынайлылық қиындығымен кезіккенде, баланың көңілінде мектепке деген жағымсыз қатынастың пайда болуы;

5. Мұғалімнің өзіне тән психологиясына үйрене алмау.

Яғни, осы кезде әрбір ата-ана өзінің баласына мектеп туралы қажетті мағұлматтарды айтып, баланың мектепке деген жағымды көзқарасын және сенімділік сезімін қалыптастыруы қажет. Ең бастысы баланы жолдастарымен қарым-қатынас жасай алуға, оны қолдауға, басқа баланың ойымен санасуға үйрету болып табылады.

Мектеп өмірі әрбір баладан эмоционалдық-психологиялық тұрақтылықты талап етеді. Оқушылар арасында келіспеушіліктер, реніштер жиі кездеседі. Әсіресе ерке балалар мұғалімнің ескертулерін ауыр қабылдайды, яғни мектепке барудан бас тартады, жылайды және т.б. әрекеттер арқылы көрінеді. Баланың өз бетімен шешім қабылдай алатындай және еріктілікті дамытуға жағдайлар жасап және бір жұмысты аяқтамай келесі жұмысқа кірісуіне рұқсат етпей, кез-келген істі аяғына дейін жеткізуге үйрету керек.

Мектепке психологиялық даярлықты жүзеге асыру ісін ғалымдар түрліше жіктейді. И. Шванцар, Л.И. Божович зерттеулеріне сүйене отырып, мектепке даярлықты жүзеге асыру ісін үш бағытта жүргізу қажет деп тұжырымдайды. Ал Е.Е. Кравцова мектепке даярлықтың төрт бағытын қарастырды:

1 бағыт - балаларды мектептегі оқуға қажетті нақты іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру;

2 бағыт – мектеп жасына дейінгі кезеңнің аяғында байқалатын жаңа құрылымдар мен бала психикасындағы өзгерістерді зерттеу;

3 бағыт - оқу әрекеттерінің алғы шарттары;

4 бағыт - баланың берілген ережелер мен ересектер талабына саналы түрде бағыну іскерлігі.

Қорытындылай келе, мектепте оқуға психологиялық даярлық баланың негізгі психикалық сфераларының қалыптасқандағынан көрінеді: ықыластанушылық (мотивациялық), адамгершілік, еріктік, ақыл-ой. Және бұлар оқу материалын табысты меңгеруді қамтамасыз етеді. Жалпы баланың оқуға психологиялық дайындығын қазан және сәуір айларында анықтап отыруға болады. Кез-келген ата-ана баласының өсіп-жетілуінде, рухани күшті етіп тәрбиелеу жолында алуан түрлі қуаныш пен қиыншылықтарды бастарынан өткізе отырып, оның рухани және ақыл-ойы мен дене құрлысы жағынан жан-жақты даму дәрежесіне жеткізуге баулиды. Мұғалім баланы оқуға дайындауда ата-анасымен бірлесе отыра жүргізеді. Оларға іс-әрекеттің мазмұны өзгерген кезде баланың мінез-құлқы да, ішкі психикалық өмірі де өзгеретінін және осы кезде баласына аса қажет екендігі түсіндірілуі керек. Сонымен қатар, баланың мектепте оқуға психологиялық даярлығы оның мектепке түсу мезетінде мектеп оқушысына сай психологиялық белгілер құрылатындығында емес. Олар тек мектепте оқу

барысында қалыптасатындығын есте сақтау қажет. Мектепке дейінгі балалық шақта бала дамуының қорытындысы тек осы белгілердің алғышарттары болып табылады. Олар баланың мектеп жағдайына бейімделуіне, жүйелі оқуға кірісуіне жеткілікті болуы қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жумабекова Ф. Н. «Мектепке дейінгі педагогика» оқу құралы. Астана: Фолиант, 2008. – 336 б.
2. Жумабекова Ф., Нұрғазиева Н., Жамалиев С. «Психология (мектепке дейінгі кезең)». Оқу құралы – Астана: Фолиант, 2015. – 288 бет.
3. **https://ziatker.kz/docx/balany_mekteptegi_oqyga_daiyndaydyng_psihologiyalyq_bagyttary_5991.html**

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМ - БИІК ТҰҒЫРЫМ

Қатысушы: Аринов Рамазан Бауыржанұлы
Жетекшісі: Омарбекова Жадыра Социаловна
«Геологиялық барлау колледжі» КМҚК Семей қаласы

Тәуелсіздікті қазақ елі көп армандады, көптеген жылдар бойы орыс халқының құрамында болып, шаршаған қазақ елі тәуелсіздікті аңсады. Аңсап армандаған Тәуелсіз өмірге қол жеткізу үшін қазақ халқы сол жылы, бастарын қатерге тіге тұра, ержүректікпен бас көтерді. 1986 жылы 16-17-18 Желтоқсан күндері, Мәскеудің шешіміне наразылық білдірген қазақ жастары, Брежнев атындағы алаңға шықты. Сол бір Желтоқсанның ызғарлы, суық күніндерінде ұлт ұшін, ұрпақ үшін алаңдаған боздақтардың талайы сотталып, таяқ жеп, қаза тапты. Ұрпақ үшін, ел үшін бастарын қатерге тігіп, өз өмірлерін тәрк етті. Қаншама боздақтар қыршынынан қиылды. Қайтпас, қайсар қазақ қыздары ел үшін құрбан болды. Баяғы өткен заманда да қазақ батырлары, хандары, би-шешендері де ұлттың татулығын, қазақтың татулығын аңсап, ұстана білген. Осы ұлттың татулығы үшін, бірлігі үшін талай ата-бабаларымыз жанын берген. Ал сол ата-бабаларымыздың арқасында келген осынау ұлан-ғайыр жер, ұлтшылдық, тектілікті біз сақтай білсек үлкен бірлігі жарасқан ел болатынымыз айдан анық. Сан қилы оқиғаларды бастан өткеріп,әртүрлі қиындықтарға төтеп бере білген қазағым осындай тыныш әрі бейбіт күнге қол жеткізіп отыр. «Қиындық атаулыны жеңетін бір-ақ күш бар, ол – бірлік» демекші, ел басына күн туған замандарда халқымызды ұлт ретінде сақтап қалған ынтымақ пен бірлік десек, қателескеніміз емес. Желтоқсан айы қазақ елі үшін атаулы күндерге бай. Соның ішіндегі ең бір маңыздысы, Қазақстанның мемлекет ретіндегі тағдырына түбегейлі өзгеріс енгізген – Тәуелсіздік күні. Біздің табысымыз не деген сауал туындаса, мен төмендегі бірнеше "олжаны көрсетер едім. Біріншісі, тәуелсіз, жаңаша ойлай алатын, сыни көзқарастан қорықпайтын жаңа қоғам, жаңа ұрпақ қалыптасты. Қазіргі қатардағы азамат өз ойын ашық жеткізе алады, қымсынбайды. Керек жерде талап етеді. Келмеске кеткен Кеңес Одағын аңсамайды. Көпшілігі өз болашағын Қазақстаннның дамуымен байланыстырады. Екіншісі, Қазақстан территориясы шекарасының толық анықталып, құжатпен бекітілуі. Бұл жетістікке жету үшін талай дипломат,

топограф, тарихшылар, картографтар және өзге де мамандар сан жылдар бойы тер төкті. Ал осы істі толық басқарған президент Назарбаевтың сіңірген еңбегі шексіз. Елбасы кейбір көрші елдердің басшыларындай келер ұрпаққа шешілуі қиын әрі ұзақ ұлтаралық, дінаралық жанжалдарды, түйіні тарқатылмаған жер дауын қалдырған жоқ. Өз уақытында шешті. Үшінші. Үлкен қиыншылықтармен болсын республикамыздың нарықтық экономикаға толық өтуі. Бүгінде Қазақстанда 2 млн аса жеке кәсіпкер бар. Олар қаншама жұмыс орнын ашты. Төрт-бес адамның біреуі жеке өз ісін ашқысы келеді.

Студенттердің басым бөлігі жеке бизнес жайлы жоспарлай алады. Бұл адам қабілетіне қарай табыс табуға мүмкіндік беретін нарықтық экономиканың жемісі деп есептеймін. Тәуелсіздік жылдары «Ұлытау өңірі» газеті үшін ең елеулі жылдардың бірі болды деп айтуға толық негіз бар. Әсіресе ел тағдыры шешілер кезең 1991 жылдардың басында басылым ел экономикасына, қоғамға қызмет ете білді. Мысалы, «Ел тағдыры», «Саясат», «Жаңа заңдар», «Біле жүрейік» сынды айдарлары арқылы ел тынысын байқауға болатын еді. Биліктегі ауыс-түйіс, жаңа қабылданған қаулы, заңдар барлығымен құлағдар етіп отырды. Жылдамдық пен шапшаңдықты серік еткен журналистер қауымы жаңалықтарды тез әрі нақты жеткізе білумен басылым құндылығын арттырып отырды. Ел тәуелсіздігі орнаған күннен бастап, әлемдік сахнада Қазақстан өзін көпұлтты, бейбіт мемлекет ретінде танытуда. Осыған дәлел ретінде 1995 жылы Президент Жарлығымен Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылды. Н.Назарбаев Қазақстан үшін тарихи маңызды оқиға деп атап өткен төл теңгемізді шығару фабрикасының ашылу рәсімі өтті. Осы уақыттың ішінде ұлттық валютамыз – теңгенің тұғыры бекіді, елімізде макроэкономикалық тұрақтандыру процесі іске асты. Қазақстанның экономикалық-қаржылық тәуелсіздігі толық айқындалып болды. Республикалық референдумда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды. Жалпы халықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясында «Парламент» ұғымы алғаш рет ресми турде бекітілді. Әлеуметтік-экономикалық маңызы бар «Жекешелендіру туралы» Заң қабылданды. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев екіжақты байланыстарды дамыту, республикада экономикалық реформаларды тереңдетуге қолайлы жағдай туғызуды бақылауға алу міндеттерін алдыңғы қатарлы мәселелер тізбегіне енгізді. Жалпы қазіргі тәуелсіз Қазақстан Республикамыз дамудың жаңа бір белесіне шықты. Жиырма төрт жылдық тарихы бар егемендігіміз бізге талай ауыр, қиын замандарды өткеру арқылы келді.Елі үшін, Отан үшін қанша боздақтарымыздың ерен ерлігінің арқасы екенін ұмытпауға тиіспіз.

Аңсаған азаттыққа жетіп, еліміз тәуелсіз мемлекет атанған соң біршама өзгерістер орын алды. Бұл өзгерістер еліміздегі баспасөздің жұмыс бағытын түбегейлі өзгертті. Көптеген аймақтық газеттер секілді Ұлытау аудандық газеті де тілімізді, салт-дәстүрімізді, елдігімізді дәріптейтін, патриоттық сезімге тәрбиелейтін басылымға айналды. Мұны сол кездері редакцияға келіп түскен хаттар санынан аңғаруға болады. Газет бетіндегі «Редакцияға хат» айдарларымен оқырман хаттары үздіксіз жарияланып тұрған. Қазір де басылымда осы тектес «Хат қоржын» айдары бар. Ауданның әр түкпіріндегі

ауылдарынан күніне ондаған хаттар келеді. Шынайы өнерді жасап, елге паш ететін – қазақ деп жүрегі соғатын ұлт азаматтары. Олардың бойында ең біріншіден – ұлтқа деген сүйіспеншілігі, отансүйгіштігі, елге деген ерекше махаббаты және қазақ мәдениеті мен әдет-ғұрпына деген сыйластығы бәрінен де жоғары тұруы хақ. Тек қана Қазақстанның ғана емес, әлем спортының тарихында ойып орын алатын кәсіпқой боксшы — Геннадий Головкин. Бүгінде ол WBA, IBF, IBO, WBC тұжырымдары бойынша әлем чемпионы. 2010 жылы елімізде тұңғыш кәсіпқой бокс клубы құрылды. Олар өздерін — «ASTANA ARLANS» деп атады. Құрылған жылы-ақ олар әлем біріншілігінде 2-орын иеленіп, келесі маусымдарда екі дүркін чемпион атанды. Бүгінде астаналық арландар әлемнің ең үздік кәсіпқой спорт клубтарының қатарына кіреді. Клубқа — Олимпиада чемпионы, Вэла Баркер кубогының иегері — Серік Сәпиев басшылық етеді. 2014 жылы қазақ спортының тарихында бұрын-соңды болмаған оқиға орын алды. Алматы облысы, Жетіген ауылында дүниеге келген Назым Қызайбай есімді қазақ қызы бокстан Әлем чемпионы атанды. Бүгінде Назым — үш дүркін Қазақстан чемпионы және екі дүркін Әлем чемпионы. 2006 жылы испандық «Либерти Сегурос — Вюрт» велокомандасы допинг дауына ілігіп, команданың демеушілері қаржыландырудан бас тартты. Қазақстандық Александр Винокуров, Андрей Кашечкин өнер көрсететін бұл топқа мемлекет демеу көрсетіп, «**Astana Pro Team»** деген жаңа атпен клуб қайта жасақталды. Осы уақыт аралығында велошабандоздар үшін ең ірі жарыс саналатын «Джиро д'Италия», «Тур де Франс» жарыстарын үш реттен жеңіп алды. Дәл қазіргі таңда қазақ мерзімді басылымдарында таласа жазып жүрген мәселелердің бірі – ортақ валюта құру. Ортақ валютаны енгізуге жол беруге болмайды. Орыстың «қорасына» батпандап кірді деген осы... Әлгі өрмекшінің торына түскен шыбын секілді біртіндеп, біртіндеп тіршіліктен алыстай береміз де онда... Осыдан кейін ЕАЭС саяси одақ емес деп кім айта алады?! Билік басындағылардың ортақ валюта деген болмайды деп сендіргендері қайда?! Бұл – «Жас Алаш» газетінің билікке қойған күдікке толы сұрағы. Осы тақырып төңірегінде «Жас Алаштың» «Ортақ ақша оңдырмайды. Ол Тәуелсіздігімізден айырып тынады « (Жас Алаш №24 (16002) 27 наурыз, жұма 2015) деп аталатын мақаласында автор Жанболат Мамай былай деп жазады: «Ашығын айтсақ, Ресей басшысы Путиннің ортақ валюта енгізу туралы ұсынысы – оның «одақтастарына» жасаған опасыздығы іспеттес. Еуразиялық одақ құру туралы келісім дүниеге келмей тұрып, Путин де, Ресей сыртқы істер министрі Лавров та, одақтың хатшысы Христенко да «бұл ұйымның бұрынғы КСРО – ны жандандыруға бағытталмағанын әрі оның реинкарнациясы еместігін» ашық мәлімдеген еді. Дәл осындай сөздерді Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев та бірнеше рет айтты. «КСРО – ны жаңғырту туралы мәселенің ешқандай негізі жоқ. Бұл одаққа мүше болған мемлекеттердің барлығы тәуелсіздік алды, бөлек отау тікті. Бұл пікірді Ресей және Белоруссия президенттері де қолдайды», – деді Назарбаев. Еуразиялық одақ құру туралы келісімге қол қойылған соң да Қазақстан басшылығы Еуразиялық одақтың тек қана экономикалық шеңберде қалатынын айтып, бірнеше мәлімдеме жасады. Путиннің ортақ валюта енгізу туралы ұсынысын көтергеніне қарағанда, Кремль қожайыны өзінің әріптестерін, ал олар өз

кезегінде халқын алдап отыр деген сөз». ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында аталған арнайы жобалардың қатарында «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» бастамасы да бар. Бұл жобаны іске асыру мақсатында «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры құрылды. «Ұлттық аударма бюросы» алдыңғы қатарлы ЖОО-лармен бірлесе отырып, алғашқы 18 оқулықты аударып, келесі оқу жылында көпшілікке ұсынбақ. Оқулықтар философия, әлеуметтану, психология, дінтану, мәдениеттану, тіл білімі, антропология, экономика, менеджмент және кәсіпкерлік бағыттарын қамтиды.

Сөзімді қорытындылар болсам , қазақ бір-бірімен тату болса, қазақ бір-бірімен қонақжай болса ел мәңгі жасайды. Кезіндегі ата бабаларымыз найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап қалған жерде біз бір-бірімізбен тату болмасақ, бауыр болмасақ ол елдігімізге сын. Сондықтан біз мәңгі жасайтын ұлт болғымыз келсе, біз бірінші кезекте ағайынмен тату болуымыз керек. ”Табалдырықтан биік тау жоқ, ағайыннан артық жау жоқ” дейді. Сондықтан ағайынмен, елмен, халықпен тату болсақ біз мәңгі жасаймыз. Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болмақ. Тәуелсіздік тұғырын әрқашан биік ұстайық! Қазақстанның көпұлтты халқының татулығы, ынтымақтастығы, бейбітшілігі – біздің еліміздің ең басты байлығы. Достық пен ынтымақты ту етіп, бірлік пен татулықты жыр еткен барша Қазақстан халықтарының мызғымас достығы мен бірлігі мәңгі жасай берсін.

Әдебиеттер тізімі:

https://el.kz/news/archive/aza-stanny-_t-uelsizdik_zhyldarynda_zhetken_zhetistikteri/
https://el.kz/news/archive/__ulitau_oniri___gazeti_tauelsizdik_zhildarinda/
https://el.kz/news/archive/__ulitau_oniri___gazeti_tauelsizdik_zhildarinda/

САКРАЛЬНЫЕ МЕСТА ОБЛАСТИ АБАЙ – КОНЫР АУЛИЕ

Участник: Мельникова Наташа
Руководитель: Сулейменова Жанат Медыгалиевна
КГКП « Колледж радиотехники и связи» г. Семей

« Путешествовать, наблюдать природу, улавливать ее тайны и восторгаться этим счастьем – значит жить.»
Фёдор Васильевич Геблер

Изучение «Сакральных мест Казахстана» это платформа привлечения студентов радиотехнического колледжа к научно-исследовательской деятельности, расширения их научного кругозора, приобретения ими исследовательских навыков и обеспечения высокого качества профессиональной подготовки.Которая представляет собой обмен мнениями, идеями и направлена на выявление интеллектуальных и творческих способностей студентов, формирование у них интереса к научно-исследовательской работе, навыков публичного выступления, умения решать практические задачи.

Целями являются выявление творческого потенциала студентов, повышение эффективности самостоятельной работы.

В рамках поведения и написания исследовательской работы решаются следующие задачи:

1. Вовлечение студентов в поисково-исследовательскую деятельность, приобщение к решению задач, имеющих практическое значение для муниципального района.
2. Выявление и поддержка талантливых студентов, проявляющих интерес к научно-исследовательской деятельности.

Сакральная география Казахстана — национальный проект Казахстана, включающий проведение археологических и этнокультурных экспедиций по историческим местам страны. Проект стартовал в 2017 году.Сначала в проект вошли 100 общенациональных сакральных объектов. На 2018 год проект включал описание 642 исторических объектов: городищ, мавзолеев, природных достопримечательностей. На 2019 год — 185 общенациональных объектов наследия и 463 региональных. Уже на 2022год, в рамках проекта, на 48 памятниках республиканского значения проведены научно-реставрационные работы. Реализацией проекта, в частности, занимается созданный при Министерстве культуры и спорта научно-исследовательский центр «Сакральный Казахстан» .

Хотелось бы отметить, что Восточный Казахстан а также облась Абай богаты своей уникальной природой и выдающимися личностями. Раздольная степь Сарыарки постепенно переходит в горную местность, где раскинулись леса, тайга и альпийские луга. На всем этом уникальном пространстве в разные эпохи жил человек, оставляя после себя культуру своего быта и творческое наследие. Для наших предков каждая гора, озеро, река олицетворяли живой дух и наделялись жизнью, и со временем превращались в легенды. Наши предки оставили нам множество топонимических легенд, а также, преданий об исторических объектах (как мы их сейчас называем). Часть преданий и легенд основаны на конкретном историческом факте, а другие не имеют никакой реальной основы, на наш современный взгляд. Большинство из них сохранялось в устной форме, т.е. их передавали из уст в уста, а впоследствии они были запечатлены на бумаге. Сегодня большинство из духовных, природных и исторических мест Восточного Казахстана и области Абай вошли в карту сакральных мест Казахстана. Среди них Берельские и Шиликтинские курганы, мавзолеи Ыргызбая, Козы-Корпеш и Баян Сулу, Енлик-Кебек; музей Великого Абая Жидебай-Борели, пещера Коныр-Аулие. Это народное достояние древнего Алтая, колыбели тюркского мира, будет изучено и сохранено для потомков в рамках государственной программы «Рухани жаңғыру» и «Семь граней Великой степи ».

Сегодня хочу рассказать вам о пещере Коныр-Аулие , она является сакральным местом, где бывал Абай, неоднократно ее посещал Мухтар Ауэзов. Поэтому такие места должны быть доступны отечественным и зарубежным туристам.Никто не знает, где точно расположена могила великого Сотрясателя Вселенной Чингисхана. Историки бьются над этой загадкой уже несколько веков. Время от времени появляются различные версии, на проверку которых даже снаряжаются экспедиции. Но, увы, все они оказываются

безрезультатными. Великий полководец, завоевавший некогда полмира, перехитрил всех. Ведь не может же быть так, чтобы такого человека похоронили как простого смертного! И у жителей нашего региона на этот счет есть свое предположение. Примерно в 220 километрах, к югу от нашего города по трассе Семей – Кайнар, в Абайском районе есть горы Шынгыстау или «Чингис-Тау» (по имени Чингисхана). Старожилы бережно передают потомкам предание о том, что именно на одной из вершин Шынгыстау Темуджин был поднят на белой кошме и провозглашен ханом, после чего и получил новое имя. По мнению аксакалов, и погребен был хан где-то поблизости.В этом же районе есть одно очень красивое и известное среди местных жителей место – гора Актас с пещерой Коныр-Аулие мелового происхождения. Всего в Казахстане их три, носящих одинаковое название.Пещера Коныр-Аулие, наверное, с момента своего возникновения окутана мифами и легендами. По преданиям, обнаружил ее пророк Коныр. А было это в давние. Согласно легенде, в спасительный Ноев ковчег не успели попасть три пророка земли казахской, и пришлось им все время потопа провести на бревнах, которые были привязаны к ковчегу. Когда вода стала спадать, и показалась суша, бревно Коныра зацепилось за хребет Актас (Белый Камень), в расщелине которого и находится пещера. Внутри нее находится каменная чаша, наполненная водой, которая обладает целебными свойствами.Сведения об этой пещере восходят к далекой древности, но впервые научным языком она описана и исследована в начале 20 века. Писал об этой пещере и М. Ауэзов в своем романе «Путь Абая».Гора Актас с пещерой «Коныр-Аулие» считается третьей по счёту меловой горой в нашей стране. За сводом пещеры открываются два зала, после которых ходы расходятся дальше, сужаясь в некоторых местах, а ее длина не установлена. Примерные размеры «пещерного» водоёма – 17-18 на 12-15 метров. Глубина – до пяти метров. Вода кристально чистая с известковым привкусом и холодная (температура воды всего 4 градуса тепла). По словам местных аксакалов, об этой уникальной воде знали их далекие предки, приезжавшие сюда залечивать раны после кровопролитных стычек с джунгарами. Люди в неё окунаются, веря в особые целебные свойства этой воды. Вода настолько холодная, что конечности может сразу стянуть судорогой и нестерпимо ломит кости ног. В пещере круглый год постоянная температура, примерно +7 градусов.На расстоянии около 50 метров от берега озера, свод пещеры опускается очень низко над водой (всего до 40-50 см). Далее этой отметки никто из местных никогда не был. За ним открываются два зала, после которых ходы уходят дальше, сужаясь в некоторых местах. Оно полностью не исследовано, поскольку уходит под пещеру еще дальше. Это видно через маленькие, узкие своды, в которые еще не удалось проникнуть.Одно из преданий гласит, что под пятнадцатиметровой толщей воды на дне пещеры есть потайная дверь. Так вот, за этой дверью и скрыта главная пещера, ставшая склепом – последним местом упокоения загадочного хана.Легенд вокруг озера немало. Что правда, а что красивый миф, возможно, выяснят потомки. Говорят, что в водоеме есть едва различимое течение.Вход в пещеру и ее основание не всегда были покрыты такими валунами. Когда ее исследовали путешественники в начале 20 века, то

писали, что в пещере ровная поверхность – песчаная, за которой лежит озеро. Эти валуны, лежащие теперь на поверхности – результат постоянного сотрясения почвы от ядерных испытаний, которые проводились в этом районе еще сравнительно недавно. Примерно в 60-70 километров от пещеры находится горный массив Дегелен, который собственно и являлся центром наземных и подземных ядерных испытаний. Постоянные искусственные землетрясения приводили к тому, что от верхних сводов пещеры отваливались камни и падали, отсюда такое хаотичное нагромождение под ногами валунов. Часть этих еще не упавших камней и доныне угрожающе весят над сводами.Еще рассказывают, что есть у озера свой страж – дух одного их предков. Кто-то даже показывал фотографию фантома: белый, как лунь, старик, призрачно мерцающий из кромешной тьмы.Местные жители утверждают, что духи, живущие в пещере, благоволят не к каждому посетителю. Также говорят, что там, в пещере, в озере живут четыре белых змея.В последние годы в пещере провели электрический свет, а у ее основания поставили дизельный электродвигатель, дающий ей электричество

Пещера в наши дни стала местом паломничества. Говорят, что еще в древности воины залечивали здесь раны в перерывах между боями, когда объявлялось временное перемирие. Воевать в священных местах считалось святотатством. И есть строгий обычай входить в пещеру и в воду только с чистыми помыслами, нельзя курить, неприлично выражаться, а женщинам быть с покрытой головой.О чудодейственной силе озера свидетельствуют и современники. Говорят об исцелениях от наркомании и алкоголизма. Особенно озеро благосклонно к женщинам, которые не могут забеременеть. Говорят, что только за год после посещения озера почти два десятка женщин обрели счастье материнства.Возможно, здесь и вправду что-то есть такое, чего мы не знаем: какие-то полезные для нашего организма излучения или вещества. И еще здесь, возможно, играет свою роль метод шоковой терапии, когда организм, попадая в стрессовую ситуацию – ледяную воду, включает на полную катушку резервный запас, до этого мирно дремавший где-то в глубинах сознания. Ведь нужно не просто помочить ноги в этом таинственном озере, а окунуться в этот жидкий лед с головой от трех до семи раз!Много загадок таит в себе чудо-озеро. И что скрыто под толстым слоем ледяной воды, не знает никто. Для спелеологов тут непочатый край работы. Возможно, именно здесь сокрыта разгадка величайшей тайны, над которой бьются вот уже несколько сот лет историки мираУ подножия пещеры есть древние захоронения – десятки могил казахских и джунгарских батыров, погибших на войне.

Путешествие в пещеру Коныр-аулие запомнится надолго. И сложными условиями пути, и удивительно крас ивым подземным озером. Интересно то, что ни гиды, ни туристы сюда хорошей асфальтированной дороги не просят: сакральное место должно оставаться труднодоступным, считают они, чтобы паломники и туристы преодолевали препятствия, больше задумывались о великом и вечном и от этого ценнее было их путешествие.

« Исследовать — значит видеть то, что видели все, и думать так, как не думал никто.» Альберт Сент-Дьёрди

Список использованной литературы
1. Кузембайулы А. Абиль Е.А. История Казахстана: Учебник для вузов. 7-е изд.Соларт, 2004
2. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 3. - Алматы: «Атамура», 2000
3. Абдакимов А. История Казахстана. Учебное пособие. Алма-Ата, 1994 г
4. История Казахстана с древнейших времен до наших дней, Очерк, Алмата 1993г.

ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ СУИЦИД ЖӘНЕ ОНЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Қатысушы: Мырзагазина Назерке
Жетекшісі: Шұбарова Данара Жұманбайқызы
Жоғары Гуманитарлық Заң және Техникалық колледжі

Бүгінгі күнде өз өзіне қол жұмсап жатқан жастар көп. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, Қазақстанда 100 мың тұрғынға шаққанда 53 кісі өзіне қол салып қаза болады екен. Бұл көрсеткіш Орта Азия елдері бойынша Қазақстанда ең жоғары деңгейде екен.

Мамандар жыл сайын Қазақстанда 14 пен 17 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында 6-8 суицид фактісі тіркелетіндігін айтадыЕлде 2005-2007 жылдары кәмелетке толмағандар арасында 1364 өз-өзіне қол салу фактісі анықталып, оның – 887-і қазамен аяқталған. 2005 жылы – 261, 2006 – 274, ал 2007 – 352 суицид тіркелген.

Суицидке бару себептері көп жағдайда жалғыздықтан туындайды. Барлығы емес, қазақ отбасысының көбінде баланың өз жеке ойын ата анасы көп жағдайда тыңдамайды баламен жұмыс жасамайды, қызығушылықтарын қарстырмайды, баланың бойында болып жатқан өзгерістер елеусіз қалады осының есебінен бала өзінің басында болып жатқан проблемаларын шешуге ұмтылады көп жағдайда ғаломтар арқылы достар тауып анонимді хаттар жазып бастайды, ал цифрлық сауаттылығы жоқ адамдар көптеген пропагандалық сайттарға кіріп кетеді де өз өмірлерін қалай қиып жібергенін ұқпай да қалады. Немесе басында болған проблемалардан қашқысы келіп өлімді шешім ретінде қабылдап жатады.

Тағы да бір белгілі себеп ол мектептегі булинг болып табылады. Көптеген қазақ мектептерінде ол бары анық. Балаға әлімжеттік көрсету, ұрып соғу, ақша талап ету, баланың комплекстерін бетіне басу баланың бойында жинала беретін болады қарапайым мысал осы жолы алматы облысында 2-жасөспірім осы әлімжеттіктің құрбаны болды ол көбінесе байқалмай қалады мұғалімдердің немқұрайлығының арқасында. Егер жасөспірім бойындағы өзгерістерді байқаған сәтте 5 әрекет еткен жағдайда бұл проблеманың аллын алуға болатын еді, бірақ бұл сәтте тек мұғалім емес ата ананың кінәсін де жасыруға болмайды.

Жеке басындағы және отбасындағы конфликтілер. Оған дұрыс қарым-қатынастың болмауы, зорлау, қорлау, реніш, көзіне шөп салу, қызғану, ажырасу, жақын адамы қайтыс болуы, басқалардың мінезі мен әрекетіне қанағаттанбау, жалғыздық, оқшаулану, басқалардан қамқорлық болмауы, сәтсіз

махаббат және тағы басқа оқиғалар өз өзіне қол жұмсауға әкеп соғады

Тағы да бір айқын себеп ол оқудағы сәтсіздік стипендиядан айырылу, оқудан шығу, экзамен тапсыра алмау басты себептер болып табылады. Бәріміз білеміз 11-сынып оқушылары ҰБТ тапсырады және оған жыл немесе 2-жыл көлемінде дайындалады. Ал жасөспірімнің қаншама стресспен қаншама уайым алып жатқанын көп ата ана біле бермейді де жасөспірімнен көп нәрсені талап етеді ал тапсыра алмаған баланы одан әрі тұңғиыққа итермелейді осы проблемадан қашу ретінде жасөспірім өлімді шешім ретінде қабылдап жатады.

Менің ойымша бұл проблеманың шешімі біз ойлағаннан оңай жасөспірімдерге 9 сыныптан бастап психология курстарын жүргізіп психолог мамандар мен әңгіме құрғызып баланың өз жетілуіндегі басты баспалдықты қалау өмірінде не өзінде болып жатқан проблемаларды ашық қарастырып шешім іздеу ата анасын үгіт насихат жұмыстарын жүргізіп, психолог мамандардан консультация алу. Ата ана мен баланың арасында ашық әңгіме жүріп баланың жеке көзқарастарын ата ана қолдай білсе бұндай проблема болмас еді деп ойлаймын.

Қолданылған сілтемелер:

https://informburo.kz
https://www.unicef.org

ЕЛ ТАРИХЫ МЕН БОЛАШАҒЫ ЖАСТАР ҚОЛЫНДА

Қатысушы: Құсман Айдана Нұрбекқызы
Жетекшісі:Нұрғазы Мадина Тұрсынғазықызы
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Кез келген мемлекет дамыған елдің қатарына кіру үшін тарих пен мәдениет қалыптасу қажет. Мемлекеттің қозғаушы күші, қоғамның драйвері – жастар. Жастар жаңалыққа, өзгерістер мен жедел іс-қимылға бейім.Тарихтың және мәдениеттің қоғам үшін рөлін білу, жастардың болашақ үшін маңыздылығын білу,жарқын болашақ кепілін орнату түсінігін қалыптастыру.

Өзіңді-өзің тану тәрізді, тарихты танып-білу де – қазіргі даму процесінде аса қажет. Ол – болмай қоймайтын жоғалтулар мұңын тереңірек сезінуге мүмкіндік береді, сонымен бірге прогреске кең жол ашады.

ТАРИХ – біздің кешегіміз, бүгініміз, ертеңіміз екені әркімгеде анық. Тарих – түзу жөнді үйретуші деп айтады. Тарих халықты түзу жөнге сілтеуші болса, оған дүние де түзушіліктің кітабы. Тіршіліктің жолбасшысы деуге де болады. Келешек күннің қандай болашағын білуге тарих анық құрал болады. Біз Қазақстан өз тарихымызды жаңадан игеріп, біле бастаған елдің біріміз. Қазақтың тарихы өте бай. Тарихын білмеген ұлттың болашағы бұлыңғыр. Мысалы, керемет үлкен еменнің тамыры терең болмаса, ол дауылға шыдап тұра алмайды екені анық сізге де бізге де. Ертеңгі болашақтын жарқын болуы, дамыған елдің қатарына кіру ол жастар қолында. Жастардың сауатты да саналы болып қалыптасуы ол тарих пен мәдениеттін жоғары дамуында жатыр екенін ескеру керек. Әр жас ұрпақ, жас бала және жас буын міндетті түрде өз елінің тарихын, мәдениетін жетік меңгеру қажет. Бұл заман білекке емес, білімге

сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Сол білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімізбен ғана бағаланады. Инемен құдық қазғандай, қиын күрделі, орасан қажыр қайрат пен ерік — жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл», — деп атап өтті Елбасы.

Ата тарихтың шабысында «Кеше», «Бүгін», және «Ертең" деп аталатын үш ұлы бөлік болады. Олар бір — бірінен ажырағыссыз, бір мезгілде бөлек - бөлек, тағы бір мезетте біртұтас ғұмыр кешіп, тағылым мен танымның, парасат — пен пайымның тұнығынан адамзат баласының шөлін қандырып отырады.

Қазақстанда білікті мамандар даярлау мен білім саласын әлемдік стандарттарға сай реформалау мәселесіне баса назар аударды. Тәуелсіздікті баянды етуде білімнің маңыздылығын жете түсінген Елбасы экономикалық және қаржылық қиындықтарға қарамастан осы салаға барынша қолдау көрсетті. Халқымыздың «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген ұлағатты сөзін, білімнің шындығында да баға жетпес үлкен рухани қару екендігін, тек рухани қару ғана емес, сонымен қатар аса зор өндіргіш күш екенін білуіміз тиіс. Білімнің қуатына тең келетін басқа идеялық — рухани күш, қуат көзі жоқ екені белгілі. Өйткені, білім — тек ғылымның іргетасы ғана емес, сонымен бірге тасы өрге домалаған еңсесі биік елдермен терезесі тең мемлекет болудың күре тамыры, ел дамуының алтын қаруы. Білім бар жерде даму, жетілу, кемелдену үрдісі бір сәтке толастамайды.

БҰҰ Мыңжылдық да-му бағдарламасында шешуші мәселе ретінде – жас-тар, олардың қалыпты тұрмысы, денсаулығы, тиімді еңбек етуі айтылған. Қазіргі уақытта дүниежүзі мемлекеттерінің 62%-ы (122 ел) жастарға қатысты ұлттық саясат жүргізіп, оны дамыту және қорғау туралы арнайы заңнама қабылдаған. Бұл мемлекеттердің көпшілігінде жастар саясатын іске асыратын мемлекеттік органдар жұмыс істейді. Қазір әлем халқының 50%-дан астамын 30 жасқа дейінгі азаматтар құрайды. Осы көрсеткіш те жаһандық деңгейде жастардың рөлі мен жастар саясатын іске асырудың мақсаттылығын көрсетеді. Қазақстанда тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап жастар қатысты арнайы заңдар мен тұжырымдамалар қабылданып, Президенттің жанындағы және мемлекеттік органдарға қарасты жастар ісі жөніндегі кеңестер, Жастар және отбасы істері жөніндегі комитет, жергілікті әкімдіктерде жастар саясаты жөніндегі басқармалар құрылды. ҚР Президенті Қ.Тоқаев ұсынған «Жастар кадрлық резерві» жобасы кең қолдау тауып, мемлекеттік қызметшілер қатарын жаңа толқынмен көбейді. Кадрлық резервке іріктелген 300 азаматтың 150-і орталық және жергілікті органдарда, ЖОО мен ұлттық компанияларда қызмет етеді. 2020 жылғы сайлаудың нәтижесінде ҚР Парламенті мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттарда партиялық тізімде кемінде 30% әйелдер және 20%-ы 35 жасқа дейінгі жастар ұсынылып, қатары көбейді. Қ.Тоқаевтың Жолдаудағы тапсырмасына сәйкес, биылғы жылдан бастап «Болашақ» бағдарламасы бойынша «Ғалымдар» санаты бекітілді. Ол бойынша ғылыми қызметкерлер әлемнің жетекші ғылыми-зерттеу, ақыл-ой орталықтарында тағылымдамадан өтеді. Сондай-ақ жас ғалымдарға 1000 грант тағайындалады. Сондай-ақ жас

ғалымдарға арналған мемлекеттік стипендия, талантты жастарды қолдайтын «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы, Тұңғыш Президент – Елбасы қоры мен Кітапханасының арнайы марапттары бекітілген. Қ.Тоқаев былтыр жастарға арналған «Тәуелсіздік құрдастары» сыйлығын тағайындауды ұсынған еді.

1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан тәуелсіздігін алды. Егемендік жылдарында Елбасымыздың дана басшылығымен ғасырға бергісіз даму жолынан өтті. Қазақстан әлем таныған, дүние жүзінің ең беделді мемлекеттері санасатын қуатты елге айналды. Елбасы айтқандай, қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналды. Ендігі ұрпақ мәңгілік қазақтың перзенті. Қазақ елінің ұлттық идеясы Мәңгілік ел. Осы идеяны жүзеге асыру жолында аянбай еңбек ету әрбір жастың азаматтық борышы. Иә, атамекеніне деген сүйіспеншілік алауы мен перзенттік сезімі нағыз батырды қан майданға, жер қорғауға аттандырар болса, нағыз ақынды жырлататын да осы күш. Қай халықта болмасын, өзінің кіндік қаны тамып, туып-өскен еліне, жеріне деген ыстық ықыласын, терең сезімдерін өлеңге қосып, өз өлкесінің тау-тасын, дархан даласын, аққулы көлін жырламаған ақын кемде-кем. «Мәңгілік Ел» идеясын қалыптастыратын жастар ал бұл жастарды тәрбиелейтін тарих пен мәдениет.

Қазіргі уақытта адамзат білімі мен дүниетанымына сыртқы ықпалы үлкен, әлемдік қоғамдастықтың келешек даму бағыт-бағдарын айқындайтын жаһандану дәуірінде өмір сүріп жатыр. Жаһандану біздің өміріміздің барлық салаларына, атап айтқанда экономикалық, саяси, мәдени салаларға, қоғамға, отбасына, қауіпсіздікке, әлеуметтік өмірге тікелей әсер етеді. Жастар белсенді, көзқарасы тың, энергиясы мол болғандықтан тәжірибесі аз болса да, жұмысы өнімді болып, кез-келген процеске шынайы қызығушылықпен қатысады. Көптеген жастардың шет тілдерін үйренуі коммуникациялық кедергілерді бұзады және кез-келген мемлекеттің жастарымен байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Жаһандану жастарға, оның қазіргі өмірге бейімделуіне және сайып келгенде оның әлеуметтенуіне әсер етеді. Айтар болсақ, "Қазақстан 2020: болашаққа жол" тұжырымдамасында қазіргі жастардың өзекті проблемасы ретінде:

- Дәстүрлі құндылықтар жүйесіне жаһанданудың әсері.
- Материалдық игіліктерге ұмтылу, тұтынушылыққа құштарлық.
- Патернализм және әлеуметтік инфантилизм.
- Жастар арасындағы радикализм қаупі.
- Жастарды жұмыспен қамту, олардың денсаулығы көрсетілген.

Аталған проблемалар тізбесінен көріп отырғанымыздай, бұнда жастардың тарихының білмеуі, мәдениетінің сақталмауы, жастарға руханиотаншылдық бағытта тәрбие берудің, әрдайым етене жұмыс істеудің мәнмаңызы зор. Бүгінде мемлекет, азаматтық қоғам тарапынан жастардың дамуына байланысты көптеген игі іс-шаралар атқарылып жатыр. Дәстүрлі құндылықтар жүйесін шайқалтпай, рухани игіліктерді биік ұстап, жастарды радикализмнен сақтау, тәуелсіздікті нығайтуға жұмылдыру, ұлттық тәрбие беруде әдебиет әлемінің орны ерекше. Отаншылдық құндылықтар насихатталып, біртұтас ұлт болып қалыптасу үшін кез-келген мемлекетте ең алдымен дамыған экономика,

білім мен ғылым, дәстүрлердің сақталуы мен ұлттық мәдениеттің дамуына жағдай жасалуы керек. Осы орайда, халықтың рухани өміріндегі өзекті сұрақтарды көтеретін ақын-жазушылардың шығармалары өзекті бола түседі. Тәуелсіздік тақырыбы да осы қатарға жатқызылады. Оларды тану және білу халықтың ұлттық рухын нығайтып, жалғасып келе жатқан дәстүрлі мәдени және адамгершілік құндылықтарды қайта жаңғыртады. Жаңа тарихтың дәуірлік сипаттары ұлттық әдебиетіміздің кескін-келбетін өзгертіп, оның жаңа идеалдары мен құндылықтарын алға шығарып отырды. Бүгінгі және кешегі классикалық зерттеулерді шығару әдебиет пен әдебиеттану ғылымын дамытуға ықпал етті. Сөз, көркем образдар арқылы қазақ әдебиеті бізге маңызды және терең идеяларды ұсынады. Әдебиет қазіргі қоғамда дәл бұрынғыдай ерекше орын алады және тәрбиелік мән-маңызы зор. Жаңа әлеуметтік-мәдени шындыққа бейімделу арқылы отандық әдебиет Батыс пен Шығыстың әдебиет әлемімен интеграциясын нығайтуда.

Кез-келген мемлекеттің қозғаушы күші, қоғамның драйвері – жастар. Жастар жаңалыққа, өзгерістер мен жедел іс-қимылға бейім. Еуразия кеңістігіндегі елдердің тарихына үңілсек, жастар және олардың қозғалыстары мемлекеттің дамуына үлкен түрткі болған. Қоғамды дүр сілкіндірген тағдыршешті оқиғалардың бел ортасында белсенді жастар жүрді. Қазіргі уақытта да мемлекеттің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени өміріне жастар белсенді араласып, елеулі орын алып келеді. Мемлекет өзінің әлеуметтік саясатына сәйкес жастардың білім алуы, баспанамен және жұмыспен қамтылуына қажетті бағдарламаларды қабылдады. Дегенмен, жастар арасындағы қылмыс, нашақорлық, жат ағымның жетегінде кету, сыртқы миграция, ажырасу сияқты проблемалар да жоқ емес. Сондықтан жаһандану жағдайында жастарға мемлекет тарапынан көңіл бөліп, рухани-патриоттық тәрбие беру – өзектілігі жоғалмайтын міндет.

Ел болу — болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол жолды ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Ұлттық тәрбие — ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Мақсаты — ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Міндеті — мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі — ана тілі болып қалатынын негіздеу; қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеу рухында жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру; бүгінгі қазақ елінің индустриалдық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін жоғары парасатты ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу; білім және мәдени-рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету; қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру болып табылады. Тәрбиенің басты нысаны елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болып табылады. Қазақстанды Отаным деп таныған әр азаматтың осыған өз әлінше үлес қосуы —

бұның басты шарттарының бірі.Тәуелсіз Қазақстанның болашағының баянды, келешегінің кемел болуы жастарға тікелей байланысты. Сондықтан да, ел де Елбасы да жастарға үлкен үмітпен қарайды. Президент Н. Назарбаев егемендіктің алғашқы күнінен бастап жастар болашағына барынша мән беріп келеді. Бұл ретте жастар үшін барлық жағдайлар жасалуда. Сонымен бірге, бүгінгі күні Қазақстандағы жастар саясаты жаңа даму кезеңіне қадам басып отыр әрі бұндай даму деңгейі еш толастамауы керек. Өйткені, жаһандану дәуірі жастардың барынша қабілетті болуын талап етеді, деді М. Әшімбаев.

Сонымен бірге, ол ел ертеңі үшін бүгінгі толқынның азаматтық позициялары, ерік-жігерлері аса қажет екендгін атап өтті. Сондай-ақ М. Әшімбаев тәуелсіздіктен бері мемлекеттік жастар саясаты бойынша атқарылған шараларға тоқтала келе, алдағы уақытта еліміздің шыққан белесі мен алар асуы да зор екендігін айтты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- https://strategy2050.kz/news/51405/
- https://egemen.kz/article/181063-zhastar-dgyly-turaly-pikirler
- https://www.inform.kz/kz/sholu-kazakstandagy-zhastar-sayasaty_a2916805

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ҒИМАРАТТАР

Қатысушы: Адлғазыева Альбина Мұратқызы
Құдайберды Ерке Ержанқызы
Жетекшісі: Жолдина Диана Ғизатбекқызы
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледж» КМҚК

Семейде Әлихан, Ахмет, Міржақып бастаған көптеген алаш қайраткерлерінің тұрғаны, еңбек еткені баршаға мәлім. Семейдің Алашорда автономиялы үкіметінің астанасы болғаны, қаланың сол жағалауы 10 жыл бойы, нақтырақ айтсақ, 1917 жылдың наурызынан 1927 жылдың қыркүйегіне дейін ресми түрде Алаш қаласы атанғаны белгілі.

Семей қаласы рухани мәдениеттің орталығы болып табылады. XIX ғасырдан бастап қаламызда рухани мәдениеттің дамуына ерекше назар аударылып, оқу орындары ашыла бастады.

1872 жылғы сәулет және тарих ескерткіші бұрынгы ерлер гимназиясы Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтының ғимараты болып табылады.

1894 жылы 282 адамға арналған ерлер гимназиясы ашылған. Азамат соғысы жыыдарында бұл ғимаратта ақ гвардияшылар атаманы Б.В.Анпенковтың 2-ші сібірлік корпусының штабы орналасқан. 30-шы қарашадан 1 желтоқсанға қараған түні болған көтеріліс нәтижесінде ғимаратты көтерілісшілер басып алып, мұнда Әскери- революциялық комитет жайғасты. 1934 жылы бұл ғимаратта мұғалімдер институты, 1937 жылдан бастап педагогикалық институт орналасты. Қазір бұл Қазақ гуманитарлық-инновациялық заң университетінің оқу корпусы.

Бұл бүйіріндегі тереңдетілген ризалиттері күрделенген екі қабатты ғимарат. Ғимараттың орталық бөлігі карниздегі шығыңқылықпен ерекшеленеді.

Орталық ризалит пен бас қасбеттің төменгі қабатының терезелері аркалы, үстіңгі қабаттікі тік бұрышты, тек жоғарғы жағы ғана иілген. Қабаттар шығыңқы лентамен бөлінген. Орталық қасбеті рустпен өңделген, Цоколі мен бүйір қасбеттері түзу етіп сыланған. Сызбасын қарағанда гимарат дұрыс жазылмаған «П» әрібі секілді. Бөлмелерінің орташа биіктігі 6,05 метр. Тағаны тізбекті шойтас. Қабырғалары кірпіш, үш кірпіштен жиналған, бөлме аралықтары ағашпен бөлінген. Шатыры темір, терезелері жармалы, қос қабатты. Жалпы пайдалы алаңы 28882 шаршы метр. Оқу алаңы 17323 шаршы метр. Қойма алаңы 168,5 шаршы метр.

1899 жылы Абай көшесіндегі 76 үйде қойылған тарихи ескерткіш М.О.Әуезов оқыған үй. Кәсіптік-техникалық білім беру басқармасының ғимараты тарихи ескерткіш, жеңіл өнеркәсіп техникумы.

Қалада 1904 жылы құрамында үш негізгі және бір дайындық класы бар мұғалімдер семинариясы ашылған. 1914 жылдан бастап семинарияда бес класс оның төртеуі негізгі және біреуі дайындық класы болған. Осы ғимаратта 1915-1916 жылдары семинария орналасқан. Онда Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Әуезов оқыған. 1992 жылға дейін мұнда жеңіл өнеркәсіп техникумы орналасқан. Қазір бұл кәсіптік-техникалық білім беру басқармасы. 1994 жылдан бері білім беру департаменті қызметін аткарып келеді.

Кәсіптік-техникалық білім беру басқармасы жалты алаңы 1330,7 шаршы метрлік екі қабатты ғимарат. Тағаны тізбектелген шойтастардан қаланған. Қабырғасы 2,5 кірпіштен каланған. Ішкі жағы сыланған және әктелген. Баланстық құны- 9,3707 рубль.

Қазіргі М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі тарихи-сәулет ескерткіші болып табылады. Негізгі оқу ғимараты 1903 жылы мұғалімдер семинариясы үшін салынған. 1967 жылы бұл оқу орнынан М.О.Әуезов атындағы Педагогикалық училище аты берілді.

Семей қаласы әкімдігінде тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау және білім беру мекемелеріндегі материалдық-техникалық базаны жаңарту мәселелері қаралды

Жалпы Семей қаласында 67 тарихи-мәдени ескерткіш тіркелген. Оның 10-ы республикалық, 5-еуі жергілікті маңызы бар нысан.

« Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, облыстық деңгейде 2021-2025 жылдарға арналған Семей қаласының тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтап қалуға бағытталған Жол картасы әзірленді. – Соңғы кездері бұрынғы әйелдер гимназиясының ғимараты (Зоовет), Найманбаев көшесіндегі 187 және 116 мекенжайында орналасқан ғимараттарға қатысты мәселелер қоғамда қызу талқыланғаны белгілі. Біз қаламыздың тарихын сақтап, тарихи ғимараттарды қалпына келтіру бойынша кешенді жұмыстарды жүргізуіміз қажет. »

Семей қаласы тарихи орталық болып жарияланғандықтан қаланың тарихи-сәулеттік келбетін сақтау аса маңызды міндеттердің бірі және бұл мәселе мұқият қарауды қажет ететіні айқын.

Айта кету керек, Семейде көптеген әдемі ескі ғимараттар сақталған. Өкінішке орай, ғимарат иелерінің барлығы ескерткіштерді қорғау жөніндегі заңнаманы сақтамайды. [5]

Соңғы бес жылда қаламыздың инфрақұрылымын жақсарту үшін маңызды шаралар қабылданып, аумақтық бағдарламалар жасалып, енгізіліп және мәдениет саласында қолданылуда. Мәдени мекемелер мен көпшілік шараларының материалдық техникалық базасын қамтамасыз ету дамып, тұрақтануда.

Қаланың мұрағаттарында, кітапханаларында және мұражайларында өте құнды мәдени мұра рухани интеллектуалды құжаттар, басылымдар, жәдігерлер, суретшілердің туындылары сақталуда.

Қазіргі заман және Қазақстан тарихының ажыратылмайтын бөлігі болып табылатын аймақтың тарихи-мәдени құндылықтарын сақтап, қайта түлету және зерттеу мәселелерін кешенді шешу «Мәдени мұра» Бағдарлама аясында Қазақстан халқының мәдени мұрасының барлық жүйесін насихаттауға және қорғауға, одан әрі зерттеуге, қорғау мен жария етуге көмектесетін болады.

Бағдарламаның мақсаты болып мыналар табылады:

- ұлттық мәдениет үшін ерекше маңызы бар тарихи мәдени және сәулеттік ескерткіштерді жаңадан жасау және ғылыми зерттеу;
- көне қорғандарға археологиялық қазбалар жүргізу, олардың негізінде мұражай қорықтар құру, оларды туризм инфрақұрылымы жүйесіне енгізу;
- ұлттық тарих үшін ерекше маңызы бар тарихи мәдени және архитектуралық ғимараттарды қалпына келтіру, бүзылмайтын ету және пайдалану , мұражайландыру және оларды туристтік сапар желісіне енгізу;
- мұражай және мұрағат қорларын, мәдени мұра нысандары және ақпараттық ресурстар ретінде пайдалану тиімділігін арттыру.

Қаламыздағы мәдени мұралардың қазіргі жағдайы, қолдан келер мүмкүндікке орай, қаланың мұражайларында көп ғасырлық дәстүрлерді дамыту мен сақтау кешенді шараларын жүргізе отырып, тарихи және мәдени жаңа ескерткіштерді ашу, мешіт, кесене, көне ғимараттарды қалпына келтіру мен бұзылмайтын ету жұмысын жандандыруды әлі де болса қажет етеді.

Сонымен қатар мәдени мұраны дамыту мен сақтауға байланысты қалыптаскан жағдай, олардың ары қарай дамуы мен сақталу қызметін жандандыру, кезек күттірмейтін кешенді шараларды кабылдауды талап етеді. Көптеген ұлттық тарихымыз үшін ерекше маңызы бар, тарихи, археологиялық, және сәулет нысандары мұқият көңіл бөлуді және оларды пайдалану мен зерттеу жұмыстарының жүйесін жақсарту қажет. Осы «Мәдени мұра» бағдарлама шеңберінде белгіленген мәселелерді кешенді шешу мәдени мұра саласындағы зерттеу, сақтау, насихаттау жүйесін дамытуға ықпал ету керек

Жалпы, Семейдегі Алаш қозғалысына қатысты ғимараттар мен тарихи орындарды бір мақалада түгендеп шығу мүмкін емес. Сондықтан алдағы уақытта бұл тақырыпқа тағы да ораламын деген ойдамын.

Біз Қазақстанның тарихи орталығы болашақта дамып және күнделікті проблемаларды шешіп қана қоймай, қаламызда атақты ата-бабаларымыздың бізге берген ерекше рухы сақталуы үшін бар күшімізді салуымыз керек.
Тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтау маңызды міндет болып табылады. Тарихи және мәдени ескерткіштермен жүргізілген бірқатар зерттеулерден кейін төмендегідей қорытынды жасауға болады:
Мәселен, бүгінгі күні ескерткіштер сын көтермейтін жағдайда. Семей қаласындағы бірнеше жыл бұрын өртеніп кеткен Әйелдер гимназиясының ғимараты жедел қалпына келтіруді қажет етеді.
Ары қарай сәулет ескерткіштерін сақтап қалу үшін оларды мәдени және тарихи ескерткіштердің қорына енгізіп, өлшеу жұмыстарын жүргізу, осы ғимараттардың алғашқы бейнесіне қайта келтіру жұмыстарын бастау кажет.

Көп мөлшерде ғимараттардың интерьерлеріндегі көркем шығармалар зардап шекті. Жекешелендіруге байланысты көптеген жұмыстар құлдырады, ал кейбіреулерін жаңа иелері жойып жіберді.
Өлкеміздің тарихын оқу, зерттеу, аумағымызда экотуризмді дамыту, мемлекетіміздің тұтастығын күшейтеді, себебі тарихи ғимараттар біздің тарихымыздың төлқұжаты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздігіміздің бес жылдығы. Алматы. 1996,- 256б.
2. Шымырова Ш. Мектептегі өлкетану жұмысын ұйымдастырудың жолдары мен тәсілдері. // Қазақстан тарихы. 2010- №11 – 83-87бб.
3. www.egemen.kz

ДАҢҚТЫ МЕРГЕННІҢ ЕРЛІГІ ЖАСТАРҒА ҮЛГІ

Қатысушы: Кусманов Темірлан Демеубекұлы
Жетекшісі: Имангалиева Гаухар Сайлауовна
КМҚК «Көлік колледжі» Семей қаласы

Ұлы Отан соғысы батырларының қатарында қазақстандықтар өте көп. Олардың жүріп өткен жолдары жастарға үлгі. Ғылыми конференцияда осы тақырыпты таңдау себебім :
– Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің өмірін өзімізге үлгі – өнеге тұту;
– Әр ауылдан, аудан мектептерінен келген студенттерге мерген батырдың ұлағатты өмірін паш ету;
– Ұлы Отан соғысы ардагерлерінін ерлігін насихаттау және жас ұрпақты елін, жерін, Отанын қорғауға тәрбиелеу;
Тақырыптың өзектілігі: Ертеңгі күннің, бүгінгі күннен асып түсуіне ықпал етіп, адамзат қоғамын алға қарай жетелеуші құдіретті күш тек тәуелсіздікке ғана тіреледі. Қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда соғыс ардагерлерінің батырлығы мен ерліктерін келер ұрпаққа насихаттау – баса назар аударарлық мәселе. Соғыс ардагерлерінің соңғы буындары айтып берген әсері әңгімелері жанымызды, санамызды патриотизмге жетелейтін деген жастар қәзіргі таңда өте аз. Біз, соғыстан кейін туған ұрпақ кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аға ұрпақтық –қазақтар мен қазақстандықтардың

жанкешті ерлігі туралы оқулықтардан, көркем әдебиеттерден, кино туындылардан ғана білеміз. Жастар, менің қатарлас достарым заман талабына сай әлеуметтік желілерде көп отырамыз, әр түрлі сайттардағы ойындар ойнап, шетелдік туындылардағы батырлардың аттарын жақсы білеміз. Студенттерден мерген батырлар, Ұлы Отан соғысының ардагерлері жайлы сұрасаң көп ойланып тұрады, ал әлеуметтік желідегі кейіпкерлердің аттарын жақсы біледі де, соларға еліктеушілік көп. Жастарды басқа елдің батырларына еліктемеудің бір жолы өзіміздің ата-бабамызды, Ұлы Отан соғысының ардагерлерін зерттеп, соларды замандастарыма қызықты ақпараттар ретінде жинақтап, жеткізу керекпіз.

Осыған орай мен зерттеу жұмысымды майдан даласында жүріп 397 немістің көзін жойған атақты снайперші Төлеуғали Әбдібеков жайлы бастадым. Төлеуғали Әбдібеков жау әскері мен офицерлерін батальонға дейін жойып, өшпес ерлік көрсетсе де Кеңес Одағының Батыры атағын алмай қалған атақты снайпер. Сол сұрапыл соғыста бүкіл майданда Төлеуғали Әбдібеков туралы аңыздар тарады. Жау қолы одан қорқып, оны «қара ажал» деп атаған. Майданда өшпес ерлік көрсеткені үшін ол 3 рет Кеңес Одағының Батыры атағын алуы тиіс еді. Бірақ бұл да біздің өткеніміздің құны.

Төлеуғали Әбдібеков 1916 жылы Семей облысы Жарма ауданында Әбдібек Насырханның отбасында дүниеге келген. Ол дүние есігін ашқан уақыт азаматтық соғыстың күшейген кезі болатын. Сол жылдары қызылдар мен ақтардың отряды, қарапайым қарақшылар ауыл-ауылдардан жиі өтетін. Және олардың әрқайсысының өз шындығы болды. Тоз-тозы шыққан көптеген ауылдар амалсыздан туған жерлерін тастап, қайғыра жат жерге қоныс аудара бастады. Сонда Насырхан өзінің туған ауылын тастағысы келмей, сонда қалуды шешеді. Күн көру үшін ол аң аулаумен айналыса бастайды. Төлеуғали өсіп, ер жеткенде әкесі оған нысанаға дәл тигізуді, жемтікті шыдамдылықпен қадағалауды, қиындықтарға төтеп беруді үйретеді. Сол кезден бастап жас аңшы Төлеуғали Әбдібековтің даңқы ауыл-ауылға тарай бастайды. Оның аң аулаудан түскен олжасы тіпті тәжірибелі аңшылар мен ақсақалдарды таңғалдырды.

1932 жылы Төлеуғали туыстарының шақыртуымен Оңтүстік Қазақстанға, «Пахта-Арал» совхозына көшеді. Мұнда ол мақташы болып жұмыс істейді. Төлеуғали осы жерден Кеңес әскерінің қатарына шақырылып, сонау Хабаровск аймағына әскерге қызмет етуге кетеді. Әскердегі алғашқы күндерінен бастап-ақ ол өзінің жинақылығымен, айрықша физикалық дайындығымен және жауынгерлік ептілігімен командирдің көзіне түседі. Атудан жарыс кезінде оған командирлер мен жолдастары аузын ашып, таңданып қарайтын. Ол оқ атудан ауданаралық армия жарыстарында да бірінші орындарды иеленіп келді.

Әскерде қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін Төлеуғали өзінің туған совхозына оралып, мақта өсіру бригадасын басқарады.

Кеңес халқы осылай, тыныш өмір сүріп жатқанда 1941 жылы аяқ асты Ұлы Отан соғысы да басталып кетеді. 1942 жылдың мамырында Шымкент аудандарынан жиналған қаратында Төлеуғали да бар жаңа шақырылған жасақ

Калинин майданына келеді. Ол жер Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор Панфиловтың атындағы атақты бөлімшенің қорғанысы болатын.
1077-ші полктың қолбасшысы қосымша әскерді жақсылап зерттеп, жауынгерлерді өз ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне қарай орналастырды. Сонда командир Әбдібековтың аңшы болғанын біліп, оған оптикалық көздеуішті мылтық береді. Командир Төлеуғалиге қару берерде: «Сен аңшысың. Енді саған екі аяқты, бірақ жыртқыш және айлакер аңдардан да әлдеқайда қауіпті жауды аңдуға тура келеді» дейді. Ал, өжет қазақ жігіті: «Менің қолым күшті, ал көзім бүркіттікіндей өткір. Жау осыны білсін», - деп жауап қайырады.

Сөйтіп, күнделікті соғыс күндері де басталды, бірақ ол бұған дейін ұрыс даласын көрмеген жауынгерлер үшін тіпті оңай болмады. Снайперлер жауды аңду өнерін ұғып, оны алдау мүмкіндігіне ие болып жатты. Биіктікке қарсы шайқастар болды. Олар бір аптадан астам уақытқа созылды. Осы уақытта снайпер Әбдібеков 19 немістің көзін жойды. Әйтеуір, кеңес әскері биіктікті қайтарып алды, бірақ немістер тыныш отырмай қарсы шабуылға шықты. Сол кезде 25 жау жауынгері дәл Төлеуғалидың жертасасына қарай бара жатады. Жаудың 25 сарбазына Төлеуғали жалғыз өзі төтеп беруі керек болды. Дала аңшысының қырағы көзі бірден оптикалық көздеуішке түседі. Әбдібеков нысананы дәл көздей алатын мерген болатын. Сонда ол жау әскерінің жақындағанын көріп, оларды көздей бастайды. Сөйтіп, өзіне жақындап қалған жау офицерлерін арты-артынан қарға құлатады. Ақырында, жау жауынгерлері снайпердің қайдан атып жатқанын анықтай алды. Сонда олар жерге жата қалып, оған оқ жаудыра кетті. Бірақ, олардың оғы Төлеуғалидің басынан өтіп кете барды. Осылай, Төлеуғали тұрған жертасаға бағытталған 25 немістің үшеуі ғана қалды. Ал 23-ші немісті Төлеуғали өзі тұрған жерден 60 метр қашықтықта атып өлтірді. Сөйтіп, 25 немістің 23-і өліп, тек екеуі қашып құтыла алды. Немістердің взводын қырып салғаннан кейін Әбдібеков биіктіктің екінші жағында жаумен айқасып жатқан жолдастарына көмекке келеді. Онда ол тағы 12 немісті өлтірді. Сол күннен бастап оның асқан ерлігі туралы жаңалықтар Калинин майданының бүкіл бөлігіне тарады. Төлеуғали жайлы хабар басқа майдандағыларға да жетті.

Холм қаласы үшін болған ұрыстан кейін 3-ші соққы әскерінің Әскери кеңесі Төлеуғалиге құттықтау жеделхатын жіберді. Онда: «Құрметті Төлеуғали Әбдібеков жолдас! Әскери кеңес сізді соңғы шайқастарда фашистердің көзін табысты жоюыңызбен құттықтайды. Сіз 87 немістің көзін жойып, Отанға деген жанқиярлық махаббатыңызды және гитлерлік қанқұмарларға деген жеккөрушілігіңізді дәлелдедіңіз. Кеңес жерін неміс басқыншыларынан тазартудың ұлы және игі ісінде әрі қарай жеңіске жете беруіңізді тілейміз»,- делінген.

Қазақтан шыққан мергенге деген құттықтаулар бұнымен шектелмеді. 1942 жылы 18 қыркүйекте «Отан үшін» 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының «Красноармейская» газетінде мынадай мәтін жарық көрді: «Қазір снайпер Төлеуғали Әбдібековтің жауынгерлік есебінде 102 өлі гитлерлік

бар: «Әзірге менің көзім көріп, қолым мылтық ұстап тұрғанда фашисттерге тыныштық жоқ, - деді снайперші».

Ал, 1942 жылдың 2 қазанындағы газет редакциясында снайперлер слетына арналған «батыл снайперлерге құрмет» деп жазылған мақала шыққан болатын. Онда: «Біздің даңқты снайпер Төлеуғали Әбдібеков бірнеше сағат бұрын ғана 125 фашистті жер жастандырғанын мәлімдеді»,- делінген. 1942 жылы 8-гвардиялық атқыштар дивизиясының әскери операцияларының қысқаша есебінде, 1942 жылдың желтоқсанында дивизия снайперлерінің 2-ші слетына қарай аға сержант Әбдібековтың 19 фашистті қырып салғаны атап айтылған.

Осылайша, танымал снайпер панфиловшы Төлеуғали Әбдібековтің даңқы бүкіл майданға тарады. Ал, 1943 жылы Жаңа жыл қарсаңында оның жауынгерлік жетістіктері туралы Бүкілодақтық радиода бағдарлама дайындалып, бүкіл жерге таратылды. Бұл хабарды отбасы, «Пахта-Арал» совхозындағы достары мен жолдастары үлкен көңілмен, қуанышпен, таңданыспен тыңдады. Оның ерлігіне бәрі қуанды.

1944 жылы 23 қаңтарда Төлеуғалидің жақын досы, Сталинград үшін болған шайқаста өшпес ерлік көрсетіп, «Ерлігі үшін» медалін алған жаужүрек жауынгер Григорий Постольников Мелихово ауылының маңында қаза тапты. Панфилов дивизиясының барлау ротасына Григорий жарақатпен түсті.

1944 жылғы қысқы шабуыл кезінде Төлеуғали әрдайым алдыңғы қатарда жүрді. Ең жауапты деген аумақтарда ол дәлдеп аққан оқ жау әскерінің үрейін қашырды. Ал немістің ең мықты снайперлері оны қолға түсіруді армандап, ізіне түсті. Бірақ, Төлеуғали олардың көзін біртіндеп жоя берді.

1944 жылы Кеңес әскерінің мерейтойы қарсаңында Төлеуғали жаудың тағы бір снайперімен күреске түсті. Сол уақытта Төлеуғали қатты суық тигізіп алып, науқастанып қалған еді. Бір сәтте неміс оның алдын орап, бірінші оқ Әбдібековке тиеді. Бірақ өлімші болып жараланған Төлеуғали не болса да кек қайтарып үлгереді. Неміс снайпері даңқты қазақ батыры атқан соңғы оқтан сеспей қатты. Бұл атақты мергеннің жеке жауынгерлік есебіне жазылған 397-ші және соңғы жау еді.

1944 жылы 23 ақпанда Кеңес әскері күнінде Төлеуғали Әбдібеков алған жарақатынан қаза тауып, Калинин облысының Ново-Сокольнический ауданындағы Насва станцияның солтүстік-шығысында жерленді.

1944 жылы, 8-гвардиялық дивизияның үш жылдық мерейтойын тойлау күніне орай, қолбасшылық Қазақстанға дивизияның жауынгерлік ерлігі туралы баянатты жеткізуге делегация жіберді. Делегациямен бірге даңқты мерген ұстаған № 2916 мылтығы да жауынгерлік төлқұжатпен жіберілді. Айта кетсек, ол әзірге дейін Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұражайында сақтаулы тұр.

Соғыста көрсеткен жауынгерлік ерлігі үшін Төлеуғали Әбдібеков Насырханұлы Қызыл Жұлдыз, Қызыл Ту орденімен және қайтыс болғаннан кейін 1-дәрежелі Отан соғысы және Ленин ордендерімен марапатталды. Бірақ, ол қанша ерлік көрсетсе де, Кеңес Одағының батыры атағын алмады.

Төлеуғали өзінің өмірбаяндық анкетасында ағасы Кемелбайдың «халық жауы» ретінде қуғын-сүргінге ұшыраганын жасырмай жазғанына ғана бола, қолбасшылық оны Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынбады. Бірақ, ол бұл атақты алмаса да, халық оның батыр екенін біледі.

Даңқты батыр Әбдібеков өз отанын қатты жақсы көрді. Ол соңына дейін әскери антқа адалдық сақтады және Панфилов гвардияшысы атағын жоғары бағалады. 1942 жылдың қарашасында ол майдандас достарының алдында өзінің өмірлік мақсаттары туралы: «Мен – гвардияшымын, бұл мен үшін үлкен құрмет. Мен өзімнің «Гвардия» туын сүйемін және соңғы демім шыққанша оның астында күресіп, 28 гвардияшыл батырлар қалай шайқасты, солар секілді жауқа қарсы айқасып, жеңуге ант беремін», дейді.

Ұлы Отан соғысының үздік снайперлері тізіміне енген атақты мерген, қазақтан шыққан даңқты батыр Төлеуғали Әбдібеков өзінің сүйікті Отаны үшін өз өмірін құрбан етті. Біз әрдайым оның батырлық ісін, ерен еңбегі, батырдың ерліктері ешқашан ұмытылмай, ерлігін мәңгі жадымызда сақтап, соны кеңінен насихаттауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. https://kk.wikipedia.org/wiki
2. kaz.zakon.kz›6006612-khalyk-kaharmany-toleugali-…
3. muzei.at.ua›news/ly_otan_so_ysy_zhe_isini_70_

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ЗАҢДАРЫНЫҢ ӘСЕРІ. КЕШЕ.БҮГІН.ЕРТЕҢ

Қатысушы: Құмарова Аружан арсланқызы

Жетекшісі: Шұбарова Данара Жұмабайқызы

«Жоғары гуманитарлық-заң және техникалық колледжі» Мекеме

Біздің мемлекетіміздің тарихи тамыры ондаған ғасырға кетсе де, бүгінгі Қазақстан мемлекетінің ең негізгі ізашары – осыдан 557 жыл бұрын (1465 жылы) қазақ елінің осы күнгі аймағында құрылған Қазақ хандығы! Сол хандықтың тұсында халқымыздың әдет-ғұрыптары негізінде пайда болған «Жеті жарғы» атты заңдар жинағы – біздің ең алғашқы ұлттық конституциямыз. «Жеті жарғы» өзінен бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» атты ұлттық ұстанымның бекітілуі еді. Сондықтан ол ғасырлар бойы халқымыздың басты заңы ретінде өмір сүрді.1998 жылы Конституцияның 19-бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бірінші кезекте өзгерістер Президенттің, Парламент депутаттарының мерзімдері мен функцияларына қатысты болды. Сондай-ақ мемлекеттік қызметкер үшін бұрын қарастырылған жоғары жас шегі жойылды. «35 жастан асқан адам президент болып сайлана алады» деген сөйлем «40 жастан асқан» деп өзгертілді.2007 жылғы түзетулерлерге келсек, ондағы басты өзгерістер мынадай: пропорционалды сайлау жүйесіне көшу; Премьер-Министрді парламенттік көпшілік дауыспен бекіту туралы норманы енгізу және Үкімет басшысын тағайындау кезінде Президенттің партиялық фракциялармен консультациялар рәсімі есебінен Парламент мәртебесін нығайту, Қазақстан халқы Ассамблеясына конституциялық мәртебе берілді және белгіленген квотаға

сәйкес өз өкілдерін Парламент Мәжілісі мен Сенатына жіберу құқығына ие болды.2011 жылғы ақпанда Конституцияға ел Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау мен өткізудің конституциялық негіздерін белгілеуге бағытталған өзгерістер енгізілді. Сол кезде Назарбаевқа «Елбасы» мәртебесін бекіткен толықтырулар да қосылған. Бұдан басқа, заң жобалары Қазақстанның Тұңғыш Президентінің бейнесін бүлдіргені, оның өмірбаянын көпшілік алдында қорлағаны және бұрмалағаны үшін қылмыстық жауапкершілікті көздейді.2017 жылғы наурызда Қазақстанның Тұңғыш Президенті конституциялық реформа туралы жариялады, оның басты мақсаты республика Президентінің жекелеген өкілеттіктерін Парламент пен Үкіметке беру болды. Сонымен бірге: террористік қылмыстар жасағаны үшін, ҚР өмірлік маңызы бар мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтіргені үшін соттың шешімі бойынша азаматтықтан айыру негіздері көзделді. Президентке қойылатын талаптар өзгертілді, атап айтқанда, жоғары білімінің болуы қажеттігі бекітілді.Ал Конституциямызға бесінші өзгеріс – 2019 жылғы 23 наурыздағы заңмен енгізілді. Бұл елорда атауының Астанадан Нұр-Сұлтанға өзгеруіне байланысты жасалды. 2019 жылғы 20 наурыздағы Конституциялық Кеңес: «Қазақстан Республикасының астанасын «Астана» атауынан «Нұр-Сұлтан» деп атауға қатысты өзгерістерді бекітті. Бұл заңға еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойды. Айта кету керек, 1998-2019 жылдардағы Қазақстан Конституциясына енген өзгерістердің барлығы референдумсыз жасалды.

Еліміз жаңа саяси-экономикалық өзгерістер алдында тұр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қаулысымен 2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдум өтеді. Бұл – тәуелсіз Қазақстан тарихындағы үлкен саяси оқиға.

Президент ұсынған мемлекетіміздің Негізгі Заңына түзетулер енгізу бастамасы саяси-құқықтық саланы жетілдіруге, азаматтық қоғамды дамытуға бағытталған. Қазір әлемде болып жатқан шиеленістер мен экономикалық дағдарыс салдары біздің елімізге де айтарлықтай әсерін тигізіп отыр. Жаһандық сын-қатерлер бұрынғы қалыптасқан қағидалар мен ережелерді қайта қарауды талап етуде. Жаңа сын-қатерлерге төтеп беру үшін қоғам уақыт талабына сай дамуға тиіс.

Тәуелсіздік жылдарында еліміз саяси тұрақтылықты нығайтудың қиын жолынан өтті. Біз ынтымақ пен бірлігіміздің арқасында әлем мойындаған мемлекетке айналдық. Ендігі кезекте демократиялық құндылықтарды дамытып, жаңа Қазақстанды құруға қадам басқалы тұрмыз. Конституциялық өзгерістер елдің қоғамдық-саяси өмірін жаңғыртуға, экономиканы уақыт талабына сай дамытуға, Қазақстан азаматтарының өмір сүру сапасына оң әсер ететіні сөзсіз.Елеулі жаңалықтың бірі – конституциялық деңгейде омбудсмен институтының енгізілуі. Ол демократиялық елдердің барлығында тиімді жұмыс істейді. Көптеген Еуропа елінде омбудсменді Парламент тағайындайды, оның әр алуан түрлері де бар. Әсіресе балалар омбудсмені институтының маңызы ерекше. Негізгі заңға омбудсмен туралы норманың енгізілуі және «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» конституциялық заңның қабылдануы оң нәтижелер беріп отыр.

Айта кетейік, Қазақстандағы адам құқықтары жөніндегі уәкіл Конституцияның 83-1-бабында бөлек көрсетіледі. Омбудсмен егер тұлға мен азаматтың құқығы мен бостандығы бұзылса, соны қалпына келтіреді әрі оларға көмек береді.
Парламенттің өкілеттігін кеңейтуге қатысты жаңа ережелерді де атап өткен орынды. Мәжіліс депутаттары көпшілік дауыспен кез келген заң жобасын қабылдамауға құқылы. Қабылданбаған заң жобасы әзірленген орынға кері қайтарылады. Парламент Сенаты енді заң шығармайды. Заңдарды Мәжіліс қабылдайды, ал Сенат көпшілік дауысымен бекітеді.
Жаңа Қазақстанның жаңа Конституциясы
2022 жылдың 29 сәуірі күні өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының 31-сессиясында сөз сөйлеген Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияға түзетулер енгізу бойынша республикалық референдум өткізуді ұсынды. Мемлекет басшысы бұл туралы: «Конституцияға түзетулер енгізуді Парламент қарайды деп ойлаған едік. Бұл – қолданыстағы заңнамада орныққан рәсімнің бірі. Алайда алдағы ауқымды әрі маңызды өзгерістер ел болашағына айрықша әсер етеді. Сондықтан мен Ата Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде республикалық референдум өткізуді ұсынамын» деді. Сөйтіп, осы жылдың 5 мамыры күні Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды. Солайша, Қазақстан халқы көрсетілген мерзімде рефрендумға қатысып, «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңының жобасы «2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңының жобасында баяндалған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?» деген сұраққа жауап беріп өз таңдауын жасады. Орталық референдум комиссиясының мәліметінше, дауыс беруге тиісті азаматтардың 68,06 пайызы қатысып, оның 77,18 пайызы Конституциялық өзгерісті қолдап дауыс беріп,қоғам дамуы үшін билік пен халықтың пікірі бір жерге тоғысқанын дәлелдеді. Сөйтіп бүкілхалықтық референдумның негізінде Жаңа Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды.Әрбір конституциялық өзгерістің маңызы бар десек, биылғы Қазақстан Республикасының Ата Заңына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар еліміздің Негізгі Заңын жетілдіре түсті деп айта аламыз. Сондықтан 1995 жылы қабылданып, соңынан бірнеше рет түзетіліп, толықтырулар жасалған және осы жылдың 5 маусымына дейін қолданыста болған Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды қысқа шолып көрейік:I бөлім. Жалпы ережелер. 4-баптың 1-тармағы, 6-баптың 3-тармағы өзгертілді.II бөлім. Адам және азамат. 15-баптың 2-тармағы, 23-баптың 2-тармағы, 24-баптың 1-тармағы өзгертілді.III бөлім. Президент. 42-баптың 2-тармағы, 5-тармағы өзгертілді. 43-баптың 1-тармағы өзгертілді, 2-тармағы алынып тасталды және түсіндірме берілген 3-4-тармақтармен толықтырылды. 44-баптың 2-3-4-7-тармақтары және 10-тармақтың 1-тармақшасы, 19-тармағы өзгертілді. 46-баптың 4-тармағы алынып тасталды. 47-баптың 1-2-тармағы өзгертілді.IV бөлім. Парламент. 50-баптың 2-3-тармағы, 51-баптың 1-тармағы,

52-баптың 5-тармағы өзгертілді. 53-баптың 1-тармағына 1-тармақша, 53-бапқа 1-2-тармақша қосылды, 2-6-тармағы өзгертілді, 54-баптың 1-2-тармағы, 55-баптың 2-3-тармағы өзгертіліп, 56-баптың 1-тармағының 1-тармақшасы өзгертіліп, 3-1 тармақша қосылды. 57-баптың 1-тармағы, 57-баптың 3-тармағының 7-тармақшасы, 61-баптың 2-тармағы, 3-4-тармағы, 62-баптың 5-6-тармағы өзгертілді.VI бөлім. Конституциялық Сот.

ЛИДЕРЫ ПАРТИИ «АЛАШ» В БОРЬБЕ ЗА САМООПРЕДЕЛЕНИЕ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Участник: Яшин Руслан Владимирович
Руководитель: Митрофанова Елена Венаидовна
УО «Высший медицинский колледж «Авиценна»

Алашская идея, рожденная в начале XX в., продолжает служить интересам независимого Казахстана. Пройдет время, придут новые поколения, но и в последующие десятилетия и столетия достойное наследие общественной мысли и духовного опыта алашской интеллигенции будет поддерживать казахстанский народ в потоке истории.

Партия «Алаш» (историческая справка)

Лидер:	коллективная должность
Дата основания:	1905 г. (факт.) июль 1917 г. (офиц.)
Дата роспуска:	1920 г.
Идеология:	буржуазный либерализм
Союзники и блоки:	кадетская партия
Партийная печать:	газета «Қазақ»
Председатель партии:	Алихан Букейханов
Штаб-квартира:	г. Семипалатинск

Появление движения и первой политической партии «Алаш», правительства Алаш Орды свидетельствовало о возросшей гражданской зрелости и высоком потенциале казахской политической элиты, способной решать судьбоносные вопросы будущего развития родного народа. Деятели «Алаша» и представители казахской управленческой элиты, научной и творческой интеллигенции заложили фундамент казахской государственности. Алашские лидеры приняли активное участие в процессе национально-территориального размежевания Средней Азии и воссоединения казахских земель. Представители алашской интеллигенции А. Букейханов, А. Байтурсынов, М. Дулатов, А. Беремжанов, М. Шокай, Ж. Акпаев, М. Тынышпаев, А. Ермеков, а также национал-коммунисты С. Ходжанов, Т. Рыскулов, С. Мендешев, С. Сейфуллин, С. Асфендияров, С. Садвокасов, Н. Нурмаков и другие прилагали все усилия для обеспечения целостности казахской территории.

Лидер Алаш Орды Алихан Букейханов проникновенно писал: «Я живу, дышу, существую внутренними делами своей родины, для меня судьба ее превыше всех благ… Я не могу спать спокойно, если не знаю, в каком положении она находится».

Деятели движения «Алаш» боролись за обретение государственности казахов. «Наша цель – предоставить возможность самому народу решать свою судьбу. Только добившись автономии, народ возьмет судьбу в свои руки», – подчеркивал Жанша Досмухамедов. Основная цель, которой руководствовались при создании партии «Алаш», была судьба казахского народа, создание независимого государства наравне с другими развитыми высококультурными народами, обладающими богатством территории и государственностью. Казахские интеллектуалы стремились поднять уровень развития народа в ряд с передовыми странами Азии, такими как Япония. Поэтому их впоследствии обвиняли в японском шпионаже, объявив «японскими агентами».

Партия «Алаш» стала первой политической организацией казахов, разработавшей комплекс мер для решения проблем общества того времени. Основной идеей алашординцев было единство народа, и этот лозунг актуален и по сей день.

Основными целями движения «Алаш» являлись создание системы государственного самоуправления, отстаивание права народа на национальное самоопределение, модернизация казахского общества с использованием передового мирового опыта.

В книге «В потоке истории» так характеризуются заслуги деятелей Алаш Орды: «В начале XX века задачу выработки казахской национальной идеи взяла на себя духовно-интеллектуальная элита, выдвинувшая идею национальной консолидации. …Сам факт создания национальной политической организации в нашей отечественной истории не до конца осознается. Тем более что многие положения, в свое время выдвинутые руководителями партии «Алаш», сохраняют свое значение и поныне. Это была не националистическая, а патриотическая организация, которая ставила своей целью постепенную трансформацию казахского общества и ее адаптацию к современным реалиям». Как известно, история не дала партии «Алаш», Алашской автономии и ее правительству Алаш Орде возможности осуществить свою программу создания и укрепления казахской государственности на основе единства всех слоев народа.

Многие идеи Алашовцев предвосхитили время. Ведь в своей программе, которая была опубликована в газете «Казах» в 1917 году они провозглашали:

"Россия должна стать демократической федеративной республикой. Каждое отдельное государство в федеративной республике автономно и управляется само собой на одинаковых правах и интересах. Во главе правительства стоит Учредительное собрание, в промежутках - президент, избираемый Учредительным собранием и Государственной думой на известный срок лет. Президент управляет через Совет министров, ответственен

перед Учредительным собранием и Государственной думой. Законодательная власть сосредоточена в руках только Государственной думы, которой принадлежит право контроля над правительством. Правом выборов пользуются все, без различия происхождения, вероисповедания и пола. Выборы депутатов производятся прямым равным и тайным голосованием".

1)"Автономия киргиз (казахов) слагается из областей и входит в Российскую федерацию наравне с другими народностями".

2)"В Российской федерации существует равноправие, неприкосновенность личности и свобода слова, печати и союзов".

3)"Религия должна быть отделена от государства. Все должны быть свободны и равны".

4)"Все народы перед судом равноправны, причем если рассмотение дела происходит в местностях с киргизским составом населения, то оно должно быть на киргизском языке".

5)"Взимание налог должно происходить по степени богатства и имущественного состояния вообще: богатый платит больше, бедный-меньше".

6)"Рабочее законодательство должно быть в пользу рабочих".

7)"Народное образование должно быть достоянием всех. Обучение во всех учебных заведениях бесплатное. В начальных школах преподавание должно вестись на родном языке. Киргизы должны иметь свои средние и высшие учебные заведения, включительно до университетов".

8)"При выработке земельного закона в учредительном собрании в основу должно ложиться наделение землею, в первую очередь, туземцев. Наделение переселенцев-крестьян, до окончания полного наделения туземцев, не должно производиться.»

Просветительские инициативы будущих алашординцев (лидерами движения были Алихан Букейханов, Ахмет Байтурсынов, Мухамеджан Тынышпаев, Миржакып Дулатов), создание периодической печати, решительное включение в политическую борьбу в составе социалистических, либеральных, мусульманских организаций, партий и движений, уникальный по богатству и разнообразию опыт сотрудничества с многочисленными общественными деятелями, учеными и политиками дали замечательные плоды.

Через попытку создать самостоятельную партию, через бурные дебаты в первой национальной газете «Казах», через короткий опыт парламентаризма и многотрудную практику защиты народных интересов в страшном 1916 году сформировался замысел и развернулась масштабная деятельность по созданию общенациональной партии как наиболее подходящего инструмента этнополитической консолидации общества.

Алаш» - движение казахской демократии, провозгласившее создание национальной партии в июле 1917 года. В декабре того же года алашевцы создали орган управления казахской автономией - Алаш - Орду, став союзниками антисоветских правительств России, просуществовавший до 1920 года. Бывшие члены ликвидированной Алаш-Орды получили амнистию и вошли в состав советских исполнительных органов. В конце 1920-1930-х годов репрессированы.

Мечты алашских лидеров сбылись. Идеи и идеалы, положения и принципы, выдвигавшиеся поколением казахской интеллигенции начала XX века, сохраняют свое значение и востребованы поныне. Успешно противостоять новым вызовам времени в условиях внутренних и внешних угроз, кризиса ценностей цивилизации, отстоять интересы нации – обязанность нынешних поколений. И хотя каждое время ставит новые задачи, но идеи партии «Алаш» продолжают жить и вновь напоминают о себе в период кардинальных изменений в стране. Это: равноправие, общественное согласие и мир, культурный прогресс нации, меритократия, государственный язык, привлечение не только элиты, но и широких масс к делам управления государством. В контексте своего времени они призывали к качественному обновлению нации, рывку к прогрессу. И сегодня востребованы такие же известные в истории честь и отвага поколения интеллигенции 20–30-х гг. прошлого века. Современное общество нуждается в новаторских идеях и мировоззренческих ориентирах, в лидерах, которые способны мыслить оригинально и действовать нестандартно. Ныне, в условиях независимости, мы наблюдаем преемственную взаимосвязь между идеями первых казахских интеллектуалов прошлого века и современностью. Стратегия национального прорыва продолжается в инициативах, идеях и деятельности Первого Президента независимого Казахстана и затрагивает все сферы общественной жизни, внутренней и внешней политики государства.

Для того чтобы сохранить свою самостоятельность, нам необходимо всеми силами и средствами стремиться к просвещению и общей культуре; для этого мы первым делом должны заняться развитием литературы на родном языке. Никогда не нужно забывать, что на самостоятельную жизнь вправе претендовать только
тот народ, который говорит на своем языке и имеет свою литературу». А. Байтурсынов был обеспокоен тем, что «современная киргизская интеллигенция, получившая образование в русских школах и татарских медресе, уже начинает пренебрегать киргизским языком, разговаривать и переписываться между собой на русском и татарском языках. …Если этого мы не хотим, то необходимо разрешить этот вопрос в корне и отныне приступить к усовершенствованию киргизского языка и литературы». От этой идеи он никогда не отступал ни на шаг.

Алашская идея, рожденная в начале XX в., продолжает служить интересам независимого Казахстана. Пройдет время, придут новые поколения, но и в последующие десятилетия и столетия достойное наследие общественной мысли и духовного опыта алашской интеллигенции будет поддерживать казахстанский народ в потоке истории**Список литературы:**

1)Токаев К. К. Послание «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество», 2023 г.

2)Назарбаев Н. А. «В потоке истории» - 2005г..

3) "СТРАТЕГИЯ КАЗАХСТАН - 2050":"Один народ - одна страна - одна судьба"

МІНЕЗ – ЖАННЫҢ АЙНАСЫ

Қатысушы:Жасыбаев Досымхан
Жетекшісі: Рахимжанова Галия Максутовна
«Құрылыс колледжі» КМҚК Семей қаласы

Қазіргі таңда адам мінезін тәрбиелеудің психологиялық ерекшеліктерін зерттеу маңыздылығы зор. Адамдар көбіне өзінен қалай жұмыс істеп, мінезді дамытудың жоғары деңгейіне қалай жету керек екенін де білмейді. Адамның қоғамда субьект ретінде жетістіктерге жетуі көп жағдайда осыған тәуелді. Адам мінезінің қалыптасуы қоғамдық болмыспен, әлеуметтік ортамен (мектеп балалар мекемелері оқу өндіріс ұжымы, қоғамдық ұйымдар т.б.), маңызды рөлін атқарады.

Мінез — әрбір адамның жеке басына тән өзіндік психологиялық қасиеттер мен ерекшеліктердің жиынтығы. Мінездің қасиеттері мен ерекшеліктері әркімде әрқилы жағдайда байқалып, адамның сол жағдайларға қатынасын білдіреді. Мінез ерекшеліктері — адамның даралық өзіндік психикалық қасиеттері.

Мінез – адамның негізгі өмірлік бет алысын және оның өзіндік әрекетінің айырмашылығын сипаттайтын сапалы өзгешелік. Ол көп қасиеттің бірлігі, түрлі өзгешеліктердің қосындысы, сонымен қатар, адамды әр қырынан көрсететін қасиет. Мінез бітістері көп. Олардың бәрі де жеке адамның қасиеттері болып табылғанымен, кез-келгені мінез бітістері болып табылмайды.

Мінезді даралық өзгешеліктің өзегі, адамның негізгі тіршілік бағытының өрнегі деуге болады. Мінезде адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасының тарихы бейнеленеді. Мінез - кең мағыналы ұғым . Онда түрлі саналар тоғысып жатады. Мінездің моральдық жағынан тәрбиелігі, бірқалыптылығы, толықтылығы, күші мен айқындығы, салмақтылығы - оның негізгі сапалары болып табылады.

Моральдық жағынан тәрбиеленген мінез адамды мінез-құлық тұрғысынан да, оның айналасымен байланысы тұрғысынан да сипаттап отырады. Инабаттылық, гуманизм, адамдарға қамқорлық, жолдастықты қадір тұту, жұртшылық пікірімен санаса білушілік, өз міндетін орындаудағы жауапкершілік пен адалдық – осы мінездің сапасының негізгі компоненттері.

Аристотельдің шәкірті, ежелгі грек философы Теофраст (б.э.д. 372-287) адами ерекшеліктерді жүйелеп, мінездің 30 қасиетін көрсеткен, мысалы: сайқал, жасапмаз, сөзшең, т.б. Теофраст өзінің «Этические характеры» тракты арқылы ғылымға «мінез» (грек. character – қасиет, сапа) терминін енгізген. Кейіннен, француз жазушысы Ж. Лабрюйер (1645-1696) ұзақ уақыт бойында зиялы қауымның қылықтарын бақылай келе, мінездің мыңнан аса типтік қасиеттерін сипаттаған. Психологияның басты мақсаты тұлға мен мінезді зерттеу деп есептеген А.Ф. Лазурский (1874-1917) мінездің мәнін, құрылымын, типтерін және дамуын қарастыратын психология ғылымының бір саласы – мінезнаманы жасады.

Мінез типтері бойынша адам мінезі бірнеше топқа бөлінеді. Эрнст Кречмер бойынша мінез типтері:

Астеникалық тип – арық, жіңішке адам, соның арқасында ұзын болып көрінеді. Астениктердің дене және бет терісі жұқа. Иықтары кішкентай. Саусақтары ұзын жіңішке, бұлшық еттері нашар жетілген.

Атлетикалық тип – орташа немесе ұзын бойлы, иықтары кең, көкірегі үлкен, басы ұзынша әрі тығыз, қаңқа сүйектері мен бұлшық еттері жақсы жетілген. Кречмердің айтуы бойынша астениктер мен атлетиктер шизофрения ауруына шалдығып жатады, оларды шизотимиктер деп атайды. Оларға ақсүйектік, сезімталдылық, менменшілдік, суықтық, қатыгездік, билікке құмар болуы тән.

Пикниктік тип – орта бойлы, мойны қысқа, семіруге бейім, себебі бұлшық еттері мен қозғалыс аппараттары нашар дамыған. Пикниктер маникалды – депрессивті психозға бейім, оларға аққөңілділік, ашық мінезділік, көп сөйлегіштік, жеңілтектік тән.

А.Е.Личко(1926-1994) бойынша: жас өспірімдерді бақылауға негізделген нақты бір мінез күшейуін қарастырды, ол сыртқы жағдайларына байланысты.

Гипертимді тип - қозғалмалылыққа, қарым-қатынасқа бейім жасөспірім. Шуды жақсы көреді, тынымсыз ортада болуды қалайды. Циклоидті тип - апатияға бейім, тез қозады, көбінесе өзімен-өзі жалғыз қалғанды ұнатады. Барлық нәрселерді жүрегіне қатты алады. Лабильді тип - көңіл күйі ауа райы секілді тез өзгереді, оған әр түрлі қарапайым нәрселер (біреудің көзқарасы, амандаспауы, бір нәрсеге ден қоюы) себеп болады. Астено-невротикалық тип - қозғыш, шаршағыш, қырсық. Ақыл-ой жұмыстарына тез шаршайды. Сензитивті тип - жоғары сезімталдық тип. Қозғалыс, құмар ойындарын жақсы көрмейді, үлкен компанияларда болуды қаламайды. Психо-астеникалық тип - интеллектісі тез дамиды, өзін-өзі және басқаларды бағалауға бейім, көп ойланып талқылауды ұнатады, бірақ іс жүзінде емес, сөз жүзінде ғана мықты. Шизоидті тип - тұйық, өз қатарластарымен болғаннан гөрі үлкендермен болғанды ұнатады. Эпилептоидті тип - көп жылап басқаларды мазасыздандырады. Истероидті тип - үнемі ортада болуды қалайды, басқалардың алдында өзін суреттеп көрсетеді. Тұрақсыз тип - ерік-жігерсіз, өзен ағысы бойынша өмір сүреді. Конформды тип - негізгі ерекшелігі барлығы сияқты болу.

Жұлдызнама (гороскоп) адам мінезін туған күнімен байланыстырып түсіндіреді. Жалпы қабылданған уақыт өлшемдері белгілі кезең, аралыққа бөлінеді, олардың әрқайсысына нақты белгі, символ беріледі. Осы символға (ағаш, от, су, жануар т.б.) тән әртүрлі қасиеттерге орай адам мінезі суреттеледі.

Физиогномика (phisis табиғат, gnomon білу) адамның сыртқы келбетіне және сондай келбетті тұлғаларды ұқсастығымен белгілі топқа біріктіріп, олардың психологиялық сипатын анықтайтын ғылым. Адам дене бітістеріне қарай жануармен салыстырылады да сол жануарға тән мінез ерекшелігі оған таңылады. Адамның басқа да келбет көріністері (көз, ауыз, отырыстұрыс т.б.) негізінде мінезді байқастыру осы физиогномика аймағында жоғары дамыған.

Хиромантия (cheir қол, тапіа бал ашу) адам мінезін алақанның тері бедерлері, түсі арқылы болжастыру жүйесі.

Дерматоглифика - бармақ, алақан терісіне тумадан түсетін өрнектер арқылы адам мінезін анықтайтын ғылым жүйесі.

Графология - мәнерлі әрекет жазу таңбасына орай адам мінезін анықтауға бағытталған ғылым.

Адам мінезіндегі әрбір ерекшелік белгілі жағдайларға сәйкес көрініс береді. Мұндай ерекшеліктердің өзіндік физиологиялық ерекшеліктері бар. Адам мінезінің физиологиялық негізін ашып көрсетуде ерекше орын алатын жөйт жоғары жүйке қызметінің типтеріндегі ауыспалы құбылыс. Осы орайда, И.И.Павлов қандай сигнал жүйесінің басым екендігіне қарай адам мінезінің типтерін мынадай үш типке бөледі:

Ойшыл тип – бұл негізінен сөзбен байланысты, екінші сигнал жүйесі рефлекторлық қызметінің басымдылғы.

Көркем тип – бірінші сигналдық шартты рефлекстің басымдылығы.

Орташа тип – мұнда екі сигнал жүйесінің бірде – бірі басымдылық көрсете алмайды.

Ерте дүниедегі ойшылдардың айтуы бойынша қалыптасқан мінез – адам мәрі. Шынында да адам мінезі қандай болса, оның өмірдегі іс-әрекеті де сондай болады. Демек, адамдағы өмір тәжірибесінің қалыптасуы оның мақсатына, арман-тілегіне, ниетіне байланысты екендігі айқын. Осыған орай адамның мінез ерекшеліктерін зерттеуде ең алдымен оның мақсатына байланысты туған қызығуын, қажеттілігін анықтап алған жөн.

Іс- әрекеттің құрылымын анықтау кезінде тұлғаның дамушы (өзін-өзі дамыту) қағидаларын және белгілі бір шамаға дейін нақтылай алатын және абстрактылы (жалпылама) түрде берілуі мүмкін, осындай құрылымды құру қажеттігін негізге аламыз. Мұның бәрі бізге кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте бірбеткей іс-әрекеттерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді: алға қойылған мақсатқа жетудің оңтайлы жолын табу, мақсатқа жету процесін жүзеге асыру, қол жеткен нәтижені талдау және бағалау, салыстырып тексеру және жағдай туғызатын, мұғалім орындайтын операциялар.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1.Алдияров Қ. Ұстаз психологиясының ерекшеліктері // Бастауыш мектеп. – 2006. - № 11. – 12.

2.Берікханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Оқу құралы.: А.2009ж

3.Дьяченко М.И., Кандыбович П.А. Психология высшей школы. -Минск.: Изд-во Белорусск. Ун-та, 1972. –320 с.

БУЛЛИНГ СРЕДИ МОЛОДЕЖИ И СПОСОБЫ ЕГО ПРЕДОТВРАЩЕНИЯ

Участник: Нурлан Ислам

Руководитель: Шубарова Данара Жуманбаевна

Высший гуманитарный юридически и технический колледж

За последние 30 лет исследователи признали буллинг серьезной угрозой здоровому развитию подростков и потенциальной причиной насилия. В последние годы случаи стрельбы в учебных заведениях США, Канады, Германии и России заставили многих экспертов более пристально взглянуть на

феномен буллинга и его влияние на учащихся. Буллинг можно определить как преднамеренные и повторяющиеся акты агрессии в ситуации дисбаланса сил, направленные на причинение вреда или стресса вповседневной жизни ученика. Хотя единого определения буллинга не существует, исследователи в целом согласны с несколькими ключевыми характеристиками буллинга:

1.буллинг рассматривается как преднамеренное и неоднократное агрессивное поведение, повторяющееся в течение длительного периода времени.

2.буллинг влечет за собой негативные физические, психологические или эмоциональные последствия для жертвы, которые могут наблюдаться в краткосрочной и долгосрочной перспективе существует дисбаланс власти, реальный или воображаемый, между задирой и его или ее жертвой.Издевательства могут принимать различные формы. Многие ученые предлагают три категории буллинга: физический, вербальный ирелляционный. Физический буллинг - это преднамеренное агрессивное поведение, включающее прямой физический контакт между жертвой и буллером. Эта форма издевательств может включать пинки, толчки, удары, вырывание вещей жертвы, хватание жертвы за волосы и т.д. Исследования показывают, что мальчики чаще подвергаются этой форме издевательств, чем девочки. Мальчики также чаще становятся жертвами этой формыи здевательств. Вербальный буллинг - это преднамеренный акт агрессии, при котором буллер делает словесные нападки на жертву. Вербальный буллинг включает угрозы, насмешки, скорбления, обзывания, прозвища, насмешки. Издевательства обычно происходят очень быстро, и их труднее зафиксировать непосредственнона местепроисшествия, чем физические издевательства. Кроме того, последствия словесного буллинга не заметны, поскольку жертва получает психологические, а не внешние травмы. Эти особенности вербального буллинга требуют пристального внимания.Буллинг в отношениях -это преднамеренный и агрессивный акт распространения слухов и сплетен,манипулирования дружескими отношениями, социальной изоляции и остракизма. Эта косвенная форма буллинга считается более сложной и требует от нарушителя понимания отношений, чтобы успешно совершить это предательство. Четвертаяформа буллинга, кибербуллинг, внастоящее время получает все большее признание авторов. Авторы описывают кибербуллинг как преднамеренное и неоднократное использование хулиганам и электронной почты, мобильных телефонов, мгновенных сообщений и ненадежных веб-страниц. Это агрессивное действие, которое может принимать форму целенаправленного преследования, например,размещение оскорбительных или угрожающих комментариев на странице подростков.Поскольку проблем акибербуллинга имеет большой резонанс, был опрошен 71 студент (в томчисле 28 юношей и 43 девушки). Для того чтобы определить восприятие студентами последствий буллинга, их попросили заполнить формулировку "Я думаю, что это последствия буллинга". Для обработки полученных результатов был использован контент-анализ. Результаты контент-анализа показали,что32,4% респондентов считают, что

травля в школе приводит к замкнутости и застенчивости жертвы, а 22,5% -к низкой самооценке; 18,3%учащихся считают,что травля приводит к психическим расстройствам;18,3%учащихся считают, что травля приводит к проблемам психического здоровья; 18,3% респондентов считают, что травля приводит к проблемам психического здоровья.19,7% респондентов заявили, что буллинг может привести к самоубийству. Следствиемэтого негативного явления стали комплексы, включая чувство неполноценности (15,5%), психологические травмы (12,7%), гнев (12,7%), тревожность (11,3%), страх, беспокойство и фобии (11,3%), депрессия (8,5%) и проблемы в отношениях (8,5%).Некоторые студенты также отметили, что буллинг укрепляет (закаляет) личности повышает жизнестойкость человека (5,6%). Другие ответы включали ненависть к школе (2,8%), месть обидчику (2,8%) и сильное состояние стресса (2,8%).

Таким образом, как в восприятии учащихся, так и в реальной жизни, буллинг может иметь целый ряд негативных последствий, включая депрессию,тревогу, дистрессовые реакциии нарушения в установлении и поддержании социальных контактов. Поэтому психологами социальным работникам при работе с детьми и подростками не обходимо знать о феномене буллинга, его потенциально вредных последствиях для жертв, а так же о вмешательствах, необходимых для предотвращения буллинга и насилия.

Как предотвратить буллинг на ?Если вы потерпаете от буллинга на работе или в школе, вы должны знать о том как противодействовать буллингу. Если вы стали свидетелем издевательств, то есть вещи, которые вы можете сделать, чтобы заступиться за кого-то другого. Вы также можете работать над повышением осведомленности среди своих сверстников и узнать о различных способах обращения за помощью.1) Сообщайте о буллинге. Важно сразу же сообщить об издевательствах, чтобы кто-то из авторитетов мог положить им конец. Сказав кому-то, что над вами издеваются не стыдно, а правильно, ведь так вы сможете показать обидчикам, что не будете мириться с их издевательствами.Найдите учителя, родителя, консультанта или кого-то еще, кто может вам помочь, и немедленно расскажите им, что буллер говорил или делал с вами.

2) Обратитесь к работодателю. У работодателей есть моральное, а зачастую и юридическое обязательство предотвращать и пресекать буллинг на рабочем месте. Справочники для сотрудников должны включать четкие определения домогательств и дискриминации и объяснять как политику компании в отношении жалоб, так и последствия для тех, кто совершает буллинг на рабочем месте.

Поговорите со своим руководителем или сотрудником отдела кадров. Возможно, вам будет полезно вести письменный учет своего опыта или привлечь третью сторону, ставшую свидетелем издевательств.

3) Распространите информацию о том, что травля должна прекратиться. Многие учебные заведения проводят кампании по борьбе с издевательствами, возглавляемые учащимися, которые хотят, чтобы их школы были безопасными и дружелюбными. Присоединяйтесь к группе или создайте ее в своей школе,

чтобы рассказать о проблеме издевательств и найти способы ее решения. 4) Обратитесь за профессиональной помощью. Если вы стали жертвой жестокого издевательства, возможно, вам стоит обратиться к психологу или психотерапевту. Врач может помочь вам или вашим знакомым справиться с издевательствами, вновь обретя уверенность в себе и повысить самооценку, устраняя последствия издевательств
Егер а жарық сәулесі α-ның бұрышына α-ға бағытталған ортадан бастап, сәрсенбіде, сәрсенбідегі үрлеу индикаторымен, содан кейін бағытты өзгерте отырып, ол PP1-ге жақындайды және ол сынғыш бұрыштың перпендикулярлықтары төмен болады құлау бұрышы α. Егер сәуле тығыз қоршаған ортадан, содан кейін тығыз қоршаған ортадан, сынған, ол перпендикулярдан алшақ болса, ол аз тығыз ортадан тығыз ортадан тығыздалған сәулеге ауысқан кезде, ол сәуленің орналасуын алады. Бұрыштар α 'формасын қалыптастырады, перпендикуляр, 90 ° жақындап, тиісті жартылай контрактілік d, ол кіші бұрышта орналасқан перпендикулярлық бұрышпен беріледі. Құлау бұрышы 90 ° аспайтындықтан, тиісті сынған сәуле D-ді осы ортадағы жарықтың шекаралық сызығы болып табылады.
Е жарық сәулесі бұрышқа түсіп, максимумнан асып, сынған емес, бірақ толығымен шағылысады; Ол «ішкі рефлексия» бөлімінен өтіп, учаскелер шекарасынан өтіп, «OE1» бағыты. Сәуленің оң жағында D қараңғылық болады, ал сол жақта - жарық болады. Толық шағылысуға көшу кезінде жарықтың жарықтығы күрт артады және бұл максималды бұрыштың бағытын анықтауға мүмкіндік береді.
1. Нан өнімдерін, фри картоптарын және крокеттерді өндіруде қолданылады. Сонымен қатар, лактоза ашытқымен ашытылмайды және осы себепті нан өнімдерін өндіруде де белсенді қолданылады;
2. Дәрілік заттарды өндіруде лактоза ең биологиялық белсенді заттың тасымалдаушысы ретінде қолданылады;
3. Лактоза хош иістендіргіштердің, тәттілендіргіштердің және дәмді күшейткіштердің негізі болып табылады.
Ми лактозаны қажет етеді. Диетологтар лактозаның туындыларының бірі галактозаны ми затының дамуы үшін қажет деп есептейді. Лактоза сонымен қатар сүйек өсуіне қажетті кальцийдің сіңуін жақсартатыны сөзсіз. Лактоза ми мен сүйектің өсуіне ықпал етіп қана қоймай, ол ішекке қажет, соның арқасында пайдалы ішек бактерияларын «Laktobacilla bifidus» көбейеді.

Төзбеушілікпен науқастың денесі ішекте лактозаны қорыту үшін қажет лактаза ферментін тым аз шығарады. Бұл аллергия емес, себебі патологиялық иммундық жауап жоқ. Бірақ, аллергия сияқты, сінбейтін затты, яғни лактозаны тұтынуға кедергі жасау арқылы аурудың дамуын болдырмауға болады.
Лактаза тапшылығы бастапқы және қайталама, ал екінші реттік лактаза жетіспеушілігі әлдеқайда жиі кездеседі. Сүтті тамақтандыру кезінде баланың мазасыздануы, газ түзілуінің жоғарылауы және сұйылтылған нәжіс бастапқы лактаза тапшылығының тән белгілері болып табылады. Екінші реттік лактаза тапшылығы кезінде жоғарыда айтылғандарға келесі белгілер қосылады: көп шырыш, нәжісте жасыл, қорытылмаған тамақ кесектері болуы мүмкін. Уақытылы диагноз қойылған лактаза жетіспеушілігі оңай емделеді, бірақ емдеудің жеке таңдалғанын есте ұстаған жөн.
Индикатор өнімнің май мөлшеріне байланысты* индикатор әр түрлі болады.
Қараша айында сүт өнімдерінде лактозаны және сүт өнімдерін рефрактометриядан анықтауға тәжірибе қойылды. Ол үшін мен әр түрлі өндіруші мен әр түрлі майлы құрамы (%)бар сүт өнімдерінің 4 түрін түрін алдым. 10.00 см3 таза сүт, содан кейін сүт өнімдері әйнек кронштейнде таңдалды. Ақуыздардың тұндыруы үшін талданған үлгіге кальций хлориді ерітіндісінің 1,00 см3 қосылды. Бюкс қақпағын жауып және су ваннасында 10 минут қыздырылды, содан кейін 20 С-ге дейін су астында салқындаттым.
Мен ең алдымен құрылғының дистилденген сумен дұрыстығын тексердім. Бірнеше тамшы мөлдір сұйықтық (сарысу) және тез (ылғалдың булануына жол бермеу үшін) тамшы пипеткамен алынды. Сосын жоғарғы (жарықтандыру) призманы түсірдім және температураны термостатты қолданып ұстап, сындырғыш индексті (18 ± 0,2) өлшедім.
Қорытындылай келе, лактоза жоғары энергия болып табылады және бұл қасиет оны қамтитын барлық тағамдарға таралған.
Бұл дененің иммундық жүйесін айтарлықтай нығайтатыны сөзсіз.
Құрамында лактоза бар өнімдерді пайдалану жүрек-тамыр ауруларының алдын алуға болады.
Ежелгі заманнан бері адамдар лактозаның жүйке жүйесіне оң әсері бар екенін ескерген. Ұйқысыздықты емдеу үшін мамандар ұйықтар алдында бір стақан жылы сүт ішу ұсынылып отыр.
Лактоза кальций алмасуын қалыпқа келтіріп, ішекке В және С витаминдерін сіңіруге көмегін тигізеді.
1. Сүттің барлық зерттелген сорттарында ГОСТ бойынша лактозаның қалыпты мөлшері байқалады;
2. Сүт өнімдерінде лактозаның мөлшері әртүрлі екенін анықтадым, бірақ олар әртүрлі дәрумендер мен диеталық қоспаларға бай бол,анына қарамастан төмен екеніне көз жеткіздім;
Зерттеу жұмысы кезінде мен пастерленген сүт және сүт өнімдеріндегі лактозаның мөлшерін анықтап, лактозаны анықтауға арналған әдістерді игердім.
Зерттеу нәтижесінде 1ші сүт өнім 3 желания 8,6% құрамында лактоза 3,77%ды, 2ші сүт өнім Новый день 6% лактоза 3,73%ды 3ші сүт өнім Milko Bo 3,2%

3,87% ды 4ші өнім Петропавловское молоко 2,5% 3,65% ды құрады. Осылайша күнделікті өмірде тамағамымызға пайдаланылатын сүттердің құрамындағы лактозаның мөлшерін анықтап, ең жоғары көрсеткіш 3 желания 8,6% өнімінде бар екеніне көз жеткіздім.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Антонова В.С. Технология молока и молочных продуктов : учеб. пособие / В. С. АНТОНОВА, С. А. Соловьев, М. А. Сечина. - Оренбург : Изд. центр ОГАУ, 2003. - 437 с.

2.ТЕХНОЛОГИЯ молока и молочных продуктов : учебник / Г.Н. Крусь, А.Г. Храмцов, З.В. Волокитина, С.В. Карпычев; под ред.
А.М. Шалыгиной. - М. : КолосС, 2004. - 455 с.

3.Технический регламент Таможенного союза «О безопасности молока и молочной продукции» ТР ТС 033/2013 [принят Решением Совета Евразийской экономической комиссии от 9 декабря 2011 г № 67]. – Москва: Росинфомагротех, 2013. – 189 с.

4.Тимошенко, Н.В. Прикладная биотехнология молока и молочных продуктов : учеб. пособие / Н. В. Тимошенко, Н. С. Воронова, А. А. Нестеренко; Куб. гос. аграр. ун-т им. И.Т. Трубилина. - Краснодар : КубГАУ, 2017. - 133 с.

ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІНІҢ АДАМ ОРГАНИЗМІНЕ ЗИЯНДЫ ӘСЕРІ

Қатысушы: Тұрсынғалиева Айша
Жетекшісі: Мукушева Нуржанат Серккановна
«№ 25 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Біз зерттеу жұмысымыздың нысаны ретінде-электронды темекіні алдық. Қазіргі уақытта электронды темекіге ересектермен қатар жасөспірім балалар әуес болып барады.Оны ермек қылған қыз-келіншектер де жоқ емес.

Жобаның мақсаты:электронды темекілердің түрлерін және олардың адам организміне әсерін анықтау.

Зерттеу мақсаттарына жету үшін келесі әдістерді пайдаландық:

сараптау(зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттермен танысу),

сауалнама(оқушылардың электронды темекі жайлы мағлұмат деңгейін анықтау**),**

салыстыру(зерттеу нысанының әсері бойынша белгілі нәтижелерді салыстыру,электронды темекі түрлерінің қораптары бойынша пішіндік салыстыру**),**

бақылау және эксперимент (қала тұрғындары арасындағы электронды темекі шегушілер жиілігін.олардың сыртқы мінез-құлықтарындағы ерекшіліктерді бақылау,ерікті экспериментке тарту**).**

Жобаның өзектілігі: Адам организміне зиянды электронды темекілердің жасөспірімдер арасында жаппай қолданыс құралына айналмауына атсалысу .

Болжам: Электронды темекі адамның таңдау бостандығын қолдаушы, көңіл-күйге әсер етуші құрал, бірақ адам организміне зиян.

Зерттеуді жүргізу әдістемесі.

1.Теориялық бөлім

1. Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттермен танысу.

Вейперлер - электронды темекі шегетін адамдар.Электрондық темекі - темекі шегуге арналған құрылғылардың класы, олардың негізгі элементтері мундштук, литий батареясы және жылытуды қамтитын атомизатор.

Vapes түрлері:

• Супер мини (A класы). ...
• Мини (B сыныбы). ...
• Пенстиль (C сыныбы). ...
• Сигаралар (D класы). ...
• Сән (E сыныбы). ...
• Түтіктер (F класы)

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы (ҰСҚО) мәліметтері бойынша 11-15 жас аралығындағы балалар арасында жүргізген зерттеуі соңғы 30 күнде кем дегенде бір-екі күн электронды темекіні пайдалану ұлдар арасында 11 жастан (2%) ,15 жасқа (7%) дейін 3,5 есе, ал қыздар арасында 2 есе артты.

Қала балалар арасында (4%) ауыл балаларымен (2%) салыстырғанда электронды темекіні пайдаланушылар 2 есе көп, ал ұлдар арасында (4,6%) қыздармен (1,6%) шамамен 3 есе көп. Электрондық темекіні пайдаланушылар саны 15 жасқа (5,2%) екі есе өсті.

Неліктен vapes қауіпті? Электрондық сигареттерді немесе вайптерді шегу кезінде шығарылатын будың құрамында 30-дан астам қауіпті заттардың :пропиленгликоль, глицерин, никотин, диацетил, хош иісті қоспалар кіретіні белгілі түрлері болады. Мысалы, пропиленгликоль ағзада жиналып, аллергиялық реакцияларды, іріңді процестерді тудыруы мүмкін, бауыр мен бүйректің жұмысын бұзады. Вапинг инфаркт, инсульт және қатерлі ісік қаупін айтарлықтай арттырады.

Vape жүйелерінің сұйықтықтығындағы бумен дем алған кезде ауыр металл иондары - қалайы, никель және т.б. ағзаға түседі. Мысалы, құрылғыны салқын күйде ұстауға жауапты пентабромодифенил эфирлері жүрек пен мидың жұмысын реттейтін қалқанша безінің гормондарын өндіруге кедергі келтіреді.

Сұйықтық құрамында майда еритін Е дәрумені (ацетат) бар - бұл майлы затты ингаляциялау липоидты пневмония белгілеріне ұқсайтын асқынулардың дамуын тудырады.Сонымен қатар, вайпингті пайдалану ерлердегі тестостерон деңгейінің төмендеуіне және сперматозоидтар санының төмендеуіне әкеледі. Бумен вейп-жүйелерінің әйелдердің ұрпақты болу жүйесіне теріс әсері, әсіресе жүктілік кезінде анықталды.

Хош иістендіргіштер мен ауыр металдар ішкі секреция бездеріне канцерогендік әсер етеді - өсу, даму, көбею, бейімделу және мінез-құлық процестерін қамтамасыз ететін жоғары биологиялық белсенділігі бар гормондар. Сондықтан, жасөспірімдік шақта, дене әлі өсіп келе жатқан және мұндай жүктемені кездестірмеген кезде вайптерді пайдалану өте қауіпті.

Егер сұйықтықтағы никотин - жасанды түрде өсірілген никотин, оның pH суға ұқсас және дене оны тез сіңіреді және адреналинді шығарады, бұл белсенділіктің жоғарылауына әкеледі. Бұл жүрек ауруының себебі болып табылады.

Вапингтің әсерінен сілекейдің жоғарылауы және ауыздың құрғауы - ауыр металдарға реакция. Көбінесе «ваперлер» бас ауруы, бас айналу, есте сақтау қабілетінің бұзылуы, зейіннің төмендеуі, эмоционалдық және басқа да бұзылулар - тітіркену, агрессия, депрессия, жүрек айнуы, диарея, іштің ауырсынуына шағымданады..

Бірақ кәдімгі темекіге қарағанда электронды темекіде көміртегі тотығы токсиндерінің, шайырдың және басқа да қосымша қоспалардың болмауына байланысты тыныс алу жүйесі стресті аз алады,есесіне қатерлі ісік тудыратын қосылыстарды жұтады. Тыныс алу жолдарының қабынуын күшейтеді және иммундық жүйенің вирустардан қорғану қабілетін төмендетеді.

Адамның электронды темекі шегетінінің белгілері:

1. Vape әуесқойларының өз сленгтері бар: ...
2. Киімдегі май дақтарын...
3. Бөлмедегі күдікті иіс, киім иісі...
4. Бала бөлмесіндегі терезелердегі майлы қабық ...
5. Жаңа гаджеттер мен зарядтағыштар...
6. Тәбеттің нашарлығы...
7. Қалта ақшасын жиі сұрау...
8. Мінез-құлықтың өзгеруі

2.Практикалық бөлім.Сауалнама.

Мақсаты:оқушылар арасында электронды темекі жайлы ақпараттану деңгейін анықтау.

Сауалнама сұрақтары:

1.Электронды темекі тартушыларды жиі кездестіресіз бе?

2.Жасөспірімдер арасында электронды темекі тартушылар бар ма?

3.Кәдімгі темекі тартушыларға қарағанда электронды темекі тартушылардың іс-әрекеттерінде өзгешелікті байқадыңыз ба?
4.Электронды темекінің химиялық құрамын білесіз бе?
5.Неліктен жастар электронды темекіге әуес?
Сауалнамаға 9А сыныбы-18 оқушы,9 Ә сыныбы-19 оқушы,9 Б сыныбы-29 оқушы,10 А сыныбы-17оқушы,10 Б сыныбы-11 оқушы,11 А сыныбы-14 оқушы қатысты.Барлығы: 108 оқушы.
Сауалнама нәтижесі:Адамға темекі шегуден гөрі таза ауамен тыныс алу пайдалы.

Бақылау және эксперимент .

Бақылау барысында қала тұрғындары арасында электронды темекі шегушілер саны күннен-күнге,әсіресе жастар мен қыз-келіншектер арасында жиілеп бара жатқанын анықтадық.Жастардың бір мунштуктен топтасып,таласа,кейде кезек-кезек шегуін байқадық.Бұл аталмыш өнімнің бір жағынан арзан емес екенін көрсетсе,екінші жағынан жеке бас гигиена ережелеріне сай емес қолданысты анықтап берді. Қала тұрғындары арасында электронды темекіні бірінші рет пайдаланып көру мүмкіндігін ұйымдастыру мақсатындағы ерікті эксперименттен, көшеде өтіп бара кездейсоқ адамдардың көбі бас тартуы қуантарлық жағдай болды.Тек ішінара 15-21жас аралығындағы жастар ғана қалай шегетінін көрсетпек болып ұмтылыс жасады,алайда электронды темекінің қорабы бос болғандықтан әсерсіз болды деген пікірлер айтылды. Электронды темекі шегетін біз байқаған әйел жынысты адамдар эксперименттен бірден бас тартты және бұл олардың жеке басының шаруасы екенін,бір мунштуктен шегу лас екенін негіздеді.

Қорытынды

1.Электрондық темекіні қоғамдық орындарда пайдалануға заңмен тыйым салынбаған.Бұл орынсыз әрекет бостандығын береді.Темекісіз ортаны құру бойынша кешенді саясатты жүзеге асыру және сақтау қажет: электронды темекілерді темекіге қарсы заңнамамен қамту, бағаның өсуін қамтамасыз ету, мұндай өнімдердің сатылуын шектеу керек.
2.Көптеген электронды сигареттердің манго, жемістер және кілегейлер дәмі тартымды етеді. Темекі шегуден бас тартуға көмектесетін «алмастыру терапиясы» түрлерін: патчтар, сағыздар, спрейлер және ингалятор, тыныс алу жаттығулар,фитонцидті қылқан жапырақты орманда серуендеу,ванна процедураларын қолдануды ұсыну қажет.

Пайдаланылған ақпарат көздері:

BBC. Электронные сигареты- чудо или угроза https://yandex.ru/video/preview/?
1. Статистика о количестве курящего населения *.http://www.podymim.ru/statistika_v_*
2. Что такое электронная сигарета и её состав?*https://ru.wikipedia.org*

Вредна ли эл. Сигарета
https://vipmag.by/stati_ob_elektronnykh_sigaretakh/vredna_li_elektronnaya_sigareta

ЖЫЛҚЫ МАЛЫНАН АЛЫНАТЫН ӨНІМДЕР

Қатысушы: Стал Нұрсәуле Қайратқызы

Жетекшілері: Намазбаева Алмагуль Жамбалаевна,
Қайырлыбекқызы Әлия
«№ 22 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі»КММ

Ерте заманнан бері ата-бабамыз жылқы малын қастерлеп, қолға үйретіп,бағып-қағып өсірген. Жылқыны тұрмыстық қажеттілікке және талай көтерілістерде жауға қарсы шығуға салт мінген. Көшпелі қазақтардың көшіп-қонуына түйе малымен қатар жүк тиеу үшін қолданған. Сонымен қатар қазақ халқының ұлттық ойындарындағы бәйге,көкпар,қыз қуу,теңге алу сияқты ойындарында жылқымен шапқан. Жылқы малының етін,сүтін тағам ретінде пайдаланған. Бұл өнімдердің денсаулыққа әсерін сол ата-бабаларымыз жақсы білген, себебі үнемі жылқы етін жеп, сүтін ішкен қазақтардан денсаулықтары мықты болып, алып батырлар туған, олар елін, жерін қорғап жүргенде де осы өнімдерді пайдаланған.

1.1. Жылқының шығу тарихы

Жылқы тарихы осыдан 65 млн. жыл бұрынғы алғашқы эоцен кезеңінен бастау алады. Ол кезде жылқы арқасы илгіш, құйрығы ұзын, көлемі қанден итіне ұқсаған. Бұл хайуанның алдыңғы қолдарында төрт, ал артқы тұяқтарында үш саусақ болған, кейін миоцен кезенінде 25 млн. жыл бұрын жер бетіндегі климаттын өзгеруіне байланысты оның жұмсақ айыр тұяқтары қатты тұяққа айналды. "Қазақ" пен "жылқы" деген сездер бір-бірінен ажыратуға болмайтын егіз ұғымдар. Дегенмен, жылқы мінездес халықтың осы бір асау жабайы жылқылардың мойнына алғаш құрық салып, мініс көлігі үшін қолға үйреткенін өзіміздің мақтаныш сезіммен айтуымыз бір белек те, бұл дәлелді деректі атақтары әлемге таралған мүйізі қарағайдай ғалымдардың бұлтартпай мойындауы, тіпті, ауыз толтырып айтуға тұрарлық. Қазақ ақыны Абай атамыздың мына жыр жолдары көп нәрсені білдіретіні белгілі:" Қиуадан шауып, қисынын тауып, тағыны жетіп қайырған", - деген жыр жолдарындағы "тағыны", - сөзі жабайы жылқыны білдіретінін байқауға болады.

Негізгі бөлім.

2.1. Жылқы туралы мәліметтер

Жылқы (Eguus caballus) - тақ тұяқтылар отрядының бір тұқымдасы.

Жылқы тұқымдасы *есек*, *құлан, зебра*, қазіргі жылқы болып 4 туысқа бөлінеді. Көптеген ғалымдардың зерттеулері бойынша жылқының ең жақын тегі керқұлан. Қолға үйретілген жылқының шаруашылықта маңызы зор. Ол - ет және қымыз өндіру, салт міну, арбаға не шанаға жегу, спорттық бағыттарда өсіреді.Дүние жүзінде жылқының 250-дей түрі бар. Қазақстанда жылқының 16 түрі өсіріледі. Жылқы адамзат өркениетіндегі, әсіресе дала өркениетіндегі дамудың жарқын да елеулі керсеткіштерінің бірі болды. Қазақстанның барлық аймақтарын мекен еткен сақ, ғұн, арий тайпалары жылқыны ерекше құрметтеген. Әлемде алғаш рет екі доңғалақты арбаны ойлап тапқан арийлер оған ұшқыр тұлпарларын қос-қостан жегіп алып, сары далада сағымша жүйткіген.

2.2 Қазақ жылқысы және оның тұқымдары

Жылқы - қазақтың ен қадірлі малы, басты байлығы. Жылқы қазақ тұрмысында тек байлықтын ғана белгісі емес, сән - салтанаттын, сұлулық пен керкемдіктің идеалы. "Жылқы - малдың патшасы"," Жігіттің сорлысын аттың жолдасы теңейді","Ер қанаты - ат" - дейді халық даналығы. Көшпенділер өмірінде жылқының орны орасан зор болған. Алдымен күш - көлік ретінде, сосын сусындық сүтімен, дәмді етімен құнды.

Қ а з а қ ж ы л қ ы с ы. Ауа райынын қандай жағдайына болса да төзімді, жемшөп талғамайды, үнемі далада, тебінде, жайылымда өсіп - жетілген. Бұл түліктің басы үлкен, сағалдырығы кең, көздері кішілеу, мойны жуандау, тұрқы орташа, шоқтығы биік емес, көкірегі кең, қабырғалары ұзын және тік келеді, аяғының сіңірлері шығыңқы, көрініп тұрады. Алдыңғы аяқтары түзу, ал артқы аяқтары қайқылау, тұяқтары мықты, терісі қалын, жал - құйрығы қою, түсі әр-түрлі болады.

2.3. Жылқы терісінен жасалатын бұйымдар

Жылқының терісі, сүйегі мен жал-құйрығын ата-бабаларымыз күнделікті тұрмыс-тіршілігінде пайдаға асыра білген. Ол халық арасындағы қолөнер шеберлері үшін аса бағалы шикізат көзі болып табылған. Теріні жалпы адамзат ерте заманнан тұтынып келе жатқаны белгілі. Алғашқы адамдар өздерінің аулаған андарының терісін үстіне жамылып, тесеніш етіп, тіпті баспанаға да пайдаланғанын археологиялық қазбалардан білеміз.

Саба – қымыз, қымырдан (шұбат) ашытуға жылқының терісінен тігілген ыдыс. “Іргеде емізкі қара саба, піспегі шекемікті, алға сағақ”. (І. Жансүгіров). Ол үшін жылқының ішкі терісінен иге (малмаға) салып, жүнін жидітіп түсіреді.

Малма - дегеніміз айранның сары суына ұн, кебек қосып жасалған иі. Терінің ииде жату мерзімі қалыңдығына байланысты. Мысалы, түйе терісі малмада бір ай жатса, ал түлкі терісі үш күнде-ақ иі болады. Ииден шыкққан теріні кермекке салады.

Піспек – сабы сабаның бойынан екі-үш тұтамдай ұзын, түбіне айқыш-ұйқыш екі тақтай немесе төңкерілген тостаған тәрізді қабырғаларында тесіктері бар ағаш бекітілген құрал. Піспектің үлкендігі сабаның көлеміне байланысты.

Шеберлер піспектің басын өрнектеп, мүйізбен, сүйекпен оймыштап, асыл тастардан көз орнатып, күміс шытырлармен безендіріп қояды. Кейде піспектің басына әр түрлі ұсақ қоңырау, болмаса сылдырмақ ілінеді. Сонда піскен сабадан гүмпілдеп шыққан дыбысқа әр түрлі сылдырмақ үні қосылып ерекше бір жарасымды үндестік табады.

Көнек - шикі теріден тігілген, бие сауууға арналған ыдыс. Онымен бие сауғанда бауын білекке іліп алып, түбін тізеге тірей сауады.

Көнек жеңіл және темір (қаңылтыр) ыдыстардай даңғырламайды. "Көнектен шошынған бие оңбас, көптен бөлінген үй оңбас", - дейді халқымыз. Сондықтан көнекке сауғанда мазасызданбай жақсы иіп, сүтті мол береді.

Көнекті көбінесе жылқының жон терісінен жасайды.

Бұлқыншақ - жылқы терісінен жасалатын ыдыс. Бұл ыдыс малшы қауымның ыстық күндерде айран, қойыртпақ қоюына мейілінше қолайлы.

Тулақ дегеніміз – тайдың терісінен шикідей керіп кетірген көн, төсеніш. Сондықтан оны тайтері деп те атайды. ‘Ер арысы – аруақ, ат арысы – тұлақ’ деп тегін айтпаған халқымыз.

Жүн сабағанда тулақты төсеніш ретінде пайдаланады. Егер сабайтын жүн көп болса, бірнеше әйел бірігіп сабайды. Жүн сабарда, сабап болған соң көмектескен адамдарға шашу тамақ береді. Оны тулақ шашу деп атайды.

Жылқының сүйегінен, тұяғынан жасалатын бұйымдар

Қож сөзін бүгінгі таңда сөздіктерден кездестіруіңіз екіталай. Ал зерттеушілердің сөзінше қож - ұста, зергерлердің көріктің көмейіне көмір салуға, ыстық шоқты көсеп алуға, күл шығаруға арналған жылқының жауырын сүйегінен жасалған қалақ аты. Жылқының жауырын сүйегінен жасалған қалақ болды. Ол жауырын сүйектің ортасында ұзына бойы созылып жатқан қыр сүйекті шауып тастап бас жағын тесіп, іліп қою үшін қайыстан, жіптен бүлдірге тақса болғаны.

Осындай қалақты ертеректе "қож" - деп атаған.

Тұяқ тақа - аяқ киімге байлап алып сыз, лайсаң жермен жүруге қолайлы аяк киім. Көктемде қар еріп, жер лайсаң тартып, мал қораның төңірегіне сарсідік жиналады. Мал жайлаған кезде малшылардың аяқ киімдерінен су өтіп, лас болмауы үшін аяқтарына арнаулы тақа байлап жүреді. Оны ағаштан немесе жылқының тұяғынан жасайды. Міне, осыны тұяқ тақа деп атаған.

Тұяқтас - жылқының қос тұяғынан жасалған көне ұрмалы музыка аспабы.

Тұяқтасты әуенші (музыкант) екі қолын ұстап, әуен ырғағына орай бір-біріне соғу арқылы үн шығарады. Сонда шауып келе жатқан ат тұяғының дыбысындай сүйкімді ырғақ пайда болады. Мұндай музыкалық керкемдеуді "Қыз Жібек" фильмінен қайсымыз болсын естігенбіз.

Тұяқтасты жеке дара ойнауға болады, ал ол көбінесе әр түрлі аспаптардан құралған оркестрде пайдаланылады. Мысалы "Отырар сазы","Сазген" сияқты фольклорлы этнографиялық ансамбльдерде тұяқтастың бір үлгісін республикалық халық аспаптары мұражайынан да тамашалауға болады.

2.4. Жылқы өнімдерінің емдік қасиеттері

Қазақта Қамбар ата жылқыны қолға алғаш үйретеді. Тұңғыш қымызды ашытады, өйткені биенің сүті не айран, не ірімшік, не сүт болмайды, отқа піспейді, содан Қамбар ата ашытып қымыз жасайды. Бірқатар деректерде, қымызды алғаш пайдаланғандар арий тайпалары деседі. Әлбетте, бұл да негізсіз емес. Авестада арий тайпалары сүт тағамдарын (қымыз сүт тағамына жатады) пайдаланғаны мәлім.

Қымыз - бие сүтінен әзірленетін шипалы сусын. Дәстүрлі қазақ қоғамында қымыз ұлттық қадірлі сусын ретінде кеңінен пайдаланылады. Ұлттық дәстүр бойынша алғашқы ашыған қымыздан әуелі ауыл ақсақалдары тиіп, батасын беруі тиіс, бұл дәстүр "қымызмұрындық" немесе " қымызжора " деп аталған. Сондай-ақ жылқының сүр қазысын қосып, бабына келтіріліп пісірілген сары әрі кою, дәмді және тұщы қымыз - бал қымыз, екі түн ашытылған - дөнен қымыз, төрт түн сақталып ашуы әбден жеткізілген қымыз - бесті қымыз, ал олардан да ұзақ ашығаны - асау қымыз, күзде сауылған, қуаты кушті әрі емдік қасиеті жоғарысы сары - қымыз, қыста қысыр биені байлап әзірлегені қысырдың

қымызы, бұрынғы қымыздың үстіне саумал қосылғаны - түнемел қымыз, шырғанақ қосылғаны - шырғанақ қымыз деп аталады.

Қымызбен емдеу, қымыздың емдік қасиеті оның құрамындағы химиялық заттарға байланысты.

Жылқы етінің қасиетін зат алмасуына байланысты болатын - *семіру, атеросклероз, қант диабеті* сияқты дертке шалдыққандарды, сондай – ақ *бауыр, асқазан астындағы ұйқы безін* диеталық терапия жолымен емдеуге пайдалануға әбден болады.

Жылқы еті жүйке, жүрек, қан тамырлары аурыларын емдейді. Жылқы етінде сиыр етіне қарағанда калийде, темірде (екі еседей), мыс, мырыш, кобальтта көп. Қазақ жылқы етінен қазы-қарта, жал жая, шұжық жасайды.

III. Қорытынды (ұсыныстар)

Өркениет тарихында адамдардың қолға үйреткен жануарлары ішінен жылқыдай жасампаздық рөл атқарған жок. Жылқыны қолға үйретіп, кейін көлігіне айналдырудың арқасында адам орасан үлкен құрлықтар мен кеңістіктерді игерді.

Ғылыми ізденісімізді қорытындылай келе,келесі ұсыныстарға тоқталғым келеді:

1) Бие сүті қымызды, әсіресе,әр түрлі ауруларды емдеуге кеңінен пайдаланылатыны ескерілсін.

2) Абай облысында қымызханарладың саны кебейтілсін.

3) Көкпар, қыз қуу секілді ат үстінде ойналатын ұлттық спорт ойындарымыз олимпиадалық ойындарға кірсе.

4) Қымыз өндіру тәжірибемізді ел арасынан жинақтап, этнографиялық мұра ретінде теледидарға түсіріп, жұртшылық назарына үнемі неге ұсынып отырмасқа?!

5) Жылқы терісінен, сүйегінен, құйрығынан дайындалған бұйымдарды жаңа заманға лайықтап, үйлесім табатындай етіп жасап, өндіріске қосып, экономикаға пайдасын тигізу.

6) Жылқыға міну, оның еті мен қымызын ішу арқылы қазіргі таңда кең таралған балалардың сал ауруын, рак, жүрек-қан тамырлары т.б. осы сияқты кауіпті аурулардың карқынын тежеу, белгілі бір мөлшерде жою.

IV. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1) Ахмет Тоқтабай. "Қазақ жылқысының тарихы", 2010ж.
2) Мырзабай Омаров. "Қымыз" кітабы, 2010ж.
3) Р. Х. Қадырова, Р.А. Шәкиева. "Жылқы еті шипалы тағам" кітабы, 1991ж.
4) Ахмет Тоқтабаев. "Төрт түлік төресі кім" кітабы, 1990ж.
3. http://kerekinfo.kz/blog/8805.html

ЖАЛПАҚ ТАБАНДЫЛЫҚТЫҢ ЗИЯНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Қатысушылар:Қоңыртаева Толғанай, Пірімқұлова Наргиз
Нукебаева Жаныл Касымовна, Қасымқызы Жазира
"А.Байтұрсынұлы атындағы №47 жалпы орта білім беретін мектеп"

Біздің ғаламшардың шамамен миллиондаған тұрғыны жалпақ табан ауруының құрығына іліккен. Жалпақ табандық неге әкеледі егер табан қатты өзгерсе, жағымсыз салдары пайда болады: аяқтары тез шаршайды және ісінеді, ауырсынуды бастайды. Олар ауырады, адамның жүрекшесі өзгереді. Омыртқа да зардап шегеді. Жалпақ табандық омыртқааралық дискілердің жарығына дейін елеулі проблемаларға әкелуі мүмкін.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Жалпақ табан ауруының себептері және емдеу, алдын алу шараларымен таныстыру.

Жалпақ табандылықпен әскерге алмайды: қызмет кезінде жоғары дене жүктемелері омыртқа жарақатына әкелуі мүмкін. Егер жалпақ табандық емделмесе, табанның деформациясы күшейе түседі, өкше шпоралары, үлкен саусақтардағы ауырсыну сүйектері пайда болады. Бүгін де жалпақ табан ауруының қарқынды өсуі, оның ішінде балалар арасында кездесуі әлемдік денсаулық сақтау ұйымдарының жаһандық мәселеледің біріне айналды.

Зерттеу жұмыстарының міндеттері: Жалпақ табан ауруының пайда болу себептері; Жалпақ табанның асқынуы немесе шалдықтыратын қауіпті факторлары; Балалардағы жалпақ табанды емдеу және алдын алу; Жалпақ табан ауруында медицинаның маңызы туралы оқушылардың қаншалықты білетіндігі туралы әлеуметтік сауалнама жүргізу.

Зерттеу жұмысының өзектілігі:«Қазақстандағы жалпақ табан жыл өткен сайын көбейіп, оның балаларға ауыз сала бастағанын, халықтың бұл ауру жөнінде сауатының төмендігін, емдеу мекемелерінде ауруды дер кезінде елемейтіндігін, ауруға шалдыққандардың аса мән бермейді. Үй жағдайында жалпақ табандылықтан қалай құтылу жолдарын қарастырамыз.

Жалпақ табан ауруына ең алғаш XIX ғасырдың аяғында өмір сүрген неміс дәрігері С.Кнейп анықтама берген. Ол «Ең жақсы аяқ киім- ол аяқ киімнің болмауы. Жалаң аяқ жүрген әрбір қадам-өмірдің артық минуты» деуі жалпақ табандылық ауруының туындауының бір себебін алдын алса керек. Жалпақ табан – табан дөңестерінің төмендеуінен болған табанның жалпаюы. Жалпақ табан сопақша немесе көлденең болуы мүмкін. Табан сүйегінің қисаюы, өкшенің жарылуы, майтабандық дерті адамдарды жиі мазалайды. Жалпақ табандылыққа шалдықтыратын себептер: кальций жетіспеуі, суық тигізу, денеге салмақ қосқанда, сапасыз аяқ киім кию, артық салмақ, ауыр жарақат алу, экологияның зиянды әсері, дене белсенділігінің төмендігі, микроэлементтердің жетіспеушілігі, тұқым қуалаушылық немесе кейбір аурулар бұлшық еттердің әлсіреуіне және жалпақ табандылыққа әкеледі.[1]

Жалпақ табандылықты қалпына келтірудің негізгі әдістері – емдік жаттығулар.Біздің оқушыларымыз аяқтарына жақсы күтім жасағанмен,жас кездерінен бастап аяқ киімді дұрыс таңдамағаннан көп оқушыда аяқтары жиі ауырады, аяқ құрысулары немесе жалпақтабандылық болуы мүмкін. Емдік дене шынықтыру жаттығуларын су процедуралары, беріктендіру, тиімді тамақтану, қалыпты қимыл-қозғалыс қалыптастырумен ұштастыра отырып жүргізу және бала жасына сай аяқ киім киіп жүру, егер ауру туындаған жағдайда арнайы аяқ киім немесе ортопедиялық ұлтарақ пайдалану емдік жаттығулар тиімділігін арттырады. .[2]

Жалпақтабандылық салдарынан өсіп бітетін тырнақ дамиды. Табан, тізе, сан, арқада ауырсыну жүреді. Аяққа отырғанша, сәл иілу және отырған кезде тепе-теңдік сақтау қиын. «Ауыр» жүріс, яғни жүру кезінде қорбаңдау. Деформацияланған табан (жалпақтабан, қисық, пропорциясыз аяқ саусақтарының ұзаруы, үлкен саусақтағы сүйек, кеңейген табан), тізе (сыртқа немесе ішке қараған), сан (шыққан). Пропорциясыз дамыған және дамымаған аяқ бұлшықеттері. Жалпақтабандылықты массаж арқылы емдеу. Массаж –жалпақтабандылықты емдеудің жақсы бір тәсілі болып табылады. Ол ауырсынуды басып, лимфа- және қан айналуды жақсартады,әлсізденген бұлшықеттерді қатайтады. .[3]

Үй жағдайында балалардағы жалпақ табандық бар екендігін анықтаудың қарапайым тәсілдері:

1. Баланың табанын бояу керек. /гуашь, күнбағыс майы, т.б./
2. Баланың екі аяғын қағаз парағына дәл қойыңыз.
3. Баланы табанын жууға жіберіңіз, ал іздерді өзіңіз зерттеңіз. Күмбез бұзылған жағдайда ол тұтас, ал қалыпты жағдайда ішкі жағында жарық болады. Қалыпты жағдайда табанның ішкі жағында табанның үлкен бөлігін алатын ойық болады. Егер ол ойық болмаса немесе ол өте жіңішке болса, онда ол жалпақ табанды білдіреді.

Жалпақ табанның мұндай белгілері болуы керек: бала аз қозғалатын, тез шаршайды, үлкен қашықтыққа жүруден бас тартады, аяғы немесе арқасы ауырады, аяқ киімді ішке қарай басады, қиғаш жүреді, аяқ ісінеді, табан шашыраңқы көрінеді.

Дәл диагнозды тек ортопед-дәрігер белгілейді, сондықтан аурудың болуын болжай отырып, маманға хабарласыңыз.

Зерттеуге мектеп мейірбикесімен кеңесе отырып төмендегідей дәрежедегі оқушыларда анықтадық.

I дәреже. физикалық күш түсуден кейін аяқ шаршайды, өкшеге басқанда ауырсынады. Жүрісі өзгереді.

II дәрежедегі жалпақ табанды адамдарда ауырсыну тек өкшеде ғана емес, сонымен қатар балтыр аймағында сезіледі. Ол қатты және жиі ауырады. Табан бұлшықеттері серпінділігін жоғалтады

III дәрежесі – табанның сыртқы айқын деформациясы бар яғни жалпақтабандылық белгісі бар оқушылар.

Мектептегі мейірбике Айгерім Қайратбекқызынан қанша оқушы жалпақ табан ауруымен тіркелгендігін анықтап, статистикасын шығардық.

№	Сыныптар	Жалпақ табан ауруымен ауыратын оқушылар саны
1	0-сынып	19
2	1-сынып	14
3	2-сынып	21
4	3-сынып	16
5	4-сынып	18
6	5-сынып	17
7	6-сынып	19

8	7-сынып	17
9	8-сынып	20
10	9-сынып	16
11	10-сынып	11
12	11-сынып	6
Барлығы		**194 оқушы**

Статистикалық мәліметке сүйенсек, 194 бала жалпақ табан дертімен ауыратындығын анықтадық.

Жалпақ табанның бірінші кезеңі: дене күшінен соң табан ауырады; кешкетаман табан шаршап, ісінеді;

Жалпақтабанның екінші кезеңі: аурушаңдық бүкіл аяқты тізе буындарына дейін алады;

Жалпақ табанның үшінші кезеңі: •бел ауыра бастайды, ал аяқ киіммен жүру қиындайды. Аяқтың ауруы тұрақты бас аурумен сәйкес келуі мүмкін;

•аяқ өсіп кеткендей болады, бір өлшем үлкен аяқ киім алуға мәжбүр болады;

•ескі аяқ киімнің өкшесі ішкі жағынан тапталған.

Алайда, аталған белгілер жалпақ табанға емес, басқа да ауруларға сәйкес келуі мүмкін екенін ескеру керек, мысалы, буындық немесе эндокриндік, сондықтан да нақты диагнозды білу үшін дәрігерге жүгіну қажет.

Жалпақ табан ауруымен емделмесе, есейгенде бала әскерге баруға да жарамайды. Тез шаршайды. Жұмыс істеу қабілетті төмендейді. Алысқа жүгіре алмайды.

Жалпақ табандылықтың алдын алу емінің бірі – емдік жаттығулар.

Біз сыныптағы оқушыларға жалпақ табан ауруы туралы мәлімет бере отырып, жаттығу түрлерін де ұсындық, көрсеттік.

Жалпақ табандылықтан емделудің үйде жасалатын тиімді жаттығулар түрлерін жинап, оның ішінен ең тиімді деген жатттығу түрлерін жинастырдық. Оқушыларға кезкелген уақыттта қолдануға оңай болсын деп, "Жалпақ табандылықтың алдын алу жаттығулары" кітапшасын құрастырып шықтық.

Балалардағы жалпақ табанды емдеу жаттығулары: 1. Отырып табанды кезек-кезек бүгу. 2. табанды айналдыру. 3. Әткеншек деп аталатын жаттығу. Бала кезек-кезек аяқтарының ұшына тұрып қайта табанына түседі. 4. Аяқтарының ұшымен жүру. 5. Еденге гимнастика таяғын қойыңыз. Осы таяқ бойында жүру өте пайдалы. 6. Аяқтарының ұшымен жартылай отырып тұру. 7. Гимнастика таяғына жүйелеп отыру. 8. Ал мына жаттығу бала есіне қысты түсіреді. 1-3 минуттай шаңғымен жүргендей аяғының ұшымен жүреді. 9. Гимнастика үшін екі доп қажет болады. Кішкентай допты аяқтарының башпайларымен 1-3 минуттай айналдыру өте пайдалы. Бала үлкенге (медицибол деп аталатын) тұрып, тепе-теңдік ұстап тұруы қажет. Одан кейін доптан түспей бірнеше рет отырып тұрып көрсін. 10. Башпайларымен секіру. 11. Гимнастикалық шеңбер сатып алыңыз. Балаға аяқтарының башпайларымен шеңберді айналдыруға үйретіңіз. 12.Аяқтарының башпайларымен әртүрлі заттарды көтеру. Сонымен қатар, арнайы жабдықты талап етпейтін жаттығулар да бар, олардың да емдік салдары зор. Ол үшін жаздың шуақты күнін пайдаланыңыз. Ең алдымен, баланың далада көбірек жалаңаяқ жүргені

жақсы. Екіншіден, егер балаңыз жылы жауыннан кейін аяғымен балшық илеп, шалшық кешіп жүрсе қорықпаңыз. Жалпақ табандылығы бар балаларға төмендегідей спорт түрлерімен айналысу пайдалы: жүзу; шаңғы жарысы, мұзда сырғанау.

Жаттығулар табан бұлшық етіне жақсы әсер етеді. Жалпақ табанды емдеу үшін бала осындай жаттығуларды орындауы тиіс: табанның сыртқы қабырғаларында жүру; шұлыққа көтерілу және төмен түсу; таяқша бойымен және көлденең жүру; отырып, өсіру және аяқтары; таяқша тұрып отырыңыз; табанның сыртқы жағында тұрып, оңға және солға бұрылу; жаяу, аяқ арасында ұстап кішкентай доп . Әрбір жаттығу бала жүктемені біртіндеп арттыра отырып, бірнеше рет жасайды.

Қорыта келе, жалпақтабандылық ауруынан емді уақытында бастаса және ұсынымдарды тез орындаса, түзетіледі. Салауатты тамақтану және дене белсенділігі тірек-қимыл жүйесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Спорт, массаж және жаттығу тек емдеу ғана емес, сондай-ақ ортопедиялық бұзылыстардың жақсы алдын алуға қызмет етеді. Ұсыныстар:

1.Оқушыларға жалпақ табандылықтың себептері, алдын-алу жолдары туралы жадынама тегін таратылса.

2. Сымбаттың бұзылуы, жалпақ табандылықтың алдын алу туралы мектеп бағдарламасына арнайы бір сағат енгізілсе.

3.Бейне роликтер көше теледидарынан көрсетілсе.

4.Қазақстанға келетін немесе шығарылған аяқ киім сапасы жете тексерілсе.

Әдебиеттер тізімі

1. Большая книга эксперимента для школьников – М,:Росмен, 2001
2. Популярная медицинская энциклопедия.
3. Человек. Энциклопедия для детей Т18 М. Аванта+, 2001

КАУЧУКТАН АЛЫНАТЫН БҰЙЫМДАРДЫҢ ХИМИЯЛЫҚ ТӨЗІМДІЛІГІ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ

Қатысушы: Омарова Балжан

Жетекшісі: Кабдолданова Айнур Турсынбековна.

«Шынқожа батыр атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Аягөз ауданы

Табиғаттың пайда болғанына қанша жыл болса, каучук та сонша жылдан бері бар деп айтуға болады. Тас болып кеткен каучукты ағаштардың табылуы, олардың жасының, шамамен, 3 миллион жыл екенін көрсетеді. Каучук Амазонка үндістерінің тілінде «Као-Чау» – ағаштың көз жасы деген мағына береді. Шикі резеңкелерден жасалған каучук шарлар Орталық және Оңтүстік Америкадан табылған, олардың жасы 900 жылдан кем емес. Табиғи каучук каучукты өсімдіктердің сүт шырынын (латекс) коагуляциялау арқылы алынады. Табиғи каучуктың негізгі құрауышы- полиизопропен көмірсутегі (91-96%). Каучукты өсімдіктердің қандай бөлігінде каучук жинақталады,соған байланысты оларды мынадай топтарға бөледі: А)латекстік - каучуктары сүт шырынында;

Ә)паренхимдік - каучуктары тамырлары мен бұтақтарында;
Б) хлоренхимдік-каучуктері жапырақтарында және жасыл ұлпаларында.

Латекстік ағаштардың өнеркәсіптік маңызы бар, олар каучукты көп мөлшерде жинақтап қана қоймай, оны оңай бөледі. Олардың ішінде ең маңыздысы-бразилиялық гевея. Ол табиғи каучуктың әлемдік өндірісінің 96%-ін құрайды. Каучукты өсімдік-шөпті латекстік күрделі гулділер туыстарына жатады (көксағыз, таусағыз және т.б.). Олардың тамырларында аздаған мөлшерде болатын каучуктың өнеркәсіптік маңызы жоқ.Елдің бәріне белгілі бақбақ, сүттіген сияқты шөптесін өсімдіктерде сүт шырыны құрамында болады. Каучукты өсімдіктер экватордың екі жағында 10^0С дейінгі жерлерде өседі. Сондықтан экватордың екі жағынан ені 1300 км жолақты каучукты белдеу деп атайды.Каучукты өсімдіктергеөте жылы ылғалды климат пен құнарлы топырақ қажет. Автокөлік өндірісінің дамуы резеңкеге, яғни каучукка деген сұранысты арттырып отыр. Сондықтан Оңтүстік Америка, Малайзия, Цейлон және Индонезия жерлерінде гевеяның жаңа плантациялары пайда болды. Христофор Колумб Америка құрлығына екінші сапарында каучукпен алғаш рет таныс болды. Ол командасымен бірге жергілікті үндістердің қара доптармен ойнап жүргенін көреді. Олар допты бразилиялық гевея ағашының қабығын кесіп, одан аққан сүтті шырыннан (қоюлатып, ширатып) жасап алады екен. Сонымен қатар үндістер олардан су өтпейтін галоштар жасап киген (олар қатты ыстықта аяққа жабысты және созылып пішіндерін өзгертті). Оңтүстік Шығыс Азияның ертедегі адамдары да гевеяның шырынынан жасалған резеңкені (каучукты) пайдаланғаны туралы белгілі болды. Олар күнделікті тұрмыста қолданатын себептері мен құмыраларының сыртына су өтпейтіндей етіп гевея шырынын жағатын болған. Колумб европалықтарға айтқан каучук көп жылдар бойы теңіздің ар жағындағы жабайы нәрсе болып қала берді. Оның алғашқы сипаттамасын Францияның Ғылым академиясында 1739 жылы Ш.Кондамин жасады. XIX ғасырдың аяғында каучукты Г.Бушард, Г.Вильямсон, К.Гарриес, И.И.Остромыленский, М.Г.Кучеров, Б.В.Бызов сияқты ғалымдар зерттеді. Фотосинтез процесін алған ашқан Дж.Кристли каучуктың бір түйірімен қаламмен жазылған сызықты өшіріп, оның тұрмыстағы қолданысын чертеждік резеңкені ойлап тапты.

Өшіргіш неден жасалған? Өшіргіш резеңке пайда болуы дұрыс емес салынған суретті өішіруге, қисық кетіруге қателіктерді түзетіп қайта салуға мүмкіндік береді. 19-06-2019 Жасаған қателігіңді түзей алсаң қандай керемет. Өшіргіш біз жіберген қателіктердің бәрін кетіруге құдіреті жетпесе де ұсақ-түйектің ізін жояды.Қызық, ОНЫ Кім ойлап тапты екен? XVIII ғасырда ағылшын оқымыстысы Джозеф Пристли өз заманының шебер химигі ретінде танылды. Дәл осы Пристли әлемдегі ең бірінші өшіргішті ойлап тапты.Оған астраном досы Шарль Мари Аризонға шеккен сапарында жерден кезіккен кішкене каучук бөліктерін жинап жүреді.Үнді жұрты бұл материалды тұрмыстық қажеттілігіне

қолданатын еді. Шарль жинаған бұйымдарын Европаға әкеліп, Прислиге көрсетеді.Химик бірнеше тәжірибе, зерттеу жүргізіп, каучук көмегімен грифельмен жазылған қағаздаы жазуды өшіруге болатынын анықтады. Бұл 1970 жылы болатын.Жазушылар мен ғалымдарға зор қуаныш сыйлаған өшіргіш, резеңке өмірге осылай келді. Бір ғана кемшілігі -тез ұсақталып қала береді, бұл өшіргіштің ғұмыры ұзаққа бармады.1982 жылы Америка ғалымы Чарьз Гудьир каучукты басқа материалдармен -күкіртпен араластыру керек деп шешті. Сөйтіп, резеңке тығыздалып,біраз уақыт қолдануға жарады. Одан 19 жыл өтен соң резеңкені қарындаштың басын орналастыру туралы идея ғалымның ойына оралды.Жаңа идея мен жасалған өнім бүкіл әлемге тарау уақыт жөнінен рекорд орнатты. Арада жылдар жылжып,өшіргіштің сияны да өшіретін түрі шықты. Каучук-майысқақ созылғыш, серпімді, тозуға төзімді болып келеді. Сондықтан да каучуктен көптеген бұйымдар жасалады.

Каучук қасиеттері:

- Қатты зат
- Макромолекулалы
- Тізбекті құрылымды
- Майысқақтығы жоғары
- Ұзақ сақтаса қатайып кетеді

Зерттеу нәтижелері:

- Суға әсері- ерімейді.
- Спиртке әсері -этил спиртінде аздап ериді
- Күкіртсутекте, хлороформда, бензинде алдымен ісінеді содан кейін ериді.

Шығу тегіне қарай екіге бөлінеді:

1-табиғи каучук

2- жасанды каучук

Синтетикалық каучуктер диен көмірсутектері мен олардың туындыларының полимерлену өнімдері. Яғни табиғи каучукке қарағанда иілімділігі төмен болады.Сондықтан оны тұрмыста қолданған тиімді болады.

Кремний органикалық (силикон) каучуктер тұйық силикондарды немесе сызықтық силикондарды поликонденсациялау арқылы алынады.Полимерлер құрамы сызықтық түрде болады.

Каучук, резеңке бұйымдары тұрмыста,күнделікті өмірімізде көп қолданылады. Оның маңызы артпаса кеміген емес. Бүгінгі қоғамымызбен біте қайнасып кеткен бұз химиялық заттың ең пайдалы өнім екеніне тағы бір көз жеткізуге болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 .Химия: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық Ә. Темірболатова, Н. Нұрахметов, Р. Жұмаділова, С. Әлімжанова. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007. – 352 бет, суретті. ISBN 9965-36-092-8.

2. Ж.Бегалиева ,С.Самыратов, А.Қолұшпаева. Химия курсы. Жоғарғы инженер – техникалық (химиялық емес) оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы / С. Самыратов, Ж. Бегалиева, А. Қолұшпаева – Алматы, ҚазККА 2002 ж, 292 бет.
3. Жоғарғы оқу орындары студенттеріне арналған оқулық /Е. Е. Ерғожин, М.Қ.Құрманалиев. Алматы, 2008, 407 бет.
4.Шайқұтдінов Е.М Е. М.Төреханов, А.Ш,Шәріпханов Ш18 Органикалық химия: Оқулық –Алматы: Білім, 1999-408 б.

ҚАРАҒАЙЛЫ ОРМАНЫНЫҢ ГЕОЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ (СЕМЕЙ ОРМАНЫ МЫСАЛЫНДА)

Қатысушы: Дүйсенбаев Талант
Жетекшісі: Касенов Ержан Нурланович
«№13 жалпы білім беретін мектебі» КММ Семей қаласы

Орман - бұл табиғи өте күрделі экологиялық жүйе. Орман биогеоценозы ұзақ эволюциялық процестерді өткергендіктен, төзімді механизмдерден құралған. Табиғи жағдайда, микроорганизмдер ассоциациясы фитоценоз компонентімен консортивті балансты өзара қарым - қатынасқа түсіп, орман биогеоцёнозының қалыпты дамуын қамтамасыз етеді. Алайда, патологиялық факторлар мен қатар антропогендік факторлардың да рөлі қазіргі таңда ерекше болып отыр. Адамзат қоғамы даму барысындағы қарқынды шаруашылық әрекеттер географиялық ортаға айтарлықтай ықпал етті. Осы адамзат пен табиғат арасындағы өзара ықпалдасу қазіргі замандық геоэкологиялық жағдайды анықтайды. Тіршілік үшін күрес барысында адамзат, оның ішінде қазақ қоғамы, өзіне қажеттіресурстарды игеруге, табиғи ортамен "түсінісе" өмір сүруге бейімделді. Олар Еуразиялық дала кеңістігінде табиғат пен өзара түсіністікте тіршілік етуге қол жеткізді. Қазақ халқының осы көпғасырлық геоэкологиялық тәжірибесінде қазақ орманды отаным деп санады.

Бұл баяндамамда Семей өңіріндегі реликті қарағайлы орман проблемасына арналған. Қазіргі танда табиғи орман қорларын тиімді пайдалану кезек‑күттірмейтін мәселе екені даусыз. Баяндамада осы өңірдегі реликті қарағайлы орман жолақтарының ХХ ғасырдың бас кезеңінен осы уақытқа дейінгі жағдайына тоқталып және әсіресе 1997 жылдан бергі жай күйі толық, жан-жақты талданған. Сондай-ақ өртенген алқаптардағы қарағайлы орманды қалпына келтірудің өзекті мәселе екендігі айқындалған Ертіс маңындағы қарағайлы орманның ХХ ғасырдың соңынан бастап дәл қазіргі кезеңге дейінгі жай-күйі кімді де болса алаңдатарлық жағдайда ексні баршага аян. Бұл көненің кезіндей болған қарағай тізбегі Ертіс өзенін бойлай ұзындығы 480 шақырымды құраса, ені 80 шақырымға созылып жатыр.

Бұл тізбекті қарағайлы орман алқабы Ертіс пен Обь өзен аралығында 50-55 градус солтүстік ендік пен 78-84 градус шығыс бойлық арасында, далалық бөлігінде орналасқан [1].

Қазақстан Республикасының аумағында қарағайлы орман тізбегі Алейскі, Барнаул, Касмалинка және Құлындылық тізбектің аяғы болып саналып, Қазақстан жерінде өзінің тізбектік пішінін жоғалтып (Алейскіліктен басқасы), тұтас Ертіс маңы массивін құрап, жекеленген әр түрлі конфигурациялар жасап, өздігінше жеке атыраулық массив құрайды.

Бұл қарағай түрі дүние жүзінде тек бірнеше мемлекеттерде, атап айтқанда Канада мен Ресей Федерациясында және бізде ғана өседі, Қарағайдың бұл түрі сапалы әрі құны жоғары болғандықтан да оның қасақана өртеніп, оталуы қазіргі таңда күннен -күнге артуда. Бұл мәселені негізін Ресей ғалымдары А.Я. Гордягин, Г.В. Крылов, Н.В. Павлов, С.С Голубинский, Л.В. Грибанов, И.Ю., Месоед, Л.Ф. Правдин, В.В. Смирнов, В.Н. Сукачев, А.П. Шиманюк, Л.В. Орлова, Куприянов А.Н., Трофимов И.Т., Заблоцкий В.И және тағы басқа зерттеушілерінің ғылыми еңбектері негізге алынды [2]. Ғалымдар бұл қарағайлы орманның пайда болуын мұз дәуірінің аяқ кезеңімен яғни неогеннің соңында Қазақ жеріндегі жергілікті мұз басу әсерімен салыстырады. Сондықтан да кененің көзіндей болған бұл қарағайлар тобын реликтілер тобына жатқызады. Ғылыми әдебиеттерде Семей өңіріндегі жолақ қарағайлы орманды «Ертіс маңының құмды қарағайлы таспасы» деп те атайды. Оның бұлай деп аталуы, әрине, кездейсоқтықтан емес. Қарағайлы орманының пайда болуы жердегі үлкен экологиялық қайта өнімдерге байланысты деп түсіндіреді галымдар. Осыдан мың жылдар шамасында бұрын мұз басу дәуірінде ауа-райы жылынып, соның салдарынан солтүстіктегі мұздар ери бастаған, әрі оңтүстікке карай өз ағындарымен жердің солтүстік ендігінен құмдар мен қарағайдың тұқымдарын агызып әкелген. Ал Ертіс өзені бұл процеске тосқауыл болғандықтан, қарағай тұқымдары осы өзеннің бойында қалып қойған. Сол себепті де Ертіс өзенінің оң жағалауында құмды қарағайлы таспа пайда болып, олар өздерінің тамырын тереңге жіберетін касиеттерімен Ертісөзенінің аңғарын құм басудан сақтап қалған. Егерде бұл маңда қарағай орманы болмағанда Ертіс өзенінің арнасын баяғыда-ақ құм мен топырақ басып қалған болар еді. Ал бұл жағдай тек Семей өңірінің ғана экологиясына ғана емес, онымен көршілес жатқан аймақтардың да экологиясына да кері әсерін тигізбей қоймас еді. Сонымен қатар, бұл қарағайлы орман топырақты корғау процесінде де атқаратын рөлі ерекше [3].

Реликтілі таспалы қарағайлы орманның Обь және Ертіс өзендерінің аралығындағы таралу аумағы.

1. Алеускі таспасы;
2. Құлынды таспасы;
3. Касмалинскі таспасы;
4. Барнаул таспасы
5. Локтевскі немесе Алейскі таспасы;

Ал біздің еліміздегі карағайлы орман РФ Алтай өлкесінің (Алтайский крайдың) жолақ қарағайлы орманының табиғи жалғасы болып табылғанымен

олар Қазақстан территориясында өздерінің таспалық формасын жоғалтып (Алейскіден басқасы) жеке -жеке атыраулық массив жасайды.

Орман –бұл өте күрделі экологиялық жүйе. Орман биогеоценозы ұзақ эволюциялық процестерді өткергендіктен, төзімді механизмдерден құралған. Табиғи жағдайда, микроорганизмдер ассоциациясы фитоценоз компонентімен консортивті балансты өзара қарым-қатынасқа түсіп, орман биогеоценозының қалыпты дамуын қамтамасыз етеді. Алайда, патологиялық факторлар, осы қарым-қатынасты бұзуы әбден мүмкін. Мұндай жағдайда, орманда төзімділік байқалып, гомеостатикалық механизмдер бұзылады. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, минералды қоректің жетіспеуі (калий мен фосфор), өсімдіктің ауруға қарсы төзімділігін төмендетеді. Ал, осы минералды заттардың айналымға түсуіне, микроорганизмдер қызметінің маңызы аса зор екені белгілі [3]. Орман экожүйесі мен өртеңдердің биоалуандығын зерттеуде назарға В.Н. Сукачев бойынша «орман типтері» мен «ассоциациясын» нақтырақ айтқанда «биогеоценозды» алу керек. Соңғы термин ландшафтпен және оның морфологиялық бірліктері (жер, мекен, мекен маңы жэне фация) косылып одақтасады. Әрине, өртеңдерде өзгерген «антропогенді ландшафтар» қалыптасып, олардың қалыптасуы жаңа биоклиматтық шарттарга (топырақтағы ылғал мөлшері, температуралық режим, және басқа да белгілерге (параметры) бейімделген.

Соңғы он жыл шамасында Семей өңіріндегі қарағайлы орманда орман экожүйелерінің бұзылуы, түрінің азаюы байқалып, құнды популяция мен өзінің экоформасын жоғалтуда. Нақты бұл үрдіс өртенген орман алқаптары мен ағаштары кесілген өртендерде белең алуда. Мұндай жағдай негізінен орман экожүйесінің ценопопуляциясы мен геногеогафиясының тұрақтылығына әсерін тигізбей қоймайды. Бұл орманды алқаптардағы өрттердің жиі-жиі болып тұратындығы салдарынан [4].

Интенсивті эолды процестер мен шөлдену құм массивтері мен өртеңген жерлердің құмындағы биоалуандылығын шұғыл өзгертеді [5]. Өрттің орман топырағына әсер ететіні жайында орыс ғалымдары (Ремезов, Погребняк, 1965; Чевычелов, 1997; Ишутин, Трофимов, 2000 және тағы басқалар) нақты әрі толық тоқталды. Өрт салдарынан топырақтың кез -келген яғни, физикалық, химиялық қасиеттері өзгеріске ұшырайды [6].

"Семей орманы" Мемлекеттік табиғи орман резерватының жалпы орман қорының ауданы 592,6 м/га. Оның 344,4 мың га орман алқабы алып жатыр. Соңғы он жылда "Семей орманы" Мемлекеттік табиғи орман резерваты территориясында төрт мыңдай орман өрті шығып, орман алқабының 145,7 мың гектар өртенген, оның ішінде 122,8 м/га жерде таза орман алқабы еді. МТОР (ГЛПР) Семей орманындағы орман қоры мен орман алқабының өртенуі көрсетілген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Колходжаев М.К., Котин М.И., Соколов А.А., Почвы Каз.ССР. Выпуск 10.Семипалатинская область. - АлмаАта: Каз.ССР, 1968. 475с.
2. Казахстан. Под ред. И.П.Герасимова - М.: Наука, 1969.

3. Смирнов В.Е. «О лесовосстановления в ленточных борах Казахстана и Алтая//Алма-Ата,1966г.
4. Балясный В.И.идр. Восстановлениесосняков Семипалатинского Прииртышьялесокультурными методами. Сборник научных. Труд. КазНИИЛХа, Алматы,2003.

АРДУИНОНЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, БАҒДАРШАМ АРҚЫЛЫ РОБОТ МАШИНАЛАРЫН ЖҮРГІЗУ

Қатысушылар: Макатова Аружан, Медетқызы Мадина
Жетекшісі: Жакипова Дария Серикказыевна,
Кажиякпарова Назерке Жанбырбаевна
«№23 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Ақпараттық – телекоммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

Бағдаршам - 105 жыл бұрын, яғни 1914 жылы 5 шілдеде Американың Кливленд қаласында орнатылған. Алайда ол жартылай ғана автоматтандырылғандықтан, бағдаршамды жанындағы арнайы күркеде отырған полицей басқарған екен

1968 жылы Лондонда ойлап табылды деген пікірде.

Егер бағдаршамның құрылғысы туралы айтатын болсақ, онда оның өмір сүруінің бүкіл тарихында жарық көздерінің өзі де, басқару құрылғылары да өзгерді. Бүгінгі күні бағдаршамдар бұрын қолданылған шам модульдеріне қарағанда әлдеқайда үнемді және сенімді болып табылатын жарықдиодты модульдерді пайдаланады. Ардуинодан бағдаршамды жасаған соң роботты машина ретінде пайдаландық. Роботтар- қарқынды дамып келе жатқан болашақтың жоғарғы технологияларынң бірі. Қазіргі кезде роботтар өміріміздің көптеген саласына, атап айтқанда, ғарышты игеру, денсаулық сақтау, өндіріс қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қорғаныс ісі және басқа салаларға еніп үлгерді.

I. Тарау 1.Теориялық бөлім

1.1. Ардуно және робот туралы жалпы түсінік.

Бұл жобада біз Arduino Uno және Nano негізіндегі жыпылықтайтын жарық диодтары бар бағдаршам жобасын қарастырдық. Үш түсті жарық диодтары бар бағдаршамды біздің бастапқы деңгейдегі жоба деп атауға болады. Бірақ оның негізінде біз қызықты және пайдалы құрылғыларды жасай алуға болатынына көзіміз жетті. Мысалы, балаларға жол жүру ережелерін үйретуге арналған тренажерлар құруға болатынын білдік. Осыған орай біз роботты пайдаландық. Роботтың түс датчигін қолдандық. Бұл жоба сонымен қатар жаңадан бастаушыларға Arduino ортасында бағдарламалау туралы көбірек білуге, схемаларды құруға және жаңа қызықты инженерлік ойыншықтарды тамашалауға мүмкіндік береді. Қосымша ақпарат, EV3 бағдарламалық қамтамасыз етудің «Анықтама» мәзірінде «Түс тетігін пайдалану» бөлімінде

«Түс» режимінде түс тетігі, жеті түсті ажырата алады: қара, көк, жасыл, сары, қызыл, ақ және қоңыр, сонымен қатар түссіздікті. «Шағылысқан жарық жарқындығы» режимінде түс тетігі, қызыл түс шығаратын шамнан шағылысқан жарықтың жарқындығын анықтайды. Тетік, 0 ден (өте қараңғы) 100 дейінгі (өте ашық) шкаласын қолданады. Бұл, сіздің роботыңыздың қара сызық пайда болғанша ақ қабатпен қозғалып немесе идентификациялық карточкасын түсті кодпен түсіндіретіндей етіп бағдарламалануы мүмкін екендігін білдіреді.

1.2. Адуионы қолдану әдістері

Күнделікті тілде Arduino - бұл арнайы бағдарламалау ортасында Arduino тілінде жазылған бағдарлама арқылы көптеген әртүрлі құрылғыларды қосып, оларды бірге жұмыс істеуге мүмкіндік беретін электронды тақта.

Жоба бойынша барлық жұмыстар келесі кезеңдерге бөлінеді:

- Біз идея мен дизайнды ойлап табамыз.
- Электр тізбегін жинаймыз. Мұнда элементтерді орнатуды жеңілдететін нан тақтасы қажет.Бізге электронды құрылғылармен жұмыс істеу дағдылары және мультиметрді пайдалану мүмкіндігі қажет.
- Arduino тақтасын USB арқылы компьютерге қосамыз.
- Arduino бағдарламалау ортасында экрандағы бір түймені басу арқылы бағдарламаны іздейміз және оны тақтаға жазамыз.
- Компьютерден ажыратамыз. Енді құрылғы автономды түрде жұмыс істейді - қуат қосылған кезде оны біз оған жазған бағдарлама басқарады.

1.3. Роботтың түс датчигі арқылы бағдаршамды қолдануы

Түс тетігі - бұл, тетіктің бет жағындағы шағын терезеге түсетін, жарықтың жарқындығы немесе түстерді анықтай алатын, сандық тетік. Бұл тетік, үш түрлі режимде жұмыс істей алады: «Түс» режимінде, «Шағылысқан жарық жарқындығы» режимінде және «Сыртқы жарықтану жарқындығы» режимінде.

«Сыртқы жарықтандыру жарқындығы» режимінде түс тетігі, қоршаған ортадан терезеге кіретін, мысалы күн сәулесі немесе шам сәулесінің жарық күшін анықтайды. Тетік, 0 ден (өте қараңғы) 100 дейінгі (өте ашық) шкаласын қолданады. Схеманы қоспас бұрын кардон қағаздан қия отырып жол қиылысын жасап алдық. Бағдаршамға жақындағанда робот машинамыз сары түсті көрген ақырындап, жасыл түсті көргенде жүріп, қызыл түсті көргенде жүрудің бағдарламасын құрдық.

II. Тарау. 2. Практикалық бөлім

2.1. Ардуинода бағдарламаланған бағдаршаммен жұмыс

Жұмысты бастау үшін Autocad есептік жазбасын алу керек. Tinkercad сайтына тіркелеміз. Сайтқа кіріңіз: https://www.tinkercad.com қарапайым қадамдарды орындаймыз

1. Google есептік жазбасы (gmail) арқылы тіркеуді таңдау.
2. Сіз корпоративтік поштаны немесе бар поштаны таңдау.
3. Tinkercad-та жұмыс істеу үшін Google браузері кіру
4. Тіркелген пошта арқылы растағаннан кейін енгізілген параметрлерді көрсетіп кіру.

Жобаны құру үшін жобалар тізімінің астында орналасқан «Создать проект» түймесін басыңыз. Оны басу арқылы біз осы жобаға енгізілген схемалардың

тізімін қарау режиміне өтеміз. Сол жерде біз жобаның қасиеттерін (оның ішінде атауды) бірден тиісті белгішені басу арқылы өзгерте аламыз

Ең біріншіден жобаға ат қоямыз. Одан кейін модельдермен танысамыз.

Схеманы өңдеу процесінде барлық өзгерістер автоматты түрде сақталады. Өңдеу режиміндегі Tinkercad интерфейсінің сипаттамасы. "Өзгерту" пәрменін басу арқылы біз схеманы өңдеу режиміне кіреміз. Ыңғайлы және қарапайым графикалық интерфейсті қолдана отырып, қажетті электр тізбегін салуға болады. Біз заттарды бөліп, тасымалдай аламыз, оларды тышқанның көмегімен әдеттегідей алып тастай аламыз.

Tinkercad –та схемасын құрып болған соң код дегенді басып, бағдарлама орындаймыз. «Өңдеу» дегенді басып «тест» дегенге қойып аламыз. Осы жерге программаны орындаймыз.

Құрылған бағдарламаға қысқаша түсінік беріп кетсек:

```
int led_red = 2;
int led_yellow = 3;
int led_green = 4;
boolean lerdon = HIGH;
```

Ардуиноға нақты айнымалыларды жалғау дегінді білдіреді.

```
void setup()
{
  pinMode(led_red, OUTPUT);
  pinMode(led_yellow, OUTPUT);
  pinMode(led_green, OUTPUT);
}
```

Бұл жерде айнамалыларды белгілеп алған соң порттарды бір біріне біріктіруіміз қажет. Енді алгоритімімізді қайта қарастырамыз.

Жарық диодтардың бастапқы мәнін орнаттық.

```
void loop()
{
  digitalWrite(led_red, HIGH);  бағдаршамдағы қызыл түстің жануы
  delay(2000); 2 сек үзіліс
  digitalWrite(led_yellow, HIGH); бағдаршамдағы сары түстің жануы
  delay(700);
  digitalWrite(led_red, LOW); бағдаршамдағы қызыл түсті тоқтату
  digitalWrite(led_yellow, LOW); бағдаршамдағы сары түсті тоқтату
  digitalWrite(led_green, HIGH);  бағдаршамдағы жасыл түстің
жануы
  delay(2000);
  digitalWrite(led_green, LOW);
```

Ардуинамен жұмыс

```
  digitalWrite(led_yellow,HIGH);
  delay(700);
  digitalWrite(led_yellow,LOW);
}
```

Осылайынан бағдарлама жалғасады.

Ардуиноны өзіміз схема арқылы байланыстырып құрамыз. Осы бағдарламаны ардуиноны іске қосып бағдарламаға көшіреміз.

2.2 Робот машиналарының түс датчигі арқылы жүргізу

Жолды кардон қағаздан қиып қиылыс жасаймыз. Бағдаршамды орналастырып, робот машиналарын жолдарда жүргіземіз

Түс датчигіндегі Түс режимі 1 см қашықтықтағыны сандардың 7 түрлі түсін және жарықтың деңгейін анықтай алады: «Шағылысқан жарық жарқындығы» режимінде түс тетігі, тетікке түсетін жарықтың жарқындығын анықтайды. Жарық жарқындығы, 0 ден 100 дейінгі пайызда өлшенеді, мұндағы 0 - өте қою, ал 100 - өте жарқын.

Жобамызға түрткі болған себеп: мектеп жанынындағы Мичурина көшесінгі жол қиылысындағы негізгі жолдағы машиналар тоқтаусыз жүреді де, қосалқы жолдардағы машиналарда кептеліс пайда болады. Біздің ұсынысымыз: осындай қиылыстартарда бағдаршам болса деген ой.

Робот машинасының бағдарламасы.

Қорытынды

Ғылыми жобада көше кептелісіне арналған датчигі бар ақылды бағдаршамның моделі жасадық. Нақты айтқанда, жұмыс барысында келесі міндеттерді шешу қолға алынды:

– Ақылды бағдаршамның функциялары мен пайда болу тарихы талданды;
– Жобаға пайдаланылған құрамдас бөліктер таңдалып жинау процесі орындалды;
– Практикалық жұмыс істеуін жүзеге асыратын алгоритм құрастырылды;
– өміртіршілік қауіпсіздігі мәселелері қаралып, экономикалық көрсеткіштері, тиімділігі есептелді.

Үш түсті жарық диоды немесе RGB жарық диоды-қызыл, жасыл және сары түстердің бір корпусында біріктірілген жарық диодтары көрсетілген. Светодиодтың 4 аяғы бар. 3 аяқ — жеке түстерге сәйкес келетін катодтар (анодтар) және біреуі-жалпы анод (катод). Анодтардың біріне сигнал беру арқылы сіз түстердің бірімен жарқырауға қол жеткізе аласыз. Жобамызды қорыта келе болашақша май қызметкерлеріне көрмек көрсете отырып бағдаршамның үлкейтілген түрін жасауға кірісеміз.

Жұмыс нәтижелері мен қорытындылары

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1.http://www.tadviser.ru/index.php/Статья:Система_"Умный_светофор"
Arduino Uno [Электронный ресурс] – Свободная энциклопедия – 2014г –
2.https://www.farnell.com/datasheets/1682209.pdf 3.
3.Бағдарламалық қаматасыз ету [Электронный ресурс] – Свободная энциклопедия – 2018г –

ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ГОРОДА СЕМЕЙ

Ученица: Рахаткызы Инкар
Руководитель: Салимбекова Нурсауле Шакаримовна
КГУ «Средняя общеобразовательная школа №4»

Актуальность: тема экологических проблем города Семей является актуальными, поскольку чистота и озеленение окружающей среды - один из важных факторов здоровья и благополучия горожан и престижа города.
Объект исследования: город Семей.
Цель проекта: выявление, изучение и предложения по решению причин возникновения актуальных экологических проблем города Семей.
Задачи проекта:
- Рассказать о причинах возникновения экологических проблем в Семее;
- Анализ основных экологических проблем;
- Рассмотреть и обозначить основные пути решения экологических проблем.
- Защитить проект. Методы исследования:
- Изучение литературы и других источников информации;
- Анализ текста;
Введение:
Город Семей (прежний Семипалатнискс) явялется центром области Абая. Он подарил миру великих поэтов, писателей, музыкантов - Абая и Шакарима, Мухтара Ауэзова и Розу Рымбаеву. Семей – это сочетание памятников культуры и больших предприятий. Это город легкой и пищевой промышленности. Это город контрастов, в котором можно встретить соседство модных бутиков и старинных домов. Однако в последние годы судьба нашего

города которым так гордятся его жители терпит катастрофическую ситуацию, а именно загрязнение окружающей среды.
Основная часть:
Глава 1. Загрязнение улиц.
Начнём с самого заметного – загрязнение улиц. Мы часто замечаем, что после проливных дождей в городе улицы будут наполнены лужами, а весенний период, то есть на данный момент таяние сугробов образовывает грязь и также лужи, через которые пройти целый квест не испортить обувь и одежду в целом. Это касается не только пригородных районов, но и центр грешит подобным. Основная причина, из-за которой происходит скопление воды на асфальте и тротуарах улиц это слабая работа, или вовсе отсутствие дренажно-ливневой канализаций (ДЛК), также не систематизированная очистка и вывоз снега, который начинает превращаться в грязные лужи с весенним потеплением. Главное решение данной проблемы может быть обновление или реконструкция водоотводных систем и труб, также, по моему мнению, что нужно обязывать объекты среднего и малого бизнеса (магазины, парикмахерские, офисы и т.п.) очищать и вывозить снег с территорий прилегающих к их собственности.
Продолжая тему загрязнённых улиц, стоит остановиться и на мусорном беспорядке. Семей является культурным центром нашей страны, но, первое что бросается в глаза всем приезжим и коренным жителям это – мусор, валяющийся на улицах, и во дворах. Рассматривая проблему, я пришла к выводу, что дело не только в халатной работе организаций по вывозу мусора, но и само безответственное отношение жителей города к чистоте и порядку являться основным фактором «мусорных гор» внутри города. Очень часто, можно заметить, как из проезжающей машину, открывая окно люди выбрасывают окурки сигарет, пачки от них, или пустые бутылки и прочий мусор, ни говоря о том, как водители, проезжая около мусорных баков, выбрасывают мусорные пакеты рядом с контейнерами, но никак не выходят и выбрасывают их прямо в сами урны. На данный момент, по законодательству РК (статья 434-2 КоАП) действуют штрафные санкций в размере 5 МРП и 10 МРП при повторных оставлениях мусора в неположенных местах (подъезды, детские площадки, дворы и т.д.). Однако данные меры слабо влияют на несознательных горожан. По этой причине, более действенным решением было бы нарушителей правопорядка отправлять на общественные работы по сбору мусора на улицах и дворах города под контролем участковых полицейских, или дежурных патрулей.
Глава 2. Озеленение города.
Переходя к флоре нашего города, можно сказать что с каждым годом деревьев в Семей становиться значительно меньше. Ежегодно по новостям мы слышим, как срубаются деревья на улицах и во дворах для плановых ремонтных работ, и для нужд предпринимателей. По закону каждая организация и предприниматель должны посадить 5 деревьев за одно срубленное насаждение или дерево. Однако проблема в том, что некоторые законопослушные граждане сажают молодых саженцев, и забывают о том, что за ними нужно ухаживать. В итоге это приводит к тому, что проспект Шакарима по центру города стоит

голый, а молодые деревья, которые посадили в прядущих годах стоят засохшими прутьями.
Также, стоит упомянуть проблему незаконной вырубки реликтового бора, опоясывающего Семей. Он служит природным щитом от песка и ветра, а незаконные поджоги и срубы с каждым годом делают экологическое состояние города плачевно, и результаты уже видны сейчас. С каждым летом ветра становятся все пыльнее с содержанием огромного количества песка.
Чтобы решить данную проблему, в первую очередь нужно усилить охрану лесных объектов и ужесточить наказание, как браконьерам, так и егерям.
Глава 3. «Zero Waste»

Одним из самых деиственных способов экологической чистоты являеться – сортировка и переаботка мусора. Начиная с 2020 года в Семей началась программа по сортировке и оброблотке твердобытовых отходов. В городе появились специальные контейнеры для раздельного сбора.в это же время на мусороном полигоне работает небольшой, механический сортировачный цех где работают 25 человек, в результате чего сортируется только 10-15% всей массы отходов. Для более эфективной сортировки мусора нужно автомотическая система сортировки отходов. Данная идея взяла своё начало в 2020, однако дело застярло из-за финансовых вопросов, и разногласий между предпринимателями и акиматом. Хотелось бы верить, что данная проблема будет решена в ближайшее время, наш город избавиться от мусора, и станет более цивилизованным.

Работая над данным проектом можно прийти к очень простому выводу, что экологические проблемы города Семей зависят не только от штрафов и наказаний за несоблюдением законов, но и отношения горожан к своему родному городу. По этой причине я считаю, что лучшим методом по охране и защите экологий родного края будет - воспитание растущего поколения, в любви и заботе об окружающей их среде. Также, как метод по улучшению состояния озеленения, было бы хорошо если бы ежегодно школы организовывали посадку деревьев выпускниками не только для приятных воспоминаний, но и для увеличения лесного фонда.

Источники:

https://kz.kursiv.media/2018-06-25/pochemu-kazakhstanskie-goroda-tonut-v-luzhakh/
https://www.arnapress.kz/vasha-novost/224917-vecherom-s-raboty-hot-na-lodke-vozvrashchatsya-ploshchadka-pered-odnim-iz-domov-utopaet-v-vode-v-semee
https://news.myseldon.com/ru/news/index/260188521
https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235

СҮЛІКТІҢ СИҚЫРЫ

Қатысушылар: Нурбаева Аружан Беймбетқызы, Турсынова Айнара Ерлановна
Жетекшілері: Курманбаева Жанагуль Кабдуалиевна,
Кажыбаева Жалгас Оразгалиевна
«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 47 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Сүлік салу ғылымда «гирудотерапия» деп аталады. Тері бетіне жабысып алып, қан соратын бұл жәндікті көргенде, денең түршігеді. Алайда медицина саласындағы сүліктің дәл осы қасиетінің пайдасын санамалай бастасаңыз, оның пайдалылығына еріксіз сүйсінесіз. Латын тілінен аударғанда «gerudis» сөзі сүлік дегенді білдіреді. Гирудотерапия қазіргі таңда кардиологияда, офтальмологияда, дерматологияда, хирургияда, гинекологияда, урологияда, неврологияда, герентологияда кеңінен қолданылып, күретамыр және қан тамыр ауруларына, тері ауруларына, өкпе, бас сақинасы, инфаркт, инсульт, глаукома секілді ауруларға таптырмас емге айналды. Тіпті соңғы кездері адамдар сүліктің көмегімен арықтап, адам жасын жасартатын «сиқырлы емші» ретінде де пайдалануда. Сүлікті қажет деген жерге тек арнайы маман ғана салады

Жұмыстың мақсаты: Сүліктің емдік қасиетіне тоқталу. Оның адам денсаулығына тигізетін пайдасы туралы зерттеу. Сүлікпен емдеудің медицина саласында қолданылуы туралы мәлімет беру.

Жұмыстың өзектілігі: Сүліктің адамның денсаулығына шипа болатынын аша отырып, сүлік сілекейі арқылы адамның қанын тазартып, иммунитетін күшейтіп, ағзасын жақсартып, қанның ұюына тосқауыл болатынын айқындады. Осы мақсатта зерттеп, зерделеп сүліктің біреу біреу білмейтін маңызды жақтарын ашу жобамыздың өзектілігі болып отыр.

Жұмыстың жаңашылдығы: Осы жұмыстың жаңашылдығы бүгінгі таңда гирудотерапияның тиімділігі және де сүлік салудың адам денсаулығына және медицинадағы пайдасы мен ерекшеліктері, сүлік сілекейінің құрамындағы биологиялық заттар мен бөлінетін ферментпен қоса маңызы жөнінде жинақталды. Гирудотерапия қазіргі таңда кардиологияда, офтальмологияда, дерматологияда, хирургияда, гинекологияда, урологияда, неврологияда, герентологияда кеңінен қолданылып, күретамыр және қан тамыр ауруларына, тері ауруларына, өкпе, бас сақинасы, инфаркт, инсульт, глаукома секілді ауруларға таптырмас емге айналып, соңғы кездері адамдар сүліктің көмегімен арықтап, адам жасын жасартатын «сиқырлы емші» ретінде де пайдаланатындығы анықталды.

Медициналық сүлікті ең алғаш қолданылғаны туралы мәліметтер б.ғ.д. 200 жылы болған. Ежелгі заманнан бері бірнеше ғасырлар бойы гирудотерапияға деген қызығушылық бірде дамып, бірде бәсеңдей түсті. Өз уақытысында сүлік көптеген ауруларды емдеудің ең тиімді тәсілі болып саналған. Бірақ фармацевтикалық индустрия дами келе, медициналық сүлікті қолдану бірден қысқартыла түсті. Ұзақ уақыт қолданылған химиялық-фармацевтикалық дәрі-дәрмектер көптеген науқастың аллергиялық ауруларға шалдығуына әкеп соқты. Осының салдарынан медициналық сүлікті қайта қолдануға тура келді. [1].

Жай уақытта аққан қан тез ұйып қалатын болса, ал сүлік сілекейі қанды ұйытпай ұстап тұратын гирудин бүгінгі таңда, жүрек, склероз, бұлшық еттері

жансызданғанда, миға қан құйылғанда емдік мақсатта пайдаланып, адамның қанын сорғызады.

Шығыс медицинасы және халық медициналарының арасында инемен емдеу тәсілі, жылы балшықпен, ара балымен, араны шақтыру арқылы емдеу, шөппен қыздыру арқылы емдеу тәсілдері секілді енді сүлікте науқас денсаулығына тікелей ықпал тигізе алатынын дәлелдеді. Инемен емдеу сияқты сүлікте биологиялық белсенді нүктелердің терісіне қадалады. Сүлік 60-тан аса түрлі науқасқа емдік қасиеті бар.Сүлікті адам денесіне жабыстыру арқылы және 3 түрлі тәсілмен емдейді.

1.Шағу арқылы (нерв жүйесіне пайдасы бар)

2.Бойындағы сікелей арқылы (сілекейді қан тамырына жіберіп, қанды сұйылатын қызметі бар)

3.Адамның бойындағы ұйыған қанды бойына алады.

Сонымен қатар қан құрамындағы қабынуға қарсы қасиеттері бар шлактар мен токсиндерден тазартады және жүрек ауруына, қан қысымы, бронхиалық астма, созылмалы гепатит, тамыр (варикоз) ауруы, мұрын, құлақ, бел, омыртқа, гинекология, урология, аллергия, геморрой және т.б ауруларға мыңнан бір пайдасы көп.Сүліктің 400-ге жуық түрі бар. Соның ішінде:

1. Емдік дәрігерлік сүлік.
2. Дәріханалық сүлік.
3. Шығыс сүлігі.
4. Ресейлік конская сүлік.

Медициналық сүлік тұщы суда тіршілік етеді. Ұзындығы 8-12 сантиметр болады. Оның сілекейінде **гирудин және гиалуронидаза** деген заттар бар. Гирудин қанның ұюына кедергі келтіреді, гиалуронидаза дене талшықтарында зат алмасу процесіне әсер етеді. Гирудиннен дәрі-дәрмектер жасалады. [7].
Зерттеушілердің айтуынша, сүліктің сілекейі қабыну процесіне қарсы күресу, иммундық жүйені қоздыру, қан тамырларының склероздық процесін азайту, қан ұю үрдісін болдырмау және ұйыған қанның түйіршіктерін езу қасиеттеріне ие. Ғалымдар сүліктің сілекейінен **дестабилаза деген** фермент жасалып шығатынын анықтап отыр. Бұл фермент фибриндік қоюланған заттарды жою дәрежесіне жеткізе алады. Медициналық аш сүлік бір сорғанда 10мл қан сорып, оған тойған соң адам денесіне 8-10 сүлікті қоятын болса, олар 300-400мл қанды сорып алады және де сүліктің сорған жерінен қан өздігінен алты сағаттан бір тәулікке дейін аға береді,-дейді мамандар. Егер де, адам ағзасынан қанды аздап қана алу қажет болса, онда кішкентай сүліктерді аз уақытқа ғана қояды. Сүлік салғанда науқастың жасына, қосалқы ауруына, дене салмағына, қан қысымына, сүліктің жағдайына көңіл бөлу қажет. Сүлікті қолданғанда тәндегі өзгерістердің қатерлі болып кетуі мүмкін болғандықтан, сүлікті аллергиялық ауруы бар сырқатқа, қансыраған адамға, қан қысымы төмендерге, қан ұю процесі нашарлаған ауруға пайдалануға болмайды. [6].

Сүлік салар алдында мынандай заттарды дайындап алу қажет: шыны түтік қысқыш, глюкоза ерітіндісі, залалсыздандырылған сулық, мақта, дәке, тұзды су, ұстара, сабын, оны жаққыш. Сүлік қоятын жердегі шаштарды 1-2 сағат бұрын қырып, жуады. Сүлік сабын иісі шыққан жердегі қанды сормайды.

Сүлік өте кінәмшіл, кірпияз. Сондықтан оның жыландай суық денесінен шошымай, мейлінше еркіне жіберіп, емделуші адам қимылсыз жатуы керек. Қадалатын тұсты, яғни дененің ауыратын жерін сүлік өзі-ақ іздеп табады.
Сүлік қадалған жеріндегі нашар қанды немесе қан аралас керексіз сұйық затты (сары су не ірің) сорып тойғаннан кейін 3 минут пен 30 минуттың аралығында өзі түседі. Сүлікті уақытынан бұрын тартып алып тастауға болмайды. Себебі тістері қалып қоюы мүмкін. [7].

Сүлікті сулы ыдысқа салып қояды. Сырқатты емдеу үшін аш сүліктер қолданылатындықтан, олар 2-3 ай суда қалқып жүруі тиіс. 3-5 литрлік банкіде 300-ге дейін сүлік ұстайды. Сүлік сақталған судың құрамында хлордың болмауы керек. Және де оның жылылығы бөлме жылылығындай болады. Ыдыстағы суды 24 сағат сайын ауыстырып отырады. Ыдыстың бетін темір тормен немесе дәкемен жауып қояды. Мамандардың айтуынша, сүлікті тұндырып қайнатылған температурасы 18 градус су құйылған таза ыдыста-банкіде сақтап, сүліктердің ауырып қалмауын және бөлмеде тыныштық болуын қадағалап отырады. Бөлмеде қатты шу болса, сүліктер бұралып қалады, аш болса да қан сора алмайды.Сүлікті сақтап қою үшін сиымдылығы 50-100 мл. ыдыс қажет. Банкіден қысқышпен емес, қолмен 8-12 сүлікті таңдап алып, адам денесіне салады. Үлкен сүліктер артық арам қанды жақсы сорады. Емдеуге сау сүліктер қолданылады. Дені сау сүлікті түрткілесе қозғалып, жылан сияқты қимылдап, қысқарып, жуандайды.
Дәрігерлер сүлікті науқас адамның жүрек қызметі нашарлап, бауыры ұлғайғанда, тромбофлебитте, миокарда, инфарктінде, жүректің демікпелі ұстама ауруында (стенокардия), ми, қан тамырларының қысылуында қолданады. Сүлік салып, емдегеннен кейін сырқаттың дене қызуы қалпына келеді, қан қысымы, қандағы қант мөлшері төмендейді, ұсақ қан қатпарлары жойылып, ісікке қарсы, ауырсыздандыру тетіктері іске қосылады. Гирудотерапияны гинекологиялық ауруларға қолданғанда әйелдер ауруынан айығады, оларда гормондық зат алмасу процестері жылдам қалпына келеді, сүлік салу бедеулік, эндометрит, эндометриоз тәрізді жатыр мен созылмалы аурулардың алдын алады, кейбір жағдайларда сүлік салу бұл ауруларға негізгі ем ретінде пайдаланылады. Әсіресе, сүлік салу операциядан кейін тез жазылуға әсер етеді. Осыған орай қазір дәрігерлер операциядан соң сүлік салуға кеңес береді. [8].

«Сүлік–жанға шипа, дертке дауа» атты зерттеу жұмысының әлеуметтік мониторингісі бойынша **о**қушылар қауымының қатысуымен жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижесі сүліктің сырқаттарға өте шипалы екендігін және пайдалы жағын анықтады. Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырылған әлеуметтік сауалнама материалдары осыған дәлел.

1-кестеде респонденттердің «Сүліктің емдік қасиеті бар екенін білесіз бе?»-деген сауалға берген бағасы көрсетілген.

Рейтинг көрсеткіші бойынша, респонденттердің 55%-ы сүліктің емдік қасиеті бар екенін білетінін көрсеткен.Сүліктің біршама ауруларға емдік қасиеті мен пайдасы бар екенін үлкен адамдардан, ата-апа, әжелерінің аузынан естіп, пайдаланғанын айтады. тб

Қорытындылай келе, ғылыми жұмыс жасауда жинақталған материалдар, зерттеу, ізденіс, бақылау жұмыс нәтижелерінің анализі мен қосымша әдебиеттерде берілгендері бойынша гирудотерапияның тиімділігі және де сүлік салудың адам денсаулығына және медицинадағы пайдасы мен ерекшеліктері, сүлік сілекейінің құрамындағы биологиялық заттар мен бөлінетін ферментпен қоса маңызы жөнінде жинақталды. Инемен емдеу сияқты сүлікте биологиялық белсенді нүктелердің терісіне қадалады. Сүлік 60-тан аса түрлі науқасқа емдік қасиеті бар екендігі анықталған. Сонымен қатар сүлікті кез-келген адамдар қолдана беруіне болмайтындығы анықталған.

Сүлікті жәндік, құрт деп қарамай емшара мақсатында қолдану науқастың сауығуына сүліктің де ықпал тигізе алатынына көз жеткіздік. Біз адамдарға көп ойланбастан гирудотерапия емшісіне көрінуіне өз ойымызды толық айта аламыз. Себебі «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол изде» дегендей адам денсаулығына гирудотерапияның маңыздылығы ерекше екендігі анықталған. Дені сау адамның өзі жылына бір рет сүлік салдырып тұрғаны дұрыс себебі: сүлік ағзаны жақсартады шлакты шығарады.

Біздің ұсынысымыз:

1. Қазіргі уақытта шалғай ауылдарда орналасқан қаншама қариялар , жас аға-апаларымыз ауру азабын тартып отыр. Жол азабын қиынсынып үйде жатыр. Біздің аудандық аурухана орталығында сүлікпен емдеу шаралары қолға алынбаған. Алдағы уақытта осы сүлік салып емдеу әр ауыл, аудандарда ашылып жатса нұр үстіне нұр болар еді.
2. Алдағы уақытта адамдарға сүлікпен емдеу мақалалары жарық көрсе, қанша адамның батасын алар едік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.«Қазақстан әйелдері» журналы 2002, №6. А.С.Шалабаева. 9 б.
2.Жексембекова А.Н // Жан дауа, 2003, №9. 10 б.
3.«Емші» журналы 2009, №3. Ж.Р.Сағымбаева. 4 б.
4.«Денсаулық» журналы 2006, №5. Г.А.Аубакирова. 7 б.
5.Биология «Шың» оқулығы, Алматы 2010, 91 б.

Қатысушы: Бақтиярова Мадина Қайратқызы
Жетекшісі: Майқы Әнуар Әсетұлы
Үржар ауданы «Алтынсарин атындағы орта мектеп- бақшасы»КММ

Электролиз(электро... және грек. lysis – еру, ыдырау) – еріген немесе балқыған электролитке батырылған электродтарда электр тогы әсерінен жүретін химиялық реакция. Электролиттер арқылы өткен электр тогы химиялық энергияға айналады. Электролиз электролитпен толтырылған ыдысқа екі электрод орналастырып, оларды тұрақты ток көзінің полюстеріне жалғастыру нәтижесінде өтеді. Электролиз аппараттарын электролизерлер, электролиттік ванналар деп атайды. Электролизерлер корпусы болат, керамика, пластмасса, шыныдан жасалады. Катодтар дайындау үшін болат, түсті металдар (сынап, қорғасын, платина, т.б.), металдар қорытпасы, көмір немесе графит қолданылады. Анодтар еритін және ерімейтін болады. Еритін анодтар жоғарыда аталған түсті металдан, көміртекті болаттан, кейбір қорытпалардан, ерімейтін анодтар платина, графит немесе көмір, никель және қорғасын, марганец қос тотығы, магнетиттен жасалады. Ерімейтін анод электролиз кезінде бүлінбейді. Электролиз процесі - лабороторияда, ғылыми-зерттеу жұмыстарында, өндірісте кеңінен қолданылады. Өндірістерде электролиз арқылы көптеген металдар, сілтілер, хлор, сутек, оттек, ауыр су, көптеген органикалық заттар, тағы басқалары алынады. Электролиз техникада бедерлі заттардың көшірмесін металл бетіне түсіру, металл жалату, металдарды электролиттік тазалау, тағы басқалары қолданылады. Тез және өте жоғары дәлдікпен анықтайтын аналитикалық әдістер де электролиз процесіне негізделген. [1]

Сутегі, немесе сутек (лат. Hydrogenium; H) — элементтердің периодтық жүйесінің I тобындағы химиялық элемент, атомдық нөмірі 1, атомдық молекуласы 1,00797. Сутекті алғаш рет мырышпен тұз және күкірт қышқылын әрекеттестіру арқылы 1776 жылы Генри Кавендиш алған. Ол оған «жанғыш ауа» деген ат берген, себебі ол жай заттардың арасындағы өте жанғыш газ. Ал 1783 жылы А. Лавуазье мен Ж. Менье суды термиялық айырып, ол оттек және сутек элементтерінен тұратынын анықтаған, казіргі колданылып жүрген атауын (Hydrogenium – су тудырушы) француз ғалымы А. Штон де Морво берген (1787 жылы). Оның орысша да, қазақша да аттары осы мағынаны білдіреді. Орысша «водород» терминін орыс химигі М.Ф.Соловьев ұсынды (өз тілінде, 1824).

Бұл табиғатта таралуы бойынша 9-шы орында тұрған элемент, оның үлесіне жер қыртысының 1,4%-ы тиеді, жер бетінде сутек байланысқан күйде (су, мұнай, тас көмір, т. б.), ал ғарышта 63%-ы болады.

Сутегінің химиялық қасиеттері

Кәдімгі жағдайда сутегі тұрақты зат, ал қыздырғанда кейбір жай заттармен реакцияға түседі. Сутегі оттегінде көзге көрінбейтін жалынмен су түзе жанады. Бұл үдеріс баяу жүреді.

$2H2+ 02 = 2H20 + 572$кДж

Жай заттардан күрделі зат олардың тікелей әрекеттесуі аркылы алынса синтез деп аталады. Бұл реакцияны жүргізу үшін калың қабырғалы сынауық

алып, оны үшке бөліп сыртынан белгілеп алып, 1 бөлік O2, жәнө 2 бөлік H2 жинап аламыз да (суды ығыстыру арқылы) оны орамалмен ораймыз. Сынауықтың аузына жанған шырпы апарғанда қопарылыс бере реакция жүреді. Сутегі оттегімен шабытты әрекеттеседі, нәтижесінде су түзіліп, жылу бөлінеді. V(H2): V(02) = 2 : 1 болғанда ғана олар қопарылыс береді, сондықтан осындай қатынаста алынған газ қоспасын «күркіреуік газ» деп атайды. Сутегі хлормен реакцияласқанда өткір иісті хлорлы сутек газын береді.

H2 + Cl2 = 2HCl↑.

Қыздырылған күкірт арқылы сутегін өткізсек, жағымсыз иісті күкіртті сутек газы түзіледі: H2+ S H2S↑

Бейметалдардың сутекпен қосылыстарын атау үшін сутекті қосылыс түзуші, элемент атына ды, ді, ты, ті, лы, лі жалғаулары жалғанып, сутек сөзі қосылып оқылады.

Мысалы: HCl - хлорлы сутек; HBr - бромды сутек; H2S - күкіртті сутек; HF - фторлы сутек. Кейбір бейметалдардың сутекті қосылыстарының тарихи қалыптасқан атаулары бар:

H20 - су;

NH3 - аммиак;

CH4 - метан;

PH3 - фосфин;

SiH4 - силан.

Дүние жүзінде жылына шамамен 350*109 тонна сутек өндіріледі. Сутек, аммиак, тұз қышқылы, жасанды сұйық отын алуда, майларды гидрогенезациялауда, металдарды сутек-оттек жалынында кесуде, мұнай фракцияларын гидротазалау мен гидрокрекингісінде, тағыда басқа қолданылады. Атом энергетикасында изотоптары маңызды орын алады. Сутекті экологиялық таза отын ретінде қолданудын болашағы зор.

Сутектің қолданылуы, оның жанғанда көп жылу бөлінетіндігіне негізделген. Әсіресе экологиялық таза отын ретінде сутектің болашағы зор. Себебі сутек жанғанда түзілетін өнім – су ауаны ластамайды. Әзірше сутекті көп мөлшерде метан мен судан алу қымбатқа түседі. Сутектің тиімдіракета отыны болатыны туралы кезінде Ц.Е.Циолковский де айтқан. Қазіргі кездегі негізгі энергия көзі – табиғи газ , мұнай, таскөмір. Жер қыртысындағы олардың қоры да шектеулі. Оның үстіне бұл аталған шикізаттарды пайдалануды сыртқы ортаның ластануына жол беріледі.

Эксперименттік бөлім

Зерттеу материалдары 2022-2023 оқу жылында жинақталды.

№1 зерттеу жұмысы

Қарапайым электролиз аппаратын құру және сутегі алу

Электролиз әдісі арқылы сутегі газын бөлу

Алдымен шыны ыдысқа 0,5л су құйып,суға 1:10 пропорция көлемінде тұз қосамыз(NaCl). Дайындалған ерітіндіге 2 қасық саламыз. Екі электролитті батарея арқылы жалғаймыз. Қасықтың бір-біріне тимеуін қадағалаймыз.Соңында екі қасықтың бірінде көпіршіктер шыға бастайды. Дәл осы жұмысты графитті электродпен қайталаймыз.

$2NaCl + 2H_2O \pm 2e^- \rightarrow H_2 + Cl_2 + 2NaOH$

Катод: $2H_2O + 2e^- \rightarrow H_2 + 2OH^-$

Анод: $2Cl^- - 2e^- \rightarrow Cl_2$

Зерттеудің нәтижесінде катодта сутегі газы бөлініп шығады.Бұл жұмыстың нәтижесінде судың құрамындағы сутегі газы бар екендігін дәлелдедік.

№2 зерттеу жұмысы

Мал шаруашылығының соңғы өнімдеріндегі газдардың бөлінуін дәлелдеу

Биогаз өндірісіне жарамды, органикалық заттар: қи, тұрмыс қоқыстары, құс тезегі, тезек. Біз зерттеу жұмысын сиыр тезегімен іске асырдық. Зерттеу жұмысына қажетті құрал – жабдықтар: қарапайым медициналық система, су (1 литр), пластик бөтелке (көлемі 2 литр),ыстық клей және сиыр тезегі қажет болады.

Алдымен пластик бөтелкесіне сиыр тезегін(0,5 кг) салып, су құйып араластырамыз.

Сосын бөтелкенің қақпағымен медициналық системаны бір-біріне кигізіп, клеймен жабыстырып, дайындаймыз. Дайындалған қақпақ пен бөтелкені бір-біріне кигізіп ауа кіріп-шықпайтындай етіп клеймен жабыстырамыз. Дайын болған бөтелкені ыстық температурада (37-40С)жерге қоямыз. Ашып, газдар бөліну процесін 3 тәулік күтеміз.[3]

№3 зерттеу жұмысы

Сутегі газын өндіру жолдарын зерттеу

Сутегі газының 4 түрі бар: ақ, сұр, көк,жасыл.

Ең тиімдісі жасыл сутегі газын өндіру болып табылады. Себебі жасыл сутегі газын өндіру барысында қоршаған ортаға зиянды заттар мүлдем бөлінбейді. Бірақ бұл әдістің кемшілігі экономикалық тұрғыдан қымбат болуында.

Сұр сутегі газын өндіру барысында қатты отын түрі-көмір жағылады. Қоршаған ортаға көп мөлшерде CO_2 газы бөлінеді. Бірақ бұл әдіс экономикалық тұрғыда ең тиімдісі.Көк сутегі газына келетін болсақ, оны өндіру барысында табиғи газды өртеу әдісі қолданылады. Бірақ экономикалық тұрғыдан сұр сутегіне қарағанда қымбаттау.[4]

№4 зерттеу жұмысы

«Жасыл» сутегі газын өндіру жолдарын зерттеу, табу

Сутегі газын өндірудің №1 әдісі

Күн мен жел энергиясын қолданып, одан өндірілген энергияны - электролиз әдісімен сутегі газын бөліп шығаруға негізделеді. Бұл әдістің артықшылығы өндіріс барысында қоршаған ортаға зиянды заттар бөлінбейді. CO_2 газының эмиссиясы О % құрайды. Кемшіліктеріне оралсақ өндірілген энергия ПӘК – і төмен болуында. Бұндай әдіспен өндірілетін газ бағасы нарықта қымбат болады.

Сутегі газын өндірудің №2 әдісі

Бұл әдістің негізінде қоршаған ортаның ластануымен күресу барысында пайдалы энергия өндіруде. Ол үшін биогаз өндірісі барысында бөлінетін метан газын, судың ыстық буымен араластырып, сутек газын өндіру. Бұл әдістің кемшілігі өндіріс барысында қоршаған ортаға CO_2 бөлінеді. Артықшылығы ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу және атмосфераға бөлінетін метан газын пайдаға жұмсау.2 әдісті ұштастырып, пайдалы нәтижеге жету жолдарының бірі болып табылады. Жер планетасының полюстерінде, жердің температурасы

артуына байланысты жер қойнауынан көп мөлшерде «метан» газы бөлініп жатыр. Атап айтсақ Норвегиялық архипеллаг: Шпицберген, Ресей федерациясының солтүстік жағалаударында осындай көрініс.[5] Ыдырап жатқан метан гидратынан жаһандық жылыну процесі жылдапдап келеді. Осы туындаған мәселелерді өзімізге пайда әкелетіндей етіп шешу керек. Осы технологияларды ұштастырып, метан бөлінетін жерлерде сутек өндірісін жан-жақты зерттеп ашуға болады деген ойдамын. Жануарлардың қалдықтарын кәдеге жарату, ферманы күтіп ұстау шығындарын азайту – көптеген шағын фермалар мен ірі мал шаруашылығы кешендерінің иелерін алаңдататын мәселелер.

№5 зерттеу жұмысы

«Биогаз» өндіру жолдарын зерттеу, қолданыс аясын табу.

Шаруа қожалығының көлеміне байланысты жыл сайынғы көң мен басқа да қалдықтардың көлемі ондаған және жүздеген мың тоннаны құрауы мүмкін. Көп жағдайда бұл массалар дезинфекциялау процесінен өтеді және тыңайтқыш ретінде қолданылады. Сонымен қатар, ыдырау процесінде биогаз бен жылудың қанша мөлшері жоғалады деп ойлайтындар аз. Бұл шын мәнінде бірегей энергия көзі, оның 1м3 шығарылатын жылу көлемімен салыстыруға болады:

1,6 кг. көмір;
0,4 л. керосин;
0,4 кг. Бутан;
5,31 л. газ;

Фермерлік шаруашылыққа сатып алынған биогаз қондырғысы иесін құнды биогазбен және табиғи минералды тыңайтқыштармен қамтамасыз ете отырып, ірі қара, шошқа және басқа да ауылшаруашылық қалдықтарын өңдей алады.

Қондырғыны пайдалану тәжірибесі көрсеткендей, ферментаторға кез – келген компоненттермен тиеген кезбен салыстырғанда, органикалық заттардың әртүрлі қоспаларын шикізат ретінде қолданылуы биогазды артық мөлшерде бөледі.[6] Шикізаттың ылғалдылығын қысқа мерзімде (88-90%) азайтқан жөн, ал жазда керісінше (92-94%) көбейту қажет. Сұйылту үшін қолданылатын су (35-40º) жылы болуы қажет. Шикізат тәулігіне бір рет бөліктер бойынша беріледі. Ферментаторды бірінші тиегеннен кейін құрамында 60% көмірқышқыл газы бар биогаз өндіріледі, сондықтан ол жанбайды. Бұл газды ауаға шығарады, 1-3 күннен кейін қондырғы қалыпты қызмет жасай бастайды.[6]

Ғылыми - техникалық прогрестің қарқынды дамуы экологиялық проблемаларға әкеліп соғуда. Бұл зерттеуде сутек газын өндірудің тиімді жолын зерттеу және технологиясын құрастыру қарастырылды. Ауылшаруашылық өнімдерінің қалдықтарын тиімді пайдалану және биогаз өндірісін құрастыру жолдары қаралды. Бұл жұмыстың нәтижесінде – сутек газын өндірудің 2 әдісі зерттелді. Нәтижесінде 2 әдісті ұштастырып, 1 пайдалы жоба құрастырылды. Ауылшаруашылық өнімдерінің пайдалы утилизациялау жолдары қарастырылып, ауылымды жылумен және газбен қамтамасыз ету жолдары көрсетілді. Жоба тұрақты даму бағдарламасының критерийлеріне негізделе отырып жасалды. Жоба көзделген міндеттері мен мақсаттарына жетті деген ой қалыптасты. Ғылыми жұмыс одан әрі күрделеніп, үлкен лабараториялық зерттеулерді қажет етеді. Жер планетасының экологиясы әрбір азаматтың қолында екеніне кәміл сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі
1.https://kk.wikipedia.org
2.https://kk.wikipedia.org
3. Биогаз: и греет, и варит. Журнал «Моделист - конструктор»
4.https://www.nature.com/scitable/knowledge/global-and-regional-ecology13228222

СУДЫҢ АУЫР МЕТАЛДАРМЕН ЛАСТАНУЫ

Қатысушылар: Адлгазыева Амина, Құмарова Ақмарал
Жетекшісі: Исмаилова Инабат Кайратовна
«№ 35 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ Семей қаласы

Жұмыстың мақсаты

Зерттеу жұмысының мақсаты- Семей қаласының және Абай ауданының металдардың жиналу мөлшерін анықтай отырып, қоршаған ортаның металдармен ластануын бағалау.

Міндеттері:

1. Семей қаласының территориясында судың қорғасын, мыс және мырыштың жиналу мөлшерін анықтау.
2. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, қоршаған ортаның металдармен ластануын бағалау.

Жұмыстың өзектілігі

Қоршаған ортаның кен көлемде ластануы әсіресе қалалар мен өнеркәсіп орталықтарында күшті сезіледі. Өндіргіш күштердің тез қарқынмен дамуы, еңбек өнімділігінің артуы халқымыздың хал-ахуалымен тығыз байланысты. Адамзаттың тіршілігі қоршаған ортамен тығыз байланысты болғандықтан ауаның, топырақтың және судың ластануы қазіргі кезде өзекті проблемаларды туындатып отыр.

Жұмыстың жаңалығы

Семей қаласының климаттық жағдайында ауыр металдардың әртүрлі қашықтықтарға таралуына сәйкес, қазіргі кезеңде суда қорғасын, мыс және мырыштың жиналу дәрежесі анықталды.

Қоршаған ортаның ауыр металдармен ластануы

Біздің Семей қаласында қорғасын мен мырыш ашық карьерлік әдіспен өндіріледі. Ал қорғасын уранның ыдырауынан пайда болған қалдық өнім. Ашық карьерде кендерді өндіру үшін жарылғыш заттарды пайдаланады. Семей қаласының ауасының ауыр металдармен ластануы қаланың және оның маңындағы ауыл адамдарында неше түрлі созылмалы қауіпті аурулар тудырады. Семей қаласының мырыш пен қорғасын ашық карьерлік әдіспен өндіріледі. Жыл сайын Қазақстанда тұрғындардың әр түрлі ауруларының саны өсіп келе жатқаны байқалады. Металдар және басқа микроэлементтер қоршаған ортадан тағам өнімдеріне жиі түседі. Олар тек тағаммен ғана емес демалатын ауамен, ас суымен түсуі мүмкін. Бірнеше ауыр металдар (сынап, кадмий, қорғасын) ерекше улы болып саналады. Металдардың тағамдық өнімдерінде кездесу мөлшері 2-3 есе жоғары фондық, ал ШРЕК тен жоғары – жарамсыз. ФАО және ДДСҰ бірлескен комиссиялары тағам өнімдерінің халықаралық саудасының азық-түлік кодексі бойынша бақылауда өнім

құрамындағы 8 (сынап, кадмий, қорғасын, мышьяк, мыс, стронций, мырыш, темір) металдың болуын енгізеді. Бұлардан басқа қажетті жеті химиялық элемент: сүрме, никель, хром, аллюминий, фтор, йод бақылауға алынған.
Аймақтағы белгілі бір элементтердің жеткіліксіздігі немесе көп болуы адамның денсаулығының бұзылуына негізгі себепші болады.

Қорғасынның негізгі қасиеттері

Қорғасын адамзаттың ең алғаш қолданған ауыр металдарының бірі. Оны біздің заманымыздан бұрынғы III-II мыңжылдықтырынан бері қолданып келеді. Химиялық қасиеттері: Табиғатта қорғасын таза күйінде сирек кездеседі. Ол жұмсақ, майысқақ және икемделгіш метал. Азот қышқылында тез ериді.Оның барлық қоспалары қатты улы болады.
Пайдалануы: Қорғасынды электр желілерін, аккумляторлар,оқ-дәрі өндірісінде кеңінен қолданып келеді. Қорғасын гамма сәулелерін жақсы сіңіреді. Сондықтан оны радиоактив заттармен және рентген сәулелерімен жұмыс істегенде қолданады. Рентгенге түсіретін адамдардың алжапқыштары мен қолғаптары өте ауыр болады.Өйткені ол қорғасын қосылған жіптен жасалады. Қорғасын адамды рентгеннің өткір сәулесінен қорғайды. Кейбір еріген қосылыстары медицинада қолданылады. Қалай айтсақ та қорғасын, бағалы, дүниежүзілік саудада сұранысқа ие метал.

Зерттеу жұмысы. Семей қаласының өнеркәсіп орындарының адамдар денсаулығына зиянын анықтау және қоқысқа төгілетін заттардың қоршаған ортаға зиянды әсерлерін зерттеу.
Табиғаттың берген сыйы ғаламат, адамзат барлық керекті заттарын табиғаттан алады. Өмір сүру ортасы, адамға керекті «Д» дәруменін Күннен алса, ағзаға керекті дәрумендерді немесе минералдарды да адам қоршаған ортадан алады. Табиғаттың адамға берер сыйы ғаламат. Кейінгі жылдары «Экология» ғаламдық проблемаға айналып кетті. Озон қабатының жұқаруы, топырақ қабатының тозуы, жер қойнауының босап жеңілдеуі т.т айта беруге болады. Осындай проблема біздің Семей қаласында да кездестіруге болады.
Адам ағзасының улы заттарға реакциясы оның жасына, жынысына, денсаулығына байланысты. Улы заттар жас балаларға, қарт адамдар мен ауру адамдарға көп әсер етеді. Улы заттардың әсері ұзақ уақытқа созылса, онда ағза қатты уланады да, адамның мінезқұлқы өзгеріп, нейропсихологиялық өзгерістерге ұшырайды: тез шаршау, жиі есінеу, ұйқы қашу, тәбеттің нашарлауы, зейіннің төмендеуі , ұмытшақтық, көңіл – күйдің ауытқуы, т.б.

Судағы қорғасынды анықтау әдісі

Жұмыс барысы. Осы 1 мл судың сынамасы алынып, фарфор немесе кварц тиглге салынып, 10-15 тамшы күкірт қышқылы (конц.) тамызады да 15 - 20 сағатқа қалдырады. Содан соң құм үстіне қыздырып қышқыл қалдығы (SO_3^{2+}) буланып кеткенше ұстайды және муфель пішінде 450 - 500°С дейін күйдіреді (1 сағат). Сосын эксикаторда суытып 20 % тұз қышқылы (НС1) 10 мл қосып, 2 -3 рет қыздыра отырып ерітеді. Фильтрленген соң фильтраттың көлеміне 50 мл жеткізіп, әбден араластырады. Фильтраттан 5 мл алып полярографтың ұяшығына құяды, инертті газды 10 - 15 мин. жібереді, ерітіндіні 3 мин. қалдырып, соңынан дифференциалды полярограммасын алады.

Есептеуі; С= $\frac{a}{B}$: V мг / кг, мұнда

С –Судағы қорғасынның мөлшері (мг/кг)
а - полярограф ұяшығындағы қорғасыының мөлшері
в - сараптауға алынған топырақ салмағы (г)
V - сынаманың жалпы көлемі, мл.

Семей қаласында судың ауыр металдармен ластану дәрежесі

Қазіргі кезде ауаның, судың және топырақтың зиянды заттармен ластануынан олардың өздігінен тазалану процесі нашар жүруде. Егер өндірістерден бөлінетін зиянды заттардың мөлшері төмендемесе, қоршаған ортаға қалпына келмейтіндей зиянын тигізеді.

Өндірістік қалдықтардың қоршаған орта объектеріне түсуін, жиналуы мен миграциясын зерттеу, олардың әсерін дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты біз Семей қаласының территориясында суда ауыр металдардың жиналу дәрежесін анықтап және соның негізінде қоршаған ортаның экологиялық жағдайын бағаладық.

Зерттеу жұмысы Семей қаласының территориясында жүргізілді. Қала территориясынан шығыстан батысқа қараған бағытта бірнеше зерттеу орындары белгіленіп, сол жерлерден арнайы әдіс бойынша сынама алынды.

1-зерттеу орны – Ертіс өзені.
2-зерттеу орны – Үйдің суы.
3-зерттеу орны – Абай ауданы Қонырәулие.

Осы зеттеу орындарынан судың сынамалары алынды.

Зерттеу орындарындағы ауыр металдардың мөлшері кестеде көрсетілген (мг/кг)

Р/с	Зерттеу орындары	Қорғасын	Мыс	Мырыш
	Ауыр металдардың ШРК	32 мг/кг.	33 мг/кг	55 мг/кг
1	1-зерттеу орны	845,72 ± 6,12	286,45 ± 3,66	386,26 ±2,55
2	2-зерттеу орны	365,16 ± 5,87	210,35 ±4,25	280.96±2,76
3	3-зертеу орны	274,63 ±3,84	86,63 ± 2,67	94,36 ±2,12

Судағы қорғасынның жоғары мөлшері 1-зерттеу орнында байқалды, ол 845,72 мг/кг көрсетті. Бұл көрсеткіш шекті рауалы концентрациядан 26 есе жоғары. 2-зертеу орнында 365,16 мг/кг тең, ол ШРК-дан 11 есе жоғары. 3-зертеу орнында 274,63 мг/кг, бұл көрсеткіш ШРК-дан 8 есе жоғары. судағы мыстың жоғары мөлшері 1-зерттеу орнында 286,45 мг/кг көрсетті. Бұл көрсеткіш шекті рауалы концентрациядан 8 есе жоғары. 2-зертеу орнында 210,35 мг/кг тең, ол ШРК-дан 6,8 есе жоғары. 3-зертеу орнында 86,63 мг/кг, бұл көрсеткіш ШРК-дан 2,6 есе жоғары.

Судағы мырыштың мөлшері 1-зерттеу орнында 386,26 мг/кг көрсетті. Бұл көрсеткіш шекті рауалы концентрациядан 7 есе жоғары. 2-зертеу орнында

280,96 мг/кг тең, ол ШРК-дан 5 есе жоғары. 3-зертеу орнында 94,36 мг/кг, бұл көрсеткіш ШРК-дан 1,7± жоғары.

Семей қаласының және Абай ауданы территориясында судың ауыр металдармен ластану дәрежесі жоғары. Өндірістік аймақ - Семей қаласы мен Абай облысының өңірінде қалыптасқан экологиялық жағдайды тұрақтандыру мен жақсарту үшін комплексті технологиялық және ұйымдастыру шараларын жүргізілуі керек. Ол үшін:

1. Қоршаған ортаның қорғасын және т.б. ауыр металдармен ластану деңгейін бағдарлау мақсатымен табиғи объектілерге үздіксіз бақылау жасап зерттеу жұмыстарын жүргізіп отыру қажет.
2. Абай облыстық қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстар басқармасы мен СЭС басқармасы өндіріс орындары басшылығынан қоршаған ортаға өндіріс орындарынан зиянды қалдық заттардың бөлінуіне жол бермеу мақсатымен:

- ескі өңдеу қондырғыларын жаңартуды;
- өндіріс орындарында аварияларға жол бермеуді;
- жаңа қалдықсыз технологияларды енгізу, яғни өндірістік цехтарға тазарту қондырғыларын орнатуды;
- өндірістік қатты қалдықтарды қоршаған ортаға қауіпсіз арнайы орындарда сақтауды талап етіп және қол жеткізуі керек.

Пайданылған әдебиеттер

1. Левина Э.Г. Общая токсикология металлов. Л., 1972 г. 183 с
2. Чекунова М.П., Фролова А.Д. Современные представления о биологи-ческом действии металлов //Гигиена и санитария. М., 1986 г.,№ 2
С-18-21.
3. Битнерович А //Охрана природы и воспроизводства приподных ресурсов. М., 1999г. №4С-45.
4. Тэрыцэ ЬС, Менгер Э, Тэрыцэ Х Математическое моделирование влияния Pb^{2+} Zn^{2+} на биологическую активность появы // Экология . М.; 1990г., №2

МЕКТЕП ЖЫЛЫЖАЙЫНДА,ПРАКТИКА ЖҮЗІНДЕ ГИДРОПОНИКАЛЫҚ ӘДІСПЕН МӘДЕНИ ӨСІМДІКТЕРДІ ӨСІРУ

Қатысушы: Русланқызы Ажар
Жетекшісі: Бакабаева Алия Бакбердиновна
«Ж.Аймауытов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп»КММ.Семей қаласы

Бұл жұмыстың өзектілігі: Өсімдіктерді дәстүрлі емес тәсілдермен өсіру, өсімдіктерді кәдімгі, топырақтық әдіспен өсіруден артық артықшылықтарға ие.

Гидропоника-өсімдікті топырағы жоқ жасанды ортада өсіру әдісі. Гидропон әдісімен өсіру кезінде өсімдік тамырымен топырақта емес, одан да аз минералды заттармен қамтамасыз етілген және таза сумен суарылатын, ал ылғалды-ауа, қатты аэрацияланатын су және тамырдың тыныс алуына ықпал ететін және минералды тұздардың ерітіндісімен жиі суаруды талап етпейтін ауа көп қажет ететін ортада қоректенеді.

Қоректік ерітінділердің мысалдары: БИЛУ, ЛТА, Герикке ерітіндісі, кноп ерітіндісі, ГДР және т. б.

Хемопоника-негізгі субстраты органикалық материалдардан жасалған өсімдік шаруашылығының түрі. Бұл жағдайда топырақ ретінде үгінділер, ағаш қабығы, кокос талшығы,мүк, жоғарғы шымтезек болып табылады. Субстрат ретінде бұл шикізат екі жыл бойы пайдаланылады. Алдын ала органикалық материалдар ұсақталады, сондай-ақ қышқылдық орта дайындалады. Тамақтану қоректік микроэлементтермен байытылған сумен суару есебінен жүзеге асырылады

Агрегатопоника-бұл қатты бейорганикалық материалдарда мәдени өсімдіктерді өсірудің тәсілі. Өсімдік тамырларын қиыршық тас, перлит, керамзит, құмға салады. Көшетті қоректік ерітіндімен суарады. Бірнеше жылдан кейін топырақтың жасанды

алмастырғыштары ластанады, тұзданады және оларды сумен шайып тазалау қажет.

Гидропониканың артықшылығы:Бірқалыпты минералдық қоректендіру мүмкіндігі, автоматиканы кеңінен пайдалануға болады.Бұл әдіспен өндірілетін көкөніс дақылдары топырақта өсірілетін дақылдарға қарағанда өнімді ертерек (қияр 3-4 күн,қызанақ 15-18 күн бұрын) береді.Жалпы өнімділігі де жоғары болады.

Кемшіліктері:қоректік ерітінді жасап, оны жылыжайдағы өсімдікке беретін механизмдер мен құрал-жабдықтар қымбатқа түседі.

Эксперименттің практикалық бөлігі:

Қоректік ерітінді ретінде "Герикке ерітіндісін" пайдалануға шешім қабылданды, өйткені бұрын алынған тәжірибе негізінде, өзін бұрыш және қызанақ сияқты өсімдіктерді өсіру үшін ең қолайлы ерітінді ретінде көрсетті. Ерітіндіні дайындау үшін барлық қажетті заттарды алып, оларды дистилденген суда ерітеді. Сайып келгенде, барлық заттар тұнбаға түспеуі және ерітінді бүлінбеуі үшін, оларды кезекпен еріту қажет, бұл жағдайда заттар толығымен еруін бақылау қажет. Ерітіндіні дайындау аяқталған соң, оның ортасының pH өлшенді.

Қоректік ерітіндінің құрамы	**(Бір литр судағы заттар гр берілген)**
	Қоректік ерітіндінің атауы
Тұздардың аттары	**«Герикке ерітіндісі»**
KH2PO4	0.14
KNO3	0.55
Ca(NO3)2	0.1
MgSO4	0.14
FeSO4	0.02
MnSO4	0.002
Na2B4O7	0.002
ZnSO4	0.001
CuSO4	0.001

Субстратқа тұқым егу

Субстратқа егер алдында 15-20 минут калий перманганатының 1% ерітіндісіне қызанақ тұқымдарын салдық. Содан кейін жақсылап шайдық.Субстратқа

отырғызып,бетін жапқан пластикалық пленкалар 3 күннен кейін алынды. Тұқымның шығуына қолайлы субстрат температурасы 25-30 ° С құрайды.

Көшет қалай өсіру керек

5 аптадан соң 4-5 жапырақтарымен көшеттер гидропоникалық жүйеге ауыстырылып
отырғызылды. (әрбір көшет үшін 0,9-1,2 м²).

Бұл қондырғы қызанақ,бұрыш өсуіне арналған. (Гидропон). Бес литрлік бөтелке. Оның төрт жағынан өсімдіктері бар стақанға арналған тесік жасалды.

Гидропоникалық томатқа арналған ерітіндінің қоректік концентрациясы

Қоректік ерітіндіде 1,5-3,0 мС (өткізгіш бірлігі) болды. Бұл көрсеткіш күн сайын қадағаланып отырды.Концентрация деңгейі төмендеп, рұқсат етілген нормадан асып кеткенде,барлық қажетті элементтер қосылды.3-4 аптада 1 рет өзгертіліп отырды.

Бақылау тобының қиярын өсіруге арналған қондырғылар. Мұндай қондырғыларда шөлмектің бүйір жағынан ортасына бір тесік жасалды, ол арқылы топырақ төгілді.

Гидропоникалық ерітіндідегі ерітінді:

Кальций 1г	Натрий 0,25г	Магний сульфаты 0,25г	Калий сульфаты 0,25г	Мырыш 0,75г	Мыс 0,25г
pH	5,5-6,2	5,5-6,2	5,5-6,2	5,5-6,2	5,5-6,2
ЕОК	2,2-2,7мС	2,2-2,7мС	2,2-2,7мС	2,2-2,7мС	2,2-2,7мС

Бұл маңызды! Пайдалы заттардың жетіспеушілігі өсімдіктерде көп жапырақтар бар, бірақ аз жеміс әкеледі.

"Қалыпты даму үшін деңгей:

* "қызанақ 6-дан 6,3 бірлікке дейін болуы керек"[7];
* "бұрыш –5,7-6,1 бірлік шегінде" [8];
* "баклажандар-5,8-ден 6,2 бірлікке дейін" [9];
* "қияр-6,2-6,8 бірлік шегінде"[10].

Егер ерітіндінің қышқылдық деңгейі қажетті деңгейге сәйкес келмесе, ол фосфор
қышқылымен(H_3PO_4) немесе натрий гидрокарбонатымен ($NaHCO_3$)(қай жаққа ауытқуына
байланысты) оңтайлы мәнге дейін жеткізіледі. Сонымен қатар қоректік ерітіндінің

құрамымен эксперимент жүргізілді, сол немесе басқа заттар қосылды және өсімдіктің сол
немесе басқа бөліктерінің өсуінің өзгеруіне бақылау жүргізілді.Эксперимент жүргізу
туралы барлық деректер бақылау күнделігіне,оның ішінде ерітінділердің pH мәні туралы деректерге де енгізілді.Қоректік ерітінді қажеттілігіне қарай, орташа есеппен айына екі - үш рет ауыстырылды.Аптасына бір рет барлық ерітінділерде pH өлшенген. Қажет болған жағдайда pH оңтайлы мәнге дейін жеткізілді. Сондай-ақ ерітінділер үш күнде бір рет компрессордың көмегімен оттегімен қаныққан.Кешкі уақытта өсімдіктердің жарық күнін ұзарту үшін арнайы күндізгі жарық шамдары қолданылды.Зерттеу барысында эксперименталды жұмыс барысына түзетулер енгізілді.Жобамен жұмыс істеген барлық уақыт ішінде, жобалық жұмысты жазғанға дейін отырғызылған 64 өсімдіктің 27-сі жалпы алғанда өліп қалды. Оның ішінде-2"Асти ред" сорты бұрыш, "Жеті лақ" сорты 1 қияр, "Черри"сорты 17 қызанақ, "Экави F1" сорты 6 баклажан, Мелисса 1 бұта. Өсімдіктердің осы даналары өсіру технологиясының бұзылуына байланысты түрлі себептермен өліп қалды

Жаңа деректерді өткен жылдардағы деректермен салыстыру

атаулымдарды салыстыру	**Жұмыс жылдары /нысан / өсіру әдісі**							
	2020		**2021**		**2022**			
	бұрыш	қызанақ	бұрыш	қызанақ	бұрыш	қызанақ	қияр	баклажан

	гидро	гидро	гидро	гидро	гидро	хемо	контр	гидро	хемо	контр	гидро	хемо	контр	гидро	хемо	контр
отырғызылған тұқымдар саны	5	5	5	21	6			23			6			14		
өніп шыққан тұқымдар саны	4	3	4	15	6			23			6			14		
Оқушыларың қызығушылықтарын қанағаттандыру мақсатында зерттеу жұмыстарын жүргізуді бастадым. Көптеген білім беру платформалары мен сайттарына шолу жасалды. Соның ішінде интербелсенді симуляторларды тегін қолдануға болатын 3 ресурстар жобасы табылды. Олар:

- ✓ **Phet.Colorado**
- ✓ **Ophysics**
- ✓ **Algodoo**

Бұл платформалардың тиімді және тиімсіз жақтары анықталды.

Симуляторлар	**Тиімді жақтары**	**Тиімсіз жақтары**
Phet.Colorado	Дизайны, физикадан тәжірибелердің көптігі мен санқырлылығы, тек ағылшын емес, орыс тілінде аудармасының болуы	жоқ
Ophysics	Дизайны	Тек ағылшын тілінде берілген, физиканың аз көлемін қамтиды
Algodoo	Дизайны мен тәжірибе қоры	Тек ағылшын тілінде, физикадан эксперименттік тапсырмалар аз

Зерттей келе, оқушылар мен мұғалімдер үшін ең тиімді интербелсенді симулятор, ол Phet.Colorado екені анықталды.

PhET ("Physics Education Technology") интерактивті модельдеу, Колорадо Боулдер университетінің жобасы, зерттеуге қолжетімді түсініктемелерді жасайтын және орналастыратын коммерциялық емес ашық білім беру ресурстары жобасы. Оны 2002 жылы Нобель сыйлығының лауреаты Карл Виман (Carl Wieman) құрды. PhET бағдарламасы Виманның ғылымды оқыту мен зерттеу тәсілдерін жақсарту туралы көзқарасынан басталды. "PhET" жобасының аббревиатурасы бастапқыда "физикалық білім беру технологиясы" дегенді білдіреді, бірақ көп ұзамай PhET басқа пәндерге де кеңейді. Қазіргі уақытта жоба физика, химия, биология, Жер туралы ғылымдар және математика саласындағы білім беру мақсаттары үшін 125-тен астам тегін интерактивті тренажерлерді жобалайды, әзірлейді және шығарады. Модельдеу 65-тен астам тілге, соның ішінде испан, қытай, неміс және араб, орыс тілдеріне аударылған және 2011 жылы PhET веб-сайтына 25 миллионнан астам қолданушылар тіркелген, өазіргі кезде қолданушылар саны 5 есе артқаны анықталды.

PhET интербелсенді симуляторлар физика, химимя, математика, Жер туралы

ғылым, биология сияқты жаратылыстану ғылымдарында қолданылатын

көптеген демонстрациялық тәжірибелер, ойын арқылы шешуге болатын есептер, графикалық бейнелер жинақталған заманауи бағдарлама. Өзімізге

қажетті тақырып немесе пән бойынша қажеттісін таңдап алып, демонстрация арқылы бірнеше рет тәжірибені орындап көруге болады.

Қажетті тарауды меңзермен көрсету арқылы таңдап, оңай іздеп табуға болады. Мысалы, жоғарыда атап өткендей, «Векторлар және оларға амалдар қолдану» тақырыбы бойынша демонстрациялық симуляторды таңдап алуға болады.«Translations” батырмасын басу арқылы тілді ауыстырып орындауға болады. Қажетті функцияны таңдап, векторларды қосуға болады, векторларды үшбұрыштар неме параллелограммдар әдісі арқылы қосып, қорытқы векторларды және олардың проекцияларын анықтауға болады. Векторларды тақтаға сызып көрсету ыңғайсыздық тудыратындықтан, осы симулятордың көмегімен оқушыларға оңай көрсетіп, өздеріне орыдап көрулеріне ұсыныс жасауға болады.Тағы бір симулятордың жұмыс жасау принципін орыс тілінде қарастырып көрейік, тіпті тілді ауыстырмаға жағдайда оқушылар суреттер арқылы еркін түсінуге болады. Тілді меңгеруге де көмектеседі.

Интербелсенді симуляторлардың артықшылықтары:

— оқушылардың қызығушылығын туғызады;
— әрқайсысының оқу үрдісіне қатысу белсенділігін кеңейтеді;
— әрбір оқушының сезіміне назар аударады;
— оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді;
— оқушыларға көпжоспарлы әрекет етуге әсер етеді;
— кері байланысты (аудиторияның жауап беру реакциясын) жүзеге асырады;
— оқушылардың пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады;
— өмірлік машықтарды қалыптастырады;
— мінез-құлықтың өзгеруіне көмектеседі.

Симуляторлар тағы қандай салаларда қолданылатынына тоқталатын болсақ... Компьютерлік симуляторлар фармакологияда сәтті қолданылады, мысалы, препараттың органдар мен жүйелерге ықтимал уытты әсерін теориялық бағалауға және сандық өлшеуге мүмкіндік береді. Компьютерлік модельдеу препараттың тікелей өлшеу қиын немесе мүмкін емес физиологиялық параметрлерге әсерін жанама түрде есептеуге мүмкіндік береді. Кейбір жағдайларда тек нақты деректерге негізделген компьютерлік экспериментті қалағаныңызша ұзақ уақыт бойы іске қосуға болады және болашақта ғана пайда болатын заттың жанама әсерлерін болжауға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта оқу сабақтары барысында оқытудың интербелсенді әдістерін және интербелсенді құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр. Нәтижесінде бәсекеге қабілетті, өз ойын еркін қорытып, теориялық білімін практикада ұштастырып, өмірде қолдана білетін, интелектуалдық күші жетік оқушы тәрбиеленеді. Осы нәтижеге жету мақсатында білімімді әрі қарай жетілдіріп, ізденуді жалғастырамын.

Жаңа заманда өмір сүріп жатқан оқушыларды қызықтыру, сонымен қатар физика сияқты күрделі пәнге деген қызығушылықтарын арттыру үшін осындай көрнекі интербелсенді симуляторларды қолдану бірден – бір шешім деп айтуға

болады. Сол себепті де физика пәнін оқушыларға жақын, меңгерулеріне қолжетімді тәсілдердің көмегімен үйреткен дұрыс. Оқушыларға өздігінен бір симуляторды өз бетімен меңгеріп, онымен қандай есеп құрастыруға, қандай тәжірибелер жасап көруге болатындығын тапсырсаң, бұлжытпай зерттеп, диаграммалар арқылы қай шаманың артып, қайсысының кеміп отыратынын анықтап келетіні байқалып отыр. Осыдан шығатын қорытынды: XXI ғасыр — озық технологиялар ғасыры.

Қолданылған әдебиеттер мен ресурстар:

1. Панина Т.С. Современные способы активизации обучения: / Т.С. Панина, Л.Н. Вавилова; «Академия» баспа орталығы, 2008.

2. Панфилова А.П. Инновационные педагогические технологии: Активное обучение /А.П.Панфилова. – М.: «Академия» баспа орталығы, 2009.

3. Ступина С.Б. Технологии интерактивного обучения в высшей школе : уч. метод. пособ. / С.П. Ступина. Саратов: «Наука» баспа орталығы , 2009.

4.Информатизация образования: направления, средства, повышение квалификации / МЭИ баспасы, 2004.

САНДАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТҰРМЫСЫНДАҒЫ ТАҒЫЛЫМДЫҚ МАҢЫЗЫ

Қатысушы: Кабдулхамитова Гульмира Уахитовна
Жетекшілері: Буркенова Зауре Советкановна, Қасыл Дана Қасылқызы
«№ 12 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Пифагор
«Әлемнің әміршісі сандар»

Сандардың сыры мен құпиясы

Қазақ киеге үлкен мән берген халық. Табиғаттың кейбір апаттарын, отты, кейбір жануарлар мен құстарды, көшпелі тұрмысқа қажетті заттарды киелі деп қастерлеген. Сондай-ақ қазақ халқының өмірінде түрлі мәнді ерекше сипат бере отырып жиі қолданылатын сандар тізбегі көп. «3, 7, 9, 40» сандар тізбегін өзіміздің салт-дәстүрімізден, ырым - тыйымдарымыздан, нақыл сөздерімізден, мақал-мәтелдерімізден анық көруге болады.

Бұл жобада біз көптеген сандардың сырларын ашып, олардың қасиеттерінің пайда болу кезеңін айқындаймыз. Жан-жағымызға қарасақ сандар тек қана математика емес, тағы басқа көптеген ғылымдарда маңызы зор. Қарап отырсақ, осы қарапайым 10 цифр болмаса, біз телефон да соға алмаймыз. Жалпы таным проблемасымен байланысты ескілікті наным-сенім түрлерінің тілдік көріністері, әсіресе сан атауларымен келген тұрақты сөз оралымдарында өте көп кездеседі. Байырғы кездерде халық әр алуан құбылысқа нәзік бақылау жасай келіп, олардың ортақ қасиеттері мен сипаттарын санмен түйіп, санамалап айтып отырған.

Мысалы қазақ 3 санының байламдарын былай түйіндеген:

Үш көз: Су анасы – бұлақ, жол анасы – тұяқ, сөз анасы – құлақ
Үш тоқтам: Ақыл – арқан, ой - өріс, адам – қазық

Үш қасиет: өліде – аруақ, малда – кие, аста – кепиет
Үш талғам: мейірім – сауап, жақсылықтан шарапат, жамандықтан кесепат
Үш жүз: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз
Үш тәтті: жан тәтті, жар тәтті, мал тәтті
Үш қуат: ақыл, жүрек, тіл:
Үш жұрт: өз жұртың – күншіл, қайын жұртың – міншіл, нағашы жұртың - сыншыл
Үш із: бала, байлық, бақыт – білім
Үш ғайып: қонақ несібе, ажал
Үш алыс: жер мен көк, жас пен кәрі, жақсы мен жаманның арасы
Үш арсыз: күлкі, ұйқы, тамақ
Үш байлық: денсаулық, ақ жаулық, он саулық
Үш қазына: Ер қазынасы – жүрген із,
Ел қазынасы – көне сөз,
Тіл қазынасы – ескі сөз
Үш мақсат: Саудагер мақсаты – ұту, жол мұраты – жету, дау мұраты – біту
Үш үміт: жазылам деп науқас үмітті, байимын деп кедей үмітті, кетем деп қыз үмітті
Үш қадірлі: ырыс, бақ, дәулет
Үш қадірсіз: жастық, денсаулық, жақсы жар
Үш кемшілік: атың шабан болса – жалғанның азабы, алғаның жаман болса – дүниенің тозағы, балаң жаман болса – көрінгеннің мазағы
Үш би
4 санының қадір-қасиеттері:
Төрт мүлік: бас сандық, тіл кілт, қол мүлік, аяқ-табақ
Төрт халифа: Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли
Төрт қылыш: Хәм хам, Сәм сам, Зұлпхар, Зулқажа
Төрт періште: Жебірейіл, Әзірейіл, Мекейіл, Исрафил
Төрт кітап: Тәрат, Зәбур, Інжіл, Құран
Төрт пір: Жарлының пірі – қалтақ ата,
Ұрының пірі – жалтақ ата
Шебердің пірі – тепшен ата
Кәрінің пірі – кекшіл ата
Төрт тұлға: от, су, жел, жер
Төрт құбыла: Шығыс, батыс, оңтүстік, солтүстік
Төрт маусым: көктем, жаз, күз, қыс
Төрт тоқсан: қыстоқсан, жазтоқсан, шілдетоқсан, күзтоқсан
Төрт бұрыш: Шын-машын, Мысыр, Рим, Еуропа елдері
Төрт түлік: Түйе пірі – Ойсылқара
Жылқы пірі – Қамбар ата
Сиыр пірі – Зеңгі баба
Қой, ешкі пірі – Шопан, Шекшек ата
Төрт күнә: Аллаға күмән келтіру, нақақтан қан төгу, ата-анаға тіл тигізу, өтірік куә болу.
Төрт тұрман:

1. Ер тұрманы. 2. Мұкәммалы. 3. Жаужарағы. 4. Бес қаруы.
Төрт пайғамбар тірі:
1. Иса. 2. Ыдырыс. 3. Қыдыр. 4. Ілияс. Ыдырыс пен Иса 4-қат көкте, олар періштелермен бірге құлшылық жасайды. Қыдыр шөлдегендерге сусын береді. Ілияс су апатына ұшырағандарға қол ұшын береді.
Төрт нәрсені Адам Атаны жаратқанда жібереді:
1. Өлім. 2. Ләпсі. 3. Ашу. 4. Нәпсі.
Төрт асыл:
1. Иман. 2. Намаз. 3. Ілім. 4. Мейір-Шапағат.
Төрт ұры:
1. Азғырушы шайтан. 2. Күпірлік. 3. Тәкаппарлық. 4. Мейірімсіздік.
Төрт дария:
1. Ніл. 2. Фират. 3. Жейхун (Амудария) . 4. Сейхун (Сырдария).
Төрт бейғамсыздық:
1. Өлімді ойлау. 2. Залым адаммен отырмау . 3. Онымен сөйлеспеу. 4. Аулақ жүру.
5 санына байланысты:
Бес парыз: Таң намазы, бесін намазы, екінді намазы, ашам намазы, жашиық намазы
Бес қару: садақ, мылтық, найза, қылыш, айбалта
Бес борыш: Аллаға, пайғамбарға байланысты борыш, адамның өзіне байланысты борыш, мемлекет пен халыққа борыш, үй-іші жақындарына борыш, адамгершілік әлеміне борыш
Бес жаратылыс: күн, ай, жұлдыз, күндіз, түн
Бес өсиет: топасқа сенбе, жауға иілме, әрқашан сақ жүр, аш үйге қонба, жарлыдан сый алма
Бес қатер: от, жау, борыш, ауру, сөз
6 саны берекені білдіреді.
Ертеде құлға алты сөзді білсе болған екен. Олар: отыр, тұр, жат, жүр, атқар, демал
Алты алаш: Қазақ, қарақалпақ, өзбек, түркімен, қырғыз, жайылма
Алты парыз: Адамдардың бір-біріне алты парызы бар:
1. Бір-біріне сәлем беруге
2. Шақырса баруға
3. Кеңес сұраса ақыл қосуға
4. Сұрағына жауап беруге
5. Ауырып қалса көңіл сұрауға
6. Қайтыс болса жерлеуге қатысуға
Алты парыз:
1. Бір-біріне сәлем беру. 2. Шақырса бару. 3. Кеңес сұраса - ақыл қосу. 4. Сұрағына жауап беру. 5. Ауырып қалса - көңіл сұрау. 6. Қайтыс болса жерлеуге қатысу.
Алты асқар:
1. Ақыл. 2. Білім. 3. Жомарттық. 4. Әділдік. 5. Шыншылдық. 6. Кең пейіл.
Алты тоймайтын нәрселер:

1. Көз қараудан тоймайды. 2. Еркек әйелден ләззат алудан тоймайды. 3. От отынан тоймайды. 4. Ғалым ғылымнан тоймайды. 5. Бай малға тоймайды. 6. Адам өмірге тоймайды.

7 саны өте киелі. 7 жаста бала мектепке барады.

Жеті күн: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.

Жеті амал: тоқсанның кіруі, кииктің матауы, мұздың қатуы, айдын тоғамы, үркердің батуы, қарашаның батуы, күннің тоқырауы

Жеті қазына: ер жігіт, сұлу әйел, берен мылтық, , ақыл, білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, жүйрік тазы

Жеті жоқ: Аллада бауыр жоқ, таста тамыр жоқ, аспанда тіреу жоқ, жерде өлшеуіш жоқ, тасбақада талақ жоқ, аққуда сүт жоқ, жылқыда өт жоқ

Жеті жұт: құрғақшылық, мал қырылу, өрт, оба, соғыс, топан су, зілзала

Жеті ата: әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат

Жеті құбылыс: күншығыс, күнбатыс, түстік, терістік, аспан әлемі, жер орта, жер асты

Жеті жетім: Тыңдамаған сөз жетім,
Киюсіз тозған бөз жетім,
Иесіз қалған жер жетім,
Басшысы жоқ ел жетім,
Аққу-қазсыз көл жетім,
Жерінен айырылған ер жетім,
Замандасы қалмаса –
Бәрінен де сол жетім.

Жеті нәрсені жүйкені тоздырады:

1. Ең жеген нан. 2. Зімәдан болған жан. 3. Боямалы тән. 4. Нашадан бұзылған қан. 5. Темекінің түтіні. 6. Арақтың жұтымы. 7. Ақшалы ойынның ұтымы.

Мөлдір тауындағы жеті әулие аналар:

1. Шүміш әулие ана. 2. Мария әулие ана. 3. Рахима әулие ана. 4. Гульфайруз әулие ана. 5. Зәуре әулие ана. 6. Хадиша әулие ана. 7. Райнаму әулие ана.

Жеті ғашық:

1. Ләйлі – Мәжнүн. 2. Фархад – Шырын. 3. Таһир – Зухра. 4. Арзу – Камбар. 5. Уәлик – Ғарра. 6. Уәки – Күлшаһ. 7. Жүсіп – Зылиқа.

Жан-жүйені жадырататын жеті жәйіт:

1. Әкімдердің шарапаты. 2. Ғұламалардың шариғаты. 3. Байлардың салауаты. 4. Кедейлердің қанағаты. 5. Үлкендердің ұлағаты. 6. Жастардың инабаты. 7. Азаматтардың ар-ұяты.

Жегідей жеген жеті кесел:

1. Коррупция. 2. Мафия. 3. Парақорлық. 4. Бюрократтық. 5. Рэкетерлік. 6. Маскүнемдік. 7. Жезөкшелік.

Жеті ата:

1. Тек ата. 2. Түп ата. 3. Баба. 4. Арғы ата. 5. Ата. 6. Әке. 7. Бала.

Жігіттің жеті қазынасы

Жүрдек аты –жігіт қаны, қанаты
Қыран бүркіт – қарым күші, қуаты.
Құмай тазы - бастан берік сенімі,

Ақ мылтығы – сөнбес оты, серігі
Алмас кездік – жігіт сусы, һәм мысы
Ау жылымы – амал, айла, әдісі
Қара қақпан серті себі тірліктің
Осы жеті қазынасы жігіттің
Мүшел жас
1-мүшел – 13 жас ер жете бастау
2-мүшел – 25 жас жігіттік шақ
3-мүшел – 37 жас ақыл тоқтату
4-мүшел – 49 жас орта жас
5-мүшел – 61 жас орта жас
6-мүшел – 73 жас қарттық жас
7-мүшел – 85 жас кәрілік
8-мүшел – 97 жас қалжырау
9-мүшел – 109 жас шөпшек сүю
10-мүшел – 121 жас немене сүю
Астың пісуіне байланысты уақыт өлшемдері:
1.Ас пісірім. 2-3 сағаттық мезгілді білдіретін өлшем.
2.Ет асым.2-3 сағаттық мезгілді білдіретін өлшем.
3. Ет пісірім. Асқан ет пісетін уақыт.
4. Ет қайнатым. Қазанға салған ет қайнайтындай ет.
Қайнам: Қазан қайнам. Қазанның қайнау уақытынң өлшемі.
Сүт пісірім. Өте қысқа мерзімді білдіретін өлшем.
Азық –түлікке қатысты өлшемдер:
Бір асым (ет).
Бір елі (қазы).
Бір жапырақ (нан,ет).
Бір жұтым (қымыз, сүт).
Бір тұтам (қазы).
Бір ұрттам (қымыз, ет).
Бір уыс (бидай, тары).
Бір үгім (тұз).
Бір үзім (нан).
Бір шөкім (тұз).
Бір шымшым(тұз)
Жұдырық басындай (ет, қазы)
Қайнатым: бір қайнатым (шай)
Салым: бір салым (тұз,шай)
Турам (ет,нан)
Саусақ пен өлшенетін ұзындық(қалыңдық) өлшемдері:
1.Елі –саусақпен көлденең қалыңдығы, ені.
2. Тұтам-бес саусақпен тұтқандағы көлемге шамалас, 5 еліге тең ұзындық өлшемі.
3. Сүйем- бас бармақ пен сұқ саусақ аралығымен өлшенетін өлшем.

4.Сынық сүйем – сұқ тсаусақтың буыны бүгіліп барып белгіленетін өлшекм. Бір сүйемнің ¾ бөлігі.
5.Қарыс сүйем-бас бармақ пен ортан саусақтың аралық мөлшері.
6.Сере-сұқ саусақпен шынашақтың кере созылған арасы. Бір сүйем ұзындыққа тең өлшем.
7. Қарыс-бас бармақ пен шынашақтың аралық мөлшері. Кейде жырта қарыс деп те атайды.

IV. Пайдаланған әдебиеттер

1.КенжахметұлыС. Жеті қазына: жиған-терген// Алматы, 2007, 26-34б,52-56б.
2. Оспанов Т.Қ, Құрманалина Ш.Х, Құрманалина С.Қ Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі // Фолиант, Астана-2007,450-465б.
3. Перльман Я.И: Жанды математика // Мектеп, Алматы-1978, 91-97б.
4. Құрастырған: Ыбыраев Ш. Соқыр теке: Ауыз әдебиетіндегі балалар ойындарының үлгілері// Өнер, Алматы-1990, 19-20б.

ARDUINO ПЛАТФОРМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ДАЙЫНДАЛҒАН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН РОБОТ-ОЯТҚЫШ

Қатысушы: Айтказин Аян Нурланович
Жетекшісі: Беккасимова Данар Талгатовна
«Ғылыми-тәжірибелік білім беру және туризм орталығы» КММ

Қазіргі таңда ақпараттық өрістің кең тарауынанан және басқа да әлеуметтік-қоғамдық себептерге байланысты мектеп оқушыларының таңертең дер кезінде оянып тұруы және күндіз сергектігі төмендегенін байқауға болады. Күнделікті қолданылатын дәстүрлі оятқыштар (сағат не смартфонның оятқыштары) көбінесе балада негтивті рефлекстер қалыптастырып, көңіл-күйінің төмендеуіне, мектепке көңілсіз баруына, алғашқы сабақтың тақырыбын дұрыс ұқпауына себепші болады. Сондықтан интерактивті робот-оятқышты құрастыру өзекті тапсырма болып табылады. Мен «Жас бағдарламашы», «Радиоэлектроника» және «Ардуинода жобалау» үйірмелеріне қатыса жүріп қазіргі заманғы бастауыш сынып оқушыларын таңертең сабаққа баруға оятуға арналған робот-оятқыш дайындауды алдыма мақсат етіп қойдым.

Оятқыш - белгілі бір уақытта дыбыстық, жарық және/немесе сирек жағдайларда басқа сигнал беретін құрылғы. "Оятқыш" сағаттардың негізгі мақсаты— таңертең иесіне немесе адамға қоңырауды естіту. Сондай-ақ, оятқыштарды "еске салғыш" немесе таймер ретінде пайдалануға болады [1].

Мен оятқыштың бала үшін тартымды болғанын және қарапайым оятқыштардан артықшылығы болғанын қаладым. Робот-оятқышты жобалау үшін интернеттен түрлі сайттарды қарастырдым және Arduino бойынша бірнеше тақырыптарды тереңдетіп оқып, практикада қоладанысын меңгердім.

Робот оятқышты жасауда «OTTO» деп аталатын интерактивті билейтін робот-конструктордың дизайнын және механизмін негіз етіп алдым. OTTO - бұл интерактивті робот-дос, оны алты жастан асқан бала жинай алады. Ол жүре алады, билей алады, дыбыстар немесе әуендер шығарады, кедергілерден

қашады және т.б. Негізі OTTO тапсырыс бойынша жиналады. OTTO бейнесі 1-суретте көрсетілген [2].

1-сурет. OTTO РОБОТ

«OTTO» роботы Arduino платформасының негізінде жұмыс істейді. Arduino-бұл кішкентай роботтан бастап "ақылды үй" жүйесіне дейін электронды құрылғыларды өз қолыңызбен жасауға арналған аппараттық-бағдарламалық жасақтама [3].

Мен робот-оятқыштың корпусын тапсырыспен емес, өзім 3D принтерді қолданып басып шықтым және принтерден кеткен қателіктерді егеп, тегістеп жөндедім (2, 3-суреттер).

2-сурет. Роботты 3D принтерден шығару үрдісі.

3-сурет. Робот-оятқыштың сыртын қалыпқа келтіру үрдісі.

Робот-оятқыштың сыртқы макетін бірнеше бөліктерге бөліп принтерден шығардым, әр бөлікке Arduino бөлшектерін сәйкесінше орнаттым (4-сурет).

4-сурет. Arduino бөлшектерін робот-оятқышқа орнату сәті.

Робот-оятқыштың принципиалды электрлік схемасы келесідей болды (5-сурет).

5-сурет. Робот-оятқыштың принципиалды электрлік схемасы.

Робот оятқыштың програмасының толық кодын және қажетті кітапханаларды келесі сілтеме арқылы көре аласыз:

https://drive.google.com/drive/folders/1yZyQlz7s57BzkkgN9aSc8f8ZsoEfr_gm?usp=share_link

Менің робот-оятқышымның атқаратын қызметтері: нақты уақытты көрсетеді, кедергі көрсе қашады, билейді, оятқан уақытта музыка ойнайды.

Нақты уақытты көрсету, роботтың билеуі және оятқыш функцияларының программалық коды келесідей болады:

```
void time(){ // уақыт пен оятқыш функциялары
  int hour = rtc.getTime().hour;
  int min = rtc.getTime().min;
  unsigned long start_time = millis();
  display.showNumberDec(hour/10, false, 1, 0);
  display.showNumberDec(hour%10, false, 1, 1);
  display.showNumberDec(min/10, false, 1, 2);
  display.showNumberDec(min%10, false, 1, 3);
  display.setSegments(segments);
```

```
  if(hour == 7 && min == 0){
    for (int thisNote = 0; thisNote < notes * 2; thisNote = thisNote + 2) {
      divider = melody[thisNote + 1];
      if (divider > 0) {
        noteDuration = (wholenote) / divider;
      } else if (divider < 0) {
        noteDuration = (wholenote) / abs(divider);
        noteDuration *= 1.5;
      }
      tone(Buzzer, melody[thisNote], noteDuration * 0.9);
      delay(noteDuration);
      noTone(Buzzer);
    }
    Otto.updown(5,1000,20);
    Otto.crusaito(5,1000,20,1);
    Otto.jitter(5,1000,20);
    Otto.home();
  }
}
```

Роботтың кедергіден қашу әрекетінің орындалу процедурасы негізгі loop() функциясының ішінде орналасқан:

```
void loop() { // қайталау функциясы
  time();
  ultra();
  if(cm>0 && cm<15){ // кедергіден қашу
    Otto.walk(1,1000,-1);
  } else{
    Otto.home(); // роботтың аяқтарын қалпына келтіру
  }
}
```

Осындай OTTO роботтар 110 000 теңге шамасында сатылады, ал біз жасаған роботтың өзіндік құны бұл сомадан 5-6 есе арзан. Сондықтан да бұл жобаны экономикалық тұрғыдан да тиімді деп есептеуге болады.

Құрастырған робот-оятқышты сынақтан өткізу нәтижесі балалардың таңертең көтеріңкі көңіл-күймен оянатындығын байқатты. Сонымен қоса, біздің тәжірибемізде мелодияның түрі, ұзақтығы және дыбыс қаттылығы мен баланың сергектігі арасында сәйкестік (корреляция) байқалды. Жалпы айтқанда осы тәріздес оятқыштар дәстүрлі оятқыштармен салыстырғанда жоғары әсрелілігін байқатты және балаларға қажетті дос ретінде жақсы құрал екендігін көрсетті.

Қолданылған әдебиеттер және интернет ресурстар:

1. https://montre.com.ua/novosti/istoriia-sozdaniia-budilnika-i-interesnye-fakty
2. https://cults3d.com/ru/3d-model/gadzhet/otto-diy-arduino-uno
3. https://amperka.ru/page/what-is-arduino

ФУТБОЛДАҒЫ ФИЗИКА

Қатысушы: Дауренов Нұрым

Жетекшісі: Қабиева Дана Қайратқызы
«№ 12 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ, Семей.қ.

Футболдағы жаттығу түрлері. Жаттығу спортшыларда энергетикалық алмасу мен ағза қызметінің бейімделудің нақты типін қалыптастырады. Бұл арнайы және арнайы емес жүктемеге бейімделу реакциясы ерекшеліктерінен байқалады. Кейбір авторлардың мәліметтері бойынша футбол ойыны көптеген күш жұмсалатындығын басшылыққа алады.Футболшы бір ойында 1 км жүгіруге дайын болуы тиіс.

Бұл тек жүгіру емес, шапшаңдықты қажет етеді. Бұған жұмсалатын күш деңгейі әртүрлі. Футбол ойыны барысында динамикалық аэробтыанаэробты жұмыс іске асады. Энергияның қайнар көздері ретінде қышқылдандыру процесі мен көмірқышқылдарының бөлінуі саналады. Шамамен жұмысқа 30-70% қуаттылық жұмсалады.Бұл ойында энергиямен қамтамасыз ету бойынша басқа ойын түрлерінде жоқ ерекшелік бар. Қимыл-қозғалыс белсенділігі басым бөлігін анаэробты гликолитті механзм құрайды. Матч барысында жылдамдықты арттыру энергиямен қамтамасыз етудің аэробты механизмі қуаты болып табылады. Аз уақыттың ішінде бұлшық ет талшықтарының қимылдау процесі жүреді. Бұл олардағы энергия қорын шығындауға әкеледі (70мМ/л) дейін (М.А. Годик, 1980). Бұл біртіндеп футболшылардың жаттығу кезіндегі бастапқы қарқынын төмендетеді. Сондықтанда футболшылардың демалуының аздығына байланысты миокард өзгерісіне әкеледі. Кейбір авторлардың зерттеулерінде футболшылардың балалық және жасөспірім кезеңіндегі энергиямен қамтамасыз ету механизмі әртүрлі деген мәліметтер береді. Жыныстық жетілу кезінде анаэробты механизмдер жұмыс істейді, пубертатты кезең соңына дейін жалғасады. 7 мен 17 жас аралығы көмірсу алмасу процесіндегі өзгерістермен ерекшеленеді. Жасөспірім кезеңінде ұлдарда сұлбалық бұлшық еттерінде гликогені көбейеді. Аэробты мүмкіндіктер оттегін максималды қолдану мөлшері бойынша бағаланады. Бұл баланың денсаулығы бағалаудың сенімді критерий ретінде саналады. Себебі, адам ағзасының қоршаған ортаның жағымсыз факторы мен түрлі ауруларға төзім-ділігін анықтайды (Н.И. Волков, 1969, Р.М. Васильева, 2004). Көптеген авторлардың мәліметтері бойынша футболшының кислородты қажетсіну диапазоны 51-70 мл/кг/мин (В.М. Алексеев, 1985). КМҚ мен кәсіби спортшының арасында өзара тікелей байланыс бар. Футболшының жүктемесінің негізін күш-жылдамдық жұмысы құрайды. Өйткені, бұлшық ет ойын барысында көптеген уақыттар бойы бірнеше қайталана жұмыс істейді. Матч барысында футболшыдан жалпы және арнайы төзімділікті қажет етеді. Бұл спортшының барлық негізгі физикалық сапаларын көрсетеді: жылдамдық, шапшаңдық, күш, икемділік, төзімділік (Н.Д. Граевская, 1969). Сонымен спорттық ойындар, соның ішінде футбол ауыспалы жарыс негізіндегі ойын болғандықтан, арнайы төзімділікті талап етеді. Футболшының қимыл әрекеті қайталамалы-ауыспалы болып келеді. Мұнда спортшы үшін маңызды күші мен жылдамдық сапалары байқалады. Бұл спортшының физикалық дайындық құрылымында ерекше орын алады. Футбол спорттың басқа түрлері сияқты адам ағзасына спецификалық

тұрғыдан әсер етіп, жаттығушының морфологиялық және функционалдық көрсеткіштеріне белгілі бір өзгерістер әкеледі. Бұл өзгерістер спортшының жас ерекшелігіне, кәсіби шеберлігіне және спорттық маусымға байланысты. Отандық және шетелдік мамандар ойында жеңіске жетудегі негізгі басты рөл жоғары дәрежедегі техника-тактикалық шеберлік пен физикалық дайындық, әсіресе футболистің жұмыс қабілеттілігіне байланысты деп есептейді. Жұмыс қабілеттілігін анықтау баланың денсаулық деңгейін сан жағынан, ағзаның түрлі жүйесінің функционалдық дамуын және бірінші кезекте күшпен қамтамасыз етуін бағалауға мүмкіндік береді. Физикалық жұмыс қабілеттілігінің деңгейі адамның денсаулығының сандық көрсеткіші саналады. Бұл көрсеткіштің төмендеуі адам денсаулығының бұзылғандығын білдіреді. Бұл дәрігердің жұмысында диагностикалық көрсеткіш ретінде қолданылады. Ағза қабілетіне қарай күш қуат қоры мен жеке ағзаның денсаулық деңгейі, көптеген қоршаған ортаның жағымсыз әсеріне ағза ұрықтылығын анықтауға мүмкіндік пайда болады. Физикалық жұмыс қабілеттілікті аралас немесе статикалық, динамикалық жұмыстағы адамның максималды күш жұмсауының потенциалды қабілеті деп сипаттайды. Физикалық жұмыс қабілеттілік саласы бойынша негізгі көптеген зерттеулерді Г. Леман жүргізген. Физикалық жұмыс қабілеттілікті ағзаның максималдық жұмысқа деген қабілеті деп қарастырған. Басқа зерттеушілер физикалық жұмыс қабілеттілікті ағзаның кез келген максималдық физикалық жұмысты орындау немесе максимум энергияны дамыту қабілеті. Күшін үнеммен жұмсап, алдағы қойған мақсатқа жету деп түсіндіреді (А.Г. Хоружев, 1993, С.В. Тихвинский, 1983). С. Козловскийдің пікірі бойынша дене қуатының жұмыс қабілеттілігі – бұл ұзақ мерзім бойы ауыр дене жұмысын орындау. Сондай-ақ жұмыс соңында болу мүмкін гемостаз күйзелісін тез жоя білу қабілеті. Автор оның «физиологиялық құнын» ескереді. Неғұрлым жұмыс қабілеттілік жоғары болса, оның құны соғұрлым төмен деп есептейді. Соңғы жылдары жүргізілген ғылыми зерттеулер дене қуатының жұмыс қабілеттілігі мен адам денсаулығы арасында белгілі бір байланыс барын айтады. Г.Л. Апанасенко мәліметтері бойынша индивидтің денсаулығы деңгейіне диагностиканы оның энергетикалық ресурстары қабілетіне сәйкес жүргізу қажет. Г.Л. Апанасенконың пікірінше, неғұрлым энергетикалық негізі жоғары болса, денсаулық деңгейі соғұрлым жоғары болады. Спортшылардың ағзасының дене қуатының жұмыс қабілеттігін тест сынақ жүргізу арқылы анықталады. Спорттық медицина тәжірибесінде анаэробты жұмыс қабілеттілікті анықтау тесті аса аз жүргізіледі. Бұл спортшының бұлшық етінің жұмысы қарқындылығы мен ұзақтығын қамтамасыз етеді. И.А. Корниенконың зерттеуінде балалар мен жасөспірімдердің жыныстық жетілуі кезеңіне дейін аэробты механизмдері қалыптасады деп көрсетеді.Жыныстық жетілу кезінде кардиореспиратор жүйесінің қарқынды дамуы 1518 жас аралығында дене қуатының жұмыс қабілеттігінің артуын екі фактор арқылы көрсетеді. Біріншісі, ағзаның аэробты мүмкіндігінің артуы, екіншіден, ағзаның гомеостазды қолдап, қандағы жиналған сүт қышқылын шығаруы. Ағзадағы сүт қышқылы туралы нақты мәліметтер жоқ, тек түрлі көзқарастар ғана қалыптасқан. **Футболдың Қазақстанда дамуы.** Қазақ футболы 1915 жылдан бастау

алады.Ең алғашқы қазақстандық клуб Семейде құрылды оның атауы Жарыс деп аталды.Тәуелсіздік алғанан кейін Қазақстанда футболдың дамуы үшін Қазақстан Футбол Федерадциясы құрылды.Қазіргі кезде Қазақты футбол клубтары айтарлықтай көп Мысалы:Қайрат Фк,Астана ФК,Шахтёр,Ертіс т.б. Бұл зерттеулер жүйелі тұрғыда емес, сондықтан да футболшының дене қуатының жұмыс қабілеттігі туралы толық мәлімет алуға жеткіліксіз саладыИ.Г. Фалестің зерттеу бойынша футболшының дене қуатының жұмыс қабілеттігін анықтаудың бірнеше компоненті бар:
күш жылдамдық;
функционалды, энергетикалық міндіктері;
тактикалық шеберлік;
қажетті психикалық сапаларын жетілдіру.
Футболда дене қуатының жұмыс қабілеттігі адамның аэробты төзімділігі мен ағзаның ұзақ мерзімдік қарқынды жұмыспен қамтамасыз ету қабілеттілігі.
Сонымен қатар қазіргі кезге дейін жас спортшылардың аэробты жағдайдағы физикалық жұмыс қабілеттілігіне арналған зерттеулер жеткіліксіз. Ғылыми зерттеулер, адамның жұмыс қабілеттілігі мен денсаулығы арасында белгілі бір байланыс барлығын айтады. Бұлшық ет қызметінің жоғары потенциалдық мүмкіндіктері бар адамдар жағымсыз жағдай әсеріне тұрақтылығы басым болып келеді – гипоксия мен қан жоғалтудан бастап, ішкі ортаның негізгі қышқылды күйіндегі өзгерістерге дейін. (Г.Л. Апанасенко, 1983, Н.А. Агаджанян; А.И. Елфимов, 1986). Аэробты мүмкіндіктер ағзасына ауаны жеткізу процесінің жылдамдығына, сондай-ақ, көмірқышқылды өнімдердің қышқылдану қорына байланысты. Ауа кардиореспираторлы жүйе мен қан жүйесін қамтамасыз етеді. Бұған жүрек бұлшық еттері қуатты әсер етеді, терең тыныстау, қандағы гемоглобин мен эритроциттердің жоғары көрсеткіші. Анаробты мүмкіндіктер футболшының қысқа мерзімді және ауыр жүктемені орындау қабілетімен байланысты. Бұл жұмысты басқа заттар күшімен ауасыз орындауға ықпал етеді. Анаэробты мүмкіндіктер қысқа мерзімді жұмысты орындау қарқыны қуатын анықтауға және тканьдардың гипоксия жағдайдыны бейімделуін сипаттайды. Әдебиеттердегі көптеген мәліметте бойынша жас спортшылардың физикалық жұмыс қабілеттілігі басқа адамдармен салыстырғандағы көрсеткіштерінде айырмашылықтар барын көрсетеді. Спортшының жасы үлкен болған сайын оның жүрегінің құрылымдық-фунционалдық жұмыс қызметі айқындалады. Орта есеппен жас футболшылардың физикалық жұмыс қабілеттілігі жаттықпаған адамдарға қарағанда 52% жоғары (В.Л. Карпмпн, 1974; Граевская, 1990). PWC функционалдық тест көрсеткіштері нәтижесі бойынша жас спортшылардың физикалық жұмыс қабілеттілігінің абсолютті деңгейі 15-16 жасқа қарай артады. Бұл нәтижелердің артуы біркелкі сипатта емес. Жас футболшылардың аэробты

физикалық жұмыс қабілеттілігі көрсеткіші 11-12 жаста байқалады. Бұл жастағы футболшылардың жұмыс физикалық қабілеттілігі жаттығу кезінде артады.

Бұл жас кезеңінде жүктемеге бейімделудің гипертоникалық типі өте сирек кездеседі. Аэробты жағдайда ағзаның жүктемеге деген жауап ретіндегі реакциясы барлық жас кезеңінде дистоникалық типтің басымдылығын көрсетеді. Осы күнге дейін қан айналымы типінің физикалық жұмыс қабілеттілік деңгейіне әсері туралы ғалымдар пікірі әртүрлі. Көптеген зерттеушілер төзімділікке жұмыс істеуге келгенде гипертоникалық типі саналатынын айтады. Жас футболшылардың физикалық жұмыс қабілеттілігін зерттеуде 9-10, 15-16 жастағы футболшылардың жұмыс қабілеттілігі физикалық жүктемеге сәйкес минутына 170 соққыға дейін жететінін анықтадық. Футболшылардың аэробты режимдегі жұмыс қабілеттілігі 9-10 және 11-12 жаста артады. Біздің зерттеу барысында алынған мәліметтеріміздің нәтижесінің көрсеткіштері басқа да зерттеушілердің нәтижелерімен сәйкес. Зерттеу мәліметтері бойынша балалардың базалық деңгейде аэробты төзімділігінің дамуының жетіспеушілігі дұрыс назар аудармаудан екендігін көрсетеді. Әсіресе 11-12 және 13-14 жастағы балаларда кездеседі.

Қорытындылай келсек, бүгінгі футбол үшін белсенді қимыл-қозғалыс, бұлшық еттердің қарқынды жұмысы, әр түрлі қимыл әрекеттері, матч кезінде құрылымы мен сипаты мен күрделілік дәрежесіне қарай физикалық жүктемені тең бөлу тән. Сондай-ақ футболшылар қарсыластарына қатысты күшпен жасалатын тәсілдер мен секірулерді жиі орындайды. Доп үшін күресте ойыншыдан допты дәл беру нақтылық, дәлдікті, техникалық дағдыны, ара қашықтықты болжауды, соққы күшін есептеу, уақытты ұтымды пайдалану, жылдам ойлауды талап етеді. Жүктеме мөлшері бойынша футболшының қимыл – қозғалыс әрекетінде ойын алаңы бойынша түрлі қимылдар жасап жүгіру негізгі болып саналады. Жүгіруге жылдамдық пен қарқынды қимыл тән. Жүгіру адам денесінің түрлі жағдайында басталады, ауыспалы ритм мен қарқындылық, белгілі бір қашықтықта жүгіру, кездейсоқ тоқтау тән. Футбол алаңының қарсыластар аймағын белгіленбеген кеңістігі спортшылардың максималды және субмаксималды жылдамдықпен қысқа қашықтықта жүгіруін байқатады. Футболдың басты ерекшелігі ойын алаңында үнемі жағдайдың өзгеруі мен соған байланысты футболшының қимыл әрекетінің өзгеруі. Түрлі тәртіптегі ойын барысында сипаты мен күштілігі мен ұзақтығына қарай жаттығулардың кезектесу қатынасы саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

Чумаков П.А. Спортивные и подвижные игры. – М.: ФиС, 1999. – 231с.

Уанбаев Е.Қ., Уанбаева Ф.Ж. Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2006. – 315 с.

Ашмарин Б.А. Теория и методика педагогических исследований в физическом воспитании. – М.: Физкультура и спорт, 1998. – 224 с.
Бабушкин В.З. Подготовка юных футболистов. – М.: Физкультура и спорт, 1985. – 328 с.

QR- КОДТЫҢ АҚПАРАТ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ПРОГРАММА МӘЛІМЕТТЕРІ

Қатысушы: Ажарова Мадина
Жетекшісі: Азімбаева Нұрпану Мұсабайқызы
«Ж.Аймауытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ,
Семей қаласы

Қоғамның даму қарқыны үнемі артып, адамның күнделікті алатын ақпарат көлемі де артып келеді.
Қазіргі тнаңда Интернеттегі әртүрлі қалқымалы терезелерде, SMS хабарламаларда, жарнама плакаттарында жүктелетін ақпараттық қоқыста адамдарға өмір сүру қиынға соғуда.
QR кодтар бізге осы мәселені шешуге көмектесеалады. Ол бір жағынан тек белгілі бір адамға қажет емес ақпаратты жасырады, екінші жағынан қажет ететіндерге пайдалы ақпараттың салыстырмалы түрде көп мөлшерде көлемін қамтуы мүмкін және оны іздеу барысында аз уақыт қамтиды.
Бұл тақырып зерттеу мен үшін өте өзекті. Себебі біз күнделікті өмірде бұл кодтарды жиі кездестіреміз және қолданамыз. Ал олардың қолдану аясы күн сайын қанатын кең жайып келеді.
Мақсаты: QR-кодтарды кодтау ақпаратты тасымалдаудың жылдам әдісі ретінде практикалық қолдану.
Гипотеза: QR коды сізге қажетті ақпаратты оңай және жылдам табуға болатын жаңа кодтау әдісі деп есептейік.
Ғылыми жоба жаңалығы: QR кодтың ақпарат берудегі маңыздылығы және QR- кодты күнделікті өмірде қолдану ерекшелігін анықтау.
Зерттеу нәтижелері: Қазақстанда кеңінен қолданыла бастаған QR кодтар құруға арналған бағдарламалар негізінде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының ең негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасы тұрғындарының өмір сапасын жақсарту, сонымен қатар ұлттық экономиканы цифрландыруға үлес қосу.

I. Негізгі бөлім

1.1 QR-кодтың шығу тарихы

«QR-код» ұғымы Жапонияда1994 жылы шыққан болатын. Сол кезде үлкен Toyota ұйымының бөлігі болған Denso-Wave бұл кодтарды әзірлеу қажеттілігін қажет етті. Компанияға ақпараттың үлкен көлемін шағын беттік аумақта сақтау қажет болды, ал сканерлеуге бетінің зақымдалуы және кодтың ішінара ластануы кедергі болмауы керек. Бастапқыда QR коды тек өндірістік мақсатта қолданыла бастады. Кейіннен олардың қолдану аясы біздің өміріміздан орын алып, қолдану аясы күн сайын арта бастады.

1.2 QR-кодтың қолданылу аясы

- Көлік инфрақұрылымында:

QR кодтары жолаушыларға қажет болған жағдайда өзгерте алатын өзекті ақпаратпен қамтамасыз етеді кодта соңғы маршрут ақпараты бар веб-сайт бетіне сілтеме болуы мүмкін. Кодтар оқуға оңай орындарда, вокзалдарда, әуежайларда, автовокзалдарда, көлік компанияларында және т.б. Жолаушыларды хабардар ету үшін қолданылатын QR кодтарынан басқа, қағаз билеттерін мүлдем алып тастауға шешімдері пайда болуда. Ол үшін билетті виртуалды түрде сатып ала аласыздар.

2.Туристік маршруттарға енгізілген қалаларда тарихи ескерткіштер мен көрікті жерлерге, мұражайлардағы ақпараттық тақталарға QR кодтар қойылып, түрлі көрікті жерлер мен тарихи ғимараттардың жанына орнатыла бастады. Суреттегі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі. Бұл QR код цифрлық құжат нысан туралы ақпаратты жылдам алуға мүмкіндік береді. Әрі кез келген туристтер үш тілде мәлімет алады.

II. Практикалық бөлім

Мен өзім мектепте Дебат клубының мүшесімін. Дебатқа қатысқан кезде оқушылардың сөздік қоры аз екенін байқаймын. Егер олар әдеби кітаптар көп оқыса рухани байиды, әрі сөздік қоры артып, көркем тілде сөйлеуге үйренер еді деп ой түйдім. Сондықтан құрдастарымды әдеби кітап оқуға қызығушылықтарын қалай оятсам екен деп ойладым.

Сол ойымды жүзеге асыру үшін менің таңдап алған кітабым Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романы болды. Осы ойымды жүзеге асырып дайындаған QR кодты сыныптастарым мен құрбыларыма жібердім. Нәтижесінде осы кітапты оқуды бастаған құрбыларым да жетерлік. Мен бұл үшін өте қуаныштымын.

2-тәжірибе

Республикалық «Оқуға құштар мектеп» акциясы аясында төменгі сынып оқушыларын кітап оқуға ынтасын арттырып, қызықтыру мақсатында «Жас журналистер» үйірмесінің мүшелерінің дайындаған буктрейлеріне QR код құруға ұсыныс жасадым Ол QR кодты мектеп кітапханшысы арқылы 4-6 сынып оқушылары арасында таратылды.

Бұл жұмысымда өз нәтижесін берді.

Мысалы сіз күнделікті өмірде QR коды бар визит карточкасын жиі қолданып жүрген шығарсыз. Мен сіздерге цифрлы визит карточкасын қолдануды ұсынар едім. Бұл өте заманауи болар еді. Өзіңізге цифрлы визит карточкасын сіз QR Tiger генераторымен тез жасай аласыз.

Осы цифрлы визит карточкаға құрылған QR кодты сканерлеу арқылы бірден сол визит карточкасы иесіне қоңырау соға аласыз, смс хабарлама жібере алас ыз әрі электронды почтаға хат жібере аласыз.

Екінші QR Tiger генераторымен құрған жұмысым, «Мектепке қауіпсіз жол» картасына арналды. Бұл QR код арқылы оқушының мектепке дейінгі жолы мен оған жүру бағыты дыбысталып, әрі неше минутта жететіндігі көрсетіліп тұрады. Оқушы үшін өте пайдалы.

Үшінші жұмысымда мектеп сайтына QR код құру болды. QR Tiger генераторымен құрылған QR кодқа арнайы дизайн мен мектептің суретінен логатив қойылды. Бұл тәжірибем мектеп ата-аналары мен оқушылар арасында таратылды. Тиімділігі браузерге мектеп сайтының адресін теріп отырмай, QR кодты сканерлеу арқылы сайтқа бірден кіре алады.

QR Tiger генераторының мүмкіншілігін толығырақ қолдану мақсатында Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық!» кітабына оқушылар дайындаған буктрейлерге ерекше дизайнмен әдемі пішінмен QR код құрдым. Бұл күнде көріп жүрген квадрат пішінді қара QR кодтарға қарағанда көзге тартымды әрі заманауи.

Қорытынды

Осы зерттеуді жүргізу барысында мен QR-кодтың негізгі қасиеттерін және оның қазіргі әлемде қолданылуын зерттедім. 'Qrcoder.ru' сайтында әр түрлі ақпаратты қамтитын жеке QR кодтары жасалатының білдім. Бұл күндері Қазақстанда кеңінен қолданыла бастаған бұл бағдарлама тұрғындарға тез ақпарат таратып, жергілікті елді мекендегі мәдени ескерткіштерді танып білуге, болмаса қолы жетпей жүрген кітаптарды жүктеп оқуға, жол жүру билеттерін жылдам алуға таптырмас мүмкіндік сыйлады.

Зерттеудің басында мен ұсынған гипотезалар расталды:

• QR-код – кодтаудың жаңа тәсілі, оның көмегімен қажетті ақпаратты оңай және жылдам табуға болады;

• QR кодын қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында, соның ішінде білім беру саласында қолдануға болады.

Болашақта осы тақырыппен жұмысты жалғастырып, оны тереңірек және егжей-тегжейлі зерттеп, QR кодын күнделікті өмірде қолдануды жоспарлап отырмын.

Не үшін? Бұл сұрақтың жауабы өте қарапайым. Ұялы телефон камерасымен QR-кодты суретке түсіріп, барлық қажетті ақпаратты дереу біліп, сақтау қаншалықты ыңғайлы екенін елестетіп көріңіз. QR кодтарын пайдаланудың көптеген нұсқалары бар. Заман көшіне ілесіп, адамзаттың жетістіктерінен ләззат алу керек!

Ғылыми жобамды зерттеуден кейінгі Ұсынысым:

- Қазақстанның әрбір мектептерінің кітапханасында QR код орнатылса;
- Оқушыларға арналған оқу кестесі QR код арқылы белгіленсе;
- Оқушылардың қауіпсіздігі үшін мектептердің есігіне QR код енгізілсе.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ковалёв А. И. Защита информации с помощью электронных ключей // Информационные технологии и прикладная математика. 2015. № 5. С. 57–65. [https://moluch.ru/archive/114/29398/]
2.Белов Г.В. Штриховое кодирование: технологии XXI века М.: Металлургия, 2009 г.
[https://www.logistics-gr.com/index.php?option=com_content&id=13999&c-72&Itemid=99]
3.Ткаченко В.В. Основы стандартизации/М.: Изд-во, 2011 г.
[https://www.studmed.ru/tkachenko-vv-osnovy-standartizacii_6aeb942efe6.html]
4.Димов Ю.В. Метрология, стандартизация и сертификация,
издательство: Питер 2011 г.
[http://kepstr.eltech.ru/tor/mri/Literatura/Dimov.pdf

АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛЫЖАЙ- АДАМИ ФАКТОРЛАРДЫҢ КЕРІ ӘСЕРІН ЖОЮДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ШЕШІМІ

Қатысушы: Нұртаева Шырын
Жетекшісі: Кунусова Меруерт Орынғалиқызы
Аягөз ауданы, Шынқожа батыр атындағы ЖОББМ» КММ

Қазіргі заманауи білім кеңістігінде бәсекеге қабілеттілігік артуда. Оқушылар өздерінің жобаларын түрлі Start-up жобалар сайысына ұсынуға, мемлекет тарпынан бөлінетін гранттарды жеңіп алуға мүмкіндіктер жетерлік. Сол мүмкіндіктердің ең бір бастапқы қадамдары осындай жобалар болып табылады. Сонымен қатар бұндай техникалық білімді қажет ететін жобалар оқушылардың бағдарламалау, құрастыру, модельдеу, анализдеу секілді дағдыларын дамытып, IT, ия болмаса басқа салаларда білікті маман болуға үлкен септігін тигізеді.
Қазіргі заманауи технологиялар кеңістігінде осындай жобалар құрастырып ауылшаруашылық саласы ия болмаса басқада салалардағы бірқатар мәселелерді шешуге болады.
Зерттеудің негізгі міндеттері: Жоба нысанын зерттеу; зерттеулердің нәтижесінде бағдарламалық және техникалық қамсыздандыруын анықтау; жылыжай блок-схемасын құрастыру; ардуино көмегімен жеке меншік иелері арасында да және жалпы ауыл шаруашылығында да кең таралған.
Ежелгі Египеттен бастап жылыжайларды пайдаланудың негізгі принциптері өзгерген жоқ, біз бұл салада серпіліс байқамаймыз, өнімділікті іс жүзінде арттырмаймыз. Бізге өмірдің барлық салаларында технологиялық прогрестің мүмкіндіктерін пайдалану қажет. Сапалы және таза, дұрыс жағдайда өсірілетін өсімдік, тамақсыз адам өмірі аурулар мен ақауларға толы болуы мүмкін. Дұрыс тамақтану - адам мен оның ұрпақтарының денсаулығын сақтаудың бір шарты, сондықтан жылыжай өндірісіне инновация енгізу өте маңызды.

1.Қарастырылатын проблеманың қойылуы

Біз барлығымыз білетіндей, қарапайым жылыжай адамға өте көп қиыншылық алып келеді. Бұның бәрі автоматтандырылған жылыжай арқылы шешілетін проблема Бұл адам өміріндегі революция деуге болады. Ол барлық

қарапайым жылыжайдың кемшіліктерін жоя тұра, адамдарға көптеген ыңғайлылық береді. Атап айтатын болсақ:

1. Поликарбонат әсерімен жылыжайдың ішінде температуралық жағдайдың нашарлауы.
2. Адами факторлардың кері әсерлерінен жылыжайға зиян келеді. Мысалы: жылыжайға уақытылы су құймау, жарықтандырмау т.с.с.
3. Жылыжай ғимаратының ішінде микроорганизмдер үлкен мөлшерде көбейіп, зиянкес вирустар мен бактериялар пайда болады.
4. Адам еңбегі. Қарапайым жылыжайларда адамдардың тікелей көмегі міндетті шара болып саналады.

2. Қойылған проблеманы шешудің жолдары

Проблемаларды Arduino жүйесінде істейтін автоматтандырылған жылыжай жояды:

1) Автоматтырылған жылыжайларда арнайы температураны бақылайтын сенсорлар орнатылады. Олардың жұмыс істеу принциптерін айтатын болсақ, егер температура нормадан тым қызып немесе суып кететін болса бұл сенсорлар оны байқап қойып, арнайы кондиционерлер мен жылыту жүйесін қосып қояды. Сол арқылы адамның көп уақыты температураны бақылауға жұмсалмайтын болады.

2) Автоматтырылған жылыжайда температура нормадан түсіп көтерілмегеннен ылғалдық пайда болуының мүмкіндігі азаяды. Сондықтан автоматтырылған жылыжайда өсетін өсімдіктер үшін қолайлы орта пайда болады.

3) Жылыжайдың тағы бір функциясы: топырақ ылғалдығын өлшейтін датчиктерді қолдану. Адам суғару кезінде қателіктер жасап, тым көп су құюы мүмкін, ол өсімдікке де, адамға да өз зиянын тигізеді. Ал сенсорды қолдану арқылы біз жер ылғалдығын қалыпты, өсімдікке комфортты деңгейде сақтаймыз.

3.Проблеманы шешудің өзің ұсынған жолы

Жылыжайды толық автоматтандыруға не кіреді?

1. Автоматты суғару жүйесі. Ол біз атап өткендей адамның жұмыс саның азайтуға үлкен ықпал жасайды және де қолданылатын су мөлшеріндегі қателік мүмкіндігін азайтады. Соның арқасында өсімдіктер судан шіріп кетпейді, жалпы су шығыны азайғаннан оған жұмсалатын қаражат мөлшері де азаяды.
2. Ауаны тарқату мен айналдырудың автоматикалық процесі. Бұл бізге жұмыс мөлшерін азайтуға, жылыжайдың ішіндегі ауа ағынын нормалауға үлкен көмек береді. Оның арқасында өсімдіктер тыныс алуы жақсырақ болады. Оған қоса өсімдіктердің ішіндегі био-химиялық реакциялар жақсырақ жүреді.
3. Ауа температуррасын автоматты түрде ауыстыру. Өсімдіктердің комфортты температурасы бір қалыпты тұрады және ол жалпы жылыжайға жақсы әсер береді. Бұл процесс электр энергиясын нақты өлшеген мөлшерде ғана қолданып, температураны нормада қалыпты түрде сақтағанның арқасында өсімдіктердің ішіндегі процесстерде қиыншылықтар азаяды.

Есікті, терезелерді программалық деңгейде ашып, жабу. Ол фотосинтез үдерісін жүргізуге көмектеседі. Күн сәулелері өсімдікке тікелей түсіп, айтып өткен

фотосинтез үдерісіне үлкен көмек береді. Оған қоса бұдан бұрын айтылған ауа температурасын қалыптау үдерісіне көмектеседі.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу барысында жылыжайлар мен жылыжай кешендерінің құрылысы, жабық топырақта өсімдіктер өсіру үшін қажетті жағдайлар зерттелді; температура, ылғалдылық, жарықтандыру, автоматты суару датчиктерімен жабдықталған автоматтандырылған шағын жылыжай құрылды (Қосымша 2).

Жылыжайда барлық қажетті технологиялық процестерді бақылауға мүмкіндік беретін, Arduino программалау тіл базасында компьютерлік бағдарлама жазылды. Оның толық мүмкіндіктері зерттелді.

Жылыжайды сенсорлармен, әртүрлі автоматты датчиктермен жобалаудың мүмкіндігі түгелдей дәлелденді. Жай жылыжай тұрмақ, тіпті кішкентай масштабталған автоматты жылыжайдың мүмкінділігі бекітілді. Осы жасалған жылыжайдың шағын макетін қарапайым, нормалы масштабтардағы жылыжай құрастыру бөліктермен салыстыра отырсақ, автоматты жылыжайды құрастыру толық шығынды ақтайтынын есептедік.

Есептеудің бәрін аяқтап, жылыжайды құрастырып болғанда, оның техникалық әрі программмалық мүмкіндіктерін зерттеуге кірістік. Өзіміз көргендей, Arduino бағдармалау тілі өте функционалды және қолдануда тез үйренетін, түсінуде оңай екені құпталды.

Біз ойластырғандай, автоматталған датчиктермен сенсорлардың программамен қосындысы жылыжай аспектілерін толықтай өз қолына алды. Оған мысал келтіретін болсақ:

1. Су құю жүйесі. Біз бұдан бұрын жобамызда айтып келе жатқан, автосуғару конструкциясы адамға су құюға үлкен көмек береді. «Ол қандай схема?» деген сұрақты қоярсыз, біз жауап береміз. Сенсорлар мен датчиктерде базаланып, автосуғару конструкциясы жердің / топырақтың ылғалдылығын өлшейді және ол комфортты деңгейден төмендеп кетсе, су құю бағдарламасының жұмыс бастауына команда береді, өсімдікті суғару басталады. Егер су ылғалдығы тым көп болып кетсе, ол керісінше суғару бағарламасын тоқтатып, өсімдіктің су әсерінен шіріп кетуіне жол бермейді. Нақты осы жүйенің арқасында су шығыны азайып, жылыжай иесінің жалпы қаражат шығыныда азайады.(Қосымша 4,5)

2. Температура бақылау жүйесі. Біз білетіндей, өсімдіктер әртүрлі температураларға бейімделген және олардың комфортты температурасы қалыпты түрде сақталмаса, олардың жеміс беруінің сапасы, тіпті өмір сүруі қауіптенеді. Біздің шағын масштабты жылыжайда температураны бақылауға арналған датчиктер орналасқан және олар суғару жүйесінің принципі бойынша жұмыс істейді. Егер температура деңгейі тым түсіп кетсе, әртүрі электр пеші секілді құрылғылармен оны қалыптандырады. Егер температура тым жоғарылап кетсе желдеткіш арқылы оны комфортты деңгейге дейін қалыптандырады. Оның арқасында тек өсімдік қана емес, адамның да денсаулығына да қауіп төнбейді (Қосымша 6).

Болашаққа болжам. Ұсыныс

Қазіргі заманауи технологиялар кеңістігінде осындай жобалар құрастырып ауылшаруашылық саласы ия болмаса басқада салалардағы бірқатар мәселелерді шешуге болады. Ол мәселелерді атап айтсақ, суды және электр энергиясын үнемдеу, жылдың кез-келген мезгілінде және ауаның қолайсыз уақытында да жақсы өнім алу мүмкіндігі. Біздің ауданымыз Аягөзде жаз мезгілінің қысқалығы мен ауа температурасының жылдың басым бөлігінде салқын болатынын ескерсек осындай автоматтандырылған жылыжайлар таптырмайтын шешім болары сөзсіз. Қазіргі нарықтағы бағаның қымбаттылығын реттеуде де өз пайдасын тигізері даусыз. Ал еңбасты байлық – адами ресурс. Олай болса мұндай «ақылды» жылыжайда жұмыс істеу:

1. Тыныс алу жүйесінің бұзылмауын
2. Қан айналымының қалыпты болуын
3. Зиянды бактериялар мен вирустардан қорғануын, оларға қарсы профилактиканы жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Адами факторлардың азаюы – судың үнемі, топырақтың ылғалдығының қалыпты жағдайы, ауа ылғалдығының қолайлығы, температуралық режимнің сақталуын қамтамасыз етеді.

Біздің жалпылама ұсынысымызосындай болады:

1. Мектеп жылыжайын модификациялауға әртүрлі датчиктермен сенсорларды алып, орнату.
2. Автоматталған жылыжай мәселесін глобалды деңгейде әлемге тарату.

3.Мектеп программасына, әртүрлі зертханалық жұмыстарға программалау, автоматтау тақырыптарын қосу.

Қазіргі уақытта технологиялық прогрестің мүмкіндіктерін ауыл шаруашылығында жоғары өнім алу үшін пайдалану қажет. Жабық жерде өсімдіктерді өсіру оның экологиялық тазалығын арттырады және адамның физикалық еңбегінің үлесін азайту үшін автоматтандырылған бақылау жүйелерін пайдалануға мүмкіндік береді.

Осылайша, жоба бойынша жұмыс жаңа инновациялық технологияларды әзірлеу және жылыжайдың автоматтандырылған жұмысын ұйымдастыру болды.

Жабық жерде дақылдарды өсіруді оңтайландыру үшін бағдарламаланатын сенсорларды пайдалану мүмкіндігін зерттеу бірнеше қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

- қазіргі уақытта сатылымда бар автоматты жылыжайларда қажетті функциялар жиынтығы жоқ және технологиялық процесті толық басқара алмайды;
- біз жинаған автоматтандырылған жылыжай сияқты макеттерді жинау көп уақытты қажет етпейді, қымбат материалдарды қажет етпейді, сондықтан мектеп жағдайында да мүмкін;
- шығындарды есептеу осы құрылымдардың табыстылығын бағалауға мүмкіндік береді;
- датчиктердің жұмысын тестілеу олардың сенімділігін, пайдаланудағы қарапайымдылығын және ресурстар шығынындағы үнемділігін көрсетті.

Қорытындылай келе, біздің теориялық есептеулеріміз бойынша автоматтандырылған жылыжайды пайдалануға арналған шығындар ашық

топырақтың ұқсас учаскесін пайдалануға арналған шығындардан жоғары екенін атап өткен жөн. Жоғары шығындар электр энергиясын пайдалануға байланысты. Алайда, жылыжайда өнімділік климаттық жағдайларға байланысты емес және ашық жердегі кірістіліктен әлдеқайда жоғары болуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі

• Алексашенко, А. А. / Топырақтағы жылу-ылғал беру процестерін математикалық модельдеу / А. А. Алексашенко: ғылыми жинақ. тр. / ВНИИГиМ. М., 1992, т. 84., 11-19 Б.

• Аутко А. А. / Жылыжай көкөніс шаруашылығы / А. А. Аутко, Н. Н. Долбик, и. п. Козловская. Минск: уп "Технопринт", 2003. - 244 б.

• Бородин и. Ф., Судник Ю. А. / Технологиялық процестерді автоматтандыру. М.: Құлақ, 2003. - 344 б.

• Бланк, Э. И. / Суару режимі және қорғалған топырақ жағдайында суару техникасы / Э. и. Бланк / / автореферат дис. канд. тех. ғылым. - М.: МГМИ, 1981.-22 Б.

СЕКЦИЯ – ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕР СЕКЦИЯСЫ (ХИМИЯ, БИОЛОГИЯ, ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА, РОБОТОТЕХНИКА, ЭКОЛОГИЯ, ВАЛЕОЛОГИЯ)

Чупа-чупстың шығу тарихы, оның ағзаға қандай зиян келтіретінін анықтау. Үй жағдайында зияны жоқ мұз кәмпит әзірлеу.

Зерттеу міндеттері:

1. Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерден, БАҚ-тан, интернеттен ақпарат тауып, бірге жинау.

2. Өнім тарихымен танысу.

3. Чупа-чуптардың құрамын зерттеу (бұл өнім зиянды ма, жоқ па, эксперимент жүргізу).

4. Үйде чупа-чупс жасау, өнеркәсіптік және үй өндірісінің дәміне салыстырмалы бағалау жүргізу.

Әлемдегі ең танымал Чупа-чупстар 1958 жылы дүниеге келді. Chupa Chups Group негізін қалаушы Енрик Бернат (Enric Bernat) деп санауға болады. Ата-бабасынан аспазшылар болған Бернат, өзінің туған жері Испанияның Барселона қаласында, кондитерлік өндіріске ие болды, оның фирмасы Granja Asturias S. A деп аталды.

1958 жылы жолы болғыш кондитер өз клиенттерінің қалауын зерттеп, сол жылдары танымал емес маркетингтік зерттеулермен айналысады. Француз консалтингтік фирмасына зерттеу жүргізуді тапсырған Бернат қызықты нәтижелерге қол жеткізді. Оның өнімдерінің негізгі тұтынушылары 16 жасқа дейінгі балалар екендігі белгілі болды, және, таңқаларлық өнімді әзірлеу кезінде тек ересек тұтынушылардың мүдделері ескерілді. Бқл кондитерлік өнімді ересектерге ғана емес, ең алдымен балаларға да ұнайтын белгілі бір "тәттіні" жасау туралы ойға итермеледі.

Әсіресе балаларға арналған тәттілер кішкентай балалар мен тәттілер арасындағы қарым-қатынастың барлық қиындықтарын шешуі керек еді. Бұл қиындықтар кішкентай балалардың барлық ата-аналарына белгілі – саусақтардың былғануы, ластанған киім, әдемі жиһаздардың шоколадтармен былғануы. Чупа-Чупс жасаушының ойлап тапқан идеясы бір мезгілде әрі қарапайым, әрі керемет шешім болды. Оны алғашқыда кішкентай шаныққышыға орнатты, кейінірек бұл шанықты ағаш таяқшаға, кейін, пластикке алмасты.

Осылайша әйгілі таяқшадағы чупа-чупстар пайда болды. Чупа-чупстар футбол допына ұқсайтын доптар түрінде болғандықтан, Чупа-Чупстың алғашқы атауы GOL болды, испан тілінен аударғанда, әрине, "Гол". Бірақ компания иесі бұл атауды ұнатпады, кейінірек оны алдымен испанша "chupar" - "сору", ал кейінірек Chupa Chups деп өзгертті. 1962-да аты мен сауда белгісі ресми түрде тіркелді. Нарықтағы чупа-чупстардың жетістігінен кейін 1964 жылы компанияның атауы Chupa Chups S. A-ға ауыстырылды.

Чупа-Чупс тарихындағы қызықты факт, осы күнге дейін сақталған брендтің дизайнын Сальвадор Дали жасаған. 1969 жылы Енрик Бернат Фигерасқа Далимен кездесуге келді және Ұлы суретшіден чупа-чупсқа логотип салуды және олардың визуалды бейнесін жасауды сұрады. Дали келісті, әрине, ақысыз, бірақ соған қарамастан бірнеше сағат ішінде суретші ромашкаға ұқсайтын Чупа-Чупс логотипін жасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Т. Бухова , М. – «Кристина және К». Тамақтану туралы алғашқы сұрақтар мен жауаптар, 1994 ж
2. «Жас ғалымның энциклопедиясы. Өмір», М. – «Россмен», 2000 ж.
3. «4000 өте маңызды факт», М. – «Махаон», 2006 ж.

СҮТТІҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ СҮТТЕН ЖАСАЛҒАН ӨНІМДЕРДІҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ӘСЕРІ

Қатысушы: Орынғалиева Аяулым
Жетекшісі: Кабдолданова Айнур Турсынбековна
Аягөз ауданы, «Шынқожа батыр атындағы жалпы білім беретін мектебі » КММ

Қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған әрі қастерлей білген. Ел-жұрт жадында мәңгі жатталып қалған «ас-адамның арқауы» деген қағида осындай терең ұғымның қалтықсыз түсінігі болып қалыптасқан. Халқымыз адам өмірінде тамақтың орнын құндылықтардың бәрінен де жоғары қойған. Бұған «астан үлкен емессің» немесе «арпа, бидай ас екен, алтын, күміс тас екен», «асты қорлама құстырар» деген сес, ескертпелер мен мақал мәтелдер де куә бола алады.Қалай айтылса да қай заманда айтылса да халық асты құрметтеу мен бағалаудың жолын да, жөн-жосығын да, оны дәмді етіп әзірлеудің көзін, кезін, ретін таба білген. Ел ен елді татуластыру да жақсылар мен жайсаңдарды құрметтеу де, өздерінің мырзалық, мәрттік үлгілі, өнегелі қасиеттері мен артықшылықтарын білдіру де,ел дәулеті мен қарым-қабілетін, түсінігін таныту да, қазақ кең дастарқан арқылы яғни ас, қонақасы арқылы көрсеткен. Осы жолда тұшымды сөз айтып,дәмді тағам берумен бірге таза, бүтін ыдыстарына дейін ерекше назарда болған. Сырттан келген кісілер де елді осы қонақасы берудің жолы мен жөні арқылы сынап, бағасын берген. Демек ұлт мәдениетінде тамақ, дәм таттыру-экономикалық дипломатиялық және тәлім-тәрбиелік қызмет атқарған. Бұл істе, қазақ халқының қонақжайлық дәстүрі шетелдерде ерте заманнан-ақ аңыз болып тараған. Қазақ деп бөлуді де білмеген, төрге шығарып ашық қабақ танытқан, достық көңілін көрсеткен. Шаршағандарына, мұқтаждарына ат ,ас, көлік сыйлай да білген. Ас, тамақ дайындауды қазақ әйелдерге жүктеген.Қазақ әйелдері тағамның алуан түрлерін дайындаумен бірге қыста да, жазда да таза әрі бұзылмай сақталуының әдіс- тәсілдері мен жолдарын да таба білген.Бұл қағидаларды әйелдер ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, кейінгілерге үйретіп отырған. Мысалы, олар етті ыстап сақтауды, қымызды жазда салқын ұстауды, майды көгертпей күтуді, басқа тамақтарды да бұзылмай сақталуының ғасырлар бойы ұмытылмай келе жатқан байырғы халықтың әдістері мен жолдарын да таба білген. Бұл қағидаларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, кейінгілерге үйретіп отырған. Мысалы, олар етті ыстап сақтауды, қымызды жазда салқын ұстауды, майды көгертпей күтуді,басқа да тағамдардың да бұзылмай сақталуының ғасырлар бойы ұмытпай келе жатқан байырғы халықтық әдістері менамалдарын, әсіресе ауылдық жерлерде күні бүгінге дейін жеткізді және оны әліде қолданып келеді. Қымыз бен шұбатты баптаудың, құрт,

ірімшік, ежігей, сары май сияқты жеңсік тамақтарды дайындауда қазақ әйелдерінің шеберлігі мен өнері үлгі етіп,мадақтауға тұрарлық. Қазақ халқы асты үш түрге бөледі.Олар ақ (сүт тағамдары),қызыл (ет тағамдары) және көк (жеміс тағамдары).

Мал және одан алынатын өнімдер қазақтың басты байлық қоры. Соның ішінде ұлт тағамдарының негізгі көзі болып табылатын сүттің орны бір бөлек. Сүт тағамдарын халық бір сөзбен ақ деп атайды.Осы ақтан бірнеше жүздеген,мыңдаған жылдар астам тамақ түрлері мен дайындау әдістерін жасаған.Және олардың көптеген қызықты атаулары мен орны және алуан түрлі ерекше жасау,пісіру жолдары тағы бар. Сөйтіп бір сүттен сұйық, қою, қоймалжың, ащы, тұщы, жұмсақ, қатты, ұнтақ тағамдар жасап шығарған.

Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, сиырдың құрамында,100 грамға шаққандаақуыздың мөлшері 22,85-34,52% болса, қазақ ірімшігіндегі ақуыздың мөлшері 40-42 екен.Сыр құрамындағы көміртегі ары кетсе 4,52 –тен астайды, ал ірімшікте ол 10,93 болады.Адам ағзасындағы сүйек ұлпаларының мықты болуы үшін ең қажет элемент фосфор болса, дәстүрлі әдіспен жасалған ірімшік құрамында фосфор 0,51,ал кальций 2,3 мөлшерінде кездеседі екен.Ал қуаттылығына келсек,100 грамм сыр 268,8 – 401,38 қуат берсе, 100 грамм ірімшік 408,4 қуат береді. Құртымыз да химиялық құрамы мен колариясы жағынан жоғары тағам. **Сүт құрамындағы дәрумендер мөлшері** (%) Төменде сарысудың 100г –да кездесетін тағамдық зат. (калориялығы, ақуыз, май, көмірсу, дәрумендер және минералды заттар). Дәрумендер Витамин РР 0,1 мг; Витамин В1 (тиамин) 0,03 мг; Витамин В2 (рибофлавин) 0,1 мг; Витамин В5 (пантотеновая) 0,3 мг; Витамин В6 (пиридоксин) 0,1 мг; Витамин В9 (фолиевая) 1 мкг; Витамин В12 (кобаламины) 0,3 мкг; Витамин С 0,5 мг; Витамин Е (ТЭ) 0,03 мг; Витамин Н (биотин) 2 мкг; Витамин РР (Неоценовой эквивалент) 0,2328 мг; Холин 14 мг. Тағамдық құндылығы Калориясы -18,1 кКал., Ақуыз мөлшері - 0,8 г, май - 0,3 г, көмірсулар - 3,5 г, лактоза – барлық көмірсулар секілді организмдегі энергияның көтеріліп, биохимиялық процестердің дұрыс жүруіне көмек береді. Организмге түскен лактоза толық сіңіп кетеді. Оның тәттілігі сахарозадан 6 есе кем. Лактозаны қолдану ағзадағы холестериннің алмасуына жәрдем береді. Сары судың құрғақ затында басты компоненттері былай орналасады (%): лактоза – 70%; ақуызды заттар – 14,5%; май – 7,5%; минералды тұздар – 8%. Сүт сары суындағы көміртектің негізі лактоза болып саналады (сүтті қант). Бұл – дисахарид, екі қалдықтан тұратын (d-глюкоза және d-галактоза) және спецификалық өнім болып табылады. Лактозадан басқа сүт сары суында аз мөлшерде бос күйде глюкоза, галактоза, арабиноза, лактулоза және полисахарид амилоид болады. Сары суда болатын азотты заттар ақуызды және ақуызды емес органикалық қосылыстар түрінде кездеседі. Сүт сары суындағы ақуызды 90 % альбумин және глубулиннен тұрады. Казеин – сүттің негізгі ақуызы, ол α- , β-, γ- фракцияларынан құралады, - олар сүт өніміне толығымен өтпейді, бұл уақытта γ-фракциясы казеиннің жалпы мөлшерінің 3 – 5 % құрайды, ол толығымен сүт сары суына өтеді.

Сарысудың ақуызындағы аминқышқылдары құрамы алмастырылмайтын аминқышқылдардан тұрады. Сүт сарысуында біраз

мөлшерде органикалық қышқылдар бар (сүт, сірке, пропионды, құмырсқа, лимон қышқылы және т.б.). Лимон қышқылынан басқа органикалық қышқылдар сүтте және сүт сарысуында өсетін микроорганизмдер үшін жақсы қорек болады. Сүт сарысуындағы органикалық (0,1-0,4%) және бейорганикалық заттар (0,6-0,7%) қышқылдар калий, натрий, магний, кальций және т.б. кездеседі. Сонымен қатар (%) : K_2O – 30,3; Na_2O – 3.2; CaO – 20.1; MgO – 2.4; P_2O_5 – 22.4; Cl – 14.0; SO_3 – 2.6. Сүт сарысуында барлығы 30 дан астам түрлі макро және микроэлементтер бар, микроорганизмдерді өсіру үшін қоректік орта ретінде басқа субстраттарға қарағанда құрамында көбірек. Әр адам осындай шикі заты мол, жасалуы қарапайым, өзіндік құны төмен болғаны мен емдік ролі жоғары, сарысуды бағалап қажеттілігімізге жаратпасақ, табиғаттың адам баласы үшін тартқан сиын бағаламағаны болар еді. Қолда бар табиғи таза өнімдеріміздің қасиетін біліп бағалай алсақ, денсаулығымызды сақтай алған болар едік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.Кенжеахметұлы С. Қазақстан дарқан дастарханы «Алматыкітап» 2007ж.
2.Қазақтың ұлттық тағамдары Алматы 2000ж
3.Қазақ энциклопедиясы Алматы 2002ж
4.Смагулова Б.С Екінші айналымдағы сүт шикізатын қайта өңдеудің қалдықсыз технологиясы

СЕКЦИЯ-ЖАС МАМАННЫҢ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ. ТУРИЗМ. ҚОНАҚ ҮЙ БИЗНЕСІ

ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕР — ТУРИЗМ ТІРЕГІ

Қатысушы: Серікқан Жанель Алмасқызы
Жетекшісі: Бектурсынова Айгерим Амангельдиновна
«№16 Төлеубай Аманов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Семей қаласы

Бүгінде әлемнің көптеген дамыған елдерінде туризм саласы дамудың басым бағыттары ретінде экономиканың негізі болып саналады.Туризм–қазіргі әлемде кез–келген мемлекет экономикасының дамуына ықпал ететін әлемдік экономиканың ең ірі, әрі тез қарқынмен дамып келе жатқан салаларының бірі.

Қазіргі кезеңде дүние жүзі туризмді халық шаруашылығының жетекші саласы ретінде танып, оның өмірдегі әлеуметтік, экономикалық, мәдени-танымдылық, емдік–сауықтыру, спорттың және демалыс қажеттілігін күнделікті тәжірибеде мойындап отыр.

Қазақстанның қай жерін алып қарасаңыз да көркіне көз тоймайтын, бір-бірінен өткен сұлу табиғатымен адамды еліктірер жерлер көптеп кездеседі. Өлкеміздің әсем табиғатымен, тамаша ландшафтымен туризмді

дамытуға сұранып тұрған жерлері өте көп. Соның бірі - біз тұратын қасиетті Семей өңірі.

Семей қаласы Абай облысының орталығы теміржол, әуе және автомобиль жолдарының ірі торабы, Ертіс өзенінің екі жағына орналасқан. Абай облысы солтүстік–батысында Павлодар, батысында Қарағанды, оңтүстік батысында Ұлытау, оңтүстігінде Жетісу облыстарымен шектеседі. Жер бедері әр қилы. Бұл өңірді таулы, орман–тоғайлы, далалы, шөлді, шөлейтті ландшафт алып жатыр. Семей өңірі орналасқан жер негізінен алғанда жазық дала деуге болады. Семей қаласы арқылы Ертіс және оның ірі салалары Шаған, Шар өзендері ағып өтеді.

Өлкеміз рекреациялық қорларға да өте бай. Оларға тарихи ескерткіштер, емдік қасиеті бар пайдалы сулар мен шипалы балшықтар мысал бола алады.

Бүгінгі күні Семей еліміздің рухани және мәдени орталығы ретінде белгілі. XIX ғасырдың ортасында Қазақстанда тұңғыш рет Семей қаласында типография мен көпшілік кітапхана ашылып, алғашқы су құбыры жүргізілген. XX ғасырдың барысында бірінші футбол командасы құрылса, одан кейін де алғаш рет осы қалада футбол мен шахмат элементтерін біріктірген “Нью - футбол”ойыны дүниеге келді. Бұл қасиетті мекен ұлттық цирк пен театрдың Отаны. Сонымен қатар, мұнда Қазақстандағы алғашқы өлкетану мұражайы ашылды. Сондай-ақ, қаламызға келетін туристерді таң қалдыратын мәдени-тарихи орындар да өте көп. Достоевскийдің ірі әдеби-мемориалдық мұражайы, Невзоровтар жанұясының өнер мұражайы, тарихи - өлкетану мұражайы, Абай атындағы ұлттық кітапхана, Абай атындағы қорық-мұражай, Қазақстандағы алғашқы полиграфия мұражайы, анатомиялық мұражай, «Өлімнен де күшті» монументі сияқты мәдени–тыныңу оындары бар. Қалада тарихи және архитектуралық ескерткіштер де көп.

Қазіргі таңда шаhарымызда мемлекеттің қорғауына алынған жалпы саны 67 тарихи және мәдени ескерткіш тіркелген. Оның ішінде (1-сурет) 32 қала құрылысы және сәулет, 16 монументальді және 19 тарихи болып табылса, ал жетеуі республикалық маңызы бар ескерткіштер тізіміне енгізілген.1-сурет

"Қасиетті Қазақстан" картасына енген Абай облысындағы қасиетті орындар мен нысандар төмендегі кестеде көрсетілген.

Кесте №1

№	Қасиетті нысандар тобы	Абай облысында кездесетін нысандар
1	Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері	Ақтас тауындағы Қоңыр Әулие үңгірі – Абай ауданы
2	Діни және ғибадат орындары болып табылатын орындар	1.Қозы Көрпеш пен Баян сұлу кесенесі – Аягөз ауданы. 2.Ырғызбай ата кесенесі – Тарбағатай ауданы
3	Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар	1.Абайдың «Жидебай-Бөрілі» тарихи-мәдени кешені – 2.Ф.М.Достоевскийдің әдеби-мемориалды үйі – Семей қаласы
4	Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындар	1.Семейдегі Алаш арыстары үйі – Семей қаласы. 2. Семей полигоны құрбандарына арналған «Өлімнен де күшті» монументі

Абай облысындағы ұлттық бірлік пен жаңғыру символы ретінде маңызды орын алатын нысандардың ел тарихын дамытуда орны ерекше. Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында өлке тарихын дәріптеуде ескерткіштерге, тарихи орындарға саяхат жасау арқылы соңғы жылдардағы жаңалықтармен кең көлемде танысу мүмкіншілігі бар.

Семей – тарихы тереңнен бастау алатын, сәулетті ескерткіштерімен ерекшеленетін қала. Қала тұрғындары қойнауы құнды деректерге толы туған қаласының тарихын және тарихи-мәдени ескерткіштерін қастерлеп құрметтейді, аялап сақтайды. Киелі жерлер біздің қаламызда аз емес.

Егер бүгін бұл қалаға тарихшы-ғалымдар қызығушылық танытса, ертең ол саяхатшылардың жиналатын орнына айналуы мүмкін. Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ғылыми зерттеу жұмыстары барысында көріктендіру, туристік ескі және ортағасырлық археологиялық ескі қаланың орны мен мекенін қолдану бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мәдени инфрақұрылым кеңейтіліп, мәдени мұраларды зерттеудің толық жүйесін құрудың тетіктері жүзеге асырылуда. Бұл нысандар туристердің баратын жеріне айналуы тиіс. Ендеше, Семейдің тарихи ескерткіштерінің маршрутына саяхат жасап көрелік.

Бұл картасызбаның https://clck.ru/32WBEo сілтемесі арқылы Семей қаласындағы маршрут бойынша жүріп өтіп, ескерткіштер туралы мәлімет алуға болады. Семей қаласына саяхат төмендегі 2-суретте негізгі нысандармен жүріп өткен жолсызба туралы мәліметтер көрсетілді.

2-сурет

Семей қаласындағы тарихи ескерткіштердің маршруттық картасызбасы

Картасызба «яндекс карта құрастырушы» арқылы жасалды. Жоспарланған

маршрут бойынша нысандар номірленіп, жүріп өткен жол көрсетілді. Картасызбадағы түсірілген номерге ескерткіштердің аттары ал, шартты белгіде ескерткіштердің сипаттамасы жазылған.

Маршрут тоғыз нысан бойынша белгіленіп, Қабанбай батыр ескерткішінен басталып Әміре Қашаубаев, В.И.Ленин, Жеңіс мемориалы, Әлихан Бөкейханов, Шәкәрім ескерткіші, «Ш.Уәлиханов пен Ф. Достоевский», Абай ескерткіші, «Өлімнен де күшті» ескерткіштері арқылы Семей қаласының тарихи ескерткіштер маршруты Бейбітшілік аралындағы «Өлімнен де күшті» монументімен аяқталып отыр. Бұл картасызбаның тиімділігі үйден шықпай-ақ онлайн түрде өзің жоспарлаған маршрутты түсіріп картасызба жасауға болады.

Ескерткіштердің өлкеміздің тарихын, мәдениетін дамытуға, қала өміріндегі алатын маңызы өте зор. Сондықтан, қала есерткіштерін жаңғыртып, дамытуға мынандай ұсыныстарды жүзеге асуру қажет деп ойлаймын:

1. Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында өлке тарихын дәріптеуде ескерткіштерге, тарихи орындарға саяхат жасау арқылы соңғы жылдардағы жаңалықтармен кең көлемде танысу.
2. Ескерткіштердің ерекшелігін біздің бағалауымыз, қорғауымыз қажет.
3. Қала ескерткіштері туралы құнды мәліметтерді мұғалімдердің, оқушылардың пайдалануына мүмкіндік жасау.
4. «Яндекс карта құрастырушы» арқылы қаладағы ескерткіштерге саяхат жасауға мүмкіндік беретін бірегей жоба.
5. Тарихи-мәдени ескерткіштерді насихаттау арқылы өлкемізге келушілердің, демалушылардың, туристердің санын арттыруға мүмкіндік беру;

Біздің қаламызда тарихи құнды маңызы бар ескерткіштер жетерлік, сондықтан да тарихи ескерткіштерге саяхат болашақта жалғасын табады. Қорыта келгенде өңірімізде тарихи-мәдени ескерткіштер танымдық туризмді дамытуда алатын орны ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ердавлетов С.Р. «География туризма Казахстана», Алматы, 1992 г.
2. Шығыс Қазақстан облысы энциклопедиясы, Алматы 2014,686 б.
3. Атамекен географиялық энциклопедия, Алматы 2011, 533-534 б
4. Әбдікәкімов Т. Ескерткіштер // Ертіс өңірі.- 2005.- 10 қараша.- б.31
5.

БУХГАЛТЕР - СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАНДЫҚ

Қатысушы:Ибрагимова Аяулым Маратқызы,
Жетекшісі: Какимова Динара Болатбековна
«Бизнес және сервис колледжі» КМҚК

Баяндаманың мақсаты мен міндеттері:

1.Бухгалтердің атқаратын функциялары және мақсатын анықтау

2.Бухгалтер маманы үшін кәсіби қызметіндегі ауызекі сөйлеу мәдениетінің маңызын анықтау

3.Қазіргі таңдағы бухгалтерлік мамандарының біліктілігі мен мүмкіндіктерін зерттеу

Бухгалтер мамандығы-кәсіпорындарда, ұйымдарда, ұйымдық-құқықтық формасына тәуелсіз мекемелерде міндеттемелер мен шаруашылық операцияларды, мүлікті талдау және бухгалтерлік есптің кәсіптік қызметіне дайындалған маман.

Төл теңгеміз өмірге енген кезеңде бухгалтерлік есеп пен есеп-қисап жұмыстарының атқаратын міндеттері өте зор. Бухгалтерлік есеп кәсіпорынның қаржы және шаруашылық қызметтерінің нәтижелерін есепке алу жүйесі. Кез - келген кәсіпорынды, кішігірім цехтан бастап, ірі корпорацияға дейін бухгалтердің көмегінсіз көзге елестете алмаймыз. Тіпті штатта екі адам болса, оның біреуі- бухгалтер болатыны сөзсіз.

Бүгінгі күні бухгалтер мамандығы– үнемі сұранысқа ие мамандық болып табылады.

Бухгалтерге қойылатын талаптар:

- ✓ жоғары профильді білімі;
- ✓ салық жүйесі және бухгалтерлік есеп саласының заңнамаларын білуі;
- ✓ жеке компьютерді еркін меңгеруі;
- ✓ бағдарламалармен жұмыс істей алуы.
- ✓ Бухгалтер мамандығындағы сөйлеу тілінің маңыздылығы туралы айтатын болсақ:
- ✓ Құпиялық принцпке негізделе отырып абайлап сөйлеу қажет;
- ✓ Бағыныштылары құпия ақпаратты жарияламайтындығына көз жеткізу.
- ✓ Мүдделер қақтығысынан қашқақтау және басқаларға ықтимал кикілжіңге кіріспей, өзін-өзі ұстап қалуы;
- ✓ Әңгіме барысында ұйымның заңды мақсаттарын бұзбау;
- ✓ Ақпаратты әділ және объективті ұсыну;
- ✓ Басқару үшін пайдалы болуы мүмкін ақпараттың барлығын ашып айту.
- ✓ Компаниядан тыс тұлгаларға этикалық жанжалдар жайлы хабарламау;
- ✓ Бухгалтерлер кәсіби тілде жетік сөйлеу керек;
- ✓ Бухгалтер іс-қағаздар стилін жақсы меңгеру керек

- ✓ Бухгалтер ауызекі сөйлеу тілінде үш тілде де жетік, мүдірмей сөйлесе алу керек.

Кез келген жұмыс істеп тұрған фирманың жүрегі – «бухгалтерия» Себебі мұнда кәсіпорынның кез-келген іс-әрекеті тіркейтін, сандық жағынан жинақталған мекеменің қозғалысын айқындайтын, болашағына шешім қабылдауға көмек көрсететін ол бухгалтер маманыңһның қызметі. Бухгалтерлер көптеген адамдармен қатынаста болатын мамандық иелері. Олар тек жұмыс орнында отырып есеп-қисаптан бөлек іс-әректтерін айқын жеткізе алатын тілге ие болу керек. Олай деуімнің себебі олардың қолынан талай адамның еңбегі, кәсіпорын жұмысы мен көрсеткіші болатын адам. Және де, бухгалтерлер жүргізген келіс сөздер есеп жағынан көптеген пайда әкелері сөзсіз. Бухгалтерлер үлкен кәсіпорындар, шет елдерде, шағын мекемелерде, мектептерде қайда болмасын сұранысы бар мамандық.

2. Бухгалтер мамандары үшін қазіргі уақытта қолданыстағы қажетті бағдарламалардың көбі шет тілдерінде жұмыс жасайды. Сондықтан да мамандардың көп бөлігі жұмыс жасайтын бағдарламаның тіліне қарай ыңғайланады. Бағдарламалардың қазақ тілінде жұмыс жасайтын нұсқасы жоқтың қасы. Бухгалтер мамандарының қолданыс бағдарламалары қазақ тілінде де жұмыс жасағаны әрине дұрыс болар еді, бірақ ол нұсқа әлі де болса дайындалмай жатыр. Қазір көптеген оқу орындарында бухгалтер мамандығын әртүрлі бағдарламалық қамтамасыз етудің ең танымал түрлері «1С»; «ЕҢ ҮЗДІК»; Ақпараттық-есепші» жүйелері қазақ тілінде оқытылуда, мұндағы басты мәселе бұл бағдарламалардың қазақ тілінде болмаса да, оның негізгі жүйелерін таныстырып оқыту. Осы бағдарламалардың болашақта міндетті түрде қазақ тіліндегі нұсқасы шығса деген үміттеміз.

Мағжан Жұмабаев атамыз «Тіл -адам жанының тілмашы, тілі кем болса, адамның қор болғаны» деген екен. Мәдениетті сөйлеу үшін әр адамның сөздік қоры мол болуы қажет. Яғни этика кодексіне сүйене отырып жұмыс жасайды бухгалтерлер. Нарықтық экономикада бухгалтер үшін мәдениетті сөйлеумен қатар, шет тілін білу маңызы зор, себебі дәрежелі маман үшін, ең алдымен өз кәсібінің ерекшеліктерін мұқият түсінуімен қатар, белгілі бір кәсіби терминдерге сүйеніп сөйлейтіндей сөздік қоры болуы қажет.

Біздің елімізде шетелдік инвестициялары бар компаниялар қарқынды дамып келеді, сондықтан көптеген қызметкерлерді жұмысқа алу кезінде қарапайым бухгалтерлер арасында да ағылшын тілін білу қажет екендігі айдан анық. Көптеген шетелдік ұйымдар басқа елдердегі миссияларды жүзеге асыруда барлық келісімдер, операциялар шет тілінде жасалады, сонымен қатар үлкен жалақыға тек шет тілін білу арқылы қол жеткізуге болады.

Шетел тілін білу бухгалтер халықаралық корпорацияда, ҚЕХС немесе GAAP есептілігін жүргізетін қазақстандық және шетелдік компанияларда жұмыс істеуге үлкен мүмкіндік береді. Бухгалтерлердің шет тілін білуде жұмысқа орналасу мүмкіндігі зор.

Сурет 1. Шет тілін білетін мамандарға сұранысты анықтау сауалнама нәтижесі

Кабинеттік зерттеу жүргізілді, яғни көрсетілген суретте диаграмма мәліметтерінде шетел тілдерін меңгеру деңгейлеріне талдау жасалынды. Бухгалтер мамандары мен бас бухгалтер мамандарына деген қазіргі уақыттағы сұраныс деңгейі бойынша салыстыру жұмысы жүргізілді. Нәтижесінде біліктілік пен қоса шетел тілін меңгерген бухгалтерлерге деген сұраныс жылдан жылға өскендігі байқалады. Яғни, шет тілін білу қай салада болмасын үлкен жетістіктерге апарады, сондықтан білікті маман болумен қатар тілдерді білу, сөйлеу мәдениеті де маңызды рөл атқаратынын айту керек.

Бухгалтер адамдармен қарым-қатынаста өзінің жұмыс жайын басшыларға, жұмысшыларға, серіктестерге тура және түсінікті жеткізеді. Кәсіби тіліндегі көптеген терминдер басқа адамдарға түсініксіз болғандықтан ауызекі тілде жетікізе білу шеберлігі болу керек. Жақсы маман болып қана қоймай алған білімін дәлелдеуде өзінің сөз шеберлігі болуы тиіс. Яғни, ауызекі сөйлеу мәдениетін сақтай отырып, көптеген тілдерде өз ойын айқын жеткізу мен жұмыс мақсатын айқындау болып табылады. Ауызекі сөйлеу тілі адамдар арасындағы байланыс көпірі. Егер адамдар бір-бірімен қарым-қатынаста болмаса адамдар дамуы шектелетін еді. Міне, дәл солай бухгалтер мамандығында ауызекі сөйлеу тілінің маңыздылығы осында кәсіпорын жағдайын көрстететін баяндайтын тұлға болып табылады. Бухгалтерлер үшін сөйлеу тілі оның қалай және қандай дәрежеде жұмыс жасап жатқанын көрсетеді.

3. Бухгалтер жұмысындағы жағымды сәттер:

- ✓ Сұранысқа ие мамандық; Жоғарғы профильді білім;
- ✓ Мансаптық өсудің кең мүмкіндіктері;
- ✓ Жалақы көбінесе маманның еңбекке қабілеттілігіне байланысты;
- ✓ Қашықтықтан-онлайн жұмыс жасау мүмкіндігі;
- ✓ Жұмысқа орналасуда кең таңдау;
- ✓ Жоғарғы жалақы,тұрақты жұмыс;
- ✓ Жұмыста үлкен жетістіктерге жету мүмкіншілігі;

Бухгалтерлердің жалақысы бойынша дамыған АҚШ мемлекетімен 2023 ағымдағы жылға салыстыру жұмысын жүргіздім.

Кесте 1. АҚШ-тағы ең танымал 5 бухгалтерлік лауазым-жұмысының жалақы мөлшері

Лауазым атауы	Жылына	Айына	Аптасына	Сағатына
Бас бухгалтер	$112951	$9413	$2172	$54.30
Топтық бухгалтер	$92402	$7700	$1777	$44.42

Аға бухгалтер-менеджер	$91990	$7666	$1769	$44.23
Қашықтықтағы аға бухгалтер	$89689	$7474	$1725	$43.12
Халықаралық сауда саласындағы аға бухгалтер	$83800	$6983	$1612	$40.29

Қазақстандағы бухгалтерия мен қаржыдағы орташа жалақы 2023 жылғы статистика мәліметтеріне сүйенсек келесідей: 273980-тан 530110-ға дейін. Орташа алғанда, трейдер 530110 алады, аудитор - 393120, бас бухгалтер 381220 табады, Қазақстандағы бухгалтерия және қаржы саласындағы Кредиттеу жөніндегі менеджер айына 363370 алады, қаржы талдаушысы тиісінше 324660 алады. Бухгалтер еңбек өтілі жоқ болса 130000-150000 тенге алады. Салыстыру жұмысының нәтижесі көрсеткендей, әрине АҚШ мемлекетінде жұмыс жасайтын бухгалтерлердің жалақсы 50-80 пайызға артық екені белгілі. Баяндамада айтылып өткендей бухгалтер маманы тынбай еңбек етсе, шет тілін жетік меңгерсе онлайн-қашықтықтан шетел инвестор фирмалардың бухгалтериясын жүргізу арқылы мол табыс табуға болады деп тұжырым жасадым

Баяндаманы қорытындылай келе келесідей ұсыныстар ұсынар едім:

- ✓ Болашақ мамандар үшін ағылшын тілдерін еркін сөйлеу үшін мамандығына байланысты қосымша сергіту сабақтары болса
- ✓ Жас мамандар білімін үнемі жетілдіріп отыру қажет, ол үшін басшылық қаржымен толықтай қамтамасыз етсе
- ✓ Бухгалтерлердің әртүрлі саладағы қабілеттерін шыңдауға, шығармашылығын танытуға арналған бағдарламалардың қолжетімді нұсқаларын көбейту.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. https://bizmedia.kz/2023
2. https://www.stat.gov.kz/
3. Баяндама резентациясына сілтеме

РАЗВИТИЕ ЭКОТУРИЗМА НА ПРИМЕРЕ ЛЕЧЕБНО-ОЗДОРОВИТЕЛЬНОГО ОЗЕРА ШОШКАЛЫ

Участник: Бекбулатова Амина

Руководитель: Сапаров Тимур Ерсаинұлы

КГУ «Борасинская средняя школа-сад» отдела образования Бескарагайского района управления образования области Абай

Актуальность исследования определяется тем, что в экономике Казахстана туризм играет ничтожную роль, хотя туризм вносит существенный вклад в экономику практически всех стран мира. По мнению экспертов, Казахстан использует свой туристско-рекреационный потенциал пока только на 10-15% и, как следствие, занимает 89 место в мире по доходам от въездного туризма.

Туристский сектор экономики Казахстана, вовлекая в свою орбиту базовые и вспомогательные отрасли и предприятия, оказывает мультиплицирующее воздействие на смежные отрасли, такие как транспорт, строительство, жилищно-коммунальное хозяйство, торговля, индустрия развлечений и др.,

прямо и косвенно способствует повышению уровня занятости населения. Таким образом, туристский сектор в национальной и региональной экономике играет очень важную роль.

Цель исследования состоит в формировании математических моделей устойчивого развития регионального туризма и разработке поддерживающих их инструментальных средств.

Для достижения указанной цели в работе поставлены следующие **задачи**:

- определить факторы, обеспечивающие устойчивое развитие регионального туристического кластера;
- построить структурную модель устойчивого развития туризма, позволяющую прогнозировать уровень развития регионального туристического кластера и оценивать влияние принимаемых управленческих решений на экономическую, экологическую и социальную устойчивость региона;

Объект и предмет исследования. Объектом исследования является региональный туристический сектор. Предметом исследования является математическое моделирование влияния экономических, экологических и социокультурных факторов на устойчивое развитие туризма в регионе.

Область исследования. «Разработка и исследование моделей и математических методов анализа микроэкономических процессов и систем: отраслей народного хозяйства, фирм и предприятий, домашних хозяйств, рынков, механизмов формирования спроса и потребления, способов количественной оценки предпринимательских рисков и обоснования инвестиционных решений»

Моделирование развития санитарно-курортного комплекса на территории озера Шошкалы Бескарагайского района.

Повышение качества оказания медицинских услуг, профилактика заболеваний на основе использования природных лечебных ресурсов, увеличение продолжительности жизни населения.

Жемчужина Бескарагайского района Восточно-Казахстанской области – это соленое озеро Шошкалы. Это озеро может стать полноценным курортом. Оно отличается большой концентрацией соли, не уступает по содержанию соли всемирно известному Мертвому морю в Израиле. Озеро богато целебными грязями. На сегодняшний день территория озера не обустроена для полноценного лечения и отдыха. [1]

По данным ГЛПР «Семей орманы» которые приведены в Таблице 1, на территории озера отдыхают большое количество людей. С каждым годом отдыхающих становиться только больше. Для привлечения большего числа туристов необходимо улучшить инфраструктуру, в частности проложить асфальтовое покрытие, провести освещение, используя солнечные панели. Строительство оздоровительного комплекса необходимо в целях улучшения оздоровления населения, поспособствует развитию рекреационного потенциала региона, для привлечения туристов в экологически чистую обстановку. [2]

При построение математической модели устойчивого развития Бескарагайского района за счет развития озера Шошкалы учитывались: сильные и слабые стороны проекта, возможности и угрозы.

Сильные стороны: Современное здание, удовлетворяющее современным экологическим требованиям; Возможность круглогодичного использования санатория; Высокая обеспеченность ресурсами (техника, квалифицированные кадры) для быстрого строительства; Наличие комфортабельных номеров и отдельных процедурных кабинетов;

Слабые строны: Слабое развитие транспортной инфраструктуры; Низкий ассортимент предлагаемых услуг; Отдаленность от районного центра; Незаинтересованность инвесторов;

Возможности: Обеспечение население региона качественными услугами по оздоровлению круглый год; Одновременный прием разных специалистов в отдельных процедурных кабинетах

Угрозы: Отсутствие инфраструктуры,дорог, подъездных путей; Предпочтение жителей в пользу других оздоровительных центров; Недостаток и задержки финансирования; Ухудшение эпидемиологической обстановки; Изменение законодательства, стандартов строительства; Подорожание стоимости материалов;

Цели проекта: Строительство санаторно-курортного комплекса площадью 480 кв. метров на 50 мест на территории о. Шошкалы Бескарагайского района.Многоэтажный санаторно-курортный комплекс площадью 480 кв. метров на 50 мест на территории о. Шошкалы Бескарагайского района. Первый этаж оказание услуг – зона досуга, блок столовая, блок сауна, блок лечебно-профилактических процедур, блок прачечная. Другие этажи - блоки размещения и проживания

О целебных свойствах в народе ходят легенды, якобы во времена войн с джунгарами казахские батыры, останавливались у озера, чтобы залечить свои раны. Еще говорят, что жил старик, который благодаря озеру и ежедневным процедурам с грязью поставил на ноги своего парализованного внука. Грязь из озера очень черная по цвету. [3]

У местных жителей озеро Шошкалы является излюбленным местом отдыха в жаркие летние дни, но хотя и взимают плату за проезд на территорию озера, там практически не создают условий. Побережье покрыто мусором, ученики школ приезжают сюда для проведения субботников, экологических акций. К сожалению, у казахстанцев нет культуры отдыха, они не задумываются над своими действиями, отдыхающие оставляют мусор, бутылки, пакеты и т.д. Это, в свою очередь, может причиной пожара, так как рядом произрастает сосновый ленточный бор.

Так, в 2003 году пожар уничтожил 106 гектаров соснового бора. Это огромная территория вдоль дороги республиканского значения Омск-Майкапчагай. На данный момент благодаря работе сотрудников «Семей орманы» идет постепенное восстановление леса. [4]

К слову, в зоне отдыха практически нет урн для мусора, санитарных условий. Люди приезжают отдыхать «дикарями» в основном на выходные, но из соседних районов России прибывают на несколько дней, устанавливая палатки.

В Бескарагайском районе области Абай презентован проект по строительству санатория с грязелечебницей и зоной отдыха на территории слабосолёного озера Шошкалы.

По словам руководителя проекта, представителя компании «Жаннұр Астана» Аскара Ильжанова, реализация этого инвестиционного проекта рассчитана до 2027 года, он оценивается в 5 млрд тенге.

Первый этап намечен на 2023-2024 годы. За этот период вокруг озера Шошкалы будут обустроены пляжи, построены купальни и другие малые архитектурные формы, начнётся первый этап благоустройства территорий.

С 2024 года приступят к поэтапному строительству основных капитальных объектов: санатория с бассейном и грязелечебницей, нескольких экогостиниц, ресторанов и конюшни. Завершится проект полным благоустройством прилегающей территории. [5]

При проведении математического моделирования для прогнозирования развития туризма в Бескарагайском районе были проанализированы данные, учитывались различные благоприятные и неблагоприятные факторы.

Устойчивое развитие туризма как сложной многофакторной системы будет определяться совокупным воздействием его трех основных подсистем: социальной, экономической и экологической.

Воздействие социальной подсистемы определяется основной социальной функцией туризма - улучшение качества трудовых ресурсов страны через оздоровление и отдых, а также создание емкого и устойчивого рынка труда в данной сфере.

Экономическая составляющая устойчивого развития туризма проявляется через развитие региональных экономик, пополнение доходной части бюджетов всех уровней, а также развитие сопутствующих отраслей экономики через мультипликативный эффект туризма.

Воздействие экологической составляющей устойчивого развития туризма в условиях глобализации проявляется через состояние окружающей среды и качество туристско-рекреационных ресурсов.

Комплексное решение экономических, социальных и экологических вопросов устойчивого развития туризма невозможно без разработки математических моделей и поддерживающих инструментальных средств, позволяющих прогнозировать основные показатели системы устойчивого развития туризма, выявлять ключевые факторы развития, определять эффективность принимаемых управленческих решений.

Список литературы

1.Восточно-Казахстанская область, http://academic.ru/dic.nsf/ruwiki/54382

2.Восточно-Казахстанская область. http://turkistan.ru/kazahstan-segodnya/regiony-kazahstana/vostochno-kazahstanskaya-oblast.html (дата обращения: 07.06.2013)

3.Ведение государственного реестра туристских маршрутов и троп http://kit.gov.kz/index.php/ru/razvitie-infrastruktury/vedenie-gosudarstvennogo-reestra-turistskikh-marshrutov-i-trop

4.Головченко В.А. ТУТ туристские технологии // Внедрение системы автоматизации в турфирме, основные проблемы и задачи. - 2004.

5.В правительстве обсудили концепцию развития туризма до 2020 года. http://www.izvestia.kz/node/24109

БОЛАШАҚ ТІЛ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҒЫ

Қатысушы: Салех Мухамад Мустафа
Жетекшісі: Мұқанов Мерхат Социалұлы
«Семей қаласының №6 Гимназиясы» КММ

1. ЖОБАНЫҢ ТҮЙІНДЕМЕСІ

Аты-жөні	Салех Мухамад Мустафа
Байланыс деректері	Тел.ном:+77075200723
Қаражаттың нысаналы мақсаты:	Тұлғаның білімді әрі жан-жақты даму үшін жағдай жасау.
Валюта:	теңге
Жобаның жалпы сомасы, мың теңге:	6млн теңге
Соның ішінде қарыз/гранттық қаражат, мың теңге:	4.5 млн теңге
Соның ішінде меншікті қаражат, мың теңге:	1.5 млн теңге

Жобаның тұжырымдамасы...

Кестені жоба құны бойынша толтырыңыз

Атауы	Сомасы, теңге	Кредиттік / гранттық қаражат		Меншікті қаражат	
		Сомасы, теңге	%	Сомасы, теңге	%
Күрделі шығындар	2720000 теңге	3019200	11	1000000	-
Шикізат және айналым қаражатын сатып алу	180000 теңге	199800	11	-	-
Негізгі құралдарды сатып алу	2100000 теңге	2331000	11	-	-
Барлығы	**5 млн теңге**	**5550000**	**11**	**-**	**-**

Қаражаттың нысаналы мақсатын толтырыңыз

Атауы	Саны	Бағасы, тг	Сомасы, тг
Ғимарат жалға алу	1	150000	150000
Құрал-жабдықтар	125	2100000	2100000
Жалақы	7	730000	730000
Айналым ақшасы	1	180000	180000
Барлығы	132	3160000	3160000

2. ӨНІМНІҢ СИПАТТАМАСЫ(өніміңіздің қысқаша сипаттамасын беріңіз)

«Болашақ» білім беру орталығы. Әр түрлі жастағы білім алушыларға қалаған тілдерінде
еркін сөйлеуге мүмкіндік беру.Тиімді баға ұсыну арқылы білім алушыларға толық жағдай
жасау. Шет елдердегі серіктестермен біріге жұмыс жасап тәжірибемен алмасу. Әр жыл

сайын білім алушыларды білімдерін шыңдау үшін шет елдерге саяхатқа шығарып тілге
деген қызғушылықтарын арттыру.

3. НАРЫҚ ПЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРДІ ТАЛДАУ

Қазіргі таңда білім алу жан-жақты болу адамдар үшін басты мақсаттың бірі сондықтан
оқу орталықтарын ашу өте тиімді. Егерде сенің ашып отырған орталығыңның сапалы
жұмыс істей алмаса үлкен кемшілік. Қазіргі таңда көп орталықтардың біріншілден жарна-
малары нашар және ұжымның біріккен мақсаты

4. МАРКЕТИНГТІК ЖОСПАР

«Болашақ» білім беру орталығының басқа орталықтардан артықшылығы бізде
әр жыл сайын түрлі жеңілдіктермен өзінің білім алушыларын қуантып отырады, және
көп балалы отбасыларға арналған жеңілдіктер көрсетіледі. Яғни бір үйдің төрт баласы
оқысада ата-аналарына қиындық тудырмайды. Басқа білім беру орталықтарында жасалма-
ған жағдай жасалады ол яғни білім алуының жан-жақты дамыту бұл дегеніміз тілдік
курсты оқып жатып ол тек қана тіл үйренбей өзінің екінші қырын аша алады әртүрлі
интеллектуалдық дағдысын арттыру үшін тегін шахмат, тоғызқұмалақ т.б ойын түрлері
болады. Сабаққа ерте келген немесе арнайы осы ойын түрлерін үйренем деушілілерге
оқытушының нұсқауымен көмек көрсетіледі. Және де нклюзивті оқыту барлық орталық-
тарда көрсетілмеген біздің орталықта арнайы мамандар жұмыс істейтін болады бағасыда
қол жетімді болады.
Әр жыл сайын басқа елдерге шығып тәжірбие алмасу болады. Ол тек басқа орталықтарда-
ғыдай тек қана шетелге шығуменен шектелмейді білім алушыларға басқа ел мамандары
сабақ бере алады апта сайын “Conversation club” өтед. Мақсаты тілдік қиыншылықты
жойып ұялмай өз ойын жеткізіп еркін сөйлеу.
Кездесуі мүмкін қиындықтар ол оқушы саны толық болыды ма немесе шығарлылған шы-
ғын өтеледі ме? Әрине егер сапаға жұмыс істейтін болсақ мұндай және бұдан бөлек
қиыншылықтар кездеспейді. Басқы кезеңдерде оқушыларға өзіміздің жеңілдіктерімізді
көсететін боламыз ары қарай жұмыс өзінің айтып өткен жоспарымен жүреді.
Шетелден мамандар алдыру ол үлкен қаражатты талап етеді сондықтан басқы ашылу ке-
зінде тек мұғалімдермен жан-жақты жұмыс жүргізіледі содан кейін барып білім алушы-
лардың тілдік қабілеттері қалыптасқаннан кейін шет ел маманымен жұмыс басталады.
Жалпы қандай оқу түрлері көрсетілген және қанша оқушыдан болды?
Ең алдымен жас ерекшеліктеріне сай топқа бөлу бір топта басқа оқу орталықтарындығы-
дай он немесе он бес оқушы оқымайды яғни әр топта бес баладан және білім деңгейіне
жас ерекшеліктеріне байланысты оқиды. Алғашқы бір жылда қарқынды еңбек жасап
сапаға жұмыс істеумен оқушылар жинасақ кейін екінші жылдан бастап жоспарлаған
жоспармен жұмыс жүргіземіз.
Ғимаратта оқу кабинеттері, асхана, жатттығу бөлмесі, киім өткізетін орын, демалыс орын-
дары болады.

5. ӨНДІРІС ЖОСПАРЫ

Барлық кабинеттер толығымен компьютермен жабдықталады ыңғайлы орындықтар мен
Тегін Wi-Fi орнатылады. Шахмат ойыны үшін керек жабдықтар болады арнайы
үстелімен. Әртүрлі тыңдау құрылғылары болады.

Өз жобаңыздың өндірістік бағдарламасын жасаңыз

Көрсеткіштер	1-жыл	2-жыл
Бір айдағы өнім саны, бірлік	10000	20000

Бір жылда өндірілген өнім саны, бірлік	2 200 000	4 400 000
Өнім бірлігінің бағасы, теңге	2 000 000	4 000 000
Бір айдағы сатудан түскен түсім, мың тг.	2 500 000	2 500 000
Бір жылғы сатудан түскен түсім, мың тг.	4 400 000	8 000 000

Жобаның технологиялық жоспарын сипаттаңыз

Жобаны басқару жұмысшылар біліктілігін арттыруға үшін деңгейін білу керек. Жұмыс істейтін
Қызметкерлер әдістемені білу қажет

Сіздің жобаңыз үшін қажетті жабдықтар тізімін (инвестициялар) жасаңыз

Атауы	Саны	Бағасы	Сомасы
Компьютер	**10**	**170000**	1700000
Үстел, орындық	**40**	**20000**	800000
Арнай ойынға арналған үстел	**5**	**15000**	75000
Шахмат , тоғызқұмалақ	**10**	**2500**	25000
Құлаққаптар	**40**	**2000**	80000
Принтер	**10**	**30000**	300000
Тақта	**10**	**15000**	150000
Барлығы	**125**		2 068 000теңге

6. ҰЙЫМДАСТЫРУ-БАСҚАРУ ЖОСПАРЫ

Ұйымда –директор ,администратор, мұғалімдер, сатушы, жарнамалаушы жұмыс істей-
тін болады.
Администратор барлық істерді қадағалап отырады сабақ кестесін құру т.б жұмыстар
Администратордың айлығы 800000 теңге, мұғалім 110000 теңге, жарнамалаушы 30000 теңге
сатушы 45000 теңге жалақы алатын болады.

Штаттық кестені және еңбекақы төлеу қорын толтырыңыз, теңге

Штаттық бірлік	бірлік саны	айлық жалақы	жылдық жалақы қоры, мың тг
Негізгі қызметкерлер			
Кәсіпорын басшысы	1	150000	1800000
Барлығы	**1**		
жұмысшылар			**-**
Мұғалім	5	110000	1320000
жарнамалаушы	1	30000	360000
Барлығы			
Еңбек ресурстарына жұмсалатын барлық шығындар	**7**	**290000**	**3390000**

Жобаны іске асырудың күнтізбелік жоспары

Іс-шара / ай	Айлар			
	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек
Маркетингтік зерттеулер және ТЭН				

дайындау				
Қаржыландыру мәселелерін шешу				
Рұқсат беру құжаттарын дайындау				
Несие/грант алу				
Ғимаратты, жабдықты дайындау				
Шикізат сатып алу				

7. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖОСПАР

Біз жарнаманы ұтымды жасау арқылы, яғни инстаграм, ватсап желісі көмегімен жүргіземіз. Әр бала оқу үл-
гісі арқылы таңдаужасап оқу ақысын төлейді, яғни топтық оқу түрін таңдаса, 1 айда аптасына 3 уақыт оқу
арқылы 9 мың теңге төлейді. Жекелей оқу түрін таңдаса, 1 айда аптасына 3 уақыт оқу арқылы 15 мың тг тө-
лейді.

Шығындар жоспарын жасаңыз

Шығындық жоспар: жылына қызметкерлерге **3390000 теңге** айлық жалақы
салық **700000 теңге**
коммуналдық төлемдерге**: 250000 теңге**
оқу құралдары: **1200000 теңге**

Өнім өндіруге арналған шығындарды есептеу
Жылдар бойынша шығыстар, мың теңге

Көрсеткіштер атауы	1-жыл	2-жыл	Жоба үшін барлығы
№ 1 шикізат шығындары	200000	400000	600000
№ 2 шикізат шығындары	200000	400000	600000
№ 3 шикізат шығындары	200000	400000	600000
№ 4 шикізат шығындары	200000	400000	600000
Басқа шығыстар	180000	360000	540000
Жанар-жағар май материалдары	300000	600000	900000
Электр энергиясы	180000	360000	540000
Көлік қызметтері	-	-	-
Басқа шығындар	-	-	-
Еңбекақы төлеу қоры	8760000	17520000	26280000
Әкімшілік-басқару шығындары	200000	400000	600000
Төленетін әлеуметтік салық	700000	1400000	2100000
Барлық шығыстар			

Сіздің жобаңыздың кірістері мен шығыстары туралы есеп беріңіз

Атауы	Барлығы	1 жыл	2 жыл
Өнімдер мен қызметтерді сатудан түскен кіріс	**850000**	**10200000**	**20400000**
Өткізілген тауарлар мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	**850000**	**10200000**	**20400000**

Жалпы кіріс	**850000**	**10200000**	**20400000**
Кезең шығыстары	**630000**	1260000	2520000
Амортизация	**225000**	450000	675000
Кредит пайыздары бойынша шығыстар	**130000**	1560000	31200000
Салық салынатын табыс	**200000**	400000	800000
Табыс салығы	**200000**	8000000	15000000
Таза табыс	**2500000**	30000000	6000000

SFEK STORE – КАК ПРИМЕР ЭФФЕКТИВНОГО МАРКЕТИНГА

Зенкович Диана, Рахимжанова Инкар
Руководитель: Искаков Артур Николаевич
КГКП «Семейский финансово-экономический колледж имени Рымбека Байсеитова» управление образования области Абай

В условиях современной глобализации брендирование учебных заведений является неотъемлемой частью стратегии развития. Сегодня происходят значительные изменения в самом понимании образования. Учебные заведения стали конкурентами на рынке образовательных услуг, где ведут активную борьбу за каждого студента, которые, в свою очередь, сегодня могут называться клиентами. Особенностью брендинга учебного заведения можно считать их целевую аудиторию, которая является одновременно и потребителем услуг, и готовым «продуктом» [1].

Целью нашей работы является- разработка брендовой продукции колледжа как средства повышения популярности учебного заведения и привлечения абитуриентов. Упрощение приобретения необходимой продукции в целях комфортизации учебной жизни студентов и преподавателей.

Для оригинального представления были выбраны следующие виды продукции:

- футболки для занятий физического воспитания;
- блокноты;
- пакеты;
- карандаши;
- ручки;
- шопер;
- папки;
- бутылки;
- резинки для волос.

Преимущества выбранных товаров:

1. Популярность –наличие у студента брендового продукта привлекает внимание и обеспечивает узнаваемость;
2. Востребованность - данные товары предназначены для студентов колледжа, и всегда необходимы;
3. Быстрота приобретения–наличие в колледже киоска на 1 этаже упрощает поиск необходимого продукта.

Первоначальные минимальные расходы представлены в таблице:

Название товара	Количество (штук)	Общая стоимость (тенге)
Блокноты	20	2520
Ручки	200	6000
Карандаши	200	6000
Футболки	50	10000
Бутылки	100	20000
Шоперы	30	30000
Папки	50	6000
Пакеты	200	10000
Резинки для волос	50	1740
Расходы на распечаткулоготипов		35000
Итого		**127260**

Размер выручки от оказания услуг нашего магазина будет зависеть от времени года, месяца и количества обучающихся и поступивших студентов.

Для представления и продвижения ассортимента будет использована страница в сети инстаграм. Там будет предоставлен прайс лист и список товаров, которые будут обновляться [2].

Финансирование планируют осуществлять инвесторы или выпускники нашего колледжа.

Был проведен опрос: "Стоит ли открывать брендированный магазин в нашем колледже?". По результатам опроса, проводимым среди студентов, выявилось, что ответов "за" было 93%, а ответов "против" было всего .Исходя из всего вышеперечисленного, можно сделать вывод, что данный бизнес будет иметь огромный успех и пользоваться спросом.

Список литературы

1. Галумов, Э.А. Основы РЯ. М.: Летопись XXI, 2014. 408 с.
2. Батра, Р. Майерс, Д., Аакер, Д. Рекламный менеджмент. М.: Вершина, 2011. 784 с.

ЕҢБЕК НАРЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖӘНЕ РЕТТЕУДЕ МЕМЛЕКЕТТІҢ РӨЛІ.
ҚР ЕҢБЕК ТУРАЛЫ ЗАҢЫ

Қатысушы:Сламқанова Ұланай.
Жетекшісі: Сарсенбаева Ляззат Бакытжановна
Innovative College мекемесі

Жұмыс орындары жүйесін дамытуды реттеу.
Жұмыс орындарына сұранысты реттеу.

Мемлекеттік білім беру, мамандарды кәсіптік даярлау және қайта даярлауға мемлекеттің қатысуы. Еңбек ресурстары бұл ресурстардың ерекше түрі ол тек қана экономикалық өсудің негізгі факторы және негізгі өндірістік күш емес сонымен қатар тұтынушы, еңбек ресурстары өндірістің субьектісі және обьектісі кызметін атқарады. Олар жұмыс күші деп қана қарастырмай әртүрлі қажеттіліктері және мүмкіндіктері бар адамдар ретінде қарастыруға тиіс.
Жұмыспен қамтуды толық сипаттайтын көрсеткіштер:
Өнімді жұмыспен қамту қоғамдық өндірістерді жұмыспен қамту.
Тиімді жұмыспен қамту – ең ірі материалдық нәтиже алынатын жағдайдағы жұмыспен қамтылған еңбек күшін шығынсыз пайдалану.Мемлекеттік жұмыспен қамту нормативтік құқықтың негізі болып 1995 жылы 5-ші қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейтін, міндетті түрде табыс және ақы әкелетін жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған іс-әрекет. Мазмұны бойынша жұмыспен қамтуды демографиялық, экономикалық және әлеуметтік процестер мен біріктіре отыра қарастыру қажет. Бұл заңда жұмыспен қамту мәселелеріне қарағанда жұмыссыз азаматтарды қорғау мәлімелері толық қаралған ал еліміздегі жұмыссыздықтың себептеріне аз назар аударылады. Нарықтық экономикада еңбектің сұранысымен, ұсынысымен толық болатын, сақтау мүмкін емес, дегенмен мемлекеттік реттеу шаралары көмегімен жұмыссыздық деңгейін табиғи нормаға жеткізуге болады және жеткізу керек.
Мемлекеттік жұмыспен қамту саясатында келесі мәселерді ескеру керек:

1. Кәсіби деңгейі жоғары жұмыс күшіне сұранысты ұлғайту.
2. Мамандарды кәсіби даярлау және қайта даярлауды бекіту.
3. Жұмыс күшінің салалар, территориялар және жұмыспен қамтылу түрлері бойынша жедел ауытқуына ықпал жасау.
4. Еңбекке ынталандыру, табыстың өсуін, еңбектің себептерін өзгертуді үстемелеу.

Б) Қазақстанның болашақтағы жұмыспен қамту проблемаларын алдын алу үшін білім беруді реформалау керек. Өйткені жоғарғы және кәсіби техникалық оқу орындарындағы мамандарды даярлау экономикамыздағы кәсіби деңгейі жоғары мамандарға деген қажеттілікті толық қанағаттандырмайды. Жоғары оқуды бітіре сала көтеген түлектер жұмысқа және тәжірбиелік қызметке жарамсыз болып табылады және жұмыссыздар санына қосылады. Жас кадрлардың қазіргі кездегі проблемалары:

1. Білім берудің таяздылығы.
2. Білім берудің болашақ қызметтен өте алшақтығы.
3. Жоғарғы оқу-орындардағы мамандыққа баулудың іс-жүзінде жоқтығы.
4. Көптеген оқу-орындардағы білім сапасын тексерудегі салғырттық.

Корпоративтік мәдениет және этика білімінің аздығы. Қазақстанда экономикалық реформалар басталған кезде еңбекке жарамды жасқа кіретін және ол жастан шығатын адамдардың ара салмағының ықпал етуінің еңбек нарығында құрылымдық өзгерістер жүрді.1991 ж. салыстырғанда 2002 ж. Республикадағы жалпы халық санының 9,5% -ға азаюы кезінде экономикалық белсенді халықтың 13,1%-ға кеміді. Бұл орайда егер 1991 ж. жалдамалы

жұмыскердің саны 95,8%-ды құраса, ал 2002 ж. осы көрсеткіш 54,5%-ға дейін азайды.Сонымен бірге еңбек ресурстары құрылымын өздігінен жұмыспен қамтудың негізі құрамдас бөліктерінің бір ретінде өздігінен жұмыспен қамтылу 1991ж салық он есе өсті және 2,7 млн адамға жетті немесе 2002 ж. экономикалық белсенді халықтың Қазақстандағы шағын және орта кәсіпорындар жалпы жұмыспен қамтудың 20%. 2000 жылдағы жалақынын нақты мөлшері өскеніне қарамастан, мемлекеттік қызметтегі, ауыл шаруашылығындағы білім және денсаулық Сақтау саласындағы ақылы еңбек төлемі проблема күйінде қалып отыр. Орта жалақы аймақтар арасында 3,6 есе алшақтықтар бар. Негізгі табыс көзі болып табылатын жалақының үлесі азаматтардың жалпы табыстарында1998 жылғы 74%-дан 2000 ж. 71%-ға төмендеді. Жұмыспен қамту саласындағы және 2003-2005 жылдарда еңбек ресурстарын дамыту жөніндегі мақсат жұмыспен қамтылған халық санының өсуі және еңбек ресурстарының мамандықтарын арттыру. Осы көрсетілген мақсатты іске асыру үшін келесі мәселелерді шешуге тура келеді.

1. Барлық секторларда экономикалық өсуді қамтамасыз ету.
2. Жұмыспен қамтудың белсенді нысанын қамту, ішкі еңбек нарығын қорғау .
3. Жұмыс орындарын ашу Республикада 39,9%-ын құрады.

